

Молдабаева Ұлдана Еділбайқызы

Замана сырy

A decorative flourish consisting of a horizontal line with ornate, symmetrical scrollwork and floral motifs extending downwards from the center.

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5каз)
М 66

М 66 «Замана сыры» Молдабаева Ұ.Е. - Тараз: «Формат-Принт», 2014.- 507бет.

ISBN 978-601-7173-83-8

Бұл кітаптың авторы халқымыздың басынан кешкен небір қиын-қыстау кезеңдерді бір әулет, бір аймақ азаматтарының тауқыметтер мен қуаныш, қайғысы кезектескен өмір тарихын, олар айтқан шежірелі әңгімелерді, мұрағат деректерін келтіре отырып баяндайды. Халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғаларды өзінше өрнектейді.

Осыдан да кітаптың туған елінің, өлкесінің шынайы тарихын білгісі келгендерге, жалты оқырман қауымға берер танымдық деректері мол.

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5каз)

ISBN 978-601-7173-83-8

Ұ.Е. Молдабаева , 2014ж.

УАҚЫТ ШЕЖІРЕСІ.

400 беттік қолжазбаны оқып шығып, ойландым. Бұл шығарманы әдебиеттің немесе журналистиканың қандай жанрына жатқызу керек екендігін ойландым. Ендігі бір сәтте: «осы туындыны оқырманға ұсыну қажет пе, қажет емес пе?» деген сауал туындады. Бірақ, қолжазбаны оқыған сайын оның басты кейіпкері де, баяндаушысы да Ұлдана Молдабаевамен бірге заман шежіресіне терендеп ене бересіз. Кітапта бір ғана әулеттің шежіресі, нақтылап айтқанда, тарихы жазылған. Қолжазбаны оқи отырып қай заман болмасын адам саясаттан тыс қалмайтындығын түсінесіз. Мұнда да солай. XIX-XX ғасырлардың тарихынан елес беретін деректер мен дәйектер көз алдыңызға келеді. Ашаршылық та, соғыс та, колхоздастыру да, саяси қуғын-сүргін де, бір сөзбен айтқанда, бұл кітапта қазақ халқы басынан өткізген тарих бар. Сонымен бірге, автор сол заманның көріністерін суреттей отырып өзінің де көзқарасын білдіретін сәттер кездеседі. Сондықтан да «бұл туынды керек пе, керек емес пе?» деген сауалға тарихын, өткен күндердің оқиғасын білгісі келетін адамдарға, заман шежіресінен қорытынды жасап, ой түйетін, ата-анасын, әулетін құрметтейтін кез-келген азамат үшін қажет. «Оның жанры қандай?» деп сауал қоюдың да қажеті жоқ. Бір сөзбен айтқанда, осы шығарманы оқыған кез-келген адам қоғамнан тыс қалмайтындығын түсінеді. Ол қоғамдық қатынасты дамытуға өзінің үлес қоса алатындығын біледі.

Мұнда әулет шежіресі бар. Ол қарапайым, күнделікті ауызекі сөзде айтыла беретін тіркестерді пайдалана

отырып баяндалады. Ең бастысы - оқырман түсінеді. Бұл кез-келген шығарманың басты қазығы болса керек. Сонымен бірге, оқырман кітап желісімен бірге бірде заман тұңғығына сүңгісе, енді бірде бүгінгі көріністерді көз алдынан өткізеді. Тағы бір ерекше айтатын мәселе-ұмыт бола бастаған дәстүрлеріміз бен сөзіміз мұнда жақсы айшықталған. Сондықтан да болса керек ол сіздің жаныңызға жақын, көңіліңізге нұр құяды, ойландырады, толғандырады.

Автор жазушы да, журналист та, тарихшы да емес. Кейбір ой орамдарында, сөз тіркестерінде кемшіліктер көрініп тұрады. Бірақ, бұл жағдайлар күнделікті өмірімізде, сөйлеген сөзімізде, айтар ойымызда кездесетіндіктен, тіпті, өмірлік нормамызға айналып кеткендіктен оны «кемшілік»-деп айту да қиын. Ең бастысы, айтар ойы түсінікті. Оқисыз, түсінесіз, тұшынасыз, одан кейін ойланасыз. Сіздің де әулетіңізде, сіздің де жеке басыңызда осындай оқиғалар болған. Сіздің тарихыңыз да тереңде. Тарихын білген, оны саралап, ой қорыта алған азамат өмірде қателіктерге өте сирек бой ұратындығы белгілі. Қолжазбаны оқи отырып, мен автордың тілі таза, көңілі пәк, ойы терең екендігін аңғарғандаймын. Ондай адамнан өзгелердің көңіліне жететін туынды шығатынына сенемін.

Әулет тарихы-уақыт тамыршысы, шежіресі. Әулет шежіресі біздің өмірбаянымыз. Ешкім өмірбаянын сызып тастай алмайды. Оның жақсы да, жаман да жағы-Сіздің өміріңіз. Бір сөзбен айтқанда, шығарма-адам өмірі, оның қоғамдағы орны, көзқарасы.

*Мақұлбек Рысдәулет,
Қазақстан Республикасының
Құрметті журналисі.*

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАҒДЫРЛАР ТОЛҒАУЫ

(Алғысөз орнына)

Соңғы жылдары ұлтымыздың тарихын жүйелеу, түгендеу, келер ұрпаққа хатталып жетуіне қол жеткізу жайлы аз айтылып, жазылып жатқан жоқ. Ал, ел тарихы - өлке, облыс, аудан, ауыл тарихынан бастау алатыны әркімге белгілі ақиқат. Демек, шынайы шындықты арқау еткен қандай жазбалардың болмасын тарихымызды тануға, талдап, таразылауға тигізер көмегі зор.

Қолдарыңызға тиіп отырған кітаптың басты ерекшелігі де осында, өмірден өткен үш жалғыз—бір-бір атаның соңғы ұрпақтары әжесі, әкесі, анасының, естеліктерін жаңғыртып, олар араласқан туған аулының адамдарының бастан кешкен оқиғаларын халқымыздың өткен, кеткенімен байланыстырып, мұрағат деректерімен дәйектеп түзе алғанында. Онда да он тоғызыншы ғасырдың соңынан бастап, жиырмамыншы ғасырды түгел алғандағы халқымыздың тағдырына әсерін тигізген ең маңызды, ірі оқиғаларды қамтыған. Санамалар болсақ, қазақ халқының қаймағы әлі бұзыла қоймаған патша заманынан бастап, Кеңес дәуірі басталғандағы аумалы-төкпелі кезең, кәмпеске науқаны, отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылық пен нәубет, яғни халық жауы деп бас көтерер азаматтарды жазалау, екінші дүниежүзілік соғыс қасіреті, одан кейінгі бейбіт жылдардағы Қызыл империяның жүргізген саясатының зардаптары, ел тәуелсіздігінің алғашқы кезеңіндегі қиыншылықтар өрнектелген.

Кітапта есімі айтылған адамдардың қай-қайсының

болсын өмір тарихы өз алдына бір шығармаға арқау боларлық. Нешетүрлі қиындықты, қиянатты, азап пен итқорлықты көрсе де алда жарқын күндер барына сенген, Жаратқаннан бар тілегі ұрпағының амандығы ғана болған, ауыр еңбектен жұбаныш тапқан қайран біздің аталарымыз, әкелеріміз, әжелеріміз бен апаларымыз! Соғыстан соң туған ұрпақ өкілі мен осы кітапта аттары аталғандардың көбін дерлік көзбен көрдім десем де болады. Айталық, солардың бірі Игенбай атамыз қайтыс болғаннан кейін оның әйелі Әлия жалғыз қызы Сарқыттың, менің қайын енемнің қолында, Түймекент аулында тұрды. Балажандығы керемет еді. Жиен қызы Дина әлі күнге өзін Сәмбет Игенбайдың қызымын деп атайды.

Үш ауылдан тұратын шаруашылық тарихынан да кітапта біраз дерек келтірілген. Іріленген 1950 жылдан бастап, ширек ғасырдан астам уақыт колхозда екі адам ғана басқарма төрағасы болғаны да көп жайды аңғартады ғой. Мұның сыры әрине, аға ұрпақтың ынтымақшыл, еңбекқор, дау-шар дегенді білмейтін, жұмсаған жаққа жүре беретін көнбіс табиғатында жатыр. Сондай еңбек торыларының бірі Еділбай ағамыз еді. Негізінен мал шаруашылығында жүргендіктен ауылда көп бола бермейтін. Әсілхан жеңгеміз де есімде. Қай жылы екені есімде жоқ, облыстық газет редакциясына алғаш келгенінде Ұлдананың Еділдің қызы екенін анасынан айнымаған көз жанарынан бірден танығанмын.

Бала кезде көргендерің- тасқа қашалған жазудай ғой, қалай ұмытылар! Ізтілеу Мінәрбековтің апасының (бұл кісі менің анам Таразы екеуі Ақыртөбе ауылы-



нан, атақты ақын Өзібек Ақжолұлының қолында өскен) үйіне айттап барғанда көршілерін, солардың ішінен Бүбішайым әжемізді, Әсілхан жеңгемізді және кішкентай қыздарды да көретінмін. Ұзақ әңгімелесуші еді-ау ақ жаулықты апалар. Ал, біз екі бөленің ауладағы ойыны да таусылмайтын. Сол алаңсыз, қамсыз балалық шағымызда қазіргідей емес, бәрі тапшы, қат болса да адамдар кеңпейіл, әсіресе, ауыл әйелдерінің қолы ашық еді.

Әлі есімде, Қымқап апамыздың зікіріне қатысуға өзге абысындары сияқты апам күнібұрын, қатты дайындалушы еді. Ең таза киімдерін киетін. Айт сайын Қымқап апамыз ауылды аралап, біздің үйге де соғып, аруақтарға бағыштап, құран оқып кететін. Шаруашылықтағы ең қарт коммунист әкем де, колхозшы анам да намаз оқыды.

«Құс та өз тағдырымен ұшады» делінген Пайғамбарымыз Мұхаммедтің хадистерінде. Біздің ауыл адамдарының қай-қайсы болмасын өзгеге ұқсамайтын өз тағдыры болды. Кейбірінікі өте қайғылы да еді.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта тұсында Горбачев билік еткен, жариялылық заманы туған кезеңде мұрағаттарда құпия ұсталып келген құжаттарға қолым жетіп, нәубет құрбандары жайлы талай мақала жаздым. Бірі -- МТС директоры қызметінде жүргенде тұтқындалып, «халық жауы» деп айыпталған қазақ елінің арыстарымен бірге Шымкентте атылған Жақаш Мамыров туралы болатын.

Қыз бала болғандықтан болар кітап авторы Мамыровтың кімнің көрсетуімен ұсталғанын аңдата тұра, оны айыптау сөздеріне бармаған. Алайда,



ақиқатын айту керек, Әулиеата НКВД-сын басқарған Капустин мен оның «досы» Әбдіқадыр Асаубековтің дәурені жүріп тұрған сол отызыншы жылдары аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Әділ Сәттібаев, Ново-Ивановка (қазіргі Жетібай аулы) МТС-інің директоры Жақаш Мамыров, оның орынбасары Ақзен Иманов, колхоздарды басқарған Сүйінбай Сүмбілов, Рахманқұл Бұқарбаев, тағы басқалар бар талай азаматтар жазықсыз жазалауға ұшыратылды. Тіпті, басшы азаматтар ғана емес, қарапайым еңбек адамдарын да аямаған. Сәмбет Байқондының кенжесі Тәймөкке, оның ішінде Дамылша аталығынан шыққан Наурызбек бидің баласы Әліпбайды ауылда мұрап болып істеп жүрген жерінен тоған басынан ұстап әкеткен. Сонда қызы Күлхан әкпеміз жас бала екендігіне қарамай артынан іздеп барып, жолығып, тілдесіп қалған. Арада көп жыл өткеннен кейін Алматыда оқып жүргенімде кей демалыста табиғаты әсем өңірдегі Қарғалы кентінде тұрған әкпеміздің үйіне баратынмын. Күйеуі Фахреддин Ахметов екеуі ұзақ жыл Жамбыл, Алматы облыстарында ұстаздық еткен, ұл-қыздары арасынан ғалымдар шыққан әкпеміз бірде елуінші жылдары Буденовка (қазіргі Түймекент) мектебінде де сабақ бергендерін, бір күні Әбдіқадір Асаубековтің кешірім сұрап келгенін де айтқан. Сонда қолы селкілдеген пендеге мұндай жазаны Құдай бергеніне сенгендіктен тіс жарып үндемеген.

Ал, «Рыскұловтың құйыршығы» деген жаламен жазықсыз жазаланған Жақаш Мамыров туралы 1988 жылғы 18 қарашада «Еңбек туы» (бүгінгі «Ақ жол») газетінде мұрағат деректері негізінде «Қайтыс болған

соң ақталды» деген атпен жариялаған мақаламды оқыған Орынбек Тілеубаев ағамыз беделін салып жүріп елу үш жыл бойы қазақтарды қынадай қырған Фрунзенің атында болып келген ауыл атауын өзгертуге қол жеткізді. Облыс әкімі Өмірбек Байгелдінің 1992 жылдың 6 шілдесіндегі №60 шешімімен туған аулымызға Ж.Мамыров есімі беріліп, содан бері «Жақаш аулы» атанып келеді. Бұған да, тәубе!

Жалпы, Ұлы бабамыз Сәмбеттің өзі қаздырған тоғанының бойын жағалай отырған ауылдардағы ұрпақтарының замана зейілімен көрмеген азабы, бармаған қиыры, көтермеген сынағы жоқ. Әріге бармай-ақ кешегі күндей күркіреп өткен екінші дүниежүзілік соғыста ауылдан аттанған аталарымыз бен ағаларымыз барлық майданда дерлік шайқасты. Бресте соғыстың алғашқы оғы атылғанына куә болған Иманқұл Жақсығұлов, кейін партизандар сапында шайқасты. Атақты Сталинград шайқасында менің әкем Толқынбай Бәйсейітов оң қолынан жараланып оралды. Қылышбай Ұшанаев –Ленинградты қорғаса, Сапарәлі Сабырұлы мен Түгелбай Артықбаев Берлинге дейін жорықпен барды. Қожағұл Әкетаев жауынгерлік Даңқ орденін Жапонияға қарсы ұрыстарда көзге түсіп алды. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады.

Сол сұрапыл соғыста Сәмбет ұрпақтарынан тұратын үш ауылдан 144 боздақ майдан даласында қаза тапты.

Қолдарыңызға тиген мына кітапта да сол соғыс қасіреті, талай шаңыраққа қайғы әкелгені туралы да жазылған.

Рас, Ұлдана қалыптасқан жазушы не болмаса төселген журналист емес. Сондықтан да қаламгерлік

тәжірибесінің кем түсіп жатқанын байқататын тұстар бар. Есесіне, оқиғаларға, құбылыстарға деген өз көзқарасын жеткізуі, толғаныстары сәтті шыққан.

Ең бастысы бұл кітаптың, авторының өз сөзімен айтқанда, «апам Бүбішайым, әкем Еділбай, анам Әсілханның өмір жолдарынан көрген, естіген, есте қалған оқиғаларды еш әсірелеусіз, бүкпесіз, сол қалпында жазып, кейінгі ұрпаққа естелік қалдыру болды. Қазіргідей адамзат баласының қатыгезденіп, ағайын-туғаннан, бірге туған бауырдан, тіпті, ата-анадан безіп, тура бүгінгі күнмен ғана өмір сүретін кейбір пенделердің жүрегінің бір түкпірінде, мүмкін сәл де болса сәуле оятар ма деген үміт жеңді» деген ізгі мақсатпен жазылуында.

Біле-білсек, туған ауылдың шынайы тарихы – келешек ұрпақтың тәрбиесі мен тәлімі үшін керек. Осыдан да Ұлдананың тағылымы мол тағдырлар жайлы толғаған алғашқы кітабы өз оқырмандарын көптеп табады деген ағалық игі тілектемін.

*Тұрсынхан Толқынбайұлы,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Байзақ ауданының Құрметті азаматы*

КІРІСПЕ.

Осыдан тура бір жыл бұрын, дәл осы жиырма екінші қаңтар, жексенбі күні бастаған бұл еңбегімді бір-екі күннен кейін мүлде тастадым...

Бұл күнде кітап түгіл газет-журнал бетін ашып оқымайтын замандастардың, жастардың салғырттығы түңілдіргендей...

Ондайлар тек теледидар бағдарламасы мен жұлдыздар өмірінен бірер мәлімет алса болды. Тарих, әдебиет деген мүлде қызықтырмайды.

Жазушы болмасам да қаншама уақытымды жұмсап, өткен екі ғасыр оқиғаларын жадымнан қайта өткізіп жазып шыққанда соны оқитын жан болар ма?! Оқып қана қоймай сонау сөрелерінің бір шетіне қойып сақтай ма? Әлде ең бір жаман жерде жата ма? - деген сұрақтар жеңіп қолға алмай қойған ем...

Жоқ мүмкін емес! Бәрі бірдей ондай емес! Өткенді ойлап, бүгінгі күнге тәжірибе жинақтайтын, жиған-тергенін келешекке жұмсайтын жастар аз емес!- деген үміт жеңіп қолыма қайта алғанда тура бір жыл өтті.

Иә, сонымен Мағжан атамыз айтқандай «Мен жастарға сенемін!»

Мақсатым тағдырдың жазуы ма, әлде Алланың бұйрығы дейміз бе ұлы баба Дулаттан тараған үш рудың өкілі, бір-бір атаның соңғы ұрпағы апам – Бүбішайым, әкем Еділбай, анам – Әсілханның өмір жолдарынан көрген, естіген, есте қалған оқиғаларды еш әсірелеп, әрлеусіз, бүкпесіз сол қалпында жазып кейінгі ұрпаққа естелік қалдыру болды. Қазіргідей адамзат баласының қатыгезденіп, ағайын туғаннан, бірге туған бауырдан

тіпті ата-анадан безіп, тура бүгінгі күнімен ғана өмір сүретін кейбір пенделердің жүрегінің бір түкпірінде мүмкін, сәл де болса сәуле оятар ма деген үміт жеңді. Жазған соң әрине ол кісілердің замандастары да қамтылары анық. Өйткені олар қалың қоғамның арасында өмір сүрді ғой. Жеке, дара емес.

... Ия, естелік қалдыру депті ғой, - деп біреулер мүмкін таңданар. Біреулер мысқылдар, енді біреулер дұрыс бопты дер.

Әдетте естеліктер, өмірбаяндық шығармалар, кітаптар атақты қоғам қайраткерлері жайлы, жазушы, ақындар, ғалымдар қала берді артистер жайлы болады.

Ал менің ата-анам, апам қоғам мүшелерінің бұл бөлігіне мүлде жатпайды. Кәдімгі қарапайым еңбек адамдары.

Мына дүниені, өмірді алып театр десек, сол театрдың елеусіз ғана көптеген актерлерінің бірі ғана.

Өмір деген алып қазанды қайнатып тұрған тек атақты тұлғалар ғана емес, ең негізгі бөлігі, бөлігі емес-ау тұтастай өмірді құрайтын осы еңбекші қауым емес пе?! Және еңбегі ескеріле бермейтін қорғансыз, елеусіз бөлігі де осылар.

Жазушының жазып қалдырған еңбегі де, атақтарын әлемге жайған еңбектерінің жемісі де осы қарапайым тіршілік және қарапайым тіршілік иелері.

Актерлердің ойнаған рольдері ше? Ол да осы қарапайым өмір. Сол өмірді сүріп өткен адамдар. Сол рольдерді ойнау арқылы талай өнер саңлақтары шықты емес пе?! Осындай түрлі ойлар мазалап жүргеніне талай жыл болған шығар. Ақыры, жаз! Жаз! - дегендей ой басым түсіп тәуекелге бел будым.

Сондай-ақ осы үш жалғыздың соңғы ұрпағы болғандықтан да өмірдің өзі маған үлкен жүк артқандай. Соңымнан ерген кейінгі ұрпақ та ата-бабаларымыздың басынан кешкен оқиғаларды жазып қалдырғанымды жөн көргендей...

Сонымен...

Жарықтықтар – үшеуі де барынша ақкөңіл, адал, барынша қолы ашық, қонақжай, биік адамгершілік иелері болатын.

... Қазіргі өзім өмір сүріп отырған қоғамда осыншалық таза, ақжүрек адамдарды табу қиын боп барады. Оның үстіне, Төбесіне алтын құйып бақсаң да

Қыздың аты қыз ғой шіркін қашанда – деген өлең жолдары бекер айтылмаса керек. Орнында отырып, түтінін әрі қарай түтетіп, тегін жалғастыру қолдан келмеген соң өмірдің бұлтартпас заңдылықтарына бағынбасқа не шара.

Соңымнан ерген бауырларымның: - Әпке, бұл күнде өмірден өтіп кеткен ата – бабаларымыздың басынан кешкен жайларды көп білетін біздің әулеттен жалғыз сіз –ақ қой. Сіз де біразға кеп қалдыңыз. Өткен мен бүгінгінің арасындағы алтын көпір сияқты, сіз кетсеңіз біз тамырымызды таппай қалуымыз мүмкін ғой, – деген сөздері күш бергендей еді... «Ораза, намаз тоқтықта!»- деген ғой. Бұрынырақта теледидардан қарапайым еңбек адамдары жайлы хабарлар жиі көрсетілетін сияқты еді. Бұл күнде бұл үрдіс сиреп бара ма қалай?-деп те ойлайсың кейде. Мүмкін менің бұл ойым дұрыс та емес шығар. Әйткенмен қырда мал баққан малшылар жайлы, ойға егін салған егіншілер жайлы, жердің жеті қабатына түсіп кен қазған, өмірінің әр секундты қауіп-

қатерге толы кеншілер жайлы, мыңдаған градус ыстық оттың шарпуында жүріп кен балқытқан металлургтер жайлы, ғылымда, медицинада небір түрлі ғажайып жаңалық ашқан ғалымдар жайлы қанша жазса да, теледидардан қанша көрсетсе де көптік етпейтіндей. Осы айтылғандардың бәрінің төрт тұяғы тең басылып тұрғанда ғана халықтың қарны тоқ, көйлегі көк. Сонда ғана айтылған ән де жарасымды, билеген би де орынды. Бұл осы айтылғанның бәрі кем түсіп жатыр-деген пікір емес. Аллаға шүкір, қазір Қазақстанда сарабал саясаткер, халықтың бақытына ғана туған аса білікті, жан-жақты Ел басымыз Нұрсұлтан Назарбаев осы айтылғанның бәрінің қарқынды дамуына барынша көрегендікпен басшылық етіп, барынша тура жол бастап келеді. Бұлақтың бастауы қанша таза болғанмен үлкен өзенге құярда тұздануы секілді жол-жөнекей лайлап кетіп жатқандар да жоқ емес. Менің осы кішкентай еңбегім сол сияқтыларға һәм өсіп келе жатқан Қазақтың келешек жас ұрпақтарының кеудесінде титтей де болса адалдық рухын себе алса, зәредей болса да шыншылдыққа тәрбиелесе онда еңбегімнің еш кетпегені деп білемін. Ілгеріде үлкендер әу дей алдым деп елдің бәрі әнші, әртіс болмаса, шолақ белсенді басшылық жұмысқа ұмтыла берсе, малды кім бағып, егінді кім егеді деуші еді. Жастарымыз қарапайым еңбектен қашпаса екен, түрлі салада өздерінің ебіне қарай, орнын адаспай тапса екен деген ой да жоқ емес. Сонымен қатар жаппай дүние қуып кетпесе екен, «қанағат қарын тойғызады»-деген, әрбір адам қанағатшыл болса екен, деген тілек. Осындай қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған алтын дәуірде суицид, тапқан баласын

тастап кету сияқты келеңсіз жайлар да кездесіп жатады. Адамзат тәубешіл болса екен. Бейбітшілікпен атқан әрбір таңға шүкірлік қылса екен,-деймін.

Түрлі пікірлер мен кедергілерді аттап өтіп қолыма қалам алғанда, кезінде естіген, көрген жайлардың талайы бұл күнде көмескі тарта бастағанын да байқадым. Арада өткен ұзақ уақыт көп оқиғаларды өз тұңғығына батырып, талай жайлардың бұл күнде санадан мәңгі өшкені де айдан-анық. Менің көңілімдегі көп сұрақтарға, анық емес жайларға ел ішіндегі егде кісілер мен бұл күнде бірлі-жарымы ғана қалған ақсақалдардың есте сақтағандарының жәрдемі тиер. Бұл күнде көбісі бақилық, фәни жалғанда бірен-сараны ғана қалған қилы заман куәгерлерінің жүріп өткен өмір жолдарын қолымнан келгенше баяндап көрейін.

І БӨЛІМ

Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос!

(Абай).

Бисмиллаһир рахманир рахим

ТҰМАНДА

Әже, сен бірге жүрсің меніменен
Өліге мен өзінді телімегем.
Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса нені көрем???

Он тоғызыншы ғасырдың аяқ шені. Сыйқымның бір тармағына жататын айтулы бай Тілеш бесік кертiмен құдаласқан елден Ғалия атты көрікті қызға үйленіпті.

Байлығы еселеніп, дүние-мүліктің ауқымы кеңейгенімен, басқа жарымапты жарықтық. Оншақты жылдың көлемінде төрт құрсақ көтеріп, дүниеге төрт перзент әкелгенімен, алғашқы бір ұл, бір қызы етек астында, төртінші перзенті еңбектеп, қаз тұра бастағанда шетінепті. Тек үшіншісі менің апам - Бүбішайым ғана тірі қалыпты.

Ылғый ақ түйеге мініп, аппақ киім киіп жүретін түп нағашы апамыз Ғалияның бойында ерекше қасиет болыпты. Тазалықты сүйетін ол кісі кейде арқасы ұстағанда ақ түйеге мініп алып, ел кезіп кетеді екен. Ауруларды емдейтін бақсылық қасиеті болса керек. Алғашқы екі нәрестенің шетінеуіне де осы қасиеті себепкер болыпты. Айдалада жалғыз өзі босанған оның өзіне де, дүниеге жаңа келген нәрестесіне де дер



кезінде көмек қолы болмағанның кесірі тиген дейді. Апам дүниеге келгенде ежелері мен үлкен абысындары аңдып жүріп аман-есен босандырып алыпты. Дүниеге төртінші боп келген ұл бала шапаннан қайтыс болса керек. Қатайып қалған апам әрең тірі қалыпты.

Ұлы нағашы апамыздың төркінінің айбынынан қаймықты ма, әлде өзінің бойындағы қасиетінен сескенді ме, түп нағашы атамыз Тілеш, өзге қызға құда түспепті. Әменгерлікпен жеңгелей, келіндей алған бірекі әйелдері болғанымен адуын және бойында ерекше қасиеті бар бәйбішеден аса алмапты. Олардан балалы бола алмаған. Кейін немере інісінің екінші баласы екі жасар Ерметті бауырына салып, бала ғып алыпты. Ермет деген атты да өзі қойса керек. Ағайын туыс осы бала «майкөт» боп артынан Бүбішайым ілесті дейді екен.

Атамыз бәйбішесі Ғалия (апам Қалия дейтін) жеңгелей, келіндей алған әйелдерімен отыншы-сушысы бар, малшы-жалшысы бар, қоңсысы бар жеке бір ауыл боп, сән-салтанаты келісті түрде көшіп қонады екен. Сонымен қатар ол кісі ұлы мен қызы үшін медресе ашып, молда ұстаған. Алғаш ол медреседе

тоғыз бала оқыған. Кейін бірнеше жылдай он үш бала оқыған.

- Апа, сонда не оқытты молда?

- Әліп, би, ти, си. Еркелікпен бірде барып, бірде бармай жүріп ақыры тастап кеттім. Ағам бітіріп шықты.

Жаз жайлауы ылғый да Алатаудың баурайындағы көгалды, сулы, нулы салқын да сұлу көкөрішті жайлаулар болса, қыс қыстауы қалың құмның ішінде, бүргенді, жүзгенді белдер арасындағы ықтасын жерде салынған екен.



...Жаздың жаймашуақ күндерінің бірі. Тау етегіндегі жайлаудың төріне жаңадан көшіп келген ауыл. Бай ауыл жаңа ғана қоныстанған.

Көркем жайлаудың көгі де жапырыла қоймаған кез. Он төртке толып, он беске қараған Бүбішайым өте көркем болып өсіп келе жатыр.

Келесі бір-екі жаздың аяғы күзге салым айттырылған жеріне ұзатылмақшы. Өзінен екі-үш жастай үлкен бозбаланы бірер рет көш бойы көргені де бар. Жастығына-жастығы, көркіне көркі сай келгендей.

Тіпті бір рет көш бойы топ қыздар мен бозбалалар боп айтысқан да екен. Сондықтан ба келешегіне еш алаңдамай, көңілі тоқ жүрсе керек.

Бірақ, ойда жоқта, айдың-күннің аманында төбеден жай түскендей суық хабар жетті.

Жаз ортасы ауа күзге салым жаңа қонысқа қонған ауыл жігіттері көкпар тартып, сол көкпарда қыздың болашақ күйеу жігіті аттан құлап, жазым бопты. Жігіттің жүзін бергесін-ақ жесірін кім алатыны жайлы әңгіме қозғалады. Өзі жалғыз боздақтың тетелес аға, інісі болмағандықтан әменгерлік заңдылығы бойынша жесірге ие болу жолы елу үш жастағы немере туысына ұйғарылады. Мұны естіген оң-солын тани бастаған қыз: - «Оған өлсем де тимеймін. Одан да байсыз-ақ өтемін»- депті.

Әкесі қызын құптайды.

Бір жыл бұрын: - «Қалыңдығымызды ұзат» -деп құдалар жағы сөз айта келгенде атамыз:

-Асығатын себеп жоқ. Қызымды балиғатқа толмай ұзатпаймын. Бір жарым, екі жыл күтіндер. Қабырғасы қатып, бұғанасы бекісін. Балиғатқа толсын! Сосын сән-

салтанатымен ұзатамын, - деп қонақтарын екі-үш күн күтіп шығарып салған екен.

Қапыда күйеу жігіт қаза болған соң аһ ұрған ата-анасы келінді былтыр түсіргенімізде ең болмаса жалғызымыздың артында ізі қалар ма еді. Құдамыз қасарысып қалыңдығымызды балиғатқа толған жоқ деп бермеді. Одан да жас қыздар ұзатылып жатқанда елдің салт-дәстүрін сыйламады, айналасындағыны көрмеді деп қатты өкпелепті.

Ал атамыз:

- Қызыма тең жас жігіт болмаса құдалықты үзіп, қалың малды қайтарамын,- дейді.

Оқиғаның ушыққаны сондай құдандалы екі ел бір-бірімен арбасқандай аңдысқан бір күндерді бастан кешіп жатады. Жауласып, жесір дауымен соғысып кетуге кедергі бір жағынан жас боздақтың жылы өтуін күту себеп болса, екінші жағынан жаппай сауатсыз ел түсініп болмаған, ел ішіндегі «ақ қораз» бен «қызыл қораз» оқиғасы себеп болыпты.

Таңырқай күле қарап:

-Апа, «ақ қораз», «қызыл қораз» деген не? – деймін мен.

-О,о, қарағым-ай! Қазір сендерге күлкі. Кезінде ел арасында үрей туғызған оқиға еді ғой ол.

Тып-тыныш жаз-жайлауға, қыс-қыстауға көшіп-қонған елді бұрынғы үркіншіліктен бетер үркіткен оқиға болды ғой.

Бірде патша ел-елден әскерге жігіттерді жинап жатыр деген сыбыс шықты. Үлкен-кіші, кәрі-жас демей талай ер азаматтарды жинап алып бір кетті. Одан патша әскері «ақ» бопты, оған қарсы «қызыл» деген шығыпты

деп тағы гуледі ел.

Ақ қоразымыз сол ақтарды бастаған әскер бастықтарының бас киімдері мен үстіндегі киімдері де ақ жолақпен әшекейленіп жалтырақ түйме қадаған. Сондықтан болар ел іші оларды «ақ қораз» дейтін. Қызылдардың шәпкесінің төбесі, маңдайы екі жақтауында, сондай-ақ бешпенттерінің төсі мен иығында қызыл матамен көмкерген белгілері бар-ды. Оларды халық сондықтан «қызыл қораз» дейтін.

Ақтар келе жатыр десе дереу ауыл үйлерінің көрнекті екі-үш жеріне ақ жалау іледі. Қызыл келе жатыр десе дереу қызыл жалау ілеміз.

- Сонда сатқын болдыңыздар ма? – деймін мен намыстанып.

- Ай, баламысың деген, ол қарулы топтардан жаппай қырылып қалмай, аман қалудың айла-шарғысы ғой. Ақыры бір күні патша құлапты. Қызылдар жеңіпті деген дақпырт тарады. Ел ішін тартып, ендігі күніміз не болар екен дегендей халдегі бір кезең еді ғой, ол кез. Ойлап отырсам бұл оқиғалар 1916-1918 жылдарға тура келіп тұр.

- Сонымен, ары қарай не болды?

- Ары қарай не болсын? Менің өзіме тең емеске бармаймын дегенім, әкемнің мені қоштап тең емеске бермеймін деуі ел-елге тарап кетті.

Апамның айтқан әңгімесін еске түсіре отырып уақиға желісін зерделей келе Қазақстан халқының бір ғасыр бұрынғы тарихына үңілуіме тура келді. Сонымен қатар тарих беттеріндегі нақты деректерден үзінділер келтіре кетуді жөн көрдім. Қарап отырсам ол кісінің оң жақта отырғанда еститін түрліше ел ішіндегі тынышсыздық

пен дүргілулер(үркіншілік) бірінші дүние жүзілік соғыстан басталады екен.

• Қазақ жері Қазан революциясына дейін алты облыстан тұрған. Олар – Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары деп аталған. (Төленбаева К.Ә. Қ-н Тар-Ы 1917- 2005ж 6 бет)

• Бірінші дүние жүзілік соғыс 1914 жылы 19-шілдеде басталған. Бұл соғыс Қазақ халқының тұрмысының төмендеуіне әкеп соққан. Мысалы: 1915-жылы Ақмола облысының Көкшетау уезінен бұрыннан ауыл шаруашылығымен айналысып келген орыс тілді ағайындардың 39% армияға шақырылды. Бұл жағдай бірте-бірте өрши түсіп бүкіл халықты қамтыды. Соның салдарынан ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру көрсеткіштері барынша төмендеді.

Ия негізгі жұмыс қолы мал өсіріп, егін егудің орнына соғыста жүрсе, үйде қалған әйелдер мен балашаға қанша егін ексін, қанша мал бақсын. Айтпаса да түсінікті жай. Енді мал көрсеткіштерін алайық.

• Ішкі ордада 1915 жылы жылқы саны 310,3 мың болса, ал 1916 жылы 160,2 мыңға азайған, яғни 48,5%ға кеміп кеткен. Мұның ең бірінші себебі қазақ халқын армияны етпен қамтамасыз етуге мәжбүрлеу тәртібінен орын алған.

• Соғыс жылдарында армияға қажеттілік былғары аяқ киімге және тері тондарға сұраным артты. Жүн өніміне де сұраныс ұлғайып, өлкеде шұға өндіретін тұңғыш Қарғалы фабрикасы әскери тапсырыстарды орындап, шинельге арнап шұға дайындай бастады.

• Сырттан дайын өнімнің әкелінуінің күрт қысқаруына байланысты соғыс жылдарында осы

қажетті бұйымдарды тігетін шеберлердің саны көбейді. Оның мысалы 1916-жылы Верный қаласында 140 адам жұмыс істеген ірі шеберхана болды. Жұмысшылардың, еңбекшілердің жағдайы күрт нашарлады. Жұмыс уақыты 10-12 сағаттан, кейде 16 сағатқа дейін артты. Ал жалақысы үнемі төмендей берді. Бұл жағдайлар халық наразылығын тудырып бой көтерулерге себеп болды. Бірте-бірте бой көтерулер ұлғайып 1916-жылдың орта шеніне қарай жұмысшылардың үкіметке қарсылығы күшейе түсті. 1916 жылы 25 маусымда патшаның Қазақстан, Орта Азия, Сібір тұрғындарынан тыл жұмысына алу туралы жарлығы шығады. Осы жарлық 1916- жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басталуына себеп болады. (Қ-н т-ы. Алматы 2009 193-196 б-р)

• Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Торғайдан өзге барлық аймақтарда қатаң басып жан-шылды. Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың салдары болып табылатын 1917 жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде патша өкіметі құлатылды.

Ия, бір қыздың өзіме тең емеске бармаймын деп бұлқынуы ел-елге жайылғанда жоғарыдағы тарихи деректерде келтірілген қиян-кескі оқиғалар елді дүрліктірмей қайтсын. Осынша ауыр да алмағайып заманда ұлт-азаттық соғысқа қатыспай өз бетінше бейтарап өмір сүргендер үшін де аса қиын болғаны айдан анық. Сол жылдардағы соғыстың кесірінен елдегі ер азаматтардың санының күрт кеміп кетуі талай жанұяның шаңырағына ауыр азап ала келді. Бір жағы асыраушы азаматтарынан қол үзсе, бір жағы әр түтінге еселеп салынған салықтан халықтың басым

көпшілігі күйзеліске ұшыраған. Көбіне күн көрісі мал шаруашылығына негізделген қазақ халқының талай отбасылары жоғарыда айтылған жаңа ашылған өндіріс орындарына ағылған. Өндіріс орындарындағы жағдайдың да мез емес, өте ауыр болғанын айтып өттік. Ақыры қалың халық наразылығы көтеріліске ұласты.

Бірақ халық бұл кезеңдерде қанша қиналғанымен бұрынғы өмір сүру дағдысынан әлі айнымаған еді.

. . .

Жайлауы Талас өзенінің шығыс жағын ала қазылған Сәмбет тоғанының бас жағына тура келетін Толымбек дәулетті кісі екен.

Артынан ерген жалғыз бауыры Қалқаның ақындық аты елге ерте тарайды. Бұғанасы қатпай-ақ ақын ата-на бастаған Қалқа өте зерек, ақылды, сонымен қатар көрікті жігіт екен. Бұндай қасиеттерге ие бозбаланы ол кезде «бозым жігіт» дейді екен.

Сондықтан да оны ел ақсақалдары жиын тойдағы айтыспен қатар, ірілі-уақты дау-дамайдың билігіне де қатыстыра бастайды.

Бір жылы көршілес жатқан елдің бірінен екі үйір таңдаулы сәйгүліктер ұрланып, сол ұрлықтың бір ұшы Сәмбет еліне келіп тірелді деген сөз шығады. «Бұл жала, бұған біздің елдің қатысы жоқ»-деген ел ақсақалдарының сөзіне әлгі елдің белді адамдары тоқтамай қояды. Ақыры бір күні қатарлас жатқан екінші бір елдің тойындағы айтыста қарсыласын еңсере жеңіп бара жатқан Қалқаны ұстап алып, қол-аяғын байлап елге алып келеді. Бітпей қойған барымта дауының

ушығып бара жатқанын байқаған бірнеше елдің ақсақал-қарасақалы жиналған үлкен жиын болыпты. Сол кездегі салт бойынша күдікті деген елдің не айтулы азаматын, не осындай жақсы аты шыққан бозым жігітін күмәнға ұстайды екен. Елінің ақтығын не малымен, не жанымен дәлелдесін деген бұрыннан келе жатқан бұл үрдіс талайлардың өмірден өкінішпен өтуіне себеп болса керек.

Салт бойынша аппақ киіз жайылып, күманға ұсталған кісіні соның үстінде ғана қол-аяғын шешіп, жанына өткір қанжар тастайды екен.

Жоғалған малдың өтеміне еселенген малды ат-шапан айыбымен атар болса, онда ұры ел екенін мойындау. Бұдан кейін қит етсе жан-жақтағы ағайын біткен осы елді ұры тұтары айдан-анық. Ал адамын ақ киіз үстінен алып шығар талай уәж, дәлелді дәйектер айтылғанымен, әлгі ел дауды үдетіп сөзге тоқтамапты. Қанқұмар шағын топтың дауды әдейі үдетіп отырғанына көзі жетіп ызаға булыққан албырт жас:

- Елімнің ақтығын жас жаныммен, қып-қызыл қаныммен дәлелдеймін! Еркек тоқты құрбандық!-депті де қанжарды көз ілеспес жылдамдықпен алып, кеудесіне салып жіберіпті. Мұндай өлімді «шейт» дейді екен. «Шейт» кеткен Қалқа атамызды ақ жуып, арулап қойып барып, жан-жаққа тарасқан әр елдің ақсақал-қарасақалы жылаулар боп тарасыпты. Бұл қаза еске алған жамағайын туысты ондаған жылдар өкіндіріп, көзіне жас алдырыпты. Бұл қайғы Қалқаны алдағы күз үйлендіріп, жеке отау ғып шығарамын, еншісін беремін деп жүрген Толымбек атамыздың қабырғасын мүлде қаусатып кетіпті.



Толымбек пен Қалқаның әкесі Итемген атамыз, бірнеше баласы өліп жүріп көрген баласының атын, бұрынғылардың орнын толтырсын деп Толымбек қойса керек. Толымбектен кейін де талай баласы өліп жүріп ілескен Қалқа Толымбектен көп кіші екен. Бұл қазаны көтере алмаған қайран ата, жүрек ауруына ұшырапты.

Өзінің көпке бармайтынын сезген ол кісі үш-төрт қыздан кейін көрген Молдабайды ертерек үйлендіріп, ақыры сол жүрек науқасынан қаза болса керек. Әкесінен ерте айырылған атамның еті тірі болыпты. Аз уақытта үй-жай, қатын-баласына еге болмақ тұрмақ, ағайын-туғанның арқа сүйер азаматына айналыпты. Бірін екі ете білген ол ортадан сәл ілгері әке дәулетін аз уақытта-ақ ілгері бастырып, елдегі ірі байлардың қатарына қосыла бастапты. Өз замандастарына қарағанда сауатты, ескіше хат танитын, аздаған жазу-сызуы бар бай кісі отыз жетіге толып, отыз сегізге қараған шағында бірінші әйелі Малдыбала қайтыс боп, шиеттей үш қыз баламен жесір қалыпты.

Атамның бірінші әйелі Шымырдың қызы. Қазіргі Қызыл Ту (Кеңестің кезінде осылай аталған) ауылының айтулы азаматы болған, жиырма бес жылдай колхоз басқарған Ақүрпек кісінің немере әпкесі Малдыбалаға үйленген атамыз ол кісіден бес қыз бала сүйіпті. Алғашқы екеуі тым кішкентай кезінде шетінеген екен. Апамыз Малдыбала бұрыннан дымкәстеу көрінеді. Бір күндері қатты ауырып қаза болыпты. Әйелінің мезгілсіз дүние салып жас қыздарының жетім қалғаны атамыздың қабырғасына қатты батады. Жастай жетім қалған қыздарының жайын ойлап бірер жыл үйленбеген көрінеді.



Бірде малшыларын аралап, қыстауының жай-күйін бақылап, шаруашылығының кем-кетігін түгендеп жүргенде, ілгеріде айтылған қыздың әңгімесі бұл кісіге де жетеді. Ұзынқұлақтан естіген хабардың анық-қанығын білу үшін ел күземнен қыстауға көшер алдында нөкерлерін ертіп, Сыйқымдардың ауылына келеді.

Ауыл шетіне келе-ақ бұл хабардың анығына көз жеткізген атам, түсер үйді сырттай бақылап алып, топ жолдасын сол үйге беттетіп, өзі бір ғана жолдасымен елеусіздеу қыздың оңаша отауына, түс әлетінде, сәлем беріп кіріп келеді.

Жасаулы, сәнді отауда жалғыз өзі кесте тігіп отырған қыз, суыт кіріп келген бейтаныс кісілерді көріп сасып қалады. Қыздың құндыз бөркі жүк үстінде тұр екен. Келген кісілер қыздың көркіне, істеп отырған ісіне бірден көңілдері толып, қызды сөзге тарта бастайды. Сол сәтте суыт келген жолаушылардан сезіктенген қыз жеңгесі де бар шаруасын тастап үйге асығыс кіреді. Амандық-есендік сұрасқан соң:

- Қайдан жүрген жансыздар? – дейді ол.

- А,а, мына Талас бойынан, жоқ іздеген жолаушы едік дейді олар.

-Онда түсетін үйді дұрыс таңдамағансыздар. Ақыры отауға кірген екенсіздер. Құры шықпаңыздар. Мен қымыз әкелейін, -деп келіншек шығып кеткенде, атам жарықтық:

- Қалқам, үкіңнің бір талын бересің бе? – деп жүк үстіндегі бөрікке қарайды. Балаң, бейкүнә апам оның түпкі мәнін түсінбесе керек. Мына қаңғыған жолаушының менің үкімде несі бар? – деп іштей ойлады да тезірек құтылғым кеп орнымнан тұрып, бөркімді

алып, төбесінен үлкендеу бір үкіні жұлып бере салдым, – дейді.

Бір-бір кесе ғана қымыз ішкен кісілер отауға жаңылыс кірген кейіппен қыз жеңгесіне қымызы үшін рахметін жаудырып, қыз отауына жаңылып кіргендері үшін кешірім сұрап, үлкен үйге бет алады. Үлкен үйге сәлем бере кірген олар шаруа жайлы, ел-жұрттың қыс қыстауға жасап жатқан әрекеттері жайлы әңгімеге кірісе бастаған жасы үлкендеу ағалардың жанына келіп жайғасады. Біраз отырыстан кейін жолаушылар суыт жүріп кетіпті.

Елге келген атам біраз уақыт өтер-өтпесте қыз әкесімен сөйлесуге кісі жібереді.

Ұлы нағашы атамыз Тіләш: -Қызым риза болса болды. Онда менің сөзім жоқ, -дейді. Бірер аптаны араға салып нөкерлерімен қыздың ризалығын әкесіне білдіру үшін атамыз тағы жолға шығады. Сондағы қыздың бұған тұрмысқа шығуға риза екенінің белгісі ретінде, әлгі бөркінен жұлып берген үкіні төс қалтасынан суырып алып: - Қыздың ризалығы міне! – деп Тіләш атамыздың алдына тастай салыпты. Оған дейін жеңгесі арқылы қызбен де сөз болған болса керек.

Не керек, атам Молдабай, апам Бүбішайым үшін бесік кертiмен құда түскен елдің қалыңын ат-шапан айыбымен, кiтiмен толық қайтарыпты. Екі елді татуластырып, ары қарай жауласпайтындай ғып істі тындырыпты. Бір жағы онсыз да ел ішінде небір алмағайып сөздер, оқиғалар болып жатқан тұста ел-елдің баяғыша жесір дауы деп желігуіне жол бермеуге нақ сол кездегі жағдайдың өзі де себепкер болған сияқты.

Атам қыз әкесіне қайта қалың мал төлеп құда түседі

де оның он алты жасқа толғанын күтпей-ақ, он беске толып он алтыға қараған шағында, айналасы бес-алты айда бар даулы істі тындырып, апама үйленіп тынады. Бұл 1918 жылға тура келеді.

Апам жарықтық қалай ұзатылып келгенін әңгімелегенде иығы әдеттегіден көтеріңкі, кеудесін кере насаттанып, жүзінде бір мақтаныш сезім пайда болып, тәкәппарланып кететін.

Ұлы нағашы жалғызына мінгізгені бар, күйеу баласы мен қызына берген киті бар, өзге де сол кездің үрдіс-рәсіміне орай, жылқының ішінен іріктеп үйірден де асық, сайдың тасындай жылқы айдатыпты. Қырық-елудей қойы және бар. Ал жасауын алты түйеге арттырыпты. Бір түйеге алты қанат ақ шаңқан үй, екінші түйеге күзде тігетін киізі қалың қоңыр үй. Енді бір түйеге «асхана» деп аталатын үй, қазан-ошақ, ыдыс-аяғымен. Өзге үш түйеге кілем-сырмақ, текемет-алаша, көрпе-жастық, кебеже-сандық. Не керек сол кездегі тұрмысқа керекті бар жасау-жабдық тиеліпті. Мұның бәрінен бөлек әрқайсымыздың мінген атымызға қос-қос қоржын салынған. Бөктеріне байлаған теңдей-теңдей киім-кешек, жол-жоралғыға берілген мата, дастархан – өрік, мейіз, қағаз шай, науат-кәмпит бар.

Бірғалып-жырғалып, отыншы - сушымен, жеңгелеріммен түпкілікті еліме келіп жеткенде, бұл елдегі кәрі –жас, үлкен-кіші тегіс таңдай қақты. Сонымен қатар, әбден бой жетіп, оң солын танып келді,- депті.

Жасауын алты түйеге артып ханның қызындай боп көшіп келді,- деп үлкен-кіші бір гулесе, әйел біткен үстіне киіп келген жадағай шапанына таң қалысыпты.

- Апа ол шапанның не ерекшелігі бар еді?



- Е,е, қарағым-ай, қазір бәрі адам сенгісіз ертегі боп қалды ғой, бір кезде елге келген саудагерден алған. Бағдат дей ме-ау, Мысыр, Шам дей ме-ау жердің бір шетінде үлкен қала бар екен. Сол қаладан өсіп қалған маған шапан тіктіру үшін әкем жарықтық арнайы алдырыпты. Ұзатылардан біраз бұрын ел-елден іздеп жүріп, бір шебер тігінші татар әйелін тауып, бар киімімді соған тіктірді. Ал жасау-жабдығымды ел ішіндегі шебер қазақ әйелдері тігіп шықты дейтін.

- Апа, ол шапанның матасы не сонда? Драп па? Сукно ма? – деймін мен.

- Қайдағы драп, сукно!? Ол «сақалдып» деген мата.

- «Сақалдып» деген мата бола ма?- деп таңырқай жымыып күлемін мен. Қабағы сәл дір етіп шытылды да, қайта жазылып, ары қарай ол матаның түр-түсін сипаттай бастады.

- Қалыңдау, тығыз тоқылған, шапан мен бешпент, қамзол тігуге лайықты мата. Жалтылдап, сусып тұратын жібек. Қазір ондай таза, асыл жібек мата жоқ.

- Ал түсі қандай? Ол ойлана, көз алдына келтіріп:

- Түсі құбылып тұрады. Бірде қоңыр, бірде қою жасыл, одан қара көк, бірде қоңыр қызыл, кей жері қоңыр сарғыш боп мың құбылады.

... Иә, бір адамның бүкіл өмір жолы бір күнгі бір-екі сағаттық әңгімеге симасы анық. Бір күнде бірер сағат бойы тапжылмай отырып әңгімелесу де табыла бермес, бұйыра бермес бақытты сәттер. Араға күндер, апталар, айлар, кейде тіпті жылдар салып жалғасын тапқан жарасымды әңгімемізді ауық-ауық еске түсіремін...

Еске түсіремін де қайран қаламын. Бастан өткен оқиғаны әңгімелеп берер абыз ана қайда бұл күнде?!



Дәл осылай айта қалсаң, тыңдар құлақ қайда?! Бәрі жоқ!... Сағымға айналып кеткендей...

Осындай кезде ұлы Абай атамыздың

Құдай-ау, қайда сол жылдар,

Махаббат қызық мол жылдар?

Ақырын, ақырын шегініп,

Алыстап кетті-ау құрғырлар! - деген ешқашан ескірмейтін өлең жолдары еске түседі. Бұл өлең Әзілхан көкеміздің қыз бен жігіт арасындағы махаббатты баяндаған «Махаббат, қызық мол жылдар» романында қалай жарасым тауып тұрса, әже мен немере арасындағы махаббатта да жарасымын тауып тұрғандай. Сол бір алпысыншы, жетпісінші жылдарды үздіксіз, сағынышпен еске ала беремін. Адамның жан тазалығы, мол рухани байлығы да сол жылдардың еншісінде қалып қойғандай болып көрінеді маған кейде.

Тағы бірдегі екеуміздің оңаша қалып, күйбең тірліктен қолымызды босатып, демалып отырғанда кейде осы әңгімеміз жалғасын табар еді.

Сондайда...

Алғаш ол шапанды ойын-тойда киетін едім. Кейін тозбайтын немені үйге киіп алдым. Одан да кейін бастан бақ тайып, отыншы-сушысыз қалғанда отын-суға кидім. Оның пайдасы, бірде жиған отынымды буып алып арқалай алмай жатқанымда, бейтаныс аттылы келіп:

- А-ай, сорқайнаған-ай, «ханша басым талша» деген осы екен-ау! – деді де отынды атына артып ала жөнелді.

- Ауылың, үйің қайда? – деген оған ауыл жақты үнсіз сілтеген мен әрең ілестім. Ол отынды қостың қасына тастай салып жөніне кетті. Сол кезде сонша байлықтың

бәрінен айрылып, қос тігіп отырып қалғанбыз. Содан бері талай толып, талай солды бұл қу тіршілік. Әйтеуір он алтымда жаққан отым, бір жола өшіп қалмай, көзімнің тірісінде түтіні түзу шығып тұрса болды. Шүкір, дейміз дә, соған! – дейтін.

- Апа, Малдыбала апамыздан туған үш қыз қалды. Сол үш қыздың үстіне келдім, - деуші едіңіз ғой. Ол кісілердің тағдыры не болды?

- Е, е, балам-ай! Ол замандағы қыз баланың күні құрысын. Алғаш балалығым басыла қоймаған мен кейде солармен қуыршақ ойнайтынмын. Кейде әлденеге ұрсысып, өкпелеп те қалатынбыз. Ондайда кейде осы үш қызға шеше екенім есіме түсіп, қыздардың өкпесін жазып, сөзге шақырамын. Тамақ ішейік деймін. Әйтеуір ара қатынастарымызды ушықтырмай қалпына келтіруге тырысатынмын. Кейде ойын ойнаймыз.

- Сонда қуыршақтан басқа не ойын ойнайсыздар? –

- Ойынның түрі көп қой. Шекем тас, кейде ауыл жастарымен алтыбақан тебеміз. Ақ сүйек ойнаймыз. Үй шаруасымен айналысамыз. Не керек жаман өмір сүрген жоқпыз. Сөйтіп жүргенде қыздардың айттырған жері келді. Суық түспей ұзататын болдық. Ақыры ұзаттық та. Өзім бас боп жаңа еліне апарып салдық. Алғашқы ұзатылған қыздың жол-жөнекей көш бойы бірер рет жөтелгенін байқағанмын. Бағұс барған жерінде бір айдан сәл-ақ асық өмір сүріп, қайтыс болды. Не болып, не қойғанын да біле алмадық.

- Қандай өкінішті! Ал ана екеуі ше?

- Мен тұңғышым Назтайды келгеніме үш жыл толып, төртінші жылға қарағанда таптым.

Соған дейін бәрі ұзатылып бітті ғой. Екінші қыз

барған жерінде жыл жарымдай өмір сүрді. Босана алмай қаза болды. Тек үшінші қыз Бүбіден ғана жалғыз ұл қалды. Бірнеше баласы шетінеп жүріп, тұрып қалған жалғыз ұл Чапаевтағы Құлкерім жиен ағаң ғой. (Чапаев совхозының Тегістік бөлімшесінде)

Атаңның аузын ұрайын, Молдекең бала таппайтын бедеу қатын алыпты, - дейтін күңкүлдек қайным. Былайғы алыс-жақын ағайын да «бала көтермеді» - деп сөз ете бастағанда тұңғышым Назтайды таптым.

«Бұл қатын да қыз тапты» - деп әлгі қайным да, туыстардың ішінен тағы басқалар да біразға дейін күңкүл- сүңкүл әңгіме айтып жүрді.

- О, атаңның аузын ұрайын, ұл табушы ма еді бұл? - дейтін әлгі қайным.

Өзге ағайын-туыс: қыз да болса дүниеге бала келді, - деп, шілдеhana қып қуанысып жатты.

Атаң мұндай ұсақ-түйек әңгімеге құлақ аспайтын. Өзінің тұңғыш перзентінен екі жас кіші әйелі менен туған перзентіне шын жүрегімен қуанып, атын Назым қойды. Еркелетіп Назтай деген де атаң. Сол күйі Назым аты ұмытылып Назтай атанып кетті. Жасында өте сүйкімді, ерке еді. Еділбай туғанша атаң оны мойнына мінзігіп жүрді. Назтай апам 1921-жылы дүниеге келген. Осы жерде сол кездегі Қазақстанның саяси және әлеуметтік жағдайының қандай болғанынан, тарих беттерінен үзінді келтіре кетуді жөн көрдім.

• 1917 жылы патша өкіметі құлатылғанымен Қазақ жерінің көптеген аймақтарында азамат соғысы жалғасып жатты. Былайша айтқанда ендігі жерде азамат соғысы үкімет үшін күрестің жалғасы болды. Сондықтан да революция мен азамат соғысы арасында

шекара болған жоқ.

• Орал облысында « Бірінші ерекше атты әскер» бригадасы құрылып, кейін қызыл армияның 4-армиясының құрамына кірді. 4-ші армияның қолбасшысы болып М.В. Фрунзе тағайындалды. Оралды босату операциясына В.И. Чапаев басқарған.

II. Николаев дивизиясы және 4-армияның бөлімдері қатысты. 1919ж. 24 қаңтарда қала босатылды. Сөйтіп большевиктер үшін азамат соғысының алғашқы кезеңі сәтті аяқталды.

• 1920ж. 29 наурызда ең соңғы майдан Солтүстік Жетісу майданы жойылып, Кеңес өкіметі қайта қалпына келтірілді. Сонымен 1920жылдары азамат соғысы аяқталып, онда қызылдар ақтарды талқандап, жеңіске жетті.

• 1920ж. 26 тамызда В.И. Ленин мен Калинин қол қойған БОАК және РКФСР ХКК-нің құрамында астанасы Орынбор қаласында болатын «Қырғыз (қазақ) Кеңестік Автономиялы Республикасын құру туралы» тарихи Декреті жарияланды.

• 1920жылдың аяғында Жетісу мен Оңтүстік облыстарды қоспағанда 939 колхоз, оның ішінде 132 коммуна, 729 артель, 28 жерді бірлесіп өңдейтін серіктестік»ТОЗ! 308 тұтыну қоғамы жұмыс істеді. Бірақ бұлардың бәрі әлсіз болып, оларда құрал-сайман, күш-көлік, тұқымдық астық, айналым қаржы жетіспеді. Халық ағарту бөлімдерінің жанынан мәдени-ағарту ұйымдары құрылды. Оқу үйлері, кітәпханалар, сауатсыздықты жою мектептері жұмыс істеді.

Сол жылдарда болуы керек апам Ликбезге барып оқып, латын әрпімен өз атымды және бірнеше сөз жазу-

ды үйрендім дейтін. Күллі қыз-келіншекті жинап алып ашық далада сауат ашу жұмыстары жүргізіліпті.

- Сабақ қайда өтті? – деген сұрағыма:

- Ой, жазда ғой! Ашық далада. Қағаз, қалам да жоқ. Отыра қалып үйренгенімізді жерде топырақтың бетіне жазатынбыз. Кейін бір-бір парақ қағаз бен қалам үлестірді. Төрт қанат қара киіз үйге қызыл белдеу тағып, қызыл жалау ілген. Оны қызыл бұрыш дейтін.

- Кітапханасының ішінде қандай кітаптар болушы еді?

- Қандай кітап екенін кім білген? Әйтеуір бірнеше ғана кітап. Құдай біледі төрт-бес кітап-ау деймін. Кезиттер, журналдар бар еді. (газет-журнал дегені) Бір-екі рет кіріп көргеніміз болмаса, кім оқыды дейсің? Елдің бәрі сауатсыз ғой ол кезде. Мықты сауаты бар бірлі- жарым кісілер оқыған шығар. Сол Ликбезіне бірнеше рет бардым да қойдым. Кейін жоқ боп кетті – дейтін. Сондағы үйренген жазуларын кейде қағазға жазғызатынмын.

• Сол жылдары республикада 199 көпшілік кітапханасы, 196 клуб, 83 халық үйі, 1478 оқу үйі болды, үгіт қызыл керуендерін, ал темір жол бойында – үгіт вагондарын ұйымдастырды. Қорыта келгенде Қазақстанда Кеңес өкіметі негізінен көпшілігінде күштеп орнатылды. Қазақ халқы Қазан төңкерісінің мәнін, Ленин бастаған большевиктер партиясының бағдарламасын түсінген де жоқ, қабылдаған да жоқ.

• Орта Азия мен Қазақстанның жергілікті халықтары үшін Қазан революциясының мән-мағынасы орыс үстемдігі жойылып, тартылып алынған жер-суымыз өзімізге қайтарылады деген үмітке ғана сайды.

• 1921 жылы Қаз АКСР-ң жеті губерниясының бесеуі

құрғақшылыққа душар болды. Құрғақшылықтың кесірінен астықтың түсімі 5 млн пұтқа ғана жетті. Мал шаруашылығы да қиын жағдайға душар болды. 1920-21 жылдар аралығындағы жұттан кейінгі мал басы 1917 жылмен салыстырғанда 75% кеміді.

Республиканың экономикасындағы ауыр дағдарыс 1920-21 жылдары шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы стихиялы қарулы көтерілістерінің тууына әкеп соқты.

Тарихта қиыншылық, аштық, жұт жылы болып қалған осынау 1921 жыл туралы жоғарыдағы деректерді оқи отырып менің есіме бір оқиға түсті.

Әкемнің орта жасқа келіп қалған кезі. Бауыры Назтай апамды түскі асқа шақырғанбыз. Әлде нені әңгіме ғып отырған бауырлар бір-біріне еркелегендей әзіл сөздер айтысып отырды. Бір кезде әкем апам:

- Әпке, сіз жұт жылы туғансыз. Сіз туғанда екі-үш жылдай халық қиналып барып еңсесін әрең тіктеген, дегені. Ол кісінің ойында еш жамандық жоқ еді. Шежірені «Сақтан» бері таратып жатқа айтатын, тарихты көп оқып, елеулі оқиғаларды есінде сақтай білетін әкем әлде нені айтпақ еді. Бірақ ол кісінің ойының түп мәнін түсінбей апам өкпелеп-ақ қалғаны.

Шамасы қай жылдардың халыққа қиын түскенін атам мен Бүбішай апам айтқан болар. Өзге де үлкендерден естіген шығар. Әйтпесе бұрынғы Кеңес заманындағы «Қазақстан тарихы! Өте жұқа. Онда баяғы 1700-жылдардағы халықтың Елім-айлап жылайтын оқиғасы, Кеңес дәуіріндегі жетістіктер ғана қысқаша баяндалған. Ол кісінің қандай тарихты оқығанын қайдам. Әйтеуір мен оқыған тарих сондай боп келетін. Бізден бұрын, ғасырдың бірінші ширегінде

туған әкемнің үлкендерден естіген бұл уәжі дәлелсіз де емес екенін кәзіргі тарих беттерінен оқып біліп отырмыз. Тағы бір дерек келтіре кетуді жөн көрдім.

• Сол жылдардағы Кеңес өкіметінің солақай саясатының нәтижесінде яғни шамадан тыс, күштеп салынған астық салығы халықты ашаршылыққа ұшыратты. Әулиеата өңірінде халықтың қатты қырылғаны сонша бұрынғы бірнеше болысты біріктіріп, бір болыс ұйымдастыруға тура келді. Жалпы зерттеушілердің мәліметі бойынша сол жылдарда 2 млн.300 мыңнан аса адам ашықты. 1 млн.ға жуығы аштық пен аурудан өлді делінген.

Тағы бір айта кететін уақиға, сол 1920-жылдың бас жағында Молдабай атамның аталас туысы Нартбайдың қызы Әсіл, қайын атасы Тілештің ұлы Ерметке ұзатылады. Әсіл Бүбішайым апамнан үш-төрт жастай кіші болғанымен ағасының әйелі болғандықтан жеңгесі болды. Сонымен бұл жерден де қазақтың қарама-қарсы құдаласу дәстүрін байқаймыз. Әсіл он бес жаста тұңғышы Әбдіғұлды дүниеге әкелген. Жеті жылдан кейін тағы бір ұл тапқан.

Апамның әңгімесі:

Назтай төртке келгенде «бапаң» дүниеге келді. Оның да атын атаң өзі қойды. Ұл бала, қыз бала деп бөлген емес. Екеуін тең ұстайтын. Ерекше шілдехана да жасаған емес. Кәдімгі шілдехана болды. «Әке балаға сыншы» деген. Еділбай бір жасқа толғанда Қарақұмда отырғанбыз. Күзем қырқатын уақыт. Мал сойдық та қуырдақ қуырып, түскі асқа табағымен дастарқанға қойдық. Әне-міне қуырдақ желініп біте бастағанда, аяғын апыл-тапыл, бір-екі басып жүрген балам,



дөңгелек үстелге қарнын тіреп тұрған бойы ортадағы қуырдақтың жарты тостақ майын сіміре салды.

Молдабай оған қарап біраз отырды да:

- Ойпырмай, мына бала, мына түрімен ия шалқыған бай болар, болмаса шыр бітпес кедей болар... Басын шайқап:

- А-а-ай, қайдам... Кедей болар –ау! – деді.

- Қайдағыны айтпашы! – деп мен оған жақтырмай қарадым.

Ол сол кезде осы күнгі Әбдіқадір мешітін қыста отынмен қамтамасыз ететін. Қысы-жаз намазға барғандардың атына салатын шөпке де қарайласып тұратын. Әйтеуір мал-жанның қамымен үйде жиі болмай қалатын. Ол жоқта күнделікті тіршілікті басқаруға әбден төселген кезім. Бір күні тағы осындай шаруамен кеткен ол айға жуық жоқ боп кетті. Ол кезде әйел адам еркекке:

- Қайда барасың, қашан келесің?- деп сұрақ қоймайды. Айға жуықтағанда үйге келген ол шаршап, түтігіп, жол соқты боп келді. Тамақ ішіп, әбден дем алып, өз-өзіне келгенде орайын тауып:

- Ұзақ жоқ болдың ғой?! Жайшылық па? Не болды? – дедім. Ол біраз ойланып отырды. «Айтсам ба, айтпсам ба?» - дейтіндей. Әлден соң:

- Әй,бәйбіше-ай! Ел арасы тынышсыз боп барады. Ұзап кеткен себебім, мына Қырғыз жақта Қарақол, Кеңқол деген жерлер бар. Сонда туған бөлелерім бар еді. Соларға бірер үйір жылқы мен түйелерді апарып жайғастырып келдім. Ақылың бар еді ғой. Тірі жанға тіс жара көрме! Өзің де тым қамсыз болмай аяулы деген заттарыңды буып-түйіп, жинақы жүрші. Әлдеқандай



заман болады дейді. (Затында атам төніп келе жатқан қауіпті сезіп бір жылдай уақыт бұрын сақтық қып қамдана бастағандай).

Әлдебір қауіпті сезіп, біртүрлі қорқыныш сезім пайда болды. Бірақ анық не істеу керектігін білмедім. Тек алтын-күміс ақшалардың бұрыннан келе жатқан, қолданыстан шыққан түрін бір бөлек ұстайтынбыз. Зергерге әшекей бұйымдар істету үшін сақтап жүрген бұл ескі ақшалардың арасында кесек алтын-күмістер де бар-ды. Шүберекке түйілген күйі сандықтың түбінде жатқан осы заттарды көнеден қалған құмыраға салдым. Қолдануға жарайтын алтын-күміс ақшалар мен сақина, білезіктерді, өзге де әшекей бұйымдарды, асыл моншақтарды бөлек-бөлек сұраптап, қол сандықтарға мұқият салып қойдым. Тері тон, бұлғын ішік, құндыз жағалы шапандарды күнге жайып, қағып-сілкіп іріктеп сандықтарға салдым. Атаңның ескертуінен кейін бар бітіргенім осы болды. Үй бұйымдары болса болмаса көше қалсақ теңмен буылады,- деп ойладым да қойдым. Өстіп жүргенде атаң тағы айдан аса жоқ боп кетті. Сонша уақыт өткенде бір күні әбден шаршап-шалдығып үйге оралды. Бұл жолы Шу жақтағы бір тамырына (ол кезде дос демейді, тамыр дейді екен) бес түйе және бір үйір жылқыны апарып орналастырып келіпті.

- Ел іші тынышталып заман түзелсе қайтарарсың. Өнім-өсімін сұрамаймын. Ал ондай болмаған жағдайда құдай алдында сұраусыз депті. Онсыз да өз нөкерлеріне, ағайын – туысқа көп қарайласатын ол кісі, әлі Малдыбала апамыздың бар кезінде болса керек, Сүмбілов Сүйінбай дейтін тамырын (нөкерінің бірі) қалыңын аямай беріп Айсұлу апамызға үйлендірген

екен. Сүйінбай кісі атамнан біраз жас кіші болған. Оны екі үйдің жекжаттық қарым-қатынасы кезіндегі екі қарияның бір-біріне айтқан әңгіме, сөздерінің барысында аңғаратынмын. Әшейінде сыртынан «Айсұлу» деп отыратын апам, ол кісі келгенде «Айеке»-дейтін Ал Айсұлу апа болса, Бүбішайым апамды – «Келіншек»,- дейтін. Соған қарағанда Айсұлу апа менің апамнан біраз жас үлкен болғанымен жолы кіші де, жолы үлкен болған соң апамның атын тура атай алмай өзінен кейін түскен қайынағаның әйелін Айсұлу кісі «келіншек» дейтін болса керек. Сондай-ақ апам ағайын ішінде Елешке де Қызтайды араға түсіп, қалыңына көмектесіп атаң әперген деп отыратын.

Ел іші қанша тынышсыз болғанымен, бұрынғыша жастар үйленіп жататын,- дейді апам. Ағайын-туыс, тамырларынан өзге кедей-кепшік, көрші-көлемнің де үйленіп, үй болуына көмегін көрсетіп, шілдеханаларында демеп отыратын.

Ия, ел арасында алдағы күніміз не болар екен дегіздердей үрейлі әңгімелер де болды. Анау бір кездері талай ер-азаматты үлкен-кішісіне қарамай әскер құрамына алып та кетті. Ақтар мен қызылдардың шайқасы кезеңінде азаматтарынан, бірең-сараң жанұя мүшелерінен айырылып аһ ұрғандар да болды. Патша құлап, уақытша үкімет те орнады. Қала берсе қызылдар жеңіпті, ендігі өмірдің беталысы мүлде өзгереді екен. Ортақ қазан, ортақ үй болады,- деп біреулер гулесе, енді бір желәуыздар әйел де ортақ, тіпті ер де ортақ болады дейді – деп соқты.

Қалай десе де ғасырлар бойғы өмір сүру дағдысынан әлі қол үзіп кете қоймаған халық қалың бір тұманның

ішіне енгендей болды. Бұл сол кездегі саясат тұманы еді. Қалың тұманнан кім қалай шығады, кім қалай бет алады? Бұл бір Жаратқанға ғана аян. Алдағы уақыттың еншісінде. Осы тұста тарих беттеріндегі деректерге тағы да бір зер салсақ: Жоғарыда, 1920-21 жылдарды 2млн300мыңнан аса адам ашықты. 1млн.ға жуығы аштық пен аурудан өлді делінген дерек келтірдік.

- Мұндай сорақылыққа мұсылман зиялы қауымы арасынан Т. Рысқұлов қарсы шықты. Т. Рысқұловтың аса зор еңбегінің арқасында азық-түлік саясатының нәтижесінде халыққа түскен ауыр салмақ аз да болса жеңілдеп, елдің еңсесін тіктеуге оң әсерін тигізетін жұмыстар жүргізіле бастады. 1924-1925 жылдары ауыл-шаруашылық салығынан ҚазАКСР бүкіл шаруашылығының 32,7% босатылса, 1925-26 жылдары 33,8% босатылған еді. Әсіресе 1924-25 жылдары мал өсіруші шаруашылықтың 72%-ға жуығы алым-салықтан босатылды.

- Большевиктердің индустрияландыру саясатында Қазақстан Одақтың шикізаттық бөлшегіне айлануы керек болды.

- Осы кезде өлкенің партия ұйымының басшылығына тағайындалған Ф. Голощекин бұл көзқарасты қолдады.

- Қазақ зиялы қауымының өкілі С. Садуақасов қарсы болды.

- Бұл уақыт бірінші бесжылдықпен сәйкес келді. Большевиктер қазақ ауылында әлеуметтік теңсіздікті жою мақсатында жайылымдық жерлерді бөліске салды. Ф.Голощекин «Жайылымдық жерді бөлу деген не?» дей отырып бұл науқанға зор екпін беру үшін және өз төңірегіндегі большевиктерді жігерлендіру үшін «Бұл

кіші Қазан» - дейді. (Қаз.т 243-бет Алматы 2009)

Ел ішінде енді жаңа әңгіме, жаңа сөз:

- Ойбу, әлгі Бәленшенің ана жылы патша әскеріне алынған баласы туысымен жауласып жатыр. Ең жақын жанашырына қас жау боп шығыпты десе, екінші біреу, оны айтасың баласын әкесіне қарсы шығып жатыр-дейді, деген сияқты ел ішінде ала- құла әңгіме көбейе бастады. Сонымен қоса ел көшіп-қонбай бір жерге қоныстанып, егін егу керек екен. «Артель», «колхоз» деген шығыпты. Елдің тозып кеткені аздай «Тоз» бол депті деген қауесет өршіп тұрды.

Сол кездерде үкіметтің бет алысын ерте ұғынып қызылдар жағына шығып кеткен Жақаш Мамырұлы еді. Жаңа саясат, жаңа бетбұрысты біразға дейін түсіне алмай жүрген Сүмбілов Сүйінбай да бұл кездерде қызылдар, большевиктердің ұстанымына бет бұра бастаған кез екен. Тағы біраз ағайындар жаңа үкіметтің барап кел, шауып келіне айнала бастағанға ұқсайды. Осындай істердің нәтижесінде 1928 жылы ауылда алғаш рет колхоз құрылып, оған «Батырақ» деген ат беріледі. Сәмбет тоғанының батыс жиегіндегі кәзіргі А. Суханбаев көшесінің орнында алғашқы колхоз «Батырақтың» он үш үйі орналасады. Он үш үйден құралған колхоздың бірінші бастығы Сәкиев Есеналы деген кісі болыпты. Ол біздің аталас ең жақын туыстарымыздың бірі екен.

Бастық болардан бұрын ол кісінің жеңгелей алған әйелі болған екен. Кейін айттырылған қызын алады да екі-екі жарым жылдай уақыттан соң екі әйел алғаны үшін бастықтықтан түсіріп тастайды. Яғни 1928-30 жылдарда сол кісі басқарған. Ол кісі бастықтан түсіп қалған соң ақындығы, әншілігіне байланысты боль-

шевиктер жағына тартылған Елеубай атамыз колхоз бастығы болады.

АЛАСАПЫРАН

Қалың тұманнан жол іздеп жүргенде «кәмпеске» деген шықты.

- Ойбай, байлардың малын тышқақ лағына дейін тізімге тізіп тартып алып жатыр екен. Оны аз десең үйіндегі ас-ауқаты мен қамбасына құйған астығын түгел арбаға тиеп алып кетіпті. Ана жерде ана бай, мына жерде мына бай қан қақсап қалыпты деген сөз шықты.

Мұны естіген біраз кісілер базарға шығарамын деп отырған артық астықтарын, қысқа дайындаған сүрлері мен құрт майларына дейін жерден ұра қазып көміп жатыр екен деген әңгіме де ілесе келді. Бұл уақытта атаңның баяғы сән-салтанатпен жанында ілесе жүретін нөкерлерінің бірі де қалмады. Осы жағдайлардың салдарынан, өмірде кімнің туы биік желбіресе соның астына жинала қалуға тырысатындардың болатынын мен алғаш рет байқаған едім. Тек бірер қарулы жылқышылар мен адал отыншы-сушылар ғана көбіне түн қатқан жүрістеріне, әр түрлі жұмыстарына қолқабыс қылатын. Бірте-бірте біздің үйдің ірі қаралары, жылқыларымыз, түйелеріміз едәуір кеміп қалды.

Осы сөз шығардың аз-ақ алдында біздің қойларымызға ойламаған жерден індет келді.

Жаз айлары еді. Түсте өзектен суғарылады да, қойлар сол өзектің жиегінде бір-бірінің көлеңкесіне бастарын тығып үйездеп жатады. Күннің ыстығы басылып, салқын түсе бастағанда орындарынан тұрып,

өріске бет алады. Қойшы да басы салбырап соңдарынан ереді. Өріске бет алған отардың соңында орнынан тұрмай теңкиіп-теңкиіп әр жерде өлген қойлар жатады. Бұл жағдай бір айға созылды. Әпырмай мына түрімен қырыла берсе қой қалмас деп бір күні өлген қойларды санасам елу алты қой екен.

- Мә-ә-ә, бір күнде елу алты қой өлсе және ол бір ай бойы осылай жалғасқан болса мыңдаған қойларыңыз болды десеңізші.

- Иә, көп болатын. Ол қайта сәл де болса азайған кезі. Кейде тіпті одан да көп, кей күндері аздау өлетін. Сөйтіп жүргенде бір ай шамасында өз-өзінен сап тиылды.

Мен: - «Мына түрімен қой қалмас»,- дегенімде, атаң: - Бастан құлақ садақа! Қайта құдайдың жәрдемі десеңші,- деді.

«Мұнысы несі?» - деп бетіне таңырқай қарадым. Ол алысқа қарап ойланып отырды.

- Өлген қойларды не істедіңіздер? Олар шіріп, айнала сасып кетпей ме? Апам ұйқыдан оянғандай жалт қарап:

- Жоқ, бірде- бірін сасытқан емеспіз. Сайлау жерге апарып үйіп қояды да өртейді. Өртеп болған соң ұра қазып көміп тастайды. Әңгіме осы тұста маған бұрынғыдан да қызық сияқты көрінді.

Жұмыс күнен-күнге қыза түсті. Ауық-ауық атаңның ұзақ жоқ боп кетіп, ірі бас малды, ел-елдегі тамыр танысына тарата бастағанының мәні зор боп шықты ғой.

Ақыры бір күні үйге де кезек жетті. Үлкен той, аста тігетін киіздері аппақ, қалың, жасау-жабдығы барынша келісті екі сегіз қанат орданы және қыстауға көшер алдында бір-бір жарым айдай, қыстаудан көктеуге

көшер алдында ерте көктемде тігетін бір алты қанат киізі қалың қоңыр үйді бүкіл жасау- жабдығымен, қазынасымен бір түнде көшіріп әкетті. Сонымен қоса мен құмыраға салған ескі ақшалар, әшекей бұйымдар салған сандықшалар. Қымбат киімдер де сол үймен бірге кетті. Сенімді төрт-бес жігітпен оншақты күнге жуық жол жүріп, түк болмағандай қайтып келді.

- Сонша тірлікті не істедің? Қайда жібердің? – деймін, «тағы біреулерге бере салды ма?» - деген оймен ішім ашып.

- А-а-ай, бәйбіше-ай! Қыстаудан екі-үш бел арырақ құмның құлама жиегінен ұра қазып көмдік. Белгі қоюды да ұмытқан жоқпыз. Бұйырса оны көрерміз. Бұйырмаса оны көреміз. Не де болса ендігі жерде бәрі бір құдайдың қолында! – деді.

Бұрын тыныштау кезде сыйырды тек сары майы үшін ұстайтынбыз, құртын аса құнттамайтынбыз. Ара-арасында болмаса көбіне сауыншылар пайдаланады. Сиыр құртының тек ірімшік қосылған «ежегей» деп аталатын түрін ғана үйге қалдыратынмын. Сиырдың өз сауыншылары бар. Қыз-келіншектің біразы қой сауатын. Біз көбіне қой сүтінен дайындалған айран мен құртты пайдаланатынбыз. Ол айран қандай дәмді десеңші! Бауыр сияқты қоп-қою боп ұйиды. Қой сүтін пісіре алатын әйел ғана пісіреді. Көбіне пісіре алмай күйік татытып жібереді.

Жазда қонақ келгенде болмаса малды көп соя бермейтінбіз. Бірлі-жарым ешкі, тоқты торым етімен қанағат қыламыз. Оның үстіне жаз бойы қымыз, айран да мол. Тау жақтан, ара кідік жеміс-жидек тереміз. Бұл бір қызық үшін ғана. Ас та төк азық мол болушы еді.

Атаңның аңшылық өнері де бар-ды. Аракідік қырғауыл, қоян, түлкі, қасқыр ұстаған кездері де болды. Бұл әрине саятшылық құрып, бой жазу, қызық үшін ғана айналысатын кейдегі бір көңіл көтеруі еді. Күзге салым сойылған малдың майда-шүйдесін жеп, семіз еттерді іріктеп, қысқа дайындап сүрлейміз.

...Хош! Ірі бас малды таратып азайтты. Алыс-жақын жекжат-жұрат пен дос-дұшпанның алдында мерейін тасытып, айдынын асыратын «Орда» деп аталатын үйлерді ұраға көмді. Енді кезек азық-түлікке келді. Бірталай шөпші жігіттері де бар еді. Аздап егін де салатынбыз. Ұшы-қиырсыздай боп көрінетін Қарақұмда жоңышқа алқабы да болды. Кезінде сол шөпші жігіттерді басқарған Сапарәліні әйелі Тазагүлмен қосқан да атаң еді ғой. Оның атасы Сүгірәлімен әкесі Сабырмен сенің атаңның әкесі мен аталары ата тамыр болған. Сол тамырлық ара- қатынасты өмірінің аяғына дейін адал жалғастырған Сапарәлі мен Тазагүл ғой. Одан кейінгі күйеуі Сүйінбай орта жолда басқа жолға ауып кеткенімен, аяғына дейін тұрып берген, бізге деген көңілі еш айнымаған Айсұлу болды.

- Кезек азық-түлікке келді дедіңіз ғой, апа. Азық-түлікті қайттіңіздер?

- Әлгі төрт-бес жігіттің ішінен екі-үшеуін ғана қалдырып «қойма» деп аталатын үйдің ішінен үлкен бір ұра қаздырды да артық астықты, сүр еттің біраз бөлігін, құрт майдың біразын аттың қылын араластырып тоқыған шағын қаптарға салып көміп тастады. Бір-екі жігітті басқа бір жұмысқа жұмсаған болуы керек. Алла бір жағын қысқартқанымен, бір жағына кеңшілік қып, сол жылы астық өте көп өнім берді. Тағы бірнеше қап

астықты қалған түйелердің бір-екеуіне артып қыстау жаққа көміп келді. Бірталайын еңбектерінің өтеуіне жігіттерге берсе, біразын кедей-кепшікке үлестірді. Сонда да артылған бірнеше қанар қап астық қойманың керегесін керіп тұрды. Еккен астықтары бидай мен тары. Екі жер тары егетінбіз дейтін. Бидай одан екі еседей көп. Оның кәзіргі жер өлшеммен қанша екенін білмедім. Сүрлеген ет пен құрт-май, ірімшік те қап-қап боп шіреп тұр. Олардың үстіне ескі тон, алаша-сырмақ жауып қойдық. Қазылған жерді біліп қоймас үшін ба-рынша таптап үстіне ескі алаша, тулақ тастап қойдық. Асханаға да дәл солай жасадық.

- Көшіп кеткен жағдайда бұл заттарды қалай таба-сыздар?

- Әркім өз қонысын, үй тігілген жерге шейін жазбай таниды. Одан кейін даладағы көмусіз қалған жер ошак бәріне бағыт- бағдар беріп отырады.

- Апа, осынша мол азық- түлік неге керек? Қысқа сүр дайындаудың қажеті не? Қыста онсыз да соғым сой-ылмай ма? Атам екеуіңіз және Күмісай апа. Тышқандай екі балаңыз. Айналдырған бесеуіңізге мұнша азық-түлік бос ысырап емес пе? Босқа іріп-шіріп кетпей ма?

Күмісай апа деп отырған кісі, атамның туыстарының бірі қаза боп, оның әйелі Күмісайды әменгерлік жолы-мен, әкем дүниеге келмей тұрып, атама қосқан екен. Ол кісі ешқашан бала көтермеген. Әкем туылған соң біраздан кейін апам ауырып, сүт шықпай қалғанда әлгі кісі титтей шаранаға еміренгені сонша кеудесінен сүт шығып кетіпті. Апам әкемді қайта емізбепті. Сол күйі суалып кеткенде, Күмісай апа екі жарым жасқа келген-ше қасына алып жатып, өзі емізіпті. Міне ғажап оқиға!



Атам ол кісіге жеке үй тігіп берген екен. Ал әкем ол кісіні әрдайым сүт анам деп отыратын.

Апам менің сұрақтарыма егжей- тегжей жауап бере бастады.

- Қарғам-ау, атаң болса бай кісі. Ол ешқашан жалғыз-жарым жүрген емес. Қайда барса нөкерін сайлы ертіп, жарасымды сәнімен жүреді. Ұзақ жол жүріп, болма-са шаруамен біраз айналып қайтқанда ешқашан үйге жалғыз-жарым келмейді. Ең кемі жанында екі-үш, кей-де одан да көп кісі ере жүреді. Оның ар жағында ол заманда ақын, сал-сері дегендер болады. Олар қашан да шақырусыз қонақ. Қай мезгілде болса да сау етіп түскенде «бәленше бай» деген атқа сайлы отырайық дейсің. Ел ішінде дау-дамайлы іс болады. Елдің ақсақал-қарасақалы әлгі даулы істі шешерде кедейдің, болмаса өзіне-өзі шап-шұп жетіп отырған орташаның үйіне емес, лажы болғанша ішіп-жемі бар байдыкіне жиналады ғой. Жылына екі-үш рет ірілі-уақты ондай жағдай болмай тұрмайды. Сыбаға жейміз деп келетін қыдырма ағайын-туыс, жекжат-жұрат бар дегендей. Олар бір күн, екі күн жатпайды, апталап қонақ болады. Келген қонақтың жасына, дәрежесіне қарай, ауылдағы ол кісілермен дастархандас боп әңгіме-дүкен құруға лайықты ағайынды шақырасың. Оның бер жағында ел аралап жүретін кезбелер бар.

- Кезбесі несі тағы?

- Ол кезде жоқ-жұқалау кісілердің арасынан шыққан, есте сақтау қабілеті жақсы, шешен сөйлей алатын, ел аралап жүріп, бір елдің жаңалығын бір елге жеткізіп, соның арқасында күн-көріс, азын-аулақ нәпақа да тау-ып жүретін кісілер болады. Сондайларды «кезбе» дейді.



Ас үй мен қойманың төбесіне яғни шаңыраққа бірнеше жөргем ілеміз. Міне осы ас-ауқаттың бәрін келген қонақтың реті, жолына қарай өзді-өзіне піскені піскендей, кейде тіпті шикілей де беріліп жатады. Былайынша айтқанда сол ас-ауқаттың бәрінің өзіне лайықты иесі бар.

- Апа жөргем деген не?

- Жұмыршақтың ішіне тұздап, бұрыштап ет салады да, үйдің дәл от жағатын ортасының тұсына, шаңыраққа іліп қояды. Соны «жөргем» дейді. «Жатқанға жан жола-мас, жүргенге жөргем ілінер» - дегенді естіп пе едің?

- Ия. Сол екен ғой.

Әрине ел ішінде ашқазан, сараң байлар да бар. Жолаушының қай түрі болмасын әлдеқандай себеппен болмаса, ондай байларға түсе қоймайды.

- Ол қандай себеп сонда?

- Алыстан арып-ашып келе жатқан жолаушының аты болдырады. Бұл бір себеп. Аты болдырмаса кей жолаушы жолда келе жатқанда күн райы күрт бұзылады. Қатты жел, боран немесе найзағай ойнап, нөсер жауады. Мұндайда сараң бай ма, болмаса кедей үй ме, амал жоқ тоқтап түнеуіне тура келеді. Бұл екінші бір себеп. Себептің түрі көп қой. Біреу ауырып, біреу толғатып қалады дегендей. Өмірде не болмайды, балам-ау!

Жолаушының тағы бір түрі кірешілер, саудагерлер, шара-барашылар.

- Әпыр-ай, жүргіншілер көп екен-ә, ол заманда да?!

- Әрине. Әр заманның өз қызығы, өз шыжығы деген осы.

Бұрынғы кезде қазақ халқы жер жыртып егін егуді білмеген деген түсінік қалыптасқан. Патша

үкіметінің жарлығымен орыстарды Қазақ жеріне қоныс аударғаннан кейін ғана қазақтар шаруаның бұл түрімен таныс болып үйрене бастады. Яғни переселенецтердің әсерінен қазақтар жер жыртып, егін егуді біле бастады. Кейін жер өңдеу Кеңес өкіметі тұсында дамыды деген ұғымға осы жоғарыда апамның айтқан әңгімесі қарсы дау айтып тұрғандай. Қазақ халқы ежелден-ақ жер өңдеуді де, балық аулауды да, шаруаның өзге сан түрін білген және ешкімнен кем игермеген. Соның дәлелін айта кетсек.

• Ұлы атамыз Сәмбет XVI- ғасырдың аяғы мен XVII- ғасырдың алғашқы үш ширегінде өмір сүрген. Ол кез қазақ елі үшін өте ауыр болған. Әйтсе де, қара қазан, сары бала несібесін молайту жолында атқарған талай ісі күні бүгінге дейін ұмытылмай келеді. Сәмбет атамыз малы мен басы өскен елін тойындыруды ойлап, Таластың шығыс жағынан тоған қаздырса керек. Жарықтық, ұлы бабамыз осылайша ертеңгі күнді де ойлаған ғой. Соның дәлеліндей жігіттер тоған қазуға кіріскенде боз биені құрбандыққа шалып, оның басын жерге көмдірген. Келесі бір жылдарда әлгі жерге елін бастап, үлкен көш болып жетсе тоғанды ұзартып қазып жатқандардың үстінен шығады. Сонда биге жүгінгенде әлгі көмілген боз биенің басы дәлел боп даулы тоғанды алғаш қаздырғандардың пайдасына шешілген. Әділетті Сәмбет би тоғанды кейін қаздырғандарға еңбектері үшін 409 тоқтыны және бір қора қойдың төлін де төлеген деседі. (Т. Толқынбайұлы Алматы «Санат» Сәмбет ұрпақтары. Шежіре кітәбі 7-8 беттер 1998ж)

Сонымен қатар апамның әңгімесінен түсінгенім сол кездегі қазақтар жерді жыртып, егін егіп қана қоймай,

танапқа бөліп екі-үш жыл сайын егілетін егіннің түсімі жақсы болуы үшін жерді ауыстырып отырған.

Менің атам тек тары, бидай, жоңышқамен айналысқан. Тағы бір атамыз бақша өнімдерімен айналысқан. Ол кісінің еккен қауын-қарбызын кезінде өзім де жегенмін. Ол туралы алда әңгімеленеді. Мұның бәрі әрине өзен жағалап, көлге жақын қоныс тепкен қазақтарға тән. Ал судан өте алыс қазақтар тек мал шаруашылығымен айналысқан.

...

Ойпырмай десеңші! Біз дәл үлгеріппіз. Сәл кешіксек, нағыз сұмдық сонда болар екен.

Бір күні байларды кәмпескелеуге жасақ шығыпты. Қашқындарды ұстап алып бірден түрмеге тығып жатыр екен деген хабар келді. Атаң сыртқа, мал жаққа кеткен.

Алыстан салдырлаған сатылы арбаның дауысы естілді. Арбаның алды-арты қарулы, қызылдардың әскері. Орыс-қазағы аралас.

Салдыр-гүлдіретіп шаңдатып, найзалары жарқылдап келді де үйлердің ортасына кілт тоқтады. Өзді-өзі қолдарын шошаңдатып сөйлесіп жатқанда жас сәбиге тие қоймас деген ой келді де, үш жасар Еділбайды аузын шымшып шуда жіппен тіккен, беті алашамен жабулы, бір қанар сүр еттің үстіне отырғыза салдым.

Бұл келгендердің өзгеде ісі жоқ, тура бізге діттеп келген солдаттар екені ә дегеннен-ақ белгілі болды. Найза-қылыштары жалтылдаған екі-үш солдат қоймаға кіріп барып, қанар қаптың үстінде қорқып жылай бастаған

баламды омыраудан найзаның ұшына ілді де далаға лақтырып жіберді. Жылап отырған баламның үні шықпай қалды. Абырой болғанда есік алды құмдауыт еді. Соған барып топ ете қалған баламды үкідей ұшып барып, бас салып таңдайын басып жатырмын. Қорқып кеткен Назтайды шырқыратып қуып жүріп ұстап алды да, маржандап өріп қойған шаштарын кесіп алды. Қылыштың жүзі құйқасын сылып кетпегеніне шүкірлік қылдық. Бірнеше өрім ғып өрген шаштарының ұшы ақық тастар тізген жібекпен бекітілген-ді. Мойнындағы моншағын да, басындағы тақиясын да жұлып-жұлып алғаны сондай, бұл көрініс кез-келгеннің көңілінде қорқыныш ұялатты. Үрейі ұшқан ол, Күмісайдың етегіне оралып шыңғырып жүр. Күмісай:

- Қылышпен кеспей-ақ өзіміз шешіп беретін едік қой! – деп үсті басындағы бағалы деп саналатынның бәрін шешіп, әлгі Назтайдың шашын кесіп алғанның қолына ұстатып жатыр. Баланың аузы-мұрнына кірген құмды тазалап отырып мен де шашбау, алқа, сырға, білезігімді шешіп бердім. Бүтін әкетсе де мейлі ғой. Қоймадағы қаптардың аузын да асханадағы азық-түліктің де бәрінің бүйірін кесіп, бәрінің тігіп қойған аузын тіліп, ішіндегі астықтың біразын төгіп-шашып тексерді. Бірер әйелдерді дірдектетіп сүйреп әкеп, қанар қаптардың тілінген жерлерін қайта тіктірді. Ақырында хаттап, қағаздап сатылы арбаларға тиеп алып кетті. Елдің бәрі үрей. Біреулері үйді-үйдің арасында қайтсек тимейді-деп қашып жүрсе, бірі ауылдан тайып тұрыпты. Жаны ашыған бірер кісі ғана жанымызда жүр.

Сөйтсек малдағы Молдабайларға да барып бар малды тізімге тізіп, айдатып жіберіпті. Ал өзін ешқайда

кетпеуге уәде ғып қағаз толтырыпты.

Бірнеше күн өткенде қайта келіп, отырған үйімізді Күмісайдікін қоса, үй-мүлкі, көрпе-жастығымызбен, ыдыс-аяғымызбен тағы тиіп алып кетті. Қысқа да, жазға да тек «қойма» мен «асхана» үйіміз ғана қалды. Онда да екі әйелге екі үй ретінде болуы керек. Әйтеуір екеуін қалдырды ғой.

Атаң байғұс бұдан басқа не қалды енді деп ойлады ма, әлде қиналғанын бізге білдіргісі келмеді ме, әйтеуір жоңышқалық жақтан, шөптің басынан шықпайтын болды. Өстіп жүргенде мал-мүлік, үй-жай тұрмақ бас көтерер азаматымыздан да бір-ақ күнде ажырап қалдық. Шөптің басында жүрген жерінен қол-аяғына кісін сап арбамен алып кетіпті.

Ойлап отырсам, бұл оқиға 1928 жылдың қыркүйек айының екінші жартысына тура келеді екен. Осы жерде сол кездің көзі тірі куәгері 1918 жылы туған атамыз Жақсығұлов Иманқұлдың берген сұқбатынан үзінді келтіре кетуді жөн көрдім. Бұл кісімен ұшырасып, сөйлескенше сонау отызыншы жылдардың басында қаза боп кеткен атам жайлы білетін адам бар-ау деп ойламасам керек. Ол кісінің атамды өз көзімен көріп, өскені жайлы естігенде біржағы қуанып таңырқасам, біржағы атам жайлы естіген нақты деректер кеудемде мақтаныш сезімін тудырды. Сонымен қатар аласапыран кезеңде аласұрумен өткен атамның өмірі көңілімде мұң ұялатты. Иманқұл атамен болған әңгіме, қаз-қалпында:

- Ата, 1928 жылғы байларды жаппай конфискациялау жөнінен не білесіз? Есіңізде қалған жайларды, әңгімелеп бересіз бе?

- О-о-о! Айтайын, айтайын, қарағым! Сенің атаң



Молдабай, ба-ай, сонымен қатар аса ірі құсбегі еді ғой. Нөкерлерімен саятқа шығатын болған ол кісі. Тәуір кісі еді ғой! Осы елдің ең тәуір кісісінің бірі еді. Анадай қам-қарекеттерден соң ұсталмай-ақ жаңа өкіметке сіңіп кетуге болатын еді ғой. Көпе-көрнеу қолдап ұстап берді ғой! 1928 жылы кәмпескеге ұшырады.

- Сонда кім ұстап берген ?

- Өзіңнің туысың. Жақын бауырың. Жау ешқашан алыстан келмейді ғой, балам-ау! Сакиев Есен, Есеналы дегендер болған. Соның Есеналысы он үш үйден құралған колхоздың алғашқы бастығы болды ғой. Ұстап берген сол Есеналы.

-Япыр-ай, ә! Колхоз не деп аталды?

- «Батрақ» деп аталды. 1938 жылға дейін солай аталды. Бұл кезде өкіметтен бір жылдай қашып жүрген менің әкем Жақсығұлдың туған бауыры Тұрғынбай, Әйтімбетов Шекенің ағасы Сыдық та ұсталып кетті. Жаңа өкіметтен Қашып жүрген Үжіріпбай азаншақырып қойған атын өзгертіп әрең құтылды. Жеңгелерінің кейбірі оны адамға бір шекесімен қарайды,- деп «Шеке» атаған. Өз атын жойып жеңгелерінің қойған «Шеке» деген лақап атымен, кейін құжаттарын да солай толтырып, Шеке атанып кетті.

Тағы да айта кететін жай, апамның қойға індет келді деуі. Шын мәнінде бұл індет емес. Тоған мен атыздардың арасындағы су жайылып қайта тартылатын жерлерде шөп қалың ну боп өседі. Көптеген шөптермен қоса осындай жерлерде өсетін бойы биік, жапырақтары сиректеу, жіңішкеуеу, сұрғылт жасыл шөп «сүттіген» деп аталады екен. Сол шөптің сабағын шілде айында үзіп көрсеңіз аппақ кәдімгі сүт ағып тұрады. Осы сүт



ағып тұрған кез қой-ешкі үшін аса қауіпті. Неге екенін қайдам, ол шөпке ірі қара тоқтай қоймайды. Дәл осындай жерге уақ жан қадалып жабыса қалады. Күштеп тезірек айдап өтпесе мұндай жерде жайылған уақ мал уездеп жатқан жерінен тұра алмай іші кеуіп өліп қалады. Бұл жайды маған әкем түсіндірген. Ал сол шөптің сүті тамыз айының ортасына қарай қамыр бола бастайды. Маусым айының аяқ жағы мен шілде айында тамыздың бас жағында осы шөпке уақ малды жаймауға тырысу керек болса, тамыздың ортасы ауа қыркүйекте осы шөп мол өскен жерге жайылған уақ мал бірден ет алып қатты семіреді.

Жоғарыда айтылған қойға келген індет осы себепті болған. Қырғын-сүргін боп жатқан шақта екі ойлы боп жүрген қойшылардың малға да, мал иесіне де жаны ашымаған. Ал атам бар малын қайда тығарын білмей аласұрып жүргенде жаны ашымастықтан болған бұл жайды еш қынжылмай қабылдаған. Қойшыларға да ешқандай талап қоймаған. Яғни опасыз жалған дүниенің, малдың, өз басына әкелер пайдасы болмай тұрғанына әбден көзі жеткен. Бұрын апамның жасын құжаттарда 1898 жылы туған деп жазатынын байқағанмын. Ал апам қоян жылы туғанмын дейтін. Әке-шешем солай дейтін-деп дәлелді сөйлейтін. Жыл қайырып көргенде 1999-1987-1975-1963-1951-1939-1927-1915-1903-1891 жылдар қоян жылдары болады екен. 1891 жыл апамның үйленген, балалы болған жылдарына мүлде сәйкес емес. Сонда ол кісі 1898 жылы (ит жылы болады) емес, 1903 жылы туған. Бұл жыл апамның үйленген, яғни он беске толып он алтыға шыққанда тұрмысқа шыққан кезіне тура келеді. (Он

алтыға толғанын күтпей) Яғни бұл 1918 жылға сай келеді. Ал мына жай, яғни тәркілеуге ұшыраулары 1928 жылға сай келеді. Сол жылы әкем үш жасар, Назтай апам алтыдан жетіге қараған шағы. Сондай-ақ алдағы болар уақиға да дәл осыны дәлелдейді. Басына осындай қиын іс түскенде апам небәрі жиырма бесте екен.

Апамның жасымен қуып есептегенде, яғни отыз тоғызға толып қырыққа қарағанда үйленгенін еске түсірсек, атам 1878 жылы туған. Конфискацияға ілінгенде яғни 1928-жылы атам елу жаста болған. Яғни жігіт ағасы жасын артта қалдырып, егделікке бет алған кезі.

...

Ұйқысыз, күлкісіз өткізген үш-төрт күннен кейін бір тоқтамға келдім. Не де болса қалаға барып, жағдайын білейін деген ойға келдім.

Қалада Байсал балаларынан тарайтын туыстарымыздың ішіндегі Тоқсанбайдың ұрпақтарының үлкен үйін басқан Үсіпбек атты қайынағамыз тұратын. Абысыным Наксұлу деген кісі. Еті тірі ақылды әйел.

Жартылай жаяу, жартылай әбдебір жүргіншілердің арбасына мініп қалаға жеттім. Қаладағы туысымыз болған жайдың шет жағасынан хабардар екен. Мен келіп, істің анық-қанығына көз жеткізген соң ебін тауып түрмеге бардық. Ол кезде кәзіргі орталық көкбазардың жанындағы гарнизон Әулиеата уезіндегі үлкен түрме болатын. Бір дегеннен сөйлесу қайда? Екі-үш күн жүріп ақыры бір таныс кісі тауып, біздің жақтан әкелген бес кісінің бәрі де абақтыға қамалғанын білдік. Бес кісінің ең үлкені Сәмбеттің ішіндегі Арашасына жататын

Байшуақұлы Оңғарбай қариялық жасқа келген шағы.

Екіншісі Сәмбетген-Байқонды- Қалқаманнан Таймөккенің Боздақ атасына жататын Жанай ұлы Тұрғынбай. Яғни жоғарыда келтірген көзі тірі Иманқұл атаның әкесі Жақсығұлдың туған бауыры. Ол да егделікті еңсеріп қариялыққа бет алған кісі.

Үшіншісі Боздақтан Әжіре одан Әйтiмбетұлы Сыдық. Ол да қариялыққа бет алған Тұрғынбаймен қатарлас кісі құсайды.

Төртіншісі аталас туысымыз Айдарбектің туған бауыры Иманбек.

Ішіндегі ең жасы Молдабай атам. Ана үш-төрт кісіні ірі бай тізіміне жатқызыпты. Ал атамды жоғарыда айтылған әрекеттері бар, қойға келген «індет» бар, солардың арқасында бай-кулакқа жатқызыпты. Бірақ көзі қарақты және ішіндегі жасы болғандықтан ана кісілерді ұйымдастырып, басқарып отыратын адам осы. Сондақтан да жазасы олардан кем болмауы мүмкін депті. Ал өзімен кездестіріп, сөйлесуді ойларына да келмесін деген.

Қалада екі-үш күн жүріп қалған апам әзірше осы хабарды қанағат етіп ауылға қайтуына тура келіпті.

Бір жағы түрме қызметкерлерімен сөйлесудің қиындығы, бір жағы ауылда қалған жас балалардың жайын ойлап осы уақыт аралығында он, он бес жылға ұлғайғандай болдым.

Шаршап-шалдығып ауылға жеткенде абысыным, әрі күндесім Күмісай балаларға тап-тұйнақтай ғып қарап отыр екен.

Балалардың қасында үш-төрт күн болып, тынығып, ойымды жинақтап алып тағы қалаға жиналдым. Бұл

жолы аздап сәлем-сауқат, көтергенімше азық-түлік алдым.

- Апа сонда қалаға немен барасыздар? Ол кезде автобус, машина деген жоқ қой?

- Жаяу. Жылқының елге таратып жібергеннен қалғанын «кәмпескеде» тартып алған. Ел ішіндегі мініске тағы басқа керек-жараққа деп тығып (жасырып) қойған аттарды минуте қорқамыз. Бірлі- жарым қатын-қалаш, бала -шаға мініс-мініп жол шыға қалса ұры-қары аударып алып, өздерін өлтіріп кетуден тайынбайды. Ол уақытта мына Қарабелден ассақ, ар жағы Сарыкемер тиіп тұр. Сарыкемерге бір жетіп алған соң, аздап аяқ суытып ары қарай қалаға ел жетіп баратын. Бұрын бұлай жүріп көрмеген кісіге, әрине бұл айтуға ғана оңай еді. Мұндай жағдаймен алғаш рет бетпе-бет келген маған бұл өте қиын болды. Жаяу жүріп көрмеген басым алғаш рет табаным бірнеше жерден алақандай болып ойылып қалды. Ол қанап әбден мазамды алды. Сонда да бірер көз таныс, жылы жүзді жүргіншілерден қалмауға тырыстым. Жалғыз-жарым, оның үстіне әйел адам жолға жалғыз шығу нақ сол кезде қиынның қиыны боп тұрған. Жолға шыққанда барынша қарапайым, жұпыны киінуді де сол бірге жүрген жолаушылардан естіп білдім. Әшекей-үшекейді де барынша тақпауға тырысу керек. Атаңның артынан екінші рет келгенде алдырмас тас қамалдан бір жіптің ұшы шыққандай болды. Мен келгенше қарап жатпаған қаладағы қайынаға мен абысын түрмеден бір таныс егде надзиратель тапқанын айтты. Бірақ қатты сенбеңдер. Алдағыны бір Алла ғана біледі. Сәлем- сауқатыңды лажы болғанша жеткізуге тырысамын,- депті.

Сонымен қатар бір кісінің бірнеше рет келе беруі және топтасып жүруі өте қауіпті. Күмән туғызып, менің соңымнан аңдушы шығуы мүмкін. Өте сақтықпен, сөйлесуге бір-бірден ғана келіндер,- деп өзінің жұмыс кестесін айтыпты. Бұл жолы үш-төрт күн кідірген апам ақыры бір пұттық дорбаға салып ала келген сүр егі мен құрт-майын, ақталған тары, қуырылған бидай дегендей, біраз азық- түлігін әлгі надзирательге береді. Сонымен қоса ескі араб һәрпімен жазылған хаттары да болса керек. Оны пісірген нанның арасына салыпты. Оның қаншасын өзі алды, қаншасын ішке атаңа берді оны бір Құдайдың өзі біледі.

-Мынаншазатыңауырболады.Мұнықадағалаушылар жібермейді- деген соң, қалағаныңды өзің ал. Қалғанын берсең де ризамыз,- дедік.

Әрі-беріден соң әлгі кісіге алдын-ала бірталай қағаз ақша беріп, көмейін біраз жібіткеніміз де есімде. Бірақ қанша сом екені есімде қалмапты. Әйтеуір қомақты сома.

Бұдан кейін әлгінің көмейі жібіп, жібі түзеле бастағандай көрінді.

Үшінші рет қалаға жинала бастағанда Иманбектің жас, екінші әйелі, түскеніне бір-екі- ақ жыл болған Алтынай ілесетін болды. Ол өзі өте сұлу. Алтынай десе, дегендей келіншек еді. Орта бойлы, талдырмаш, нағыз талшыбықтай бұралғанның өзі. Жас шамасы да көп болса он сегіз он тоғызда.

Сонымен қоса, өте сәнді киінетін сылқым еді. Қайнағаның әйелі болғандықтан, мен оны атымен атамай «келіншек» дейтінмін. Жолға шығарда малынып киініп, барын тағып, шолпысы сылдырлап жүрген оған:



- Келіншек, қалаға аман-есен жеткің келсе мына сәніңді құрт. Өзіңе ғана емес, маған да қауіпті. Жұпыны киін десем көнбеді, сорлы. Сылдыраған шолпысын шешкізіп, зорға дегенде жай шашбау таққыздым. Тағы бірдеңелерін ауыстыртқанмен, ол сол кездегі заман үшін бәрібір өте сәнді еді. Не де болса тәуекел деп жолға шықтық. Мен өте жұпыны киінгенмін. Арқама салған дорбамның ауызын буып алғанмын. Құдды бір қайыр сұрап, дорбасы толған соң үйіне қайтып бара жатқан жандаймын,- деп ойлаймын іштей.

Ауылдан біраз ұзаған соң ұшырасқан арба жарты жолға жете бере бұрылатын болды. Біраз аяқ суытайық деп жалынып мініп алған біздің амалсыз түсуімізге тура келді. Көліктің иесі Алтынайға бір, маған бір таңырқай қарап қояды. Екеуіміз де үнсізбіз.

- Сонда жол-жөнекей сөйлеспейсіздер ме?

- Ондай қауіпті кезеңдерде артық сөз басқа бәле әкеледі. Және жол жөнекей қамыстың, талдың арасында жасырынған ұры-қары болса соларды шақырады. Сондықтан өте қажет жағдайда болмаса сөйлесе бермейміз. Әрі сөз сырынды ашып қояды.

Арбадан түскен соң мен алдында, Алтынай артымда ара қашықтығымыз жүз бе, жүз елу қадамдай ма, нақ бір бейтаныс адамдардай жүріп отырдық. Бұл да қауіпсіздік үшін. Мұның бәрін ауылдан шығарда келісіп алғанбыз.

- Ол кісінің де күйеуіне алған сәлем-сауқаты бар ма?

- Әрине. Өзі сәнқой адам, қолындағы дорбаға біраз ас-ауқат салып алған.

Бірақ оны мен құсап арқаламай қолына ұстап келеді. Екі қолына дорбасын кезек алмастырып көтеріп келе жатқан ол, бірталай жүрген соң «демалайық»- деп бәле



қылды. Жан-жағымызға қауіптен қарап алып, жол жиегіндегі бір ағаштың түбіне аздап дем алдық та.

Әшейінде түсте, түс ауа жетіп келетін қалаға, соның әуенімен жүріп, кеш түсе әрең жеттік.

Жеткеніміз құрысын, ең қауіпті кезең алдымызда тосып тұрған-ды. Ол кезде Талас өзені толып, арнасына симай жатады. Ағысы да өте қатты. Кәзіргі аспа көпірдің тұсында ең қылта деген жерге ағаштан көпір салған. Ол көпірден аман-есен өтуге де әдіс керек. Аяғыңды басқан сайын серпіле тербетіліп тұратын көпірдің ортасына келгенде дене қозғалысың сол тербеліске сай келмесе, немесе жан-жағыңа қарасаң, аман қалам демей-ақ қой. Суға қалай топ ете қалғаныңды өзің де сезбей қаласың. Мұның ар жағы екінің бірі аман қалмайды деген сөз. Тек мықтының-мықтысы ғана жағаға шығады. Және бір қауіпті өзеннің екі жақ жиегі ол заманда қалың нар қамыс. Ал бұл көпірден өтуге кәрі де, жас та, кейде бай мен бағлан да келеді. Ұрының көбінше көздеген жерінің бірі осы жер. Көпірге жақындағанда арғы жағаға тігіле қараған ол:

- Ой-ба-ай, қорқамын. Өте қорқынышты екен,- деді.

- Қорықпа. Қорықсаң өте алмайсың. Мен бұрынғыша алдымен жүрейін.

Көпірдің ортасынан асып, арғы жиекке жақындағанымда сен өте баста. Бісміллә! – деп Құдайға сиын да өт. Қорқынышыңды баспасаң өзіңе қауіпті,- дедім. Оның көпірдің арғы шетіне аяқ басқанын көзім шалды.

- Уһ! – деп жағаға шыққан соң артыма қарасам ол жоқ. Суға түсіп кетсе, шолп еткен дыбыс шығады-ғой, ең болмаса. Тіпті көмек сұрап айғайлап, шыңғыруы да мүмкін еді. Йә айқайлап шақыра алмаймын, келесі

бетке қайта өтудің де реті жоқ. Әрі-сәрі күйде, алаңдап біраз тұрдым. Бір сұмдықтың болғанын сезіп, ішім мұздап барады...

Әп-сәтте осының бәрі басымнан өткен маған, ертерек өзіме қауіп төнбей тұрғанда қала ішіне тезірек енуім керек деген ой келді. Күн кешкіріп барады. Ал қайынағамдыкіне дейін әлі біраз жүруім керек. Әрі-сәрі, шарасыз күйде ол үйге жеткенімде қас қарайып кетіп еді. Өң жоқ, түс жоқ апақ-сапақта кіріп келген маған шошына қараған абысынға болған жайды айтып бердім. Жәкем мен жеңешем:

- Ол суға кеткен жоқ. Суға кетсе, әйтеуір бір дыбыс шығар еді ғой! Сен оны көрер едің. Ең болмағанда байқар едің. Оны ұры алған ғой. Ұрыға тап келген,- деп жатыр абдырап. «Бастан құлақ садақа» - деген, аларын алып қоя берсе мақұл ғой! Тірі болса бір жерден шығар, табылар. «Үмітсіз шайтан»-деген.

Ертесіне түрмеге барсақ біз әлгі надзирательдің кезегіне тура келмедік. Кезегін ауыстырып жіберіпті. Бірнеше күн өткенде едәуір қиындықтан соң әлгі кісі арқылы іштен хат алдық. Күзгі жауын-шашынның басталған шағы. Күн райын есептеп, бір-екі аптаның ішінде амал туып, күн райы қатты бұзылады депті. Сол уақытқа екі- үш атпен қалайда сайланып келуімді табыстапты, хатта. Сол біз сөйлесіп жүрген кісі, бұрын бір кісінің қамалдың тас қабырғасын бұзып шыққан жерін көрсетіпті. Құдай қаласа мен де қашып шығуға әрекеттенемін,- депті хатта.

Жоғалтқаным да ересен, тапқаным да жоқ емес. Көңілімде бір үміттің сәулесі оянғандай боп ауылға қайттым. Күдігім де жоқ емес.

- Апа, әлгі кісіні, Алтынайды айтам. Сол күйі табылмады ма? Әлде табылды ма? Одан кейінгі тағдыры не болды?

- Ой-бу, оның несін айтасың?! Қанша қиыншылық боп жатса да ел емес пе?! Ағайын-туғанның арасынан бірнеше іздеушілер шықты ғой. Аттысы аттылай, жаяуы жаяулай дегендей. Бұл хабардан құлақтанған төркін жағынан да іздеуге кісілер шықты. Бір айдан кейін ғана Таластың төменгі бойынан мәйіті табылды. Ел-жұрт жиылып, ақ жуып, арулап, жерледі. Біраз жұрт:

- Сенің аман қалғаныңды айтсаңшы,- деп жатыр.

- Не үшін өлтірді сонда ол байғұсты?!

- Балам-ай, не үшін дерің бар ма? Жауызға Құдай кез келтірмесін де.

Тіпә-тіпә! Алла, өзің әмісе сақтай гөр! Үстіндегі барын тонап, білгенін істеп, өз шашымен буындырып өлтіріпті.(қатты қарсылық көрсеткен, соның әсері).

Менің тұла бойым түршігіп кетті. Мана апам әңгіме Алтынай жайлы басталғанда. «Сорлы-ай»,- деп еді. Шын ақ сорға жаратылған сормандай екен дә. Менің басыма ол жайлы түрлі ой келді. Соншалықты сұлу, сымбатты жанды сүйген, сол заманда қалаған бір жігіттің болмағаны ма?! Мүмкүн бесіктегі кезінде айттырған өзі теңдес жігіт, апамның жігітіне ұқсап оқыстан қаза болды ма екен?! Әлде ақтарға, әлде қызылдарға қосылып оқ тиді ме екен? Алтынайды өлімге тұрмақ, ағайыным болса да жасы қайтқан шалға қияр емеспін.

-Япырмау, тым болмаса шалға тимеймін! – деп кішкене жастау біреуге тимеді ме?- десе бір ойым

- Оған да жүрек керек. Ол үшін өжет болуы керек. Өз құқығын қорғардай кеудеде от болуы керек,- деп екінші

бір ойым алдыңғы ойға жауап береді.

Мүмкін әкесі дүниеқоңыз біреу шығар? Әйтпесе суреттей сұлу қызын бай екен деп өлмелі шалға берер ме? С. Мұқановтың бір поэмасынан оқыдым-ау деймін.

Етімді шал сипаған

Құрт жесін деп

Жартастан қыз құлапты

Терең суға, - деген өлең жолдары есіме түсті. Иә, жиырмаға да жетпеген албырт жасқа алпыс бестегі шалмен өмір сүру менің түсінігімде өлімнен де ауыр жағдай болып елестеді. Сол өлең жолдары есіме түсті де дүниенің бір шетінде етімді шал сипады деп әлдебір сұлу жартастан суға құлап өлсе, дүниенің екінші бір шетінде өзінің әкесі тұрмақ атасындай шалдың хал-күйін білемін деп жүріп екінші бір хас сұлудың жауыз, ұры қолынан оқыс қаза табуы мүлде өкінішті жай. Иә не деген аянышты өмір, ауыр тағдыр десеңші. Өлімі тұрмақ, шал кісіге тиген өмірінің өзі өліммен пара-пар десе болғандай. Иә, бұл бір ғана Алтынайдың өмірі. Ал сол кезде мұндай тағдырлар жалғыз бір Алтынайдың емес, мыңдаған Алтынайдың басынан өтті ғой. Тулап, сүйгеніме қосыламын дегендерінің де талайы азапты өмір сүріп өкінішке ұрынса, талайы мезгілсіз ажал құшты емес пе?

Аласапыран сондай қиын заманда күйеу тандар не қауқары болды дейсің ол байғұстың. Не де болса тұзыма түскені осы деп тағдырына үнсіз мойынсұнған жан ғой ол. Сол өкінішті тағдырының тармағын іздеп жүріп, ақыры өмірден өте шықты. Не деген трагедия!

Сол кезде ұзақ уақыт Алтынай және сол сиятқы қыздар жайлы сан қилы ойлар, қиялдар басымды жай-

лап алды. Біресе теңімен қосамын. Біресе жігіті зар илеп қызды іздеп жүреді. Қайта тірілтіп қызды жігітімен қосамын... бұл ойдан талай уақыттан соң құтылдым.

Атамның түрмеден қалай қашып шыққаны жөніндегі әңгіме кейінірек жалғасын тапты.

Ел ішінде жасырған аттардың үшеуін таңдап бір қойдым. Ағайын арасындағы бұрыннан әртүрлі шаруашылыққа болысып, әрқашан жанымыздан табылып жүрген екі жігітті шақырып алдым. Қай күні, қай уақытта қалаға таңдаулы аттарды жеткізіп берулері керектігін айтып едім, олар сөзге келмей келісті.

Айтса айтқандай, екі аптадан соң аспанды қара сұр бұлт торлап әне-міне жауын жауып кетердей боп тұрды. Біресе ұйытқып жел тұрды. Жел қатайып бұлтты қуып кетпесе түнге қарай қалың нөсер жауады-ау – деп ойладым.

Кешкі апақ-сапақта біз жолға жинала бастадық. Аттарды ерттеп, біреуінің бөктеріне жол азық болар деген ниетпен ас-ауқат салған қапшықты мықтап байлап қойдық. Қалған екі атқа жылы киімдер мен азын-аулақ керек-жарақ салынған қоржындарды салдым. Қараңғылық түсе бастағанда:

- Ия, сәт! – деп ауылдан шығып кеттік. Елеусіз болу үшін барынша тырысқан біз, жолды біраз ұзартып алдық. Оның үстіне Таластан жаяу өтетін көпір мен көлікпен өтетін өткелдің арасы да едәуір жер. Біз ауылдан шыққанда сіркірей бастаған жауын, қалаға келгенге дейін үдеп кеткені соншалық үсті-басымыз малмандай су болды. Оның үстіне қалаға жақындағанда ат тұяғының дыбысы айналаға естілмес үшін кідіріп, аттарға «тұяққап» кигіздік.



- «Тұяққап» - деген не?

- Қалың киізден тұяққа лайықтап алдын ала тігілетін зат. Оны түсіп қалмау үшін тілерсегіне бекітіп байлап қояды.

Қою қараңғылық бір жағынан, қалың жауын бір жағынан кедергі боп межелі жерге түн ортасында әрең жеттік.

Межелі сайға әрең жетсек, атаң бір ықтасын жер тауып, сонда паналап тұр екен.

- Түрмеден шығып қойып па?!

- Иә. Елдің бәрі шырт ұйқыға кеткенде қашып шыққан екен. Әлгі надзиратель көрсеткен жерді тесіп шығыпты. Келгеніне көп болмапты. Екі жігіт аттарды бізге қалдырып, жаяулап өз жайларымен кетті. Біз екі атқа мініп, бір атты жетекке алып, қаланың мүлде өзге шетінде тұратын атаңның бір ескі танысыныңкіне тоқтадық. Үсті-басымыздағы малмандай су болған киімдерімізді кептіріп, жылынып ес жидық. Содан Қырғыз асып кеттік қой.

Ондағы бөлелер бізге жеке жолым үй тігіп берді. Түрмеде өткізген қырық күн, атаңның жанын да, тәнін де жазылмастай жаралады.

- Қатты сабап па?!

- Е, е, е, балам-ай! Оншасын кім біліпті? Таяқтың астына алып сабады ма, сабамады ма?! Өмірде одан да жаман жаныңа тиер жайлар көп қой. Қол-аяғыңдағы кісеннен қалған жараның азабының өзі неге тұрды десеңші. Ел-жұртқа силы, өңірге мырзалығымен, ағайынға бауырмалдығымен аты шықты. Сәмбеттің бір кездері бетке ұстар, арқа сүйер азаматының бірі және бірігейі еді ғой. Түрмеден бірнеше жылға қартайып



шықты. Кәмпескесі бір жағынан, артынша қол-аяғын кісендеп түрмеге тықты. Не жаны қалды дейсің. Терең күрсінді... апамның сол кездегі кейпі аса мұнды еді. Ауыр күрсініп алып:

- Білдірмеді ғой... Сонда да білдірмеді! Күйселісін байқатпауға тырысты.

Жасы ұлғая бастағанда, бастан бет қаратпай таяқтағаннан жаман болды ғой! Несін айтасың?!

- Ә, -ә, -ә, не көрмеді бұл бас?! Алысқа ойлана қарап отырған оның осы сөздерді айтқанда дауысы күңірене шығып, көзі жасаурап, реңі бір қызарып, бір сұрланып кетті.

- Мұндайда, өткенді еске алып, маған әңгімелеп берем деп апамның қиналып кеткенін түсініп дереу әңгімені өзге арнаға бұрып, көңілін аз да болса сергіткім келетін. Ондай кездерде өзге бір нәрсеге алданып, иә, күйбең тірлікке айналып кетеміз. Кейде біреу келіп қалады. Ал кейде газет, журнал, кітәптың кейбір қызық жерлерін оқып беретінмін.

Өмірдің ащы, ауыр кезеңдерін әңгімелеу ол кісіге қалай ауыр соқса, тыңдау маған да оңай болмады. Бәрібір, әрі қарай не болды екен?-деген көкейде сұрақ тұратын.

Жалпы біздің үйде қанымызда солай ма, ешкім оқытпай-ақ қалыптасқан бір заңдылық бар.

Бір сөзден-сөз шығып, бомаса әлде бір нәрсе себеп боп, адамның өзі ашылып жан дүниесінде болып жатқан жайды жайып салмаса, ешқашан қазбалап сұрамайды. Басынан өткен оқиғаны да, шұқылап жанын ауыртқысы келмейді. Мұндайда ұзақ үзілістен кейін әлде бір себеппен әңгімеміз жайлап қана жалғасын табатын.

Атаңның қол-аяғындағы кісеннен, түрмеден қалған жаралары бірте-бірте жазыла бастады. Шүңірейген көзі, суалған жағына көзім үйренді ме, әлде шынымен солай болды ма, ол едәуір оңалғандай болды.

- Апа, атам кісенді қалай шешкен?

- Оған әлгі кісі көмектесті ғой. Көмейін әбден толтырдық дегенмен әлдеқалай болады деп, сенерсенбесімізді білмей жүр едік. Адал екен байғұс. Әлгі бұрынғы өкіметке қарсы шыққан бұзақының тескен жерін де көрсеткен сол. Қол-аяғындағы кісенді шығар ауызда шешіп берген де сол. Тескен жерді сыртынан әбден қатайтып бекіткен екен. Оны да білдірмей босатып берген сол кісі. (Бұзақы деп отырғаны орыстың революционер жігіті)

- Апа, ана аталар не болды? Сол күйі түрмеде қалып қойды ма?

- Ой-бу-у, осындағы түрмеде қалып қойса да бір сәрі ғой. Ебін тауып қашып шыққандар да бар. Қашып шығу бұйырмағандар да бар. Түрмеде қалғандар қыстай сонда болыпты. Келесі жаз ортасынан ауа үкім шығып, содан ылаумен Семейдің түрмесіне қамапты. Семейге жеткенше қыс түсіп кетіп, алты ай сонда болған. Алты айдан соң Қызылжарға апарған дейді. Онда қаншасы жетті, қаншасы Семейде бақилық болды, оны бір Алла біледі. Қызылжардан әрі «итжеккенге» айдап кетіпті. Естуіміз осы.

Атам біраз оңалған соң апам екеуі түнделетіп жүріп отырып екі күнде бұрынғы өздері отырған ауылға келеді. Бұл жер жиектегі «Үш ағаш» деп аталатын жердің сәл батыс жағындағы айналасын құм төбелер қоршаған жазықтың маңайы.

- Екі күн жүрсеніздер, күн суықта қайда қондыңыздар?

- «Құдайы қонақпын» десең кез-келген мұсылман қондырады ғой. Ол уақытта аумалы-төкпелі заман болғанымен халық кеңпейіл еді ғой. Елге келгенде жана-шырларымыз «хабарсыз кетті» - деп, үрей боп отыр екен. Аман-есен көріскенімізге шүкіршілік қып кейбіреуі жылап жүр. Күмісай абысыным да есі шыға қуанды. Қуанғаннан жылап көрісті. Атаңды өзімізге қарасты үш-төрт кісі ғана көрді. Дос бар жерде, дұшпан да бар. Молдабай түрмеден қашып, елге келді,- десе, мына тұрған қаладан ертесіне-ақ қуғыншысы келіп, қайта ұстап алып кетпей ме? Сондықтан ешкімге көрінбеуге тырысты. Келер күні түн жамылып балаларымызды, жол азығымыз бен киім-кешегімізді ғана алып қайта жолға шықтық. Бірге жүр дегенімізге Күмісай көнбеді. Ел ішінде мен өле қоймаспын. Өздерің қашып-пысып жүргенде сендерге масыл болмаймын. Одан да ұл мен қызыңды аман сақтауға тырыс. Мені құдай алар дейсің бе?! – деп жүр. Ақпейіл жан еді, байғұс. Біз кеткен соң жыл ма, жыл жарым ба өткенде кенеттен ауырып қаза бопты. Ол ашаршылыққа ілінген жоқ.

Қара күздің қалың нәсерінде түрмеден қашқан атам Қырғызстанға барған соң онда қанша кідіргені жайлы еш дерек жоқ. Апамның әңгімесінің үзiгiн жалғағандай болған Қаражан құдамыздың дерегіне қарағанда ай-ай жарым уақыт кідiрген секiлдi. 40 жылдан аса ұстаздық қызмет атқарған (тарих пәнінің оқытушысы Шотаев Қаражан құданың әңгімесінен, қаз- қалпында)

- Сіздің үйден тараған ата-бабаларың мен біздің үйден тараған ата-бабаларымыз сол кездерде, Молдабай атаңның өмір сүрген дәуірінде екі жарым ғасырдан аса



құда жекжат болған. Одан арғысы қашан басталғанын әкем де білмейді. Әлгі құдалық мың жылдық деген осы ғой. Бірде олар қыз берсе, бірде біздер берген екенбіз. Сонымен шатты-бұтты екі жақ бір-біріне жиен-нағашы. Менің Анарқұл деген әкеммен туысқан ағайыным бар еді ғой. Шет жағасын өзің де білетін шығарсың?

- Ия білемін.

- Сол Анарқұл Молдабайдың туған әпкесінен туған жиені. Ал менің үлкен Ағам Дербіш пен сенің әкең Еділбайдың туған әпкесі Назтайдан туған Шажат сіздің үйге туған жиен. Осылай кете береді ғой. Менің де әкем Иманқұлдан естігенім, болмаса ол кезде мен қайда, біреу қайда? Мен туылмаған кез ғой ол. (Ол кісі 1932ж туған) Сол әкемнің айтысында, әкемнің әкесі Шотайдың жылқысының саны мыңға жеткен екен. Ал Молдабайдың әкесі Толымбек те бай болған кісі. Ал Молдабай бай болған, сонымен қоса аса ірі құсбегі екен. Құс салып, аңшылық құрып саятқа шығады екен. Қақпан құрған, тұзақ құрған. Шиті мылтық дейді ол кезде, оны да дәл көздей білген. Сол саятта жүріп менің әкем Иманқұлмен жолығады ғой. Ол да аңшылықта жүрсе керек сол кезде. Екеуі саятшылықта жүргенде Назтай туылады ғой. Сонымен бесіктегі кезінен Дербішке атастырады. Сөйтіп жүргенде колхоз құрыла бастайды. Молдабай конфискеге ілініп түрмеге қамалып кетеді. Ел қиын жағдайға ұшырап тоз-тозы шығады. Бұрын саятшылық құрса, енді аштан өлмеудің қамын ойлайды. Құм деген жақсы ғой. Құм деген ашаршылықта да талай адамның жанын аман алып қалған. Әрине ебін таба алғанды ғана. Ебін таба алмағандар топ- тобымен қырылған ғой, құмның арасында.



Бір күні әкем бұрынғы саятшылық құрған жерінде аң аулап жүрсе атпен Молдабай келеді, - дейді. Амандасып, көрісіп болған соң:

- Мен кәзір түрмеден қашып шығып, қашқын боп жүрмін. Екеуміз Құдай алдында уәде етіп едік. Алда не күтіп тұрғанын білмеймін. Елге қайтып орала аламын ба, жоқ па оны бір Алла ғана біледі. Ішіме сиған балам, сыртыма да сияды ғой. Сонда да алдыңнан өтейін деп келдім. Мына келешек адамыңды алып қалам десең алып қал. Қол балағып өз қызыңдай өсірерсің. Балиғатқа толғанда балаңа қосарсың – депті. Мұны естіген, сөзге түсіне бастаған жеті жасар Назтай шырқырап жылап, әкесінің аяғын құшақтап, шапанының шалғайына оратылған. Оны көріп қатты аяп кеттім.

– Молдеке сөге көрме! Титтей сәбиді жылатып-еңіретіп қайтып алып қалам. Бұйырса, балиғатқа толған соң алармын. Бұйырмаса, құдай алдында сұраусыз. Басы бос! Бәрін кештім, - депті. Кішкентай қызын алдына алып Молдабай жүріп кетеді.

- Сонда деймін-ау тәте, конфискацияда бар мал-мүлкін тартып алады. Енді не үшін түрмеге қамаған? Сонда бай болғаны үшін жазықты болды ма? Байлықты олар біреуден тартып, болмаса ұрлап алған жоқ қой!

- Дұрыс айтасың, оның себебі көп қой... Біріншіден сол кездегі саясат.

Екіншіден өз жанында жүргендер теріс айналып басқа жаққа бет бұрып кеткен. Колхоздастыру, артельге мүше болу деген әртүрлі ұйымдастыру басталып кеткенде біреулер тез көніп ұйымға кірсе, біреулер қашқақтайды. Не керек, аумалы-төкпелі кезең ғой, ол кез. Әсіресе байлар көне қоймаған. Қарсылық көрсетіп,

түрлі қақтығыстың аяғы конфискация басталып кетеді. Бұл 1928 жылы болған. Атаң бірәз әрекеттер жасап көрген. Үкіметтің бет алысын сезген ғой. Естуің бар ма, жоқ па қайдам... Жау қолтығының астынан шығып, жаңа үкіметке ұстап берген ғой.

Өзінің жақын ағайыны. Сонымен атаң түрмеге түседі. Әйтеуір еті тірілігінің арқасында түрмеден шығады ғой. Әрине Бүбішайдың да еңбегі бар бұған. Әйтпесе небір кісілер «итжеккенге» тағы басқа жақтарға айдалып жоқ боп кеткен ғой. Кейбірінен тұқым да қалмаған.

Осы әңгімеге қарағанда атам балаларын алып кетуге қыс уақытында келген сияқты.

Иә, күні кеше ғана төрт түлік малдың әрқайсысына жеке-жеке бірнеше малшы ұстаған. Кейбірінің әйелдері бірі сиырдың сауыншасы болса, бірі қой сауып, іркіт қайнатып, айран, қымыз пісіп, құрт жайған. Біреулері дәмділеп ас пісірген. Жігіттерінің біразы науқанды кезде егін егіп, піскен кезде орақ орып, сол егінді жинаса, енді бірі шөпші болғанға ұқсайды. Күнделікті күн көріс қамындағы осыншалықты ауқымды істерді дұрыс ұйымдастырып және көрегенділікпен басқарып отырған адамның, аз уақыт ішінде мынадай халге түсуі, әрине, кімді де болса опындырып жіберері анық! Оның ар- жағындағы ел арасындағы әртүрлі жақсы-жаман істердің дұрыс, әрі әділ шешімін табуына да үлкен ықпал етіп отырған тұлға ғой ол. Сондай жауапты істердің бәрінде бір топ нөкерімен сән-салтанаты келісті боп жүретін азамат қой ол.

Қазіргі тілмен айтқанда ондаған жанұяға жұмыс беруші. Қамтамасыз етуші. Нағыз ер азаматқа лайық жауапкершілікті терең, әрі жан-жақты түсінгені үшін,

бір қауым ел арасында істі дұрыс ұйымдастыра біліп, бай, тұрмысты болғаны үшін жазықты болған жан. Апам айтушы еді: Үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без» - деп. Сол кісі айтқан мақалдағыдай үш жылдығын емес, одан да арғысын ойлағаны үшін жазықты боп, жапа шеккен жан.

... Қорқа-үрке, қашып-пысып жүріп қиындықпен келген Қырғыз елінде ашығып көрген емеспіз. Балаларымен қайта табысып күнделікті күтімі бапты бола бастаған соң атаңның жүдеу түрі оңала бастады. Бірақ туған жер, өскен елден жырақ кеткен соң көңіліміз орта, жүзіміз сынық күн кештік – дейді апам.

Қиындық...

Ия, басқа түскен қиындық... Туған жерден, өскен елден безіп кету... мұның несі жақсы болсын! Байлықтан беті қайтқан атам, бұл елде үйден ұзамай көбіне балаларының қасында болыпты. Дегенмен, шаруамен айналыспай отыра алмайтын атам, шаруаның өзге бір түрімен айналыса бастапты. Онда да тек ермек ретінде айналысса керек.

Бар шаруаны атқарар адамдары бар бай кісі қайдан ұсталықпен айналыссын. Соншалық ауқымды тірлікті ұйымдастырып, басқару да оңай болмаған-ақ шығар. Бірақ жас кезінде әлдебір кісінің істеп жатқан ұсталық өнеріне қызығып әр нәрсенің қалай жасалуын үйренді ме екен?.. Әлде осында қолы босағанда кәзіргіше айтсақ айналысар «хоббиі» болды ма екен?..

Әйтеуір атам сол Қырғыз елінде жүргенде алты қанат ағаш үй жасапты. Үйдің бояуын да өте келісті ғып бояпты. Ал киізін бұған дейін байлықта бұлғақтап өскен



апам әйелдерді жинап басса керек. Апам атамдай жасы қайта бастаған кісі емес. Жастың аты жас емес пе, сол өздері жүрген жердегі әр түрлі шаруаның бел ортасында жүріпті. Уақ жаннан жұрдай бұл кісілердің киіз басы да бір қызық. Қырғыз ауылдарында басқан киізге қатысқан әйелдерге қол үздік деп жүн береді екен. (Әрине бұл үрдіс біздің елде де бар). Мұндай қол үздікке кейде боялған жүннің артылғаны да үлестірілген. Жап-жас, қарулы апам әрі- беріден соң бара-бара сол киіз басып, өрмек тоқитындарды басқарып кеткен. Түрді әдемі салады. Өрмекті шатастырмай жақсы құрады деп апамды ылғи мұндай істердің басына шақырып отырған.

Ас та төк өмірге үйренген кісілер бір жылдай қиналдык дейді. Соя салатын уақ жан да жоқ. Ал азынаулақ ірі қараның басын құртып алудан қорықтық. «Барында батып іш, жоғында сатып іш, лажы болса, тарта іш», - деген сол. Бұрынғыдай қайда?! Әңгімені бар ынтамен тыңдап отырған менің жүзімде аяныш тұрды ма, маған дем бере аялай қарап:

- Арасында атаң аң аулап әкелетін. Сонда да етсіз тамақ ішкен жоқпыз.

- Апа, ол жақтың жері қандай, осы өзіміздің ауылға ұқсай ма?

- Жоқ. Айнала қайда қарасаң да тау. Біз таудың қойнауында тұрдық. Онда аңның да, құстың да түрі көп болады екен.

Әрине, шақтап ішіп, қоңыртөбел киінуге үйрендік. Жылынан аса бастағанда басымызға қайтадан алты қанат киізі қалың қоңыр үй тігіп, төріне бөлелер силаған жаңа текемет, сырмақты төсегенде әжептеуір қуаныш еттік.



... Сол күндердің бірінде сырттан сол күнгі тауып келген табысыма шаттанып есіктен күле сөйлей кірдім. Отағасының шалқасынан түсіп шаңыраққа тесіле терең ойға шомып жатқанын көріп селтиіп тұрып қалсам керек. Балаларымды ерте, тапырлай, күле кірген біздің шуымыздан соң ойынан сергіген ол:

- А- а- ай, бәйбіше-ай! Осы уақыттар жалғыздығымды анық мойындатқандай болды ғой, - деді.

- Не ойлап жатырсың?

- Сен әлі жассың ғой, көп нәрсенің байыбына бара бермейсің. Балаларым да әлі кішкентай. Алдағы күндеріміз не болар? Мына шикі өкпелердің халі не болар екен? Келешегінде не күтүп тұр, соны ойлап жатырмын, - деді. Жарықтығым-ай, десеңші! Сонда, Құдай өзінің бұл жалғанда енді әрі қарай көпке бармасын сездірді ме екен? Біздің алдағы күндерде ұзақ қиналатынымызды топшылағандай терең күрсініп, баласын шақырып баурына басты. Назтайдың басынан емірене сипады.

Тағы біраз өткенде атаң әп-әдемі ғып ағаш төсек, дөңгелек үстөл, адалбақан (киім ілгіш) жасады. Ол сонымен қатар тері тон илеп, оны қып-қызыл, қап-қара ғып бояғанда ел қызығатын.

- Сонда бояуды қайдан алдыңыздар?

- Шөптен, бұтадан, ағаштан алынатын бояулар болады. Қазіргідей сасыған сыр емес, бәрі басқаша еді ғой ол уақытта, - дейді апам.

Оның шет жағасын көргенмін. Менің тым кішірек кезімде атаң істеген деген тозығы жетіп, бояуы оңа бастаған екі қанат керегемен қораның қой тұратын бөлігін сиыр тұратын бөлігінен бөліп қоятын. Ал атаң



істеген дейтін жұкаяқтың үстінде екі сандық, екі қатар етіп текемет, екі бөлек алаша, көрпе-жастықтар жинаулы тұратын. Ал шаңырақ қоржын тамның үнемі төбесінде жатушы еді. Атаң істеген дейтін төсек ағаштың үстіне екі қатар тақтай қойып, үстіне сыйымдылығы екі қап ұн кететін үлкен жәшікті қоятын. «Атаңның соңғы рет илеген терісінен тігілген тон еді, бояп үлгере алмады, байғұс», - деп бір тонды тозар тозғанша апам қыста есік алдына киіп алатын. Кейін өмірінің соңғы жағында сол тонның бір шалғайын өзінің темір төсегінің үстіне салып, содан кейін көрпе төсеп жататын болды.

Кейін осы аты аталған заттарға өте ұқсас заттарды мен бірнеше рет тек музейлерден ғана көрдім. Көрдім де революцияға дейінді қазақ халқының үй жиһаздары осындай болып келетінін түсіндім.

... Иә, қиындық адамға не істетпейді. Жоқтан бар жасай білген екеуі жат жердегі бес жылда жап-жақсы өз-өзіне жетіп жығылатын тұрмысы бар жандарға айналған.

Кей уақытта масақ жинауға шығатынбыз- дейді апам. Қызыға-қызыға түнге дейін қалып, ай жарығымен де жинаушы едік. Сөйтіп пұт- пұт астық жинап, қысқы азығымызды түгендеп алатынбыз.

Қарап отырсақ екеуі де еңбектің еш түрінен қорықпаған. Қолдарынан келгенше тарықпауға, балаларын тарықтырмауға ұмтылған. Сөйтіп жүріп ерінбей еткен еңбектің арқасында қайта дәулет жия бастаған.

Қиындық, сонымен қатар апамның тағы бір қырын, дәлірек айтқанда емшілік қасиетін ашқан.

Ауылда мен білгенде жалғыз фельдшер болса, тұрғындар оған көбіне укол салдыртуға баратын. Ал



апам болса кәзіргі тілмен айтқанда педиатор, терапевт, гинеколог, лор, гастронолог, невропатолог, нефрологтың ролін атқарған екен. Сондықтан да ол кісіні кейін атпен, ілуде бір кісі машинамен алып кететін. (Сол кезде машина жоқтың қасы). Бұл тылсым күш бір жағынан анасынан берілген сияқты. Ол көбіне аз- ақ уақыт емдейтін. Көп болса адамдар екі-үш, кей жағдайда ғана төрт-бес рет келеді. Біреулердің ішін басып көріп жататын. Енді біреулердің құлағын, тағы біреулердің, көбінше балалардың тамағын басып береді. Ал кейбір кісілерге жүзіне қарап отырып-ақ сенің асқазаның, сенің бауырың ауырады дейді. Кейде кәдімгі күнделікті ас-ауқатқа қолданатын азық, не жеміс-жидек түрлерінен қалай дәрі жасап ішу керектігін тәптіштеп түсіндіріп жататын. Кейбір күрделі дәрілерді өзі жасап беретін. Дайындау мерзімі ұзақ болса, «ертең кел, ия бүрсікүні кел»- деп жататын. Ешқашан адамдарды күнде- күнде келтіріп мезі қылмайтын.

Ал улы дәрілерді өте сақ болу жағын, мөлшерін қайта-қайта ескертіп айтады. Қажетті жағдайда бір-екі рет өзі ішкізіп көрсетеді. Аурудың бұл түрлері көбіне бауыр құрт,(эхинокок) ішек құрт, т.б құрт ауруларының түрлері мен өкпе туберкулезі. Яғни ол кісі фтизиатр да болған екен-ау. Сол дәрі арқылы операциясыз-ақ әсіресе эхинокок пен туберкулезді жазғанын айтсаңшы! Атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын. Сол апамның жасаған емінен сен көр, мен көр жазылып, ешқашан ауырмағандай өмір сүріп жатқан кісілер бар.

Содан соң бір қасиеті алдына келген, немесе әкелінген ауру бұл кісінің әрекеттерінен жазыла ма, жазылмай ма, түріне біраз қарап отырып біліп қоятын.



Сонда көп болса үш-төрт минут-ақ, әйтпесе тіпті одан да аз уақытта шешім қабылдайды. Ал кейбіреулерге аузын жыбырлатып бір ырымдар жасайды. Сонымен-ақ әлгі адам сен көр, мен көр жазылып кетеді. Бір есімде қалғаны бронхит, өкпе туберкулезі мен плевритке сырттан деген шөптің тамырын ұнтақтап дәрі жасайтын. Ол тамырды бір көргеннен-ақ мынаның уақтысы өтіп, ескіріп кеткен. Мынау мәлінде. Мынау жетілмеген, дәріге жарамайды, - деп отыратын. Өзі құмға барудан қалғанда, бұл шөптің тамырын қазып әкеліп тізбек-тізбек қып кептіретін тек Тұрсынбай атамыз еді. Ол кісіні апам Дәубала дейтін. Сырттанды сол ғана дұрыс таңдап, дұрыс қаза алады. Мәлімен кептіре алатын да «Дәубала» дейтін.

Ол кісі осы еңбектері үшін ешқашан ешкімнен ақы алған емес. Үлкен-кіші, кәрі-жас өздері ырзылықтарын білдіру үшін кейбірі орамал, кимешектік мата, жай ақ мата – онысы көбіне бір, не екі кез ғана. Ілуде біреу көйлектік мата береді. Ол кездегі халықтың тұрмыс-жағдайының өзі осыдан артықты көтермейді де ғой, қарап отырсақ. Кейбіреулер осы матаға қосып, бір әшімке үнді шайы, ия бір келі қант, болмаса науат, кейде қатты тәтті,- деп аталатын конфет әкеледі. Бірлі жарым қой беріп, шапан кигізгендер де болыпты. Кәзіргі емшілердей орынсыз есінеп-құшынап, кекіріп, менің арқам ұстап барады, сондықтан өстіп отырмын, деп көрген емес. Ерекше де киінбейтін. Жай ғана өз замандастарынан еш айырмасы жоқ. Көйлектің сыртынан комзол, бешпент, басына кимешек киіп сыртынан үнемі күндік орап жүретін. Аяғында қысы-жазы кебіс-мәсі.

Алладан берілген бұл үлкен қасиеті өмірінің аяғына



дейін ортайған емес. Тек қартайған соң қажып, көп кісіні қабылдамайтын болды.

Сол уақыттарда әлгі табиғи бояуларды қалай алатынын, қай шөптен жасалған қай дәрі нендей ауруларға ем болатынын жазып алсақшы.

Біз сол күйі жас боп тұра беретіндей, ол кісі мәңгі бізбен бірге жүретіндей көріппіз ғой. Бұрынғы кездегі, сол апамның замандастарының бәрінің дерлік шашты болуының сыры да осы шөптерден қайнатқан сахарды қосып, қолдан жасалынған сабынның әсері екен. Оның исі де жұмсақ, әдемі, әрі онымен жуған шаш жылтырап тұратын. Қайызғақ дегенді білмейтінбіз, - дейтін. Апам осы қасиеттерінің арқасында кейін әртүрлі жағдайларда бірнеше адамды ажал тырнағынан алып қалыпты.

Осындай үш-төрт кісінің әр кезеңде келіп, апама тағзым етіп, қолынан сүйгенін өз көзіммен көрдім.

...Елдегі жағдайға қайта оралсақ.

Әңгіменің бас жағында айтылған Сексенбай атамздан Итемген, Сүтемген дедік. Бұл мәлімет «Сәмбет ұрпақтары» аталатын шежіре кітапта да жазылған. Бірақ кері жазған. Бұған әрине кітәпті шығарған адамдар кінәлі емес. Мәліметті қалай болса солай жазып берген кісілердің қателігі. Шежіреде Сексенбайдан Сүтемген, Итемген деп берілген. Содан барады да Итемгеннен Қалқа, Толымбек дейді. Ал негізінде Сексенбайдан үлкені Итемген кішісі Сүтемген. Итемген үйленген соң енші алып бөлек шыққан. Баланың кішісі Сүтемген Сексенбайдың қара шаңырағын басып қалған. Сондықтан Сүтемген атамздың ұрпағы Елеубаев Қасым ағамыздікі әлі күнге «үлкен үй» деп аталады.

Шежіреге тағы қарасақ Итемгеннен Қалқа, Толымбек дейді. Керісінше Итемгеннен алдымен үлкені Толымбек кішісі Қалқа.

Әңгіме негізінен Итемген атамздың ұрпақтары жайлы болып тұр. Яғни Молдабай түрмеден қашып, бас сауғалап Қырғыз елінде өмір сүріп жатыр. Осы кезде Сүтемгеннің ұрпақтары не күн кешіп жатыр деген сұрақ туады.

Сүтемгеннен туған Бекен, Досмайыл. Бекен жайлы шежіреде де бір ауыз сөз жоқ. Мен де ештеңе білмейді екенмін. Ал Досмайылдың алты қыз, үш ұлы болғаны анық. Қыздарының нешіншісі екенін білмеймін, Ұлдықыз деген әпкеміз болды. Атына қарап төртінші ма, бесінші ма қызы шығар деп ойлаймын. Әдетте қазақта мұндай ат қатарынан көп қыз туыла берген соң қойылады. Ал үш ұлдың үлкені Елеубай. Бізді де еледі, ескерді. Сөйтіп ұл берді деген мағынада. Елеубайдан соң Елеусін. Ең кішісі Тележан.

Менің естуімде Ұлдықыз әпкеміздің күйеуі тұрмысты, бай кісі болған. Сол бай кісінің үш әйелінің ішінде әпкеміз екінші әйелі екен. Бәйбішесінің ер жетіп қалған балалары болыпты. Көп емес. Екеу ме, үшеу ме, сондай. Әпкеміз де үш бала тапқан. Бірақ үшеуі де жастай шетінеген. Конфискацияның алғашқы дүркінінде ол жездеміз де елінен ауа көшкен. Естуімше өкіметтің құрығы ұзын деп өте алысқа көшкен дейді. Бәйбіше мен жас тоқал күйеуіне ілесіп кеткен де, әпкеміз «баласы жоқ мені қайтесің», - деп өзіне жеке тігілген үй мен аздаған күнкөрістік мал- мүлкімен қалып қойған. Сондағы ойы артында қалған, әлі аяқтарынан тік тұрып кете қоймаған бауырларына алаң болған дейді.

Ал шежіреде күйеуімен көшіп келген делінген. Бұл өрескел қате мәлімет. Мен бұл дүниеден өтіп кеткен әруақты кінәлағым жоқ. Құдай өзі кешірсін! Дегенмен де қалам ұстаған әрбір азамат өткен уақиғаны көңілі қалай қаласа солай бұрмаламай, арттағы ұрпаққа қандай ащы болмасын шындықты ғана қалдыруы керек. Бұл адамдақ, азаматтық парыз деп санаймын. Күйеуімен көшіп келген қыз бар. Ол бірақ алдағы әңгіме.

Елеубай ағамыз, Молдабай атамның тұсында жақсы ат мініп, жақсы киім киіп, үкі тағып, серілерге еліктеп, серілік құрып жүреді екен. Апамша айтсақ «бұлғақтап» жүрген. Көп қыздан кейін туылған ұл болған соң еркелеу мінезі болса керек. Өзі аздап ақындық өнері де бар екен. Ал Елеусін болса апамның «Күнкілдек» қайнысы – атамның қойшыларының бірі екен де, Тележан көбіне қозы бағатын көрінеді. Жас төлдерге қарап, көмекшілік жұмыс атқарады екен. Елеусін ағамыздың «Күңкүлдек» атану себебі, ешқашан ештеңеге көңілі толмайды екен. Қандай жақсы іс болса да әйтеуір бір мін тауып, кемшілігін термелеп отыратын көрінеді. Тележан елеусіздеу, өзімен-өзі ешкімге зияны да пайдасы да жоқ, момын жан екен. Өзімен-өзі қалғанда ән салатын көрінеді, кейін ер жете бастағанда аздап той, шілдеханада өлең айтатын болыпты. Соған қарағанда ол кісінің мінезі өте ұяң болғанға ұқсайды.

Атам Қырғыз асып кеткен соң-ақ, ұзамай Жетібай жақта бір тойда қыздар мен жігіттер айтысып қалыпты. Сонда қыздармен айтысқа түскен Елеубай ағамыз былай деп өлең бастаған екен.

Аташа арба тақылдар,
Амансыңдар ма-ау, қатындар.



Аптамабел дөңгелер,
Амансыңдар ма- ау жеңгелер – деп басталатын
өлеңінің қайырмасы
А-а-ау, қыздар-ай,
Айдаса қалмас, тұз-дәм-ай!

Әуені жадымда жатталып қалғанымен сөздерінен есімде қалғаны осы ғана. Қазіргі айтыстарда бір-де бір ақын атамның осы әуенімен айтқан емес. Сондықтан, ойлаймын, шамасы әуені де өзінікі- ау деп. Ақындар көбіне ел ішінде кең таралған мақаммен айтады ғой. Дәл осы Елеубай атам айтқан мақам еш жерде кездеспейді. Соған қарағанда енді-енді ақындық аты шыға бастаған жігіттің әуені (мақамы) да өзімен бірге кеткен-ау. Өлең айтып, ән салардай кезеңде өмір сүрсе мүмкін кеңінен танылар еді. Жалындаған қыршын жас кездері ең бір қиын кездерге, ашаршылыққа тұспа-тұс келіп, жарқ етіп жоқ болған кісі ғой ол кісі.

Ия, өлеңнің мақамы, яғни әні де ағамыздың өзінікі екен. Мұны апам да, Ұлдықыз әпкем де солай дейтін-деп жазыппын ілгеріде. Аташа арба деп отырғаны сол кезде Әулиеатаның о шеті мен бұ шетіне жолаушылар таситын арба болады екен. Тағаланған ат жегілген арба, әр жерде тас төселген жолмен жүргенде тақ-түк еткен дыбыс шығады. Соны өлеңге қосқаны. Ал аптамабел дегені сол кездегі бірлі-жарым ірі орыс шенеуліктерінде бірді-екілі алғашқы автомобиль пайда болған. Соны ұйқасқа енгізіп отыр. Сол айтыста қарсылас қыздар ағамызды былай деп жеңіп кетіпті.

Жиырма бір,
Жиырма бір шапанды
Жиынға ки.



Жиырмаға келгенше қатын алмай,
Әкеңнің жиған малы бұйырмағыр.

Жиырмаға толып, жиырма бірге қараған атамыз осы сөзден жеңіліп, жауаптан тосылып қалады. Содан көп кешікпей атамыз өзімен айтысқан бір топ қыздардың ішінен әлдебір себеппен басы бос Жезбала деген қызды алып қашады. Өзі нәзік, қасы қиылған қараның әдемісі Жезбала Бестерек- Ботабектің қызы. Ал Ботабек біздің үймен ғасырлар бойы құдандалы боп келе жатқан Қаражанның әкесі Иманқұлдың туған ағасы екен.

Ата-анадан жетім қалған, арқа сүйер, сөз ұстар ағасы елден жырақта із-түзсіз жоқ болған жас жігіттің «ақынмын»- деп қанша биіктен көрінгісі келгенімен өзгелей сән-салтанатпен үйленер жағдайы болмайды. Бұйырғаны осы деп, екеуі екі жарты бір бүтін болыпты. Бұл 1929-жылы болса керек. Екеуінен 1930-жылы Қасым ағамыз дүниеге келеді.

1928- жылдың басында он үш үйден құралған «Батырақ» колхозына бұл уақытта тағы біраз үйлер қосыла бастайды. Бірақ олар өз қалаған жерлерінде шашырай қоныстанып, бытыраңқы өмір сүреді. Алғашқы кеңсе қазіргі Жапеков Смет көкеміздің үйінің орнында бір бөлме, бір дәлізден тұратын там екен. Ал алғашқы мектеп (бастауыш) Сүйінбаев Тыныстанның үйі тұрған жерден берірек қоржын там түрінде салыныпты. Колхоз негізінен мақта егісімен айналысқан. Мал шаруашылығынан қойы бар, ешкісі бар бір отарға да жетпейтін уақ жан және бірнеше жылқы, сиыр, бірер ғана түйе болыпты. Бұл кездерде кәзіргі 96-ға келген атамыз Жақсығұлов Иманқұл тағы бірнеше әртүрлі жастағы балалар, ішінде Пірімқұл атамыз да бар осы

бастауыш мектептен білім алған. Әрине менің әкем де, Назтай апам да осы мектептен білім алып, сауатын ашқан.

...Осы бөлімді жазар алдында 2013жылдың қаңтар айының он бесінде облыстық мұрағатты тауып алып бастығы Мақұлбеков Рысдәулетке өтініш жаздым. Ойым атам Молдабайды конфискациялау, не түрмеге жабылуы жайлы құжат табылып қалар ма? – деген үміт.

Ол кісі рұқсат етіп бұрыштама қойып берді. Мұрағатшы қыздар жыл соңына дейін қалаған уақытыңызда келіп, жұмыс жасауыңызға болады, - деді. Конфискация құжаттарын іздестіріп:

- Бүкіл облыс бойынша, оның ішінде қаланы қоса алғандағы бар құжат осы деп стол үстіне қойғанда, ұзындығы 55-60см дей ғана болатын картотеканы әкеп берді.

- Бүкіл облыс бойынша осы ғана ма?

- Ия, осы ғана.

- Сонда басқа ештеңе жоқ па? – деп мен қағаздарға қорашсына қарадым.

- Кофискация кезеңінен бар сақталғаны осы!

... Бісіміллә, - деп қағаздарды бастан-аяқ егжей-тегжей қарап шыққан мен, өз атама қатысты ештеңе таппадым. Бір байқағаным әлгі карточкалардың кейде бес-алтауы, кейде тіпті оншақтысы бір ғана жанұя мүшелеріне қатысты. Әлде бір ірі байдың бірінші әйелі, екінші әйелі, үшінші әйелі деп кете береді. Бір байдың тіпті төрт әйелі бар екен. Содан кейін әлгі байлардың бірінші әйелінен туған бәленше деген баласы, түгенше деген қызы деп кетеді. Одан екінші әйелінен, үшінші әйелінен туған бала-шағасы. Туған жылдары мен жанұя

құрған ба, жоқ па, осы жайлардан деректер келтірілген. Тағы мен байқаған қызығы, қызық емес-ау, кәзіргі біз үшін тіпті жосықсыз деуге болатын жай, әлгі байдың бірнеше баласынан, қызынан кейінгі алған әйелдерінің жасының әлдеқайда кіші, жас болып келуі. Әрі көбі қала байлары – қазақтар, өзбектер, орыстар. Бір екі карточканы қолыма алып осыған қатысты папканы ашып көруге, оқуға бола ма? – деп едім.

- Жоқ болмайды. Бұлар аса құпия құжаттарға жатады.

- Сонда, осы уақытқа дейін бұл құжаттардың құпиялығы жойылмаған ба?

- Иә, жойылмаған.

- Қызық екен. Ол құпия сыр енді кімге керек? Және не үшін керек?

- Әпке, бізге аса құпия құжат деді, болды! Біз басқа ештеңе білмейміз. Бөлім меңгерушісі С. Асанқызы келіп:

- Оны ашып оқығанмен де тың ештеңе жоқ. Сол карточкада жазылғаннан өзге еш мәлімет жоқ. Соны көшіріп жазған да қойған, - деді.

- Онда осы бір-екі карточканың көшірмесін түсіріп алуға бола ма? Олар бір-біріне қарады да:

- Жарайды болады.

Меңгеруші:

- Науат, әпкеге көшіріп әкеп берші. Науат деген қыз аздан соң көшіріп әкеп берді. Бірінші күн осымен бітті. Екінші күні, яғни қаңтардың он алтысында мұрағаттың екінші корпусына барғанда уақыт босқа өтіп, еш нәтижесіз қайттым. Не істеу керек? Тағы да тарихи деректерге үңілу керек деген шешімге келдім.

Өкінішке орай Қазақстандағы кәмпескенің толық таразыланған деректері жоқ. Солай бола тұрса да үзік-үзік деректер бұл құбылыстың кең қанат жайғанын дәлелдеуде. (Ақтаңдақтар ақиқаты. Академик Манап

Қозыбаев Алматы Қазақ университеті 1992ж. 55 бет.)

1928 жылдың күзінде өлкеде 696 ірі бай жартылай феодалдардың мал-мүлкін конфискелеу іске асырылды. Байлардан тартып алынған мал-мүлік (150 мың мал, ауыл-шаруашылығы құрал саймандары) 20626-дан астам кедей қожалығын нығайтуға, 293 жаңа мал шаруашылығы артельдерін, 5 совхоз құруға мүмкүндік берді.

Науқанның нәтижесі туралы екі ұдай пікір қалыптасты. Өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы Ф.И. Голощекин, бұл істі ауылдағы Қазан дауылының басы, ілгеріде жүргізілетін реформалардың үлгісі ретінде қарастырды. Т. Рысқұлов болса, асыра сілтеушілік, әсіре қызылдық басым екенін атап көрсетті. М.И. Калинин бүкіл Қазақстан халқының ат төбеліндей азғана тобы, цифр тілімен айтқанда не бары бес-ақ проценті ұстаған миллиондаған малды тұтас, не азғана шығынмен социалистік секторға өткізе алмау партия, кеңес ұйымдарының жұмысының нашарлығы деп бағалады.

Нағыз байлармен бірге сәл-пәл ауқаттылар мен орташа шаруалар да қосақталып кетті. Кулактардың қатарларына өту үшін жақсы үйің немесе сиырың болса да жетіп жатыр. («Дала шаруасы», Қостанай 17.11.1930 делінген Ақтаң. Ақиқатында М.Қ. 53-54беттер.)

Мұрағаттан өзім іздеген кісілер жөнінде еш дерек

таппағандықтан, көзі тірі куәгер – Иманқұл атамның әңгімесінен, тағы да бір үзінді келтіре кетуді жөн көрдім.

- Ата, менің атам қырық күннен соң түрмеден қашып шығып Қырғыз асып кетті. Ал өзге кісілер ше? Олардың ары қарайғы тағдыры не болды?

- Сенің атаң қашып кеткен соң, тұтқындарды кезекті рет камераға айдап кіргізу кезінде, тас басқыштан сүрініп құлап Тұрғынбайдың бір аяғы жіліншігінен сынып кетеді. Өзі қартая бастаған кісі. Оның үстіне түрмеде, күтімсіз, әбден әлсіреген. Қайбір аялап кіргізіп, шығарады дейсің? Зіркілдеп, итеріп кіргізіп, итермелеп шығарып жүргенде тайып құлаған ғой. Содан аяғы сынғаннан кейін бір ай ма, әйтеуір біраз уақыт өткенде Тұрғынбайды түрмедегілер өздері арбамен ауылға әкеп тастады. Содан бір жылдай өткенде сол сынған аяғының зардабынан қайтыс болды.

- Япыр-ай, ә! Ол кісі ауылда, өз елімізде қайтыс болды ма?!

- Ия. Елде, осында қайтыс болды. Есесіне туған бауыры Изенбайды, Тұрғынбайдың орнына алып кетті.

- Ал ол кісілердің ары қарайғы тағдыры не болды, сонда?!

- Қалай болсын? Итжеккенге айдалды деп естідік қой. Хабар-ошарсыз, жоқ боп кетті ғой.

Міне, қыруар ағайынның ішерге асын, киерге киімін, мінерге көлігін тауып беріп, бала-шағасын асырауына себі тиіп отырған, ел ішіндегі қаймақтардың хал-күйі, жаңа өкіметтің келуімен осылайша күйреген.

Иманқұл атадан осы әңгімені естігенге дейін, мен Тұрғынбай кісіні сол итжеккенге айдалғандардың бірі

деп санайтынмын.

Озбырлық, оспадарсыздықтың шегі деуге бола ма, не деуге болатынын қайдам...

Ағасының аяғын сындырып, үйіне әкеп тастап, орнына інісін алып кету деген енді жөнсіздіктің шегі шығар. Бұған дейін аракідік кездесіп қалып бұрынғы өткен аталар жайлы әңгіме бола қалғанда жазушы ағамыз Толқынбаев Тұрсынхан да Тұрғынбай атаны «итжеккенге» айдалып, содан жоқ боп кеткен дегені бар еді. Бірер рет менің онсыз да жазу жұмысым көп. Оның үстіне жаза қалсам, өз аталарын жазды деген әңгіме болады. Сен жазсаңшы сол кісілер туралы дегені бар-ды. Бұл әңгімеге де он бес жылдан аспаса кем уақыт өтпеген шығар. Сонда ол кісі де нақты анығын білмеген екен-ау. Көзі тірі, әрі жақын бауыры Иманқұл атадан анық-қанығын білгеніме бір жағы қуандым. Ал өз атамның жақынының сатқындық, оспадарсыз қылығына қатты қынжылғаным сондай көпке дейін қолыма қалам ала алмадым. Туысымыздың сол қылығы болмаса елден безбей-ақ өзге кісілердей (кейбір байлардай) жаңа үкіметке ыңсыз-шыңсыз толық сіңіп кетуіне мүмкіндігі болған-ақ екен-ау.

Наименование <u>Кеңесші</u>	Фамилия <u>Телешев</u>	Алф. <u>3</u>
<u>Шығармашылық</u>	Имя и отчество <u>Айым</u>	
№ фонда <u>6 с / 42 р</u>	Год рождения <u>27 сәуір 1922 ж.</u>	Место рождения <u>Кеңесші р-н</u>
Опись № <u>2</u>	Место службы и род. занятий	
Арх. № <u>2</u>	Полит. прошлое <u>критикасы бай</u>	
И. л. <u>30</u>	Судимость <u>судым</u>	
Составитель <u>Туршимова</u>	Дата докум. <u>сәуір 1952</u>	
	Дополнител. сведения см. на обороте	

Телешев Айым
Кеңесші

Наименование <u>Аймақ</u>	Фамилия <u>Туршубаев</u>	Алф. <u>3</u>
<u>Қайырымдылық</u>	Имя и отчество <u>Туршубаев</u>	
№ фонда <u>Р-21</u>	Год рожд. <u>1921</u>	Место рожд.
Опись № <u>3</u>	Место службы и род. занятий	
Арх. № <u>4</u>	Полит. прошлое <u>бай</u>	
И. л. <u>20</u>	Дата документа	
Составитель <u>Туршубаев</u>	Род документа	
<u>Қайырымдылық</u>	Дополнительные сведения см. на обороте	

Туршубаев Айым
Қайырымдылық

Наименование <u>Қолөнерші</u>	Фамилия <u>Туршубаев</u>	Алф. <u>3</u>
<u>Қолөнерші</u>	Имя и отчество <u>А.</u>	
№ фонда <u>28 с / 153</u>	Год рождения	Место рождения
Опись № <u>1</u>	Место службы и род. занятий	
Арх. № <u>3</u>	Полит. прошлое	
И. л.	Судимость <u>судым</u>	
Составитель <u>Туршубаев</u>	Дата докум.	

Туршубаев А.
Қолөнерші

Конфескацияның құжаты

Конфескацияның құжаты

ШЫРҒАЛАҢ

Бұған дейін әңгімеленген оқиғалар да түрлі қиыншылықтар мен қауіп-қатерге толы болса да апам оны әңгімелеп, есіне түсірген екен.

Бірақ адам өмірінің айтуға емес, еске түсіргісі келмейтін кезеңдері де болады екен.

«Нәубет» деп аталған бөлімді бастар кезде не жарымды білмей састым. Өйткені 1930 жылдардан бастап 1945 жылғы әке-шешемнің үйлену тойына дейінгі аралақ көп сериялы тарихи фильмнің бірнеше сериасын қиып алып тастағандай. Қиып тастауды да жалғауға болады ғой, мүлде із қалдырмай өртеп жібергендей.

Ұзақ ой, ұйқысыз түндерден соң апамның отызыншы жылдардың ішінде Турксиб темір жолы салынып жатқанда, жеті-сегіз ай темір жол құрылысшыларына түскі мезгіл мен кешке қарай тамақ үлестіруді басқарып жұмыс істегенін айтқаны есіме түсті.

Содан апамның өзі «шыртбырт» деп атайтын бірнеше шыны ыдыспен қаладан таза спирт әкеп ара кідік ауылға сатқаны жайлы айтқаны бар. Сондай жағдайда да ашықпадық дегені есте қалыпты. Сарайдағы боғатқа іліп қойған сол ыдыстың қалдығын (үш-төртеуін) тым кішірек кезімде көргенім бар. Ол ыдыстарды орнынан жылжытуға апам рұқсат бермейтін. Қиын күндерде жанымызды алып қалған «шыны ыдыс» дейтін. Бұл да апамның өміріне қатысты оқиғалардың ізі.

Ал мамам ше? 1927- жылы дүниеге келген оның балалық, жастық шағы қалай өтті? Қай жерде өтті? Былайғы өмірі қалай қалыптасты? Бәрі бір сұрақ... Бір сұрақ емес-ау, мың сұрақ...



- Мама, сізді 1932- жылы бес жасыңызда балалар үйіне өткізді,- дейсіз ғой. Апам өз өмірі жайлы көп әңгімелер айтып береді. Сіз өзіңіз жайлы неге әңгіме айтпайсыз десем, бірде.

- Мен әңгіме айтып отырсам, жұмысты кім істейді? Үй шаруасын кім атқарады? – деп құтылатын.

Дегенмен бірде ол өзінің ата-анасы, бауырлары жайлы қысқа ғана әңгімелегені бар-ды.

Әкемнің аты Әмір, Жаңабайдың ішінде Сырлысы. Бұл елдің негізі Чапаев совхозының Сарбарақ деген бөлімшесінде тұрады. Анам Жаныстың қызы. Аққия деген жердікі. Ағайынды үш қыз екен. Қыздардың ең үлкені менің анам Бегайым. Ортаншысы Қаншайым. Күйеуінің аты Мұрат. 40-жылдық колхозының Бестерегі. Ең кішісі Мінайым. Сол Аққия жаққа үйленген екен. Бүкіл өмірін сонда өткізіпті.

Демек балалар үйінде өскенімен туыстарын іздеген. Тапқан да!

Сондықтан да анық деректер келтіріп отыр. (Бұл менің кәзіргі ойым). Ал анам бұл әңгімені айтқанда мен бір нәрсеге баға беретіндей жаста емес едім. Тым жас бала болатынмын.

Бірде ол балалар үйіндегі өмірі жайлы әңгімеледі. Ол кезенді әңгімелегенде көңіл-күйі орнықты, өз-өзіне сенімді күйде болды. Тіпті кейбір кезеңдерін суреттеп айтқанда көңілін мақтаныш сезімі билегендей болатын. Оның көбісі алдағы бөлімдерде әңгімеленеді. Ал кәзір бір жағдайларды айта кеткенді жөн көрдім. Бірде...

- Біз «детдомда» ашыққан жоқпыз. Тәрбиешілеріміз қыздарды киім пішіп- тігуге, кесте тігуге, тор тоқуға үйретті десе, енді бірде ыңғайы барларды музыкаға,



ән салуға баулыды. Бойымызға ұқыптылықты сіңірді-дейтін. Өзі өте сыпайы, мінезі жібектей жұмсақ адам. Тағы бірде тәрбиеші орыс апаларым тамақты асықпай баппен ішуге тәрбиеледі. Нанды кішкентай ғана үзіп алып, жетпіс бес рет шайнаңдар,- дейтін дегенде таңқалғаным бар.

Мектепте ұстаздарымыз не тапсырма берсе (әсіресе дүниетанудан, ол кезде табиғаттану) соның бәрін үйде орындап көретін мен, бірде нанды кішкентай ғана үзіп алып, аузыма салып жетпіс бес рет шайнап көргім келді. Сонда анама жүгіріп барып:

- Мама, мен бармағымның басындай ғана нанды аузыма салып, жетпіс бес рет шайнайын деп ем, ол қырық бес дегенде- ақ жоқ боп кетті ғой?!- дегенім бар. Әке-шешем күліп:

- А-ай, баламысың деген. Қазір ашаршылық емес қой. Құдай оның бетін аулақ қылсын! Нанды қалағаныңша жей бер. Сендерге нан тауып бермесек, не үшін өмір сүріп жүрміз. Бұл алпысыншы жылдардың бірінші жартысындағы оқиға.

Міне, ашаршылық, нәубет жайлы осыдан басқа ата-анам мен апамнан ештеңе естімеген мен, әртүрлі ұшы-қиыры жоқ ой құшағында жүріп, ақыры өз бетімше ізденуге кірістім. Жоғарыда жазған жайлар да үлкендерден естігендерді қайта еске түсіріп, үзік-үзік әр оқиғаны өз орнына қойдым-ау дегендегі істің нәтижесі.

Әрине кезінде ашаршылық жайлы жазылған түрлі кітәптарды оқыдым. Әсіресе кімнің шығармасы екені есімде қалмапты. «Ашаршылық құрбандары» деген тоқсаныншы жылдардың ішінде оқыған кітәбім ерек-

ше есімде қалды. Онда жазылған жан түршігерлік жағдайлар төбе-шашыңды тік тұрғызады. Қаншама деректі фильмдерді көрдім. Газет-журналдарға шыққан құлаш-құлаш мақалаларды оқыдым. Тіпті 1996-жылы-ау деймін Педучилищеде істеп жүргенімде мамыр айында ашаршылық құрбандарына арнап әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырып, өткізгенім есімде. Кешке сол жылы ақпан айының аяқ шенінде училищеге (сол кезде училище болатын) директор болып келген С. Мұсаева сол училищенің ардагер мұғалімдері М. Ыбыраева, Ф. Алтаевна, қалалық ақсақалдар алқасының сол кездегі төрағасы А. Өтеулин, ақын Ж. Сәтібеков т.б бірнеше кісіні шақырғанмын. Кісілер түгелге жуық қатысты. Кеш жатақхананың үлкен залында өтті. Қонақтар «жақсы өткіздің» - деп рахмет айтып, ризалығын білдірді. Бірақ кісінің көңілі дұрыс болмай, тіпті сол училищеден жұмыстан кеткеннен кейін де мені іштей атарға оғы болмай жүрді. Тақырыпты «Голощекин қырғыны» деп атаған едім. Кештің жоспарына қол қойдыруға барғанымда, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Алексеевна тақырыпты оқыған кезде түрі бұзылып кетті. Мұрнының ұшына түскен көзілдіріктің үстінен маған жақтырмай ата-қарап:

- Мұны басқалай атауға болмады ма? «Тақырып пен әдеби-музыкалық деген үйлеспей тұр», деп қол қоймай жіберді. Амал жоқ мен директорға кіріп, қонақтардың шақырылып қойғанын, жоспарды қайта жасауға уақыттың тым тығыз екендігін айттым. Ол менің жұмысымды қолына алып, көз жүгіртіп шықты да:

- Мұның несі бар екен? Көбіне орысша сөйлейтін бастық:

- По моему все нормально! – деп бұрыштама қойып берді.

- Барып, қол қойғызыңыз, - деді қазақшасы жаңа сөйлей бастаған жас баладай былдырлап. Қайта кіргенімде М. Алексеевна жұлқынып:

- Как будто он устроил, этот голодание. Сами ленивый народ, - деп тістене күбірлеп отырып қол қойды. Бастық қол қойып отырғанда, екінші бастық оның қол қоймасына шарасы болмады. Содан ол мені өлердей жек көріп кетті. Бір қызығы кеш өтіп болғанда, бәрі риза боп қолымды алып құттықтап жатқанда, кешке кешігіп келіп, төрде сазарып, аракідік мені көзімен атып отырған ол, елмен бірдей қызара, еріксіз күлімдеп:

- Кешіңіз мағыналы өтті, - деді. Ол қағаз сол кезде өтетін жеріне өтіп кеткен. Тіпті не жазғаным да есімде қалмапты.

Арада бірнеше күн өтті. Былтырдан бергі аракідік жазғандарымды өңдеп қайта көшірдім.

... Тағы ойға қалдым. Ақыры осыдан он төрт жылға жуық уақыт бұрын табылған туған нағашым Әмірдің ағайындары еске түсті.

...Иә, тыным таппай жүріп нағашымның ағайындарын тауып, олардың үлкен үйін басқан Сиырбай деген кісі екенін анықтағанмын. Дүниеден озып кеткен ол кісінің орнында әйелі Клара, бала-шағасы бар екен. Үлкен ұлы Әмірзақ қалада тұрады деп Клара жеңгей маған мекен-жайын, телефонын жазып берген. Кіші ұлы Нариманның да мекен-жайын жаздыртқан. Тағы бір ескерткені, сол Әмірзақ деген баласында Жаңабайлардың шежіресі барын айтқан. Мүмкін туған нағашыларың жөнінде бір дерек көзін тауып қаларсың деген. Бірақ бұл күнде

Клара жеңгей де жоқ бұл өмірде. Сол жақтан үздіксіз дерек жинап жүретін мен, ол кісінің қайтыс болғанын естігеніме де талай жыл болды. Ал Әмірзақтың мекен-жайы әлдеқашан өзгерген шығар. Ол кісі сол кезде баласын салық комитетінде істейді деген. Одан бері қызметі де ауысуы әбден мүмкін. Тіпті бұл қалада болмауы да ғажап емес.

Бірақ осыдан үш-төрт жыл бұрын Айша деген көрші үйде тұратын, сәлемі түзу әдемі келіншекпен сөйлескендегі біраз жай есіме түсті. Ол күйеуінің Жаңабай екенін айтқаны бар. Әмірзақпен араласып тұрамыз. Өне күні ғана келіп кетті деген. Ал менің нағашыларым жөнінде ештеңе білмейтіні сөз арасында анық болған. Сол кезде-ақ мен оған сол Әмірзақпен мені жолықтырыңдаршы. Келген кезде шақырып аласыңдар ма, жоқ өзін ертіп келесіңдер ме, маған бәрі бір. Әйтеуір жолықсам болды дедім. Уақыт зырлап өте берді. Айша мақұл дегенімен, өтінішім орындалмады. Бір-екі рет жолыққанда уәдені есіне салған маған, ол:

- Ой, әпке-ай, күнделікті тірлікпен жүріп, ол сол кезде-ақ естен шығып кетті ғой, – деген. Ақыры үйіне әдейілеп барып, маған Әмірзақтың мекен-жайын, не телефонын қалай да тауып бер- дедім. Мені бәйек боп, шын ықыласымен қарсы алған ол, менің не себепті келгенімді білген соң дереу қалта телефонымен бірнеше кісіге хабарласып Әмірзақтың телефоны мен мекен-жайын анықтап беруін өтінді. Күйеуім үйде болса, ешкімді әуре қылмай тауып беретін еді. Үйде болмағанын қарашы, - деп сөйлеп жүр.

Бір сағаттай уақытта бәрі анықталды. Үйге үлкен іс тындырғандай болып қайттым. Осы жігітті тапсам

жіптің бір ұшы шығардай, жоғымды тауып берердей сезімде болдым.

Өмірзақпен телефонмен хабарластық. Ол өзі біздікіне келетін болды.

Қантардың жиырма тоғызы күні түскі үзіліс кезінде біздің үйде кездестік. Есіктен кіре, амандасып болған соң:

- Мамаң бұрын біз жайлы айтқан шығыр?... Ол сәл бөгеліп басын изеді.

- Мен сізді танымаймын, ғой. Танысып кім екеніңізді білейін дедім.

- Әрине. Дұрыс. Өте дұрыс боды. Шешін, жоғары шық.

Екеуміз ас үйдегі дастарханның басында әңгімелестік. Әңгіме тізгіні көбінше менде болды. Ол байыппен, сөзімді бөлмей тыңдап отырды. Тыңдаушының келісті болғаны қандай жақсы.

- Өз үйіндегідей еркін отыр. Түскі үзіліс қой, жақсылап тамақтан. Ал, ұялма. Ана жылы елдегі үйлеріңе барып, нағашыларыма арнап құдайы таратып, шек бергенмін. Мамаңнан естіген шағарсың. Өте бір жақсы кісі еді. Ол кісі де дүниеден озып кетіпті. Артының жақсылығын берсін. Иманды болсын.

- Иә, 2006-жылы қайтыс болды.

- Сол қан қысымынан ба?

- Иә, біраз жыл ауырды ғой. Қаратып талай жерге апардым. Болмады.

- Неше жаста еді?

- Алпыс төртте болатын.

- Нағыз балаларының қызығын көріп, ұрпағының ортасында жайнап жүретін, бейнетінің зейнетін көретін

шағында кетіпті ия.

- Иә, солай болды ғой.

- Өкінішті әрине. Бірақ Алланың ісіне амал жоқ.

Сол уақиғадан кейін бір Шәкен деген ағай біздікіне үш-төрт рет іздеп келіпті. Онда біз Сауда орталығында тұратынбыз. Ылғи мен жоқта келіп, күтіп-күтіп болмаған соң қайтып кетеді екен. Ақыры кездесе алмай-ақ қойдық. Ол кісі де бақилық бопты.

- Бұйырмаған ғой.

Оның ауылына қалай барғанымды есіме түсіріп әңгімелей бастадым.

- Мен сіздің ауылға алғаш құдайы берерден оншақты күн бе, әлде екі апта ма бұрын барғанмын. Сарыбараққа алғаш қалай барғанымды еске түсіре бастадым. Ол ауылды өмірімде бірінші көруім. Сол ауылға баратын таксилер тұратын жерді елден сұрастырып жүріп таптым.

Ұзақ жүрістен соң Чапаевтың Тегістік бөлімшесінің аяқталар шетіне жете бере:

- Қазір ұзамай тағы ауыл кездеседі. Егер анық Сарбараққа баратын болсаңыз, сол ауылдың тұсынан түсесіз. Мен ішке кірмеймін – деді таксист жігіт.

- Ал алдағы ауыл ше? Ол қай ауыл?

- Ол «Шақан» ауылы. Мен сонда барамын. Айтып ауыз жиғанша ағып жатқан судың үстінен салынған көпірден өте бастадық. Ар жағында жолдың оң жақ жиегінде шатырын шифермен жапқан ақ үй тұр.

- Баратын үйіңізді білмей келе жатырсыз ғой. Әйтпесе апарып-ақ салар едім – деді жүргізуші.

- Жоқ. Рахмет. Мені осы үйдің тұсынан түсір. Ойым, осы үйдің адамдарынан жөн сұрау. Алдымен абалап бір қара ит өре түрегелді. Артынша шәуілдеп екі-үш

қандек қосылды. Тас демей, таяқ демей қолыма ілінген затпен иттерді жасқап, қорғануға кірістім. Жүгіріп екі-үш ойын баласы, артынша біраз жасқа келіп қалған әйел шықты. Амандастық.

- Осы Сарбарақ деген ауыл ма?- дедім әлі де анықтап алайын деп.

- Иә, Сарбарақ осы ғой. Бұрын келмеп пе едіңіз? Әлде көп болды ма келмегеніңізге?

- Жоқ. Мен ешқашан бұл жерге келген емеспін. Сіз Құлкерім деген кісіні білуші ме едіңіз?

- Ия. Ол кісі баяғыда қайтыс болды ғой. Ол ана Тегістікте тұрған.

Орнында бала-шағасы бар. Бізде үшетшік болды, бригадір болды,- деді білетінін дәлелдегендей.

- Сіз ол ауылдан өтіп кеттіңіз ғой.

- Иә, білемін. Мен сол кісінің туған нағашы ағасының қызымын. Бірақ, менің нағашыларым осы Сарбарақтың тумалары екен. Олар отыз екінші жылға дейін осы ауылда тұрған. Бірақ ашаршылық жылдары бәрі қаза тапқан.

Ол маған сұраулы жүзбен таңырқай қарады.

- Нағашымның аты Әмір. Әйелі Бегайым. Ол кісілердің он екі ұлдары болған. Алды азамат болған кезде сол жылдардағы індетке тап болып бәрі қаза тапқан.

Маған не ғыл дейсің енді дегендей екі қолын екі жағына жая көзі шарасынан шыға таңырқап, абдырай қарап, аз-кем тұрып қалды.

- Ойпырмай, қиын екен!... Өкінішті! Сонда енді ешкім жоқ па?! – деді онда не іздеп жүрсің дегендей.

- Өздері болмағанмен, жақын ағайын- туыстары бар

шығар? Бәрі бірдей қырылып қалмаған шығар?...Жақын ағайындарын тапсам, сол нағашыларыма бағыштап бір құран оқытсам деп едім.

- Е- е- е, дұрыс, дұрыс.

- Ел ішінде өткен кезеңдер есінде сақталған қариялар бар шығар, сол кісілерден жөн сұрайын деп едім.

- Жаңабайлар көп қой. Нағашыңыз Жаңабайдың ішіндегі қайсысы?- деді ол есін жиғандай боп.

- Сырлысы.

- Иә, Сырлылар осы ауылда тұрады. Толықтау келген сары әйел бір кісінің атын айтты. Сол кісі ең қарт адам. Білуі әбден мүмкін,- деді.

- Ойбу, бағанадан бері неғып тұрмыз. Үйге кіріп, шай ішіп, біраз демалып шақсаңшы.- деді ол енді өзімсініп.

- Жоқ. Бейіліңізге рахмет. Мен әлгі кісіні тауып алайын.

Ол жарты жолға дейін мені шығарып салды. Мені абалап қарсы алған дәу қара ит егесіне еркелей, құйрығын бұлғандатып ілесіп отырды. Сұрай –сұрай Меккеге де барасың демекші, сұрай-сұрай ауылдың күншығыс шетіне қарай созылып жатқан көшенің шығыс жақ бұрышындағы ең шеткі үйге келіп тірелдім.

«Бір ит шыға келіп қауып алар ма екен?» - деген қауіппен дыбыс беріп, бірнеше рет:

- Кім бар-ау?- деп шақырғанда орта жастағы әйел шығып, үйге ертіп кірді.

Мен іздеген кісі үйде төсек тартып, науқастанып жатыр екен. (Аты есімнен шығыпты)

Пеште от жанып, үстінде шәйнектер қайнап тұр. Ескілеу үйдің шағын терезелерінен түскен жарық жеткіліксіз. Үйдің іші күңгірт. Сексенге қараған қария

менің бір де бір сұрағыма жауап бере алмады. Құлағы да ауыр естиді екен. Байқаймын әйел оның келіні сияқты. Ол шай демдеп, дастархан жайып, қоя қойыңыз дегеніме қарамай кесеге шай құя бастады.

- Ауылда тұрсақ та қара шай ішіп отырмыз. Сиыр әлі туған жоқ. Қалада жақсы ғой. Ақшаң болса болды. Сатып ала саласың.

- Ештеңе етпейді бекер әуре болдыңыз. Құйылған екінші кесе қара шайдан бір-екі ұрттап тауыспай қоя салдым. Тамағымнан су да өтер емес. Өзі жанымен қайғы боп жатқан жан отыз екінші жылды неғылсын. Баяғыда дүниеден озып жоқ боп кеткен кісілерді еске алатындай халде ме осы кісі? – деп ойлады. Дереу жиналып, кетуге бет алдым.

- Ең болмаса шайыңызды тауыспадыңыз ба? – деді әйел. Қоштаса бастаған маған. Қария екі кісінің атын атады.

- Бір білсе солар біледі. Есіктен шығарда келіні тағы екі адамның атын қосты. Маған ілесе шыққан ол шарбақтың шыға беріс ауызында қалды. Ұмытып қалмайын деп әлгі кісілердің атын іштей қайталап келемін. Біраз жүрген соң көшеде екі-үш жас жігіт әлде не жайлы сөйлесіп тұр екен. Әлгі кісілердің үйлерін сұрастырсам, төртеуінің үйі ауылдың төрт жағында. Мен осы біз тұрған жерге ең жақын, әрі бір-біріне жақындау екі үйді сілтеуін өтіндім. Олар маған таңырқай қарап, екі кісінің үйін сілтеді. Мен ауылға өзім алғаш кірген жағына қарай жүріп келе жаттым. Біраз жүргенде «орталық көше» деп аталған көшенің батыс жақ жиегінде егделеу жасқа келген екі-үш ер кісі әңгімелесіп тұр екен. Ішінде бойы ортадан сәл биіктеу

деуге келетін бір кісі, оқыған, қызметке араласқан азамат екені киім киісінен, сөз саптасынан көрініп тұрды. Жақындай бергенде байқадым. Ол кісілердің бар назары менде. Амандасып, жөн сұрасқан соң-ақ, ол кісілер, осы ауылдан бір кісіні іздеп әйел адамның келгенін біреуден естіп, «ол кісі кім болды екен?», - деп тұр едік, - деді. Манағы сары әйел айтқан болуы керек. Басқалай болуы мүмкін емес еді.

Ол кісілер бөтен адамды анадайдан байқап, мені күтіп тұр екен.

Мен әлгі әйелге айтқан нағашыларым жайлы білетін бар деректі тізіп шықтым. Екі кісі басын шайқап:

Білмейміз. Ондай кісіні естіп те көрмеппіз. Мүмкін басқа ауылда шығар- деді.

Салым суға кеткендей күй кештім.

- Сіздер, алдыңыз неше жастасыздар? Олар жастарын айта бастады. Менің құлағыма ештеңе кірген жоқ. Әлгі кісілерге қарап:

- Мейлі ғой! Япыр-ау, сонда әке-шешелеріңіз бұрын өмір сүрген кісілер жайлы қалайша әңгіме айтпады. Өткен-кеткенді есте сақтай алар бүтін бір ауылда бір де бір зерделі жанның болмағаны ма?! Әсіресе мұндай өкінішті жайларды талайға дейін халық ұмыта қоймаса керекті, - дедім, күрсініп, енді қайтем дегендей. Олар бірінші үйдегі науқас қария айтқан алыстау тұратын қарияның үйіне бастағандай болды.

Одан ештеңе біле алмасақ, келесі бір кісіге барамыз,- деді. Ілесіп келе жатқан үш кісінің бірі «шаруам бар еді», - деп біраз жүрген соң(үйінің тұсы-ау шамасы) бұрылып кетті. Сол кезде «мына екі кісі де үйлеріне қайтып кетсе қайтемін», - деп ойлады. Жоқ. Қайтқан

жоқ. Екеуі таңдана бастарын шайқап:

- Әмір, Әмір... Япырай-ә! Естімеген екенбіз. Сонша әуре боп келгенде, бір дерегін біліп қайтсаңыз болғаны ғой?.. – деп сөйлеп келе жатыр.

- Мейлі. Әмірді білмесеңіздер, балаларымен қатарлас туып- өскен, бірге ойнаған кісілер болуы мүмкін ғой. Бір емес, екі емес, он екі бала! Сол он екінің ең болмаса біреуінің құрдастары болуы керек қой. Білемін. Балаларымен қатарлардың да көбісі дүниеден озған шығар? Дегенмен мен XVIII-XIX- ғасырда өмір сүрген кісілердің дерегін емес, осы XX- ғасырдың I-отызыншы жылдарында өмір сүрген адамдардың дерегін іздеп жүрмін ғой. Қалайша білетін ешкім жоқ. Япырмай зейінді бір кісі қалмағаны ма?! – дедім қиналып.

- Дұрыс айтасың, айналайын. Табылып қалар. Олар мені сабырға шақырып, жұбатқандай болды. Бір көлденің көшеден өте бергенде:

- Уай, бәленше, айтпақшы мына көшедегі «бәленшекең» біледі бір білсе. Қайта мына кісіден, ол кісі мықтырақ. Тіпті ол кісінің білмегенін білуі де мүмкін. Әрі ол кісіде Шежіре де бар, - деді оқыған кісі. (Бәленшелердің әрине аттарын айтты. Бірақ ол кісілердің аттары менің есімде қалмапты) Кері бұрыла бере:

- Айтпақшы өзің қайдан боласың? Манадан бері өзіңіз жайлы сұрамаппыз ғой.

- Қаладан келдім. Сәмбеттің қызымын.

- Сәмбет болғанда, Шудағы Сәмбет пе?

- Жоқ. Осы Байзақ ауданы, А.Суханбаев атындағы колхоздың қызымын.

- Ау, онда өзіміздің аудандікі екенсің ғой! Көкөзектен

бе, әлде орталықтансың ба?

- Орталықтан. Бұрын «Фрунзе» деп аталған.

- Мен де оқу бітірген соң зоотехник, животновод болып істегенмін.

Бірталай уақыт үкіметтің ұйғарымымен, бірнеше ауылда қызмет істегенмін. Ол ауылдан да талай кісілерді танимын. Кімнің қызысың?

- Менің әкем де талай жылдар малшы боп істеді. Еділбай деген кісінің қызымын.

- Уай, қойшы боп істеген Еділбайдың ба?!

- Иә.

- Мен ол кісінің үйінде талай болдым ғой. Екеуіміз талай карта ойнап, преферанс сызғанбыз. Әйелінің қолынан талай дәм-тұз таттық қой. Қандай тамаша, жақсы кісілер десеңші. Ойбай-ау, сонда Еділбайдың әйелі, аты кім еді?

- Әсілхан.

- Ия, Әсілхан біздің әпкеміз болғаны ма? Қап білсемші, Едекеңді «жезде» деп құлағынан талай тартатын едім. Картадан талай жеңіліп тұрсам да жеңетін едім-ау. Ол кісілер қайда, кізір? Бар ма?! Тірі ме?! Әлгі кісі менің әке-шешемді білетін боп шыққанына шын пейлімен қуанып, тіпті сағынып жүрген жақынымен кездескендей елпілдеп кетті.

- Ол кісілер мына Темірбекте де отырды ғой, бір жылдары.

- Ия. Ол кезде мен мектеп оқушысы болатынмын.

- Сенен басқа да бала-шағасы бар сияқты еді ә?

- Менен үлкен екі қыз бар. Үлкені Бегай сіздермен қатар жатқан ауыл,

Кеңесте бастауыш сынып мұғалімі. Екіншісі Шол-

пан – қалада тұрады.

- Сонда әпкеміз төркінімен ешқашан араласқан жоқ па?

- Араласқан кісілері болды. Үлгіліден Зейіл деген кісімен, Жұмағұл деген қариямен араласқаны есімде. Жұмағұлдың менен үлкен жалғыз қызы бар- ды. Аты Рысбике болатын.

- Ау, Зейілдің қайтыс болғанына көп жыл болды ғой? Ал Жұмағұл одан көп кейін қайтыс болды.

- Ия, дәл солай.

- Одан өзге ешкіммен араласқан жоқ па?

- Асаның бер жағындағы «Рахат» деген ауылда Жеріндік деген әпкесі болды. Күйеуінің аты Қарабай. Ол кісілер де әлдеқашан қайтыс болды. Олардың «Рахат» деген жалғыз ұлы, Тоқташ деген келіні бар-ды. Мен білгенде балалары жоқ еді. Бұрынғы «Полиототдель», кәзіргі Көкталда туған бөле әпкесі Түймен, оның жалғыз ұлы Бесжан, келіні Қантай деген кісілер бар. Түймен апа қайтыс болған. Ал Бесжан мен Қантайдың оншақты бала-шағасы бар.

- Сонымен осы әңгімелерді айта жүріп, біз қайта шегіндік. Артта қалып бара жатқан көлденең көшенің ең шетіне шықтық. Өзен жағасынан сәл-ақ шығыс шетінен басталған ауыл шетіндегі үйлердің екінші ма, үшіншісіне ме кірдік. Яғни мана мені толық сары әйел шығарып салған жерге аз-ақ қалғанша жүрдік. Әңгімемен келе жатып ой да, жол да жеңілдегендей болды. Үйдегі кісілермен амандық саулықтан соң-ақ келген бұйымтайымыз баяндалды. Ол кісі орнынан тұрып кітәп па, қолжазба ма, анық есімде жоқ. Шағындау бір нәрсені қолына алып, ішін ашпай тұрып-ақ, Әмір деген

болғанын айта бастады.

- Әйелі Бегайым дейсің -ә?! Бегайым...

- Ия, он екі ұлы болған. Бір-ақ қызы бар. Сол қыздың қызымын де! Еміс еміс есімде бар сияқты.

- Ақыры ол кісі қолындағы кітәпшаны ақтарып, маған көрсете бастады.

Бар зейінім қолжазба тәріздес кітәпшадан гөрі әлгі кісінің ауызынан шыққан лебізде.

Ақыры менің туған нағашы атам Әмірдің туыстары анықтала бастады. Бұған жоғарыда айтылған маманның араласып тұрған туыстарының аты аталғаны себеп боп көмегі тиген секілді. Үй иесі әйелдің берген шайын ішкен, ішпегенімді білмеймін. Өң мен түстей бір сәттер. Ақыры үш-төрт кісі (тағы бір кісі келген үстімізге) Торғай- Тоғай деп аталатын атаға жатасың. Одан Құлдыбай. Құлдыбайдың шөбересі Сиырбай. Үлкен үйлерің сол үй. Шек таратам, құран оқытам десең сол үйде таратасың. Біздіңше ең жақының сол үй деген шешім жасалды. Сенер-сенбесімді білмедім. Ия, мына кісілер сенің атаңның жақыны сол. Үлкен үйді басқан кісі Сиырбай дегенмен, оның өзі, әйелі қалай қарайды, бұл шешімге. Тосыннан бір кезде өмірден озған аталарыңның жиен немересі едім,- деп жетіп барғанда, олар не ойлайды, - деп отырмын іштей. Ол кісілер ойымды оқып қойғандай:

Сиырбайдың өзі жоқ, бұл күнде. Қайтыс болған, жас кетті. Мал дәрігерлік оқуды бітірген соң совхозда зоотехник болып қызмет істеген. Әйелі Клара жақсы адам. Арғы-бергінің бәрін түсінетін көзі ашық, көкірегі ояу кісі,-деп жатсынбай қарсы алатынына кәміл сендіргендей болды.

Сөз арасында әлгі қызмет істеген кісі сұрақ-жауап арқылы менің туған жездем Кеңес колхозының азаматы болған Емісбекті де білетін боп шықты. Жездемді біз ешқашан «жезде» деген емеспіз. Одан гөрі «аға» дегеніміз жақын, жылы көрінетіндей болғандықтан, Шолпан екеуіміз де ол кісіні «аға» деп кеттік. Ол ДТИЛПП-ның түлегі. Сол ауылда өмір бақи экономист боп қызмет атқарды. Біраз жай анықталып, бір шешімге келгендей болған соң, менің қайтқым келді. Ал ол кісілер: Қажет деп тапсаң манағы айтқан қарияныкіне де барайық. Мүмкін, тың бір деректер біліп қаларсың,- деді.

Біз бұл үйдегі үй иелерімен қоштасып, осы үйге келген жолмен кері жүре бастадық. Жол жөнекейгі әңгіме «шежіре» жайлы болды. Әркім өз білгенін, естігенін ортаға сап келеді. Мен тыңдаушы ғанамын. Үш еркек, бір әйел бір топ боп көшеде келе жатырмыз. Бірталай жүргенде, әлгі қарияныкіне кеп қалдық, - деді, ер кісілер.

- Сиырбайдыкі де осы жерге жақын. Сан түрлі оймен келе жатқан мен:

- Ағалар, сіздердің маған көрсеткен қызметтеріңізге, ақ-адал бейілдеріңізге аса зор құрметпен ризалығымды білдіргім келеді. Рахмет, сіздерге! Ол кісінікіне бармай-ақ, қояйық!

- Ау, неге? – деді біреуі.

- Жоқ! Күн кешкіріп барады. Мен қалаға жетіп алуым керек.

- Қона сал! Біздікіне қон.

- Біздікіне қонсаң да болады.

- Ешкім жатсынбайды. Аунап-қунап, кеңінен таны-

сып, әңгімелесіп қайтасың ғой, қайта.

- Жоқ. Мен қайтуым керек. Жұмыс бар дегендей. Үйдегілер де уайымдайды.

- Онда Сиырбайдыкіне соғып кет. Танысып жеңгенді көріп кетесің.

Үнсіз келістім. Біз солға бұрылдық. Манағыдай емес, үйлер еңсесі биік, жаңалау боп көрінді.

Ең шеткі бұрыштағы үйдің тұсына жақындай бергенде, келесі беттегі үйдің сыртындағы ұзынша орындықта үш егде ер кісілер бізге қарап отыр екен. Олар амандасып, қауқылдасып жатты. Мен де, танымасам да сыпайы сәлемдестім. Олар енді:

- Мына кісі жиеніміз екен. Кларамен таныстырайық деп ертіп келеміз,- деді әлгі кісіге. Олар маған бейтаныс Клара жеңгеміздің үйіне бұрыла бергенде мен:

- Жоқ, ағалар. Мен бұл жолы кірмей-ақ қояйын. Сыртынан көрдім. Сол жеткілікті. Алла бұйыртса он күннен соң, немесе екі аптадан кейін бейсенбі, жұма күндеріне туралап келеміз. Сонда-ақ танысып әңгімелесерміз.

- Ау, үйдің жанына келіп тұрып кірмеймін дегенің не? Біз ол үйге бір-екі үй қалған жерде тұрмыз.

- Кеш болып кетті. Мініп келген өз көлігім жоқ. Сондықтан енді қайтқаным дұрыс болар.

- Ана үлкен жолдың бойында «такси» деген толып жатыр. Кешке қарай бірнеше такси шығады қалаға қарай.

- Рахмет! Жолыққанша! Сау болыңыздар!

- Иә. Сау бол! Өзіміз кіріп мән-жайды түсіндіріп қоямыз.

Үлкен жолға бет алдым. Мен келгенде күннің көзі ашық, тіпті үйлерді іздеп жүргенде ысып кеткен

соң, сырт киімімді шешіп қолыма алып алған едім. Енді бұлттанып, батыстан ұйытқып жел соға бастады. Аспанды түйдек-түйдек қалың қара бұлт торлап, әне-міне жауын жауатын ыңғай байқатып тұрды. Үш жолдың түйіскен жеріне келіп көлік тосып тұрғанда күн бір бүркіп жауып, бір қойып тұрды. Күн райы да қай жағынан алсақ та, қатты шаршаған менің көңіл күйіммен үндестік тапқандай еді.

Қайр-а-а-н, ауылдың ақ көңіл, арда азаматтарына барынша риза болдым. Әсіресе оқыған, қызмет істеген азаматқа. Әттең атын ұмытыппын.

Көңілімнің бір бұрышында ауыл азаматтарына деген ризалық тұрса, бір бұрышында бір мая сабанның ішінен ине іздегендей өз халім тұр еді. Сондықтан да көңілім бір сүйініп, бір күйініп, кеудемдегі күрсініс айдалада, жол жиегінде көзімнен жас боп тамшылады. Іздеген жоғымды таптым ба, таппадым ба? Діттеген мақсатыма жеттім бе, жетпедім бе? Бәрі бір сұрақ. Бір сұрақ емес-ау, мың сұрақ. Шешімін алдағы уақыт қана көрсетер...

Екі аптадай уақыт өткенде біз Сарыбараққа келдік.

«Біз» деп отырғаным – анам Әсілхан, мен, әкешемнің тұңғыш қызы Бегайдың екінші ұлы Дауыл, келіншегі Айгүлмен (бірінші әйелі) менің тұңғышым Айнұр. Бәріміз Ғалымның автобусымен келдік. Ғалым Бегайдың тұңғышы, бір түйір қыз Толқыннан кейінгі екінші перзенті. Он айлығында әке-шешемнің бауырына салып, жеті жасында қайтып алып қойған. Ол өз алдына бір әңгіме.

Ғалым сол 1999 – жылдарда Қант зауыты бағытында жүретін № 7- автобустың жүргізушісі болып істейтін. Сонымен алты адамбыз. Екінші қыз Шолпанның бала-

лары әлдене себеппен ілесе алмады.

Автобуста соятын қойымыз, аз боп қалмасын деп сақтық үшін алып алған тағы қой еті, жылқы еті, қазы-қартадан басқа барлық дастархан мәзірі, қол сұртетін қағаз, ұн, тұз, шақпаққа дейін алып алғанбыз. Барған жерде нағашы жұрттан ештеңе сұрамаңдар. Тек қонақ боп келіп, ішіп-жеп, құран бағыштап баталарын берсе болды, – дегенмін. Бәрі солай болды.

Біздің автобус үйдің көше жақ шарбағынан кіретін есікке жақындап тоқтай бере үйден біраз жасқа келіп қалған әйел адам шығып қарсы алды.

- Саламатсыз ба?

- Аман-есенсіздер ме?

- Хош келдіңіздер! Бүгін келем деген күндері ғой. Келіп қалар ма екен? - деп елеңдеп отыр едім. Автобус келіп тоқтай бастағаннан-ақ сіздер екендеріңізді түсіндім.

Бұрыннан танитындай мені, қызымды сүйіп жатыр. ...Жоқ еш бүкпесіз қарсы алып жатыр.

- Әпке, үйге кіріңіздер. Ол кісі мамамды қолтығынан демегендей үйдің кіре берісіне қарай бет алды. Мамам толқығаннан бір қызарып, бір сұрланды. Байқаймын қол-аяғы да, даусы да дір-дір етеді.

Иә, дірілдейтіндей, толқитындай жөні бар-ақ. Ол алпыс жеті жылдан соң өз туған ауылына келіп, бес жасқа дейін ойнаған туған топырағын басып тұр. Ағайын келінінен бірінші рет «әпке» деген сөзді естіп тұр. Бір адамның ішкі толқынысы мен сезімдерін, жан күйзелісін екінші бір адамның тап басып, дәл сол кісідей сезінуі мүмкін емес қой. Оның сол кездегі жан толқынысы өзіне ғана мәлім еді...

Біз үйге кіріп, алдымен бірер кесе шай іштік. Жеңгей баласын шақырып, отын дайындауға, бірер келіндерді шақырып қонақтарды қарсы алып, қызмет көрсетуге нұсқау бере бастады. Және біреуді, сағат екіге бар ағайын біздікіне жиналсын,- деп шақыртуға жіберді. Шақыртушы жетпей-ақ біраз кісі өз бетімен келе бастады. Біреулер мал сойып, үлкен екі қазанға тамақ асса, бірер келіндер менің қызым, келініммен қоса дастархан жасай бастады.

Едәуір кісінің басы құралып қалған кезде ауыл молдасы бастаған бірнеше ер кісілер ішінде Дауыл бар Ғалымның көлігімен сағат он екіден аса бейіт басына баруға жинала бастадық. Әйелдерден анам екеуіміз ғана. Көбіне жалаңбас жүретінімді байқады ма, оңашалау кезде Клара жеңгей жанымға келіп:

- Жиенқыз, сенің нағашыларың аруақты кісілер. Кәзір бәрі келіп, сені қоршап тұр,- деді. Мен сенер-сенбесімді білмей, ол кісіге сұраулы жүзбен таңдана қарадым.

- Иә. Сендер сенбейсіңдер ғой. Мойын бұруларың қиын. Кеңестің оқуы өтіп кеткен. Оныңыз рас дегендей жымыып басымды изедім.

- Жалаңбас жүрме. Әйелдің киесі орамалында. Орамалыңды басыңнан тастама! Лажы болса, дәрет алып, намаз оқып жүр, – деп ойын жалғастырды ол кісі.

Келісті келген кісінің жүзінде өзімсіну бар. Жасында аса ажарлы болғаны көрініп-ақ тұр.

Көлік іші адамдарға толды. Бірер жас кісілер түрегеп тұр. Біз бейіт басына қарай бет алдық. Оңтүстікке қарай жүріп келеміз. Өзеннен тартқан канал ма, әлде арық па, соған көлігіміз тығылып қалды. Ер кісілердің бәрі ав-

тобустан түсіп, жабыла итеріп шығарып алды. Қалың, бұталы тоғай арасынан өттік. Әлден уақытта:

- Бейітке келіп жеттік. Ары қарай көлік жүре алмайды,- деп кісілер түсе бастады. Ер кісілер адымдай басып алға озып кетті. Алды үлкен, биік төбе басына көтеріле бастады. Жер балшық. Мамам әрең ілесіп келеді. Кісілерден қалып қойғым келмегенмен анамды артқа тастай алмай жетелеп келемін.

- Мама, сәл жылдамдатшы! Қалып қойдық қой, - деймін. Ол кісі тырысып-ақ келеді. Үн жоқ. Екі көзім алдағы кісілерде боп, іштей асыққан мен алғаш байқамаппын. Ол анда-санда көз жасын бет орамалымен сүртіп қояды екен.

Төбе басына көтеріліп келе жатқанда, бөлме толы қатар-қатар салынған төсекте жатқан кісілерді басып кетпейін,- деп аттап-пұттап өтіп келе жатқан кісідей, әрбір төмпешіктен айналып өтуге тырысқан ол, бірнеше рет сүрініп кетті. Қолтығынан демеген Ғалым екеуіміз құлатпай ұстап қалдық. Оның толқыған жан дүниесін одан бетер толқыта түскісі келгендей молда:

- Бұл төбеде ине шаншар бос жер жоқ. Барлық жерінде қойылған адамдардың сүйегі жатыр. Сіздердің де аталарыңыз осы жерде жатыр,- деді.

Ол аңыратып құран оқи бастады. Тағы бірнеше кісі оқыды. Құран оқып болған соң біз келген ізімізбен қайттық.

Сырбай ағаның үйінің кіре берісі мен дәлізінен басқа бөлмелер кісіге толды. Ер-әйел, кәрі-жас, орта жастағы кісілер.

Апарған құдайымызды, яғни екі шай бір етті таратып жатырмыз. Бірнеше рет Құран оқылып, бата

да берілді. Сол үлкен бөлмедегі дастархан басында қариялар көрші Тегістік ауылындағы Бестеректерге ұзытылған осы ауылдың қызы бар еді. Жасы бұл күнде сексендерге келді, Құдай біледі. Сол кісі нағыз жазып қойған кітәп дерсің. Осы отырған бәрімізден үлкен. Әлде болса сол кісіні алдырса анық-қанығын айтып берер еді- деген. Біздің Ғалым бейіт басына бара жатып автобустың астындағы бір темір қатты затқа соғылды. Содан май ағып жатыр. Дереву жөндеп алмасақ, қалаға жете алмай жолда қаламыз. Ертең таң атпай жұмысқа шығуым керек, - дегені есімде қалыпты. Бірақ кейін сол кісі, әлгі айтқан қарт әже, Әмір атамның немере қарындасы боп шақты. Жеріндік пен Зейіл де анама немере туыс боп келетіні айтылды. Тіпті біз ойлағандай Әмір атам отызыншы жылдардың ішінде емес, 1949-жылы жетпіске таяп қалғанда қайтыс болды, - деді бір кісі. Соны кім айтты?.. Әлгі әжені алдыртты ма, жоқ па, осы деректің бәрін сол кісі айтты ма, әлде басқа біреу айтты ма, есімде қалмапты. Бірақ бір есімде қалғаны біз қалаға қайтіп келе жатқанда, жолда Тегістік ауылында, көлік тоқтап, бір толықтау келген сары әйел күйеуімен:

- Үйге түсіңіздер. Ең болмаса Сіз түсіңіз. Қонып әңгімелесіп ертең қайтасыз,- деп жата кеп жармасты. Мен:

- Бір-екі аптада, Алла қаласа қалайда келемін. Сонда әңгімелесеміз, - дедім. Сөз аңғарынан байқағаным әлгі әженің келіні екен. Мен соған қарағанда әженің келіні сол жиынға қатысты ма? – деп те ойлаймын. Әрине, заңгер жігітке бұл әңгімені қысқартып айттым. Ал көңілімде күпті ой боп, анықталмай қалған бұл сұраққа алдағы ізденіс кезінде жауап таптым. Тағы бір есімде



қалғаны сол күнгі ауа райы. Біз ауылға келгенде, сәскеде күн ала бұлтты болғанымен, түске таяу ашылды. Бейіт басында бұлт қоюланып бір-екі сіркіреп барып басылды. Қалаға қайтып келе жатқанда бүркіп-бүркіп жауып тұрды.

Сол жолы Клара жеңгей өзіңнің телефоныңды, мекен-жайыңды беріп еді. Келген соң екі аптадай уақыт өткенде, үлкен қызым Айнұрға құда түсіп, сырға салып келді.

Олардың үйлену тойын өткізіп, жұмысқа тұрғызамын деп жүргенде әкемнің жалғыз әпкесі Назтай қайтыс болды. Артынша қырық сегіз күннен соң ауырмай-сырқамай әкем қайтыс болды. Сол аралықта үйленген жастарды Алматыға орналастырдым. Атамның келіндей алған әйелі Жезбаладан туған Қанткүлден үш қыз, бір ұл бар. Сол әкеміздің үш қызы да Алматыда. Ал әпкем Абайда (қолхозда) тұрады. Алғаш үйленген жастардың жұмысқа тұрып, аяқтарынан қаз тұрып кетуіне ортаншы күйеу бала, Талдықорғанның жігіті, Әлімжан көмектесті. Ол ортаншы жиен сіңлім Жұмағыздың жолдасы. Үлкен сіңлім Жұмакүл тұрақ-жаймен көмектесті. Кәзіргі жаңа алаңның тура қасы. Жазушылар одағы, Телестудияда сол жерде тиіп тұр. Қазір айтуға ғана оңай. Алғаш екі апта сайын барып жағдайларын білетінмін. Әрі тауар әкелемін. Ол кезде екі жерде сауда нүктеміз бар еді. Әйтпесе жалғыз айлықпен бәрін оқытпақ тұрмақ, күн көру қиын еді ғой.

-Айлар бойы айлық бермеуші еді ғой?

- Иә, небір күндер өтті ғой. Қарап отырсам сол жылдарда екі-үш сағат қана ұйықтайды екенмін.

Әкемнің қырқын беріп болған соң-ау деймін, мен



сіздің үйге бір-екі рет қоңырау шалғанмын. Бірінде жас қыз бала-ау деймін. Үйде жоқ, бір-екі апта болмайды,- деді. Енді бірінде папам мен мамам тойға кетті, бір-екі күннен соң келеді деді.

Манадан шыдамдылықпен тыңдап отырған ол:

- Менің бес ұлым бар. Алды жиырмадан асқан. Ең кішісі жетінші сыныпта оқиды,- деді.

- Білмеймін. Әйтеуір, балаң, жіңішке дауыс жауап берді. Сөйлесе алсам, барып таныспақ ойда едім. Олай болмады. Одан кейін звондаған емеспін.

- Бұйырмаған ғой. Біз қазір темір жолдың арғы жағында, жер үйде тұрамыз. Жұмыс орным да бірнеше рет ауысты. Қазір осы сіз тұратын жақтағы бір мекемеде заңгер боп істеймін. Екі-үш мамандықты игергеніммен тұрақты жұмыс тапқанша мен де біраз қиналдым. Кезінде, өзім үйленгенмін. Екі балам бар. Шешеме, өзімнен кіші бауырларыма сүйеніш бола алмадым,- деп қиналдым. Соларға артық салмақ салғым келмей біраз жұмыстың басын шалуыма тура келді,- деді ағынан жарылып.

- Айтпақшы, келіннің аты кім?

- Ләззат.

- Жаксы. Міне, осылайша, өзің естіп отырғандай ары қарай үш-төрт жылдың көлемінде кіші екі қыз үйленді. Немерелер келді дүниеге. Әкемнен соң үш жарым жылдай уақыт өткенде шешем қайтыс болды. Жезделерімді де жібердік. Анамның сол 1999-жылы Сарбараққа алғашқы, әрі соңғы рет баруы екен. Үлгеріп қалыппыз, тағы да болса. Сәл кешіксем үлгермес екенмін. Осылайша өмірдің күнделікті ырду-дырдуымен жүргенде он төрт жылға жуық уақыт өте шықты.



-Содан бері он төрт жыл өтті ме?

-Иә. Алдағы сәуірде. Ұмытпасам он алтысы күні бардык ауылдарыңа.

-Әйтеуір күн суық еді. Жер балшық болатын.

-Иә. Сол жылы көктем салқын боп ұзаққа созылды. Жауын-шашынды болғаны сондай, жаз шықпай ма деп едік. Оны анық білетін себебім, маусымның жиырма үші күні Айнұр оқуын бітіріп, диплом алған. Дипломды алып біз институттан шыққанда жауын шелектеп құйып тұрды. Ал жиырма бесі күні қыздың тойын өткіздім.

- Қыздар қазір қайда тұрады?

-Үлкенім жаңағы Айнұр. Байқадамның Жағалбайлысына барған. Құдалар 6- совхозда тұрады. Одан кейінгі екі қыз егіз. Есімдері Ғалия, Әлия. Ғалия Ошақтыға барған. Әлияның барған жері Қожа. Бәрі осы қалада. Ана екі қыз үйленіп кеткен соң, Айнұр күйеуімен көшіп келіп менімен сегіз жыл бірге тұрды. Жеке үй салып, бөлек шыққанына бір жарым жыл болды. Жақын, осы маңда. Ана екі қыздың да ата-енелері темір жолдың арғы бетінде.

-Бәрі біз жақта екен ғой.

-Иә. Бәріңді бір жақтан іздейміз,-деп күлдім.

-Аллаға шүкір, бұл күнде бәрінің үй-жайы, жұмыстары, үш-үштен балалары бар.

- Бізде де қыздар, інілерім бірінен соң бірі үйленді. Құдалық, той өткізу, бесік деген сияқты міндеттер оңай болған жоқ. Қазір енді бәрі артта қалды.

-Менің өзіңді іздеген себебім, маған шежіренің де керегі жоқ. Жаңадан туыс та іздеп жүрген жоқпын. Өйткені бұған дейін де бірнеше шежірені оқып, қарап көрдім. Оның ішінде өзіміздің Сәмбеттің шежіресі де



бар. Кейінгі ұрпақ жалғаспаған кісілердің кейбіреуінің аты да жоқ әрі-беріден соң. Немесе ұрпақ жоқ деп қойған. Маған керегі сол кездегі халықтың жай-күйін, әлеуметтік жағдайын, күн көрістерінен хабары бар кісі бар ма? Осы жағдайлардан ең болмаса бірер құнды деректер айта алатын кісі қалды ма? Керегі сол.

-Ондай кісі бар сияқты. Бопыров Бодау деген кісі бар. Жасы жетпістерге келген кісі. Бір білсе сол кісі біледі. Әлде болса ертерек сол кісіге жолығыңыз. Інісі Мейрамбек те біраз нәрсені біледі деп ойлаймын.

- Ол кісі қайда тұрады?

-Сол Сарбарақта. Білетінін айтып береді. Қонатындай жағдай болса, біздікіне қоныңыз. Анам болмағанмен, інім, келін бар ғой орнында. Біз қоштастық. Оны шығарып салған мен, шырғалаң ойдың шырмауынан алып шығар жіптің ұшын тапқандай сезімде болдым. Жамбыл-Тараз каналында тұрған теледидар әлдеқашан өшіп, экраны жыбырлап тұр екен. Әңгімемен отырып онымен ісіміз болмапты. Көтеріңкі көңілмен дереу Қазақстан-1ге ауыстырдым. Экранда «Жаңалықтар» деген жазу шыға келді. Бірақ дыбыс жоқ. Қайта- қайта дыбыссыз «Жаңалықтар» жазуы бірнеше рет шыға берген соң, япырмау, бұл уақытта жаңалық бермеуші еді ғой,- деп сағатқа қарасам үштен он үш минут кетіпті. Артынша диктор: «Кезектен тыс жаңалық». Екінші рет ұшақ құлап , жиырма адам қаза болды,-деп хабарлай бастады. Жаңа ғана марқайып тұрған көңілім су сепкендей басылып: -Ой –бу! Қап, құдай-ай, ә! Қап-ай, ә!-деп бірнеше рет бір отырып, бір тұрдым.

Арада бірнеше күн өтті. Алтыншы ақпан, сәрсенбі күні, Сарбарақ қайдасың?- деп он төрт жылға жуық



уақыттан кейін нағашы ауылға жолға шықтым. Бірінші рет сонау 1999- жылдың көктемінде кімге, қайда бара жатқанымды да білмей жолға шықсам, бұл жолы кімге бара жатқаным анық. «Оған да шүкір»-деп қоямын іштей. Тағы да ұзақ жол. Қаладан шыға бере:

- Кімдікіне барасыз?-деп сұрады таксист.

- Бодау деген кісінікіне.

- Бодау? Бодаубек деген кісі менің көршім ғой. Сол кісінікіне ме?

- Ия. Бопыров Бодау деген кісінікіне,-деймін. Іштей алақандай ауылда екі, не үш Бодау деген кісі жоқ шығар,- деп ойлап. Әдейі екі- үш кісі болса аты мен тегін қосып айтқанда қайсысы екенін бірден ажыратсын деп.

- Иә. Ол кісі менің көршім. Ол кімің еді дегендей менің жүзіме сұраулы кейіппен қарады.

-Көп болды ма ауылға бармағаныңызға, әлде ешқашан барған емессіз бе? Менің түр әлпетімде көп жұмбақ нәрсе тұрды ма, әлде біздің ауылға мұндай кісі бұрын-соңды келмеуші еді ғой-деп ойлады ма, таксист үстін-үстін сұрақ бергіштеп келеді.

- Сарбарақ маған нағашы ауыл. Бармағаныма он төрт жылдай болыпты.

-О,о,о! Ұзақ уақыт келмепсіз ғой. Әртүрлі әңгімемен отырып ауылға жақындап қалдық. Клиент жоғалтқысы келмеді ме, әлде реті солай болды ма, ауылға жақындағанда таксист жігіт:

-Қаладан пәтер сатып алып, ол кісі кемпірімен сонда деп естіп едім. Іздеген кісіңіз ауылда болса болғаны ғой,- деді маған қарап. Ішімнен мұны бағана қаладан шықпай тұрып айтуың керек еді,- деп ойладым. Бірақ оны сөгудің реті жоқ.



– Е,мейлі! Ол кісі болмаса үйінде басқа адамдар бар шығар? Ал үйінде кім болуы мүмкін екенін мүлде білмеймін.

– Әрине. Баласы Алтай мектепте суреттен сабақ береді. Келіні де мұғалім. Немерелері мектепте оқиды ғой.

- Е,е, бопты. Есігі ашық, үйде біреу бар болса қалғаны келер, жиналар жайлап.

– Иә. Келеді ғой. Ал егер баласы қалаға жұмыспен кетіп қалса, мен бармын ғой, көрші үйде тұрамын. Қаладағы мекен-жайын білсеңіз өзім апарып салам,- дейді, қамқор боп. Сонымен үйге келдік.Үйде бастауыш сыныптарда оқитын екі ер бала ғана бар екен.Танымайтын кісіге екеуі үрпиісе, таңырқай қарады.

– Саламатсыңдар ма?

– Саламатсыз ба?-деді жамырай.

– Үлкен жігіт боп жатырсыңдар ма?

- Иә.

- Аталарың – апаң қайда?

– Қалада.

– Кешке дейін келе ме ?

–Жо, жоқ. Олар қаладағы үйде тұрады. Анда- санда келеді ғой. Бірақ бүгін келмейді.

– Папаң мен мамаң ше?

- Олар мектепте. Келіп қалулары керек. Бірінші ауысымның сабақтары бітіп жатыр.

– Оларға менің келгенімді хабарлай аласыңдар ма? Қаладан бір апа келіп, сіздерді күтіп отыр деңдер. Әйтпесе әр неге айналып кешке дейін жүріп алар,- дедім мектеп жұмысын жақсы білетін мен. Қалта телефонының болғаны қандай жақсы десеңші. Баланың

біреуі лезде әке – шешесімен хабарласып, бейтаныс апаның үйлерінде күтіп отырғанын айтты. Олар: Аз-дан соң кешікпей келеміз,- депті. Бір сағатқа жетпей екеуі де келді. Ат баласы кісінескенше, адам баласы сөйлескенше,- деген. Олар алғаш менің бұл ауылға не жағдаймен келгенім жөнінде хабардар болып шықты. Мектептің семинар жұмысымен Алтай қалаға жүруі керек екен. Балалар хабарласпаса мектептен тіке қалаға шығып кеткендей де екен.

- Ертерек хабарласқандары дұрыс болды, сізді өзім ала кетіп, әкеммен жолықтырайын,-деді Алтай. Келіннің берген түскі асы мен шайын іштік. Сиырбай ағайдыкіне соғып, Клара жеңгейдің орнына құран оқып шықтық. Сонымен қалаға қайтып келеміз. Қайтар жолдағы жол-жөнекей әңгімеден мәлім болғаны, алғаш мен келгенде, екі-үш азамат жол жиегінде қарсы алып, одан мені бір үйге ертіп барды. Сол үйде «Шежіре» кітапшаны көрсетіп, одан үлкен үйді басқан Сиырбайдыкіне келесің деп шешім жасады деген үйім осы Бопыров Бодаубек кісінікі боп шықты. Сол кездегі оқиғаны әңгімелеп отырғанда «оқыған, қызмет істеген ер азамат»-деп менің суреттеуімнен Өмірзақ та, ол «Тату»-деген кісі болуы керек. Менің әкеммен құрдас дегендей еді. Мына Алтай Бодаубекұлы да солай-деді. Зоотехник боп істеген одан басқалай кісі болуы мүмкін емес-деп отыр. Ол Тату деген кісі ғой,-дейді. Жол-жөнекей әкесінің көзі көрмейтінін, апармаған жері қалмағанын, қайда апарса да еш көмегі болмаған соң, ақыры шаршап қойғанын әңгімеледі. Өне-міне дегенше қалаға да жеттік.

Көрмейтін кісі өте сезімтал келеді деген қандай дәл

айтылған десеңші. Үйге кіріп, амандасып, шешініп жатқанда –Бұл қайсың?- деп дыбыс шыққан жаққа аңтарыла қараған ақсақал, кірген кісінің бірі баласы екенін бірден аңғарғанымен, сәл-пәл аңырып отырып қалды. Бізбен аман-саулық сұрасқан әйелі:

- Кім?- деп ойлайсың, үйге келген?-деді. Ол кісі аңтарыла маған қарады.

- Мен ғой, аға! Баяғыда сіздің ауылға нағашыларымды іздеп барып едім ғой.

- Иә, мен де сол-ау, -деп отыр едім. Атың?..

– Ұлдана.

– Иә. Ұлдана ғой деп отыр едім.

Әңгіме тағы да шежіреден басталды. Сөз тізгіні сол кісінде. Мен тыңдаушымын. Әңгіме арасында баяғы оқыған кісіні Бодау ағай да ол Тату ғой. Сол. Басқа кісі болуы мүмкін емес деп, шежіреден сол кісінің тармағын қайта-қайта баса айтты. Шыдамдылықпен тыңдап отырмын. Әлден уақытта:

- Аға, шежірені талай рет естідім. Тікелей нағашыма ұрпақ жоқ деп қойғанын бірнеше рет көрдім де. Менің іздеп жүргенім, маған нағашы болатын кісі емес. Алпыс жылға таяу нағашысыз да өмір сүрдім ғой. Маған керегі сол кездегі жердің аты. Мысалы, колхоздастыруға дейін ел қай жерде қыстап, қай жерде жайлады? Ең алғашқы колхоз дейміз бе, артель ме, қалай аталды? Оны кім басқарды? Халықтың сол кездегі тұрмыс-жағдайы қандай еді? Немен айналысты?-деген сияқты жайлар ғой.

– А-а-а! Дұрыс-дұрыс. Ол кісі әлсін-әлсін есіне түскен жайларды ойлана отырып әңгімелей бастады. Үлкен кісінің айтқан деректері келесі бөлімде әңгімеленеді.



Күн кешкіре бастағанда үйге қайтып келе жатқан менің көңілім бір жағынан әлгі кісіге риза болғанымен, бір жағынан шөлім қанбай қалғандай әсерде болдым. Бәрібір бірнәрсе жетіспейді. Бәрібір аласұрып іздеген жоғымды таппадым. Бірақ біраз құнды деректерге қанықтым. Ал іздеген жоғым не?! Өзім де тап басып білмейтін сияқтымын. Бодаубек ағадан ана жылғы әженің атын білдім. Ол кісінің аты Меңлібала, баласы Өзімхан, келіні толықтау келген сары әйел (мен қатарлы) Жәмилахан. Бірақ әлдебір себеппен Аяш деп атап кеткен. Көңілімде әлі де сыры ашылмаған көп жұмбақ жайлар тұр. Бұл жұмбақ қалай, қашан шешіледі деген мазасыз ойдың жетегімен ақыры екі аптадан соң, жиырмасыншы ақпан, сәрсенбі күні Тегістікке жол тарттым. Түс қайта жеткен мені Құлкерім ағамның немересі қарсы алды. Мені ешқашан көрмеген ол, әйтеуір осы үйдің бір жақыны болар-ау, деген ниетпен қарсы алып жатыр. Үйге кіргенде Бауыржан інім де, Айқұмар келін де мені әрең таныды...

...Иә.Тоқсаныншы жылдардың қиыншылығы түп нағашы боп келетін мен тұрмақ, талай кісінің туған нағашысын да ұмыттырған шығар. Сол жылдардың ортасынан бері бір-бірімізді көрмеген біздер, бірімізді-біріміз әрең танып, қайта көрісіп, амандастық. Әлгі мені қарсы алған бала Алматыда жұмыс істейтін көрінеді.Түскі астан соң жолға жиналып жатқан беті екен. Жиендерім жаны қалмай есі шыға қуанды. Мен де олармен аман-есен осынша жылдардан соң қауышқанымға дән риза болдым. Естен шыға бастаған талай оқиғаларды еске түсіріп жатырмыз. Баяғы әкешем асырап алмақ болған інісі Бегалыны келіншегі



Нұржамалмен нағашы әпкем келді. Ал сенің туған әпкең келді,-деп шақырып алды. Бұл сөздің мәні де сол тоқсаныншы жылдарда жатыр екен. Сол жылдарда бір қатты қиналғанында Бегалы:

- Қап, сол кезде Еділбай нағашыма-ақ бала болып кетсемші. Бір үйдің жалғыз баласы боп шалқып өмір сүретін едім. Нақ мына құсап қиналмас едім,-деген екен шын-ақ күйзеліп. Бауыржан соны меңзеп отыр екен ғой. Артынша шарбақтас көршісі баяғы Меңлібала әженің баласы Әзімхан мен келіні Аяшты да шақырып алды. Аңқылдаған ақпейіл ауыл адамдары-ай, десеңші! Ауыздарын ашса жүректері көрінген. Келе мәре-сәре, бар әңгіме айтылып жатыр. Қайта қазан көтеріліп, соғымның сүрі қайта асылды.Түнгі үш жарымға дейін ақтарыла әңгімелестік. Бұдан он төрт жыл бұрынғы жиынға Меңлібала әжені нағашы жұрт жеңіл көлік жіберіп алдыртқан екен. «Сол жиыннан апам дән риза боп қайтты. Мына заманда он алты киім мата әкелу деген керемет жағдай ғой»-деді. Бір көйлек, бір орамал тартып келді. Қайтарда сіздердің көліктеріңізбен қайтқан апамды мен қарсы алдым. Түс десем түспей қойдыңыз ғой. Бір-екі күн қонғанда талай әңгімеге қанығатын едіңіз. Содан бері келіп отырғаныңыз осы,-дейді ақкөңіл Аяш. Иә, туған нағашыларымының ең болмаса біреуі тірі болғанда осы уақытқа дейін талай алыс-беріс болар еді ғой,-деп барымызды аямағанымыз рас. Көйлектік мата мен орамалға қоса маманның он екі ағасына бағыштап, он екі ерлер көйлегін де қосқанымыз есімде. Сол қиын жылдарда біраз ел мені бақуатты әйел қатарына қосатын. Әйтеуір ата-баба рухы риза болсын деген ниет қой. Әйтпесе елден асып-тасып бара жатқан

жеріміз жоқ еді.

Сонымен жоғарыда айтылған Меңлібаланың Әмірге немере қарындас екенін, Әмір атамның отызыншы жылдардың ішінде емес, қырық тоғызыншы жылы, жетпіске таяп қайтыс болғанын айтқан Меңлібала әжейдің өзі екені анықталды.

Бүкіл жанұясынан айрылған нағашы атам өзімен-өзі тұйықталып жалғыз өзі тұрған. Өмірінің соңына дейін жүз қаралы қойды бағып жүргенін де сол кісі айтқан. Ол қойлар шамасы сол артельдікі болуы керек. Ол заманда жеке меншікте бірер бас, ең тұрмысты кісінде бес-алты, ары кетсе оншақты бастан артық уақ жан болмағанға ұқсайды. Осылайша біраз жайдың беті ашылғандай болды. Ақкөңіл Әзімхан мен Аяш сонша жерден әуре боп әдейі іздеп келгенде Меңлібала әженің әңгімесін анықтағанымыз болмаса, жаңа еш тың дерек айта алмадық-ау деп жатыр. Сол ойдан туды ма Әзекең маған тағы бір жағдайды айтып жатыр. Бұл маған аса қажет болмаса да алғаш көңілі үшін сызып, жазып берген қағазын алсам да, кейін сол жерді өз көзіммен көргенде тарихшылар мен археологтардың аса назар аударып, зерттейтін тың жұмысы екен-ау деп түйдім. Сондықтан ол туралы аз да болса айта кеткім келді. Қаладан Мырзатай арқылы жүретін жол 40 жылдыққа дейін(қазіргі Мәдімар ауылы) Жетібайды баса өтіп тік кетеді де, 40 жылдықтан кейін жол солға бұрылады. Алда Кеңес ауылы. Бес-алты шақырымдай жүргенде жол екіге айрылып солтүстікке бұрылғаны бұрынғы Чапаев ауылдарына қарай бет алады. Осы Чапаевқа бұрылған жолдың оң жағы Темірбек даласы. Осы жерде Ақтоған деген көл бар. Сол көл маңынан бұлақ суынан

бастау алатын Шәлке деген шағын өзенше асфальт жолды қиып өтіп, жолдың екінші жағында Кеңес аулына қарай Қаратоған суының жанына дейін ағып келеді де, солтүстікке Чапаев ауылдарының батыс жақ сыртынан ағып отырып, Таласқа кеп құяды. Осы Қаратоған мен Тегістік аулының арасында «Үлкен бейіт», «Кіші бейіт» деген бар. Біреулер оларды осылай атаса, біреулер «Үлкен қорған, Кіші қорған» деп атайды. Әрине бір кездерде бұл жерге адамдар қойылса қойылған шығар. Бірақ бұл бейіттен гөрі қолдан төртбұрыштап тұрғызған қорғанға қатты келеді. Қолдап үйген жал-жал төбенің қатарласа жалғасып төртбұрышты геометриялық фигураға ұқсауы, ұзындығы мен енінің ат шаптырым көлемі осыған саяды. Менің ойымша сол ұлы бабамыз Абылай ханның заманынан қалған ба? Болмаса одан да бұрын соғылған қорған болуы да мүмкін. Қазақ даласы археологиялық қазбаларға бай ғой. Осыны сол мамандар зерделеп, зерттесе Қазақ тарихында тағы бір жаңа парақ ашылып, тың дерек табылары анық. Кешіктірмей қолға алуларына аса тілектеспін. Бұл ауылға барғандағы тағы бір тапқан қазынам, әкем марқұм Шежірені Қазақтан бері тарқатып айтатын. Пайғамбарларды да Адам Атадан, Хауа анадан былай қарай тарқатып айтушы еді. Соны керек болар-ау деп кезінде жазып алмаған екенбіз-дегенде бір ағамыз маған сенімсіздеу қарап еді. Соны кезінде Құлкерім тәтем жазып алды ма екен? Өзге де ел ішінде білетін кісілер болды ғой, әрине. Сол деректердің 1991-жылы кітап болып басылып шыққанын көріп қатты қуандым. Біраз нәрселерді жазып та алдым. Бәрібір ертесінде қайтарда көңілім әлденеге алаң боп, әлденені іздеп, іздегенімді тап басып

таппай, жаным жабырқап тұрды. Қоштасарда Бауыржан мен Айқұмарға:

- Жолда келе жатып байқадым. Жетібайды (Новоивановка) Жалғызтөбе ауылдық округы-деп жазып қойыпты. Бұл шамасы ескі аты болар... Соны жаңғыртқан сияқты. Осы Чапаев ауылдарын Кеңес үкіметі кезінде қандай ауылдық округ-деп атады екен? Мұны бір білсе ауылдық әкімшілік немесе мектептегі ескі құжаттарда болуы мүмкін. Мұнда комсомолдың алғашқы құрылып жатқан кезінде, сол комсомол ячейкасын басқарған, болмаса басқармай-ақ қойсын, сонда алғашқылардың бірі боп жұмыс істеген кісі туып, өскен ғой. Мүмкін емес... Содан бір із шығуы керек қой. Ол Ғани Мұратбаевтың ісін жалғастырушы деп сұрасақ па?-деп те ойлаймын. Осының бір дерегі болар ма? Кешіктірмей анығын біліндерші. Не дерек тапсаңдар да, тіпті таппасаңдар да маған хабарын айтыңдар.

- Мақұл, сұрап білеміз,-деді олар қоштасып жатып.

Таксимен ертелетіп-ақ қалаға жетіп келдім. Кешке қарай мен жазу столында отырсам, телефоным шырылдайды. Тұтқаны көтерсем Бауыржан:

- Әпке, бұрын Комсомол ауылдық округы-деп аталыпты.

- Бәсе-бәсе!.. Ой жарығым, көп рақмет саған.

- Басқа еш дерек жоқ.

- Не себепті Комсомол атағаны жайлы ештеңе жоқ па?

- Жоқ. Ешкім не себепті олай аталғанын білмейді.

- Жақсы.

Қоштастық. Түнімен дөңбекшіп бұл жайлы аудандық мұрағаттан білуге болатын шығар- деген ойға келдім.

Оның үстіне Сарыкемерде Өмірзақ берген тағы бір кісінің мекен-жайы, телефоны бар. Алдымен жұма (22-ақпан) күні әлгі кісілермен телефонмен хабарластым. 26-ақпан күні жолығып әңгімелесетін болып уәделестім. Бұл күні Нұрпейіс пен Хадиша кісілермен танысып, әңгімелескенім болмаса ешқандай тың дерек шықпады. Ал аудандық мұрағатқа бұл екінші рет келуім болғанымен ондағылар 1930-40-жылдардан ештеңе жоқ. Қарап уақыт кетірудің қажеті жоқ. Тек 1955-60- жылдардан бастап қана сақталған құжаттар бар. Онда да сіз іздеген жайлардан еш дерек жоқ деп шығарып салды. Сонда да болса телефон номерлерін алып қайттым.

Япырау нақ сол ауылдың «Комсомол ауылдық округы» атануы тегіннен тегін емес қой. Мүмкін емес. Нақ менің нағашымның атымен аталмаса да не себепті Комсомол атағаны жөнінен қалай да бір дерек болуы керек. Күндіз-түні осы сияқты сан түрлі ойға қалған мен ертесіне 27-ақпан сәрсенбі күні сәскеде қайтадан облыстық мұрағатқа Сәуле Асанқызына телефон шалдым.

– Саламатсың ба? Бұл Сәуле Асанқызы ма?

- Саламатсыз ба ? Иә. Бұл менмін.

– Айналайын, Сәулеша, сіңлім! Мен тағы сол өткендегі әпкең Ұлданамын ғой. Біз осы бір нәрсені дұрыс істемей жүрміз-ау деймін. Менің сұрағым дұрыс болмаған сияқты. Бірер күн бұрын ғана мен «Чапаев» аулының бұрын «Комсомол ауылдық округы» атанғанын анықтадым. Бұл бекерден бекер емес қой. Сол жылдарда жаңа ұйымдасып жұмыс жүргізіп жатқан комсомол ұйымында көп те кісі болмаған шығар. Ең

болмаса алғашқы комсомолдардың, пионерлердің тізімі бар шығар?

– Иә бар.

– Бар болса қай жылдардан бастап, қай жылға шейін?

- 1917-жылдан 1928-жылға дейінгі сақталған. Ал сіз іздеген 1930- жылдар жоқ.

– Мейлі, жаным. Сол 1917- жылдан 1928-жылға дейінгіні көрсетесің бе маған?

– Көріңіз... Бірақ қашан келмексіз?

Бұл кезде түс қайтып, сағат үштен аса бастаған кез.

– Бүгін емес. Ертең таңертең барайын. Иә ма?

- Келіңіз. Мақұл, көріңіз.

- Сау бол, жаным.

- Сау болыңыз.

Ертеңгі күнді болдыра алсамшы. Құдды бір бала кезінде әке-шешен бір жаққа қыдырамыз, сені де ала кетеміз,-дегендегі алып- ұшқан сезім. Ертеңіне 28-ақпан бейсенбі күні таңертеңгі шайымды іше салып, алып –ұшып мұрағатқа жеттім. С. Асанқызы бір құшақ папқаларды әкеп алдыма үйіп қоя салды. Өзі жаурап тұр. Құжаттар тұрған жер суық болғанға ұқсайды.

НӘУБЕТ ІЗДЕРІ.

...Алпыс жылға таяу нағашысыз да өмір сүріп келемін. Маған керегі сол кездегі жердің аты. Ең алғашқы колхоз дейміз бе, артель ме, қалай аталды? Оны кім басқарды? Халықтың сол кездегі тұрмыс жағдайы қандай еді? Неген айналысты?

Бірден бірнеше сұрақты жаудырып тастадым. Сәл аңтарыла, сұрақтарымды мұқият тыңдаған Бодаубек аға:

-А-а-а? Дұрыс-дұрыс. Айтайын,- деді.

Ол әлсін-әлсін есіне түскен жайларды ойлана отырып әңгімелей бастады.

Менің неше жылдан бері іздеп келе жатқан зерделі де зейінді кісім осы Бопыров Бодаубек болып шықты. Өйткені оның айтқан үздік-үздік әңгімесі мен үшін аса құнды деректер еді.

Бодау ағайдың әңгімесі:

...Жаңабайлар да бірнеше атаға бөлінеді ғой. Мысалы Шақан атануының да өзіндік себебі бар. Сырлы атануының да себебі бар. Бәрінің дерлік қос аты бар. Азан шақырып қойған аттарына өмір сүре келе кейбірінің бойындағы ерекше қасиетіне байланысты, кейбіріне әдетіне байланысты тіпті кейбіріне әйел қауымының ат атамау ғұрпына байланысты жанама аттар таңылған. Кейбіреуі тіпті өз аттары ұмытылып сол жанама аттарымен аталып кеткен.

– Неліктен Сырлы атаған?

- Өйткені үлкен атамыз Аран үнемі сырлы қылыш, сырланған таяқ ұстап жүреді екен. Содан Сырлы Жаңабай атаныпты.



- Аталарыңыз бұрын қай жерде өмір сүрген?

– Бұрын колхоздастыруға дейін біздің ел де қыста құм-құмның арасында қыстаған ғой, қарағым. Бір белдің астында үш-төрт үй, бір белдердің арасында бес-алты үй, кей құмның арасында оншақты үй деген сияқты. Негұрлым бай кісілер көп үй болып көшіп-қонған. Ағайыны, малшы-жалшысы бар дегендей. Ал жазда бір шегі Көделі, Темірбекті жайласа, бір шегі Абылай деген жерді жайлаған. Біздің Сырлылар осы Абылай деген жерде отырған. Оның «Абылай» атануы да өзінше бір ерекше оқиға. «Халық айтса қалт айтпайды» деген ғой, қарағым. Халық арасында ілгеріде айтылатын аңыз әңгімеге қарағанда, баяғы жаугершілік заманда Жоңғарларды түре қуып тастап қайтып келе жатып Абылай хан қонған төбе бар. Сол төбені халық Абылай төбе дейтін. Үлкен кісінің атын тура атай алмай әйелдер қауымы Төре төбе атаған. Сіз айтқан бейіт басы, яғни нағашыларыңа барып құран оқыған үлкен, биік төбе сол Абылай төбе. Кейін «Төре қойылымы» атанып кетті. Оның себебі ілгеріде қайтыс болған Сырлылардың ата-бабасы түгелдей сол жерде жатыр. Сіздің нағашыларың да сонда жерленген. Кейін бос орын қалмаған соң, бақилық болғандар басқа жерге қойылып жүр. Бұл Абылай төбе туралы әңгіменің бір парасы (версиясы).

Екінші бір әңгімеде Абылай хан Жоңғарларды ойсырата жеңіп келе жатып түстенген дейді. Ал енді бір әңгімеде жауды жеңіп келе жатып, жеңісін елге паш етіп көрсету үшін ту тіккен –дейді. Қалай болғанда да сол жер ұлы бабамыз хан Абылайдың ізі қалған жер. Кейде ол жерді Төре қорған деп те атайды.



Сол құм-құмның арасында шашырай көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдарын жинап отырықшылыққа үгіттеп, біржолата орнықтыра бастағанда біраз Жаңабайлар қазіргі Шақан аулына қоныстана бастаған. Біразы, Сырлылар, осы Абылай төбені маңайлап, Талас өзенінің жағасына қоныстанған.

Ол кезде дүниеге келмеген кісінің әңгімесінен барлық жағдай жайбарақат өз еркімен болған сияқты көрінгенімен, бұл кездегі жоғарыда айтылған отырықшылық пен өзен жағасына қоныстану алғаш зорлықпен, күштеу арқылы жүзеге асқаны ақиқат. Мұны тарихта былай деп жазады.

- Күштеу, зорлық, зомбылық көрсету арқылы ұжымдастыру шаралары тездетілді. Күштеп ұжымдастырушылар қазақ қоғамындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшелігін мүлде еске алмады. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», «Қайдан тапсаң онан тап, қаптың түбін қақ», «Социализмде сотқа тартылмаған адам болмайды» деген ұр да жық ұрандар елдің түбіне жетті. (Қазақстан тарихы. Алматы 2009ж.248- бет) Міне Қазақстан тарихында бұл жылдардағы оқиғаларды осылайша суреттейді.

Енді ЖЭС туралы айта кетсек. ЖЭС-(жаңа эканомикалық саясат) шараларының негізінде таптық тұрғыдан жіктелу жүріп, әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарда тек эканомикалық қана емес, саяси ықпалының болуы большевиктерді кедей және орта шаруаларды өздеріне тарту, байлардың позициясын әлсірету бағытында шұғыл шаралар жүйесін бекітуге итермеледі:

- Жұмысшылардың таңдаулы өкілдерін партия

қатарына тарту.

- Кеңестерден байларды аластатуға ат салысу.
- Байлардың мал және шикізат дайындаудағы ықпалымен күресу.
- Қосшы одағы мүшелеріне несиелер беруде, еңбектерін қорғауда жеңілдіктер, кооперативке кіруге артықшылықтар жасау.
- Кеңестерді жандандыру және ол үшін Кеңес, кооператив және басқа ұйымдардың қызметтерін нығайту.
- Шаруалардың өзара көмек комитеттерін құру.
- Орташаларды кедейлер жағына тарту.
- Кедейлер мен батрактардан актив құру.
- Кіріптар шаруаларды құқықтық тұрғыдан қорғау т.б. (Қаз-н тарихы.1915-2005.18-бет)

Сол жылдарда байларды аластатуға Сарыбарақтан Сырлы Жаңабай Аралбайұлы Битен ілігеді. Ол кісі конфискация кезінде жоқ боп кеткен. Жұмысшылардың таңдаулы өкілдерін партия қатарына тарту тармағын жүзеге асыруда Байсеркеұлы Мейірманқұл партия қатарына алынған. Орташаларды кедейлер жағына тарту жұмысына Әмір атамның жанұясы іліккен. Сонымен қатар басқа ұйымдардың қызметін нығайту тармағы мен кедейлерден актив құруға жалпы сауат ашу кезінде (ликбезде) алғырлығымен, білімге құштарлығымен көзге түскен Сәт нағашым тартылған-ау деп ойлаймын. Оны дәлелдейтін құжаттар көшірмесі алда келтіріледі. Енді бұл тізбедегі үшінші тармақты қарастырайық.

Шикізат дайындау. Қандай шикізат?-деген сұрақ туады. Оған да Егемендік алғаннан кейін жарық көрген Талас Омарбековтың Зобалаң атты тарихи шығармасынан мысал келтіре кетейін.

Табын, Маңқыстау және Жылқосы аудандары бойынша шикізат даярлау жоспарын орындау туралы.

1931 жылдың 10 қыркүйегі (процентпен)			
Шикізат түрлері	Табын ауданы	Маңқыстау ауданы	Жылқосы ауданы
Жылқының жал құйрығы	18,5	77,6	193,4
Иттер	30,0	—	—
Есектер	—	—	—
Сарышұнақтар терілері	33,3	—	—
Жылан, кесірткелер	56(саны)	—	—
Ескі-құсқы шикізат:			
шүберектер	26,5	36,0	23,0
резіңкелер	—	10,0	—
сүйек-саяқтар	—	0,2	15,6
темір-терсектер	—	3,7	2,8
мүйіз-тұяқтар	—	—	11,8

Зобалаң. Т.О. 255-бет Санат 1994ж.(5054-іс 166п)

Нақ осыған ұқсас сызбамен келтірілген шикізат дайындаудағы деректерді өзіміздің облыстық мұрағаттан да көрген едім.

Онда Әулиеата уезінің сол кездегі жеті болысы мен келтірілген цифрлар ғана өзгеше. Издегенім адамның тегі мен аты болғандықтан оны жазбап едім. (Амировты әлі таппаған кезім). Демек бұл бүкіл Қазақстанның өн бойында іске асырылған шара. Мүмкін СССР-дың құрамына енген басқа республикаларда да осындай салық салынған шығар. Шикізат даярлаудағы мұндай сорақылық ісі қазақтың намысына тиіп, қорлықтан да бетер әсер еткен. Мұнымен қоса байларды тәркілеу, күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру кезінде

бүкіл қазақ елінің әр жерінде стихиялы бас көтерулерге әкеп соққан.

Бұл бас көтерулер 1929-жылғы Тақтакөпір оқиғасы, Бостандық көтерілісі, Батпаққара көтерілісі деп тарихта қалды. 1930-жылы Созақ көтерілісі: (Аңыз және ақиқат), Сарбаздар (Ырғыз) көтерілісі, Қарақұм наразылығы, Өскемен және Зырян көтерілісі. Шұбар, Балқаш, Шоқпар наразылықтары болған. Осы оқиғалардың себеп-салдары 1931-жылғы Адай көтерілісіне әкеп соққан.(Зобалаң,Т.О.)

Осы көтерілістердің бәрін дерлік қарулы жасақтар аяусыз басып-жанышқан.

Бодау ағайдың әңгімесіне қайта оралсақ.

Қыста құм арасына, жазда өзен жағасы мен жазық далаға көшіп-қонып, емін-еркін өмір сүріп жүрген халықтың біразы Таластың оңтүстік жағасына, қазіргі Тегістік аулына қоныстанған. Ауылдағы біраз ел Жаңабайлар болғанымен арасында Бестеректер тағы басқа рулар да кезігеді. Әсіресе Тегістік аулының дені Бестеректер. Алғаш осы үш ауыл өзді- өз алды-алдына жеке артель болып ұжымдасқан. Сарыбарактағы ең алғашқы артельдің аты «Бірлік» деп аталған. Құмнан көшіп келген жанұялар сол жерден үй салған. Бұл артельдің алғашқы басшысы Байсеркеұлы Мейірманқұл деген кісі. Ауылдағы алғашқы коммунист. Әйелінің аты Седекұл. Злиха атты қызы, Сатыбалды деген жалғыз ұлы болды. Злиха үйленіп, балалы-шағалы болған деп естідім. Қайда тұратынынан хабарым жоқ. Ал Сатыбалды ауданда бас зоотехник болып істеген деген дерек бар. Өңірдегі ең алғашқы және сол кездегі жалғыз Коммунистік партияның мүшесі сол ерен еңбегінің

жемісін жеудің орнына 1937-38 жылдары «халық жауы» боп ұсталып, содан жоқ боп кетті. Артельдің алғашқы әрі негізгі айналысқан шаруасы мақта өсіру. Аздап мал шаруашылығы болған. Қыпшақбайұлы Аязбай деген кісі мақтаның бригадирі болған. Оны да Мейірманқұлдың құйыршығы деп ұстап әкетіп, жеті жыл сотты болды. Кейін бостандыққа шыққан соң екінші рет әйел алғаны себепті Құрама Штат деп аталатын жерге он жылға жер аударылып кетті. Ол кісінің бірінші әйелі Маржан.

Соғыс жылдарында Беларусь, Украин және Кавказ халықтарын СССР-дың ішкі, соғыстан алыс аудандарына көшірген. Сол көшпен келген балкар қызы Лиляны ескі қазақ ғұрпымен екінші әйелдікке алып, Аязбай кісі екінші рет істі болған. Құрамада он жылын өтеп болған соң осы кісі Теспеге алпысыншы жылдарда көшіп келген екен.

Ол кезде мұндай емес, Талас өзенінің ескі арнасы толып, көктемде таситын. Өзенге жақын отырған үйлерге ересен қауіп төнетін. Мұндай кездерде өзенге салған көпірді де жұлып кететін. Соның кесірінен талай адам да, мал да суға кеткен кездер болды. Қазір Қырғызстан суды бөгеп соның салдарынан су өзеннің табанынан ғана ағып жатыр ғой. Арғы бет пен бергі бетке қажетті жағдайда қайықпен өтетін халық, қайық аударылып қалып та талай зардап шекті. Өйткені Талас өзенінің ағысы өте қатты болды.

Кеңес үкіметі орнардан да бұрын осы өзен үстіне үкімет салған көпір арқылы өтетін жалғыз көлік дейміз бе, пошта дейміз бе Узкоколейка деп аталатын темір жолға ұқсас, бірақ одан гөрі тар рычагтың көмегімен

қолмен жүргізілетін көлік бар болатын. Бірақ ол жеткіліксіз еді. Оған ілуде бір бірлі-жарым адамды отырғызбаса, өзгелей адам тасымайтын. Оның жұмысы құмда сексеуіл, жүзген дайындайтын арнайы адамдар бар. Бір шеті құмға барып тірелетін Узкоколейка солардың дайындаған отындарын тиеп, қазіргі орталық Достық алаңы ол кезде Атшабар деп аталатын. Отынды, хабарды, сәлем-сауқатты сол Атшабарға жеткізеді. Ол кезде базар да, түрлі ат жарыс, әртүрлі спорттық ойындар да сол жерде өтеді. Ал адам көп жиналатын жерде сөз жоқ, ыстық, тіске басар пісіріліп жатады. Әлгі отынды сол ет, кәуап, бәліш, түрлі тоқаштар, палау пісіретіндер алады. Есесіне құмға қарай қайтарда қаладан ауылға біреулерге жіберілген сәлем-сауқат, аманаттарын, кейде тіпті хат-хабар ала келеді. Өзеннің көпір салынған жерінде арғы бетте жалғыз тал бар-ды. Сол талдың дәл жанында аппақ жұмыртқадай бір-ақ бөлмелі жалғыз там болған. Талды Андрей тал, тамды Андрей там деп атаған. Талды ыстық күнде Узкоколейканы күткен кісілер саялайды екен. Ал жалғыз бөлмелі там, талайға дейін почта қызметін атқарған. Әрі-бері жіберетін сәлем-сауқат сол жерден таратылып тұрған. Бұл ақ тамның пайдасы әсіресе Тегістікте тұратындар үшін ересен болғанымен, осы ақ тамға қайықпен өтеміз деп Шақан ауылы мен Сарыбарақта тұратындар, адамдары суға кетіп, талай қайғы-қасіретке ұшыраған. 1932-жылдары үкіметтің рұқсатымен, бұрын тек отын таситын Узкоколейка ашыққан балаларды қалаға тасыпты. Оған тығыздап отырғызғанда бес баладан артық симайды екен.

Ал сенің мамаңды детдомға өткізуге де ықпал

еткен сол Мейірманқұл бастық деп ойлаймын. Өйткені 1932-жылы халық, әсіресе балалар, жаппай аштан қырыла бастағанда әлгі сен айтқан сатылы арбаны ұйымдастырып, балаларды жинаған да сол кісі екен.

Бодаубек аға осы сөздерді айтқанда бұған дейін де талай рет санамды тілгілеп көңілімді қобалжытқан әңгіме есіме түсті. Балалық бал дәуреннен, ата-анасынан, бауырларынан айырған, өмірінің аса бір өкінішті, қасіретке толы кезеңін де анамның өзінен естіген едім.

...Менің әке-шешем ортағана дәулеті бар кісілер екен. Көңіл қалауымен бас құраған олар, ұдасқалы он екі ұл балалы болыпты. Бір қора, кіл ұл баланың тамағын тауып беру оңай болсын ба? Балаларын тарықтырмай асырау үшін, әкем үнемі түз жұмысында жүреді екен. Бұрын тары егумен айналысқан атамыз Әмір, балаларының басы көбейе бастағанда «қазақы сары жүгері» деген дақылды еге бастаған. Апамыз Бегайым оны қуырып, талқан тартып қояды екен. Яғни нағашы атам Әмір ди-хан болған деген сөз. Бұл әлі бұрынғыша жайбарақат өмір сүрген кезеңдегі айналысқан ісі. Ұжымдастыру науқанынан кейін ол кісі бұл кәсібінен қол үзген. Мақта егуді негізгі шаруашылық көзі етіп алған үкімет басқа етіске тыйым салды ма? Әлде соқа-сайманын күштеп тартып алды ма, ол жағынан нақты дерек жоқ. Мүмкін өз еркімен үкіметке тапсырған шығар.

Бірін екі ете білетін анам көп баланың еш қайсысын жалаң бас, жалаң аяқ етіп көрмепті. Әкем момын, көнбістеу кісі екен де, шешем еті тірі алғырлау кісі болыпты. Өрмек құрып, ши тоқып, киіз басумен қатар, бізбен де тоқыма тоқиды екен. Балаларына қолдан тоқыған малақай, байпақ, шұлық кигізіп қойыпты. Со-

нымен қатар ертелі-кеш қолынан инесі түспейді екен. Балаларының алды ер жетіп, үйленетіндей жасқа келгенде, «қандай ел қыз балалы болады екен», - деп жүргенде он үшінші перзенті-мен дүние есігін ашып-пын. Әке-шешем қатты қуаныпты. Әсіресе анам: «Менің жанашырым, көмекшім енді келді дүниеге»-депті, дейтін білетін кісілер. Кеңес үкіметі орнағанда үлкен ағам комсомол мүшелігіне өтіп, кейін сол комсомол ұйымын (ячейка) басқарыпты. Өзінен кейінгі інісін де комсомолға тартыпты. Кейін ол кісі өзіне көмекші болыпты. 1932-жылы ашаршылық пен індет қатар келіп, соның кесірінен ағаларымның барлығы қаза тапқан. Ал анам менен кейін тағы бала көтерген екен. Азамат болған балаларының қайғысынан қан жұтып, уағына жетпей тағы ұл бала босаныпты. Қайғыдан әлсіреген ана босану үстінде өзі де қаза болыпты. Шар етіп тірі туғанымен он төртінші перзенті ұл бала екен, ол да шетінепті. Шарана шар етіп дыбыс шығарған соң бірнеше рет аузын ашқан да, шетінеп жүре берген.

...Сонымен, бір кезде, « Әмір бір өзі бір рулы ел болды»- деп ішегін тарта шулаған ағайындары енді бұған қатты көз тиді депті. Ал жалғыз қызы мені қалаға, Әулиеатадағы балалар үйіне бес жасымда өткізіпті,- дейтін. 1927-жылы дүниеге келген мамам 1932-жылы бес жаста болған.

...Иә. Ағаларым аштан емес, індеттен қырылып кетті. Өйткені ол кісілер сияқты үкіметтің белсенділеріне, ол кезде арнайы паек бөлініп тұрған. Деректерде келтіргеніміздей оларға азын-аулақ жеңілдіктер болған. Әрине, қазіргідей ас та төк азық-түлік қайдан болсын. Екі-үш қадақтары, бұршақ, түктелген бидай, қарақұмық,

кейде біраз картоп беріледі екен. Сонымен қатар кейде сұрып, бязь, шыт, бояқ сияқты мата түрлерінен бірер кез тиетін кездері болған. Тіпті ақшалы болған кездері де болыпты. Ол кездегі халықтың тұрмыс жағдайында бұл бір жанұя үшін үлкен табыс болып есептелген. Иә, «ақылды тұрмыс билейді» дегендей бір үйдің екі бірдей азамат болған баласының алғашқы Комсомол ұйымына кіруіне бірінші себеп тұрмыстық жай болса, екінші себебі, әрі негізгісі олар таяу уақытта орнайтын жарқын болашаққа риясыз сенген. Сондықтан да жаңа орнап жатқан жас үкіметтің кезек күттірмес тапсырмаларын мүлтіксіз орындауға бар ынта-жігерін аямаған.

Табыстарын өздерінен артылдырып ата-анасы мен бауырларына әкеп болысқан оларға, мынадай қиын заманда үй іші ғана емес, бүкіл ел-жұрт та сүйсінген. Бір жағы қызыққан. Үй ішіне өздерінің тапқан талқажаяуымен екі бірдей азамат ұлдың қол ұшын беруі, қарық қып қарын тойдыра қоймаса да шала құрсақ аштан өлмейтін жағдайда ұстап тұруға жараған. 1932- жылы көктемде халық аштықтан жаппай қырыла бастапты. Өзегі талған ел аштан өліп кетпес үшін түрлі айла-шарғыға барған. Сол жылдарда аулайтын аң да қалмаса керек. Табыла қалған аң-құсты ұстауға да ең бірінші ептілік, сонымен қатар әрқайсысын ұстауға өзіне лайықты құрал-сайман қажет. Ал мұндай жағдай көпшілік жұртта бола бермеген. Амалы таусылған елдің біразы тышқан ауласа, біразы құмнан жажұмыр тереді. Біразы күріштің күрмегіне ұқсас дәні бар шөп болады екен. Соның дәнін қуырып, келіге түйіп жейді екен. Тіпті көрпеге салып қойған шиттелмеген мақтаның шитін алып жегендер де болыпты. Енді біраз халық су жағалап балық ұстауға

әрекеттенеді. Көп ел су жағалап кеткендіктен, суда балық та қалмаса керек. Сонда да «үмітсіз шайтан» деген, бірдеңе іліге ме деп біраз ел сулы жерді жағалап жүріп қаза болған. Содан Қарабақыр мен Шәлкенің суын жағалаған ел қырыла бастағанда, тірілердің тірі жүр деген аты болмаса қыруар күшті қажет ететін, мәйіттерді жерлеуге шамасы келетін жан қалмаған. Халық топ-тобымен қырыла берген. Жаз шыға күн ыси бастағанда осы су жағалап, әрең қыбырлап жүрген, тірі өлікке ұқсас жандардың арасынан індет шығып, ол өзгелерге тез тарай бастаған. Ол кездегі жоқтың қасы деуге болатын медицинаның бұл індетпен күресуге шамасы жоқ еді. Сондықтан ауру туындаған көздерді (очаг) тез арада өлі-тірісіне қарамай өзен жағасындағы қамыстармен қоса өртеп жіберу ісі комсомолдарға жүктеледі. Бұл аса құпия тапсырманы, амалсыз орындау үстінде үлкен нағашыма індет жұғады. Қаладан алыс ауылға тапсырманы орындауға түн қараңғысында жеткен комсомолдар бір ауылды Қарабақырдың сол тұстағы қамысымен қоса өртейді. Екінші ауылға келіп сол тапсырманы орындағанда таң сыз бере бастайды. Үшінші рет Шәлкені жағалаған ауылға келгенде таң атып, күн едәуір көтеріліп кеткен екен. Бір кейуана жүгіріп келіп нағашымды «бізді де өртейсіндер ме?» деп құшақтай алыпты. Мынадай жағдайдан соң ары қарай бұл тапсырманы орындауға дәттері бармаған комсомолдар, тірі адамдарды өлілермен қоса өртеуге қолдары бармай кері қайтыпты.

Әлсін-әлсін, араға жылдар салып өзінің балалық шағын әңгімелегенімен, анам осы оқиғаны тым беріректе баяндады. «Өртеу, бұл аса құпия тапсырманы

орындау»-деген сөздерді аса бір сақтықпен, сыбырға бергісіз етіп, естілер-естілместей ғып айтып отырды. Соған қарағанда осындай әңгімелерді айтудан да қорыққан екен,-ау деп ойлаймын.

Осындай өте өкінішті оқиқалардың жетпісінші жылдардағы тірі куәсі Шайбала апамыз еді. Ол кісі біздің үйдің ең бірінші құдағиы. Бегайдың енесі. Шайбала апа да Жаңабайдың қызы. Шәлкенің жағасындағы ауылды өлі-тірісіне қарамай қамысымен қоса өртегенде, өрттің жан-жақтан қоршай өрбігені сонша тірі адамдардың даусынан төбе шашым тік тұрып, арқамнан жылан жорғалағандай әсер етті. Бет алды жүгіріп келе жатып есімнен танып, құлап қалыппын. Қанша уақыт өткенін білмеймін. Бір күн жаттым ба, үш күн жаттым ба, қайдам. Есімді бір шала-шарпы жинағанымда бір кісі өңгеріп пе, көтеріп пе келеді екен. Содан бір үйге әкелгенде бір әйел жуындырып, киіз боп қатып қалған шашымды тарақпен тарап, басымнан сипап отырып:

- Ай, сорлы жетімегім –ай!- деп өзінің де көз жасын сүртіп, менің де көз жасымды аялай сипап сүртті,- дейтін. Өртенген бір ауылдан, бір әулеттен қалған сонда жалғыз сол кісі, кішкентай, 11-12 жасар қыз екен. «40 жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі»,-деген рас екен. Мына төртеуінің көрер жарығы ғой мені алып қалған,-дейтін.

- Күйіп қалмай, қалай сау қалғансыз?-деген сұрағыма:

- Суға құласам керек. Жан-жақтан қаулаған от маған жетпей сөнсе керек. Индеттен де, аштықтан да, өрттен де солайша аман қалдым. Бір Алланың көмегі. Соның бәрін көресің. Бірақ сен аман қаласың,-деп тұр ғой, Жаратқан

Ием,-дейтін жарықтық. Сондағы Шайбала апаны есекке өңгеріп алып келген өзінің аталас алыстау туысы екен. Әкеп берген кісісі менің туған жездем Емісбектің әкесі Сәуірбай. Ол кісі сол тұста Әулиеатадағы жалғыз нан зауытында екі күн істеп, екі күн демалады екен. Ал бәйбішесі ешқашан бала көтермеген кісі. Бәйбіше аса таза, ұқыпты және өте мейірімді жан болса керек. Шайбала апамызды барынша өз қызындай аялап өсіріпті. Оның айғағы апамыздың айтуында биттеп кеткен шашын біртіндеп отырып тазалады. Шашымды ешқашан суламай тарамайтын,- деген сөздері. Ағайындары жиналып, он алты жасқа толғанда Шайбаланы Сәуірбайға қосыпты. Сол кісіден ең тұңғышы менің жездем, Емісбек. Егделікті еңсеріп қарттыққа бет алғанда еміс-еміс көрінген перзентім деп, атын Емісбек қояды. Одан кейін Мейрамқұл, Маржан. Сәуірбай қайтыс болған соң бірер жылдан кейін қайнысына қосып, ол кісіден ең кіші баласы Төребек туылады. Өмірде еш туғаным жоқ, бұл жарық дүниеде жалғызбын-деп жүргенде Аққиядағы Жанысқа үйленген өзінен бес-алты жастай кіші сіңлісі Шайкүлді тапқан. Бұл арада жиырма жылдай уақыт өткенде болған оқиға құсайды. Сіңлісін де Шәлкеден ары құмға таман тұратын әлгі туысы өрт сөнер-сөнбесте келіп, тауып алса керек. Кішкентай қызды өзі алып қалып өсіргенге ұқсайды. Қанша баққанын кім білсін? Ол да біреуге екінші әйел болып, алты бала табады. Адуын бәйбішеден көп қысым көріп, ақыры ауру тауып қаза болыпты. Шайбала апа: Сіңлім мезгілсіз қаза боп, балалары анадан жастай жетім қалып шеркөкірек болып өсті-ау, деп кейде көзіне жас алатын. Ал өзі алпыс бір жасында қылтамақтан қайтыс

болды. Міне осы жоғарыдағы оқиғаға қарағанда бұл аса құпия тапсырманы орындауға комсомолдар бір ғана бригада болып шыққан жоқ. Төрт-бес адамнан құралған бірнеше бригада болғаны анық. Шәлкені жағалай қоныстанған ауыл да, жалғыз ауыл емес. Қарабақырды жағалай қоныстанған бірнеше ауыл сияқты, бұл жерде де бірнеше ауыл болғаны өзінен-өзі түсінікті жай. Оқиғаны айтқан кісілер кезінде қалай қорқақтап, шындықтың бетін әрең ашса, жазарда мен де нақ солай толқып, осыны жазсам ба, жазбасам ба,-деп ойладым. Дегенмен ол оқиғаға ғасырға жуық уақыт өткендіктен, кейінгі ұрпаққа жазып қалдыруды жөн көрдім.

Мамам тағы бірде алыс қалған бір елестерге ойлана үңіліп отырып:

... Еміс-еміс есімде қалғаны, табалдырықтан ішке аттай бере ағам етбетінен құлады. Қайтып тұрмады. Іс істеп отырған анам ісін тастай салып, ұшып тұрып ағама қарай ұмтылды. Жұлқылап, қайта-қайта басын ұстап бірдеңе деді. Ал ол үн қатпады. Анам ағамның басын ұстаған күйі зар еңіреп жылады. Ел шулап кетті. Үлкен-кіші, кәрі-жас бәрі жылады...

... Сонда ол қайтыс болып кеткен екен ғой!.. «Үйге жетіп жығылайын»-деп қу жаны зорға жеткен екен ғой, - деді көзіне жас тола ауыр күрсініп.

...Содан ішіне сабан ба, шөп пе төсеген, оншақты ма, жеті-сегіз бе баланы салып алған сатылы арба есік алдына сықырлай кеп тоқтады. Сол арбаға мені де мінгізе бастағанда, қорқып қатты жыладым. Әкем мені жұбатып, бір қолымнан анда-санда ұстап қойып, арбаға ілесіп жүрді де отырды. Мұндай көліктер мен малдарды ол заманда Таластың арғы бетінен бергі бетіне па-

роммен өткізеді екен. Ал паром аптасына бір-екі-ақ рет ары- бері жүретін көрінеді. (Бодаубек ағайдың айтуымен.)

Жылай-жылай шаршап ұйықтап қалсам керек. Балалардың шуы мен түсініксіз сөйлеген орыс әйелдерінің дауысынан оянып кеттім-ау деймін. ...Одан кейін бәрімізді арбадан түсіре бастағанда орыс апалар бізді қақпайлап, есікке қарай ертіп жүргізе бастады. Әкеме қарап шырқырап жылаған мені, біреуі көтеріп алды. Көз жасын тия алмай еңіреп жылап жүрген әкем, шығар ауызға дейін барып, қайта келді. Мені қимай қайта-қайта маңдайымнан сүйіп, иіскей берді. Ақыры әлгі апалардың бірі зекіп, жасқады ма, ол маған жас тола көзімен қимай қарап жоқ болды. Содан қайтып әкемді ешқашан көрген жоқпын. Естуімше ағаларымның бәрі бір айдың ішінде қаза тауыпты.

–Үлкен ағаңыз сол кезде нешеде болған?

– Жиырма бірде. Екінші ағам он тоғызда екен.

Ағаларымның біразының аралары екі жастан екен, екі-үшеуінің ғана арасы жиілеу, бір жастан сәл аса, бір жарым жас болса керек. (Бұл кейінірек есейгенде берілген сұрақ.)

–Ол кісілердің аттары кім? Аттары есіңізде ме?

–Үлкен ағамның аты Сейітжан ба? Сейітхан ба? Әлде Сейітқадір ме? Біраз ойланып отырып: ...Әлде, әлде Сәтхан ба? Әйтеуір С әрпінен басталады.

- Одан кейінгі ағаңыздың ше?

–Баймахан, жо-жоқ,(басын шайқап) Бекмахан... Ол күдер үзе басын шайқап:

–Білмеймін... Мүмкін бір-біріне ұйқас шығар деп ойлаймын.

–Сонда ағаларыңыздың ең болмаса бір-екеуін неге қоса өткізбеді екен? Мүмкін сонда олар да тірі қалар ма еді?!

–Кім білсін?.. Неге бір-екеуін қоса өткізбеді?-деп мен де ойлаймын. Бәрі өтті-кетті. Болса да болмағандай. Туса да тумағандай. Ауыр күрсіне сөзін өксікпен аяқтаған анамның осы әңгімені айтқандағы кейпі адам аярлықтай еді.

Тым жастау болсам да іштей өз-өзіме серт бергендей болдым. Тірі жүрсем алдағы өмірінде көңіліндегі қайғынды ұмыттырып, шаттыққа бөлендіремін. Бұл менің іштей берген сертім еді. Ол алдағы өмірге қойған бір міндеттеме сияқты ой болғанымен, оны дәл сол кездегі ауыр ойдан арылту керек болды. Бірақ қапелімде не деп жұбатарымды білмей сасқан мен:

- Мама, өткенді ойлап қайғыра бермеңіз... Біз бармыз ғой! Апам, папам, әпкем бар, Шолпан, мен бармын. Тағы Назтай апам, Шажат әпкем... Біраз екенбіз ғой! Басқа туыстарымыз да жетерлік. Көп қой!-деппін. Ата-ана мен туған бауырдың жөні бөлек. Оның орнын ешкім баса алмасын ол кезде аздап сезсек те, тереңін кейін түсіндік қой. «Өмір» деген үлкен мектеп түсіндірді.

... Анамның ағаларының бір-екеуін балалар үйіне неге қоса өткізілмегені кейін үлкен апалар айтқан әңгімелер мен осы күнгі мұрағаттан табылған құжаттардан мәлім болғандай болды. Апалар айтқан әңгімелерден дейтін себебім, әкемнің туған нағашысы Ерметов Әбдіғұлды да осындай арба күштеп тартып әкеткен. Сонда баласын үкіметтің алып кетуіне қарсы болған Әсіл апамыз, «баламды бермеймін»-деп жылап, біраз жерге шейін жүгіре басып арбаға ілесіп

отырған. Ақыры талып құлаған жерінде қалып қойған. Бір жақын ағайыны тауып алып, жұбатып : -«Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді»-деген. Неге осынша тарығасын? Балаң өлімге кетіп бара жатқан жоқ. Алла бұйыртса азамат болып оралады,-дейді. Соған қарағанда жаңа үкіметтің бұл ізгі ісінің мәнін қалың ел түсіне қоймаған. Мұрағаттан табылған құжаттардан мәлім болғандай болды дейтінімді зейін қойып оқыған оқушым алдағы әңгімеден өзі түсінеді, деп ойлаймын. Иә... Мұрағатшы алдыма әкеп тастай салған, шаң басып, сарғайып, тозып кеткен қағаздарды жыртып алмайын деп, абайлап ақтарып отырдым. Өйтпей қайтсін. Бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған қағаздар ғой. 1917-жылдан басталған бұл қағаздардың көбінде «Әулиеата уезінде, Орталық Коммунистік Партияның нұсқауымен комсомол ұйымын құру жолында жасалған, әр түрлі іс-шаралардан қалған құжат» деген қағаздар. Қағаздардың бірі баяғы біздің бала кезімізде қолданған сия болса, енді бірі қызыл түсті, бірі қоңыр сары түсті. Енді бірі жасыл болса, біреулері жай ғана қарындашпен жазылған. Бірақ бәрінің жазуы анық, көмескі тартып өше бастаған дейтіндей емес. Қағаздары да әр түрлі. Бірде ірі тор көзді қағаз болса, бірде жай сызықсыз ақ қағаз. Бірде қалың картон сияқты қағаз болса, бірде калька қағазын қолданған. Біздің бала кезімізде кездесетін қызғылт, жасылдау түсті дәптер сыртына ұқсас қағаздарға да жазылған жазулар кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды тағы да сол жоқшылық. Қағаз-қаламның, сияның тапшылығынан, әйтеуір қолдарына түскен қағазға жазған дегенді ұқтым. Тағы бір байқағаным жазулар көбіне орысша жазылған,

сөздері қазіргі қолданыстағы сөздерден өзгешелеу, кейбір сөздер түсініксіздеу. Бірақ жалпы алғанда бар мағынасын түсінуге болады. Яғни орыстың ескі сөздері және сол кездегі терминдер. Бірталай қағаздар арабша жазылған. Төрт-бес папканы ақтарып көріп, ойпырмай алғашқы комсомолдардың тізімін қашан табамын,- деп отырғанда келесі бір папканың үш-төрт парағын қарап шыққан соңғы бір құжат, бұған дейін көрген құжаттардың біразынан маңызды боп көрінді. Мен сол құжатты көшіріп жаздым. Бұл 28-ақпан, 2013- жыл. Күн бейсенбі еді.

№381 іс қағаздан төмендегі деректерді өзімше сөзбе-сөз қазақшаға аудардым.

Онда: VII-конференция. Әулиеата уезінің угоркомына хатпен берілген тапсырма және пионерлер ұйымына жақын аралықта берілетін тапсырмалар-делінген.

1) 1928ж. 11-қаңтардан 11-маусымға дейін ВЛКСМға кооперативтік құрылысты іс жүзіне асыру. Қалыңмалды түпкілікті жою резолюциясы.

2) Крестьяндарды негүрлым көбірек тартып, ұйымдастыру, коллективизациялау.

3) Жер өңдеуде алдыңғы қатарда үлгі болу.

4) Срочно! ----Волкому ВЛКСМ (әдейі сол күйінде жаздым.)

4-наурыздан 29-наурыз аралығында 1928-жылдың Заемды елге үгіт насихат жүргізу арқылы тарату. Партияда жоқ жастарды тарту және сонымен қатар үлкендерді де. Осы халықтың ішінен белсенді, жауапты адамдарды ұйымдастыру жұмысына басшылық етуге баулу делінген.

Осы бір ғана қағаздың өзінен үкімет пен партияның

комсомолдарға жүктеген тапсырмаларының өте тығыз, күрделі және қалай да аз уақыт арадығында орындалуын талап етіп отырғанын байқаймыз.

Бірнеше папкадан кейін қолыма тиген **№150-папканың сыртында**

Списки членов Аулие-Атинского угоркома,

Аульных и деревенских ячеек-деп жазылған екен. Ішін ашып қарағанда тағы да жоғарыдағыдай іс қағаздарының тізбегі шыға бастады. Бірнеше қағаздардан кейін ғана буманың орта шеніне келгенде сексен екі адамның тегінен тұратын тізім шыға келді. Бас салып, бастан-аяқ қарап жатырмын. Жиырма алты адамның тегінен тұратын бірінші бетінде 25-боп Амиров деген тұр. Шатасып отырған жоқпын ба? Шынымен – ақ Амиров па?.. Бәрін қайта қарап шықтым. Шынында да Амиров. Тегінен соң 5052 делінген. Туған жылы 1906-жыл. Одан кейін комсомол мүшелігіне кандидат, сол кезде айналысатын ісі оқушы (учащийся) ұлты қазақ, білімі төмен (низкий), жұмыссыз (безработный) 13/V-26. Сосын қол қойған сияқты белгі. Әйтеуір 26-жылдан кейінгі ирек түсініксіз. Қол қойғаны ма, әлде жыл деп жазғаны ма? Айыра алмай-ақ қойдым.

Қуанғаным ба, әлде мұңайғаным ба, бойымды түсініксіз бір сезім билеп алды. Таптым! Таптым!-деп бар даусыммен айта беріппін. Кімге, неге айтып отырғаным белгісіз. Өйткені мұрағаттың кең оқу, жұмыс залында жалғыз өзім отырғанмын.

–Ә,ә,ә, таптыңыз ба? Іздегеніңізді тауып көңіліңіз жайланды ма?

Дауысшыққан жаққа жалт қарасам мұрағатшылардың бұрын мен көрмеген біреуі келіп, әлденені жазып отыр

екен.

– Иә... Таптым... дедім, әлгіден әлдеқайда бәсең дауыспен, төмен қарап. Себебі осы кезде санама: - Ау, Амиров деген жалғыз сенің нағашың ғана ма? Өзге де Амиров болуы мүмкін ғой, деген ой сарт ете қалды. Сенімсіздеу түрде әлгі мұрағатшы отырған жаққа қайта қарасам, ол қағаздарын жинап кетіп қалыпты. Аз-кем қимылсыз қалған басым тізімдегі 25-боп тұрған Амировты сол жақ алақаныммен сипай беріппін. Бұл фамилия бір ғана жерде емес шығар. Осыған байланысты тағы дерек шығуы мүмкін ғой- деген ой мені әлгі сезім сергелдеңінен алып шығып, ары қарай тағы іздей бастадым. Келесі тізім 114 адамнан тұратын боп шықты. Әлден уақытта сол кездегі Әулиеата уезі бойынша қанша ячейка құрылғаны және солардың жүргізген жұмыстарының іс қағаздары шығып біраз жағдай анықтала бастады.

СПИСОК Волостей. Аулие-Атинского уезда числ ячейки Р.Л.К. С. М.								
Название волостей	Количество Ячеек РЛКСМ в этой волости	РКП(б) этой волости	В	Б	К	Р	Д	П
			С	А	У	А	Е	Р
			Е	Т	С	Б	Х	О
			Г	Р	Т	О	К	Ч
			о	А	А	Ч	А	И
			К	Р	И	н	х	
			О	И	х			
			в	й				
Қарабакирская	1	1	26	7	0	0	19	0
Асинская	2	1	60	18	0	0	41	1
Кучинеевская	5	0	110	15	9	3	72	11
Восточная аспара	1	1	23	7	0	0	16	0
Западная аспара	1	0	20	4	3	0	13	0
Макбалская	1	0	15	2	0	4	7	2
Чакпакская	1	1	31	6	2	0	17	6

Отсек укома РЛКСМ зав учетом. Қолы: Складов .

Тағы бірнеше уақыттан кейін жүргізіліп жатқан жұмыстардың басқарушыларының, ұйымдастырушыларының тізімі жазылған құжат шықты. Онда Амиров Сәт үшінші боп тұр. Ұлты қазақ делінген. Сол!-деп ойладым. Сол... Нағыз өзі. Басқалай болуы мүмкін емес. Әлгінде табылған Амиров пен енді табылған Амиров Сәтті алақаныммен кезек-кезек аялай сипаған мен ячейкалар тізіміндегі бірінші боп тұрған Қарабақыр болысына ұзақ қарап, қайта-қайта оқыдым. Оқыдым да мынадай тұжырымға келдім. Иә... Қарабақыр болыстығынан құрылған жалғыз комсомол ячейкасының ұйымдастырушысы да басқарушысы да Сәт көкем. Ал жалғыз коммунист Мейірманқұл ата. Сол кездегі комсомол ячейкасына тартылған адамдардың жалпы саны 26. Оның жетеуі батрак, 19-дихан.

Осыған дейінгі деректерді салыстыра отырып, маман айтқандай бұл кісі жиырма бір жасында қаза болған жоқ. 1906-жылы туылса 1926- жылы ВЛКСМ ға мүшелікке кандидат болған. Яғни жиырмаға толып жиырма бірге қарағанда комсомол мүшелігіне өткен. Туған-туыстардың есінде сол жиырма бір цифры қалып қойған. Сондықтан да анама жеткен деректе ол кісі жиырма бірінде қаза болды деген. Ал 1932- жылы комсомолдарға жүктелген тапсырманы орындау барысында қаза тапқан. Үздіксіз берілген шұғыл әрі мойын бұрғызбас тапсырмаларды орындап жүріп, жиырма беске толып, жиырма алтыға қараса да үйленіп те үлгермеген.

Ия қуаныш емес, ия қайғы емес өте бір мұңды сезімдерге бой алдырып Амиров пен Амиров Сәтті,

одан соң Қарабақыр болыстығын кезек сипап ойға шомып отырғанда, мұрағатшы қыз: -Апай, уақыт бітті, құжаттарды өткізіңіз. Біз оларды орын-орнына қойып үлгеруіміз керек,-деді.Құжаттарды өткізіп үйге қайттым. Үйге келгенше де, келген соң да әлгі сезім сейілмеді. Үйдегі жазу столына мұрағаттан тауып келген қазынамды жайып тастап, жазулармен қайта сөйлескендей болдым.

Рухқа сыр ашу

Көке, сіздер мына жарық дүниеде болмағандықтан біз Бегай, Шолпан үшеуіміз ешкімді ешқашан көке деп те, ата деп те айта алмадық. Бала кезімізде малдас құрған бір шалдың алдына отырғымыз келетін. Сақалын тарап ойнап, мойнына асылып: -Ата! Көке!-деп еркелегіміз, әлдебір жақтан келе жатқанында алдынан жүгіріп шыққымыз келетін. Бірақ, біз Ата!-деп мойнына асылатын Көке! –деп алдына отыратын ешкім болмады. Біздің жанұямызда ер азаматтан тек әкеміз ғана болатын. Оның өзі жұмыстан қолы босамайтын.

Бірде, әпкем Бегай педучелищеде оқып жүрген студенттік кезі еді. Шамамда бірінші курсты бітірген болуы керек. Жазғы демалыста үйге келген ол сәскеге дейін орнынан тұра қоймады. Сол күні әлдебір себеппен үйде болған әкем, самаурындағы шайды суып қалмасын,-деп от сала-сала шаршаса керек. Түпкір тамда жатқан әпкемнің жанына барды.

– Бегай, Беган!.. Әлі ұйықтап жатырсың ба? Тұрсайшы! Қайнай-қайнай самаурындағы шай суалып қалды ғой!-деді. Әпкемнің қимыл, қозғалысынан ояу жатқанын сезсе керек.



– Тұра ғой, тұр!-деп еркелете иығын ұстай берген әкем, оның жылап жатқанын байқап қалт тұрып қалды.

– Ау, не болды? Неғып жылап жатырсың? Оның өкси, өкіре шыққан даусы қалтырап: - Тә-те! Не-ге біз-дің н-н-на-ға-шымыз жоқ?! Н-н-не-ге біз –дің а-ға-мыз, жең-ге –міз жоқ! Не-ге ел с- си-яқты н-на-ғашы а-ау-ылға қы-ды-рып ба-ра алмаймыз! Не-ге жең-ге-міз-дің төр-кі-ніне қ-қ-қыдырып бара ал-май-мыз! Сіз де, жеңе-шем де не-ге жал-ғыз-сыздар!-деді даусы қарлыға шығып, ықылық ата жылап. Тұлымшағым желбіреп, әкеме ілесе кірген мен де мына көріністен бойым тітіркеніп, босағаға сүйеніп, қалтырай жылап жібердім. Сасқалақтаған әкем, әдеп әпкемді жұбатып жатыр. Ақыры әрі-бері айтқан жұбату сөздеріне де қоймай, тиылмай, ары қарай да сөйлей түсіп жылай берген, қарындасы боп өсіп келе жатқан тұңғышымен әкем қосыла жылады. Бұл жағдайдан кейін аздап өзіне келген әпкем:

- Елдің бәрінің нағашысы бар, аға-жеңгелері бар. Барған-келгендерінде бір-біріне сыйлықтар беріп жатады. Менде ғана жоқ! Мен оларға қатты қызығамын,-деді өксіп отырып. Төсектің жиегіне отыра қалып әпкеммен қосыла жылаған әкем, үнемі қалтасында жүретін үлкен ақ беторамалын алып қызының да, өзінің де көз жасын сүртті.

Сүртті де: - Құдайдың ісіне шара бар ма?! Құдайдың ісі ғой!-деді. Үлкен қызын тұр-тұрлап орнынан әрең тұрғызып, жол-жөнекей әлгі көріністің әсерінен түкке түсінбесем де қосыла жылап, көз жасымды білегіме сүртіп тұрған мені де, бір қолымен сүйрей далаға алып шықты. Есік алдындағы сәкінің үстінде жаса-



улы тұрған дастарханға бәріміз мұңлы жүзбен келіп жайғастық. Бет-аузымыз домбығып, көзіміз қызарып, таңертеңгілік шайды сол күні кеш, үлкен сәскеде, көз жасымызды сурте отырып іштік. Әкем жұмысына кетіп қалды. Күнде көлеңкеде мамыражай отыратын біздің төбемізден күн шақшия төніп, онсыз да бей-жай көңіл-күйімізді ыңғайсыз түскен күн сәулесі де еріксіз май ішкендей қылды. Ертеңмен жұмысқа кетіп қалған анам да, әлдебір жаққа кеткен апам да бұл жайды ешқашан білген емес. Содан бері елу жылдан аса бастапты. Сіздің рухыңызға ғана айтып отырмын... Біз үшеуіміз сіздерді жоқтадық. Ешқашан аяулы жүздеріңізді көрмесек те, алақандарыңның жылуын ешқашан сезбесек те жоқтадық. Сол кезде сіздердің бақилық болғандарыңызға отыз жыл уақыт өтіп кетсе де жоқтадық. Ешқашан көрмесек те жүрек түбіндегі орындарың бос тұрды. Көрмесек те сағындық! «Тірі болғанда ғой, бар болғанда ғой!»-деп армандадық. Ең болмаса шешеміздің он екі ағасының оны өлсе де, екеуі неге тірі қалмады,-деп ойладық. –Көке, неге ғана сол комсомолы бар болғырға кірдің?! Соған жоламай-ақ қойғанда, бәлкім он үшіннің оның өлсе де, екі-үшеуің тірі қалар ма едің?! Тірі қалып өзгелер сияқты ұрпақ өрбітер ме едіңдер? Сонда, оқушы, студент кездерімізде ел сияқты біз де нағашыма бардым, нағашым келді,-дер едік қой. Үйленген кезімізде ше? Үлкен қызмет істеп, әке-шешеміздің айдынын асырмасандар да, ешкімнен кем қылмай, қоғамын қомақты етер едіңдер ғой. Қойшы, тракторшы, қарауыл болсаңдар да бізге керек едіңдер. Ұрпақтарың, өзім қыздарымды ұзатып құдалыққа барғанымда да жанымда қарамды молай-

тып жүрер еді ғой. Тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк, ешкімнен күн көрісіміз кем болмаса да, үш жалғыздан жалғасқан біз үшеуіміздің де өмір бақи бұл жай көңілімізде мұң болып қалды. Сіздер соны білесіздер ме?! Сезесіздер ме? Көңіліміз кетік болды. Өйткені халықта « жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас»-деген ғой. Кезінде бұл жағдай атамыздың да, апамыздың да, әке-шешеміздің де қабырғасына батса, біз де зардабын сүйегіміз сырқырай тарттық. Терен түсіндік. Бірақ оған қарсы қояр еш айла-шарғымыз болмады. Орындарыңды ештеңе де толтыра алмады. Осылайша жоқтың орны ешқашан толмасын ес білер-білместен-ақ түсіндік.

Еш болмаса аттарыңды білсекші. Тек атамыз Әмір мен апамыз Бегайымның ғана атын білдік. Сіздердің аттарыңызды атап құран да бағыштай алмадық. Тек іштей он екі, он үш нағашы ағаларымызға да бағыштадық,-деп бетімізді сипайтынбыз.

Енді міне, бұған да шүкір. Мұрағатты ақтарып жүріп, комсомол мүшелігіне өткен екеуіңнің аттарыңды анықтағанда тірі адамды тапқандай қуанып отырмын. Қалған он бірінің атын білуді де тағдыр бізге бұйыртпаса керек. Өйткені сіздер сияқты белсенді болмағандықтан еш жерде олар туралы дерек жоқ.

Көңіл түкпірінде әлі де олқы тұрған, толық анықталмаған дерек табылар ма деп 15.1V.13-жылы мұрағатқа барғанда, шынында да біраз олқылықтың орны толғандай болды.

Біріншіден

Қарабақыр болысындағы ячейка орналасқан ауылды таптым.

Место нахождения- чейки	№ ячейки	Расстояние от Угорко- ма Р.Л.К.С.М.
Карабакирская вол, Аул №2	10	8 верст

Ответ секрет. Угоркома РЛКСМ Сулейменов делопроизводитель (қолы) (Склярлов)

Екіншіден.

Әулиеата Угоркомында қызмет істегендердің тізімі.

Соңында: Отсек укома Р.Л.К.С.М. (Қолы):

СПИСОК Служащих Аулие-Атинского Угоркома РЛКСМ.		
Ф.И. О.	Занимаемая должность	Примечание
1.Таджибаев Темирбек	От.сек. укома	
2.Лебедев Николай	зав.политрось	
3.Ишмухамедов Нурхат	Эк. прав.	
4.Амиров Сат	Волорганизатор.	
5.Склярлов Анатолий	Уч.стат.	
6.Бут Вера	Делопроизводитель	

Делопроизводитель (Қолы):

Үшіншіден. Әулиеата Угоркомының орталығы қалада бірнеше жерде болған. Бірі Ленин көшесі №12 үйде, бірі Ленин көшесі № 85 үйде. Енді бірі Пушкин көшесінің №7 үйінде болған. Бұл барлық құжаттардың толтырылғандағы (жазылғандағы) көрсетілген мекен-жайына байланысты анықталды.

Төртіншіден. Бүкіл комсомолдардың тізімін неше рет қарап, толтырылған құжаттарды бірнеше рет көріп шыққандағы анықтағаным сол кездегі комсомол белсенділерінің ішінде бір үйдің екі бірдей баласы ба-рын анықтадым.

Олардың бірі: Склярлов Дмитрий Николаевич.
Склярлов Анатолий.

Екіншісі : Амиров Сат

Амиров Бекпенбет.

Сондай –ақ ең бастысы екінші нағашының аты және қай жылы комсомолға мүше болғаны анықталды. Фонд 287 ; 402. Жоғалған және жаңадан берілген комсомол билетінің тізімі делінген құжаттың алдыңғы 1500 адамның тізімінде жоқ. Соңынан тағы жаңадан билет берілген тізімде :

Қ\с.	Ф.И.О.	Билеттің №	Протокол
№110	Амиров Бекпенбет	13663	№33От 20/II-28.г.

Тағы бір құжатта Қарабақыр болысының №2 ауылының қашықтығы 15; халықтың ұлты таза қырғыз делінген. Ол заманда қазақтарды көбіне қырғыз деп атаған ғой. Сол себепті болуы керек. Осы зерттеулерімді қорыта отырып, нағашыма берген сұрағымның жауабы осылай-ау, деп топшылады.

Азамат соғысы аяқталып, енді тыныштық бола ма деген халықтың үміті тағы да үзілгендей болды. Жаңа құрылған, жас үкіметтің онсыз да ұзақ жылдарға созылған қақтығыстармен соғыс салықтарынан қажыған халыққа жаңадан үстемелей салған салғырттары одан әрі титықтатқан еді. Ұзақ жылдар қиудан көз ашпаған халық 1921-1922 жылдарда ашаршылыққа ұшырағанын жоғарыда да айтып кеттік. Қанша еңбекқор болғанымен сол жылдарда бала-шағасының басы жеті – сегізге жеткен Әмірдің от басының да қиналғаны анық – ақ. Жасы он

бес, он алтыға келіп, оң-солын таныған Сәт, әкесінің бір жағына шығып, үй-ішін асырауға көмектескісі келгені де белгілі жай. Анаммен бірге туғандықтан, сол кісі сияқты жаңашыл, әрі білімге құштар болған-ау, деп ойлаймын. Сол жиырмасыншы жылдарда басталған халық арасында жаппай сауат ашу жұмысы жүргізілгенін де білеміз. Сонда алғырлығымен көзге түскен Сәтті сол кездегі алғашқы ұйымдастырушылар комсомол мүшелігіне тартқан. Таблица түрінде де, былай да келтірілген белсенділерге жасалатын жеңілдік жанұяны асырауға деген материалдық қызығушылықты тудырса, бір жағы жаңа үкіметтің болашағына деген үлкен сенім Сәт және сол сияқты жастардың біразының комсомол ұйымына мүшелікке кіруіне себеп болған. Қай нәрсені де бастау қашан да қиын. Сол қиын жолда адасулар да, сүрінулер де, құлау да болатыны айдан анық жағдай. Қашан, соны бір сүрлеуге түскенше жалғасатыны да нақ. Сондықтан да комсомолға өткеннен бәрің бірдей қырылып кеттің деуге менің де, өзгенің де хақысы жоқ. Ол кезден аман шықса бәрі бір бес-алты жылдан соң «халық жауы» боп ұсталып атылып па, асылып па, жер аударылып жоқ боп кетпесіне кім кепіл. Одан аман өтсе 1941-жылғы Ұлы Отан соғысына ілігер еді. (Бұл жалпы көңіл жұбату. Осы кездерге аман жетсе ең болмаса артында бір ұрпақ қалар ма еді деген ой да жоқ емес.) Сол кездегі жалпы жастардың көбінің маңдайына жазылған тағдыр осылай болғанын бүкіл саналы адамзат сөзсіз түсінеді деп ойлаймын. Және нағашысыз өскен жалғыз біз емес. Бұл тек қазақ халқында ғана емес, өзге де талай халықтың басында бар жағдай. Бар қиындықты тек қазақтың ғана басынан өткендей өзімізге ғана тели беруге болмайды

деп ойлаймын. Әрқашан, әр кезде осы ауыр оқиғалар санамнан сырғып өткенде, өзімді-өзім жұбатып, мың-мың шүкірлік деймін.

1960-жылдардың бас жағы. Жазғы каникул кезі болуы керек. Әдеттегідей әке-шешем жұмыста. Апамды біреулер әлденеге шақырып кетсе керек. Үй ішінде жалғыз қалуға қорқатын мен, есік алдында ойнап жүргенмін. Ол кезде бұзық болған балаларды «бала алғыш» келіп, алып кетеді-деп қорқытатын. Түс боп қалған кез болуы керек, жіті басып қаудан бір бейтаныс кісі кіріп келеді. Әлгі «бала алғыш» есіме түскен мен, үйге қарай тұра жүгірдім. Ол да маған қарай әлдене деп сөйлеп тұра ұмтылды. Ертерек ішке кіріп, есікті іліп алмақ болып едім. Сыртқы есікке еніп, ілгекті ілем дегенше ол да есікке жармасып ілуге шамамды келтірмеді. Жүрегім аттай тулап, кеудемді жарып шығатындай. Бар даусыммен: -А-па! А-па!-деп шыңғыра берген мен, сыртқы есікті тастай салып, орта тамның есігіне жармастым. Ол бөлменің де ілгегі бар. Ойым, бұл бөлменің қолтығының астынан сытылып шығып, сол бөлменің есігін іліп алу. Үздіксіз сөйлеп жүрген ұзын бойлы, көзі бақырайып, құлағы қалқиған дәу, маған ерік берер емес. Екеуміз орта тамға ілесе кірдік. Шыңғырған бойда енді сыртқа сытылып шығып кетуді ойлап тұрғанда ауылдастардың бірі, ер кісі, кіріп келді. Ол мені құшақтай алып жұбатып жатыр.

–Қорқып кетіпті ғой! Айналайын, қорықпа! Ал әлгі кісі:

–Қорықпа жарығым, мен сенің ағаңмын ғой! Жиен ағаңмын,-дейді. Сонымен екеулеп жатып мені жұбатты. Ағаңмын, деп тұрған кісі әлгі көршіге

мән-жайды түсіндірген болуы керек. Ұзамай үйдегі үлкендер біртіндеп жинала бастады. Мен сонда да әлгі кісіге үрке қарап жүрдім. Кешке дейін мал сойылып, бауырсақ пісіріліп, қазан көтерілді. Күн бата бар ағайын біздің үйге жиналды. Ол кісіні туыстарымыз да бірінен кейін бірі шақырып, екі күн қонып, үшінші күні еліне қайтарда, әлгі кісіні қорқып қарсы алған мен қимай қоштастым. Алғашқыда шынында да ұзын бойлы, бақырайған кара көзді, қалқан құлақ, арық кара кісі қандай қорқынышты «бұжай», «бала алғыш» боп көрінсе, қайтарда жүзінен мейірі төгілген, жаны жұмсақ жақсы қамқор аға екеніне көзім жеткендей болды. Бұл жалғыз жиен ағам Құлкерім еді. Сол күндерде және кейін де неше рет айтылып, айтқан сайын ақсақалды аталардың көз жасы сақалына тамшылап, ақ кимешекті әжелерге кимешегінің етегімен көз жасын сүрткізген әңгіме мынадай еді.

Отыз, отыз екінші жылдардағы Сарыбарақтағы, тіпті Әулиеата өңіріндегі ел осындай күндерді бастан кешіріп жатқанда Қырғызстанда Қарақол, Кеңқол жақта өмір сүріп жатқан атам Молдабай мен апам Бүбішайымның өмірі бір қалыпты болған. Яғни тамақтары тоқ, киімдері бүтін, баспаналары, азын-аулақ дөңгеленген күн көрістік тіршіліктері болған. Осындай жайбарақат тіршілік кешіп жатқанда бір күні Бестерек –Әбіқұлы Дәліқұлға ұзатылған қызы Бүбі келеді. Соншама алыс жерден қиын заманда жол азабын тартып, арып-ашып жеткен күйеу баласы Дәліқұл мен қызы Бүбіні атам жарықтық бар ықыласымен қарсы алса керек. Оны кейін 60-жылдарда жалғыз ұлдары Құлкерім жиен ағамның өзінен естідік.

Күн суық, жерде аздап қар болса керек. Атам мал сойып, біраз кісілерді(шамасы бөлелерін) шақырыпты. Жаурамасын деп жиен ағамды бесікке таңып тастапты.

Үй тола кісі ет жеп отырды. Бесікке симаған аяғым сорайып шығып, қолым ербеңдеп жатыр. Қарным ашқаннан ұйықтай алмай жатыр едім. Топ кісінің ішінен шоқша сақалды кісі мейірлене қарап, керегенің арасынан қолын созып, семіз сүбе қабырғаны қолыма ұстата салды. Соны жеп, сорып жатып ұйықтап кетіппін. Оянсам керегенің түпкі бөлме тәріздес екінші жағында бесікте жатыр екенмін. ...Сол кісі, кейін білдім. Нағашы атам Молдабай екен ғой.

Бұл оқиға 1931-жылдың қараша айының аяғы, не желтоқсанның басында болған. 1929-жылы сәуір айының екінші жартысында дүниеге келген ағам сол кездерде екі жарымнан енді ғана аса бастаған кезі.

Оқиғаның бұдан арғы өрбуіне қарағанда Дәліқұл жездем мен Бүбі әпкем бір жағы елден ауып кеткен ата-енесін іздесе, бір жағы Қазақстандағы ашаршылық пен жайсыз өмірден қашқан тәрізді. Сол жақта ата-аналарының жанында қалып қойған сияқты. Қазір мұның анық-қанығын айтар ешкім қалмады. Тек оқиғаның өрбуі ғана солай болғанын дәлелдейді. Бір жылдан соң 1932-жылдың аяғы ма 1933-жылдың басы ма, сол аралықта елден суық хабар жетеді. Хабар қай жерде, қандай жағдайда жеткені де белгісіз. Тек апамның айтысынан есімде қалғаны, хабарды жеткізген кісі:

- Сіз мұнда аман-есен екенсіз. Елде жаппай ашаршылық. Қалың ел аштан қырылып жатыр. Бауырларың, ағайындарыңның көбі қырылып кетті,-

депті.

Үйге қабағы түксіп, қап-қара боп түтігіп кеткен атам, кіріп келгенде апам шошып кетсе керек.

–Не болды?! Жайшылық па?-деген сұраққа,

- Қайдан жай болсын. Тез жинал. Балаларды да алып кетеміз. Біржолата кетеміз! Ел-жұрт ашығып, ағайын-туыс аштықтың зардабынан қырғынға ұшырап жатыр дейді,-депті.

Бір ұстаған затын тастай салып, одан қайта ұстап, ары-бері теңселіп кетіпті. Сондағы ел-жұрт жиналып, басу айтып, үй-ішіндегі ең керек-жарағын үш аттың бөктеріне байлап, екеуін ұл-қызымен қоса шығарып салыпты. Елге келгенде ағайын-туыстың үштен бірі ғана тірі болса керек. Опат болғандардың ішінде Домсмайыл атамның үш ұлы - Елеубай, Елеусін, Тележан бар. Ол үйден тірі қалған тек әлі жиырмаға да жетпеген Елеубайдың келіншегі Жезбала апамыз бен үш жасар ұлы Қасым ғана. Және кейін келіп қосылған Ұлдықыз әпкеміз.

Шығарманың «Тұманда» бөлімінде әңгімеленген кейіпкеріміз Сапарәлі кісінің атасы Сүгірәлі деген кісі. Сол Сүгірәлінің бармаған жері, баспаған тауы қалмай жүріп әрең көрген тұңғыш баласы Маңқайдың оншақты баласы да ашаршылықта түгел опат болған.

Сонымен қатар қазір көзі тірі, жасы 96-ға келген ардагер атамыз Жақсығұлов Иманқұл ағайынды жеті ұл, екі қыз бәрі тоғыз бала болған. Сол жеті ұлдың бесеуі: Көбейкұл, Әмірекұл, Момынкұл, Кәдіркұл, Нәдіркұл-бәрі опат болған. Жеті ұлдың ішінде тек Бүргенбай ғана кейін ауырып қаза болды. Ал мені өзің көріп отырсың, әзірге тірімін. Осы өмірде көрмегенім қалмады. Бірақ

біреуден ілгері, біреуден кейін күн кешіп жатырмыз -дейді ата, өткен күндерді толғана еске алып.

- Ата, сол кезде күрмекке ұқсас бір шөптің басын қуырып, келіге түйіп жеген-дейді ғой. Сол қандай шөп?

-Ой-бу, қарағым-ай! Жаны қысылған адам аштан өлмес үшін не жемейді дейсің?! Бәрін жедік қой! Кендір, шырыш, жабайы қара бидай, қылтық. Не кез келеді? Бәрін жедік... Әупіріммен әрең аман қалдық қой!..

–Әлгі айтқан бауырларыңыздың ешқайсысынан ұрпақ қалмады ма?

-Көбейкұлдан Әбжапар. Өзіңнің әкеңнің құрдасы еді ғой. Ол да дүниеден ерте озды. Оның бірінші әйелінен Нұрқалық. Білетін шығарсың?

–Иә. Білемін ғой.

– Екінші әйелі Жамалдан Нұрғали ғой. Ал қыздардан Орынқұлдан ұрпақ бар. Араласып тұрады-деді. Шамакұл жайлы ештеңе айтпады. Шаршады ма, әлде есінен шықты ма, кім білсін?.. Ол кісінің аузынан шыққан сөздерді үлгеріп жазуға тырысып отырып, Шамакұл жайлы мен де сұрамаппын.

– Одан басқа кімдерді білесіз ? Кімдер жайлы есіңізде қалды?

-Е, е, өзіңнің туыстарың Сәкиев Есеналы да, бауыры Есен де сол ашаршылықта кетті ғой. Есеналыдан ұрпақ жоқ. Ал Есеннің қызынан туған бала орнын басты ғой. Ол жағын өзің де білетін шығарсың?

– Шет жағасын...

1931-жылы бастық сайланған Елеубай атамыз қазаға ұшыраған соң, мақта егумен айналыса бастаған колхоз тіршілігі тоқтап қалады. Қайдағы колхоз? Ел тозып

кетті ғой! Әлі жеткен ел жан-жаққа, беті ауған жаққа, қайтсе өлместің қамымен қаңғып кетті ғой!-дейді ата.

Берекесі қашып, күйзеліске ұшыраған елдің ендігі сиқы адам шошырлықтай жағдайда екен. Атам Қырғызстаннан келген бетте өздері мініп келген үш аттың бірін сойып пышақ үстінде теңдей етіп бөліп үлестірген. Өздерімен ала келген азғана астықты да уыстап өлшеп елге тараттық-дейді апам.

Осы жағдайлардан соң біраз уақыт өткенде, елдің тірі қалған үлкендері жиналып, жастай жесір қалған Жезбаланы ежелден келе жатқан ата салтымен, «тікелей әмеңгері өзіңсің»,-деп атама қосыпты.

Осы аралықта дәл анығын біле алмағанмен, кейінгі оқиғаларға және заттай айғақтарға қарап, былайша болжам жасадым. Алғаш бауырлары мен ағайындарының қазасын естіп қатты қайғырған атам, асығыс үш атпен келгенімен кейін өз-өзіне келген соң, Қырғызстанға қайта соғып, сол жақта жиған үй-жайын, дүние-мүлкін көшіріп әкелген сияқты. Әйтпесе ол кісінің жасаған заттарын 60-жылдарда біз көзімізбен көрмес едік қой. Осылайша әрлі-берлі шапқылап, барын ортаға салып жүргенде жаз шықса керек. Атамның ендігі мақсаты өзі тәркілеуге ұшырар алдында құмдағы қыстау жаққа көмген үш орда үйлерді қазынасымен табу болса керек. Бірақ бірге барып көміскен жігіттерден тірі қалғаны болмапты. Қолқабыс етердей қарулы азамат болмағандықтан жалғыз өзі барып бір апта жүріп таба алмадым,-деп бір қайтыпты. Жүдеп-жадап, қап-қара боп күнге күйіп келді,-дейді. Екінші рет жолға жиналғанда апам жарықтық жүрегі әлденені сезді ме:

- Бармай-ақ қой, табылар дейсің бе? Одан бері алты

жылдан аса уақыт өтті. Қойған белгілеріңді таппасаң, ол дүниесі құрғырды қалай табасың? Жасың болса біразға келіп қалған адамсың. Ауыр тиеді ғой! Онсыз да бір апта жүріп, жүдеп-жадап келдің,-десе атам марқұм көнбей қойыпты.

-Сол қазнаны тапсам елге біраз талғажау болады. Әл жиып өз-өздеріне келсе, бұйырса дұрыс соқа-сайман алсақ, келер көктемде егін егуге жарайды. Ары қарай ел қалыпты күн кешіп кетеді,-депті. Біраз демалдым. Енді сол үйлерді таппай келмеймін,-деп, бір күні тағы жол жүріп кетіпті.

Осы аралықта өзі жас, өзі бұл күнде аяғы ауырлаған (іште бес, алты айлық) Жезбала апамыз әлдебіреудің азғырған тіліне еріп, бір түнде біреуге ілесіп қашып кетеді. Сондағы азғырушының сөзін апам мен Ұлдықыз әпкем былай деп сипаттайтын: -Сен әлі жассың. Бар келешегің алдыңда. Сені ағайын-туысың апарып кәрі шалға қосты. Оның қанша өмірі қалды дейсің? Оның үстіне азулы жас бәйбіше байын саған билетпейді. Ертең туған баланды да тартып алады. Одан да мен айтқан кісіге барсаң, әлде қайда жақсы өмір сүресің. Ол сенің қайнағаннан әлде қайда жас. Өзі қатыны өлген кісі. Осы уақытқа дейін бала сүймей, бір нәрестеге зар боп жүрген адам. Соған тиіп, құдай берсе үш-төрт ұл-қыз тауып берсең, сенен өткен бақытты жан болмайды. Оған тек бала табатын әйел керек. Өзі мына кісіден әлде қайда бақуат. Жаңа үкіметке де өтімді. Қолыңды жылы суға малып отырасың,-депті. Түн жамылып қазіргі Дихан аулының маңында отырған Көшербай деген кісіге қашып кеткен апамыз бір емес, екі әйелдің үстіне барады. Бірақ барған кісісі шынында да атамнан

әлде қайда (он-онбес жастай) жас құсайды. Сол кездегі елдің жағдайымен салыстырғанда тұрмыс жағдайы да, аз да болса ілгерілеу көрінеді. Жол жүріп кеткен атама алаңдаулы ағайын: -Кеткен қатын кетсін. Бірақ іште кеткен баланы айтсаңшы. Бір ұрпағымыз сыртқа кетті-ау,-деп соған алаңдапты. Осылайша атам жоқ қазынаны іздеуге кетіп, келіндей алған Жезбала апамыз өзге кісіге қашып кетіп, онсыз да берекесі қашқан ел әрі-сәрі өмір сүріп жатқанда бір күні арбаға мінген төрт-бес жолаушы келеді. Тоқтай қалған арбадан бір егделеу ер кісі түсіп амандасады да:

- Молдекенді елге келді деп естідім. Ол кісі ана жылы маған бес түйе берген еді. Қайтсек күн көреміз деп, алыс жаққа ауып барамыз. Қайтып келе аламыз ба, жоқ па? Кім білсін? Мына қызым ашыққаннан ауруға шалдықты. Осыны сіздерге қалдырамын. Сонау маған берген бес түйенің боданына жатқыздым. Тәуір боп кетсе, қыз ғып ұзата ма, өзі әйелдікке ала ма, құдай алдында сұраусыз. Бес түйе мойныма қарыз болмаса болды-депті де әлгі ауру қызды арбадан түсіріп жүріп кетіпті. Бір апта өтеді. Екі апта өтеді. Атам келе қоймапты. Ақыры күте-күте төзімі таусылған апам, «айға жуықтады, әлі жоқ, бір пәлеге ұшырамаса болғаны»-деп артынан іздеп шығады. Апам, шамасы осы жерлерден жолықтырамын-ау деген жерлердің біразына барған болуы керек. Қыстауға да сокса керек. Атын суарып, су алу үшін, тірі болса қалай да осы маңға келер-ау, деп бұрынғы өздері мал суарып, су алатын жерге жақындағанда, қыстаудың маңындағы көл жағасына таяу жерде екеуі жолығады. Қатты жүдеген атамды аяп апам:



- Ауылға қайтайық,-дейді. Оған атам көнбей:
- Діттеген тағы бірер жерлер бар, сол маңды қазып көремін,-дейді. Екеуі көл суынан шай қойып ішеді. Ақыры отағасын көндіре алмаған апам, шалын тастап кете алмай, не де болса ақырын күтуді жөн көріп, амалсыз жанында қалыпты. Нәтижесіз тағы екі күн өтеді. Үшінші күні күндегісінен де кеш, күн ұясына отыра қазба жұмысынан қайтқан атам құр сұлдері келеді.

Ауырып келген ол келе құлап түсті. Көл жағасына үш ағаштың басын буып күрке жасап қойғанмын. Кішкене ошақ қазып алғанмын. Кейде артынан сорпа-су, шай апарамын. Ол сол күні: -Келмей-ақ қой, алыстау жерде боламын,-деген соң бармадым. Кешке қарай сорпа-суын, шайын дайындап отырғанмын. Тамаққа қарай алмады. Шөлдесе керек, үстін-үстін аузын күйдіре екі-үш шыныаяқ шай ішкен соң, қисайып құлай кетті. Ер-тұрманның үстіне биіктеп бөстектерден жастық жасап қойып жатырмын.

- Басым, басымды көтере алмай бара жатырмын,- деді. Бар айтқаны сол.

- Күн өтіп кеткен ғой. Тағы кішкене шай ішші. Терлесең басылар,-дедім. Ол қайтып шай да іше алмады. Қас қарая жағдайы мүлде төмендеп бара жатты. Сасқанымнан дереу басын алдыма алып уқалап, сипай бастадым. Шүберек сулап маңдайына басып жатырмын. Аллаға сиынып:

- Жасаған, өзің сақтай гөр!-деп бар білген дұғамды айтып жатырмын. Бір есін жиғанда:

- Балаларды сақта, ие бол!-деді. Ел ұйқыға жатар уақытта үзіліп кетті. Айдала. Маңымда тірі жан жоқ. Күйеуімнің мәйітімен жалғыз қалдым.



- Өлген жоқ!.. Жоқ... Өлген жоқ! Әшейін ұйықтап кетті. Ол тірі!-деп өзімді өзім сендіргім-ақ келеді. Бірақ өлгені анық екенін жүрегі құрғырым біліп отыр. ...Басын бауырыма қысып бар даусыммен жоқтау айтып жылай бердім. Түн ортасы ауа әбден шаршап, даусым қарлыққаны сонша, дауыс салып жылауды сап тыйдым. Сөйтсем айналамның бәрі сыбдыр-сыбдыр етіп қорқынышты бір әлемге айналып жүре берді. Деген лаулатып от жақтым да, қайтадан бар даусыммен жоқтау айта бастадым. Дауыс салсам айналама бір қора ел жиналғандай болады. Дауыс салуды қойсам, бүкіл түнгі дала қорқынышты әлемге айналады. Ақыры таң сыз бере бастады. Не де болса ауық-ауық бар даусыммен жоқтау айтуды жөн көрдім. Таң атып, күн көтерілсе, ары қарай тез-ақ ысып шыға келеді. Манағыдай емес. Күн ыстыққа қалса, көлеңке де жоқ, мәйітті қалай шыдатам,- деген сияқты ойлар билеп алды. Айналама бажайлай қарасам әйтеуір тірі жан өтсе осы маңмен өтуі керек. Сондықтан дауыс салуды тоқтатпау керекпін. Мәйіттің бетін жауып қойып бірер уақыт ең жақын төбенің басына шығып та дауыс салдым. Күн едәуір көтеріліп, кіші сәске уақытына бет алған шақта бір ер кісі келді. Айдалада, қай жетіскен дауыс айтсын-деп ойлапты. Сол заманда жолаушылар жүретін құм арасындағы үлкен сүрлеу жолдан, дауыс шыққан жаққа бұрылып келіпті. Енді егделікке бет ала бастаған ер кісі:

-Қарағым, бұл кісі кімің еді?-депті.

Апам: -Күйеуім,-десе керек. Бірде алыстан талып естілгендей, бірде жақыннан естілгендей болған дауысқа, алғаш ер кісі таң қалса керек. Кезекті рет өте жақыннан естілгендей болғанда дауыс шыққан жаққа



бұрылыпты. Апамның бірде төбе басынан, бірде мәйіт қасынан дауыс салғанын естігенде ер кісі апам риза боп: -Дұрыс. Ақылың бар екен. Сол күйі мәйіт қасында отыра берсең, «елес пе» деп елемеуге де болатын еді. Биіктен дауыс алысқа кетеді. Ойда, ойпаң жерде, әсіресе айналасы мынадай құммен көмкерілген жерде дауыс жұтылып алысқа жетпейді. Өте дұрыс жасағансың, қарағым-деп риза бопты. Әшейінде бойы ұзын кісі өлгенде тағы бір қарысқа ұзарып кеткендей болды. Бір атқа сиғызу мүмкін болмағандықтан екі атты бір-бірімен үш жерден қосақтап байлап, екі аттың біріккен бүйір тұсына сырғауыл ағаш салып байлап, мәйітті соған екеулеп әрең көтеріп салдық. Сонда марқұмның аяғы аттың сауырынан едәуір шығып тұрды. Осылайша азаппен ауылға жеткіздік. Сонымен әкең тоғыз жаста, Назтай апан он үшке қарағанда әкеден айрылып, жетім қалды. Бұл 1934-жыл. Атам небәрі елу алтыда.

Бәрі өтіп кеткеннен кейін ойлаймын... Ойпырмай, бағымыз бар екен-ау! Айдалада. Заман болса мынау. Жолаушы да көп емес. Жаннан безген, әлдебіреу өте мұқтаж жұмыспен шықпаса, елсіз-күнсіз жерге кім шыға қояр дейсің? Бұрынғыдай ел көшіп-қонып, ана ауыл, мына ауылға қыдырма ағайын қыдыратын да кез емес. Елдің көбі етектегі жайлауларында отырықшы өмірге көшкен. Көп халық аштықтан қырылған. Несін айта берейін. Неде болса құдай айдап кез келтірді. Әйтпесе неше күн ешкім жүрмей қойса не болар еді?! Тіпті екі-үш күннің өзінде не болар еді?! О,о,о, Тоба! Тоба қылдым, Құдая! Шүкір, шүкір, Алла! Алланың өзі туралап жіберген жәрдемі!-дейтін апам жарықтық, сол оқиғаны есіне алғанда. Атамның қайтқанына жыл



толып, ас та төк ас бермесе де ырымын жасап құран оқытады. Жылдық рәсімін өткізіп болған соң бірер ай өтісімен-ақ үлкен-кіші тағы жиналады. Әлі жап-жас, отыз екідегі апамды ата жолымен қайындарының біріне қоспақ болады. Қырғызстанға кеткенге дейін атамның бірге туған әпкесінің баласы Анаркүл (руы Бестерек) атам мен апамның қолдарында болған екен. Сол кісі елдегі үйінде Күмісай апамызбен бірге қалған. Әлі үйленбеген жас жігіт, сол Анаркүлға апамды қоспақ болады. Оған апам көнбей, біраз дау шықса керек. Ақыры апам жеңіп, басы бос күйінде қалады да, Анаркүл осы оқиғадан кейін өз еліне Бестеректерге кетуге мәжбүр болады. Атам қайтыс болып жесірлік өмірдің ащы дәмін татқан апам, өз ошағы, өз отбасының қамына ендігі жерде тек өзі ғана жауапты екенін терең түсінген сыңайлы. Сондықтан да әлі жетілмеген екі баласын жеткізу үшін қос білегін сыбанып, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей бар тіршілік қамын өз қолына алған. Аштықтың табы әлі кете қоймай, шалақұрсақ жұрт, шалажансар күн кешкен бір заман. 1933-жылдың екінші жартысынан аз да болса бір жылымық жағдай туындағанымен жалпы халықтың әлеуметтік, эканомикалық жағдайы өте ауыр болған. Халық күн көру қамында түрлі әрекеттерге барған. Сол жылдарда апам бірнеше шыны ыдыстармен қаладан аптасына бір рет спирт әкеледі екен. Оны ауылдағы жұрт, кім қанша сатып алуға шамасы келеді, сонша сатып алатын көрінеді. Кейде бұл сауда айырбас түрінде болады екен. Оның бір пайдасы тамақ сұрап қыңқылдап жылай берген балаға оймақпен өлшеп беретін көрінеді. Тым жас балаға бір оймақ та жетеді екен. Соны ішіп алған соң жас бала пысылдап

ұйықтап қалатынға ұқсайды. Сонымен қатар ол суық тиіп аурудан, инфекциядан сақтаған көрінеді. Ал үлкендеу балаларға екі-үш оймақ беретін көрінеді. Әине үлкендер де ішкен. Өстіп жүргенде бір күні апам бір үлкен азамат келіп жолығады. Ол кісі мына темір жол құрылысындағы жұмысшыларға күндік паектарын әділ бөліп беріп отыратын сіз сияқты еті тірі, беделді әйел адам керек болып жатыр. Көпшілікті ұрыс-жанжалсыз бағындырып ұстай алатын адам-ау, деп келіп тұрмын. Бізге біраз жәрдем етіңіз-дейді. Япырмай, көпшілікті қалай ұстай аламын,-деп іштей қобалжысам да келістім. Ол кісі: -Ертең бәлен жерге келіңіз. Жұмыс басына өзіміз апарамыз,-депті. Ертеңіне дайын тамақ тиеген арбамен темір жол салып жатқан жерге барыпты.

Түс кезінде әртүрлі тостаған, кружкаларын ұстап кезекке тұрған кісіде есеп жоқтай көрінді. Басы ұзындау кружка тәріздес ұзын сапты ожаудың ішкі бетіне белгі соғылған. Әр адамға сол мөлшермен тамақ құйып беремін. Тамақ болғанда не?! Бір күні қатықсыз түктелген бидай көже. Бір күні тары көже. Бірде сұлы немесе қарақұмықтан ботқа мен көже арасындағы қоймалжың, бетінің жылт етері жоқ тамақ. Кейде «пләк» тәріздес ыдыс толы айран келеді. Кейде сүт. Онысы талай ашып кетіп, сүтті сол жерде қайнатып ірімшігін қасықтап бөліп берген де күніміз болды. Сары суына дейін бір тамшы қалдырмай бөліп береміз. Алғашқы күні дайын тамақты таратсам, кейін қос басына тағы екі әйел әкелді. Олар тамақ пісірумен ғана айналысатын. Бірақ маған бағынады. Паектың бар түрі осындай болса да, сол паек үшін шамасы келе ме жұмыс істеуге, келмей ме, оған қарамай талай адам ағылып келіп жата-

ды. Ішінде бір күн, жарым күн өтпей жатып өлгендері де болды. Ал жұмыс өте ауыр. Қазіргідей «трэктр», «мәшине» деген атымен жоқ. Бірнеше арба, зембілмен топырақ, шағал тас тасиды. Небір қарулы жігіттердің өзінің ыңыршағын айналдырар жұмыс. Кейбіреулер қол сүйменмен, шапқымен тастарды бөліп, аударып жатады. Міне сондай күндерде өте әлсіз, жұмыс істемек түгілі өз-өзін әрең сүйреп жүрген төрт-бес адамның әл жиып, ел қатарына қосылып кетуіне себім тиді. Әрине, Алланың жәрдемімен.

– Сонда не істедіңіз?

- Бақылаушыға бір ауыз ескертемін. Онсыз да ел аз қырылған жоқ. Мына кісіні жұмсамай-ақ қой,-деймін. Әлгі әлсіз адамға:

- Тас аударатындар жаққа бет алып бір шұқырлау жерде, көлеңкеде күнімен жат. Мына түріңмен күн тисе өліп қаласың. Ел түскі, кешкі асқа кезекке тұрғанда аяқ жағын ала кел-деймін. Ожауды ешқашан ана екеуіне берген емеспін. Бақуат кісілерге тамақ құйғанда ішіндегі белгіге сұқ саусақтай ғана жетер-жетпес қып құйсаң бірнеше кісіден соң бір адамға бір жарым есе тамақ беруге болады. Соның өзі апта бойы қайталанса, әлгі әлсіз кісінің әлденіп жұрт қатарына қосылып кетуіне үлкен сеп. Бірде жаңа келген осындай бір-екі кісі алғашқы паекты қабылдасымен-ақ іші кетіп жатып қалды. Шамасы талайдан нәр сызбаған. Қос басында бауырын көтере алмай жатып қалған әлгі кісілерді күнімен көлеңкеде жатқызып қойып шай шөптің дәнді басын қайнатып күніне бірнеше рет қасықтап ішкіздім. Берілген тамақты да бірден ішпей, бір қасық, екі қасықтап күні бойына созуларына кеңес бердім.

Мұндай жағдайға ұшыраған адамның, бетін аулақ қылсын түзеліп кетуі қиын. Олар үш-төрт күнде бастарын көтере бастады. Жас емес пе? Бірер аптада қатарға қосыла бастады. Аштықтан әлсіреп жүрген адамды, бит буса, бұл да үлкен қауіп екен. Сол жол құрылысы басында жер май ма, әлдебір сұйықтан босаған үлкен бак тәріздес ыдыстың ішін жуып жіберіп су толтырып, сахар қостық. Бит буған жігіттерді түгел шешіндіріп киімін әлгі ыдысқа салып сүт пісірім уақыт қайнатып кермелерге теріс айналдыра жайып кептірдік. Кепкен киімдерін қағып-қағып жібергенде бит, сіркелері қурап түсіп қалады екен. Осы жағдайды да төрт-бес рет қайталағанымыз есімде қалыпты, дейді апам.

–Ау, ол кісілер, қалай жүрді сонда.

- Белден төмен үкімет берген бөзбен оранып жұмыс істей берді. Сол жұмыста жеті-сегіз ай, қыс түскенше істедім. Қазіргі Ақыртөбенің тұсынан әрі асқанда жұмысты өткізіп үйіме біржола келдім. Осы тұстағы апамның темір жол құрылысында істедім деген кезеңді зерттеп көрсем:

Турксиб темір жолының құрылысы межелеген уақытынан бір жыл бұрын, яғни 1930-жылдың 28-сәуірі күні аяқталды деген. (Достық жолы Алматы. Транспорт-1995.10-бет) Ал 11-бетте 1930-жылдың 28-сәуірі күні 9 сағат 04 минутта Айна-Бұлақ станциясында Түркістан-Сібір темір жолының солтүстік пен оңтүстік бөліктері түйісті, және сол жылдың 1-мамыры күні уақытша, ал 1931-жылдың 1-қаңтарынан бастап тұрақты тұтынуға берілді делінген.

Бірақ бұл алғашқы бір-ақ жол құрылысының аяқталуы.

Алғашқы жолдың құрамында үш тұтыну аймағы бар еді делінген 14-бетте. Семей-Үштөбе, орталығы Аякөз; Үштөбе-Шу, орталығы-Алматы; Шу-Арыс орталығы Әулие-Ата (Жамбыл)

Бұл жылдарда апам Қырғызстанда өмір сүрді. Сонда ол кісі бұл құрылысқа қай кезде ат салысты. Қай кезде жұмыс істеді?-деген сұрақ туындады.

Баста, жолдың біде-бір реттеу стансасы жоқ еді, ең ірі стансалар Семей мен Алматы-1 болды. Манёвр жасайтын арнайы жолдар жоқ еді. Манёврлер, негізгі жолда жасалатын. Жүк операцияларының көбі қабылдау-аттандыру бекеттерінде, тіпті кейде негізгі жол бөліктерінде іске асырылатын –дейді осы кітапта. 1933-1939-жылдар аралығында ғана үш вагон депосы және екі вагон бекеті салынды. (15-бетте) Тек 1934-жылы бүкіл жол электробағыттаушы жүйесіне көшті, ал ағаш семафорлар темірге ауыстырылды.

Міне осы деректерге қарағанда апам осы жылдарда қосымша жолдар салу, бекеттер салу жұмысына қатысқан. 1935 тен де гөрі 1936-жылғы құрылысқа қатысқан деуге келетіндей. Апамның «паек үшін, шамасы келе ме жұмыс істеуге, келмей ме оған қарамай талай адам ағылып келіп жатады.»-деген сөзін растайтын тағы бір дәлел келтіре кетуді жөн көдім.

Қазақстан АССР-і Еңбек комиссариатының алдын ала есебі бойынша, құрылыстың жұмыс күші керегі 1928-жылы шамамен 20 мың 1929-жылы 30 мың 1930-жылы 20 мың адам еді; ал шындығында 1929-жылы құрылыста 40 мың, 1930-жылы 50 мың адам істеген еді. (Дос. ж-ы. Алматы, Транс-т.1995. 7-бет.) Көріп отырғанымыздай жоспарлаған адам санынан үнемі екі

есе, тіпті одан да көп адам жұмыс істеген. Сол жылдарда: «Адамдар Турксибті салады-Турксиб адамдарды тәрбиелейді! Турксиб-екпінді құрылыс!» сияқты ұрандар кең тараған еді, деп жазады 11-бетте.

Осынша қиындықпен, жанкештілікпен жүргізілген Турксиб жол құрылысының жоғарғы басшылығында кім болды?-деген сұрақ туады. РСФСР-дың Халық Комиссарлары Кеңесінде құрылысқа көмек көрсету комитеті құрылды. Комитет төрағасы болып Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов тағайындалды.(Дос-қ жо-ы. 6-бет.)

Қазақстанның жан-жақты өркендеп гүлденуі жолында өлшеусіз үлес қосқан «Турксиб» темір жол құрылысының қандай қиын жағдайда жүзеге асқаны жайлы апамнан естіген бір үзік сыр мен оның дәлелдері осындай болды.

Осы оқиғадан соң ауыл ақсақалдары қайта жиналып, ақыры апамды Игенбай деген қайнысына қосып тынады. Игенбай қайнысы болғанымен, апамнан жасы едәуір үлкен кісі. Ол кісінің әйелі Әлия он үш құрсақ көтереді. Бірақ балалары тұрмай жалғыз ғана Сарқыт деген қызы қалады. Ол кісіге қосқан соң көп ұзамай, апамның аяғы ауырлап егіз бала табады. Өткен күндерді есіне алған апам:

-Мен егіз тапқанда, Дәлінің шешесі Үршайым да босанып, ұл тапты. Екеуіміз қатар босандық. Ол ұлының атын Дәліге ұйқастырып Әлі қойды. Мен бір ұл, бір қыз таптым. Ұлымның атын Еділбайға ұйқастырып Егізбай қойдық. Қызды, ол кезде егіз туылып, бірі қыз болса Би Фатима пірім қолдады деп Фатима қоятын. Бірақ салт бойынша әулие, үлкен кісінің атын бадырай-

тып атамау керек себепті Фатима демей Патма қойдық. Ол кезде егіз бала табу өте сирек болса керек. Ел шулап, «егіз тапты»-деп біраз әңгіме болыпты.

Босанғанына бір апта өткенде апам түс көреді. Бұған дейін бірде-бір рет түсіне кірмеген атам, алакөлеңке бөлме ішінен жылжып келіп:

-Жалғызсырадым, қай балаңды бересің?-дейді. Ересек екі балам оң жағымда түрегеп тұр. Жаңа туған нәрестелерім құндақтаулы күйде сол жақ қолтығымның арасында, қолыммен орай құшақтап жатыр екенмін. Үн жоқ, түн жоқ ересек екі баламды оң қолыммен қорғаштап төрге, ірге жағыма қарай жасқадым да, кішкентайларды екеуін бірдей құндағымен сырғыта, атаңа қарай итеремін. Екеуін алды да, бұрылып жүре берді. Шошып оянсам, егіздің біреуі, кішкентай қызым ықылық атып жатыр екен. Сол күйі таң қылаң бере нәресте шетінеп кетті. Қырық күн өткенде аз күн көзімді алдап екіншісі де шетінеді.

Кезінде мақта да тердік. Қызылшаға да шықтық. Бидай орып, шөп те шаптық. Сөйтіп жүргенде бапаң ауылдағы бастауышты бітірді. Одан қазіргі Аманкелді колхозының Тегістік бөлімшесінде жеті жылдық мектеп болатын. Оны да үздік бітірді. Оқуға зерек, алғыр болды. Назтай апан үш кластық бастауыш білім алды да қойды. Әрі қарай оқуға құлқы болмаған соң зорламадым. Қыз бала, көп оқып ел сұрар дейсің бе?-деуші едік қой ол кезде.

—Ал ана бес түйенің боданына әкесі тастап кеткен қыз не болды?

—Не болсын? Кетеуі кетіп, әбден әлсіреген. Алғаш ас ішкенде аз-аздан ғана демалып-демалып іш, дегенімізге

қарамай кішкене тостақ көжені бірден ішті. Содан аш өзегіне түсіп кеткен ол талықсып есін білмей қалды. Бірнеше күн ес —түссіз жатып, ақыры қаза болды. Тарихта 1932-34-жылдары аштықтан 2 млн.300мың адам өлді, деген дерек бар.

Арғысын қоспағанда сонау 1914-жылдан бері небір қиындықтан өткен қазақ халқы осылайша ашаршылықтың да ащы зардабын татып оны да артта қалдырды.

Сол жылдарда әлі толық ұйымдасып, аяғынан тік тұрып кете қоймаған артель, колхоз шаруашылықтары мүлде тоз-тозы шығып, тек аты ғана сақталған еді. Осы тұста да халықтың шінара болса да, жаңа үкіметке қарсылығы білініп тұрған. Оның дәлелі 1935-жылдары Тегістіктегі, колхоз құрылысы енді ғана қолға алына бастағаннан, халық ағарту жұмысымен айналысып келе жатқан мектепті өртеп жіберген. Сол мектеп өртенген жылы бұған дейін қалада тұып келген, Тоқымбаев Әшір, әйелі Аяулым әпкемізбен ауылға көшіп келеді. Оның себебі он үш құрсақ көтерген Аяулым әпкеміздің он екі баласы бірдей тұрмай, шешектен, бірінен соң бірі шетіней беріпті. Содан оншақты жыл бала көтермеген Аяулымға бақсы-балгерлер «жер ауыстыр»-дейді. Сол себепті олар қаладан ауылға келіп қоныстанады. Ауылға келген соң үшінші жылға қарағанда 1938-жылы, тура он жыл дегенде Ермек ағамыз дүниеге келеді.

Ашаршылықтың азабынан әуіріммен зорға тірі қалған халықтың үштен бірі еңсесін тіктеп кетпесе де, есін жия бастағандай кез туа бастайды. Есін жия бастаған халық үкіметтің ықпалына мойын ұсынып, жан-жақта шашырап жүрген біраз ел колхозға мүшелікке

кіреді. Батырақ колхозы бұрынғыдай он үш үйден емес, енді аясы молайып, түтін саны қырықшақты болды. Бұл шақта халық жан –жақта шашырай қоныстанып, бұрынғыша көшіп-қонып жүргенімен, біраз ағайын жаңа үкіметті де, колхоз құрылысын да, іштей әлдеқашан мойындап қойған. Халық ағарту ісін де мойындап, балаларын жаңа ашылған мектептерге беріп, онда білім алған алғыр да зерек жастардың алды білім саласында, комсомол ұйымдарында қызмет атқара бастайды. Жергілікті халықтың өз арасында басшылық жұмыстарды қолға алып, шаруашылықтың сансаласында барынша ілгері басушылық байқала бастайды. Мұның негізі қалт-құлт күн кешіп жатқан ашқұрсақ халықтың қажырлы еңбегі мен алдағы күндерге (өмірге) деген сенімінде жатқан еді. Жылжып 1937-жыл келді. Сол жылы Ново-Ивановка МТС-нде (машина-трактор станциясы) директор болып қызмет атқарып жүргенде Жақаш Мамырұлы ұсталады. Ол кісі революцияға дейін Меркіде Тұрар Рысқұловпен бірге «Қазақ жастары одағын» бірге құрысқан екен. Одан өзге де ірі басшылық жұмыстар атқарған Жақаш Мамырұлына «Халық жауы» деген жала жабылады. «Т. Рысқұловтың құйыршығы»-дейді. Ол кісі осы жаланың кесірінен 1938-жылы атылып кетеді. Сол 1938-жылы ауданнан, облыстан уәкілдер келіп жиналыс өткізеді. Жиналыста колхозға жаңа ат беру қаралады. Уәкілдер екі атты ұсынады. Бірі Аманкелді, бірі Фрунзе. Біздің ауылдың тұрғындары бір ауыздан Фрунзе атын қабылдап, содан бастап бұрынғы Батырақ колхозы Фрунзе атындағы колхоз атанады. Соған орай мектеп те Фрунзе атымен аталады. Ал көрші колхоз Амангелді атанады. Сол жылы

жиырма жасқа келген Жақсығұлов Иманқұл ауылдық комсомол комитетін басқарады. Кейін аудандық комсомол комитетіне ауысып, қызметі жоғарыласа керек. 1928-жылдан 1938-жылға дейін қазіргі бүкіл Байзақ ауданына қарасты колхоздар мен артельдер мақта егумен айналысқан. 1938-жылдан бастап шаруашылық түрлері түбегейлі өзгеріп бидай, қызылша егумен айналыса бастаған. Ал мал шаруашылығынан аздап жылқы, сиыр, қой-ешкі бағып өсіруді қолға алған. 1929-жылдары Ынтымақ колхозы атанған Бестеректер ауылы 1938-жылы Молотов атанады. Кейін Теспемен бірігіп Октябрьдің 40 жылдығы атанған.

Осы 1938-жылы Шотаев Иманқұл құдамыз апамның алдынан өтуге келеді.

-Молдекеңмен құдай алдында уәде ғып едік. Балам ер жетті. Қыз балиғатқа толып бой жетті. Рұқсат етсең келінімді қолымызға қондырайық. Жастарды үйлендірейік-дейді. Апам еш қарсылықсыз келісімін береді. Сөйтіп (Назым) Назтай апамды Дербіш жездемізге ұзатады. Осы Шотаев Иманқұл кісі ашаршылық жөніндегі бір әңгімесінде: -Аштықтан тарыққан халық бір талғажау табыла ма?-деп құм арасына ағылғанда біразына ебінің арқасында бірдеңеге іліксе, біразы түк таппай қырылды. Құм арасында келе жатып талайлардың өлі денесінің үстінен түсіп, шамам келгенше мәйіттің бетін жасыруға тырыстым. Кейбіреуінің ашық қалған көзіне қарау мүмкін емес еді. Солардың көзін жауып, шамам келгенше жерлеп, шамам келмегені солай қалып қояды. Сонда үйге келген соң ойымнан шықпай, мазам кетіп бәрібір бір-екі күннен соң қайта келіп бетін жасыратынмын. Мүмкін

содан да шығар өстіп тоқсаннан асып, бала-шағамның қызығын көріп отырғаным,-депті.

Келесі 1939-жылы Сельпоның бастығы боп тұрған кезінде Сүмбілов Сүйінбайды «Жақаш Мамырұлының құйыршығы»-деп ұстап кетеді. Ол кісі содан із-түзсіз жоқ боп, қайтып оралмаған. Өлі-тірісі белгісіз күйде қалған. Артынша Ерназарұлы Көпжасарды (Көпжасаров Шалабектің әкесі.) Сүмбілов Сүйінбайдың «құйыршығы»-деп ұстап кетеді. Ол кісі кейін он жылдан соң елге оралады. Сол отызыншы жылдардың аяғын ала биязы жүнді қой шығып, соған ферма бастығы боп жүрген кезінде Көкбастаудан (қазіргі Аманкелді) Қалмұрат деген кісіні де ұстап кетеді.

Отызыншы жылдардың ортасынан ауа Қырғыз елінде алты-жеті жасар Құлкерім жалғыз қалыпты деген хабар келеді. Мұны естіген (кейінгі) Чапаев совхозының Тегістік бөлімшесінде тұратын Дәлікүл жездеміздің бауыры Әлімкүл Қырғыз еліне сапар шегеді. Түрлі қиындық пен жол азабын шеккен Әлімкүл Қырғызстанға жеткен соң біраз іздестіруден кейін жас бала Құлкерімді табады. Еліне алып келген соң өз балаларымен қосып тәрбиелемек болады. Біраз уақыт өткенде ол кісінің әйелі жаңадан келіп қосылған жас баланы жақтырмайды. Өздері ас-ауқатқа жарымай отырған шала құрсақ жандарға бұл қосымша жүктей көрінсе керек. Ақыры күтімі дұрыс болмайтынына көзі жеткен туысы ағамызды балалар үйіне өткізеді. Ол кісі зеректігінің арқасында балалар үйінен тек орта білім алып қана қоймай, сонымен қоса мамандық та алып шығады. Бұл кісі атамның бірінші әйелі Малдыбаладан туған әпкеміз Бүбіден қалған жалғыз тұяқ. Бүбі әпкем

мен Дәлікүл жездем қай жерде, қандай жағдайда қаза болғаны, қай жерде жерленгені жөнінде еш мәлімет жоқ. Сол күйі дерексіз қалды.

Ендігі бір айта кететін жай, сонау бірінші бөлімде әңгімеленген Тіләштің баласы Ермет жайы. Ермет те 1928-жылы конфискацияға ұшырайды. Бұл жөнінде: «Бір кездегі мыңғырған мал мен ас та төк тірліктен түк қалмағанда, жазған басым, бір кездері ошаққа асар қазан да таппай қалдым», -дейтін Әсіл апам. (Сыдық атамның туған әпкесі) Осындай қиын жағдайға душар болған апамыз, Ермет атамыздан екі-ақ бала тапқан. Тұңғышы Әбдіғұлды небәрі он бес жасында дүниеге әкелген. Әбдіғұлдан кейін жеті жылдан соң тағы бір ұл тапқан. 1932-жылы ашаршылықтан жас балаларды аман алып қалу шарасы ұйымдастырылып, қазіргі Т.Рысқұлов ауданында да балаларды жинауға ат арба бөлінген. Есі кіріп, жасы онға келген Әбдіғұл да, інісі де сол арбаға ілігіп, балалар үйіне өткізілген. Көп жыл өткенде білім алып, мамандық иесі болған Әбдіғұл нағашым туған жеріне, анасына қайтып оралған. Апамыз Әсілді өзі іздеп тауып, анасымен табысып бірге өмір сүре бастаған. Ал әлі есін білмеген інісінен балалар үйінде бөліп жібергендіктен көз жазып қалған. Ол кісі өмірінің аяғына дейін сол бауырын іздеумен болыпты. Бірақ еш нәтижесі болмаған. Біз ол кезде тым кішкене бала болғандықтан әкеміздің кіші нағашысының аты да есте қалмады. Қазір оны білетін де ешкім жоқ. Міне, мен зерттеп білген нәубет іздері осындай болды. Біз білмейтіні қаншама?..

1 22/ Жульевская 514 1906 Анна Урашев Казань
 23 Волынецкая 4340 1906 С. П. Урашевский Казань
 24 Волынецкая 8109 1904 С. П. Урашевский Казань
 25 Волынецкая 5082 1906 Анна Урашевская Казань
 26 Волынецкая 8963 1904 Анна Урашевская Казань

5 Волынецкая 14200
 Протвицкая 14200
 Волынецкая 1301
 Волынецкая 1302
 Волынецкая 1303

1. жалғасы

2	Срещинская и иная служба -иных.	Срещинская	Улица Возмоз -иных в урже депсе.	Улица, урже и расположен урашевский.
1.	Магдебаль Миньков	казань	От вешет иной селитры	Улица Ленин и 85
2.	Авдеев Александр	русский		
3.	Андреев Сам	казань		
4.	Андреев Александр	узбек		
5.	Андреев Александр	русский		
6.	Андреев Александр	русский		Отец Урашев

Мұрағаттан табылған құжаттар



1920 жылдардағы облыстық комсомолдар ұйымының орталығы.

ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУДЫ

Өкінбе әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын.

(Мұқағали М).

Бір кезде байдың қызы, одан бай кісінің әйелі болып жоқшылық көрмей бұлғақтап өскен апам, бұл кезде талай қиындықтан өтіп, небір қырғын-сүргінді көріп, өмірдің ащы-тұщысының дәмін әбден-ақ татқан кезі еді.

« Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» -деген сөздің мәнін де терең ұққан ана, жалғыз баласымен әлдеқашан колхоз мүшелігіне өткен. Батырақ колхозының Переселенец көшесінен Ыбырайым мен Тұрсынбайдың жерінің ортасынан жер тиген апам ұл-қызымен үшеуі ел қатарлы үй салып тұрып жатқандарына да талай уақыт болып қалған. Қызы Назымды ұзатқан соң бір үйде шошайып әкем екеуі ғана қалады. Сол кезде жақын қайын сіңлісі Аяулым Ермек ағамызды табады. Қолы құтты, жүрген жері береке, өзінің тәуіпшілігі де бар-деп ырымдап Әшір жездеміз бен Аяулым әпкеміз сағынып көрген баласының кіндігін апамға кестіреді. Баласы екеуі ғана қалған апам да, әкесі мен шешесіне де Ермек расында да үлкен ермек болады.

Неше жылға созылған нәубет пен репрессияның кесірінен небір ақсақал абыздарынан, ел ішіндегі көзі қарақты қаймақтарынан, небір бозымы мен боздақтарынан айрылған қайран ел «өмір» атты асау

арғымақтың жалына жармасып жаңаша тірлікке бет ала бастайды.

Бірте-бірте сол жаңа өмірдің елеулілерінің біріне айнала бастағанын апамның өзі де сол кезде аса аңғара қоймаса керек.

1938-жылғы ауылдардың атын өзгертумен қабат келген ауыл шаруашылығындағы өзгеріс халыққа сенім мен жаңаша бір серпіліс ала келді. Колхоздар жер жыртып бидай, қызылша еге бастады. «Елде бар ерінге тиеді»-демекші бұл дақылдарды егумен айналысу елдің еңсесін көтере бастады. Халықтың келешекке деген сенімі артып, шаруашылықтың әр саласында еңбек белсенділері көріне бастады. Кеңес үкіметі орнап, алғаш колхоздастыру науқаны басталғанда бұрынғы Ақәділ Суханбаев атындағы колхоздың әр бөлімшесі алды-алдына, жеке-жеке колхоз болған. Сол жылдарда «Көкөзек» колхозының қызылша алқабының әр гектарынан 980 центнерден өнім береді. Бұл құлақ естіп, көз көрмеген рекордтық нәтиже еді. Осындай ересен табыстарға байланысты колхоз басығы Таспақожаев Сыдыққа Еңбек ері атағын беруге Жоғары Кеңес мүшелерінен уәкіл келеді. Колхоз мүшелерін ашық далада жинап алып, жиналыс өткізбек болып жатады. Ет пен сүйектен жаралған пенде емес пе? Бұл жағдайға қатты толқып, қалың ой құшағында жүрген Таспақожаев Сыдық, Әбдіқадір Асаубеков деген кісінің жанынан үндемей өтіп кетеді.

Өзі колхоз бастығы. Енді «Еңбек ері» атанатын болған соң мүлде көкірегі өскен екен. Мені елемей, амандаспай өте шықты ғой,-деген қызғаныш ой келген әлгі кісі уәкілге арыздана бастайды. Бұған дейін де не

түрлі сылтаулармен талайларды қан қақсатып халықтың ішіндегі қаймақтарын «халық жауы»-деп ұстап берген Әбдіқадір енді үндемей өтіп кеткені үшін Сыдыққа түрліше жала жабады. Ақыры «Еңбек ері» атағын беруден алдыртып тастайды. Еңбекте ер атанайын деп тұрып, орынсыз жабылған жала мен жағылған күйенің нәтижесінде атақтан да, дәрежеден де айрылған Сыдық атамыз бен Қантай апамыздан жалғыз ғана Жарқынай атты қыз қалды. Сол қыздан жиен ұрпақтары бар.

Сонша жерден біз осы кісіге «Еңбек ері» атағын беруге келіп едік. Оған қарсылық көрсеткендер шықты. Енді оның орнына кімді ұсынасындар?-дейді уәкілдер. Сонда қызылша егісінің озат звено жетекшісі Дидарбекова Наужан апамыз ұсынылады да, сол кісі «Еңбек ері» атанады. Ал Таспақожаев Сыдық сол күйі ысырылып қала береді.

Кейін өмірінің соңына таман Әбдіқадірдің екі қолы икемге көнбей ылғый көтеріліп, селкілдеп, дірілдеп тұратын болған. Сонда ол кісі өз кінәсін мойындап: «Бұл дүниенің қысасы ол дүниеге кетпейді»-деген осы екен. Кезінде осы қолыммен талай қиянат істеген едім. Сол қиянаттарымның жазасын тартып жатырмын,-деп халықтан, өзіне амандасқан іні-бауыр, қарындастардан кешірім сұраған екен. Бірақ кінәсын тым кеш мойындағаны өкінішті-ақ.

Бұл кісінің осы келеңсіз мінезі мен талай адамның обалына қалған жауыздығы жайлы бұрын да бірнеше кісіден естіп едім. Бірақ ол кезде осы жайлар туралы жазуыма тура келеді-ау деп ойламаппын. Осы жолдарды жазарда ол кісі туралы жағымсыз мәлімет аса дәлелді түрде тағы да алдымнан шықты.

Бұған дейінгі қалың елім, қазағымның басынан өткен небір қиын жағдайлардың әсерінен болған, халықтың бойындағы жасқаншақтық пен үрейдің орнын жаңа өмірге деген сенім жеңді. Еңбекті жүйелі ұйымдастыру түрлі салада рекордтық табыстарға қол жеткізді. Сол кездегі ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің жемісті еңбегінің көрінісін қарт ақын Жамбыл Жабаев «Еңбек туралы жыр» өлеңінде былай деп жырлайды.

Еңбек қымбат дүниеде, еңбек ұлық,
Ерінбей ұмтылындар ерте тұрып,
Қандырып суғарындар егініңді.
Қоймастан арам шөбін таста жұлып.
Бақытты колхозшылар ұйымдастың
Көп табысқа жетісіп алға бастың
Лениндік партияның арқасында
Байлық пен рахатқа ұшырастың.

Халық жаңа ынта –жігермен еңбек етті. Соның нәтижесінде Қазақстанның сан-салалы шаруашылығының қай саласында да Еңбек ерлері шыға бастады. Жұмыс негізінен көбінше қолмен атқарылды. Сондықтан жұмыстың қай түрі болмасын жұмыс қолын көп қажет етті.

Жас Кеңес үкіметінің алғашқы бесжылдықтарында ересен еңбегімен ел есінде қалған еңбек коллективі теміржол саласында Түркістан-Сібір теміржолы. Бүкіл құрылыс коллективі Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Ал ауылшаруашылығында қызылшадан мол өнім жинап ер атанғандардың бірі ауданымыздан шыққан Дариха Жантоқова, Сындыбала Оңғарбаева т. б. Тары егісінен рекордтық нәтижеге қол жеткізген Ақтөбелік Шығанақ Берсиев, күрішші Қызылордалық

Ыбырай Жақаев. Тізе берсе осылай кете береді. Бірақ техника жетіспеді. Көрші ауыл Түймекентте МТС ұйымдастырылып, барлық ауыл шаруашылығына қажетті техника әр колхозға сол МТС-тен бөлініп отырды. МТС-тың алғашқы директоры Жолтай Қадіров деген кісі болған. Қабылов Тұрсынбай сол жылдары трактор бригадирі болған. Содан болуы керек ол кісіні жеңгелері «Дәу бала» десе, келіндері «Дәу жәке» деп атаған. Ал Солтанәліұлы Қосыбай сиыр фермасының бастығы болған. Кейін су шаруашылығына мұрап болуына байланысты бұл кісіні келіндері «Мұрап жәке» деген.

Бұл жылдарда Нартбайұлы Сыдық атамыз «Универсал» деп аталатын темір дөңгелекті, кабинасы ашық трактордың алғашқы жүргізушілерінің бірі екен. Сондықтан да ол кісіні келіндері «Тракторист жәке» деп атаған. Алғаш техниканы меңгере бастаған еңбеккерлерге дем бере жырлаған қарт Жамбыл жоғарыдағы өлеңінің бір шумағында былай деп кетеді.

Алындар машинаңды ремонттап,
Шабысқа сайманыңды қой реттеп,
Атқарған науқаныңды мәментінде
Бітпейтін жұмыс бар ма қылсаң көптеп-дейді.

Бұған дейінгі тоз-тозы шыққан тірліктен жабыққан халықтың көңілі жаңа еңбек табыстарына қарап марқайды. Түрлі еңбек саласындағы көрсең көз тойғызып, көңіл қуантар жеткен жетістіктер осылайша ақындардың шабытын оятса, ақындардың көкейінен шыққан жыр шумақтарының қуаты еңбекші халықтың еңбекке деген ықыласын еселей түсті.

Жылжып 1940-жыл келді. Сол жылы «Фрунзе» кол-

хозынан бірнеше жігіт Армия қатарына алынды. Олар: Жақсылықов Иман, Сыдықов Әбдірахман, Көпбосынов Әлімқұл, Бектаев Пірімқұлдың жиені, Мінәрбектің жиені, Дорымбаев Рэтай және Ынтықбай деген кісілер.

Бұл кездегі Фрунзе колхозының келбеті қазіргіге мүлде ұқсамайтын. Қазіргі Ақәділ Суханбаев көшесін «Переселенец откошник»-дейді екен.

– Неге олай атаған?-деген сұраққа үлкендер: -Құм мен жазық арасында көшіп-қонып жүрген халықты бір жерге шоғырландырып көшіргенге байланысты болуы керек-деп жауап берді.

– Отырықшылыққа бейімдеуге байланысты болуы мүмкін-деген де пікір болды. Көшенің үйлері алғаш қазіргі Жақашев Әнуардың үйінен басталып, Мәдібаев Төлепбергеннің үйіне дейінгі аралықта ғана болған. Онда да ел көшенің тек Сәмбет тоғаны жақ бетіне ғана орналасқан. Шарбақ қоршауы мүлде болмаған. Үйлер жаппай пешпен ғана бөлген кіре беріс пен бір бөлмеден тұрған. Мұнда негізінен Сатайлар мен Балпандар ғана орналасқан. Ал Байбектер Аманкелдіге баратын жолдың екі жағасына шашырай орналасыпты. Ал Сүйінбаев Тыныстанның үйінің қазіргі орнынан сәл беріректе бастауыш мектеп соғылып, сол кездегі жас түлектер, яғни біздің әкелеріміз бен ағаларымыз сол мектепте сауатын ашып, білім алған. Ең алғашқы мұғалімнің аты ешкімнің есінде жоқ. Тек егделеу ер кісі еді-деген дерек келтірді. Өзге жақтан қатынаған бұл кісі біздің ауылдың мектебінде бір оқу жылы ғана жұмыс істеген сыңайлы. Ал екінші мұғалім Омардың Токбике деген әйелінен туған ұлдарының бірі Атқаштың інісі Сейітқадір-Сейітқаш. Бұл кісі 1945-жылға дейін мұғалім болады

да, кейін дүкенге сатушы болып кетеді. 1945-жылдан 1948-жылға дейін Елеубаев Қасым ағамыз он бес жасынан бастап мұғалім болады.

Шапыраштылар тауық баз жақта, Қылышбай кісінің үйі Қылышбай сай деп аталатын тауық баздың ар жағындағы Тегістік жақтағы сайда отырған. Қалған ел бір шеті құмда, бір шеті осы ауыл маңына жақын жазықта сол кезге дейін көшіп-қонып жүрген. Халық еселі еңбек етіп, енді ғана еңсесін тіктей бастағанда Екінші Дүние Жүзілік соғыс басталды. Бейбітшілік бағытында қаннен-қаперсіз тірлік ете бастаған жас мемлекетке бұл күтпеген жай еді. Бұған дейінгі көрген азап пен тартқан мехнат аздай енді халықтың ер азаматтарына от кешіп, кеудесін оққа тосуға тура келді. Қайтадан ел басына күн туды. Ер азамат түгелдей дерлік майданға аттанды. Азаматтардың тегіс майданға аттануына байланысты, тылдағы жұмысты жаңадан ұйымдастыруға тура келді. Өйткені соғыстағы әрбір жеңістің, ерлік істердің бір ұшы тылдағы еселі еңбектің екпінді көрсеткіштері мен нақты нәтижелеріне тығыз байланысты еді. Ерлердің орнын қандай салада болмасын қыз-келіншектер басты. Ендігі жерде әйелдердің тылдағы қажырлы еңбегі мен ерлердің орнын баса білуі аса маңызды роль атқарды. Олардың арасынан қысқа курстарда оқып, үйрену арқылы механизаторлардың, жүргізушілердің жаңа легі пайда болды. Біздің ауылдан сұрапыл соғыс жылдарында (сол кездегі) Мадияров Ыбырайымның жас тоқалы Бәкен, Мәдібаев Төкеннің әйелі Тұнжыр тракторшы болды. Соғыстан броньмен Сыдық, Тұрсынбай, Төкен, Шапырашты Мақа (жаман Мақа деп атаған) кісілер қалған. Сол кезде Боранбай

мен Сағынбай аталарымыз мал шаруашылығын жем-шөппен қамтамасыз етумен айналысады. Құмдағы қыстауларға арбамен шөп тасыған. (Боранбай Әшімхан ағамыздың атасы. Сағынбай Мүсәтан ағамыздың әкесі). Ал жаз айларында қысқа шөп дайындауды ұйымдастырып, өздері де шөп шабумен айналысқан. Жылқы малы жетіспегендіктен шаруашылықтағы тасымалдау жұмыстарының дені өгіз арбамен атқарылған.

Сұрапыл соғыс даласынан суық хабар жетіп, қаралы қағаздар келе бастайды. 1942-жылы қан майданға алғашқылардың бірі болып аттанған, біз алдыңғы бөлімде әңгімелеген Тұрғынбай бай мен Күләндә ананың жалғыз ұлы Айқоңырдан қара қағаз келді. Оның анық қаза тапқанын Белоруссия жерінде бір майданда, бір бөлімшеде соғысқан Итбайұлы Қазақ атамыз көреді. Кезекті рет соғысқа кірген соң, әбден сілесі қата шайқасқан жауынгерлер не бір жағы түк қалмай қырылғанша, не бір жағы шегінгенше толас таппай соғысады екен. Бір-біріне оқ жаудыруды тоқтатып, тып-тыныш бола қалған бір сәтте әдеттегідей қаза болған жауынгерлерді жинайды. Кімдердің қаза тапқанын жариялауға тірі қалғандарды жинағанда, жауынгерлердің артын ала келген Қазақ, өлгендердің аты-жөнін айтып жатқанда өз құлағына өзі сенбей, ортада сұлық жатқан шейіттердің бетін ашып көреді. Шейіт болғандардың бірі анық өз туысы, әрі бауыры Айқоңыр болып шығады. Сол Итбайұлы Қазақ, қан майданнан жаңбырша жауған оқ пен оттың арасынан, он екі мүшесі сау болғанмен соғысқа жарамсыз боп елге оралғанда артында қалған жары ағайындарының біріне тиіп кетеді. Өзі қан кешіп келген жан туған жерді,

өскен елді қайта көргенім рас па, өтірік пе?-деп келгенде мына жай ол кісіге ауыр соққы боп тиеді. Жұбайы-бет біткенде әйелдің ажарлысы болған көрінеді. Опасыз сұлудан көңілі қалғаны сондай өмірінің соңына дейін қайтып үйленбей, әйел біткенге тіктеп қарамай өтіпті жарықтық. Тым кішкене бала болсам да менің есімде қалғаны ол кісі кірпияз, таза, сыпа болатын. Шақырған жердің өзіне ілуде бір кісінікіне болмаса бара бермейтін. Ал кейде бір жиынға бара қалса:-О-о-о, Қазеке келіңіз, келіңіз! Жоғары шығыңыз!-деп елдің бәрі ысырылып төрден орын беретін. Жеке өзінің жүз қаралы қойы болды. Соны бағып күнелтетін. «Үйінің әр кірпішінің арасы ақша екен»-деп естіген ел ішіндегі бір бұзақылар тамының қабырғасын тесіп көрсе керек. Қатты наза болған үлкен кісі қарғап, содан әлгілер оңбапты-деген де сөз бар.

Соғыс басталғанға дейін күйеуі Сабырқұл қайтыс болған соң, Қазына атты бір қызбен қалған жас жесір Рабиғаны қайнысы Айқоңырға әменгерлік жолымен қосады. Айқоңыр бұл жеңгесінен балалы болып та үлгермей соғысқа аттанып кетеді. Рабиға екінші рет жастай жесір қалады. Ал Тұрғынбай мен Күләндәнің Айқоңырдан үлкен жалғыз ғана қызы Гүлшат бұл кезде тұрмыста болады.

Жылқышы боп жүргенде Боранбайдың бауыры Дәнебек те соғыста қаза тауып, қара қағаз келеді. Соғысты Брест қамалында қарсы алған Иманқұлов Қаратай да қаза табады. Бұл кісі біздің жездеміз Дербіштің Қаражаннан үлкен бауыры. Яғни інісі.

1940-жылы тұңғышы Шәкизада (Шәкен) туылған соң Армияға алынған Дербіш, 1941-жылдың аяғында,

бір қолынан жараланып, соғысқа жарамсыз боп елге қайтады. 1942-жылдың аяғында екінші қызы Шайзада (Шажат) дүниеге келеді.

Сол 1942-жылдың басында Токтарбаев Берік пен Нұрғожаев Сейсенбай Армия қатарын толықтыруға алынады. Белоруссия жерінде соғысқа кірген бұл кісілер біраз уақыттан кейін бір-бірінен көз жазып қалады. Сейсенбай үшін Берікті басқа майданға, басқа бөлімшеге ауыстырды ма?.. Өлі ме, тірі ме?.. Еш белгісіз күйде қалады. Бірнеше реткі қырғын соғыстан кейін Сейсенбай жараланып (контузия алып), ауыр жағдайда тұтқынға (пленге) түскен. Ал ауылға «соғыста аса маңызды тапсырманы орындау барысында ерлікпен қаза тапты», - деген қара қағаз келеді. Сонда ол кісінің қайын енесі Қымқап әпке:

- Жоқ! Менің балам өлген жоқ! Ол орман ішінде ағаш кесіп жүр, - дейді. Мұның мәні бұл кісі үлкен қасиет қонған бақсы, тәуіп болған. Үлкен-кіші демей бәріміздің ол кісіні «әпке» деуіміздің себебі-ол кісі Сәмбеттің қызы. Сәмбеттің Араша атасына жататын Оңғарбай байлығымен қоса аса ірі молда, діни атағы бар үлкен қасиет қонған кісі екен. Әзімбек, Мәдібай, Дәркембай, Мірәлі, Әбдікерім және Сламов Әбекей осы кісінің ағайындары. Бәрі бір атаның баласы. Жақын туыстар. Осы кісілердің ішіндегі Дәркембайдың, Қымқап туған әпкесі. Осы аты аталған кісілердің ішінен жасөспірім кездерінде Мәдібай мен Қымқапты Оңғарбай молда шақырып алады. Алдына қатар отырғызып қойған ұл мен қыздың бойында ерекшелік барын сезген болса керек. Үй иесі әйелге екеуіне арнап бір-бір кесе сүт құйып қоюын бұйырады. Кесеге толтыра құйған сүттердің

бетін меңсіз ақ орамалмен жауып қояды. Едәуір уақыт өткенде кесегегі сүттердің бетін ашса Қымқаптың алдындағы сүт аппақ күйінше қалады да, Мәдібайдың алдындағы сүт сәл қызғылт тартады. Мұны көрген Оңғарбай, Қымқапқа:

- Сенің жүрегің ақ! Қанағатшылсың. Кейін емдеген кісілерің не берсе де риза боласың. Тіпті ештеңе бермесе де, істеген еміңе риза боп жүре бересің, - депті. Мәдібай кісіге: -Ал сен, қан шығармай, қанағат қылмайсың. Араның кеңдеу болады екен! - депті де, -Жүргізген емдерің оң болсын! - деп екеуіне бірдей бата беріпті. Содан бойжеткен соң Аққойлы еліне тұрмысқа шыққан Қымқап он үш құрсақ көтереді. Бірақ балалары тұрмай, бірінен соң бірі өле береді. Сол он үш баладан жалғыз Шыныкүл деген қызы тірі қалады. 1932-жылы халық жаппай аштан қырылып, тірісі қайтсе аман қалудың жолын іздеп жан-жаққа ауа көшіп жатады. Қымқап әпке де өсіп қалған жалғыз қызы Шыныкүлді ертіп төркін жұртына қарай бет алады. Сәмбеттердің жерінің бір шетіне аяғы іліккенде, жалғыз жігіт Сейсенбайға жолығады. Ары қарай өзінің жақындарын іздеп табу-ды мақсат етпеген кісі, еті тірі жігітпен селбесіп күн көру мақсатында Сейсенбайдың қасында қалып қояды. Амалдап жүріп аштықтың тырнағынан аман қалған кісілер сол күйі бір жанұяға айналады. Сейсенбай мен Шыныкүл ерлі-зайыпты боп, олардан алдымен Зейнеш деген қыз туылады. Ал 1938-жылы Зәру дүниеге келеді. Зәру төрт-беске келіп қалғанда, біраздан ауру айналдырған Шыныкүл қаза болып, ақ жуып, арулап Сопаққорғанға апарып қояды. Көп ұзамай Сейсенбай соғысқа аттанып кетеді. Кішкене екі немересімен

қалған Қымқап әпке аптасында ма, айында ма ауылдың бүкіл адамдарын жинап алып зікір айтады екен. Сонда жиналған жұртқа:

- Зікір кезінде мен не айттым, не дедім, бәрін естерінде сақтандар!-дейді екен. Зікірге ауру айналдырған кісілер, соғысқа кеткен азаматтарынан хат-хабар ала алмай жүргендер, ардағынан қара қағаз алғандар қатысады.

- Е, е, е! Бісміллә! Бісміллә! Он үшімде жабысты, қырық бірімде табысты! Аллахи! Аллахи! – деп аруақтарын шақырып, жан-жағындағы ауаны қамшысымен тілгілеп сабай жөнелетін әпкеміз, кейде зікірге қатысып отырған ауру кісіні де сабай жөнеледі екен. Сондай сәттердің бірінде көптен ауру айналдырған Шапырашты Өтеғұлдың әйелі Шәйбала әпкемізді қамшысымен бас-көз демей сабай бастағанда, әлгі кісі атып тұрып үйіне қарай жандәрмен қаша жөнеледі. Ол кезде шарбақ жоқ. Әр үйдің жерін айналдыра қазып қойған арық, атыздан аттай, пұттай төтесімен үйіне қарай тұра жүгіргенде бір-екі рет сүрініп құлап бара жатады. Қамшысын екілене сілтеген Қымқап әпке сүріне құлаған Шәйбаланы жақсы-ақ сабаса керек. Жарты жолдан ауғанша –Аллахи! Аллахи! –деп қуалай сабаған Қымқап, орнынан жанталаса тұрып, қаша жөнелген Шәйбаланы ары қарай қумай, бұрылып алып, ауаны тілгілей сабап, Аллахилап, зікір айтып жатқан жеріне қайтып келеді. Жандәрмен сүрініп-қабынып үйіне әрең жеткен Шәйбала әпкеміз содан сен көр, мен көр, жазылып кетеді. Шаруашылықта әр түрлі жұмыстар атқарып, кейін жасы ұлғайғанда қайта ауырған ол кісі Зәруге:

- Бауырым! Қымқап әпкеміздің ұрпағы едің ғой! Доғдырға қаралғанмен тәуір бола алмай жатырмын.

Қамшымен сабайсың ба? Үшкіріп, түкіресің бе, бір ырымын істеші! Жазылар ма екенмін?-деген екен.

Ол кісіні де әпке деу себебіміз, ол кісі- Тәймөңке Тоқбайдың қызы. Ахметәлі мен Кеңесәлінің әпкесі. Сондай зікір айтудың бірінде Қымқап әпке біреулерге: -Хат келмегенмен, күдеріңді үзбе! Кешігіп барып келеді- дейді. Ал біреулерге жараланып госпитальда емделіп жатыр-дейді. Енді біреулерге: -Жоқ! Ол жоқ! Қаза болды! Құраныңды оқытып, құдайыңды бере бер!-дейді екен. Және осы айтылған болжамдарының бәрі дұрыс болған.

Сонымен Сейсенбай атадан екінші рет қара қағаз келеді. Қымқап кісі онда да: -Жоқ! Менің балам тірі! Ол кеме ішінде кір жуып отыр!-депті. Кейін 1946-жылдың аяғында Сейсенбай аман-есен елге оралғанда осы айтылғанның бәрі рас болып шығады. Алғаш тұтқынға түскенде қалың орман ішінде ағаш кескен бұл кісілерді кейін Германияда тұтқындарды іріктейді де, біразын бірден Норвегияға алып кетеді. Осы кеме ішінде жүріп Америка жағалауында да бірнеше рет болады. Содан бір күндері Финляндияға жібереді. Бұл елдерде жүргенде Сейсенбай кісі кемеде кір жуушы болып жұмыс істейді. Тамақ жоқ. Тәулігіне бір рет қана тамақ беретін көрінеді. Кейде ол да жоқ. Кейде тіпті үш-төрт күнге дейін ештеңе бермейді екен. Осындай қиын күндерде таудай ғып үйілген қанды ірің аралас, сасыған киімдерді жудық. Сол лас киімдердің арасынан кейде картоп, кейде қатқан нан шығады. Ашығып, өліп бара жатқан соң соларды жейміз. Киімдердің қалтасынан одан өзге де майда-шүйде, кейде сурет, кейде сол киімді киген адамның құжаттары шығады. Әлгіні қарай бастасаң,

бақылаушылар ұрып, сабай жөнеледі. Өзбегі бар, тәжігі бар, қазағы бар оншақты мұсылман небір қорлықты көріп жүрсек те, бес уақыт намазымызды тастамадық. Осындай қорлықтан өзіміздің де үсті-басымыз талай рет қан-жоса боп, басы-көзіміз көк ала қойдай болсақта, орнымыздан тұрып қайтадан кір жуамыз. Уақыты келгенде, «жаңа ғана сабап еді»-деп ойламай, қайтадан намазға жығыламыз. Сөйтіп жүргенде өздері де бізді сабағаннан шаршаған болуы керек. Ақыры, намаз оқыдыңдар-деп сабағанды қойды.

Бір күні кеме ішінде кір жуып отырған жерімде ойламаған жерден Тоқтарбаев Берікті көрдім. Екеуіміз жылап көрістік. Оның не істейтінін білмеймін. Әйтеуір кемеңіз төменгі жағына түсіп кетеді. Анда-санда бір көргенде қан сасыған киім арасынан шыққан картопты Берікке беретін болдым. Ұзақ сөйлесіп, халжай сұрасып, әңгімелесуге мүмкіндік болмады-деп баяндаған екен азапты күндерін қайран ата.

Содан қандай жолмен, қалай Кеңес жеріне келгендері белгісіз. Әйтеуір небір ит қорлықпен өз Отанымыздың жеріне табан тірейді. Өз еліміздің шекарасынан өткен кезде, көп тексерістен кейін Сейсенбай атаны ақтап, еліне қайтуға үкім шығарады да, ал Берік атаны тұтқынға түскені үшін қайтадан жиырма бес жылға жер аударып жібереді. Бірақ қайда жібергенін Сейсенбай кісі білмейді. Соғысқа кеткеннен бері бірде-бір хат-хабар болмай, хабар-ошарсыз кеткен Берік атаның тірі екенін, ол кісіні бір жаққа жер аударып жібергенін елге оралған Сейсенбай ата айтып келеді. Бірақ не пайда? Ел қатарлы соғысқа аттанған ерінен бір хабар ала алмай зарыға күткен жары Күлімкүл іш құса боп жүріп, ауруға

шалдығады. Сол аурудан оңала алмаған күйі, күйеуінің тірі-бар екенін де біле алмай жастай қаза болады. Хабарсыз кеткен баласының да, мезгілсіз өлген келінінің де бар қайғы-қасіретін тартып, нар жүгін арқалап анасы ғана қалады. Ал Берік содан Қиыр Шығыстан, Колымиядан бір-ақ шығады. Жер аударылған жанда қандай күй болсын?..

– Шет елде көрген қорлық қорлық па? Өз еліміздің бір қиыр шетіндегі азап та одан кем түскен жоқ. Ашжалаңаш, талай ауыр да азапты күндерді бастан кешіп, талай істерді атқардық. Менің жанымды небір өлімнен, аштықтан өліп қалудан құтқарған, бойыма біткен қара күшім. Жер аударылғандардың бәрінің дерлік арқасында мойнынан артқа қарай аса салған дорбалары болады. Оның ішінде көбіне өзінің ыдысы, қасығы сонымен қоса аздап картоп, кептірген нан, әйтеуір жеуге жарамды бірдеңе табылады. Осы қолымның күшінің арқасында аштан өлмей аман қалдым.

Бір күні қалың орманда келе жатсам басына сулығын баса киген адам алдымда келеді екен. Қарасам дорбасында едәуір кепкен нан бар. Желкесінен жұдырығыммен бір ұрып, нанын тартып алайын деп қолымды көтере берсем:

-Е-е-ей! Сен, Берік емеспісің?!-дейді әлгі кісі таза қазақша сөлеп, бұған бұрыла қарап. Бетіне жалт қарасам, өз ауылдасым, ағайыным, Көпжасар екен. (Баяғы репрессия кезінде, Сүмбілов Сүйінбайдың құйыршығы деп ұсталып кеткен Шалабектің әкесі.) Екеуіміз жылап көрістік. Сөйтсем, ол кесілген мерзімін өтеп, елге қайтуға рұқсат алып келе жатқан беті екен. Апарып моншаға өз қолыммен түсірдім. Ол дорбасындағы кеп-

кен нанның көбісін маған қалдырып елге аттанды,-деп естелік айтқан екен Берік ата.

Көпжасар содан 1949-жылы елге оралыпты. Ол кісінің әйелі Айшақұл екеуінен Шалабек, Ұланбек. Ұланбек аудандағы банкте ірі басшылық қызмет атқарған. Үйленбей қайтыс болғаны себепті артында ұрпақ қалмады. Қыздары-Зейнебіл, Зина. Зейнебілден біраз ұрпақ бар. Зина да балалы-шағалы.

Соғыстың бастапқы кезеңінде майданға аттанған Жақсығұлов Иманқұл неміс басқыншыларымен Брест қамалында шайқасады.

Жаудың қоршауында қалған Брест қамалының жауынгерлері жанқиярлық ерліктің арқасында орасан зор шығынмен қоршауды бұзып шығады. Қоршаудан аман шыққан аз ғана жауынгер қорғана шайқасып жүріп, ақыры Курск даласындағы партизандар отрядына келіп қосылады. Көптеген маңызды тапсырмаларды орындау барысында партизандардың да талайы ерлікпен қаза тауып, бірталайы жараланып госпитальдарға жөнелтіледі. Ақыры бір күні политрук Морозов деген кісі Курск даласында ерлікпен, жаумен шайқаса жүріп, қатары сиреп қалған партизандар отрядын, «Орлов облысындағы партизандарға қосылсын»- деген бұйрық шығарады. Осы тұста снаряд жарықшағы тиіп, Жақсығұлов Иманқұл сол қол, сол аяғынан жараланады. Алғашқы көмек дала жағдайында көрсетілгенімен жарақатының ауырлығына байланысты ол кісіні госпитальға жөнелтпесе болмайтын болады. Ақыры көп қиындықпен Рязаньдағы госпитальға жеткізіледі. Бірталай уақыт емделген соң, кезекті тексеріс кезінде Иванов деген майор ол кісіге Мәскеуде демалуға

бұйрық шығарады. Бұл 1943-жылдың 5-наурыз күні екен. Осы бұйрықтан соң Жақсығұлов Иманқұл 8-наурыз күні Мәскеуге келеді. Ондағы емдеу-сауықтыру орталығында үш күн жатқан соң елге қайтуға үкім шығарады. Сонымен 1943-жылы наурыздың 21-күні бірнеше марапаттауларға ие болып елге оралады.

Сол 1943-жылы майданға Көбейкұлұлы Әбжапар, Жанысбаев Сейітжапар, Төлеуішұлы Пірімқұл және Берікқожа деген кісілер аттанады. Осы кісілердің ішінде Сейітжапар Тәжікстанда соғыс ұшақтарын ұшырып, қондыратын аэропортта қызмет еткен. Ал Әбжапар, Пірімқұл, Берікқожа Белоруссия мен Украинада қырғын ұрыстарға қатысып, жараланып, соғысқа жарамсыз болған соң елге қайтқан. Бектаев Пірімқұлдың бір қолы мүлде жарамсыз болып қалған. Ал 1915-жылғы Шахшанбаев Аязбай мен тарихшы ұстаз Арықбаев Түгелбай ұрысты Карелиядан бастап Германияға дейін неміс басқыншыларын түре қуғандардың бірі. Аязбай жараланып контузия алған, Түгелбай да жарақат алып, соғысты аяқтап барып елге оралған. Сонымен қатар соғысқа қатысып, елге аман-есен оралғандардың бірі Байсейітұлы Толқынбай, Өтеғұлұлы Өутәлі. Осы Өутәлі деген кісінің бір жақ жағын оқ тиіп, опырып кеткен. Ұшанаев Қылышбай кісі де Ленинград майданында шайқасып істеген ерлік істері үшін көптеген марапаттарға ие болған.

1943-жылы соғысқа аттанғандардың бірі Шатеев Мұқсым. Ол кісі соғысқа ауылдастары Мадияров Ысқақ, Игіліков Дәлі және Ленин колхозынан Қалабаев деген азаматпен бірге аттанған. Мадияров Ысқақ пен Игіліков Дәлі жауды өз індеріне қуып тыққандардың

бірі. Соғысты Германияда аяқтап және ол елді фашистердің қалдықтарынан тазарту жұмысына да қатысып елге 1948-жылы келген.

Ауылдан облыс орталығына жеткен болашақ жауынгерлерді облыстық военкоматта іріктеп бөледі. Іріктеп алынған бірталай жігіттерді алдымен Қиыр Шығысқа апарып соғыс өнеріне, оның ішінде танкте қызмет ету өнеріне үйретеді. Үш ай бойы соғыс өнеріне баулынған жауынгерлер №116-Белорусь майданында танк бригадасында соғысқа қатысады. Екі жыл бойы Минск қаласы маңындағы қырғын шайқастарға қатысқан ол кісі Кеңес Одағы жерінің бір бөлшегін неміс басқыншыларынан тазартып Элбин қаласына дейін барады. Ақыры Кинсберг қаласы түбіндегі қырғын ұрыста жамбасынан жараланады. Жамбастан тиген оқ, бүкіл қалың етті тіліп өтіп, шатынан бір-ақ шығады. Оқтың алғаш тиген жамбастағы орны үңірейіп, ал оқтың шығып кеткен жағы кішкене ғана жарақат құсап тұрғанымен ол кісі осының зардабын ұзақ тартады. Осы жарақатының әсерінен үш ай бойы госпитальда жатады. Бірте-бірте аяғын ақсай басуға жарай бастағанда жаралылардың ішінен тоғыз адамды іріктеп алады. Госпитальда медицина қызметкерлерінің жетіспеуіне байланысты бұл кісілерді медбрат есебінде, жаралыларды тасымалдау жұмысына жегеді. Осы жұмысты бір ай атқарған соң, Мұқсым бір күні дене қызуы көтеріліп қатты ауырып құлайды. Бір жерде ес-түссіз екі күн жатып қалған ол кісіні өлдіге санап елге қара қағаз жібереді. Бұл хабар қолына тиген анасы құсадан ауру тауып жатып қалады. Әбүйір болғанда Мұқсымды жаралыларды жинап жүрген санитарлар көріп қалып, машинаға

салып (палатковый деп аталатын) госпитальға апарып жатқызады. Бұл жердегі емнен аса түзеле қоймаған соң ол кісіні Польшаға апарып үлкен госпитальдардың біріне жатқызады. Осы үлкен емдеу орнынан жақсы жазылған ол кісіні бойшаң, сымбатты, әрі ептілігіне қарай таңдап алып, шекарашылық қызметке жібереді. Шекарашылық қызметте жүргенде «шешен ауырып жатыр»-деген хабар алады. Елден мұндай хабар келген соң Мұқсымды мерзімді демалысқа елге жібереді. Ауырып, әл үстінде жатқан ана, аман-сау, қол-аяғы бүтін баласын көріп, қуаныштан тәуір боп, орнынан тұрып сауығып кетеді. Мерзімі бітіп, қызметке қайта оралғанда, ол кісіні қайтадан Германияға жібереді. Онда ол кісі елді фашистердің қалдығынан тазарту жұмысына қатысады. Елге 1950-жылы Батыс Украинадан оралады. Келген соң екі жыл есепші қызметін атқарады. Одан кейін жылқы бағады. Кейін екі ай оқып жүргізуші болып істейді. Содан 1987-жылға дейін жұмыс істеп, сол жүргізушіліктен зейнетке шығады.

1935- жылы Тегістіктегі мектеп өртеніп кеткен соң біздің «Батырақ» аулынан соғылған бастауыш мектепте әкем сауатын ашып, білім алады. Бастауышты бітірген соң, қайта қалпына келтірілген Тегістіктегі жетіжылдықты қатынап оқиды. Ары қарай оқуға тұрмыс жағдайлары да көтермейді. Әрі ол кездегі түсінік бойынша осы алған білім де жетеді деп санаған.

Мектепте оқи жүріп анасына, колхоз шаруашылығының мерзімдік жұмыстарына көмекші болады. Он жасында мектеп қабырғасын аттаған әкем, жақсы оқуына байланысты он бес жасында жетіжылдықты бітіреді. Он алтыға қарағанда яғни 1941-

жылы колхоздың бір қора уақ жанын жеке өз алдына бағатын қойшы болады. Бұған «малдың жүрген жері береке»-деген апамның пікірі әсер еткен сияқты.

Сонау отызыншы жылдардың басында темір жол құрылысымен қабат Әулиеатадан Сарыкемерге (бірталай бұрын Михайловка деп атай бастаған) одан Түймекентке, Түймекенттен Ақшолаққа қарай салынған тас жолдың бірнеше жерінен бетонды көпір салынды. Оның бірі Түймекенттің (сол тұста Буденовка деп атала бастаған) оңтүстігін орай өтетін Талас өзеніне салынған көпір. Екіншісі Қарасу табиғи көлінің үстінен салынған көпір. Үшіншісі Сәмбет тоғанының үстіне салған көпір. Жаз айларында осы үшінші көпірдің арғы жағындағы Қарақұм деп аталатын жерде отырады. Бұл баяғы өз әкесінің жоңышқа алқабының бір шеті. Малың сол Қарақұмның солтүстік жағын ала ойпаң жерін кесіп өтетін қос өзектен суғарады. Өздерінің де ауыз суы сол өзек суы болған. Сондай-ақ бұл баяғы бір жасарында қуырдақ майын сіміріп салатын жер.

Әкемнің баққаны уақ жан дегенде негізінен ешкі, қойлары санаулы ғана болса керек. «Есі кеткен ешкі бағады»-демекші небір қиындықтан өтіп, енді ғана қаз тұра бастаған шаруашылықтың көбі алғаш аша тұяқты уақ жаннан ешкі бағумен айналысқан. Бұның себебі, бір жағы қой малының тапшылығынан болса, екіншіден ешкі малының өсімталдығымен байланысты болса керек. Бірақ ешкі баққанның қиындығы сол, сусылдап бір орында тұрмайтын жануарлар, қыстағы суыққа аса төзімсіз. Оларды қысқы аяз, күз бен көктемдегі құбылмалы күндердің жауын-шашыны мен боранды күндерінен аман алып шығу аса қиын болған.



Соғыс басталғаннан: Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін! Отан- анамыз шақырады!-деген ұрандармен рухтанған халық, майданда да, тылда да жан аямай еңбек еткен. Рұқсатсыз алған бір уыс бидай, бір бума шөп, бір бас мал үшін сотталып кетіп жатқан қиян-кескі заманда ешкінің бір басын жоғалту немесе өлтіріп алу басың кетумен бара-бар.

Ешкілерді жазда жоғарыда айтылған Қарақұмның отты жазығында бақса, қыста жиектен ары қырық шақырымнан асық болмаса кем емес Шошқаөлген деген жерде қыстатқан.

Бұл айналасы бұйрат-бұйрат құм белдермен көмкерілген кең шұрат. Шөбі шүйгін, кең қоныс. Әрі қыста малға ықтасын, таптырмас қыстау. Бір шетінде қалың қамыспен көмкерілген Шошқаөлген көлі. Алыстан су іздемейді. Малды сол көл суынан суғарады. Ол кезде колхозда қайбір қыстау бар дейсің? Баяғы байлардың қыстауынан қалған құлаған тамдардың бір бұрышын оңдап өздері баспана ретінде пайдаланса бір шетіне өздері шауып әкелген шеңгел мен дүзген, қала берді қамыспен құрап, жамап қора жасаған болады. Малды суық борандардан, аш қасқырлардан қорғайтын бар панасы осындай болған. Онсыз да ешкілер мен қойдан алған бар өнімді үкіметке өткізіп отырған апам мен әкем, соғыс жылдарында майданға сүт өнімдерін-құрт пен май, ірімшік, брынза жөнелтіп отырған. Ал күз, қыс айларында майданға жүннен тоқылған қолғап пен қолдан басып тіккен байпақ (пима) жіберіп отырған. Ол жылдарды еске алған әкем мен апам күнді күнге, таңды таңға ұрып еңбек еттік дейтін. Осындай күндердің бірінде, күзгі боранда, күндізгі жайылымнан ешкілерді



қайыра-қайыра арса-арсасы шығып, үсті-басы терлеп келген әкем, кешке жауын сорғалап тұрған қораның төбесін ескі саңылтыр, қала берді бұрынғы ескі қорадан ойып әкелген көңмен бітеп жүргенде, қатты суық тиіп ауырады.

- Қазіргідей шипр қайда? Ең ақыры қара қағаз да (толь) жоқ, ол кезде-дейтін апам сол күндерді еске түсіргенде. Әкем ыстығы көтеріліп, төсек тартып жатып қалады. Малмен де, ауырып қалған баласының күтімімен де жалғыз өзі айналысуына тура келген Бүбішай апам қатты күйзеліпті. Жақын маңда дәрігер де, емші де жоқ. Апам өз білген емін жасайды. Сондай қиын күндерде әкеме «шақырту қағаз» (повестка) келеді. Ол кезде шақырту алысымен сол күні, не ертесіне, ары кетсе екі күннің ішінде шақырту алған адам аудандық әскери бөлімге жетіп барған ғой. Бұл жолы олай болмаған. Бірнеше күн өткенде аудандық әскери бөлімнен бір кісі, жанында екі милиционері бар келіп тұр,-дейді. Келген кісілер әкемнің ыстығы көтеріліп, ес-түссіз қатты ауырып жатқанын, апамның малмен де, ауру баласымен де жалғыз өзі алысып жүргенін өз көздерімен көріп протокол жасап кетеді. Бұл 1942-жылдың қараша айының аяғы болса керек. Әкеміз тура он жетіге толған кезі. Осы келген кісілер ауданнан ауыл басқармасына хабар айтып, содан кейін ғана апам колхоздан көмекші келеді. Көмекші келген соң біржолата баласын емдеумен, күтімімен айналысқан апам, бір жарым ай дегенде әкемнің бетін бері қаратады. Ауданнан келген кісілер: -Балаңыз тәуір болысымен ауданға келіп, бізге тіркелсін-дейді. Қаңтар айының ортасынан ауа, басын толық көтеріп, ілініп-салынып тіршілікке қайта араласа

бастаған әкем, көктем шыға аудандық әскери бөлімге барады. Ондағы кісілер әскери бөлімнің дәрігерлеріне көрінуге нұсқау береді. Әскери дәрігерлер бір апта бойы жан-жақты тексеріп Сухой плеврит деген диагноз қойып, нәтижесінде «әзірге әскерге жарамайды»-деген қорытынды шығарады. Кейін көктемнің аяқ жағын ала екінші рет шақырылады. Кейінгі тексерістердің көрсеткіштері бойынша да әкемнің өкпесіне және қолқасына қатты суық тиген. Яғни сухой плеврит, хранический бронхит-деген диагнозбен екінші рет «соғысқа жарамсыз» -деген қорытынды жасайды. Апамның берген күшті шөп дәрілерінің әсерінен өкпесіне су жиналмаған. Бірақ қандай ем болмасын бір жерін емдегенмен екінші бір жеріне зақым келетіні белгілі. Ол алдағы әңгіменің үлесінде.

Бұл жылдары Фрунзе колхозының бастығы Нұрша деген әйел болған. Ол кісінің руы Өтеміс, қазіргі Байзақ ауданы Кеңес аулының тұрғыны болған. Басшылық жұмысқа аудандық Коммунистік партия ұйымы басшыларының нұсқауымен келген. Колхоздар соғысқа тонналап астық өнімдерін, ет, сүт сонымен қатар жылы киімдер яғни қолғап, шұлық, байпақ жөнелтіп отырған. Осындай, майдандағы жауынгерлерге өте қажетті заттарды дайындауға ер демей, әйел демей еңбектеген жастан еңкейген қарттарға дейін зор үлес қосқан. Бұл жөнінде Правда газетінің 1943-жылдың ақпанында «Даңқты қазақ халқы Кеңестік Отан үшін күресте» деген мақаласында: «Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы ұрысады, тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері майдан үшін аянбай жақсы еңбек істейді. Қазақстан өз жерінің барлық асыл кендерімен майданға

қуатты тірек болып отыр. Қазақстан кеңес адамдарына жақын және қымбатты. Бізде қазақтардың турашыл, ашық, ерлік жүрегін, кішіпейілдігін, адалдығын жақсы көреді» деп көрсетті. (Ақ-р ақ-ы. 143-144-б-р. М. Қ.)

1944-жылдың жазына қарай колхоз бастығы плевриттен әрең аман қалған әкемнен ешкіні өткізіп алып, басқа кісіге берген де, өзін тракторшылар даярлайтын курсқа оқуға жіберген. Бір жарым ай оқып келген әкем колхозға басы бүтін бөлінген жалғыз «Универсал» тракторының жүргізушісі болған. Шамасы ондай жағдайдан кейін апамның емшілік қасиетін мойындап, қатты сыйлайтын бастық жалғыз баласына жаны ашып, ешкі баққаннан гөрі трактор жүргізген әлде қайда тыныштау деп тұжырымдаған болуы керек. Бір жағы бұл жұмыстың келешегі бар. Жас қой техниканы меңгере бергені дұрыс- депті бастық әйел.

Папамды ол кісінің сол жылғы әскерге алынатындар қатарына ілігіп кетпесін-деп ауылдық кеңесте хатшы боп істейтін жас бойжеткенге берген тапсырмасы да бар. Ол жөнінде апам былай дейтін: -Нұрша, жарықтық жақсы әйел еді. Бір күні үйге келіп: -Әй, бәйбіше, ана жалғызың соғысқа ілігіп кетпесін,-деп хатшы қызға тапсырма бердім. Бұл ауылда Молдабаев екеу ғой. Енді «пәуеске» келсе, сенің балаң емес, ана Молдабаев кетеді,-дейді.

Бұл тұста әкемнің алдындағы жолы соғысқа не себепті кетпей қалғаны кейбір кісілер арасында сөз болса керек. –Не себепті соғысқа алмады?-деп сұрағандарға, мінезі ұяң әкем жымиып: -Ауырып қалдым,-дейтін көрінеді. Оқушы кезінде зерек, алғыр атанса, осы мінезіне байланысты енді «қыз мінезді»

атанады. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған»-деген осы шығар.

Естіген құлақта жазық жоқ. Баларақ кезімде кейбір үлкен кісілер сол кезде ауылдық кеңесте екі жылдай хатшы болып істеген қыз біздің әкейге іштей ынтық болған деседі. Мұны сезген анасы апамды жақын тартып жағалай бастайды. Ол да өр кеуде, ақылды, айлакер әйел. Ал апам, адуын болғанымен аңқаулығы да бар, ақкөңілдігі жетерлік жан. Бір жағы сол себепті, бір жағы бірер жас жасы үлкен қызды келін ғып алғысы келмейді. Үлкендердің айтуынша айлакер шеше басым түсіп, баламды билеп-төстеп кетеді-деп ойлайды. Сол себепті апам бірде үйге қыдыра келген ол кісіге жанындағы ілестіре келген әйелдің көзінше: -Бәйбіше, онсыз да ара қатынасымыз жаман емес. Баламның айттырып, атастырып қойған қалыңдығы бар еді. Сондықтан айып етпе!-дейді. Ол қыз сонау Шымырдағы Ақүрпек кісінің Зейнеп атты қызы екен. Сонымен әңгіме бітіп, іштей аңдысқан күйге енеді. Ол қызды атамның өзі әкемнің бесікте жатқан кезінде атастырғаны рас екен. Ілгеріде өзіне аса ыстық жекжатын келе-келе жат болып кетпес үшін, осылайша жаңадан құдалық уәде ғып жекжаттықты жаңартып отырған.

Осы аралықта айтса айтқандай Молдабаев Өнербайға (повестка) шақырту қағаз келеді. Ол кісі 1926-жылы дүниеге келген. 1943-жылы қазан айында Армия қатарына алынады. Алдымен Семей қаласында үш-төрт ай соғыс өнеріне үйретеді. 1944-жылы Москва маңындағы майданда соғысқа қатысып, содан неміс басқыншыларын Кенинсберг қаласына дейін қуып барған. Сол 1944-жылдың сәуір айында Кенин-

сберг қаласының маңында Кеңес жауынгерлері жаумен түнімен шайқасады. Бірақ әсін-әлсін оқ жаудырған жау дзотының үні өшпей қояды. Әбден ызаға булыққан жалынды жас Ө.Молдабаев қолына гранатаны ала салып лақтырғанда әлгінің үні өшеді. Содан жау әскерлерін түре қуған Кеңес жауынгерлері Берлинге дейін барған. Берлинде бір иығы мен тізесінен жараланып, госпитальда емделген ол жарақаты жазылған соң 1946-жылы елге аман-есен оралады. 1954-жылы артынан Қызыл Жұлдыз ордені келген. Сонымен қоса әр жылына 180 сомнан 10 жылға материалдық демеу марапаты келген. Ол кісі 1947-49-жылдарда Жамбыл қаласында мал дәрігерлік техникумды бітірген. Осы мамандықты алған соң бірнеше жыл қатарынан ауылда мал дәрігері боп қызмет атқарған. Содан 1958-жылы ауылда сегізжылдық білім беретін мектеп соғылып сонда шаруашылық бөлімін басқарады.

Соғыстан талайлардың жалғызы, талайлардың жампозы келмей қалады. Солардың ішінде менің зерттеп білгендерім: -Төлеуішұлы Сүлейменқұл (Пірімқұлдың бауыры) Талқамбайұлы Рақымбай, Қуанышұлы Мәлімбаев, Телеубайұлы Қалман, Өрікбайұлы Желеу. Сонымен қоса осы бөлімде айтып өтсем-ау деген өте өкінішті бір жай бар еді. Біздің бұрынғы мен туылған үйіміз колхоз кеңсесінің жанында, ал кейінгі үйіміз шаруашылықтың негізгі басты қамбасының қасында болғаннан да болуы керек, үйге үш ауылдың да кісілері үздіксіз келіп тұратын. Бірі колхоз басшыларын күтсе, бірі қамбашыны күтетін. Міне сондай кездердің бірінде арақидік үйге бір кеудесі еңкіш тартқан орта бойлы, бидай өңді көк есекке мінген қарт келетін. Ол кісі кел-

генде үйдегілер ерекше сезімде болатын. Апам терең күрсініп: -Жарықтық-ай, бір кезде бір өзі рулы ел болатын болды, деген кісі еді. Құдай қылса амал бар ма? Жеті ұлы бірдей соғысқа ілініп, бәрі бірдей опат болды. Ал кемпірі алғашқы екі-үш баласының қара қағазынан кейін-ақ қайғыға шыдамай қайтыс болды. Енді міне, байқұс, мүсәпір боп қалды,-дейтін. Апамның айтысында алғашқы екі баласы үйленген екен. Бірінің түскеніне алты-жеті ай, бірінің түскеніне бір ай болғанда соғыс басталып кеткен. Қара қағаз алған соң, күйеулерінен күдер үзген келіндер өзге кісілермен тұрмыс құрып кетсе керек. Бұл біздің Қарасу бөлімшесінің тұрғыны еді. Әкем ол кісіге қолынан келгенше көмектесіп тұрды. Артында ұрпақ қалмағандықтан уақыт тұңғығына сіңіп, қазір ол кісінің атын-жөнін білетін кісі де қалмапты. Қандай өкінішті! Осындай кісілерді жас ұрпаққа үнемі айтып отырса ғой... Ең болмаса ата аталып жүрер еді. Бұдан өзге де бізге мәлімсіз боп қалғандары болуы да әбден мүмкін...

Ал Польша жерінде ерлікпен қаза тапқан Совет Одағының Батыры Ақәділ Суханбаев туралы әңгіме өз алдына. Бұл кісінің ерлігі жайлы кезінде газет-журналдарда талай жазылды. Жазыла береді де. Батыр бауырымыз А. Суханбаев өмірінен кезінде жазушы ағамыз Арғынбай Бекбосынов драмалық шығарма жазды. Бұл спектакль облыстық драма театрында сан рет қойылып, көрермендердің көзайымына айналды. Жас ұрпаққа саналы тәрбие беруге зор ықпалы бар бұл спектакль әлі де республика театрларында қойыла береді деп сенеміз.

Енді анам Әсілхан жайлы әңгімелесек.

1932-жылы Әулиеата қаласының Ворошилов

көшесіндегі балалар үйіне тапсырылған Әмірқызы Әсілхан осы балалар үйінде тәрбиелене жүріп мектеп табалдырығын аттайды. Сол кезде бұл балалар үйінің тәрбиеленушілері № 5-Жамбыл Жабаев атындағы мектепке қарайды екен. (Яғни сол мектепке бекітілген)

Вокзалға жақындау маңда орналасқан балалар үйінен Абай көшесіндегі мектепке жаяу қатынайтынбыз. Едәуір алыс болса да ойнап, жүгіре басып жүріп мектепке жетіп баратынбыз. Қайтарда да дәп солай ойнап жүріп жететінбіз. Алғаш сабақ берген мұғалім Батталова аса қатал, талапшыл кісі еді. Кейінірек жоғарғы сыныпта Құлжабаева деген кісі сабақ берумен қатар қыздар тәрбиесі ісімен айналысты. Көшеде қалай жүріп-тұру, киіну мәдениетін сол кісіден үйрендік. Ал Ж. Қасымбеков ағайымыз өте бір сыпайы, сыпа кісі еді. Мектеп бітіргеннен соң жиырма жылдан кейін «Кәреней» оқуға түскенде ол кісіні пед. училищеде көріп таң қалдым. Нақ бір уақыт өтпегендей. Сәл ғана толысқаны болмаса, қайта бұрынғыдан да көрнекілене, ажарлана түскендей,-дейтін анам өз ұстаздары туралы. «Кәреней»-деп отырғаны Бегай әпкем. Қазір қаланың бірнеше көшелері осы ұлағатты ұстаздар атында.

Балалар үйінде қыз балаларды үй шаруасына басынша бейімдеп тәрбиеледі. Үйді жарасымды етіп жинау, әр затты ұқыпты, таза ұстау, бөлме ішін дер кезінде қағып-сілкіу, терезе, еден жуу. Мұның бәрін біз қынжылмай, қуана жүріп атқаратынбыз. Әр бала өзіне тапсырған міндетті басынша адал, таза атқаруға тырысатын. Тапсырған істі тындырған соң тәрбиешіден алған алғысымыз бен естіген мақтау сөздер біздің төбемізді көкке жеткізіп, келесі жолы бұдан да зор ілтифатқа ие

болуға тырысатынбыз. Үйді ұқыпты ұстаумен қатар, бізді жасымызға қарай, кесте тігуге, одан кейін киім пішіп тігуге, үйге керекті заттарды кестемен, тормен көмкеріп, әсем өрнектермен безендіруге үйретті. Сонымен қатар біз дәмділеп ас пісіріп, дастархан мәзірін жоқтан бар етіп жайнатып жасауды да үйрендік. Осы істердің бәрін атқара жүріп жәйімен ыңылдап ән салатынбыз. Сонымен қатар балалар үйінде би үйірмесі мен жеке ән салу және хор үйірмесі жұмыс істеді. Сабақ үлгерімім өте жақсы мен, осы үйірмелердің бәрінің дерлік белсенді мүшесі болдым. Ол кезде оқыған, көзі ашық кісілер өте тапшы болатын. Арнайы оқу орнын бітірген мұғалім, дәрігер, мал дәрігері, одан да өзге мамандық иелері жоқтың қасы. Сондықтан да болар, ол кездегі жақсы оқитын оқушылар екі, кейде тіпті үш сыныпты бір жылда бітіретін. Сол себепті де мен нәйеті он алты жасымда Ж. Жабаев атындағы онжылдық қазақ орта мектебін және Абай атындағы педагогикалық училищесін бітіріп шықтым. Мен оқуды тәмамдардан алты-жеті ай бұрын Алматы қаласынан ірі өнер майталмандары Күләш Байсейітова, Рақия Қойшыбаева т.б. кісілер келіп қалада концерт берді. Сонымен қатар ол кісілер мектептерді аралап, балалар үйіне де келіп, байқау жүргізді. Сол жолғы байқауда жүлделі орындарға ие болып мектепте де, балалар үйінде де аса дарынды балалардың бірі ретінде көзге түскен мені Алматыға шақырды. Бір жапырақ қағазға мекен-жай мен телефон, сонымен қатар екі-үш кісінің аты-жөні жазылғанды. Осы қағазды маған беріп жатып, шағын ғана денелі, талдырмаш келген әдемі әйел: -Жоғалтып алма!-деді. Оқу жылы аяқталып қолыма

педагогикалық училищені тәмәмдағаным жөніндегі дипломым тиісімен мен Алматыға баруға уәде беріп қала бердім. Олар қош айтысып кете берді. Оқу бітіп, құжаттар қолға тиісімен әлі он алтыға толмағандықтан мені күзде ғана балалар үйінен шығарып салды. Шағын ғана чемоданға (қол сандық) бір-бір қабат ауыстырып киетін киімдер салған. Оның ішінде жап-жаңа қаракөк жүн матадан тігілген (тройка) костюм мен ақ кофта өзіме сондай жараса кетті. Құжаттарым түгел чемоданға, киім астына салынған қағаздың арасына қойылды. Үстімде білінер білінбес өрнекпен тоқылған қою көк түсті қима бел (приталенная) жадағай пальто. Басымда ақшыл түсті беретка. Аяғымда сол кездегі сән бойынша күз, қыс айларында киетін бәтеңке. Шашымды «под мальчишки»-деген үлгімен қидыртатынмын. Қалтама: -Үнемдеп жұмсасаң біраз күнге жетеді –деп салып берген қаражат бар. Не керек?.. Балалар үйінің бір-екі қызметкері күздің бір салқын күнінде мені Алматыға жүретін жүрдек поезға шығарып салды. Шығарып салып тұрғанда тәрбиешілерімнің: -Қазір ұры-қары көп! Олар ешкімді аямайды. Абай бол!-дегені де есімде. Чемоданнан басқа қолымда бір торға салған тәрбиешілерім берген аздаған жол азығым бар.

Бұл менің алғаш рет жолға шығуым. Және жол болғанда да бірден ұзақ жол. Көңілім толқып, қобалжып, біртүрлі жүрегім дүрсілдеп қоя берді. Дегенмен толқынысымды ешкімге білдіргім жоқ. Ертесіне сәске кезінде: -Алматыға келдіңдер!-деген жолсеріктің даусын естісімен жолаушылар вагоннан тапырлай түсе бастады. Жан-жағыма қарманып чемоданымды таппай-ақ қалғаным. Кімнен көмек сұрарымды білмей, жүгіріп

вагонның ол басына бір, бұл басына бір барам. Өзім отырған жердің түгел асты-үстін қарап шықтым. Бірақ чемоданым жоқ болды. Кейбіреу мен жаққа аяй қарап өтіп бара жатса, біреулердің ісі де жоқ.

–Ертерек түссеңші! Чемоданыңды алған адам әлі ұзаған жоқ шығар. Мүмкін танып, тауып аларсың. Таппасаң, милицияға хабарла! Солар жәрдемдеседі,- деп жатыр жолсерік пен бірер жолаушы кісілер. Осындай аласұрған жағдайда қорқа-қорқа поездан түстім. Қайда барарымды, кімге шағынарымды білмедім. Әлдебір бағананың түбінде жылап тұрған жерімде жаныма бір үлкен ер кісі келіп жұбата тұрып жөн сұрады. Жөн сұраған кісіге мен болған жайды түгел баяндап бердім. Ол басын шайқап:

-Ай, балам-ай, әлі тым жас екенсің! Сонда да абай болмадың ба? Енді бәрі кеш. Қазір ұры-қары көп қой... Милицияға айтқанмен табылмайды-ау,-деді. Дегенмен, ол кісі мені ертіп, бір бөлмеде отырған милиционерге барып болған жайды түгел баяндады. Ұрланған чемоданның түр-түсін, жап-жаңа екенін айттым. Ол: -Ертең осы уақытқа дейін табылса табылды. Табылмаса, бірдеңеге ұрынып қалмай тұрғанда кері қайтасың да. Үйренген, өскен қалаңда емін-еркін өмір сүре аласың. Мұнда ешкімнің жоқ болса, берген мекен-жайды, телефон номерін жоғалтсаң, қайда барасың? Мұнда барар жерің болмаса қыз балаға қиын, әрі қауіпті,- деді. Мені сол вокзалдағы бір бөлмеге үлкенді-кішілі бірнеше кісімен бірге орналастырды. Чемодан сол күйі табылмады. Сонымен бірге менің неше жыл оқып, қол жеткізген құжаттарым да, үлкен кісілер берген мекен-жай да, телефон номері де, кісілердің аты-жөні де жоқ

болды. Әлгі бөлмеде бір тәулік болдым. Ертесіне түс ауа вокзал қызметкерлері Жамбылға жүретін поезға отырғызып жіберді. Осылайша үш тәулік уақыт өткенде мен өз қалама қайтып келдім. Вокзалдан түскенде өзім өскен қала да маған өгей боп көрінді. Өйткені он алты жасқа толған соң балалар үйімен біржолата қоштасып шыққанмын. Қолымда не құжаттарым, не ауыстырып киер артық киім-кешегім жоқ. Лезде бір мүсәпір жанға айналдым да шыға келдім,-дейді мамам. Бұл 1943-жылдың қараша айы болса керек.

—Сол кезде деймін-ау мама, Алматыдағы вокзалда К.Байсейітованы, Р.Қойшыбаеваны табуыма көмектесіңіз,-десеңіз әлгі милиционерге болатын еді ғой! Бүкіл Одаққа әйгілі әншіні табу меніңше аса қиын емес! Өзге тұрмақ, вокзал қызметкерлерінің бірі-ақ көмектесер еді ғой.

-Асып-сасып, жылап-еңіреп жүріп, сол ойыма келмеген болуы керек Күтпеген жерден болған анадай жағдайдан үрейім ұшып кетті ме, кім бісін? Бәлкім туысым емес, туғаным емес, тапқан күнде не деп барамын?-деп ойлаған шығармын.

—Иә! Айтуға ғана оңай! Сондай жаста бірінші рет жолға шығып тұрып сондай ыңғайсыз жайға ұрынса, кімнің қандай шешім қабылдарын кім білсін? Көбінің ақ беті қайтып қалары сөзсіз деп ойлаймын. Ілуде бір өте өжет жан болмаса?..

Жамбылға қайтып келген ол бірер күн не істерін, ары қарайғы өз тағдырын қалай шешерін білмей дағдарыста болса керек.

Бір күні бір кісінің сілтеуімен бір үйге барып орнала-сады. Ол үй жан-жақтағы ауылдардан, қалалардан кел-

ген түнейтін жері жоқ жолаушыларды қабылдайтын үй екен. Яғни мейманхана (гостиница, болмаса сол кездегі тілмен айтсақ-бекет)

Әлгі кісінің айтуында сол үйге тоқтаған жүргінші, жолаушылар қарап отырмайды. Келген ауылдарын, баратын жерлерін, руларын сұрасып, бір-бірімен әңгімелеседі. Соларға шай, тамақ таси жүріп, құлақ түре жүрсең, елінді де, ағайын-туыстарыңды да тауып аласың,-дейді.

Үй иелері жартылай өзбек екен. Яғни аталары өзбек болғанымен, қазақпен қыз алысып жартылай қазаққа айнала бастаған. Айға жуықтағанда мамамның баратын жері анықталады. Есін білер-білместе балалар үйіне өткізілген ол, зеректігінің арқасында әке-шешесінің аты-жөнін, руын толық білетін көрінеді. Ал шешесінің бауырлары бар екенін еміс-еміс қана біледі. Осы көз алдында қалған шала елес оны Молотов колхозынан бір-ақ шығарады. Мамамның дерегі шыққанда-ақ жүрегі жарыла қуанған Қаншайымның өлгені тіріліп, өшкені жанғандай күй кешеді.

Бауыры Бегайымның алды азамат боп, арты жеткіншек жаста он екі бірдей ұлының індеттен қырылып кеткені жанына қатты батып, талай жылдар ауыр қайғымен қалай өмір сүргені өзіне ғана аян. Өткенді есіне түсіріп, қайғымен қан жұтып отырғанда, балалар үйіне өткізілген осы қызды көңіліне медет тұтатын көрінеді. —Қайтейін! Алланың ісіне амал бар ма? Артында дүбірлетіп жүретін тұяқ қалмаса да, бір шырақ бар ғой! Ей, Алла! Сол шырағыммен аман-есен қауыштыра гөр!-деп тілек тілейді екен шерлі ана... Сол тілегі қабыл боп, он екіден қалған жалғызымен

қауышқанда Мұрат пен Қаншайым Әсілханға төбесінен жай беріп, басынан құс ұшырмай өз баласынан артық қошаметтеп тәрбиелепті. Ел арасында аса сыйлы Мұрат пен Қаншайымның көңіліне қарап, ағайын-туыс та сол кісілердің бел баласы-деп қабылдапты. Зәуімде ғана біреулер:

-Мұндай қызы жоқ еді ғой? Қайдан келген?-деп сыбырлай сұраса,

-Жаңабайдан! Бауырыныкі!-деп, ернін саусағымен баса, сыбырлап қана қысқа жауап қатады екен.

-Е,е, бауырыныкі болса, өзінікі екен ғой,-дейді екен сұраған кісілер. Ал Мұрат пен Қаншайымның бұған дейін өз перзенттері-жалғыз қыздары Түймекүл (Түймен) ғана. Үрдіс бойынша ерте ұзатылған Түйменнің бұл күнде күйеуі қайтыс боп, одан қалған бір түйір ұл бес жасар Бесжанды (Бестерекбай) Мұрат пен Қаншайым қолдарына алған. Немересін өз баласы ғып асырап өсіреді екен. Бұл күнде қайнағасы Жанысбекпен тұрмыс құрған Түйменнің сол кісіден екі қызы бар көрінеді. Ал Жанысбектің бірінші әйелінен жалғыз қыз болған. Кейінірек кенжелеп көрген ұлы (1949-50-жылдары туылған болуы керек) он тоғыз жасында лейкомиядан (яғни ақ қан ауруынан 1969-жылы) қаза болды. Сонымен әпкесінен қалған қыз бен қызының бірінші күйеуінен қалған ұлды қолдарына алып егделікке бет алған тату жұп, көңілдері жайланып, шүкірлікте өмір сүріп жатады. Бұл уақытта 1929-жылы Ынтымақ атанғаннан кейін 1938-жылы Молотов колхозы атанған Бестеректер ауылы нақ қазіргідей болмағанымен бірте-бірте көшелер пайда болып, біраз ел сол көшеден үй салып орныға бастайды.

Сол заманның жаңалығының жаршысы жас емес пе? Дербіш жездем мен Назтай апам да жаңа көшеден там салып, сонда тұрады. Әр жерде шоқ-шоқ болып отырған, әлі көшеге көше қоймаған жанұялар да баршылық екен. Сол тұста Көшеней деген жерде үш үй отырады. Олар-Иманқұл, Әлікүл, Мұраттың үйлері еді.

Тірлікке ұсынақты, тазалықты жаны сүйетін, өзі әділетті Қаншайымға сол тұста Жетібай өңірінен құрылған МТС тың механизаторларына ас пісіретін аспаздық жұмыс сеніп тапсырылған екен. Қазіргідей дайын нан мен жартылай дайын өнім (яғни макарондар) қайда? Бәрі қолмен істеледі,- дейді сол кездегі жасөспірім бала, қазіргі қарт, зейнеткер ұстаз Қаражан, өткен күндерге толғана ой жіберіп. —Әйтеуір ұн бар. Қанша қиын заман болғанымен үкімет шындап қолға алса, атқарылмайтын жұмыс бар ма? Қаншайым таңнан тұрып қолдан нан пісіреді. Ашымық салады. Тамақ пісіреді. Әйтеуір таңның атысы, күннің батысы бір тыным таппайды. Сонда да бар тірлігі орын-орнымен таптұйнақтай, тап-таза болатын. Ондай жерге ел үйірілмей тұрмайды. Онсыз да сыйлы кісілер сол жағдайдың да әсері болуы керек, беделі ел арасында өте жоғары болды.

Ол заманда кейінгі кездердегідей әр үйден бірнеше бала шығу деген елдің түсіне де кірмейтін. Бірнеше үйден бір-екі ғана жас бала табасың. Сондай кездегі жұмсауға жарап қалған мені әртүрлі тірліктерге жұмсайды. Атасының үйіне күндіз демей, түн демей жиі келетін Дербіш пен Назтай да кезі келгенде әр түрлі шаруаға болысатын көрінеді. Отынды іріктеу, бұтау, от жағып жіберу, су әкеле салу, ыдыс жуып, ашымық салу

т.с.с. жұмыстарға болысып жүреді екен. Қыс демей, жаз демей осылай күн кешіп жатқан жандарға ауыл ішінде мәртебелі көрші үйде, жаңадан пайда болған жас қыз елдің бәріне таңсық көрініпті. Жиі әрі жақын қарым-қатынаста болған Дербіш пен Назтайға қатты ұнаған қызды олар енді іштей бауыры Еділбайға ұйғара бастайды. Бұл ойларын анасы Бүбішайым мен бауыры Еділбайға білдіру үшін қайнысы Қаражанды Фрунзе аулына жібереді.

Ауылдан, яғни Көшенейден шыққан соң, Көшенейдің суынан өтемін. (Көшеней деген жермен қоса өзенше де бар) Біраз жер жүрген соң, әлдебір қара суды кешіп, жалдап өтемін. (Бұл Қарабақырдың бастауы болса керек.) Қара судан өткен соң, біраз жүрген соң-ақ Құрамаға жетемін. Құрамаға жеттім дегенде Фрунзеге жеткендей қуанамын. Бұл жерге жеткенше жолсыз даламен жүретін Қаражан бала, Құрамадан соң аз жүрістен кейін даңғыл жолға түсіп, ары қарай біздің ауылға қиналмай жетіп баратын көрінеді. Осылайша үш-төрт рет қатынадым. Ақыры бір қара ат пайда болып екі-үш рет сол қара атпен барып-келдім. Не керек, ақырында Еділбай мен Әсілхан үйленетін болды,-дейді Қаражан кісі. Талай жыл күдерін үзіп барып, бауырының жалғызымен әрең табысқан Мұрат пен Қаншайым алғаш әләзірге Әсілханнан айрылғысы келмейді. Анам да әлде болса құжаттарын қайта қалпына келтіріп, өмірден өз орнын тапқысы келетінін, алған мамандығымен қызмет істегісі келетінін білдірсе керек. Бұл жақтан Бүбішай апам да баласының бесіктен айттырған қызы бар екенін, уәдеден айнып кеткендей болғаны қалай болады,-деген сияқты ойларға берілген

көрінеді. Ақыры күйеу баласы мен қызының жатқа қимай қатты қызыққан қызын алуға бел буады. Сондағы ол кісілердің апам мен папама айтқаны: -Өзі өте пысық. Қолынан келмейтіні жоқ, өнерлі қыз. Сонымен қоса реңі де келіскен. «Жалғыз баланың әйелі атжалмандай шұлғысын»-деген ғой! Осы талапқа нағыз сай келіп тұр. Осыдан қайтсек те айрылмайық!-депті. Ал бірден көне қоймай шатқаяқтаған Мұрат пен Қаншайымға:

-Небір қыздар әйел үстіне тиіп жатыр, небіреулер ФЗО ға ілініп кетпес үшін шалдармен некелесіп жатыр. Алатын қалыңдығы бола тұрып ниетіміз қатты ауып тұрғанда, көңілімізді қалдырмаңыздар. Бізге қызды бермей қойғанда күндердің күнінде ФЗО ға ілініп кетсе, шалға беруге мәжбүр боласыздар. Одан да өзіне тең, басы бос, көркіне көркі сай, жас жігітке қиналмай беріңіздер. Бұйырған жұмысын сосын-ақ істей жатар дейді. Бұл сөз Қаншайым мен Мұраттың көкейіне қонады. Теңіне қосылу сол кездерде талай қызға үлкен арман болып тұрғанда бұдан ары қарсыласудың жөні жоқ екен деп, уәжге көнеді. Ақыры 1945-жылғы 1-мамыр күні бір ақ, бір сары атпен апам, жеті жасар кіндік баласы Ермекті ертіп, Молотов колхозына қарай жолға шығады. Барған жерде бір түнеген олар, сол кездегі бар жөн-жоралғымен ұзатып салған келінді алып ауылдарына қайтады. Жас келінге ол елден жолдас ретінде он үш жасар жеткіншек-Қаражан ілеседі. Ақ атқа келін, сары атқа апам кіндік баласымен мінгеседі. Қара атпен Қаражан шығады. Не керек, үш аттылы жолаушылар Фрунзеге келгенде ағайын-туыс қуанып қарсы алыпты. Бірақ күйеу жігіт үйде жоқ. Ол дала қосында, Тегістіктің ары жағындағы бір жерде тракторымен егін

егу жұмысында екен. Бұл кезде майданнан күнде жақсы жаңалық келіп, қуанған халықтың көңілі көтеріле бастаған кезі екен.

8-мамыр күні егін егу науқанын аяқтап әкем үйіне қайтады. Сол күні апам, әкем мен шешемнің некесін қидырып беташар тойын жасайды.

Бір ешкіні сойып, бір пұттан аса түктелген бидайдан ботқа, тойға деп сақтаған аздаған ұннан нан ашытып, малдың тоң майына бауырсақ пісіреді. Тамақтың алдында берген шай дастарханына сол бауырсақтарды төгіп тастап, әр жерден арасын ашып құрт пен ірімшік, шақпақ қант пен науат шашып тастайды. Сол кездегі халық мұндай дастарханды көптен көрмегендіктен ұмытқандарына өте көп уақыт болып, тіпті кейбір кісілер мұндай той дастарханын бірінші рет көрсе керек. Бірнеше «шырт-бырт» арақ пен бірнеше қабак боза ішіп көңілдері айрықша көтерілген ағайынтуыс, апамның ұсынақтығы мен іскерлігін, табыс тапқыштығын, берекесін айтып тауыса алмапты. Тойға жиналғандар таң атқанша ән айтып, алтыбақан теуіп, бірер кісілер өлеңмен айтысып әбден мәре-сәре, нағыз думанды той болады. Тойдан тарағандар:

-Ойпырмай, той десе дегендей-ақ болды, ә! Бір ешкінің етін аямай түгелдей турап, осынша мол ботқа пісіргенін айтсаңшы!-десе, енді біреулер:

-Таза малдың майына пісірген бауырсақты айтсаңшы! Дәмі әлі аузымда тұр- депті. Үшінші біреулер: -Құрт пен ірімшікті айтсаңшы! Осынша мол азықты қалай, қайда сақтаған десе, тағы біреулер: -Осындай шақта ананша қант пен науатты қайдан тапқан десеңші!-депті. Ауыл халқы осындай гу-гу әңгімемен үйді-үйіне тарай



бастағанда Смет атамның үйінің орнындағы алғашқы кеңседегі алақандай қара радио сайрап қоя береді. Бастықтың алдындағы телефон да безектей жөнеледі. Екеуі де Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының Герман Фашизмін біржолата жеңгенін хабарлайды. Сонымен қатар 9-мамыр Ұлы Жеңіс күні деп белгіленгенін жариялап жатады. Кеңседен бас киімдерін қолдарына көтере ұстап, жүгіре шыққан үш-төрт кісі халықтың назарын өздеріне аудара:

-Сүйінші! Сүйінші! Жеңіс! Жеңіс!-деп айқайлай беріпті. Бұл хабардан жүрегі жарыла қуанған ел азаматтары қапелімде алдынан шыға келген кез-келген жанды бас салып құшақтап:


-Жеңіс! Жеңіс! Сүйінші! Жеңіс!-деп сүйе беріпті. Адамдар бір-бірімен жаңа кездескендей, шаттана, көрісе құшақтасыпты. Біреулер қуаныштан езу жимай күлсе, енді біреулер өкіре, өксіп-өксіп жылапты. ...Енді біреулер мұңға батып сілейіп тұрып қалыпты. Аздан соң есін жия бастаған ел:

-Мына жаңа түскен келіннің аяғы құтты болды-ау, ә! Өзімен жеңісті бірге ала келді! Жеңіспен бірге келді!-деп, Құтты болсын! Баянды болсын! Ұзағынан сүйіндірсін!-деп жаңа түскен келіннің қуанышы мен Ұлы Жеңістің қуанышы астасқаны сонша үйленген жастарға берген бата мен Жеңістің мәңгілік, ұзақ болуына деген тілектер бір-бірімен жымдаса қабысып кеткен екен.

...Иә! Өйтпей ше! 1418 күнге созылған зұлмат соғыс, талайдың өмірін жалмады. Оның ішінде бойындағы күш-қайраты таусылып, еңкейе бастаған қарт та, өмірге берері мол, нағыз күш-қайрат, ақыл-парасат




иесі азамат пен азаматшалар да, жалындаған жас та, келешекке көптеген ұрпақ әкелер бойжеткендер мен келіншектер де, өмірге енді ғана көзін аша бастаған жеткіншек те, тіпті жаңа туған жас сәбилер де бар еді. Соғыс ешкімді аяған жоқ. Соғыс... Соғысып жатқан Кеңес Одағы мен Германияның ғана адамдарын емес, бүкіл дүние жүзі халқының бірталай бөлігін жалмап кетті. Аса қиындықпен, ұзаққа созылған, судай аққан қан мен тердің арқасында жеткен жеңіске кім қалай қуанса да хақы бар еді. Өйткені соғыс даласында атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылды. Яғни бұл Ұлы Жеңісте жер қойнауын қазған кеншінің де, сол кенді күндіз-түні балқытып қорытқан, қорғасын құйған металлургтың да, соғыс техникасын күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей жетілдірген инженердің де үлесі зор еді. Сондай-ақ, бұл Жеңісте қырда жер жыртып егін еккен диханның да, ызғарлы қыс пен жаздың аптап ыстығына қарамай өрісте мал баққан малшының да, тіпті осы халықтың өндірген өнімдерін көзінің қарашығындай сақтап, қорғаған қарауылдың да, мектепте сабақ берумен ғана шектелмей, нақанды кезеңдегі барлық жұмыстарға шәкірттерін ертіп қолғабыс еткен ұстаздар мен шәкірттерінің де үлесі бар еді. Сол кездегі жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеп, сонымен қоса терең білім берген, адал да ақжүрек, іскер де ұқыпты ұрпақ өсіріп шыққан, қандай жағдайда да жетекшілік роль атқарған ұстаздар қауымының Ұлы Жеңіске қосқан үлесі тіпті де ересен дер едім.



*Анам Бүбішайым, мен 2 жаста,
Шолпан 4 жаста 1956 жыл. Көктем*



*Анам Әсілхан
1975-76 жылдар*



*Әкем Еділбай
1960-61 жылдар*



*1948 жыл
Солдан оңға қарай
Назтай апам, Шажат әкем, Бүбішай апам,
Бегай әкем - 1 жаста*



*Жиен ағамыз
Дәліқұлов Құлкерім*



*Ағамыз
Елеубаев Қасым*



*Нағашымыз
Ерметов Әбдігүл*



Жеңгесі

Жұмакүл



*1964 жылғы
көктем
Солдан оңға
қарай:
Сейітмұқан,
Ұлдықыз әпкем,
Тұрсынқұл,
нәресте
Нурмахан*




Аяулы досым Нағима, Ұлдана 9-сынып



Аяулы ұстаздарым





*А. Суханбаев ескерткіші 1965-1966 оқу жылы
Вожатый Рысқұлбекова К., салют беруші Шахшанбаева К., барабанышы
Шатеев Б., сырнайшы Жанысбаев С., ту ұстаған Молдабаева Ұ.*



*Солдан оңға қарай:
Бегай, Емісбек, Шолпан*



*Аштықтан да, індеттен де, өрттен де аман
қалған Шайбала немересі Толқынмен*



*Отырғандар: Шажат, ұлы Бижан, күйеуі Асанхан
Тұрғандар: Болдыбек (Шәкірат) ұлы Нұржан*



*Отырғандар: Әсілхан, Айдар, Ұлдана
Тұрғандар: Ержан, Ғалым*



*Оң жақтан аяулы жолдастарым:
Айгүл, күйеуі Жеңіс, сіңлісі Әлия*



Менің отбасым



*Солдан оңға қарай: Шолпан, әкем Еділбай, құдасы
Молдабай анам Әсілхан, Тойлыбек,
балалар: Ғалия, Мұрат.*



*Солдан оңға қарай:
Айнур, Маматайым, Әлия, Ғалия*



Назтай апам немерелері Сәкен қолында Әсел



*Солдан оңға қарай:
Бақыт, Жәнібек,
Ғалым, Айдар,
кішкентай Мұрат*





*Солдан оңға қарай:
Үйшеуі құдағилар, Рыстай, Сейдікүл әженеше, тағы
құдағи, Несіпкүл, Балалар: Әлия, Айнұр, Ғалия, Ерлан,
Сейітмұқан мен Сәуленің тойында*



*Отырғандар: Ержанның келіншегі, Роза, Ержан,
алдында қызы Әйгерім, мен.
Тұрғандар: қыздарым Айнұр, Ғалия, Әлия.*



*2003-жаңа жыл
Маматайымның
соңғы жаңа жылы.
Мамам алдында
шөбересі Айдана мен
күйеу бала Нуржан
қызым Айнұр*



*Солдан оңға қарай:
Біз бақыттымыз! қыздарым Ғалия, Айнұр, мен, Әлия*



II БӨЛІМ

ТАҢСӘРІ

Зарығып жеткен Ұлы Жеңіс халықтың күшін тасытып, жігерін жанығандай болды. Халық бұған дейін қалай еңбек етсе, бұдан кейін де еңбегін еселей түсті. Өйткені бүкіл шаруашылықты қайта қалпына келтіру керек еді. Ірі өнеркәсіп орындарын соғыс жағдайынан, енді бейбіт өмір жағдайына қарай қайта бейімдеу бір межелі іс болса, қираған қалалар мен селоларды қалпына келтіру жұмыстары өз алдына үлкен бір мақсат болып тұрды. Осы аталған шараларды іс жүзіне асыру жолында еңбек ететін құрылысшылар мен кеншілерді, мұнайшылар мен завод-фабрика жұмысшыларын, қызметкерлерін, киім-кешек пен тамақ өнімдерінмен қамтамасыз ету үшін, яғни бүкіл халықты асырау үшін ауылшаруашылығы қызметкерлері де аянбай еңбегін еселей түсті. Әкем бұрынғыша егіс даласында жұмыс істесе, анам тракторшыларға су, май, қала берді тамақ тасиды. Күндерін осылайша таңның атысы, күннің батысы қызу еңбекпен өткеріп жатады.

1945-жылдың екінші жартысынан ауа колхозға жаңадан бастық болған Әйтiмбетов Шеке ағамыз 1946-жылы әкемді тракторшылықтан алып, мал шаруашылығына қарай бейімдейді. Өйткені есте сақтау қаблеті өте күшті, бір көрген жерін жазбай танып, бір жүрген жолын адаспай табады екен. Ал ол кезде малды Арқада қыстататын. Малды көшіру жұмысына өзгелей лайықты жолбасшы болатын адам болмағандықтан ол кісіні сол жұмысқа басшылық етуге тағайындайды.

Әрине, жолдасы қай салада жұмыс істесе, анам да үнемі сол салада өзіне лайықты жұмыстарын атқарып жүре берген.

Сол 1946-жылдың аяқ жағына қарай тұтқында, соғыстың әсерінен болған ауыр жұмыста жүрген жерінде ақталып, босап, Нұрғожаев Сейсенбай ағамыз елге келеді. Күйеу баласымен аман-есен қауышқанына жүрегі жарыла қуанған Қымқап әпке, көп ұзамай-ақ бір жағынан өзінің туысы болып келетін Шайым ағамызды Сейсенбайға алып береді. Сондағы ойы, туысынан жастай жетім қалған Зейнеш пен Зәруге өгейлік көрсетпес-деп ойлаған. Осылайша қырық жастағы Сейсенбай мен жиырма жастағы Шайым қосылады. Сонда Шайымның шешесі Сындар да қырық жаста екен. Сейсенбайдың үйленуіне байланысты туған нағашысы Дәркембай кісі, жиеніне бір сары тайды сыйға тартады. Жоқшылық қиын заманда одан өзге не істесін? Тек қайнаға, нағашы деген атқа лайық іс істеу үшін тырысқаны. (Зәру ағамыздың әңгімесі қаз қалпында.)

1943-жылы бір аяғының басын жартысынан снаряд жарықшағы жұлып кеткен, соғыстан ақсақ боп оралған ол кісінің сол тұста өз жағдайы да мәз емес болыпты. Алған әйелі көп ұзамай-ақ қайтыс болып кете береді екен. Соғысқа әйелі өліп бойдақ боп аттанған ол кісінің келгеннен соң алған әйелі де қайтыс болып, сол тұста кәрі, сүр бойдақтың кебін киіп жүрсе керек. Не керек, алған тоғыз әйелі дүниеге ұрпақ әкелмек түгілі, бірінен соң бірі қаза болып, тек оныншы әйелі Алтынкүлден ғана бір қыз баласы бар екен. Кешікпей ол әйелі де қаза болған. Кейін бірнеше жылдан соң түрлі ырым, әрекеттер жасап жүріп, оқытылып, әулиеге барып түнеп

жүріп алған он бірінші әйелі Шынаркүлден Елубай, Жұман, Алпысбай деген үш ұл бала дүниеге келеді.

...Бір күні біздің апам түс көреді. Түсінде көзіне ешкім көрінбейді. Тек әлдеқайдан бір дауыс шығады. Дауыс шыққан жаққа аңтарыла таңырқап қараса апанық қып екі рет Бекайып, Бекайып дейді де дауыс жоқ болады. Апам мұның аян екенін, әне-міне деп күтіп отырған немересінің атын қойып кеткенін түсінеді де бұл ер балаға лайық ат қой, немерем ер бала болар ма екен, деп ойлайды. Бірақ көп кешікпей дүниеге қыз бала келеді. Апам сол кездегі үрдіс бойынша немересінің атын қызға лайықтап Бегайкүл деп қояды. Жас баланың кіндігін қайын сіңлісі Аяулым кеседі. Бұл 1947-жылдың қыркүйек айының жиырма екінші жұлдызы екен. Бірақ ұл болмады деп ешкім ренжімейді. Кім болғанда да дүниеге бала келіп, отымыздың басына бір жан қосылды,-деп шексіз қуанады. Тіпті сағынып көрген немересіне мейірленгені сонша кеудесінен сүт шығып кетіп, алты-жеті айлығынан бастап келінінің омырауынан ажыратып өзі емізеді. –Менің сүт кенжем! Сендердің шаруаларың болмасын бұл қызда!-деп баласы мен келінін жас балаға жолатпай қояды. Анамыз өз туған перзентіне «Кәреней» деп ат қойып, нәрестеге қайын сіңлісі ретінде қарауға мәжбүр болады. Сол жағдай өмір бойы қалыптасып кетіп, үлкен әпкеміз әкеміздің қарындасы, өз анасының қайын сіңлісі болып кетті. Бұдан кейін анамыз ұзамай көтерген баласы әлденеден шошынып үш-төрт айлығында түсік тастайды. Үлкендердің айтуынша дене мүшесінің бәрі анық болып, енді жетіле бастаған шала шарана ұл бала екен. Сол 1947-48-жылдар аралығында біздің Ыбырайым

атамыздың қайтыс болғанына жыл толады. Ағайын-туыс жиналып, жас жесір Бәкенге ата салты бойынша, жас болғандықтан таңдау береді. Ақсақалдар:

-Қайнаға, қайындарыңның ішінен таңдағаныңа ти. Біз жесірімізді тентіретпейміз, жатқа жібермейміз!-дейді. Тракторшылық жұмыс атқарып әбден ысылған, Несіпжан атты бір ғана қызбен жесір қалған, батыл мінезді, жас апамыз орнынан ұшып тұрып: -Таңдау бергендерің рас болса, Шырақайға тиемін. Басқаға ойым жоқ!-дейді. «Шырақайы»-менің әкем Еділбай. Көпшілік дереу Еділбай мен Әсілханды ортаға шақырады. Алдымен анамнан сұраса керек.

-Сенің күйеуіңе таңдау түсіп тұр. Күйеуіңмен ортақтасуға келісесің бе? Жеңгесін алуға рұқсат етесің бе?-дейді. Мұндайды бұрын-соңды көрмеген, қалада өскен анам шошып кетіп:

-Жоқ рұқсат ете алмаймын,-дейді. Күйеуі алғысы келсе, әйелі қайда барады, тулап-тулап қояды,-деп ойлаған ақсақал-қарасақал:

-Еділбай, сен жеңгенді алуға қалайсың? Сені таңдап отыр ғой, екінші әйелдікке алып, екеуіне де еге боласың ба?-дейді. Әкем ойланбастан:

-Жоқ, ала алмаймын! Құдай қосқан өз әйелім бар. Сол жетеді,-дейді. Апамыз сағы сынып, ренжіп қалады. Бірақ көп кешікпей көзі үйреніп, көңілі қалап жүрген Өміралы атамыз Бәкен апамызға үйленеді. «Ерден кетсең де елден кетпе» дегенді ұстанған апамыз, ризалықпен тұрмыс құрып, балалы-шағалы боп, аталас ағайын Боздаққа осылайша келін боп, сіңіп кетеді. Бұл кез әкемнің ел ішінде жақсы аты шығып, «нағыз бозым жігіт» атана бастаған кезі екен. Осылайша күндер өтіп,

әкем жылқышы әрі Арқаға жол бастаушы боп, анам бие сауып күндерін ел қатарлы өткізіп жатады.

1948-жылы ерте көктемде Таластың суы арнасынан қатты асып тасығаны сонша, тоғандар мен арық-атыздарға су симай, қатты сел жүреді. Селдің әсерінен ең алғашқы мектептің бір жағы түгелдей, алғашқы кеңсе тағы бірнеше нысандар мен тұрғын үйлер құлап қалады. Бұл бейнеттен ауыл халқы әйтеуір адам шығынынсыз аман қалады. Ауылдағы бастауыш мектепте алғашқы мұғалімнен кейін екінші мұғалім, соғыс жылдарында Омаров Сейітқадір (Сейітқаш) болған. Бұл кісі 1945-жылғы оқу жылын аяқтағаннан кейін Үшбұлақ жақта дүкенге сатушылыққа ауысып орнына он беске жаңа ғана толған бозбала Елеубаев Қасым мұғалім болады. Өзі де әлі балалықтан толық арыла қоймаған, әрі әкесі сияқты бойында ақындық желігі бар бозбала оқушыларға әр сабақтан тапсырманы беріп, есікті сыртынан жауып, қайда жиын, қайда той қызық бар, соған кетіп қалады екен. Мектептің құламай қалған жартысында шулап-улап, (бар болғаны бірнеше бала ғана көрінеді.) «келген соң ағай ұрсады»-деп ойлағаны оқып, ойламағаны ойнап отырады екен. (Тоқымбаев Ермек ағамыздың естелігінен қазқалпында) Бұған дейін де аз қиналмаған халық итшілеп күн көріп, колхоздың жұмысын атқарып жүргенде ауданнан уәкілдер шығады. Елдің хал, күйін көздерімен көріп кеткен аудан басшылары кешікпей халықты жерге орналастыру жұмысымен айналысатын мамандарды ауыл-ауылға жібереді. Алғаш рет қазіргі ауыл бейнесі сызылады. Ұзын үш көше тілініп, төртінші көшені жартылай қалдырады. Сол жылы орталық көшенің

нақ орта шенінен колхоз кеңсесі бой көтереді. Ал бір жағы құлап, екінші бөлмесі құлайын деп тұрған мектепте оқушылар өйтіп-бүйтіп оқу жылын аяқтайды. Жаңа оқу жылын қырат жерден аяқтары қысқалау п әрпі тәріздес үлкен ғып соғылған Мінәрбек атамыздың тамының бір жақ жартысында жалғастырады. Сүйегі мықты, кірпіші қалың бұл үйдің жартысынан да артық бөлігі 1953-54-жылдарда орталық көшеден мектеп соғылғанша (тағы да п әрпі тәріздес) ауыл мектебі болып, жас ұрпаққа білім беруде маңызды роль атқарды. Бегай 1954-жылы осы жаңа соғылған мектептің бірінші сыныбына қабылданады.

Көшенің негізгі бет бейнесі сызылып, жаңа көшелер тілінген соң Фрунзе аулына қарасты барлық үйлер санаққа алынып, олардың әрбіреуіне отыз бес соттықтан жер тілініп берілді. Жан-жақта шашырай қоныстанған ел түгелдей көшіп келіп, әрқайсысы өздеріне берілген жерге жайғасып үй сала бастады. Бұл жағдай ауыл халқының көңіл-күйіне қуаныш ұялатып, ел жаңаша бір серпінмен іске кірісті. Аз уақытта сол кездегі ең жаңа үлгідегі тұрғын үйлер салынып, іші – сырты тақтайдай тегіс етіп сыланып, әктелді. Аппақ шатырдай бұл үйлер ортасы дәліз, екі жағында екі бөлмесі бар, терезелері әйнектелген, есіктері биік, әрі кең. Бұл үйлер, бұрынғы жапырайған үйлерден гөрі әлдеқайда сәнді, еңсесі биік, әрі сәулетті еді. Оның үстіне әр үйдің екі бөлмесінен екі биік мұржа шығып тұратын. Бұл деген бұрынғыдай от жақса болды түгіні үй ішіне жайылатын ашық-шашық ошақ емес, әр үйде екі-екіден шойын плитамен плиталаған, аузына шойын есік қақпақшалар орнатқан, жаққан оттың түгіні бірден сыртқа теуіп шығатын,

заманауи үлгідегі, жылуды жақсы бөлетін пештері бар үйлер деген сөз. Әрбір осындай тамды салып бітіріп кірген жанұя мүшелері хан сарайына кіргендей қуанышқа кенелді. Кең, жарық, әрі жылы мұндай жай бұрын-соңды халықтың қолы жетпеген жетістік еді.

Көтеріңкі көңіл-күйден күш-қайраты еселенген халықтың әрбіреуі өз меншігіне бөлінген жерді жаппай көгалдандыруға кірісті. Біреулер жерін қара талмен көмкерсе, біреулер ақ терекке басымдық берді. Енді біреулер екеуін қоса екті. Одан да гөрі басымдау шыққандары уйеңкі мен тұт ағашын араластыра ексе және біреулер жеміс ағаштарын да отырғызып, айналасы екі-үш жылда-ақ қазіргі отырған аулымызды көк желекке малындырып-ақ тастады. Бұл дегенің бір жағы сол кездегі кісілердің басым көпшілігінің еңбекқорлығының арқасы болса, әрі ағын судың да молдығының әсері еді. Сол 1948-жылы Елеубаев Қасым ағамыз он сегіз жасында Молотовтан (кейінгі 40 жылдық) қыз алып келіп, үйленеді. Тазалықты жаны сүйетін сүйкімді жас Ырыскүл ыдыс-аяқты кір сабынмен сабындап жуатын көрінеді. Бетінде аздап сепкілі болса керек. Ұлдықыз әпкеміз ыдысты сабынмен жуған деген не сұмдық. Бұл ырысымызды қоса жуып тастайтын болды. Өзі бет-аузы секпіл-секпіл-деп жақтырмай қойыпты. Ақыры амал жоқ үйіне қайтып бара жатқан ол, ауылдан біраз жерде жүгері даласы бар екен. Сонда жүрген қайнағасы Еділбайға келіп жолығады. Араша тілеген жас келін, аяғы ауыр болғандықтан беті секпіл екенін айтып жылайды. Ендігәрі ыдысты сабынмен жумай-ақ қояйын-дейді. Мұны естіген әкем келінге жаны ашып, әпкемізге барып:

- Жібермейік, енді аз уақытта немерелі болуыңыз мүмкін. Іштегі шаранамен... Обал ғой,-дейді күмілжіп. Бұған дейін үлкеннің бетіне қарап көрмеген ол кісі осы сөздерді әрең айтса керек. Бірақ әпкеміз айтқанынан қайтпай қойыпты. Әкем сол жерде күн ұзақ күтіп тұрған келініне келіп болған жайды айтады. Сонда да кетіп қалмай үйге қайтуын өтінеді. Ойы: - Қайда барар дейсің, бір-бірімен үйренісіп кетер,-деп ойлайды. Кеш болып кеткенде қайтып келген келінін әпкеміз үйге кіргізбей қойса керек. Сонымен айналасы алты-жеті айда бұл келін кетіп тынады. 1949-жылы біздің үй бұрынғы үйлерінің орны мен жері, жаңа сызылған карта бойынша көрші ауыл мен егіс даласына шығатын жол болып қалуына байланысты ол үйді тастап, жаңа орталық көшеден өздеріне бөлінген жерге көшеді. Жаңа жер жаңа салынған кеңсенің қарсы бетінен сәл ғана солтүстікке таман беріледі. Ерте көктемнен әрекет еткен жанұя мүшелері күзге салым ел қатарлы еңсесі биік қоржын тамға кіріп алады. Бұл үйді Мақсым салғандай дейтін апам аузын толтыра сөйлеп. Сол кезде салынған үйлердің көбісін Мақсым деген татар ұста салса керек.

Сол жылы жазда қаладан бір топ артистер келіп, бір жыл бұрын салынған (1948) кеңсенің алдына ойын қояды. Спектакльден кейін концерт береді. Не керек, тұрғындар түн ортасы ауа тарайды. Ойын қойып келген артистердің ішіндегі бір жас қыз реңімен де, өнерімен де ерекше көзге түссе керек. Қасым ағамыз әлгі қызға құлай ғашық болады. Әпкеміздің:

- Әртістің керегі жоқ, жын-ойнақты үйіме кіргізбеймін,-дегеніне қарамай, сол Мәдина сұлуға үйленеді. Ағамыздың шешесі марқұм бұл келінді де

«баламды айналдырып үйден алып кетеді»-деген сылтаумен айналасы бір жылға жетер-жетпес уақытта үйден қуып тынады. Жылай-жылай ол да кетеді.

Сол 1949-жылы әкемді ФЗО ға алып, ауылдан Қарағандыға Тоқбаев Ахметәлі, Желдікбаев Байбатыр үшеуі аттанып кетеді. Аяғы ауыр болып қалған анам Әсілхан жылдың аяғына таман екінші қызына босанады. Жаратылысы өте нәзік бұл қызға Нәзігүл деп ат қояды. Көгілдір көзді аппақ, ақ сары, шашы да бояп қойғандай қызғылт алтын түстес бұл қыз туғаннан ерекше болыпты.

«Бас екеу болмай, мал екеу болмас» дегендей екеу болып бас құрауға қанша ұмтылғанымен, өзіне ұнаған, таңдаған жарлары шешесіне ұнамай қиналған Қасым ағамыз 1950-жылы бәріне қолды бір сілтеп, Жаңасаздан бір-ақ шығады. Ізгі оймен бастаған қадамдары сәтсіз аяқтала берген оның жүрегі шайлықса керек. Жаңасазда (Абай колхозы) біреудің алакөлеңке, сыз тамының бір бұрышында жатып жүріп мектепте ботаника, биологиядан сабақ береді. Өзге ауылдың мектебіне мұғалім боп келген жас жігіт көп кешікпей-ақ білімділігімен, ізгілігімен қала берді көрнектілігімен ел аузына іліге бастайды.

1960-жылдардың бірінші жартысы. Күз кезіндегі жиын-теріннің уағы. Сабақтан келсем есік алдындағы нардың үстіне жайылған әдемі көрпешеді жас, арық келген бейтаныс қараторы келіншек отыр екен. Үйдегілердің ол кісіге деген ықыласына қарап біздің бір жақынымыз екенін түсіндім. Апам: -Қанткүл әкпенді таныдың ба?-деді. Ал ол кісі: -Бұл Шолпан ба?

– Жоқ Ұлдана, Ұлдан ғой. Мен: - Бұл кісіні

танымаймын,-дедім.

– Есінде жоқ екен ғой, біздің ауылға ертіп барып жүргенде тым кішкентай еді ғой,-деді әлгі кісі.

–Сіз қайда тұрасыз?

- Жаңасазда. Сөзге апам араласты. Кішкентай кезінде сені асқа ертіп барғанда, сен бөлме ішіндегі төсеніштің астына төсеген қамыстың сытырынан қорқып жылаған едің ғой. Сол осы әпкеңнің үйі. Менің есіме төрде отырған апамның жанына бармақ болғанымдағы жағдай есіме түсті. Түнде ұйықтарда бір көне көрпенің үстіне мені құшақтап жата кеткен апамның, жаурап қалмасын-деп шапанының шалғайымен мені қымтай бергені де есімде. Сонда жамылатын көрпе де жоқ болуы керек. Елуінші жылдардың екінші жартысының аяқ жағындағы халықтың көбінің тұрмыс жағдайы осындай еді. Бірақ сол кездегі елдің пейілі кең, әрі бір-біріне аса мейірімді болатын.

- Әпкем болсаңыз өзіңіз неге келіп тұрмайсыз? Сіздің балаларыңыз бар ма?

– Бар.

– Әпке деген балаларын ертіп келмей ме? Сонда біз оларды да танитын едік. Олардың аттары кім?

– Мынау қайтеді ей? Сөзден жаңылдырады ғой. Ол кісі кеңкілдеп күліп алды. Үлкенімнің аты Жұмакүл, одан кейін Жұмаділ, ең кішкентайым Жұмағыз.

– Неге бәрінің аты Жұмадан басталады. Бәрін жұма күні тудыңыз ба? Біздің папам жұма күні туған. Бірақ оның аты Жұмабай емес, Еділбай. Менің сөзіме бәрі күліп алды.

– Келесі жолы ертіп келем.

- Бұл енді сөйтеді. Аздап еркелеу. Әкесінің қызы

ғой,-деп апам жайбағыстап жатыр. Осы кезде әлгі кісі темекі тұтатып тарта бастады. Әйел адамның, оның ішінде жас әйелдің темекі тартқаны маған өте бір ерсі іс боп көрінді. Әйелдердің ішінде тек қартайғандары ғана, онда да әдемі емес қап-қара кемпірлер ғана темекі шегеді ғой, деп ойлаған мен, қарап тұрмай тағы сұрақ бердім.

–Әпке, сіз неге темекі шегесіз?- дедім. Тосылып қалған ол:

–Е-е-е, қарағым-ай, қай жетіскеннен шылым шекті дейсің? Сендермен қауышқанша қанша азап шегіп, қаншама уайым шектім. Соның зардабын басам деп жүріп осы бәлеге үйреніп кеттім ғой,-деді ол кісі ауыр күрсініп алып. Сондағы әпкемнің айтқан әңгімесі:

Жаңа мұғалім жөніндегі жылы лебіз, жақсы көзқарас бүкіл ауыл адамдарына тез тарайды. Сол кезде бұл хабар ағаларын үздіксіз іздеп жүріп, ақыры өз тағдырына тап болған Қанткүл әпкемізге де жетеді. Жаңа келген жас мұғалімнің аты-жөнін естіген әпкем алдымен өз құлағына өзі сенбейді. ...Мүмкін емес! Жаңылыс естіп тұрған шығармын,-деп ойлайды. Қайталап сұрағанда мұғалім туралы айтып отырған әлгі кісі: -Елеубаев Қасым-деген. Өзі Сәмбет екен. Пронзадан келіпті-дейді. Тігіле қарап, мұқият тыңдап отырған әпкем: -Сол! Сол ғой! Дәл өзі! Менің кіші ағам ғой!-деген ойлар басынан зу етіп өте шығады. Өйткені Жезбала апамыз дүниеден озар алдында қызын жанына шақырып алып:

- Сенің екі ағаң бар. Үлкенінің аты Еділбай, кішісі Қасым. Елің Сәмбет-депті.

– Олардың ауылы қайда?-деп сұраған қызына:

- Былай қарай, тау жақ,-деп қолымен тауға қарай бір

сілтейді де, сылқ етіп үзіліп кетеді.

– А-Аh!-деп орнымнан атып тұрыппын. Өз-өзімді тежей алмай бет алды тұра жүгірдім. Қора ма, шөп пе әлдененің артына барып, қол-аяғымнан әл кетіп құлап түстім. Жүрегім қысылып, ауа жетпей бара жатқандай болды. Жұлқылап омырауымды ашып тастадым,-дейді әпкем. Ол осы әңгімені айтқанда да осы оқиғаны басынан сол әзірде өткізіп жатқандай жан дүниесі қатты толқып, көз жасы бетін жуып отырды. Әлсін-әлсін кестелі бет орамалымен көз жасын сүртіп қояды. Даладағы ошақ алдында нан жауып отырған мамам да қосылып егіле жылады. Анша-мұншаға жаси қоймайтын Бүбішай апам да ауыр күрсініп:

-О,о,о, қу ғана бейбағым-ай! Бейбақ болған қарағым-ай!-деп көз жасын кимешегінің етегімен сүртті.

Алдымен бар даусымен дауыстап жылайды. Әпкемнің артынан ізінше шыққан мейірбан енесі мен әлгі әңгіме айтып отырған әйел дауыс шыққан жаққа келсе Қанткүл көз жасын тия алмай еңіреп жылап отырады. –Не болды? Неге жыладың?-деген сұрақтарға жауап бере алмаса керек. Түрлі ауыр жағдайларды бастарынан өткізіп әбден кәнігі болған кісілер қанша жұбату сөз айтқанымен оның еш ем болмасын түсініп жаңа түскен жас келінді оңаша қалдырады. Қанша отырғаны белгісіз... Әбден жылап өз-өзіне келіп, солығын басқан ол, шашы жалбырап, ілби басып, мектепке келеді. Сабақ аяқталып, мектеп оңашалау қалған уақыт болса керек. Оңаша сыныпта әлдене жазып отырған мұғалімнің үстіне шаршаған, дірмәнсіз, әлсіз күйде кірген ол:

- Тә, тә-те!-деп құлап түссе керек. Бұл көрініске бірден түсінбей аң-таң таңырқаған Қасым ағам орны-

нан атып тұрып, құлап бара жатқан Қанткүлді ұстай алады. –Тә-тә-те! С-сен ме-е-ні бі-і-ле-сің бе? М-мен Қанткүл. Қарындасыңмын ғой!-дейді көз жасы бетін жуған әпкем.

– А-а-а?! Не, не дейсің? -деп құшақтай берген ағамыз да көз жасына ұзақ ерік береді. Екіден сәл асқанда әкеден, төртке толар толмас шешеден жетім қалған Қасым, сырт бейнесі қайғысыз, мұңсыз көрінгенімен іштей шерлі кісі еді. Ашаршылық зардабынан, Алланың бұйрығымен ажал тапқан әке өлімін ерте келген бұйрық-деп есептегенмен, ес білмей тұрып тастап кеткен анасының қылығын неге жорырын білмей дал болатын. Іште кеткен бауыры барын да естіп өсті. Ұлма, қыз ба?.. Кім екенін білмей жүргенде, ұзынқұлақтан қыз екенін де естіген көрінеді. Әлгі балаларды сыртынан жауып тастап, қайда жиын, қайда той деп, кетіп қалады-деген пікір қалдыратын мінезі де, мүмкін осы анасын іздеп аласұрудан шықты ма? Кім білсін?! Әр адам шешуі қиын бір жұмбақ әлем ғой... Осы әңгіменің бір ұшығын ағамнан да еститінмін. Кейде бір саңы ауғанда ол кісі Назтай апамдыкіне келетін.

– Әпке, айран бар ма, айран?

– Осы үйге келгеннің бәрі айран сұрайтыны несі? Бәрінің сауып отырған сиыры бар. Сонда да айран, айран деп келеді екен осылар,-деп апам біраз бұрқырап алады. Бұл жай ғана бұлданғаны. Қолы ашық ол кісі туыстардан ештеңесін аямайтын. Содан әңгіме басталады. Қасым ағам не бір шер-мұңын төгеді. Оған апам: -Кә! Қай-қайдағыны еске ала бермей. О несі-ей, еркек емеспісің? Не болса соны айтып жаси бермей еңсенді көтер! Құдайға шүкір бала-шағаң бар, бір қора ел



болдың. Не, жалғыз сен бе? Осындай жайды басынан өткерген. Сенің ширегіңе келмейтіндер де күн көріп жүр.

Ақыры өстіп отырғанда әңгіме үстіне не Махамбеталы атамыздың әйелі Ортай апамыз, не менің әкем келеді. Ал кейде Сыдық ата мен Төкен көке келеді. Ағам қойнына тығып келген бір жартысын шығарады. Сонымен сол жартылықты бәрі қылдай бөліп ішіп алады да әңгіменің аяғы көңілді бір сипат алып тарасады.

Қасым ағам Жанасазға кеткен соң біздің ауылда ол кісінің орнына Жүзжасар деген кісі мұғалім болады. Сол 1950-жылы үш колхозды біріктіріп шаруашылықты ірілендіру науқаны басталады. Үш колхоз деп отырғанымыз Көкөзек, Қарасу және Фрунзе. Яғни Сәмбеттердің үш ауылы бірігіп іріленген Фрунзе колхозы болады. Ал төртінші ауылы Тегістік, Көкбастау, Жаңатұрмыс ауылдары бірігіп іріленген Амангелді колхозы болды. Шаруашылықтың іріленуіне байланысты колхоз бастығы да өзгеріп, Фрунзеге Ұшанаев Қылышбай сайланады. Ал Әйтімбетов Шеке жылқыға және ірі қараға ферма меңгерушісі болады. Шаруашылықта басшылық жұмыстардың түрі көбейіп, әр салаға жетекшілік етіп, өзі басқарып отырған сала-сына жауап беретін әр салада жеке-жеке жауапкер басшы кісілер пайда болады. Осы 1950-жылы Молотовтағы Мұрат пен Қаншайым нағашыларымыз қайтыс болады. Қайсысы бұрын кеткенін білетін, қазір ешкім жоқ. Тек менің есімде қалғаны біреуі қаза боп, сол кісінің қырқын беретін күні екіншісі де ауырмай-сырқамай бақилық болып кетеді. Тағы есімде қалғаны тату, қос аққудай жарасымды жұп еді. Жалғыз қалуды жүрегі



көтермеді-депті замандастары. Ал енді біреулер бір-бірін ілестіріп алып кетті-депті. Сонымен ағайын, ел жиналып, ол кісілерден қалған жылқы атаулыны (бір аттан басқа)-құлынды бие тайымен, жас болса да, ер бала болғандықтан Бесжан нағашыма береді. Ал бір міністік атты және бұзаулы сиырын күйеу баласы әкем мен қызы анам Әсілханға еншісі-деп береді. Он, он бестей уақ жанын өздерін жерлеуге, қырқы, асына жұмсауға қалдырады. Мамамды ұзатқан соң-ақ көшенің басынан қазақы үш бөлмелі үй салып кірген екен. Мұраттың Төлеген деген інісі болыпты. Қазір орнында сол кісінің ұрпақтары тұратын көрінеді. Мамамның еншісіне тиген әлгі сиырды үйдегілер «кер сиыр»-деп атайды екен. Өйткені ол ешқашан өзге сиырларға қосылып жайылмайды. Таңертең сауып падаға қосып өріске жіберсе пададан бөлініп өзі оңаша жайылады екен де үлкен сәскеде желіні жер сызып, мөңіреп үйге қайтып келеді екен. Алғаш мұның сырын түсінбеген апам сиырға ұрсып өріске қайта қуатын көрінеді. Ал сиыр айнала жайылып үй маңынан шықпайды. Ақыры ауық-ауық апам қарап мөңіреген сиырдың желінінен сүт саулап аға бастайды. Мұны көрген апамның бір қайнағасы: -Келін, мына сиыр бір үйді емес, бір ауылды асырайтын сиыр ғой. Үйге қанша келсе сонша рет сауа бер. Ерінбе!-депті. Бір күнде үш-төрт рет сауатын сол сиырдан елге таратқан сүт, айраннан бөлек бір жылда екі қап құрт, бірнеше қарын май, ірімшік жинапты. Апам осы сиырдың сүтін іске асырумен-ақ шаршайтын болса керек. Ал мамам әкем екеуі бұл уақытта тағы да Арқада болған. Үйге мол ырыс, береке ала келген сиыр ақыры шұқырға құлап мойны үзіліп өліпті. Бұл уақытта



сары ауруға (Боткина) шалдыққан әкем Қарағандыдан қайтып келсе керек. Өйткені, қайын енесі мен қайын атасын соңғы сапарға жөнелту рәсіміне түгел қатысқан. Оны кейбір әңгімелерінен байқайтынмын. Жылы өткен соң ол кісілерден өздеріне тиген мұраны алып қайтқан. Ал сары аурудан қырық бес күн аудандық ауруханада емделген. Диагнозын анықтап емдеген, кейін аудандық бас дәрігер болған Құлынбаевтың өзі. Сонда дәрінің тапшылығы сонша осынша күн ауруханада жатқанда глюкозаны үш рет, төрт-бес рет физ. раствор ғана тамызса керек. Ал апам кер сиырмен алысып жүргенде папам сары аурудан айыға салысымен колхоз басшыларының ұйғарымымен қайтадан мал соңынан Арқаға кеткен. Содан баяғы Армия қатарына шақырылғандағы плевриттің қалдығының әсерінен таңертең талай уақытқа дейін құрғақ жөтел қинайтындықтан, сол жөтелді басу үшін таңнан тұрып ыстық шай ішуді әдетке айналдырса, енді оған сары аурудың салдарынан құмшекерді езіп ішу қосылды. Өйткені сары аурумен ауырған кезде дәрігерлер дәрінің тапшылығынан болуы керек, көбіне таблетка түрінде дәрілер беріп, құмшекерді шайға аямай салып, езіп іше бер,-дейді екен. Сол қалған өмірі бойына әдет болып қалыптасып, шайға құмшекер салып ішетін болды.

Сол жылдарда тұтқынға түскені себепті Сейсенбай атамызға ауыл ішінен жұмыс бермей қояды. Сонда не істеу керек? О ғып, бұ ғып бала-шағаны асырау керек. Ол кезде тұтқынға түскендерді, кезінде халық жауы боп ұсталғандарды туған елден, жерден алысқа, небір қиын жұмыстарға жегеді екен. Тұтқынға түскеннен ақталып елге қайтты ма? Кесілген жылын толық өтеді ме?..



Бәрібір. Оған қарамайтын көрінеді. Алғаш соғыстан, тұтқыннан оралған жылдарда үш-төрт жылдай қайтадан Красноярскіге ағаш кесу жұмысына жібереді. Одан қайтып келген соң елуінші жылдардың бас кезінен бастап тағы бірнеше жылдай алыс Мойынқұм мен Ұланбелге жол салу жұмысына жібереді. Сонда Құдайберген ағамыздың (Тәңіртай) әкесі Өтепберген де ілгеріде халық жауы боп ұсталған екен. Біздің ауылдан сол кісі екеуі жол салу жұмысына бірге аттанады. Ол кездерде техника тапшы. Жұмыс өте ауыр. Сексеуіл мен жүзгенді қолмен шауып, бұзып жол табанына төсейтін көрінеді. Өйтпесе құм сусып, салған жол әпсәтте-ақ бұзылып қалады екен. Сондықтан жұмыстың қай ауыр түріне де жұмсалатын техникалары баяғы өгіз арба. Сонда бір топ кісі жол салу жұмысында өгіз арбаны ортаға алып кетіп бара жатып былай деп әндетеді екен.

Барамыз құмға қарай дудай жайнап,
Жастар бар ішімізде күліп-ойнап.

Ал өгіз, елтендемей тезірек жүр,

Өлерсің елден бұрын сорың қайнап,-деп елден алыстаған арыстар өз көңілдерін өздері көтереді. Бұл өлең өте ұзақ болса керек. Зәру ағамыздың есінде қалған жалғыз шумақ осы болды. Отанға қанша адал қызмет етіп, еліне деген көңілдері қалтқысыз болғанымен қапыда жағылған қара күйеден арыла алмай, іштеріне өрт боп түскен, өздеріне ғана аян қайғыдан қынжылған бір топ, терме жанырындағы мына өлеңді сол кездерде айтқан екен.

Бір туғаннан не пайда?
Бірлігі оның болмаса,
Ыстығына бір күйіп



Суығына тоңбаса.

Ағайыннан не пайда?

Көре алмай сені күндесе

Фанидің жалған екенін

Тірлікте ойлап білмесе.

«Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ»-деген. Іштегі шерлерін бірімен-бірі жарыса осылайша шығарыпты.

Күн мен түн жарысып отырып өмірге 1952-жылды әкелді. Қалың қыс. Айнала аппақ қар. Сол түні аспан шайдай ашық болыпты. Жылқының құлағында ойнайтын шабандоз. Шауып бара жатқан ат үстінен бір дегеннен теңгені іліп түсетін епті. Көпшілік жиналған жерде жыр айтып, ән бастайтын, сұлу сөзбен сайысқа түсе алар қарсылас кезіксе айтыса да алатын «бозым жігіт» атанып, жақсы аты алысқа жайыла бастаған әкемнің таусылмайтын қонақтарының бірін шығарып сап, шешем кеш жатса керек. Көзі ілінер-ілінбес толғақ қысқан ол, орнынан тұрып есік алдына шығып кетеді. Далаға шықса таң жұлдызы сұлу Шолпан туып тұр екен. Босанар кезде жанында ешкімнің болмағанын қалайтын ол, үйдегілердің үстіне қайтып кірмей күресінде босанып қалады. Сыртқа біреудің шыққанын байқаған апам, әлгі адамның ішке қайта кірмеуінен секем алып далаға шықса келіні күресін үстінде босанып отырады. Қора жақтан жүгіріп келген төбет ит шаранаға тап-тап беріп, иіскеп-иіскеп қояды-дейді. Өзі жас босанып әлсіреп отырған анам, әлсіз қолдарымен итті жасқап қояды. Ал ит ара-арасында маманды иіскейді. Жалаңдап нәрестені бір, босанып отырған келінін бір иіскеп, құйрығы бұлғандап жүрген итті көріп, бұл көрініске есі шыққан



апам: -О-О-ой-бу! Сорлы қар-ау! Мұның не? Әй, үйден неге шығасың?-деп итті бір қолымен жасқап, екінші қолымен шарананы етегіне салып жатып:

- Әй, Түйме –қыз! Ау, Түй-ме-қыз!-деп көршісін шақырады. Бұл көрші қоржын тамның келесі бөлмесінде тұрады екен. Үйден папам атып шығып дереу көрші әйелдерді ертіп келеді. Анамды нәрестесімен үйге кіргізгенде шықырлаған аяздың қаттылығы сонша апамның тырбаңдап жатқан баланы салып алған етегі қаудырап қатып қалыпты. Нәрестенің кіндігін әлгі көрші әйел Түймеқыз кеседі. Сөйтіп 1952-жылғы қаңтардың он екінші жұлдызында менен екі жас үлкен бауырым Шолпан дүниеге келеді. Таң жұлдызы туған уақытта туғандықтан атын Шолпанайым қояды. Бұл қыз туғанда апам, келінін тек қыз бала таба берді-ау деп аздап қынжылып, көзіне жас алып қалса керек. Абысын-ажыны жиналып:

- Балаң мен келінің әлі жас. Қызды берген құдай, ұлды да берер. Бәріне риза боп күтсең, оған да жетер күн болар!-деп жұбатады. Ал папам:

- Апа, ренжімей-ақ қой! Әлі мұның артында Айманы бар-депті. Яғни бұдан кейін де қыз туылады дегені. Сауаты бар кісі біздің әулетте жеті атадан бері жалғасып келе жатқан алдымен төрт, ия болмаса бес қыз туылып барып ұл болатын биологиялық заңдылықты түсінсе керек.

Сол жылы екі жыл бойы Жаңасазда мұғалім болғанының аяғы күтімсіз, сыз жерден туберкулезге шалдыққан Қасым ағам дәрігерге қаралады. Ақыры дәрігердің кеңесімен Қырымға барып демалып, емін жалғастырады. Қырымнан келген соң әзірге оқушыларға

сабақ беруге болмайтындықтан қойма меңгерушісі қызметін атқарады. Ал сары аурудан айыққан әкем, бұрынғыша Арқаға көш бастап, жылқышылық жұмысын жалғастыра береді. Айтыстарына қарағанда Шолпанның кішкентай кезінде мамам Арқаға бармаған. Тоғыз айға толған соң, балажан жездеміз Дербіш бізге ермек бола тұрсын-деп титтей нәрестені орап, алдына алып, атпен аулына алып кетеді. Үлкен кісілердің ойынша нәрестені омыраудан ертерек айырса сүтімен келесі баланы тез көтереді-деп есептеген. Бұл рас та шығар. Өмір тәжірибесі бар кісілер ғой. Қыз баладан соң шаңыраққа ие болар немерені асыға күткен ана тілегін сөкет көріп сөгуге болмас. Дербіштің Шолпанды тоғыз айлығында алып кетуінің бұл бір себебі болса, екінші бір себебі де болған. Апам қызынан туған тұңғыш немересі Шәкизаданы (Шәкенді) бір жарым, екі жасқа келіп қалғанда өз қолына алса керек. Қызын ұзатқан соң шаңырақта ұлымен екеуі-ақ шошайып қалған ол кісі көбіне кіндік баласы Ермекті ермек етіп жүргенде өзінің қыз немересі туылады. Аяғына міне бастағанда бауырына салған немересі үш-төрт жасқа келгенде аз-ақ күн ауырып қайтыс болады. Дербіш бұл тұңғыш қызын дұрыстап иіскей де алмаса керек. Екінші қызы Шайзада (Шажат) екі жасқа келіп қалғанда аяғы ауырлаған Назтай ұйқыға жерік болыпты. Бұл кезде қызылшашы келіншек ел түскі асқа отырып, демалған кезде топтан жырылып, едәуір әрірекке барып жүйек арасына жата кетіп ұйықтайды. Бір күні қызылша жеке-леп жүріп осылайша ұйықтап жатқан Назтай әлденеден секем алып, шошып оянады. Ояна кетсе дәл бел тұсына көлденең түсе асылып, ұзын шұбар жылан жатыр дейді.

Қорыққанынан дыбысы да шықпай қалған Назтай, әлгі жылан үстінен жылжып түсіп, әрі кеткенше қозғалмай жата беріпті. Шай-суларын ішіп боп, әрқайсысы өз жеріне тарай бастаған әйелдердің біреуі апамның үстінен жылжып түсіп келе жатқан үп-үлкен жыланды байқап қалып шыңғырып жібереді. Бар әйел жиналып апамды қоршап алып, әр түрлі ырымдар жасап жатып әрең дыбысын шығарады. Сол бойда жұмыстан үйіне қайтарып жібереді. Екі-үш айдай сүлесок ауру болған Назтай апам, жүдеп-жадап содан әрең түзеледі. Бірақ қайтып бала көтере алмайды. Алғаш әлде болса балалы болар-деп үміт еткен кісілер, осы шикі өкпе нәрестені алса «майкөт» боп артынан бірдеңе ілесер ме деген үміт болады. Ол кездегі екінші себебі сол болса керек. Шолпанды жездеміз әкеткен соң да, алты ай бойы үй бетін көрмей Арқада болған әкем, елге бір келгенде анамызды алып кетеді.

Сол жылы малдың жайымен қысы-жазы ұзақ уақыт Арқада болған олар, қалың қыс түсе бастағанда елге келсе керек. Алыстан сағынып елге жеткен соң жақын ағайын, туыс амандасуға келдік,-деп үйде тағы да дүркін-дүркін қонақтар болатын көрінеді. Сонымен кезекті бір қонақтарды шығарып салған соң анамды толғақ қысып, ыдыс-аяғын жинауға шамасы келмей қалады. Онда да келген қонақтардың әйелдері: -Үйге қайтайық. Келіншегі әрең жүр, обал ғой,-деп ерлерін әрең ертіп кетеді. Қонақтар қайтқан соң аздан кейін-ақ анам байғұс үйде қалған кісілерден, әйелдерден қысылып, ауыз үйде байлаулы тұрған жаңа туған жас бұзаудың қасында маған босанып қалады. Бұл кезде қоржын тамның бір жақ бөлмесінде біздің үй-ішіміз,

екінші бөлмесінде біздің ауылға Ақжардан мұғалім болып келген Маман деген кісі әйелі Күләшпен тұрады екен. Кіндігімді сол Күләш әпкеміз кеседі де кіндік шешем болады. Әпке деу себебім, ол кісі Қарасудағы Сәмбет Мірәлі деген кісінің қызы, Сейталым ағамыздың қарындасы. Бұл 1953-жылғы желтоқсанның екісінен үшінше қараған түн. Есік алдына шығып кеткен әкем, шар еткен нәрестенің дыбысы шыққанда, ай жарығымен және ішіне кварцты тастар орнатқан сағатына қараса түнгі 00сағ.30минутты көрсетіп тұрады. Бұл жаңа орында салынған үйде дүниеге келген үшінші нәресте, яғни мен екенмін. Өмірге ұл емес, тағы бір қыздың келгені апам жарықтыққа ұнамапты. Ол кісі Аллаға қарсылық айтқандай бар даусымен айғай салып жылапты. –Сүйінші! Келінің аман-есен босанып қыз туды,- деген әйелге,

- О-о-ой-бой! Қыздан қыз туылғандай не жаздым бұл Жасағанға! Бір түйір өзге түстіні қимадың ғой маған!-депті. Әйелдердің айтқан құтты болсын, бауы берік болсын!-деген лебіздерін қабыл алмай қойса керек, жарықтық. Ертенмен колхоз кеңсесінде істейтін папамның құрдастары жаңалықты есіте салып, құттықтауға келеді. Шешесінің ренішін құрдастарына білдірмеу үшін бір жағы шынымен-ақ ынты-шынтысымен қуанған әкем бір қойды сойып, бір жәшік арақ алып, ыңғайсыз салған дауыстан сұрқай тартқан көңілді бірден көтеріп тойға айналдырып жібереді.

– Кемпір адам не демейді? Бұған дейінгінің бәрін таратып бергенмін. Менің шын перзентім енді ғана келді дүниеге. Ұл ма, қыз ба? Маған бәрібір. Менің жеке меншік қызым. Ешқайсысың бұған қол сұқпайсың!

Менің ғана «жекешем» деп шын қуанышты. Бұған дейін:

- Сендерді сауатты-деп кім айтады? Бірде бір туу туралы куәлікті дұрыс жазбайсыңдар-деген, әкемнен сөгіс алған кеңселік құрдастары, менің куәлігімді күні, айын түгел тура жазып, туылған сағатыма дейін ұзақ уақыт ұмытпапты. Сөгіс алатындай бар. Бегайкүл 1947-жылдың 22-қыркүйегінде туылса, ол кісілер 15-қазан деп жазған. Нәзігүлді де солай туған айы, күні тура емес болса керек. Шолпанның туған күнін тура-ақ жазамыз деп уәде қылғанымен жазып отырған күнін туған күні ғып жіберген. Яғни 1952-жылдың 12-қаңтары емес, 14-қаңтар деген. Міне осындай қателіктерден соң, әкем ол кісілерге сөгіс айтса керек.

Дүркіретіп шілдеhana өткізген әкемді көп кешікпей колхоз басшылары шақырады. Тура қыс шілдесінде, бір табын малды ауылдан 50-60 шақырым жердегі қыстауға апарып қыстатуға бұйырады. Жиырма бір күндік мені алып, әлгі қыстауға барса, қыстау деген аты ғана. Пеші құлап жатыр, тақтайдан қалай болса солай істей салған есіктің саңлауларынан жел соғып тұр. Айналдырған үш-төрт көзден тұратын терезе әйнегінің жартысы жоқ. Құлап жатқан пешті жөндеуге кірпіш те, дайын тұрған топырақ та, су да жоқ.

Әкем біраз қарды аршып, ломмен топырақ ойып береді. Азғантай отын дайындайды да, табынды түгендеп айдап келуге кетеді. Шешем шелекке қарды ерітіп, әлгі ойып берген топырақтан балшық илеп, пешті жөндеуге кіріседі. Топырақ жетпей қалып, өзі де ломмен біраз топырақ ойса керек. Азынап тұрған суық үйдің терезе көздерін әлденемен бітеп, есіктің саңлауларын шүберекпен тығындап, киіз қағады.



Не керек әкем табынды түгендеп, қыстауға түннің бір уағында айдап келгенде, үй жылынған, тамақ та дайын, бірақ есесіне мамам ауырып жатады. Ол кісі бірнеше күннен кейін тәуір болса керек. Бірақ оның ауыр зардабын ол кезде білмегенмен кейін әбден тартады. Көктем шыға құмнан ауыл іргесіне көшіп келеді. Қас қарая кезекті рет бие саууға шыққан анам айналамды қоршап отырғызады да, білте шамды жағып, маған жақындау жерге қойып кетеді. Бұлдырай себезгілеп жанып тұрған шам жарығына қарап, екі қолымды ербеңдете қуанып ұмтылып отырған мен, ақыры орнымнан жылжып кетсем керек. Қоршау ашылып кетіп мен шамды құшақтай құлаппын. Шар ете қалған дыбысты естіп, есік алдынан өте берген бір үлкен кісі үйге кірсе құлап жатқан шамның майы төгіліп, енді өртене бастапты. Алдымен мені жерден жұлып алған әлгі кісі отты өшіріп, бие сауып жүрген әке-шешемді дауыстап шақырады. Мамам бие сауғанда кейбір асау биелердің басын папам ұстап тұрады екен. Қолды-аяққа тұрмай шырқыраған нәрестенің оңбай күйіп қалғанын көріп:

- Шамды сөйтіп те балаға жақын қоя ма?-деп әкем шешемді шапалақпен бір тартып жіберіпті. Бұл әкемнің алғаш рет шешеме қол көтеруі екен. Екі қарым, екі аяғым, сондай-ақ денемнің біраз жері оңбай күйеді. Ал кейбір жерлерім жеңілдеу күйсе керек. Ол кезде дәрігерге апару қайда? Әйтеуір апамның емімен жазылыппын. Немен емдесе де жарықтық, өте жақсы емдеген. Қатты күйген жерлерімде күйіктің ізі білінер-білінбес, ал жеңіл күйген жерлерімде ізі де жоқ.

1953-жылдың ұмытпасам наурыз айында Кеңестер Одағының бірінші басшысы И.В.Сталин қайтыс бола-



ды. Орнына Н. С. Хрущев келеді. Жаңа басшының келуі өзге де жаңалықтармен қоса ауыл шаруашылығына да біраз жаңалықтар мен өзгерістер ала келеді. 1954-жылы тың игерілу науқаны басталады. Колхоз, совхоздарда шошқа, құс өсіру қолға алынып, фермалар құрылады. Содан әр ауылда шошқа фермасы пайда болады. Сонымен қатар сотталғандар мен жер аударылғандарға да біраз жеңілдіктер болып, сол жылдан бастап қуғын-сүргінде жүрген талай азаматтар бастарына бостандық алып, еліне қайтып, жанұясымен қауышады.

Сол жылы Сейдуалыұлы Мейірқұл өгіз арбамен Ақшолақтан керосин тасиды екен. Бір күні кезекті рет керосинін алып жатса жүк поезынан арқасына дорбасын аса салған, бір үлкен кісі түсіп келе жатыр дейді. Күнде көріп жүрген кісілерге ұқсамайтын бейсауат жүргіншіге таңырқап, тігіле қарайды. Жақындап келгенде барып әлгі кісіні шырамытады. Беймәлім жолаушы өз ағайыны Берік ата болып шығады. Екеуі жылап көрісіп, атаны Мейірқұл аға арбамен ауылға алып келеді. Жаңа басшының жасаған жеңілдігінің шапағаты тиіп, айдаудан осылайша босаған екен қайран ата.

Бұл кезде Беріктің алғашқы әйелі Күлімкүл әлдеқашан қайтыс боп, орнында қара шаңырақта жалғыз анасы ғана қалған. Хабар-ошарсыз кеткен жалғызын «ол тірі, кешігіп барып хабары шығады»-деген Қымқаптың жалғыз ауыз жылы сөзі көңіліне медеу боп, өлдіге қимай жүрді. Осылайша жақсы сөзді жанына серік қып жүргенде «өлді»-деп қара қағаз келген Сейсенбайдың аман-есен елге оралуы, одан Беріктің тірі екенін Сейсенбайдың көзімен көруі, бір жақсылықты сағынышпен сарғая күткен анаға мол

күш-қуат бергендей еді. Ауылдан соғысқа аттанған әрбір азаматтың қандай күйде болса да, қанша уақыт өтсе де, аман-есен елге қосылуы өз үй ішіне ғана емес, бүкіл ауыл халқына жүрекжарды зор қуаныш еді. Беріктің он бес жылға жуық уақыт өткенде елге келіп қосылуы да анасына ғана емес, бүкіл ауылға, ағайынға үлкен той, зор қуаныш болды. Біраз уақыт өткенде ел болып, бұл күнде біразға келіп қалған Берікке жап-жас, қос бұрымы көйлегінің етегімен бірдей боп балтырын соққан Қалдықұл атты ақсары, келбетті қызға үйлендіреді. Тұңғышы Ырыскүл, Өкен, т.б. бірнеше бала дүниеге келді. Жалғыз баласын аман-есен «бір көріп өлсем армансызбын»-деген ананың тілегі еселене орындалды. Алғашқы немерелерін көріп, төбесінен құс ұшырмай, арқалап жүргенін өзіміз де көзімізбен көрдік. Біздің үйдің артындағы сазда бірнеше үлкен кісілер немерелерін ертіп алып ойнатып жүрер еді. Жылдар бойы сағыныштан сарғайып, қуанышын, өмірінің жалғасын ұзақ күткен, белі бүкірейе бастаған, бетін әжім торлап, самайы аппақ қудай болған қара кемпір өткені мен бүгінін әңгімелеп отырғанда жиі-жиі:

- Шүкір! Шүкір, Алла, жеткізгеніңе!-дейтін. Осылайша өмірдің тұщысынан гөрі ащысын көп татқан ана жалғанның жарығымен «армансызбын»-деп қоштасты.

Мен күйіп қалғаннан соң-ақ көп кешікпей әкемді қызылша егісіне бригадир сайлайды. Ауылдың жылқы фермасының бар қиын істерін мүлтіксіз атқарған әкем, бұл жұмысты да абыроймен алып кетеді. Қандай адамның болсын досы да, дұшпаны да болатыны анық қой. Соғыс кезінде ауылда ер-азамат сиреп, жоқтың қасы болған. Үлкені бар, кішісі бар дені әйел азаматта-

рынан тұратын ауыл тұрғындары арасында бас көтерер ер азамат ретінде бедел жинап, белді кісіге айналған да бірер кісілер болған. Осындай кісілер соғыстың уағында жас бозбалаларды міндетті жұмысынан бөлек әрнәрсеге қолбаладай жұмсап үйренген. Алланың жазуымен алапат соғысқа бару бұйырмай аман қалған әкемнің соғыстан кейін, есейе келе ел алдында абыройлы жігітке айнала бастауы бірер кісіге іштей ұнамаса керек. Іштегі қыжылын ұзақ уақыт білдірмеймін дегенмен қулыққа салып, албырт жасты мақта-білтелеп жүріп, небір қиын іске жұмсап отырған. Оны алғашында арам ойдан аулақ әкем сезбесе керек. Бас білмес шу асауды ұстау, үйрету бірден-бір әкемнің міндеті. Сонымен қоса Арқаға тура жолмен бара жатқанда аттылы кісі мүлт кетсе, ат-матымен ағып кететін асау өзеннің өткелі болған. Содан ең мықты жылқыны таңдап мініп, жүрек жұтқан деген, қолы қатты, білегі мықты жігіт қана бастап, атпен жүзіп өтеді екен. Бірінші ат жүзе бастаған соң, қалғаны да суға батып-шығып шұрқырай кісінеп жүзіп өтетін көрінеді. Жылдар бойы әкем марқұм осындай бірнеше қауіпті істерді атқарған. Сол тұста папамнан өзге бұған қандай тәжірибелі дегенмен бірде бір кісі батылы жетіп бара алмапты.

Қанды қырғын Отан соғысының әсерінен талай шаңырақтың түтіні өшіп, кейбір үйлерде бір немесе бір-екі әйел қалған. Оның бірі соғысқа кеткен азаматтың анасы болса, бірі балалы боп үлгімеген әйелі. Не болмаса бір-екі қыз баламен қалған жесірлер. Сондай әрі қарай түтін түтетері қалмаған бірнеше жеңге, құрбы, келіндеріне «түтін түтетер» сыйлап үлгірген кісіге әкемнің қыз-келіншектер арасындағы беделінің де

белең алып бара жатқаны әлгінің көңіліндегі қыжылын үдете түссе керек. Ақыры іштегі қыжылын жасырын дұшпандық әрекеттермен жалғастырады. Бригадирлық жұмысын атқарып жүргеніне бір жыл толған соң-ақ аудан басшыларына арыз түседі. Онда бай бала-сы білімі жетпесе де, тәжірибесі болмаса да жауапты бір салаға басшылық етіп жүр,-деген. Ұзамай әкемді осы арызға байланысты орнынан алып тастайды. Өз ата-анаңның өмірінің өзіне аян, белгілі тұстары қалай жетерлік болса, беймәлім тұстары да өте көп болады екен. Бригадир болып жүрген кезде колхозшы қыз-келіншектер әкем мен шешеме арнап өлең шығарады. Сол өлеңді сабан тойда бірнеше қыз-келіншек қосылып айтады. Бұл өлеңді менің бір жарым, екі жасар кезімде ұзатылып кеткен, әкемнің құрдасы-Көпжасаров Шалабектің қарындасы, Зейнебіл деген кісінің өз аузынан 2004-жылдың көктемінде естідім. Органшы қызым Ғалия тұңғышы Дін-Мұхаммед-Әлиді көршілерден екі-үш үлкен кісілерді шақырып қырқынан шығарады. Жаңадан бөлек шыққан олар аэропорттан шағын үй сатып алған. Сонда әйелдердің ішіндегі жасы үлкені: -Қай ауылдың қызысың?-деп сұрайды.

- Суханбайдан. Еділбай деген кісінің немересімін-дейді Ғалия.

- Япырмай-ә, атаң мен апаң бар ма? Тірі ме?

- Жоқ. Екеуі де қайтыс болған.

Сонда әлгі кісі иегі дірілдеп, толқығаны сонша:

- Ойпырмай, солай де! Шіркін-ай, сондай кісілер де өмірден өтеді екен-ау! Кімдер кетпеді? Кімдерді жұтпады, бұл қара жер? Атаң мен апаң керемет кісілер еді ғой!-депті көзіне жас алып. Мұны естіген мен, көп

ұзамай қызымдыкіне барып, әлгі кісіні шақыртып алдым. Жақын-ақ ағайыным, туыс әпкеммен солай таныстым. Қыз мұнлық деген осы ғой!

– Құдай иманын берсін,-деп маған көңіл айтып болған соң, ол кісі өткен күндерді есіне түсіріп осы естелікті айтып берді. (Әңгіме қаз-қалпында) .

- Бұл дүниеде сирек жаратылатын жандар еді ғой! Екеуі қоңыр қаздай жарасымды жұп болатын. Мен ұзатылардан біраз бұрын әкең Еділбай қызылша егісіне бригадир еді. Кім шығарғаны есімде жоқ. Оқушы дәптерінің ортасынан жұлып алған қос парақтың екі жағын толтыра жазған өлеңді күн-түн демей жаттап, сабан тойда екеуіне арнап айтып едік. Арнау өлеңді бірге айтқандардың ішінде мен де бармын,-деп үш-төрт шумақ өлеңді әрең есіне түсірді. Төменде сол өлең жолдары.

Еділбай бригадир жақсы жігіт,

Келеді іс басына жорға мініп.

Жұптары Әсілханмен жарасымды

Жүреді құрбылармен ойнап-күліп.

Шіркін-ай, қандай кісі баққан екен,

Жұптасын Әсілхандай тапқан екен.

Қатар түзеп екеуі шыға келсе

Дос түгіл, дұшпан таңдай қаққан екен.

Бұдан кейінгі шумақты ұмытып айта алмады. Ойланып барып әлден уақытта, тағы бір жерінде былай деп едік деп, мына шумақты қосты.

Еділбай бозым жігіт, жұмсақ мінез

Ісінді әділетпен шешеді тез.

Жанына жақын барған әркімнің-ақ

Көңілі көтеріліп қалады тез,-деп өлең осылайша



жалғаса беретін. Сабан той қыза-қыза айтыс болып, ақырында Еділбай мен Әсілхан қосылып Бөділ айтысқа түсті. Той сонымен бітіп, аяқ жағында еңбекте алда болғандарға, өнер көрсетіп озып шыққандарға бәйге берді. Онда не? Тапшылық заман. Бәйгенің ең алды бір киімдік мата. Оған қандай мата табылады? Ілуде бір штапель, әйтпесе сәтен, шыт. Кейде тіпті бөз береді. Әйтеуір табылғаны да. Одан кейін орамал. Үш-төрт бөлек ұзынша, шақпақ қант. Бір келі болады-ау деймін. Қала берді бір-екі әшімке шай, айна, тарақ. Ол уақытта сол ғой. Соған қатты қуанып мәз боламыз,-дейді енді ғана танысқан әпкем.

Бұл уақытта үлкен әпкем Бегай мектеп қабырғасын аттап оқушы боп, екінші әпкем Нәзігүл мектепке баруға асығып жүреді екен. Тілі шығар шықпастан тақпақтай сөйлеген ол, кейде үлкен кісілерді сөзден ұтылдырып қояды екен. Бұған қарап үлкен кісілер қайран қалады. Біреулер:

- Тіпә-тіпә! Тіл-көз тимесін. Аман-есен өссе мына қыздарың ақын болар десе, біреулер ел сұрайтын ірі басшы болар,-депті. Сөйтіп жүргенде менің жасқа толғаныма көп болмай-ақ 1955 тің басы болуы керек, аяқ астынан Нәзігүл ауырады. Алғаш суық тиді,-десе, одан кейін көз тиді,-дейді. Бірден қатты құлаған ол, аптаға жетпей қайтыс болады. Бұл жөнінде жиен ағам Ермек:

- Сонда неге дәрігерге апармайды? Мен соған таң қалам. Ерекше қыз еді! Сендердей емес. Бейшара-ай, ыңырсып жатып өлді-ау!-деп әлі күнге өкінеді. Бәрі ескіліктің, қазақшылықтың кесірі. Дер кезінде дәрігерге апарса ғой қазір тірі болар ма еді?-деп басын шайқайды.



Ежелден тәтті-дәмдісін бір өзі жемейтін халқымыз қай заманда, қандай жағдайда да қонақ шақырмай отырмаған ғой. Осындай жақсы үрдістің жалғасы соғыс жылдарында да, одан кейінгі ашты-тоқты жылдарда да жалғасын тапқан. Қыстың бір суық түнінде осындай қонақтан Назтай апам екеуі келе жатып Дербіш жездем жазда қазылған әуітке абайсызда тайып құлап кетеді. Сол кезде екі-үш қабырғасы сынып, сынған қабырғаның ұшы бауырына кіріп кетіпті. Сынған қабырғасы мен шыққан қолын сынықшылар орнына салғанымен, қабырғаның сынығы кірген бауыры жазылмай, ауруы меңдеп ақыры сол 1955-жылдың 1-мамыры күні қаза болады. Екі бірдей аяулысынан айырған сол жылғы ауыртпалық біздің жанұямызға едәуір ауыр тиген. Ұзамай жұмысынан байдың ұлы болғаны себепті алынып тасталған әкем, ұзамай-ақ Шымкенттегі құрылысшылар т. б. да мамандар даярлайтын техникумға Сәмбет Құттықожаев Сары деген кісі екеуі оқуға түседі. Бұл жөнінде Россияның бір алыс жерінде әскер қатарында міндетін атқарып жүрген досы Арынов Асқарға хат арқылы хабарлайды.

Екі елді бірдей төркін қылған апам 1956-жылы жазда Шымырға төркіндеп барады. Әке-шешем тағы да малда Арқада болады. Апам төркініне кіндік баласы Ермек пен тұңғыш немересі, әрі сүт кенжесі Бегайды ертіп барыпты. Қанша жоқ-жітіктеу заман дегенмен төкіндері аса зор құрметпен қарсы алып, бір жеті қонақ қып күтеді. Елге қайтарда жеті тай және бір есек арба тола уақ жан алып қайтыпты. Келген соң апам бір тайды таңдап кіндік баласына береді. Ұзамай Ермек ағамыз үйленбек болып Алтынай деген қызды алып қашады. Алып қашқан

қызы көнбей қиғылық салыпты. Қыз әлі он жеті жаста. Кеңес үкіметінің заңы бойынша кәмелетке толмаған. Қыз артынан қуған қуғыншылар жасы жетпеген қызды еріксіз алып қашты-деп заң орындарына арыз түсіреді. Ағамызды соттамақ болады. Адвокат жалдап, бірталай әуре-сарсаңға түсіп жүрген ағамыздың шығынына әлгі тайдың пұлы жетпей қалса керек. Мұны естіп апам төркінінен әкелген қойдың ішінен жақсы біреуін ұстап жиен ағамның шығынын толтыруға қосады. Сонымен бір тай, бір қоймен сотталып кетуден аман қалдым,- дейді Ермек ағам. Ақыры 1958-жылы 27-қаңтарда Әсия жеңгемізге үйленеді. Сол Алтынай Ермектен қанша қашса да құтылмай, ондаған жылдар өткенде баласы Жарастың енесінің туған жеңгесі болып шығады. Яғни, ақыры құдағи болады. Тағдыр деген осы.

Сол 1956-жылдың аяқ шенінде Қасым ағам шешесі Ұлдықыздың қалауымен досы Қыпшақ Қонысбайдың қарындасы Сейдікүлге үйленеді. Сол кездегі сәби, менің есімде қалғаны.

Бір күні үлкен әпкем Бегай мені арқалап алып келесі көшеге тұра жүгірді. Кіре берістен кейін бір бөлмеге кірдік. Бөлме ұзын перде арқылы екіге бөлінген. Перденің төр жағында жүк пе, әлдене жинаулы тұр. Сол жиналған нәрсенің алдында үстін ұзын шілтер шәлімен жапқан адам сұлбасы. Күлгіндеугүлді көйлегі де ұзындау сияқты. Бірақ аяғындағы әміркен мәсісі көрініп тұр. Айналасында төрт-бес үлкендеу ұл-қыздар бар. Мені перде ішіне кіргізген бойда әпкем бірнәрселерді айта бастағаны сол еді, әлгі бөлменің есігі айқара ашылды да келген кісілер қолындағы табакқа салынған нәрсені әлгі сұлбаға қарай шашып жіберді. Сұлба әнтек еңкейіп

қалғанда, манадан басы жоқ адам бейнесіне үрке қарап тұрған мен бақырып жылап қоя бердім. Барлығы жерге шашылған нәрселерді теріп жатыр. Бір-екі нәрсені ғана еңкейіп алған әпкем әрі-бері мені жұбатпақ болды. Мен қояр емеспін. Ол дереу мені қолтығымнан көтеріп алды да, кіре берістің ар жағындағы келесі бөлменің табалдырығынан аттай беріп, мені сонда қоя салды. Үй тола жас адамдар. Нақ төрде қайратты шашын кері тараған, елден ерекшелеу көрінетін жас жігіт домбыра тартып отыр. Одан бір-екі адамнан кейін отырған ерекше сәнмен киініп, қос бұрымын алдына салып қойған бойжеткен қыз домбыраға қосылып ән айтып отыр. Бұл көрініске таң-тамаша қалған мен, жылағанымды қоя салып әнді тыңдадым. Бойжеткеннің салып отырған әні «Қой өсірген келіншек». Әнді кейін де талай радиодан, клубтағы концерттерден сан рет естіген мен жазбай танытын болдым.

Бұл Қасым ағам мен Сейдікүл жеңгемнің үйлену тойы болып шықты. Әлгі қозғалған кезінде мен қорқып кеткен басы жоқ сұлба, қыжым орамалмен бүркеп, жауып қойған жеңгем екен. Келесі бөлменің төрінде домбыра тартып отырған ерекше сәнді жігіт Сүйінбаев Тыныстан ағайым да, әдемі әнші қыз менің алғашқы ұстазым Жақашева Әзия. «Қой өсірген келіншек» әнін үзілдіріп нәшіне келтіре орындап отырған сол кісі болып шықты. Ал қолындағы табақтағы затты сау еткізіп шаша салған аулымыздағы үлкен «Сельмагтың» алғашқы сатушысы Дәулетбай кісі әйелі Гүлшат екеуі екен. Сол уақыт менің үшке толар-толмас кезім.

Көктемге қарай мен қатты ауырыппын. Ойпырмай тура Нәзігүл құсап ауырды ғой-деп ойлапты әкем.



Аурудың бет алысы жаман болғандықтан екінші күні-ақ ертеңмен мені аудандық ауруханаға жеткізеді. Бұл кезде оқуды жаңа бітіріп келген жас дәрігер-инфекционист Аят Тінәлиев мені қабылдап алады. Тексеріп көрген жас маман «ауру белгілері минингитке ұқсайды»-деп бұл күндері аудандық бас дәрігер болған Құлынбаевқа көрсетеді. Ол кісі жас маманның қойған диагнозын мақұлдап бірден облыстық аурухананың балалар бөліміне жеткізуге бұйрық береді. Дәрігерлік жедел жәрдеммен облыстық ауруханаға жеткізгенде менің халім өте ауыр болыпты. Ең білгір деген дәрігерге табыстап, ауданнан келген ақ халаттылар да, ата-анам да кері қайтады. Ол кезде ата-аналарды ауру балалармен бірге ауруханаға алмайтын болған. Дәрігерлер барлық мүмкіндікті қолданады. Бірақ тіршіліктің болар-болмас қана белгісі бар мен не әрі емес, не бері емес жата беріппін. Бүбішай апам қаладағы туысының үйінде менің не де болса бір жайлы болғанымды күтіп жатады. Ауруханаға баяғы Нақсұлу абысыны екеуі күнде келеді екен. Келген сайын ені мен ұзындығы бір құлаш жап-жаңа ақ күндігін, өлсе орап әкетеміз,-деп ала келетін көрінеді. Аурухананың тәртібі белгілі. Ішке жан адамды кіргізбейді. Ал ауыр халдегіге болса-болмаса жолатпайды. Адуын екі абысын орыс апалардың әй-шәйіне қарамай кейде ұрысып-керісіп, кейде ептеп ебін тауып кіріп кетеді екен. Сонда Нақсұлу әже мұрныма құстың қауырсынын тосатын көрінеді. Білінер-білінбес, әлсіз алған демнен әлгі қауырсын болар-болмас қозғалады екен. Мұны кейін бастауыш сыныпта оқып жүргенде ауылға қыдырып келіп, біздікіне қонып жатқанда Нақсұлу әженің өзі айтатын. Уақыт өтіп жатады.



Ара-арасында ауруханаға келіп жағдайымды біліп кетіп жүрген әкем еш ілгерілеусіз жатқан маған қатты алаңдайды. Ақыры тек өзі ғана мінетін асау Керайғыр деген айғыры бар екен. Соны сол кезден Толчок-деп аталатын мал базарына апарып сатады. Бар пұлын қалтасына салып алады да, Облыстық аурухананың балалар емдейтін бөлімінің бас дәрігеріне келіп жолығады. Бас дәрігер сол кезде егделеу жасқа келіп қалған орыс әйелі екен. Келіп жолыққан әкеме ол кісі: -Бар мүмкіндікті жасап жатырмыз. Бірақ айға жуық уақыт өтсе де оң өзгеріс болмай тұр,-дейді. Көз алдында құлдыраңдап шауып жүрген, қылығымен де, сөзімен де бүкіл ағайынды тәнті еткен, тәп-тәтті бір перзентін қара жердің қойнына өз қолымен апарып салғаны жанына қатты батып, бұл күнде жүрегі жаралы жанға айналған қайран әкем, қарсы алдында отырған бас дәрігердің алдына бір айғырдың пұлын бумасымен түгел тастайды.

– Құрметті дәрігер! Қайтсеңіз де, не жағдаймен емдесеңіз де, менің перзентімді ажалдан құтқарыңызшы! Өтінемін, жалынамын! Құдайдан кейінгі сенгенім сізсіз!-дейді. Ананша ақшаны көріп, шошып кеткен бас дәрігер:

- Не істеп тұрсыз? Алыңыз мынауыңызды! Мен сізден ақша сұрадым ба?-дейді дәрігер, ашулана кейіп. Азар да безер боп, шоқ басқандай, ақшаны әкеме қарай ысырып тастайды. Сонда әкем:

- Жо, жоқ. Сіз ештеңе сұраған жоқсыз. Өзіңізге алмасаңыз, аурухананың мұқтажына жұмсаңыз. Таптыра бермейтін мұқтаж дәрілерді алдыртыңыз. Бұл менің сізге берген парам емес, ауруханаға көрсеткен көмегім



деп түсініңіз. Онсыз да бір перзентімнен айрылдым. Тек менің кішкентай сәбиім, құртақандай қызым аман қалсыншы. Мен сізден өтінемін! Сұранамын! Жалынамын!-деп ақшаны дәрігерге қарай ысырған әкем орындықтан түсіп, дәрігердің алдына тізерлеп отыра кетіп, жылап жіберіпті. Бұл жағдайды есіне алған әкем кейін:

- Жан адамның алдында басымды имеген басым, дәрігердің алдына қалай құлап түскенімді білмедім,- дейтін.

Әкемнің жан күйзелісін барынша түсінген дәрігер:

- Әлде болса қолымыздан бар келгенін істеп көреміз. Күдеріңізді үзбеңіз,-деп жылы сөзін айтып, көңіліне үміт отын жағып, жұбатып шығарып салады. Сол күннен бастап бір апта бойы бас дәрігердің өзі күндіз-түні мені күзетіп, тағайындалған ем-домның қалай жүргізіліп жатқанын өз көзімен көріп, бақылайды. Екі-үш күн өткен соң-ақ еш мүлтіксіз орындалып жатқан емнің неге оң өзгеріс әкелмеуі бас дәрігерді қатты ойға қалдырады. Күндіз-түн ойланған ол:

- Ем шараның орындалуында еш қателік жоқ. Бұл қыздың ауруханаға түскеніне неше күн болды,-деп сұрайды өзіне дейін емдеген дәрігерден.

- Бір ай болды,-дейді ол.

– Содан бері бір нәрсе ішіп-жеді ме?

– Көзін аша алмай жатыр, қайтып ішеді? Аузына құйған тамақты жұтпайды, босқа ағып кетеді,-дейді ол. –Oh!-деп басын шайқаған бас дәрігер, -Дереу жұмыртқаны өте қатты ғып суға пісіріңдер де сарысын глюкозаға лабораториялық жолмен ерітіңдер. Соны асқазанға арнайы аспаппен жайлап жібересіңдер-деп



бастапқы мөлшерінің қанша екенін, бір күнде бұл шараны неше рет жасауға болатынын және уақыттың ара қашықтығын түгел айтып, тағайындайды. Осы шараны дәлме-дәл орындаған соң сәл-пәл оң өзгерістер байқала бастайды. Ем-доммен қоса әлгі шараны үш күн қолданғанда бір айдан аса бастағанда, бірінші рет көзімді ашыппын. Сол күні бір апта күндіз-түні демалмай қасымда боп, өзі күзеткен бас дәрігер, бұрынғы емдеген дәрігерге тапсырып, үйіне дем алуға кетіпті. Содан былай қарай тамақты маған бекітілген (нянька) күтуші апайым аз-аздан қасықпен беретін болыпты. Бұл уақыт аралығында Дербіш жездемнің ас-суын берген соң көп кешікпей ежелгі салт бойынша ағайын-туыс жиналып жесіріне кім иелік ететіні сөз болады. Сөздің аяғы апамызды бір кісіге ұйғара бастағанда, әйелі келіспей ұрыс-керіс шығарады. Бұл кезде әйел бостандығы құлақтарына сіңіп, бір ер кісі бір әйелмен ғана некелі болуға құқы бар- деген заңға сүйеніп қалған әйел затына «ежелгі заңға келіспеді»-деп сөуге де болмас. Сөздің аяғы дау-дамайға айналып кеткен соң, өзге бір туысына ұйғармақ болады. Оның да әйелі келіспейді. Ал апам, ешкімге қосып әуре болмаңдар. Жанұясымен тыныштықта өмір сүрсін. Мен ешкімнің отбасына сына боп кірмей-ақ қояйын-дейді. Сонымен қайын-қайнағасына некелеп қоспаса да, әлгі кісілерге отын-суына жәрдем беріп, қамқорлық жасап тұруларына уәде алып тарасады. Бұл 1956-жылдың екінші жартысында болса керек. Қысқа қарай апамның үйіне аздап отын, шөп түсіріп берген әлгі туыстарының үйінде шу шығады. Бұл шудың дабысы Фрунзе колхозындағы Бүбішай апам да жетеді. Ескі ұғымдағы үлкен кісі бұған

қатты ашуланады. Әлі күш-қуаты мол ол кісі колхоздың жалғыз-жарым көлігінің бірін бастықтан сұрап алып, Молотов қайдасың,-деп екі білекті сыбанып, жолға шығады. Бұл ауылға келе, үлкен-кіші ағайынды жинап алған Бүбішай апам:

- Ел емеспісіңдер! Белгілеп біреуің еге бола алмасандар, көрінгенге көз түрткі қып талауға тастар қызым жоқ! Сендер еге бола алмасандар, өзім-ақ еге болам! Менің көп балам жоқ. Айналырған бір ұл, бір қыз. Қайта екі балам бір ауылда отырып күн көреді,-деп көшіріп алып кетеді. Бұл 1957-жылдың бас жағы болса керек. Артынша ауыр халде ауруханаға түскен менің есімді жиып, көзімді ашқан кезден есімде еміс-еміс қалған көрініс былай еді.

Күн сәулесі терезеден жарқырай молынан түсіп тұрды. Ақ халатты, денелілеу келген үлкен жастағы әйел, мені қолтығымнан көтеріп терезеге қаратты. Денем созылып тұрғандай, ауыр сезінген мен, басымды тіке ұстай алмай, бір жағыма қисайып, әлгі кісінің иығына сүйеніп қалдым. Сырттан ішке қараған, басында ақшыл орамалы бар жас әйел жылап тұрды. Жанында тағы да бір жас әйел бар. Ал қызылала орамал тартқан ересек қыз бала мәз бола күліп, маған қарап секіріп-секіріп қояды. Терезеге қаратып мені көтеріп тұрған апай сәлден кейін-ақ мені төсегіме қайта жатқызды. Бейжай қараған маған көзінің жасын сүртіп, қуаныштан жылап тұрған анам Әсілхан да, терезеге бойы еркін жетпей секіре қарап, мәз бола күліп тұрған бұл кезде біздің үйге келіп қосылған Шажат әпкем құсайды. Ал екінші жас әйел жақындарымыздың бірі шығар. Кейін жаз шыға күтуші апайларымыз аурухананың

алдына шығарып әр түрлі ойындар ойнатып, тақпақ үйрететін, би қыймылдарын жасайтынбыз. Кейде тәрбиешілер (күтуші әйелдер, нянькалар) бір мезгіл өз еркімізбен ойнаған ойынымызға қарап, бақылап отыратын. Тура бала бақшадағы тәрбиешілер сияқты еді. Балалар ауруханасы, қазіргі Пушкин көшесіндегі облыстық балалар ауруханасының 2012-жылға дейінгі нефрология бөлімі орналасқан нысан мен «Мейірім» денсаулық орталығының бастапқы корпусында болатын. Өте нашар жағдайда болған кезімде «нефрология» корпусының 1-қабатында бұрыштан кейінгі үшінші терезеде жаттым. Кейін тәуір болған кезде «Мейірімнің» бастапқы корпусында болдым. Ол кезде аурухана биік тақтай шарбақпен қоршалған. Қақпасы да тақтай. Қақпаның кіре берісінің сыртында да, ішінде де ауырған балалардың артынан келген кісілер отырып тыныстауға арналған скамейкалар бар еді. Нысанның артқы жағында аз ғана жоңышқа егілген. «Мейірім» корпусының алдында дөңгелете егілген гүлзар бар-ды.

Бірде артымнан әкем келді. Ұзын бойлы сылыңғыр келген жас ер кісінің үстінде ақ (лён) костюм-шалбары бар еді. Папаң келді-деп ертіп шыққан тәрбиеші, мені әлгі ер кісінің қасында қалдырып кетті. Біз жаздың ыстығында көлеңке сыртқы бетке түсіп тұрғаны себепті болса керек, тақтай қоршаудың сыртындағы скамейкада отырдық. Содан кейін қыста жап-жас, әдемі келіншек титтей ораулы бөпесімен келді. Ол шарбақтың ішіндегі скамейкада отырды.

– Міне, әлдиңе қарашы!-деп әлгі кісі ораулы нәрестені қолыма ұстата беріп еді, ақ халатты апай рұқсат етпей, бөпесін өзіне қайтып берді. Бұл кел-



ген Сейдікүл жеңешем екен. Ал бөпесі тұңғышы Тұрсынқұл сіңлім, бір айлық кезі. Яғни 1957-жылғы желтоқсанның аяғы. Жаңа (1958ж) жылдың алды. Тілім енді шыға бастағанда ауруханаға түскен мен күнделікті естіп жүрген орыс тіліне тез үйреніп, содан бастап ата-анамды мама, папа деп атап кеттім. Бұл жөнінде туыс жеңгелерім Рәшкүл, Күлтән, Әсия, Құпия, Орынкүлдер бірде бастары қосылғанда әңгіме ғып: - Кішкенеқыз кішкентай кезінен жәкем мен жеңешемді мама, папа-дейтін. Титтейінен бұл сөзіне құлағымыз үйренген. Ал кейбіреу жүріп-жүріп, түстен кейін мама, папа-деп шыға келгенде құлаққа жағымсыз, ерсі естіледі екен дейтін.

Көктем шығып, күн едәуір жылығанда мен ауруханадан біржолата жазылып шықтым. Ол күннің де бірер көріністері бүгінгідей есімде. Әке-шешем қырық бес сомға, жатқызсаң болды іңгөлап жылай жөнелетін, Надя деп аталатын қуыршақ сатып алыпты. Ол кезде қуыршақ ойыншықтың тикеткасында аты жазылып тұратын. Қарагер жорғасымен келген әкемнің мен алдында отырдым. Артына мамам миңгесті. Түймекенттен шыққан соң Қарасудың суынан атпен жүзіп өттік. Әкем атын желдірте жорғалатып жүріп отырып, сол кездегі украин көшесінің батыс жақ бетінен фин әдісімен соғылып жатқан үйлердің тұсынан өтіп, орталық көшеге, яғни өзіміз тұратын көшеге кірдік. Судан өтерде папамның мамама «мықтап ұста», дегені де есімде. Батыс жақ қып-қызыл боп, күн батып бара жатқанда судан өткен біз әлгі «финский» үйлердің тұсынан өткенде үйдің сыртын сылап жатқан екі кісі жұмысын аяқтап, биіктен төмен түсіп жатты. Ал үйге



келгенімізде бар ағайын-туыс біздікінде екен. Той өткізіп жатқандай көріністер. Ет асылып, самаурынға шай қойып, елдің бәрі мәре-сәре боп жатты. Бір топ үлкен қыздар мені қоршап алып, ауруханада үйренген тапқатарымды айтқызып, үйренген биімді билетті. Олар туыстарымыздың ұл-қыздары- Ажар, Дүрия, Шажат, Әуес, Тынышкүл Сейдуалиевалар және олардан кіші ұл-қыздар Бегай, Ізтілеу, Алтынбектер екен. Бұл 1958-жылдың көктемі. Сол жылы жазда әкем техникумды ойдағыдай аяқтап шығады. Ал Қасым ағам ҚазПиге сырттай оқуға түседі. Бұдан кейін, бірнеше жыл бұрын Кавказға барып емделіп, қаралғаны бар, Алматыға оқуға түскені бар, ауыл қала берді аудан басшылары тәтемді жол білетін, жөн білетін, көзі ашық кісі ретінде Украинадан тұрмысы төмен, жағдайы жоқ халықты Қазақ жеріне көшіру жұмысын ұйымдастырушылардың бірі ғып жібереді.

Оқуды бітірушілердің мұғалімдерімен түскен суреті (выпускной) біздің оқушы кезімізде ескі жанұялық альбомда бар еді. Онда небәрі бес-алты мұғалім, он екі-он үштей ғана білімгерлердің суреті бар-ды. Суреттің қалған өн бойы сол кездегі Шым қаланың көрнекті жерлерінің бейнесі. Әкемнің нақ сол суретінен ауылға келген суретшіге, апамның берген тапсырысы бойынша үлкейтілген портреті бар еді. Ол портретте сол суреттегі костюммен галстук таққан әке бейнесі әлі күнге көз алдымда. Сонымен қатар Орыстың бір атақты суретшісінің салған «Три богатыря» деген картинасына еліктеп тура сол суреттегідей үш жігіттің ат үстінде түскен суреті де бар еді. Нақ ортада әкем. Аспанға шапшыған ат үстінде қамшысын екі бүктеп жоғары көтеріп тұрғанды. Вы-

пускной сурет менің студент кезіме жетер-жетпес жоқ болды. «Три богатыря» да. Ал портретін, қалаға көшкен соң үй-жайды жаңартқандар, жаңартуды сол портреттерден бастапты. Портреттер-деп көпше түрде айтып отырған себебім, Бегайдың он сегіз жастағы, сонымен қоса апамның үлкейтілген суреті. Үшеуі де адамның жас, ең бір аяулы кезеңдерінің ескерткіші еді. Осы суреттердің жойылып кеткенін білгенде ата-анам жаңа өлгендей болдым. Амал қанша!

Оқушы кезімізде біз қыздары, әкеміздің әрбір жазған лекциясына қарап соншалықты ұқыптылығына таң қалушы едік. Бірыңғай ашық көк сиямен жазылған оның әрбір лекциясының ілуде бір жері болмаса түзетулері жоқтың қасы еді. Әрбір лекцияда күні, айы, жылымен қатар ол әркез Лекция №1, Лекция №2, Лекция №3 деп белгілеп отырған. Оның бұл былғары тысты дәптерлері біз мектеп бітіргенше сандық түбінде сақтаулы тұратын. Ал дипломын көрген емеспін. Сондықтан осы кісі біледі-ау, деп сұраған кісілерден көңіл толар жауап таба алмадым. Бар білгенім сол жылдарда Шымкентте жарымы индустриальный жарымы агро техникалық техникумның болғандығы. Папам соның строительный факультетіне түссе керек. Деректі айтқан кісі кейін бұл техникум Қапланбекке көшіп кетті-деді. Ал папам кейін сол техникумның орнында қазіргі Технологический институт болды-дейтін. Шымкентке барып ізденіп анығын білуге денсаулық мұрша бермеді.

Ол кезде арнайы оқу орнын бітірген маман жоқтың қасы. Сала басшылары тұрмақ, колхоз басшыларының да білімдері төмен болған. Тек ұйымдастырушылық қаблетіне қараған сияқты. Үш-төрт сыныптық

біліммен талай кісілер сан-салада басшылық жұмыс атқарып жүргенде әкем арнайы мамандық алғанымен бұрынғыша көбіне мал шаруашылығында әр түрлі жұмыстар атқарып жүре береді. Мамандық иесі ретінде сол кездегі басшылар көзге де ілмеген көрінеді. Күзге салым Тегістік жақта көкпар беріліп, әкем сол көкпарға қатысады. Ат құлағында ойнайтын, талай шу асауды үйретіп, сол асау текті түліктермен талай қауіпті жолдан, судан аман-есен өткен бар жылдамдығымен шауып келе жатқан ат үстінде жерден теңге де алған әкем, сол көкпарда оқыстан аттан құлайды.

Ол күнгі оқиғадан көз алдымда қалғаны түс қайтып, күн кешкіре бастағанда сұлап түскен әкемді үш-төрт ер азамат екі қолы мен кеудесінен, екі аяғы мен бөксе тұсынан көтеріп сыртқы есіктен үйге кіргізе бергенде он саусағымды тарбита екі қолымды көтеріп:

- Па-па, Па-па!-деп әкеме тұра ұмтылдым. Бір жас ер азамат мені қолтығымнан лып еткізіп көтеріп алды да кеудесіне басып жұбата бастады. Есік алдында екі топ боп жиналған ер-әйел, кәрі-жас көпке дейін тарамдады. Күлгін түсті киім киген бір жас әйелдің орамалының ұшымен әнтек аузын басып, абдырап тұрғаны да көз алдымда. Сол бір қарғыс атқан күн есіме түссе осы көрініс картинадай көз алдыма тұра қалады. Осы оқиғадан үлкендерден естігенім, ақсақалдар әкемді «аттан құлап өлді»-деп естіртуге келеді. Сонда апам:

- Жоқ! Ол өлген жоқ! Баламды көрмей өлгеніне сенбеймін. Менің жүрегім сезіп тұр. Әшейін талып қалған,-деп өзі де жыламайды, елді де жылатпай қояды. Әкемді бірнеше азамат көтеріп әкеліп, түпкір тамға салған төсекке басын тауға қаратып жатқызады. Сонда

әкемнің өлгені анық екеніне көз жеткізбек болып, сөз бастай берген екі-үш ақсақал-қарасақалды апам:

- Кә! Болды! Жетер енді! Ол өлген жоқ!-деп бет қаратпай қояды. Бұған тек тыныштық керек. Есік алдына иіріліп жамандық шақырмай үйлеріңе тарандар!-деп елді таратып жібереді. Тарап бара жатқан елдің арасындағы кейбіреулері, Бүбішай жалғыз баласы өлген соң жынданып кетті,-дейді. Кейбіреулер обал ғой, екі-үш күн өткен соң мәйіт сасып кетпей ме?-дейді. Ал елді таратып жіберген апам, тіршілік белгісі жоқ баласының аяқ жағында мойнына бұршақ салып(яғни ақ орамал мен сыртынан тәсбі салып) күндіз-түні Алладан тілек тілей отырып, жансыз сұп-суық аяғының басын уқалай, сипай беріпті. Білген дұғаларын оқиды. Анама сұлық жатқан баласының маңдайына орамалды суық суға малып күндіз-түні баса беруге бұйырады. Ауық-ауық темір қасықпен қарысқан жағын сәл ашып, аузына таза суық су тамызады. Су ішке кетпей езуінен сыртқа ағып кете береді. Осылайша тіршілік белгісі жоқ тәнді күзеткен енелі-келінді екі әйел, екі тәулікті артқа тастап, үшінші тәулікке қараған түн ортасында әкемнің бір аяғындағы тамыры бүлк еткендей болады да, сәлден кейін сірескен денесіне жан біткендей, жылыи бастағандай әлдебір өзгеріс енеді. Бұл белгіге жүрегі жарыла қуанған енелі-келінді екеу бір-бірінен сыбырлай сүйінші сұрап отырып, сенер-сенбестерін білмей орын алмастыра бір-бірінің сезген тіршілік белгілерін тексере бастайды. Күйеуінің аузына кезекті рет су тамызған апам, судың сыртқа теппей ішке кеткеніне көз жеткізгенде, қуанғаннан жүзін жас жуып:

- Апа, апа! Еділбай тірі! Апатай, Еділбай тірі!-

дей беріпті. Келінінің жанына уқалай сипап отырған баласының аяғын тастай беріп жылжып жеткен апам сұлық жатқан әкемнің аузына бір қасық суды жайымен өз қолымен құяды. Судың сыртқа теппей ішке еш кедергісіз кеткенін көріп қатты қуанған апам:

- Әсілхан, енді сен бір қасық құйшы?!-дейді көз жеткізейін деген болуы керек. Мамам қолы қалтырай отырып екінші қасық суды үзіп-үзіп құйғанда ол да әкемнің ішіне шашаусыз сіңіп жүре береді.

– Болды. Болды. Осымен доғара тұрайық. Суды біраз уақыт өткізіп ауық-ауық құямыз. Осы ісімізді жалғастыра берейік-дейді апам. Үшінші тәулікте денесі толық жылып, әкемнің аузына құйған суды жұтқаны анық бола бастайды. Осылайша және екі тәулікті артқа тастаған әкем, аттан құлағанына бес тәулік толған түні есін толық жинап:

- Апа, су? Су? Сусын берші?!-деп орнынан атып тұрып, мамам әкелген бір кесе сусынды қалтырай түрегеп тұрып сіміріп салады да, жан жағынан қаумалай қоршай бастаған жанашыр туыстарын екі қолымен ысыра жол ашып, басқа сөзге келместен далаға шыға жөнеледі. Апамның:

- Тоқта, балам! Тоқтасаңшы! Қайда барасың?- дегеніне қарамай асығыс бірнәрсесін жоғалтқандай тұра жөнелген ол ауыл іргесіндегі жотада жатқан қалың бейіттің ішін үнсіз аралай бастайды. Артынан әкемнің пиджагы мен шалбарын көтеріп ілесе жөнелген мамам қалмай ілесе беріпті. Әлдебір бейіттің жанында біраз кідіріп, аспанға тігіле қарап тұрған әкемнің қасына апам да жығыла-сүріне жүріп жетеді.

Түн жылы. Аспан ашық. Ай сүттей жарық екен. Төбе



басында аппақ ішкі көйлек, дамбалмен тұрған әкемді көрген әлдебір іспен айналысып, ұйықтамай сыртта жүрген бір кісі, оны әруақ-деп ойлап қорқып кетсе керек. Тірі адамдардың сөйлеген сөздерін естіп есін жиған әлгі кісі бейіт басындағы үшеудің қасына келеді. Жандарына келген ер кісінің көмегі ме, әлде әкем өз-өзіне келді ме, айтқан уәжге көніп жанындағы кісілерге ілесіп үйге қайтады. Осыдан былай, «қыз мінезді», «бозым жігіт» атанған әкемнің мінез құлқында ауық-ауық күтпеген өзгерістер, оқыс қылықтар пайда болған. Апам мен мамамның дәрігерге қарал, дегеніне:

-Еш жерім ауырмайды, сап-саумын. Не деп дәрігерге қараламын,-деп көнбепті.

Төрт жарым жасар менен гөрі естиярлау, алты жарым жастағы Шолпанның есінде қалған естелігі.

Тәтем жас кезінде аса сылқым жігіт еді ғой. Дәл сол күні аппақ ақ кителін киді. Басында өзіне жарасып тұратын кепкасы бар еді ғой, соны бір шекесіне қондырып баса киді де, атына мінді. Қолында әдемі қамшы. Астындағы жирен ат басын доғаша иіп, аяғын билей басатын. Шарбақтан шыға бере әлгі ат аспанға бір-екі рет шапшып алды да сәндене басып, жорғалап тұра жөнелді. Тәтемнің қасында бір кісі болды. Бірақ кім екені есімде жоқ. Содан бірталай уақыт өткенде үйге көп кісі жиналып, шулап кетті. Сұмдық болды. Мен қатты қорқып кеттім. Бір уақытта әлгі шу сап тиялды.

Осыдан бастап әкемнің өмірінің екінші бір кезеңі басталады. Бұл оқиғаны біз кездейсоқ оқистан болған-деп түсінгенбіз. Тіпті ешкімнің өзгелей күдігі болмаған сияқты еді... Сол жылы Шолпан бірінші сыныпқа бара-



ды. Өйткені, Нәзігүлдің қайтыс болып кеткені естерінде қалмаған ба, мұғалімдер Шолпанды сол жылғы мектепке баратындардың тізіміне жазып кетеді. Шолпанның әңгімесінің жалғасы қаз-қалпында:

Оның үстіне бірге ойнайтын жалғыз Бағдаш еді, ол да мектепке барған соң өзімді жалғыз қалғандай сезіндім, әрі сол кезде противогаз киіп жүретін адам пайда болған. Ол күніне ме, аптасына ма, бір-екі рет көшеден өтетін. Содан өлердей қорқатынмын,- дейді тетелес бауырым. Мектеп директоры Омаров,-деген кісі еді. Бір тоқсан мені қабылдамаймын, сенің әлі жасың жеткен жоқ, ендігі жылы келесің,- деп күнде үйге қуатын. Мен үндемей ол кісі кеткенше сыныптан шыға тұрамын да, ол кісі кеткен соң сыныпқа қайта кіремін. Мұғалімім Жұматаева Күлмаш әкпей:

- Үйіңе бармадың ба?-дейді. Мен үндемей төмен қарап тұрамын. Сосын ол кісі:

-Орныңа отыра ғой-деп отыруға рұқсат береді. Бегайдың досы, Оралбайдың қызы Жақсыгүлдің берген дәптері мен қарындашымен бір тоқсан оқуға барып жүрдім. Жақсыгүл ақылды әрі сол кездің модницасы еді ғой. Бегай:

- Ағай ұрсады, қал!-деп ұрысса,

-Ештеңе етпейді ей, бара берсін,-дейтін. Ақыры бір тоқсан өткен соң, Омаров мені өзі тексерді. Оқуға жасы жетіп барғандар дұрыс оқып, дұрыс жаза алмай жатқанда, мен олардан әлде қайда ілгері болдым да, ол кісі тәтемді шақырып алып: -Едеке мына қызың жасы жетпесе де жақсы оқиды екен. Бұған кітап, дәптер, басқа да құрал-жабдықтарын әперіңіз,-деді. Содан нағыз оқушы болып шыға келдім.



Алпысыншы жылдардың бірінші жартысы. Қызылшаның жекелеу жұмысы мен арам шөптен арылту (яғни шабық) арасында қызылшашыларға біраз күнге демалыс берген болуы керек. Бірде Ошақбай деген әкемнің құрдасының әйелі Жыға деген кісі келді үйге. Жасанып барын киіп, басына ең жақсы жап-жаңа жібек орамалын тартып алыпты. Айтысына қарағанда қалаға қыдырып бара жатыр. Бірақ он екі жарымның автобусы келуіне әлі бір сағаттай уақыт бар. Нан пісіріп жатқан анам дереу самаурынға шай қойып, есік алдындағы көлеңкеге алаша, көрпе жайып лезде дастархан жайылды. Өзіне ұсынған шайды ала бергенде әлгі кісінің басындағы орамалы арт жағына сусып түсіп қалды. Шашы қап-қара екен. Ол кісі ыңғайсызданып:

- Мына әдіра қалғыр сусып, баста тұрмайды екен ғой-деп орамалын қайтадан түзеп, басына тартып жаттыр. Менің көзім анамның орамал астынан сәл ғана көрініп тұрған самайына түсті. Әппақ. Маңдай шашы да. Бұған дейін де шешемнің шашының жартысына жуығының ақ екенін байқайтынмын. Екеуінің де жасы отыздың орта тұсында. Мен таң қалдым. Әлгі кісі кеткен соң:

-Мама, сіздің шашыңыз неге ағарып кеткен? Әлгі кісінің шашы қап-қара ғой,-дедім.

-Е-е-ей, балам ай! Ана жылы әкеңе жылқы ұрлады-деген жала жабылып, соның уайымынан үш-төрт айда шашым ағарып кеткен,-деді анам.

Әкемнің аттан құлауынан соң көп кешікпей-ақ соғыстың кезінде Кавказдан көшіріп әкелген қарашай, шешен, ингуш азаматтарымен ынтымағы жарастықты дос, жолдас болғандықтан әкеме ойламаған жерден



«жылқы ұрлады»-деген жала жабылады. Бір үйір жылқыдан үш жылқы жоғалды, соның ұрысы осы кісілер-деп Сүлеймен атты қарашай азаматы мен әкемді ұстап, бірден қамауға алады. Араға ауданның ірі басшылық жұмысында жүрген әкемнің белді нағашысы Арыстан Өтеулин кірісіп, адвокат жалдап, үш ай шама-сында әрең ақталып шығады.

Осы үш жылқының алғаш жоғалған кезеңінде әкемнің басынан қызық бір жағдай өтеді. Ол жоғалған жылқыларды іздеп құмның ішін ұзақ, бірнеше күн шарлайды. Жылқылар жер астына түсіп кеткендей табыла қоймайды. Болмаған соң, іздеуді құм жиегінен алыстау, Ақшолақтан ары көгалды бір жайлауларда жалғастырады. Кешқұрым, күн бата, шаршап-шалдығып бір ауылға келгенде жөн сұраған кісілер «бозым жігіт» атағы шығып жүрген Еділбайдың нақ өзі екенін білген соң: -Қарағым, қонып, қонақ боп қайт. Аулыңнан алыстап кеттің ғой, ертең-ақ барарсың,- дейді. Жолсоқты боп қатты шаршаған папам келіседі. Бірер кесе қымыз ішкен ол кісі тамақ піскенін күтпей еріксіз ұйықтап қалса керек. Үйге кіріп-шығып жүріп ұйықтап кеткен жолаушы жігіттің ақ көйлегінің жағасының кірлеп қалғанын байқаған сол үйдің кейуана анасы қонағын тамаққа оятқан кезде: -Қарағым, үстіндегі ақ көйлегіңді, іш киіміңді шешіп бер де, жуынып кеп тамағыңды іш. Келін жуып қойсын. Жаз ғой, таңға дейін кеуіп қалады-дейді. Әжейдің айтқанын бұлжытпай орындаған әкем тамақтан соң салулы тұрған дайын төсекке жатып ұйықтап қалады. Төсек үй алдындағы сазға салынса керек. Әдетінше таң сыз бере оянған әкем айналасына қараса, анадай жерде

жинаулы тұрған отынның үстіне жайып қойған өзінің ақ көйлегі мен іш киімін бір ала сиыр басын шайқай рақаттана жеп тұр дейді. Іш киімсіз қалатыны есіне сап ете түскен ол кісі жандәрмен сиырға қарай тұра ұмтылады. Қаша жөнелген сиырдың құйрығынан әрең ұстап үлгірген әкем оны тоқтата алмапты. Керісінше құйрығына жармаса кеткен жігітті сүйретіп кеткен жануар едәуір жерге барып орғый жөнелгенде, жігіт әлденеге күмп ете түседі. Бақса түсіп кеткен жері жана қазылған құдық екен. Топырағы құламау үшін құдықтың ішін талдың иілгіш бұтағымен шегендей бастаса керек. Жаңа басталған шегендеу жұмысы әлдене себеппен құдықтың орта шеніне жетер-жетпес тоқтап қалған. Әкем мұздай құдық ішінде тоңып қалмау үшін шегеннің ең үстіңгі жеріне аяғын қойып, денесі жартылай суда тұрады. Қайтсе де су алуға біреу келерін біледі. Бұл кезде суық судан қалтырап тоңа бастаған ол кісі, бірақ жас келін келмесе екен,-деп тілесе керек. Қас қылғандай, күн шыға суға сол үйдің жас келіні келеді. Не де болса тәуекел-деп, арқанға байлап суға тастай берген қауға шелектен шап беріп ұстай алған ол арқанды тартып қалғанда, келіншек те суға топ ете қалады. Екеуі су ішінде бірталай тұрса керек. Еш кінәсі жоқ келіншек қоянның көжегіндей қалтырап, папамның жұбатқанына көнбей жылап тұрыпты. Дегенмен манағыдай емес екі кісіге құдық іші жылылау боп көрініпті. Суға кеткен келінді іздеген кісілердің даусын естіп, үлкен даулы іс боларын білсе де құдық ішінен әкем де дауыстапты. Екеуін де судан шығарып алған соң, шынында да үлкен дау туындайды. Сол даудан әкем болған жайды түгел баяндап, сенбесеңдер ала сиырды сойып көріңдер,

сонда біздің адалдығымызға көздерің жетеді. Келінге босқа күйе жақпаңыздар! Оның зәредей де кінәсі жоқ,-дейді. Ақсақалдар ақылдасып әкем көрсеткен сиырды сояды. Шайналып парша-паршасы шыққан іш киім мен ақ көйлек сиырдың қарнынан шығып, әкем босқа кінәлі болудан, түскеніне бір-ақ ай болған жас келін таяқ жеуден құтылады. Қайта сиыр егесі келген құдайы қонақты бостан-босқа кінәлағаны үшін кешірім сұрап, айыбына сол кездегі мода боп, ұшпай тұрған қара шибарқыттан костюм-шалбарлық мата беріп, кит кигізеді. Ал жалмауық сиырдың етін сол жерге қоныстанған кісілер бөліп алыпты. Оқиға әкемнің аттан құлауынан сәл бұрын болған. Бұл оқиғаны кейін әлдебір тапсырмамен совхозға келген жас журналист жігіт жол қысқарту мақсатында айтуына байланысты әкемнің өз аузынан естіп, сол кездегі үлкен бір газетке алпысыншы жылдардың басында осы оқиғаны әңгіме ғып жазған екен.

Әкем аттан құлап, өлім аузынан қалғаннан соң да жоғалған жылқы дауы басылмай ақыры жоғарыда баяндағандай әрең ақталған. Осыдан кейін әкем ауылдастарына өкпелеп бұрынғы Луговой ауданы, Конь-завод ауылы, қазіргі Т. Рысқұлов ауданы Көгершін ауылында бухгалтер болып істейтін туған нағашысы Ерметов Әбдіғұлды сағалап мамам екеуімізді ғана алып кетіп қалады. Ол ауылда әкеме алғаш совхоздың бір табын бойдақ сиырын береді. Бұл 1958-жылдың аяғы болуы керек.

Ол кезден есімде қалғаны: Жаз. Біз жан-жағын биік-биік құм төбелер қоршаған көкорай шалғынды жазықтағы жайлауда, киіз үйде отырдық. Жылан көп

еді. Едәуір жерде (сол жазықтың бір шеті) жаңа ғана балалы болған жас жанұя тұрады. Ал жазықтың орта тұсында қоғалы, құрақты үлкен көл бар. Біздің киіз үйдің артқы жағындағы екі-үш құм белден асқанда үлкен баз орналасқан. Сол жазықта отырғанда әкем үйге бір пұттық (яғни 16 кг-қ) битонмен таза бал әкеп қоятын. Шие дегенді де мен сол жазықта отырғанда алғаш көрдім. Маған витаминді көп қабылдау керек деген дәрігерлердің кеңесінен болуы керек, әкем құмда табыла бермейтін жеміс-жидекті көп әкелетін. Сол шиенің көптігі сонша, қышқыл, біраз жесең тісіңді тұтып қалатын немені қашанғы жейсің. Аяғы ашып кететін. Сол кезде ел жемістен тосап (варенье) қайнатуды білмейді екен ғой. Осы жазықта отырғанда каникул кезінде екі бауырым Бегай мен Шолпан келген екен. Іске жарап қалған Бегай аз күн болып қайтып кетсе керек. Сонда ойын баласы Шолпан екеуіміз күнімен бөпе жасап ойнайтын көрінеміз. Біріміз, анамыз кішкентай ұл бөпе тапса мен бүйтіп бағамын, мен оған әдемі көйлек тігіп беремін, десек, екіншіміз мен одан да әдемі бешпент, сым тігіп беремін-дейді екенбіз. Не керек, екеуіміз жарыса күнге қақтырмай, жел соқтырмай өсіретін болып армандайтын көрінеміз. Сол кезде төрт жарым, беске келіп қалған менің артымнан бала ілеспей жатқаны отбасымызда әжептеуір уайым туғыза бастапты. Оны менен гөрі ересектеу Шолпан қатты сезеді екен. Анамыздың қыс демей, жаз демей тәуіптерге, дәрігерлерге қарала бастаған кезі болса керек. Әрдайым, әр қаралып келген сайын, жеңешем ұзамай бізге әлди туып беретіндей көрінетін-дейді Шолпан. Ол сол кезде әпкем екеуімізге қатты қызығады

екен. Өз әке-шешеміздің жанында өмір сүріп жүрген екеуі қандай бақытты-деп ойлайтынмын. Кейде мен де тәтем мен жеңешемнің қызы болсам ғой-деп түнде-түнде жылайтынмын. Жеңешем ертерек бір ұл туса екен-деп түнде айдан, күндіз күннен сұрайтынмын. Малшыларды аралауға сол кездегі мал дәрігері (ол кезде жап-жас) Сейталым мен Жаңабек ағамыздан бұрын зоотехник боп істеген кісі ауылдан атпен шығатын көрінеді. Назтай апамның тілін алмайтын кісі жоқ еді ғой.

- Құмға баратының қайсысың?-деп әлгі кісілерді шақырып алды да, зоотехник кісінің алдына мені отырғызып жіберді. Аттандырып тұрып:

- Әй балалар, мына қызымды аман-есен аға-жеңгесіне апарып салыңдар-дейді. Ұзамай әке-шешемді көретініме іштей қатты қуанып тұрамын. Мені алдына мінгестіріп алған әлгі кісілер жол-жөнекей маған түрлі сұрақтар береді.

- Шолпан, сен кімнің қызысың? Мен үндемеймін. Сұрағын тағы қайталайды. Мақтап: - Шолпан жақсы қыз. Шынын айтады-дейді. Сонда мен:

- Бәрін ішің біліп тұр ғой! Неменеге қайталап сұрай бересің?-депін. Екеуі қарқылдап күліп алды. Жол-жөнекей бір қалың құмның арасымен кетіп бара жатқанымызда аспанда бірдеңелер бірінен соң бірі ысылдап ұша бастады. Атымыз кекшектеп, кейде артқа шегінеді. Кейде алға ентелей жөнеледі. Ана кісілер: -Қорықпа, Шолпан. Бұл ұшатын жыландар ғой,-деп ауаны қамшымен тілгілеп, жасқап келеді. Дегенмен мен сол жыландардан қатты қорықтым. Оларды бірінші әрі соңғы рет көрдім. Кейін каникул біткенде де сол кісілер

алып қайтты. Фермаға келген соң апама:

-Әпке, мына қызыңыздан сұраңызшы, кімнің қызы екенін?-деп ұзақ уақыт жымыңдап жүрді. -Шолпан ақ жүрек. Айтады кімнің қызы екенін -дейтін. Мен мына кісілер сезгендерін апама айтып қоймаса екен-деп іштей тілейтінмін.

Содан әкем патефон әкелді. Екі-ақ пластинкасы бар. Оның біреуі Құрманғазы мен Тәттімбеттің күйлері болуы керек. Ал біреуі қандай әнші екенін қайдам, әйтеуір бір-екі әйел адамның әндері еді. Күнде кешкісін әлгі патефонды есік алдына қояды да, пластинкасын салып алғаш мамам құлағын біраз бұрайды. Сосын маған береді. Осылай жайымен бұрай берсең ән айтыла береді-дейді. Алғаш кешкісін осы патефонның үніне жан-жақтан аттылы-жаяу бірнеше кісі келді. Кейін бірте-бірте көп келе бермейтін болды. Оның құлағын айналдырудан мен де тез жалықтым. Құдды қолдан сүт тартатын сеператор сияқты айналдыру керек еді. Осы жазықта отырғанда «Қыз бен жігіт» фильміндегідей бізге де автолавка келіп біз одан плиталы шоколад, полиэтиленнен жасалған алғашқы түрлі-түсті етіп тоқылған тор сөмке, мата мен орамал, қант-шай алдық. Кейін біз қыстау жаққа көштік. Қыстаудың алдында киіз үйде отырғанда табалдырыққа сүрініп құлап, менің оң қолымның қары жілігі доға сияқты иіліп қалды. Әке-шешем:

- Енді қайттік? Жақын арада сынықшы да жоқ. Қосапан ит өлген жерде. Оған жеткенше не болады? Малды қайтеміз?-деп сасқаны әлі күнге есімде. Содан әкем сабырға келіп, біраз ойланып отырды да өзінің бір қолын бір қолымен ұзақ сипап көрді. Сосын

мені айналып-толғанып алдына отырғызып алды да, жілігімнің иіліп қалған жерін қолымен жай-жай қыса түсіп түзете бастады. Ақыры жілігім түзуленгендей болғанда екі жағынан жәшіктің тақтайшасымен қаусырып таңып, қолымды мойныма асып қойды. Саусақтарымды жұмғызып-ашқызып көрген ол:

-Ештеңе етпейді. Алла қаласа оншақты күнде құлан таза жазылып кетеді,-деді. Дәл солай болды. Қыста сиырды қамайтын баз аулақта еді. Баздың айналасын үш-төрт пе, одан да көп пе, маңқиған маялар қоршап тұратын. Қыстағы бір ақ түтек боранда әке-шешем сол маяларды қолмен бұзып, айырман айналаға шашатын. Сиырлар сол шашқан шөпке жайылатын. Үйде ұзақ уақыт жалғыз қалуға қорқатын болғандықтан әкемнің Қарағандыдан әкеп берген тонын (дубленка) кигізіп мені де сол жерге алып кететін.

Арада біраз уақыт өтіп, жаз мезгілі аяқталып, қайта күн суыта бастаған кез еді. Бір күні ұйықтап жатқан мен, көзімді ашып алсам бөлме іші жап-жарық екен. Ұйқым қанып оянған мен терезеге қарасам, түнде жауған ақ ұлпа қар әйнектің әжептеуір бөлігін жауып қалыпты. Күн шайдай ашық. Әлгі терезе көзіндегі ақ ұлпа қардың әрбір түйіршігі күнге шағылысып, жалт-жұлт етіп көзді шағылыстырады. Мен: -Алақай! Мама, қар! Қар жауыпты!-деп орнымнан ұшып тұрғым келген... Шалқадан жатқан мен кеудемді көтере беріп, ізінше төсегіме қайта құлап түстім. Денемнің кіндіктен төменгі бөлігі қозғалмайды. Орнымнан әнтек көтеріле берген мені бел тұсымның қатты шаншып ауырғаны мен сіресіп қатып қалған денемнің жартысы орақпен орып түсіргендей әсер етті. Анадайда кір жуып отырған анам

қолын асығыс сүртіп жаныма үкідей ұшып жетті. Бұл кезде орнымнан көтеріле бере мұрнымнан атқып кеткен қан кеудемді жуып кеткен еді. Қатты шошынған анам: -Алла-ай! Сақтай гөр! Не болды? Жарығым-ау, не болды? –деп, кез келген орамал ма, сүлгі ме, ала салып бет-аузымды сүртіп жатыр. Біраз аққан қан ақыры тоқтады. Мамам екі танауыма да мақта тығып қойды. Денемнің жартысының істемей қалғанын көргендегі ата-анамның шарасыз халінде шек жоқ еді. Бұл минингиттің бірінші салдары еді. Содан папам есік алдына бір қара қоңыр түйені алып келді. Жанында өзі құралпы ер кісі бар. Екеуі түйені қомдап, қомның мінер жағындағы бөлігіне жылылап жұмсақ төсек салып мені жатқызды. Екінші оң жақ бөлігіне бірталай азық-түлік пе, бір нәрселер салды. Екі өркештің ортасына анам отырып, тізгінді қолына алды. Сондағы мамамның ерлігіне әлі күнге таң қаламын. Сонау 1948-жылы Қырғызстаннан папам екеуі Игенбай атамызға Әлиман апамызды (Қырғыз апа) алып кеп бергенде түйеге бірінші рет мінген анамның бұл екінші рет түйеге мінуі екен. Бұл жөнінде: -Балам қатын алып, немере сүйген соң, сонау Қырғызстаннан Қырғызды әперіп жатып Кигенбайдан әрең құтылдым,- дейтін апам. Осы жерде Игенбай атамыз бен Әлия апамыздың өмірі жайлы толықтыра кетуді жөн көрдім.

Сонау отызыншы жылдардың аяғында менің апамнан туылған егіздер Егізбай мен Патма да шетінеп кеткенмен атамыз апамыздан қол үзбесе керек. Ақыры апам Игенбай атамызға баяғы қырғыз елінен жас жесір Әлиманды өзі сөйлесіп көндіріп, елге алып келуге баласы мен келінін жіберіпті. Атамыздың Әлиманнан туған 1950-жылы туған Семейкүл атты қызы, менен бес-

алты ай кіші Алпысбай атты ұлы болатын. Өкінішке орай Семейкүл он беске шыққанда соқыр ішек болды. Кешке қарай ма, түнде ме жасалған ота дер кезінде жақсы жасалғанымен таңертең орнынан тұрған бетте «шөлдедім»-деп бір стақан суды бірден ішіп қойып содан қайта оңала алмай қаза болды. Араға жыл ма, жыл жарым ба салмай-ақ балалардың жазғы демалыс орнында(санаторийде) жартастан құлап, бауыры езіліп Алпысбай да қаза болды. Әлиман атамыз қайтыс болған соң, қайныларының бірінен туған Жетпісбаймен қалды. Содан өсіп-өніп, немере сүйіп, сексеннен асып қайтыс болды. Семей мен Алпыс тірідегі біздің екі үйдің татулығы керемет еді. Папам он бау қамыс орса бесеуін апарып сол үйдің қора-қопсысын жөндеп беретін. Құлап қалған мұржасын қайта салып, кіре беріс есігін жөндегені де есімде. Екі үй бір-біріненсіз тамақ ішпейтін. Әсіресе кешкі тамақты біздікінен ішкен күні қыс демей, жаз демей ұл-қызымен бірге апамыз жиі біздікіне қонып қалатын. Балалар бір-бірімен тату, біріне-бірі мейірімді болады, деп төсекті жерге, бәрімізге қатар-қатар салып беретін. Семей Бегайға сіңлі, бізге Шолпан екеуімізге әпке бола білді. Ал Алпыс марқұм ең ақыры өзінен бес-алты ай-ақ үлкен маған інілік ізетін қатты сақтайтын. Екеуі де өте ақылды еді. Ол кезде ежелгі дәстүр бойынша ағайынды кісілердің балалары бір-бірінен қырық күн үлкен болса болды. Кішісі үлкенінен қарындастық, інілік ізетін сақтап, алдын кесіп өтпейтін, сөзін бөлмей, оны тосып сөйлейтін. Ол тұрғанда төрге озбайтын. Қазіргідей бес жас бел құрдас, он жас о да құрдас деген жоқ еді. Сондықтан болар әліде де сол заманның өрелі кісілерінің бойынан осы әдептер көрініс беріп тұрады.

Семей мен Алпыс қайтыс болғанда қайғыдан қабырғам қайысқан мені әкемнің өз көзі жасқа толып отырып, тізесіне отырғызып алып ұзақ жұбатқаны әлі күнге есімде. Бұл екеуінің қазасынан соң екі үйдің бір-біріне бұрынғы ыстық ықыласы бірте-бірте суый бастады. Кейде сол оқиғалардың баршасын еске алғанда ойлаймын, қайран Игенбай ата мен Әлия апа он үш баласынан қалған жалғыз қызды бекер-ақ Сарқыт қойған екен, деп. Сол жалғыз әпкеміз Сарқыттан Дина, Сайлаукүл, Қалмырза т. б. ұл-қыздары бар. Қартайғанша өзін Сәмбеттің қызымын деген жиен әпкеміз Дина бұл күнде үлкен әже. Балалары әртүрлі үлкен қызметтерде істеп жүр. Ал Сайлаукүл Толқынбаев Тұрсынхан ағамыздың жары болды. Тұрсынхан ол кісіден бірнеше ұл-қыз сүйіп, солардан бұл күнде немерелері де бар бақытты ата.

Үзілген әңгіменің желісіне қайта оралсақ.

Құмның алыс бір түкпірі. Түйенің орнынан тұра бергендегі қозғалысының әсерінен ауру менің жаныма қатты батып, біразға дейін жылап қалдым. Қиналып жылаған менің дауысым. Жартысы жансыз денем. Бұл жағдай жап-жас әйел тұрмақ қандай адамның болмасын әлтек-тәлтегін шығарары анық.

Бірақ қалайда ауылға, одан әрі аудан ба, облысқа ма дәрігерлердің көмегіне ертерек жеткізуді мақсат еткен анам, ештеңеден қаймықпай алға ұмтылды. Айнала аппақ қар. Төбе-төбенің үстінде тарбия қарайған жүзген бұталары. Құдды бір бүкіл әлем тек ақ қар мен осындай бұталардан ғана тұратын сияқты. Жол сілемі де көрінбейді. Жаңа жауған қарға із де түспеген. Өзі қалада өскен. Сол кезде небәрі отыздан енді аса бастаған

анам сонша жерден мені кешке қарай аман-есен ауылға жеткізді.

Ауылға жақындадық. Қарақұмнан асып, Ақшолаққа қарай қасқая тартылып жатқан тас жолды қиып өтетін Сәмбет тоғанына салынған тас көпірден аса бергенде, ауылдан талып жеткен радио үні естілді. Ол кезде қазіргі А. Суханбаев көшесінің бір шеті Сейітжанов Сейітқасымның үйімен бітеді. Радионың үні дәл сол үйден шығып тұр. Үні құлаққа өте жағымды әнші әйел «Ағажан Ләтипаны» айтып жатыр. Әлгі әннің жанды тыныштандырар қасиеті бар-ау шамасы. Жол бойы ауырсынып, ауық-ауық қыңқылдап жылап келген мен ұйықтап кетіппін. Үйге, есік алдына келіп түйені шөгере бастағанда денемнің қатты ауырғанынан оянып кетіп, тағы жылай бастадым. Күн батып, ауылда ол кезде движоктың көмегімен жанатын шамдар самаладай боп жанып тұр екен. Бұл кезде баяғы біз туылғандағы қоржын там, шамасы әкемнің техникумда оқып жүрген кезінде өзгерткен болуы керек, әлдеқашан кума үш бөлме болатын. Әкем аттан құлағанда бес тәулік тілсіз жатқан түкпір тамда, апамның қоңыр сырлы темір кереуетінде енді мен жатырмын. Радио да сол бөлмедегі екі терезенің төр жағындағысының үстіңгі қатарына ілінген. Ертелі, кеш және түсте ауыл еңбеккерлеріне арналған концерт береді. Кейде радиоспектакльдер, балаларға арналған хабарлар береді. Бұл қозғала алмай жатқан, аурудан азап шегіп жабырқаған менің сәби жаныма едәуір рухани, моралдық көмек болды. Ауылға келгенімізге екі-үш күн бе, әлде бір апта ма өткенде жаны шыдамай, менің не халде екенімді білуге әкем келді. Шамасы менің ауруханада емес, әлі үйде жатқанымды сырттан

естіген болуы керек. Қатты ашуға мінген ол сырттан кіре бере қамшысын көтеріп, анама қарай сілтей бергенде, қамшы салбырап тұрған электр шамына тиіп, шамның күл талқаны шықты. Әкеме қабаттаса, ілесе кірген апам оның қолынан ұстай алды. Жұлқына беріп қолын босатып алған әкем, қамшысын бір бұрышқа лақтырып жіберіп, сыртқа қарай атып шыға жөнелді. Әлдебір нәрсемен шұғылданып мен жатқан бөлмеде жүрген анам қамшыдан сескеніп кейін шегініп қалды. Бірақ оған қамшы тиген жоқ. Бұл көріністен шошып кеткен мен шар ете қалғанда бүкіл денем солқылдап ауырғандай болды. Мамам дереу менің қасыма келіп, мені жұбата бастады. Апам бар жағдайды айтып түсіндірген болуы керек. Әкем сабасына түсті. Сондағы қыс бойы мені емдеген шынашақтай украйын қызы, небәрі он сегіз, он тоғыз жасар Маша еді. Төрт жылдық медициналық училищені (қазір колледж деп атайды.) бітірген, аулымызға мемлекеттің жолдауымен келген Мария Егоровна Каримова бізбен көрші үйде тұрды. Ол кезде Құрымбай мен Құлтай деген көршілеріміз малда болғандықтан сол кісілердің үйінде соғыс кезінде Украинадан көшіріп әкелген Панасюк деген жесір әйел тұратын. Мария Егоровна сол үйде тұрып қызмет істеді. Панасюк кейін әлдебір себеппен, немесе реті солай болды ма, колхоз кеңсесінің алдындағы шағын екі бөлмелі үйде тұрды. Міне ақ халатты абзал жан деп айтсаң соны айт. Өз ісіне нағыз таза берілген қыз еді. Маған өз ішінен шыққан перзентіндей қарады десем өтірік болмас. Қыстың шілдесінде таң қараңғысында жылы төсектен тұрып келіп маған укол салатын ол, бұл жұмысын түн қараңғысында аяқтайтын. Арасында

алдарқатып менімен сөйлеседі. Әлдебір нәрселерді айтып күлдіруге тырысады. Белімнен бастап аяғымның ұшына дейін сипай отырып уқалағандай қимылдар жасайды. Не керек, жаны таза асыл адам еді. Ойлап тұрсам, төрт мезгіл антибиотик, тағы дәрумендері бар. Сонымен таң қараңғысында менімен басталған жұмысы түн қараңғысында менімен аяқталады екен ғой. Күндіз мед. пункттегі жұмысы және бар. Менен басқа үйіне шақыратындар бар. Ал мен мүлде қозғалмайтындықтан ол бар процедураларын үйге келіп атқаратын.

Әттең-ай!.. Өмірзақ деген қазақ алып қашып, өмірінің соңына дейін Сарыкемердегі (ол кезде Михайловка) ауруханада ел алғысына бөленіп адал қызмет атқарды. Каримова деген тек сол күйеуінікі. Не керек, бұл жалғанның бар қызығын, бар бақытын бір өзіне сыйласа көп болмайтын сол абзал жан, небәрі отыз жеті жасында бір перзент те сүйе алмай жүрек талмасынан қаза болды.

Алғашқы қар жауғанда осындай қиын жағдайға ұшыраған мен, мамыр айының орта шеніне дейін осындай жағдайда жаттым.

Бір күні мен жатқан бөлме кісіге лық толды. Көбісі ақ кимешекті, ақ жаулықты әйелдер. Бірен-саран сақалды аталар да бар. Дәл төрде, кимешек киген кейуана ауық-ауық сөйлеп, тәсбі тартып отырды. Әлден уақыт өткен соң ауылдастардың көбісі тарап үш-төрт кісі ғана қалды. Төрдегі апа төсекте жатқан маған жақын келіп дем сала бастады. Қолында бірнеше түрлі жіп бар. Әлгі жіпті 1 см-ге жетер жетпес жерден түйіндеп алып бір үшкіреді де, сосын маған үшкіреді. Ақыры әлгі кісі бұл жұмысын аяқтап, мені әуелі кереует үстінде отырғызды

да, әлгі жіпті мойныма тақты. Маңлайыма, алқымыма, екі алақан мен екі аяғыма бағыттап бірнеше рет үшкірді. Ақыры бұл жұмысын да аяқтаған соң, екі бүктеген қамшысымен менің көк желкемнен құймышағыма дейінгі бар омыртқамның үстінен жоғарыдан төмен қарай үш рет жүргізді де:

- Саттым! Саттым!-деп қатты ақырып қалды. Терлеп кеткен ол кісі маңлайын жеңімен сүртіп, анамды шақырып алды да:

- Орнынан тұрғызып тез сыртқа шығар-деді. Мамам әлгі кісіге таңырқай қарап маған жақындай берді. Бұған дейін сәл қозғалсам бар сүйегім үгітіліп кетердей зар қақсайтын мен, Құданың құдіреті аз ғана ауырсынып, кеудемді көтеріп, төсекте отырдым.

– Тез, бол! Жылдам тұрғыз!

Мамам мені төсектен тұрғызып, әлгі кісінің алдына қоя бергенде менің жағдайым бірінші рет орнынан тұрып қадам жасайын деп тұрған жас төлдің жағдайымен бірдей еді. Әлсіз денем, әсіресе аяқтарым қалтырап тұрды. Әлгі кісі қаһарлы дауыспен тағы да ауаны қамшымен осып-осып жіберіп:

- Ештеңе етпейді! Осыдан былай қарай, шауып жүріп кетеді-деді. Бірте-бірте бойыма күш бітіп, мен шынында да сол сәтте-ақ біртіндеп жүре бастадым. Бұл құдіретті күш иесіндей көрінген Қымқап әпке екен.

Ал әкем бұл кезде ауылға келіп кеткен соң құмға қайтып барады. Сол қыста көмекші жігіт екеуі мая бұзып, шөп шашып жүргенде түске таяу, бір шеті жақын маңдағы көл жағасына дейін жетіп жайылып жүрген сиырлар, бір кезде өкіріп-бақырып бір жаққа қарай тұра ұмтыла бастайды. Әшейінде мұндай уақытта емін-

еркін мұзды ойған жерден су ішіп, бір шеті шашқан шөпке қайта бастайтын сиырлардың мына мінезінен секем алған екеуі, қаңтарулы тұрған аттарына міне салып, жөңкіліп кетіп бара жатқан малдың алдын орауға тырысады. Қараса, көлдің дәл орта тұсына таманға өскен құраққа дейін жайылып барған сиырлар, сол тұстағы жылымға дейін барған. Жылым ойылып кетіп алғашқы барған сиыр сол жылымға түсіп кетсе керек. Біреуі өлімге ұшыраса қалғаны өкіріп-бақырып соған қарай тұра ұмтылатын жануарлар сол себепті жөңкіле жөнелген екен. Екі жігіт жан дәрмен арпалысып жүріп сиырларды көл үстінен әрең айдап шығарады. Жылым одан сайын ойылып, тартпасы бар көлге өздері де батып кете жаздайды. Бір-бірін шылбырмен тартып шығарса керек. Сонымен сиырлар тұрмақ өздері ажалдан әрең құтылған екі жігіт жиырма төрт сиырды көлге беріп, әрең құтылады.

Бұл уақиғадан соң көмекші жігіт қыс ортасында бостан босқа сотталып кететін болдым, деп аулына кетіп қалыпты. Қалған бір қора сиырмен жалғыз өзі қалған әкем, үйдегі жалғыз сауын сиырды басына ақ сүлгіні тартып алып өзі сауады. Тамағын да істеп, оған қамыр илеп, жайып салған күндері де аз болмапты. Бір жағы менің халім, біржағы жиырма төрт сиырдың арты не болады екен деген уайыммен жүргенде көктем шығып, күн жылына бастайды. Бұл жағдайдан әлде қашан хабардар болған совхоз басшылары әкемді де, көмекшісін де жеке-жеке сұраққа алып көргенде екеуінің жауабы бір жерден шыққан соң, не де болса күн жылынған соң көреміз-деп, әліптің аяғын күтсе керек. Мұз еріп күн едәуір жылынған кезде бір топ тексерушілерді

ертіп совхоз директоры, бас инженер, бас зоотехник сондай-ақ есепші, әкемнің нағашысы Әбдіғұл келеді. Бас-аяғы оншақты адам, екі-үш атпен қоса ДТ тракторы жүргізушісімен және ұзын тросы бар құсайды. Екі вильс (ГАЗ-69) машинасымен көл жағасына әлгі кісілер сәске кезінде жетеді. Екі-үш жігітті аттарға отырғызып, ұзын арқанға үлкен ілгек байлап аттарды көлдің жиегінен ортасына қарай едәуір жерге дейін жүздіртеді. Біраз жерге жүзіп барған аттар ары қарай бір қадам да жылжымай кекшектеп тұрып алады. Амалсыз ұзын арқан ұшына байланған ілгек темірді сол жерден сиыр құлаған тұс-ау деген жерге лақтырады. Осылайша ұзақ арпалыс, зор бейнетпен бірнеше сиырдың қаңқасын шығарып алады. Ақыры аттар жаурап, діріл қағып суға түспей қояды. Жігіттердің де білегі қарысып қалады. Ал сиырлардың әлі жартысына жуығының қаңқасы жоқ. Бұл әлі бітпеген, дәлелденбеген іс болатыны себепті көмекке ДТ тракторының жүргізушісі келеді. Көл жиегіне түскен трактор әрі қарай батып кететін болғандықтан жүре алмай, сол орнында тұрып қалады. Ал трос сиыр құлаған жерге жетпейді. Ақыры троспен арқанды байластырып суға көлдің әр жағынан бір түсіп жатып, не керек, жиырма төрт сиырдың қаңқасы түгелденеді. Бұл уақытта күн әлдеқашан батып, түн боп кетсе керек. Бір азаматты бекерге сотталып кетуден құтқарып қалған сол ізгі жандар енді бұл жеңістерін көл жағасында отырып таңға дейін жуса керек. Жан-жақтан бар техниканың жарығын жағып қойып оң істерін жуып отырған азаматтар «аханды» 200 грамдық қырлы стаканға құйып:

- Ал жиеніңнің жеңісіне түк қалдырмай қағып сал!-

дей бергенде Әбдіғұл көкемнің стақанына бір шегіртке секіріп түсіп кетеді.

– О-О! Получилось с закуской! Тартып жібер! Закускатамен тарт!-дейді ер азаматтар қаумалап. Әбдіғұл қуанғаннан «аханды» шегірткесімен тартып жібереді.

– О-О! Настоящий мужчина! Настоящий дядя любимого племянника!-дейді бас инженер.

– Ау, шегірткені қалай жұттың?-дегендерге Әбдіғұл нағашым:

-Шайнауға дәтім бармай, жұтып салғанда тамағымды бір теуіп өтті,-деген екен. Бұл сөз ел ішінде түрлі вариантпен тарап кетті. Осы оқиғадан соң әкем сиырдың салған әлегінен аман-есен құтылып, сол 1960-жылдың көктемінің ортасынан ауа совхозда өз мамандығымен құрылыс бригадирі боп қызметке ауысады. Ол кезде прораб деген сөз қолданыла бермейді. Әр сала басшылары көбіне бригадир деп аталады.

Осы уақыттар арасында сонау Молотовта батрақтың келіні ретінде Коммунистік Партия қатарына өткен Назтай апам, әлдеқашан Фрунзе колхозының озат сауыншылары қатарында еді. Тіпті сол кездерде алған екі бірдей медалы бар еді. Колхоздың сиыр фермасындағы сауыншылар мен бақташыларға арнап соғылған ұзын ақ үйдің шығыс жақ шетіндегі бір бөлме мен дәлізге ие болған ол кісі, жалғыз қызы Шажатты Асанхан жездемізге ұзатып салған кезі екен. Шолпан, Бегай әпкеммен екеуі сабақтың кезінде колхоз орталығындағы Бүбішай апаммен бірге тұратын. Ал каникул кезінде өз «шешесі» Назтайдың қолында болушы еді. Мен болса болмаса әке-шешеммен біргемін. Дәрігерлердің ұйғарымымен анам мені жылына екі рет дәрігердің қабылдауына апа-

рып, тексертіп, қосымша ақыл-кеңестер, дәрумендер, дәрі-дәрмектер алып тұратын. Бірде күн суық, аспанды сұп- сұр бұлт торлап тұрған кезде біз құмнан МТФ ға келдік. МТФ –дан ауданға жүрейін деп тұрған машинаның кабинасына мінуге бет алдық. Сол кезде Тораңғы жақтағы жотадан асып түсетін құм жолынан үш түйені қуа айдап келе жатқан екі атты көрінді. Біз сәл бөгеліп, қиқулап шауып келе жатқандарға таңырқай қарап тұрдық. Аттылы жолаушының бірі әкем, бірі бейтаныс кісі. Қиқулай қуа айдап келе жатқан түйелердің бірі анасы, бірі тайлағы, бірі едәуір өсіп қалған ботасы. Бұл түйелер сонау конфискация кезінде атамның Шудағы тамырына қойған біраз жылқылары мен бесалты түйесінің ізі екен. Атамның Шудағы тамыры бұл дүниеде енді көп тұрмасын сезіп, баласын шақырып алады да: -Балам, баяғыда кәмпеске кезінде сонау Әулиеата жақта, Сәмбет еліндегі Молдабай деген тамырым бірер үйір жылқы мен бесалты түйені әкеп, менің қолыма қойып еді. Енді бұл жалғанда көп болмасым бәрімізге аян боп қалды. Жалғыз баласы жақсы жігіт боп өсіпті, үйлі-баранды екен деп естідім. Онша малды қайдан табамыз. Сол малдың ізі деп, мына түйені тайлағымен, ботасымен сол жігітке апарып беріп, мені мойнымдағы қарызымнан құтқарсаң разы болып ана дүниеге аттанар едім. Соңғы тілегім болсын. Осы аманатымды орында,-депті. Сонда «бозым жігіт» атанған әкемнің жақсы аты сонау алыс Шуға дейін жеткен екен ғой. Бейтаныс жігіт сол аманатты орындауға келген Шудағы қарияның ұлы екен. Міне ізгілік деп осыны айт. 1928-жылдан кейін нелер қиын заман өтсе де өзін біздің жанұямыздың алдында іштей қарыздар санап

келген бұл қария мен баласының ісі кейін де біздің отбасымызда талай әңгімеленді.

Аудан орталығы. Нақ қазіргі орталық көшенің әкімшілік орналасқан тұсындағы жол жиегінде тұрдық. Бізге сол жерде ұшырасқан, шағын денелі, шоқша сақалды қария қалт тұра қалды.

-О-о-о, жарығым! Жалғызым! Айналайын!-деп мамамның маңдайынан мейірлене иіскегенде ол кісінің көзінен аққан жасы сақалына тамшылап тұрды. Мамамның да көзі боталап, жас толып кетті. Олар көз жастарын сүртіп, жандарында екеуіне кезек-кезек таңырқай қарап тұрған мені ақсақал енді аңғарғандай, еңкейіп менің де бетімнен сүйіп, маңдайымнан иіскеп, біраз айналып, толғанды. Бұл кездескен Үлгіліде тұратын мамамның жақын жездесі Жұмағұл деген кісі екен. Сол кезде, осы үлкендер не үшін жылайды екен?-деп ойлайтынмын. Сөйтсем небір қырғыннан қалған жақын-жуықтар бір кездегі топ жаннан қалған жалғыз-жарым жақындарын көргенде бір жағы шүкірлік қылса, бір жағы опат боп кеткен сол бір қауым ел есіне түсіп өз-өздерін тоқтата алмай егіле береді екен ғой.

Қалаға осы жолы келгенде ме, әлде басқа жолы ма, оншасын қайдам, анам мені балалар киімін сататын үлкен магазинге алып барды. Маған капешоны бар қоңыр қыжым пальто әперді. Пальтоны маған кигізіп көрген анам:

- Қарашы қызым! Қарашы Ұлдашай! Саған қандай жарасып тұр,-деп мені алдымызда тұрған кісі бойы айнаға қаратқысы келді. Қуанышында шек жоқ анам біресе менің алдыма, біресе артыма шығып, мені айнаға қаратқысы келгенімен менің онымен ісім болмай, жалт-

жұлт етіп құлпырған қыжымды сипап, саусағымның ұшымен аракідік түгін тартып көріп, оның осынша құлпырғанына таңырқап тұрдым. Осы жылдарда әкем жылқы фермасына ауысқанда қысы-жазы Ақдала деп аталатын даланың Т. Рысқұлов ауданына қарасты жағында, төрт-бес отбасына арналып соғылған, ұзын барак сияқты үйде тұрдық. Алғаш бұл құм төбелердің арасындағы жазықта орналасқан жалғыз үй еді. Кейін есік алдынан едәуір жерде ағаш үйшікпен қоршалған таразы орнатылды. Оған әр жылқыны жеке-жеке апарып салмағын өлшеп жататын. Одан да сәл әрірек күн батысқа таман ұзын ғып ағаштан баз соқты. Онда әр жылқы жеке кабинада тұратын. Осы базды соққанда мамам сол жұмысшыларға тамақ істеп беретін. Ал әкем осы жұмыстардың бәрінің басы-қасында басшылық қып жүретін. Тұрғын үйдің шығыс жақ шетінде егде кісілер, денсаулығына байланысты үйленбей қалған қызымен тұратын. Нәзіктеу денелі жауырыны дөп-дөңес бұл кісінің қолынан келмейтіні жоқ еді. Қоңыр түбіт орамал, нәзік өрнекті шілтер тоқитын, небір көркем өрнектер салып кесте шегетін. Бұл кісілер менің пайымдауымша қарауыл болып істейді. Оған іргелес тағы бір кісілер, қолдарында бойдақ жігіт бар. Менің ата-анам көбінше өзге көршілерге қарағанда осы кісілермен жақсы араласатын сияқты. Мүмкін бұл жұмыс бабына қарай шығар. Бұлар жылқышылар. Айтуларынан білетінім, жас жігіт, тұл жетім. Одан кейін біздің үй. Бізден кейін бір ұлты неміс отбасы тұрды. Бұл кісілер жылқының жем-шөбіне жауапты болуы керек, өйткені үнемі жүгері уатып қала берді жем дайындап жататын. Ол кісілердің менімен түйдей жасты ұлы

Витя, одан кіші екі-үш жасар ұлы, әлі бесікте, бір жасқа жете қоймаған бұйра бас, жылауық қызы бар-ды. Өзге ойнайтын бала болмағандықтан біз үнемі Витя екеуіміз ғана ойнайтынбыз. Менің түсінігімде, ол өте бұзық еді. Үнемі менің әдемі ойыншықтарымды тартып алып, бұзып қоя беретін. Үйде жалғыз өсіп келе жатқан соң ба, әкем де, әкемнің жолдастары да, мен үшін сол кездегі бар жақсы ойыншықты аямай әпере беретін. Сол кезден тағы бір есімде қалғаны Витяның анасы үнемі үлкен ағаш бочкаға қырыққабат тұздап жататын. Шиеден варенье қайнатқанды да мен сол кісіден көрдім. Жеп үйренбегендіктен бе мен оны аса ұната бермейтінмін. Ал Витя болса қысқа деп сақтаған вареньені (тосапты) анасынан ұрлап жеймін деп асығып-үсігіп жүріп бан-касын сындырып қойып, мамасынан әбден таяқ жеген. Бочкадағы тұздап жатқан капустаны басарда ол қашып кететін. Жап-жаңа, әлі киілмеген резина етікпен мен басып беретінмін. Сонда Витяның анасы менің анама: -Қашан мына кішкентай қызым сенің қызыңдай болар екен,-дейтін. Ал батыс жақ шеттегі бір отбасылық үй бос тұратын. Тағы бір есімде қалғаны әкемнің көбіне совхоз басшыларымен жүретіні. Ол кісілердің малды ауылға келгенде тек біздің үйге тоқтайтыны. Сонымен қатар ол кісілер келгенде мен киім ілгіштің пердесінің астынан шыға келіп, орыс және қазақ тілдерінде тақпақ оқып, өлең айтады екенмін. Соған байланысты және шашымның бұйралығына орай бас инженер мені Маленький Пушкин-деп атап кетті. Соған байланысты, ол жақта жүргенде бәрі мені солай атайтын. Сол инженердің жүріс-тұрысы, іс-әрекеті ұнайтын болуы керек, мен өскенде инженер боламын. Мына құмның

бәрін тегістеп, үй саламын, қала тұрғызамын,-дейді екенмін. Періште әумин деді ме екен, менің бірінші мамандығым шынында да инженер болды.

Ара кідік үлкендер аң аулайтын. Қарақұйрық, қырғауыл, қоян алғанда ылғый біздікіне әкелетін. Бірде ол кісілер өз айтыстарында үлкен қабан атып алады. Сол қабанды әкелгенде мамам рұқсат етпей, әлгі неміс көршіміздікіне апарғаны да есімде. Осылайша ас та төк мамыражай өмір жалғасып жатты. Әкем бір қауым елдің бетке ұстары, би болмаса да, билер түсетін үйдің егесі болды. Өстіп жүргенде әкем шешеме әлгі бойдақ жігітті үйлендірейік. Үйленетін жастан өтіп барады. Ата-анасы болмаған соң сол ғой. Ешкімге жалтақтамай, өз алдына жеке отау иесі боп, бас құрасын,-дейді. Мамам қарсы болмайды. Сонымен әлгі бойдақ жігіттің туған ағасы да, әке-шешесі де болып, бірнеше рет Қосапанға барып жүріп, ақыры үйлендіріп тынды. Бір кісіні өз баласындай, бауырындай ғып үйлендіргені есімде қалған мен, мұның анық-қанығын білгім келіп, әкемнің ежелгі досы, Амангелдінің Тегістік бөлімшесінде тұратын, қазір сексен бір жастағы Арынов Асқарға барып жолықтым.

Асқар ағамыздың әңгімесі қаз-қалпында.

– Едекең, Еділ қолға алған ісін аяғына жеткізбей тынбайтын кісі еді ғой. Екеуіміз ата-бабамыздың ежелгі ата-тамырлығын жалғастырып, өмір бойы дос болып өттік. Еш ішай дескен емеспіз. Ол аға мен іні болып өттік қой. Жақсыда да, жаманда да бір-біріміздің қолтығымыздан сүйеп, қасымыздан табыла білдік. Жолдастыққа, достыққа, ағайын-туысқа өте адал еді. Картаны да бірге ойнап, арақты да талай бірге іштік.

– Тәте, папамның бір кісіні өз бауырындай ғып

үйлендіргені бар еді ғой? Ол кезде мен тым кішкентай болғандықтан аты-жөні есімде қалмапты.

– Япырай-ә? Сол сенің есіңде ме? Өте кішкентай болатынсың. Дегенмен соны есте сақтауыңды қарашы! Иә. Ол жетім өскен Алтынбек деген жігіт болатын. Әкесінің аты Оразалы, шешесі Күнімай. Болат деген інісі, Алтынкүл деген әпкесі бар еді. Руы Ошақты. Со-вхозда, малда бірге болған. Әйелді айттырып қолдан әперді ғой, өз ағасы боп. Бұл өзі Қосапандікі болатын. Алтынбектің әйелі Үлгілінің Қыпшағы. Ал енді оның бүге-шігесін Қосапанда Бақпан деген кісі бар. Жасы қазір тоқсандарда. Жазып қойған кітап дерсің. Қанша қалың берді? Арада қандай сөз болды? Сөздері қанша уақытта пісіп, қызды ұзатты. Бәрін сол біледі. –Тәте, бір-бірімен туыс болмаса да туыстан бетер қамқорлық көрсеткен кісілер кейін неге араласпай кетті?

– Арасында араздық, наразылық болды дей алмаймын. Алтынбектің өзі 70-жылдардың басында, сол құмда, өз тракторы өзін басып кетіп қаза болды ғой. Ары қарай араласпаудың себебі осы шығар. Көз кеткен соң болды ғой.

– Иә, иә. Есімде. Үйде сондай бір өкінішті әңгіме болған. Бірден от ала қоймайтын тракторын құмның қия бетіне қойып, өзі көлеңкесіне ұйықтаған иә? Содан болған иә?

– Жоқ. Қия бетке қойған. Көлеңкесіне ұйықтап тұрған. Содан бір жерін жөндеймін, деп астына кіргенде трактор оқыс жүріп кетіп, басып өлтірген ғой.

- Қалай болғанда да өте өкінішті екен.

– Иә. Жаксы жігіт еді. Алтынбек десе дегендей. Оқыстан қаза тапты ғой. Қосапандағы Бақпан кісіні



іздемедім. Қажет деп таппадым. Осы мәлімет те жетеді. Осы оқиғадан тағы бір есімде қалғаны, ұзын тамдағы әлгі бос тұрған бір отбасылық үйді әкем жақсылап жөндетіп, әйнек салдыртып, пешіне плита орнаттырды. Содан келіншекті ырғап-жырғап төсек орнымен көшіріп әкеліп, әлгі бос тұрған үйге кіргізді. Бірер күн той болды. Келіншек маған туған сіңлісіндей қарайтын. Менің сәбилік көзіме сол ұзын ақ үйдегі бес отбасының ішіндегі ең бай, әрі сәнді үй сол келіншектің үйі боп көрінетін. Биік бас жағы болский деп аталатын екі адамдық көк кереуеттің айналасы кестелі, шілтерлі ақ шымылдықпен қоршалған. Төсектің қабырғасына әсем тұскиіз ілінген. Терезесіндегі ішкі пердесі кестелі де, сыртқы үлкен пердесін екі жағына айырып қойған. Перденің төбесіндегі бөлігін шілтерлеп бүрмелеген сәнімен жарасым тауып тұратын. Ішкі бөлменің есігінің де іш жағында кестелі көк есік перде, сол кездегі айрықша сәнді үлгімен тігілген фабрика өнімі екенін ұғатынмын. Жерде оюлы қызыл-ала текемет. Одан төмен түрлі-түсті қолдан сәндеп тоқыған алаша. Пештің бір жақ шетінде ыдыс-аяққа арналған шағын шкаф. Ал төсектің қарсы алдындағы қабырғада кестелі, шілтерлі сүлгімен сәндеп, көмкеріп қойған үлкен айна мен қабырға сағаты ілулі тұратын. Ал сыртқы кіре беріс есіктің қарсысына сырт киім мен бас киім ілетін ілгіш бар еді. Келіншек жиі-жиі мені жанына алып жататын. Әдемі қызғылт (розовый) түсті тоғыз қабат қып ширата өрген, бисер моншағын маған сыйға тартқаны, әдемі, гүлді атлас орамал және анама әтір ұсынғаны әлі күнге дейін есімде. Бұл жаз кезі болатын.

Күн суып, аспанды қою бұлт торлаған бірақ әлі жа-



уын-шашын бола қоймаған кезде бір күні біздің үйге қонаға бір кісілер келіп қонды. Жүріс-тұрыс, киім киістері, өздерін-өздері ұстастары, тегін кісілер емес екенін көрсетіп тұрғандай. Бұл келген сол кездегі Свердлов ауданының ауыл шаруашылық басқармасынан келген аудандық ірі басшылар екен. Ертесіне сәске болып қалған кезде ол кісілер қайтатын болды. Барлығы машинаға мінгенде бір кісі ауыз үйдің шыға берісінде бірталай бөгеліп, мамаммен қимай сөйлесіп тұрды. Қоштасып шыға бере жөтел буған әлгі кісі бет орамалымен аузын басты. Сол кезде ол кісіге қарай ұмтыла түскен анам, әлгі кісінің қолына жабыса кеткендей болып еді. Машинаның сигналынан далаға атып шыққан әлгі кісінің бет орамалы мамамның қолында қалып қойды. Мамам ішкі бөлмедегі пешке от тұтата бастады. Сырттағы кісілермен қош айтысып, үйге жіті басып кіріп келген әкем анама аңтарыла қарап тұрып қалды. Ол жылап отыр екен.

– Не болды? Не боп қалды?

– Көрдің бе? Мамам уысын ашқанда қолындағы бет орамалдың біраз жері қан екенін әкем де, мен де көрдік.

– Бітті! Осымен бәрі бітті! Оның көз жасы бетін жуып кетті. -Жетпегені осы еді,-деді ол көз жасына тұншыға. Әкем дереу бет орамалды алды да, отқа тастай беріп: -Бар, бол. Тез қолыңды жу! Сабындап жу! Құдайдың көрсеткенін көреді де. Үмітсіз шайтан-деген. Мүмкін тәуір боп кетер,-деді. Сонда ол кісі- Бақтыбайұлы Зейіл туберкулез екен ғой. Мұны сезген анам қатты қайғырды. Өйткені ол кезде туберкулез жазылмайтын. Ал әкем қолынан келгенінше оны жұбатуға тырысты.

Бұдан кейін, біз әлі сол үйде тұрып жатқанда бір күні



түн ішінде, ұйықтап қалған кезімізде бір кісі келіп оятты. Әлгі кісі әке-шешеммен біраз сөйлескен соң-ақ, ата-анам шұғыл киініп жинала бастады. Ұйқымды қимадым ба, әрең тұрған мені де тез киіндіріп, түн ішінде жолға шықтық. Аттың үстінде, анамның алдында келе жаттымын. Бізбен қатарлас желе-жортып келе жатқан екі еркек, ауық-ауық бірдеңелерді айтып келеді. Түн қап-қараңғы. Нөсерлетіп жауып тұрған жауын тамшылары тиген жерін қарып түсердей сұп-суық. Анам үстіндегі бар киімнің үстінен малшылар киіп алатын сулықты маған қымтай жауып қояды. Көп жүрдік. Шындығын айтқанда, үлкендерді қайдам, менің ығырым шығып, шыдамым таусылып келеді. Әлден уақытта әкем кварцты сағатына қарады ма, әлде болжаммен айтты ма?

- Бірден әлде қашан асты. Екі боп қалды. Бағыттан жаңылған жоқпыз ба?-деді. Жанындағы маған бейтаныс кісі:

- Жоқ. Жолсызбен тұсынан келеміз. Қазір екі-үш бел асқан соң жетіп барамыз,-деді.

Айтқандай-ақ әлден уақытта биік қыраттың үстінде тұрған жалғыз киіз үйдің алдына келіп аттан түсе бастадық. Ер кісілер аттарды жайғарып, бөгеліп қалды. Біз анам екеуіміз жетектесіп үйге кіріп келсек, білте шам әне-міне өшуге жақын қап тұр. Ортада жанған от та сөнген. Шоғының өзі күлге айнала бастаған. Қара көлеңке үйдің сол жақ қанатынан дыбыс шықты. Дыбыс шыққан жаққа қарасам, шалқалап құлаған тәрізді, қолымен арт жағына тіреліп әйел адам отыр. Алдында түйіншек пе әлдене жатыр. Анам дереу әлгі түйіншекке ұмтылды. Ол жаңа ғана дүниеге келген нәресте екен де, шалқалаған, есін әлі жия алмай отырған жас



босанған әйел екен. Екінші рет әйелдің жастығын жөндеп жатқызған анам ортадағы өше бастаған отты үрлеп қайта жағып жүріп, сен мұнда жат та ұйықта. Бұл жаққа қарамай-ақ қой,-деді. Ертесіне сәскеде нәрестенің жылаған даусынан бір-ақ оянған мен, аузы-басын таңып алған әйелдің нәрестені емізіп отырғанын көрдім. Олардың мен құралпы тағы екі ұл баласы бар екен. Киіз үйдің алдыңғы жағында біраз қашықтау жерде жылжымалы ағашқа байланған қауғасы бар құдық орналасқан. Анам байғұс осы құдықтан су тасып, әлгі әйелді де жаңа туған нәрестені де жуындырып, шайындырды. Шай-суын берді. Бұдан кейін, сойылған малдың ішек-қарнын аршып оны бұзып асудың өзі мынадай ауа райы тұрмақ жылы да құрғақ мезгілдің өзінде оңай шаруа емес. Не туысы, не ағайыны емес. Ең болмаса өз жылқы фермасындағы бірге істейтін жылқышылардың бірі болса екен. Айдаладағы қаймана қазақ, жалғыз үйлі қойшыға осынша қызмет қылғанына дәл бүгінгі күні өткен өмірді еске алған мен таң-тамаша қаламын.

Бізді едәуір жердегі сайда орналасқан бір жағы ұзын қорамен жалғасып кеткен қыстауға апарды. Үпір-шүпір үш бала әлгі үйге барсақ, әкем бір кісіге пеш соқтырып жатыр. Тағы бір ер кісі, келесі жаққа, яғни қораға өтетін есік орнына кірпіш қалап жатыр. Енді бір ер азамат, аңғал-саңғал терезенің әйнегін бүтіндеп, жөндеп жатыр. Кірпіштен соққан үй, үй емес –ау, бөлме деген аты. Жан-жақтан жел уілдеп, іші суық, азынап тұр. Түндегі толассыз жауған жауын бұл кезде қарға айналып, айналаны аппақ қар баса бастаған. Бөлме ішіне қалың ғып қамыс салып, үстіне киіз төсеп қойған екен. Аяғым қатты жаурады. Біздің тоңғанымызды түсініп, пешті

соғып болып қалған ер кісі:

- Қа-а-зір, парлатып тұрып от жағам. Сосын жылынасындар.

- Әй, ыбылжымай болсаңшы. Бір есіктің орнын әлі бітей алмай жатырсың.

- Өйдөйт деген, бәрін өзі бітіріп жатқандай! Шама-сы ол кісіге де балшық илеп берген есіктің орнын өріп жатқан ер азамат болуы керек. Не керек? Есік орны да бітеліп сыланды. Терезе де бүтінделді. Әлгі кісі:

- Міне енді от жағамыз-деп шынында да парлатып от жаққанын қайтейік, бөлме ішін түтін жайлап кетті.

- Қазір-қазір! Міне-міне!

Ол көзіміз ашып, өзіміз тоңып, ұлардай шулап жылаған бізді жұбата бастады.

- Сылағы кепкенше, бұл құрғыр сөйтеді. Қазір кішкенедең соң кебе бастайды. Сосын түтіндегенді қояды.

Ол түтінді шығару үшін сыртқы есікті айқара ашқанда өзі суық жерге және сонша суық лап еткендей болды. Бірақ есесіне түтін көтеріліп қақалып-шашалып бір бұрышта үрпиіп тұрған біздің тынысымыз кеңейе бастағандай еді. Пеш соққан кісі үстін-үстін отын тасып, отпен алысып жатқанда, есік орнын бітеген кісі мен терезе салған кісі кіре беріс есікке жапсарластыра түбін қазып, көміп, қамыспен үлкендеу етіп кіре беріс ауыз үй салды. Түтіннен құтылған соң бөлме ішін булы ауа кернеді. Ақыры не керек, пешке асылған үлкен қазан тола еттің исі бәрін жеңді. Түс ауғанша ит байласа тұрғысыз, қашып кетердей болып көрінген бөлме іші жас еттің жұпар исі аңқыған, жылы да жайлы тұрақ жайға айналып шыға келді. Үлкен кісілер есік

алдына жапсыра тұрғызған, қамыстан соғылған дәлізге дән риза болысты. Жалпақ тақтайлардың үш-төртеуін екі жерден көлденең ағашпен біріктіре, сояудай-со-яудай шегелермен қағып, сыртқы есікті ергенегіне брезенттің үзігімен үш жерден қаға салған. «Ұсталық»-деп соны айт! Қайткен күнде де, сондай суық ауа райында киізінен су өтіп кеткен киіз үйден де гөрі, не есігі не терезесі жоқ аңғал-саңғал кірпіш бөлмеден де гөрі, қалай болғанда да бір бөлме, бір дәлізден тұратын бұл үй, жып-жылы ұядай болғаны анық еді. Ал осы ер кісілер істеген істің бәрін өз қарамағындағы жұмысшы құрылысшылар мен қора-қопсыны жөндеуге арналған материалдарды әкеліп аңғал-саңғал бөлмені жылы ұяға айналдырған әкемнің ісін адамгершіліктің биік шыңы демеске бола ма? Болмай ма? Бұл әке-шешемнің даланың жедел жәрдемі болған кездерінен менің көз алдымда қалған бір ғана елес. Ертесіне таңсәріде мен өз жылы ұямда ояндым. Мен білмейтін мұндай жайлар қанша болғанын кім білсін?

О-Оу, әбден бертінде үйге бір ағайындар келіп отырғанда, жастары ұлғая бастаған әке-шешем осы оқиғаны әңгімелеп отырды. Кісілердің ішінде Шын-тынбек ағамыз да бар. Әлгі айдаладағы қыстаусыз қалған жалғыз үйлі қойшыны шамасы сол кісілер тани-тын болуы керек. Бір кісі:

- Сондай қиын ауа райында түн қатып, жол жүріп барып сонша жақсылық істегенде ең болмаса бір қой берген шығар? - деді. әлгі кісілердің бірі.

– Қайдағы қой! Еркегі жаны қалмаған болады. Ал әйелі тас екен. Тіпті тастан да қатты ма дедім ғой, - деді әкем.



- Ең болмаса жеңешеме тәуір бір көйлек кигізген шығар? Бұл Шынтынбектің ағамның сөзі.

- Қайдағы көйлек? Ең болмаса бір шыт орамал ұсынуға да жарамады. Әйелінің қолында үш пышак. Баламның кіндігін осы пышақтардың қайсысымен кескенің есімде қалмапты. Кіндік кескен пышақты, кіндік шешеге береді-дейді ғой. Таңдағаныңды ал, – деп алдыма тастады. Ешқайсысын алмай кетіп бара жатқан менің бөктеріме мына пышақты іліп жіберіпті. Сондағы үшінші ұлын тапқан әйелдің бар білген ақылы осы болды.-деп анам үлкендеу қара темір пышақты әлгі кісілерге көрсетті. Әңгіме ауанынан әке-шешемнің ондаған жылдардан соң әлгі қойшының отбасымен қайта көріскенін ұқтым. Ата-анамның бір қасиеті сөзі мен ісі алшақ жататын кісілерді ұнатпайтын. Әкем кей-де ондайлардың бетіне айтып, тыйып тастайтын. Ал шындықты бетке айтқанды екінің бірі ұната бермесі ай-дан анық екені жұрттың бәріне мәлім жай.

Ата-анам құмда жүргенде болуы керек. Бірде апам алдына мені отырғызып қаракер жорғамен жолға шықты. Құм жиегіндегі кемерден үлкен жол арқылы асып түстік. Ұзамай әлдебір көлдің өткелінен өттік. Өткелдің екі жағындағы сәл ғана желдің екпінімен сусылдай тербетіліп тұрған көк құрақ екі жағынан да ары қарай биік, әрі өте қалың неше жылдық қамысқа ұласқан. Маған әлденені айтып келе жатқан апам: -Мұнда бір кездері жолбарыс мекендеген-деді. Мен сол жолбарыс шыға келіп бізге атылардай қорқып кеттім. Апам:

- Қорықпа, қазіргі кезде жолбарыс жоқ-деді.

– Сонда олар қайда кетті. –Кейбірін адамдар атып



алды. Кейбірі алыс жақтарға ауып кетті ғой.

Сонда да қалың қамыс арасында қалып қойған бірлі-жарымы болса, қапелімде атып шыға келердей сол көлден ұзап кеткенше алаң болдым. Ақыры көлді қиялай біраз жүрген соң қалың құм төбелердің арасына ендеп кіріп кеттік. Едәуір жүргенде құм жоталары арасындағы ескі сүрлеу сол жаққа қарай бұрылып, әлдебір жазыққа келіп тірелді де жоқ боп кетті. Біз келіп жеткен кең жазық қазіргі көзқарасымда алып эллипс тәрелке тәріздес. Солтүстік жағы биік-биік құм жоталарымен көмкерілген. Сол жоталардың дәл орта тұсында құлап жатқан ескі қыстау. Яғни бір кездері адамдар тұрған үлкен үй болғаны байқалады. Күн шығыс жақ шетіндегі ойықтан терезенің орны байқалады. Сол терезенің ойығынан бірнеше ағаштың ұшы едәуір шошайып көрініп тұр. Оны үйдің құлаған төбесі зіл батпан салмақпен басып тұрғандай. Үйдің оңтүстік алдыңғы жағында осы терезеге жақындау тұста кіре беріс сыртқы есіктің орны да айқын білінеді. Есіктен сәл солға қарай тағы терезе орны, одан әрі және екі терезе орны бар сияқты. Кірпіш үйдің бітер тұсынан қора жалғасқан. Құлап түгі қалмаған қора маған өте ұзын сияқты көрінді. Одан әрі жазықтың батыс жағын тағы жал-жал құм төбелер қоршаған. Ал сол эллипс тәріздес жазықтың оңтүстігі түгел ұзыннан ұзақ көл. Бірақ бұл көлдің қамысы манағы көлдің қамысындай көкпенбек емес. Сары, әрі сабағы нәзіктеу көрінді. Одан әрі шығыста әлгі біз келген ескі сүрлеу, бір жағы көлдің бітер жиегі, бір жағы биік-биік сусымалы төбелерге ұласқан. Ия жан адам жоқ, ия қыбыр еткен бір тіршілік иесі көрінбеген бұл жерге не үшін келдік екен-деп ай-

налама таңырқай, ұзақ қараған мен, апамның терең, әрі ауыр күрсінген дыбысынан ұйқымнан ояңандай ол кісіге қарасам, оның көзінде жас. Әлгі құландыларға қарап, көз жасын кимешегінің етегімен сүртіп тұр екен. Ол өзінің көз жасын менің байқап қалғанымды сезіп, дереу бойын жинап алды да:

- Ұлдау, бұл атаңның қыстауы. Есік-терезесін адамдар әлдеқашан бұзып әкеткен. Тек төбесіндегі үш-төрт сырғауыл ғана қалыпты. Жарықтық, бұл ағаш оңайлықпен шірімейді, ғасырларға кетеді,-деп таңдап жүріп таудан қидыртып әкеп үйдің төбесіне салғызып еді. Бұл сөзге қарағанда осы қыстауды атам апам үйленгеннен кейін соқтырған. (Мен кейін бесінші сыныпты бітіргенде осындай ағашты күрделі жөндеуге қойған Айша-бибі кесенесінен көрдім.)

- Әне көрдің бе?-деп маған жаңағы өзім байқаған шығыс жақ терезе үңгірінің үстін баса құлаған там төбесінің астынан қылтиып көрініп тұрған үш-төрт ағашты меңзеді. Бұл шамасы 1959-жылдың күзге салым уақыты болуы керек. Апамның сол кездегі бейнесін көз алдыма келтірсем, бір жағы атаммен өткізген мұңсыз күндері есіне түссе, бір жағы 1958- жылдың ауыртпалығынан, жалғызының бір ауыр қатерден аман қалғанын есіне түсіріп, бір сағыныш, бір мұң астасып, көңілін қатты толқытқандай-ау деймін.

Біз ат үстінде біраз тұрдық. Апам аузын жыбырлатып дұға оқыды. Атамның қаза болған жері де, бізді осы жазыққа алып келген, одан қайта алып шыққан осы ескі сүрлеу маңы екен ғой. Бұл жазықтан әлгі жолмен шыққан соң көп кешікпей-ақ апам қаракерді жорғалата бастырып Жапырақты деген жерден өткен

соң жолсызбен, әлдебір қыраттың үстіндегі бір отбасына қонаққа келдік. Үй иелері бізді құрақ ұшып қарсы алды. Бір үлкен бөлме мен бір дәлізден тұратын, алдында және бастырмасы бар бұл үй де, қора да сол елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдардың басы үшін өте мықты және көрнекті еді. Есімнен еш шықпай қойған атамның қыстауы жөнінде әкемнің досы Асқар ағамыздан сұрағанымда ол кісі алғаш, білмеймін, есімде жоқ-деді. Аздан соң, біраз ойланып отырды да:

– Атаңның қыстауы Жыланды мен Қосқұдықтың арасында Сарысулы деген көл бар. Сол жердегі ескі қыстаудың орны сенің атаңдыкі. Бірақ қазір жермен жексен боп еш белгі қалмаған шығар. Апаңның сені алып барғанынан бері қай заман. Елу жылдан асты. Жарықтық от жағып, түтін түтеткен, өсіп-өнген, күйеуімен жарасып өмір сүрген жастық шағын еске алып, шалына дұға бағыштаған ғой. Адам ұлғайғанда жас кезінде өмір сүрген, жүрген жерлерін сағынады. Сол сағыныш жетелеп барған ғой ол кісіні-деп сөзін аяқтады.

Содан совхозда жүргенде ме, әлде ауылға жаңа көшіп келгенде ме, әке-шешем үшеуіміз қалаға қатынайтын, сол кезде жаңа шыққан тех. помощ сияқты көлікпен жолға шықтық. Үлкен тас жолдың бойынан түсіп қалған біз, күнбатыс жаққа созылып жатқан жолға түстік. Күз бе, әлде көктем бе оншасын қайдам. Әйтеуір күн бұлтты, жер балшық. Әлгі жолдың жол деген аты болмаса, жол сыйқы жоқ, ми батпақ. Жаңадан алған резина ботиымның біреуі батпақта шешіліп қалды. Батпақ арасынан аяқ киімімді суырып алып қайта кигізген ата-анам, жолдан мүлде шығып, саздауытпен жүрді.

Біз алыстау көрінген ауылға машақатпен жетіп, ақыры бір үйге келдік. Үйдің алдында сарай тамы да бар сияқты. Әке-шешем далада тізіліп тұрған бірнеше ер кісімен көрісіп болған соң ішке ендік. Олар іштегі екі-үш әйелмен көрісті. Үйдің іші маған күңгірт, көңілсіз көрінді. Әлдебіреу мені көшенің едәуір алыстау шетіндегі үйге ертіп әкетті. Ол үйде менен әлдеқайда ересектеу қыз бар екен. Ол күнімен мені ойнатты. Аты Ырысбике екен. Ол үй сондай жылы, әрі жап-жарық боп көрінді маған. Кейін қайтадан ана үйге барайық дегенде, әлгі алғашқы үйге барғым келмей біраз қырсықтым. Кейін білдім. Әдепкі үй қайтыс болған Зейіл нағашыныкі, кейінгі үй мамамның Жұмағұл жездесінің үйі, ал әлгі қыз Жұмағұлдың жалғыз қызы Ырысбике екен. Біз реті солай болып, Зейілдің қырқына келіппіз. Қайғының әсерінен жылау-сықтау болып жатқан үй маған көңілсіз, әрі күңгірт көрінсе керек.

ШУАҚТЫ ЖЫЛДАР.

Айналайын адамдар,
Бәрінің де анаң бар.
Көңіліне қаяу түсірмей,
Анаға дұрыс қараңдар.

Совхоздағы өмір осылайша мамыражай өтіп жатты. Ата-анам бұрынғыша сол өңірдің бетке ұстар сыйлы азаматтарының бірі. Менің мектепке барар уақытым да таяп қалды. Алғашқы мектепке дейінгі даярлықтан (ол кезде мектепке дейінгі даярлық деген жоқ, бірден бірінші сыныпқа бара береді) өткізген сол Коньзаводтың тұрғыны, қазіргі үйі Әбдіғұл нағашыммен үйме-үй көрші Айтбай деген кісі еді. Не себепті екенін қайдам, қыста болуы керек, әйтеуір күн суық. Совхоз активтерінің бірі ол кісі біздің үйде ұзақ жатты. Мүмкін әр келген сайын екі-үш күн болатын шығар. Әйтеуір өзімен бірге дәптер, түрлі-түсті қарындаш, қаламсап әкелген ол кісі: - Әріптердің ішіндегі ең қиыны Д, д, осы әріпті жазып үйренсең қалған әріпке қиналмайсың,- дегені әлі күнге есімде. Одан кейін Қ,қ, әрпі. Дәптердің үш-төрт парағын Д, д, мен Қ,қ әрпін жазып толтырдым. Бұл кезде апамның алғашқы шөбересі Ержан дүниеге келген. (14-наурыз 1961-жыл) Апам әкеме: -Өзің жалғыз. Қашанғы шет жүре бересің? Қатының орыс. Енді қызыңды шүршіт қылайын дедің бе?-дейді. Әкемнің көңісі келмесе керек. Сонда апам: -Ит тойған жеріне! Ер туған жеріне! Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!-деген. Тойған жерінде жүре бергің келмесе еліңе қайт!-деген. Сондағы бөтен ел –деп отырғаны өз төркін жұрты. Қазіргі әйелдер болса қайта

ебін тапса өз төркініне жақындатар еді. Міне барған жеріне нағыз таза берілген әйел, ана! Қайынатасының, күйеуінің шаңырағының бос қалмағанын көздеп, түтінін түзу шығару жолында жанын пида етуге бар жан осы кісілердей болушы еді.

Жаз мезгілі. Күн шыжыған ыстық. Қубас кемпірге ұқсап жүргім келмейді-дейтін апам, кішкене кезімде қайда барса да мені ертіп алатын. Бірде төбеке бір уыс жоңышқа қойып үстінен орамал тартты. Өзі де кимешек пен күндік арасына әжептеуір жоңышқа қойды. Бұл ұзақ жолда күн өтпесін дегені. Сонымен қарагер жорғаға мініп жолға шықтық. Кемерден асып түскен соң, ескі сүрлеумен жүріп отырып, көлден өттік. Құмның талай қат-қабатынан өттік. Әлдебір көлден өткенде бірнеше талдар бар екен. Сол талдардан ұзамай-ақ тағы құм жоталарына жалғасатын жердегі сайлау жерде өзек бар сияқтанды. Сол өзекті жағалай құм белдерінің арасында теңкиіп-теңкиіп қауын-қарбыз жатыр. Мен мұндай көрініске таң қалдым. Әрі ұзақ жолдан шаршап, шөлдеген басым әлгі қауын-қарбыздардың бірін аттан түсе салып жарып жегім келіп кетті.

– Апа, шөлдедім. Қарным ашты. Бір қарбыз, бір қауын сойып жейікші? Манадан менің бақша өнімдеріне қызығып келе жатқанымды байқаған апам:

- Жоқ балам, айдалада жатқанымен мұның да егесі бар.

– Сонда мұны кім екті?

– Мұның бәрін Халфе-деген ата бар. Сол кісі еккен.

Бұрын-соңды мұндай ат естіп көрмеген мен:

- Халфе деген қандай ат? Ол қайда тұрады?

Халфе деген ерекше ат. Ендеше ол біз сияқты жер-

де емес, бұлттың ар жағында, аспанда шығар-деген ой келіп аспанға қарадым. Есіме өзім естіген ертегілердегі ғажайып адамдар елестеді. Ал апам енді маған егжей-тегжей түсіндіре бастады.

- Халфе деген өзінің азан шақырып қойған аты емес. Ол діни атақ. Бірнеше тілді білетін, бірнеше ілім-ғылымды үйренген, бірнеше тілде жазылған кітапты оқып, әрі тәржімалай алатын адамға, үлкен мешіттерде сондай атақ беріледі. Сол атаққа ие болған ата, сенің атаң Молдабаймен ата тамыр болған. Баласы Асқар әкеңмен тамыр. Құм арасында әрі-бері жүретін жолаушылар көп кездеседі. Олар ұзақ жолдан шаршайды. Сен сияқты қарны ашып, шөлдейді. Сондай жолаушылар үзіп жесе, үлкен сауап болады. Сол үшін еккен ол кісі.

- Онда біз неге үзіп жемейміз? Сонда сауап болмай ма?

- Себебі қазір кішкене жүрсек бірер белден асқанда ол кісінің үйі бар. Барып сәлемдесіп, рұқсатын алған соң жейміз.

- Ал ол ата болмаса ше? Ешкім болмаса ше?

- Онда жол жүріп келе жатқан жолаушы алдымен Алланың атымен, осы бақшаны еккен диханға үш рет тілек айтып, дұға қып барып үзіп жейді.

- Апа, осы бақшаны кім суарады? Суды қайдан табады?

- Мана біз көлден өттік пе?

- Иә.

- Көлден шыға бере жан-жағы жап-жасыл өзекшені көрдік пе?

- Иә.

- Өзекше сол көлден Халфе атаның құм арасына



тартқан арығы. Қауын-қарбызды әбден өсіп жетілгенше сол атаның өзі суарып, күтіп баптайды.

Құм арасынан шығып, биік қырат үстіндегі есік алдына керме орнатқан киіз үйдің алдына келіп тоқтағанда, үйден ұзын қос бұрымы балтырын соққан сұлу келіншек шығып, апама иіліп сәлем берді. Бізді құрақ ұша қарсы алған келіншектің сөзінен ұққаным, атасы ауылға, Тегістікке кеткен де, күйеуі шаруа жайымен сыртта құсайды.

Кейін Халфе атамыздың ұлы Асқар ағамыздан білгенім, кемерден асқан соң өткен көл Алаңбай көлі. Айдалада кезіккен талдар Алаңбай көлі мен Жыланды жерінің ортасындағы Жанысбайдың үш талы екен. Алаңбайдан өтіп Жыланды жеріне кіргенде Жыландының көлі деген көл бар екен. Атамыз бақшаны сол Жыланды көлінен тартқан атызбен суарыпты. Және ол кісі бұл ісін бір жыл емес, екі жыл емес, бірнеше жыл жалғастырған. Міне нағыз мұсылманға тән ізгілік іс. Апам жарықтықтың да, менің қарным ашты, шөлдедім дегеніме әдемі сөзбен, адамгершілік сипатта жауап айтып, әңгімеге айналдырып, бақша егелерінің үйіне жеткізуі, айдалада қараусыз жатыр екен деп, рұқсатсыз, бейберекет қол сұғуға болмайтынын сөзбен ғана емес, іспен де көрсетуі, нағыз «Ұлы дала тәрбиесі», «Халықтық тәрбие» еді. Нағыз бір зердесіз, ақылсыз адам болмаса, судың да сұрауы бар екенін сөзі мен ісі бір-бірімен әдемі қабысып жатқан апамның осы қылығы-ақ терең түсіндіргендей еді.

Сонымен 1961-жылдың 1-қыркүйегінде мен өз аулымыздағы мектептің табалдырығын аттадым. Ол күні әкем де шешем де үйде болғаны, мені мектепке



үлкен әпкелеріме ертіп жіберіп тұрып қатты қуанғаны, жақсы тілектер айтқаны әлі күнге есімде. Бірақ өздері кейін қайтып, ауылға 1962-жылдың алғашқы айларын өткізіп барып па, жазға қарай ма біржолата келген сияқты. Өйткені папам совхозда төрт жыл жұмыс істедім,-дейтін. Әкем сол 1962-жылғы жаңа оқу жылында үлкен қызы Бегайды педучелищеге оқуға түсіріп келді. Сол жылдары анамның соғыс кезінде бар құжатын, сонымен қоса мұғалімдік дипломын қоса жоғалтып алғанынан хабардар болса керек. Әкеммен сыйластығы ағалы-інілідей жарасымды училище директоры Еселбаев Достай ағамыз анама: - Сіз де оқуға сырттай тапсырыңыз, екі-үш жылда бітіріп қайтадан диплом алып шығасыз,-дейді. Бұған нақ осы ауылда тұрса ары қарай «қызмет»- деп аталатын жұмыс түріне әкемнің қолы жете қоймасына көзі жеткен анам, азаматымнан асып қайда барамын?-деп ұсынысты қабыл алмапты. Анам тұрмақ әпкемнің оқуға түсуінің өзі біздің аталас туыстарымыздың ішінде айтулы оқиға болды. Өйткені қыз балалардан бірінші рет мамандық алуға ұмтылып, оқуға түскен сол кісі еді. Туыстардың біразы дұрыс бопты, деп құтты болсын айтса, бірер кісілер әкеме сөгіс береді.

– Шығармайтын бәлең жоқ. Қыз баланы оқытып не әбиір табасың? Оқуға түскен қыз бітіріп шығамын дегенше, бұзылып бітеді. Одан да балиғатқа толған қызды байға бермейсің бе?-дейді. Әкем ол сөздерді құлағына ілмесе керек. «Қарындасын» оқуға түсіріп қуанып келді. Және қарап келмей 1958-жылы өзі оқуды бітіргенде Шымкенттен Абайдың үлкен, қалың, қоңырқай сары түсті өлеңдер жинағын ала келсе, бұл

жолы қалың, жасыл түсті Батырлар жырын алып келді. Бұл бізбен көршілес тұратын ағайындар арасында үлкен жаналық және жиі бас қосып, біздің үйде жиналудың басты себепкеріне айналды. Осыдан былай қарай жыр тындаймыз деп көрші аталарымыз Дәулетқұл, Боранбай ара-арасында Сейсенбай мен Берік келетін болды. Кейде Дәулетқұлдың кемпірі Сырғабала мен ол кісінің туған бауыры Мырзабала да келетін. Бұл кезде біздің үйде менен кейін бала ілеспей үлкен мұңға айналып, уайымға ұласқан кез еді.

Айтуында Сырғабала біздің елге өте жастай ұзатылған. Ол кісінің тым жастай ұзатылғаны соншалық аулынан ұзап шыға бере «мысығым қалып қойды ғой»-деп жылапты. Өйткені аппақ бала мысығы бар екен. Бүкіл ел-жұртым, әке-шешем қалып бара жатқанымен ісім жоқ, «мысығым қалды»-деп жылағанда әлдебіреу барған жағында да мысық бар, жылама-деп жұбатты,-дейтін жарықтық. Ол кісі жиырма үш құрсақ көтерген екен. Соның бірі де қалмаған. Біздің үйге келгенде есік алдындағы сәкінің бір шетінде шоқиып маған қарап отыратын да: -Бір ғана қызым он үшке келді, бір ұлым бір жарым жасқа келгенде шетінеді, бір ұлым он айлыққа жетті. Қалғанының бәрі туған соң көп кешікпей, кейбіреуі бір айлық, кейбірі екі-үш айлық кезінде шетіней берді. Бәрін қойшы, ең болмаса сол он үшке келген қызым тұрғанда ғой,-дейтін. Бұл шаңырақ иесі ұл немерем жоқ. Арасы ұзап барды. Бұдан әрі балам мен келінім балалы бола ала ма, жоқ па?-деп уайымдаған апама «шүкірлік қыл»-дегені. Ал қайнысы Күздеубайдың бәйбішесі, ол кісінің туған әпкесі Мырзабала мүлде балалы болмаған кісі.

Сырғабала күні бойы үйдің күйбең тірлігімен айналыса, Мырзабала ер кісіге тән жұмыстармен айналысып, жаз бойы малдарына шөп таситын. Өзінің әжептәуір тәуіпшілігі бар еді. Кей кездерде Күздекеннің тоқалы, әдемі, сылқым әйел Назымкүл де келеді. Ол кісілер келгенде әкем кешкі астан соң еш ерінбей әлгі Батырлар жырын әндетіп оқиды. Кейде әлгі кісілер движокпен жанатын электр шамы сөнгенше отырса, кейде бір қызық, оқиғаның шешуші кезеңіне келсе –Oh! Ой деген-ай! Шап, батырым!-деп оқиғаға беріліп кеткен қариялар жырды қимай әрі қарай тыңдағысы келіп, ертеңге дейін шыдамдары жетпей, үйлеріне қайта алмай отырса, мұндайда дереу білте шамды жағып, жыр оқуды соның жарығымен жалғастырады. Кейде әкемнің көзі талып, кейде баяғы сухой плеврит пен бронхиттің әсерінен жөтел буса, мұндайда анам ары қарай тура солай әндетіп оқи жөнеледі. Сондайда мұндай отырыстар түнгі екі-үшке дейін жалғасатын. Ал ертесіне таңнан тұрып, сиыр сауып, сүт пісіріп, кейде тіпті нан жауып кетуі керек. Кейде әлгі кісілер:

- Әсілхан келіннің лағманын жейік-деп келдік, дейді. Мұндайда мамам, «мен жұмыстан шаршап келдім ғой»-демей, еш қабақ шытпай, лағман дайындайды. Қайран анам, өзінен үлкендердің сүйікті келіні, құрдастардың ақ жүрек адал құрбысы, кішілерге үлгілі де өнегелі жеңге, айнала қоршаған ағайынға мақтаныш, сенуге болатын, үнемі сенімнен ақ, адал шыға білетін, ешкімнің ала жібін аттамаған жан еді. Сонымен қоса, жібек мінезді, көнбіс. Ол кісі өте сыпайы еді-ау. Өмір болған соң қанша ашуына тиетін істер болып жатса да ешқашан анайы сөзге, анайы іске

бармайтын. Тамақ ішісінің өзінде ерекше бір сыпалық, қанағатшылдық бар еді. Қанша жерден қарны ашып тұрса да, ешқашан тамақты сұғынып жемейтін. Әлгіде ғана бірдеңе ішіп-жеп алғандай, сыпайы ғана, асықпай отырып, азғантай ғана тамақты қанағат тұтатын. Сондықтан ба ол кісі ешқашан толық болған емес. Алғашқы келін боп түскен жылдары ауылдың жаңа жерге біржолата қоныстануымен, сондай-ақ түзу, жаңа көшелердің салынып, жаңа мемлекеттік нысандардың бой көтеруімен тұспа-тұс келген. Қала өмірінен бой суытып үлгермеген, балалар үйінен жан-жақты тәрбие алып, орыс тілінде таза сөйлейтін анамның бойындағы барлық қасиеті ауылдағы өзі құралпы жас келіндерден оқ бойы озық тұрған. Сол кездерде орталық көшенің бойынан салынған әрбір нысанның құрылысының бітіп пайдалануға берілуі жастар үшін де, жасамыстар үшін де үлкен мереке болған. Алғашқы кеңсе құрылысы (бұл күнде ол жоқ, бұзылып кеткен) біткенде алдында ауыл жастарының ойын-сауығы болыпты. Сол ойын-сауықта анам би билепті. Біраз жастарды вальске қалай айналуға болатынын факстрот т.б. сол кездегі билермен орыстың, украйын халқының ұлттық биін қалай билеу керектігін үйретсе керек. Бұл жөнінде көп жыл колхоз кеңсесінде бухгалтер болып қызмет істеген Өтепбергенов Құдайберген (Тәңіртай) ағамыз көптеген қызықты әңгімелер айтатын. Биді енді жақсы үйрене бастағанда тәтемнің көзқарасын байқап қоя қоямыз,-дейтін ол кісі. Кейін осы жағдайларды жазамын-ау,-деп ойламағандықтан ба, сол кездері ылғый асығып жүргендіктен бе ден қойып тыңдамаппын. Сонда биге икемі, бейімі барлар тез қағып алып, кейін өздері де

би қимылдарын үйретушілерге айналыпты. Олар осы Тәңіртай ағамыз бен Қаспақов Серік ағамыз екен. – Сызылтып жеке ән айтқаны қандай еді, жеңешемнің! Нағыз Қыз Жібектің өзі еді ғой-дейтін. Кейін 1953-жылы клубтың алғашқы ашылуында да мамам биімен де, әнімен де айрықша көзге түседі. Осындай атаулы күндердегі үлкен ойын-сауыққа ұласқан жиындардың аяғы ауыл жастарының арасынан көркемөнерпаздар үйірмесінің құрылуына ұласады. Бірақ мамам көркемөнерпаздарға мүше болған емес. Ол кездегі үлкен мерекелері-мамыр еңбекшілер достастығы күні, 9-мамыр Ұлы Жеңіс күні, 7-қараша Ұлы Қазан революциясы жеңісінің күні. Сол айтулы мерекелерде, әсіресе 7-қараша мен жаңа жылда біз он алты үй Балпаң баласы Қасым тәтемдікіне жиналамыз. Ондайда сол кездегі жас жігіт пен келіншектер ер кісілерден Ысқақ па, Сетай ма, біздікіне келеді. –Ау, мереке жақындап қалды. Ылғый сол үйге салмақ сала бермей ортадан бірдеңе жинайық та,-дейді. Ақыры сол жинайтын нәрселерін жинайтын болуы керек. Кешке жақын Қасым ағамның еденін тақтайлатқан үлкен бөлмесінде жиналамыз. Ет асылып, дастархан жайылып жатады. Сол үлкен бөлмедегі пештің алды сахна. Өлең айтып, би билейтіндер сонда шығады. Ал домбырамен, мондалинамен, баянмен сүйемелдейтіндер төр жақта өзді-өз орнында отырады. Баянмен сүйемелдейтін көбінесе Ықыласов Қонысбай ағамыз. Мондолинамен Қасым ағам, ал домбырамен Шынтынбек пен домбыраны жаңадан ғана үйреніп жүрген ол кезде әлі балаң жігіт Алтынбек ағамыз. Біз балалар көбінше болский төсектің аяқ жағы мен пеш арасындағы қуыстау жерде ойнап отырамыз. Бала

дейтін, бала да көп емес сонда. Үш-төрт қана баламыз.

Бірде әлгі сахнаға (пештің алдына) мамам тұрып алып, төбесіне бес кесе (шай құятын) қойып мойнын қылт-қылт еткізіп өзбекше би биледі. Билеп жүріп бірнеше рет отырып-тұрды. Кеселер қозғалған жоқ. Жиналған туыстар бәрі ду ете қалып шапалақ ұрып жатыр. Ақыры өлең айтуын талап етіп, шапалақ ұрып қоймады. Ол кісі сол кезде жаңа шыққан әндердің бірін орындап еді, қайындары кеу-кеулеп қоймай сұранып, Гаккуды айтқызды. Мамам радиодан естіп жүрген Гаккуды содан еш кем емес қып орындап шықты.

– Ой, алтын жеңешем!

– Ой ақ жеңешем! Нағыз Қыз Жібек!-деп отырған жұрт дуылдай қошеметтеп ризашылығын білдіріп жатты. Бірақ осылайша жас әйелдердің ән салып, би билеген кездерінде екі үйдегі апа да ол үйде болған жоқ. Шамасы бір жаққа кеткен. Ол кісілер үйде болған осындай туыстардың жиынында тек бір-екі ер кісі кей-кейде ғана домбырамен ән айтқаны болмаса, келін біткен дыбысы да шықпай бір сызықтың бойымен жүргендей күн кешетін. Мұндайда көбіне құран оқылады.

Үйге дейін мені арқалап, көтеріп келген әкем, сыртқы есіктен кіре бере мені жерге түсірді де мамамды шапалақпен салып жіберді. Осындай жағдайлардан соң мамам бірте-бірте көпшілік арасында би билеуді де, ән салуды да сирете бастады. Анамның бойындағы осы бір асыл қасиеттерін ауыл қыздарының ішінен Зейнебіл, Қанаш, Игенбай ағамыздың жиен қызы Дина және бір кездері Сейдуалықызы Тынышкүлден естісем, кейін тап осы уақытта, ойламаған жерден маған көршілес қоныстанған Боздақ келіндерінің ішінен Әзімханның

әйелі Майдаштан естідім. Ол кісінің қыз күнгі азан шақырып қойған аты Баян. Туған қайын сіңлісінің аты осындай болғандықтан барлық абысын-ажыны Майдаш-деп кеткен.

– Женешем, жарықтық керемет жақсы кісі еді ғой! Жаңа келін боп түскенімде, бүкіл ауыл әйелдері бір төбе, ол кісі бір төбе боп көрінуші еді маған. Клубта бәрімізге би үйретуші еді. Вальске айналып, факстротқа билеуді сол кісіден үйрендік. Жүрген жері жайнап кетуші еді. Үлкендерді сыйлауы қандай еді, шіркін! Анадай азулы, айбынды кісіге келін болу да оңай емес қой. Соның бәрінің ретін қалай тапты десеңші! Енді міне біз де кемпір болдық, –деді жастық шағын сағына еске алған жеңгей.

Совхоздан алғаш келген кезде болуы керек. Бір күні біз мамам екеуіміз жолға шықтық. Қаладан шыққан соң, 27-разъезд деп аталатын жерден көліктен түсіп, ары қарай жаяулап бірталай жүрдік. Бір ауылға келген соң әлдебір көлікке отырып жал-жал құмның арасындағы жолдан түсіп қалдық. Құм арасындағы жол біздің ауылдың арғы жағындағы Қарақұмға ұқсас жерге келіп тіреліп жоқ болды. Алыста қыраттау жерде баз, одан біраз алшақтау жерде жалғыз киіз үй көрінді. Біз сол киіз үйге жақындағанда алдымыздан абалап бірнеше төбет иттер шықты. Артынша жаулығы желбіреп бір апа, ол кісіге ілесе сақалды ата және басында әдемі орамалы бар жас келіншек шықты. Бұл мамамның әкесі Әмірдің немере қарындасы Жеріндіктің үйі екен. Ақсақалды кісі Жеріндіктің күйеуі Қарабай, ал жас келін жаңа түскен, ол кісілердің жалғыз ұлы Рахаттың келіншегі өзбек қызы Тоқташ екен. Ол кісілер «Рахат»

деп аталатын ауылдың тұрғындары. Қарабай кісі сол ауылда шопан, ал баласы Рахат көмекшісі екен. Бар ынта-ықыласымен қарсы алған ол кісілер бізді бәленбай жылда әрең табысқанда кетем деуші болма, деп көпке дейін жібермеді. Сол кезде ол кісілер ауыл ортасынан үлкен үй салып жатыр екен. Ол үй әне-міне бітейін деп тұрған көрінеді. Ақыры сол үй бітіп, біз сол үйдің тойханасына қатысып барып қайттық. Шығарып салғанда Жеріндік апа бізді қимай, енді қашан көрісеміз,-деп ұзақ жылап қоштасты. Сол кездегі бар жақсы маталардан көйлек кигізіп, тіпті бұл ауылға келмеген әпкеме де сыйлық беріп жіберді. Кейін мамамды бірнеше жыл қаладағы атақты гинекологқа емдеткен де, айлап өз үйіне жатқызып, атақты тәуіптерге қаратқан да осы кісі. Бірақ тура мамамның анасы құсап қанша емдетіп, қанша қаратқанымен еш сеп болмады. Мамам сол күйі бала көтермей қалды. Бұл жағдай біздің отбасымызға ауыр мұң, таусылмас қайғы әкелді.

Алғашқы клуб меңгерушісі Мадияров Ысқақ, менің әкемнің құрдасы, әрі ең жақындарының бірі. Ол кісіні сондықтан да кейінгі келіндер «Зап. Құлып» жәкем-дейтін. Ысқақ кісінің өзі де көркем сөз оқудың шебері еді. Небір күлдіргі жайларды сахнаға шығып алып, нәшіне келтіре орындағанда халықты қырантопан күлдіріп, ішек-сілесін қатыратын. Анау-мынау артистерінді шаңына ілестірмейтіннің нағыз өзі еді. Кейін ес біле бастаған бала кезімізде ол кісінің ойынына өзім де талай куә болдым. Шамасы оншақты жылдай клубты басқарды-ау. Ол кісіден кейін Қыдырбайқызы Алтынкүл зав. клуб болды да, Ысқақ көкеміз ауылдың кітапханасында кітапханашы болып істеді. Алтынкүл

зав. клуб болғанда ауыл жастарынан ұйымдасқан көркемөнерпаздар үйірмесі Халық театры атағын алып, аудандық, облыстық жарыстардың жеңімпазы атанып, үлкен абыройға бөленді. Сондағы көркемөнерпаздар мүшелерінен есімде қалғаны Сүйінбаев Тыныстан ағамыз бастаған оркестр түрлі күйлерді құйқылжыта орындаса, Жақашева Әзия мен Жақашев Әнуар өзбекше би билейді. Боранбаев Әшімхан, Шекеев Әзімбек, Атқашева Нұрила, Жаманқараева Сарқыт кейде Шекеева Баян, Желдікбаев Жамбыл т. б. кісілер жеке дауыста ән шырқайды. Ал Тойшыбеков Жаманбай ағамыздың сахнаға атып шығып кавказ билерін билей жөнелуінің өзі бір таңға әңгіме болардай, ауылдастарын мақтаныш сезімге бөлердей-ақеді. Көпжасаров Шалабек көкеміздің пошташылық жұмысының өзі неге тұрарлық десейші?! Бірде біздің үйге газет әкеп тұрған ат үстіндегі ол кісіге мен: -Көке, кеше сіз бізге бір газеттің бір номерінен бірден екі газет бергеніңіз қалай? Мына газеттің артық біреуін алыңыз да, маған келесі санын әкеп беріңіз. Ондағы әңгіменің жалғасын оқи алмай қалатын болдық қой. Мен оны апама оқып беруім керек,-дедім. Сонда жасым онға да жетер-жетпес маған ол кісі: -Кешір, айналайын! Қолым тисе бүгін кешке дейін, қолым тимесе ертең осы уақытта қалай да тауып әкеп беремін, біреудікімен ауысып кеткен шығар,-деді. Баласынып ұрсып тастамай, үлкен адамға уәде еткендей, ертесіне сол уақытта әлгі газетті тауып әкеп қолыма ұстатқан ол кісінің сол ісі тап қазіргі уақыттағы кез келген адамға үлгі болғандай. Жауапкершіліктің үлкен, кішісі жоқ. Міне, қолға алған іске үлкен жауапкершілікпен қарау деп осыны айтса болады. Осы кісінің пошташылық

ісінен тағы бір есімде қалғаны Ақәділ ағамыз жайлы ән жазылды дегенді естіген бе, әлде мектепке тиесілі газеттерді әкелген уақытқа сәйкес келді ме, бір күні үлкен үзіліс кезінде, ән-күйден сабақ беретін ағайымыз Сейтжанов Сейтқасымның қолына газет ұстатып кетті. Жалғыз газетті қолына ұстап алған ағайымыз балаша қуанып, үзіліс бітпей тұрып-ақ бізді сыныпқа шақыра бастады. Ағайымыз қуанып тұрғанда неге сыныпқа кірмеске? Біразымыз қоңырауды күтпей-ақ сыныпқа кірдік. Ол кісі басын сілке шашын кейін қарай серпіді де қолындағы баянын қиық-шиық еткізіп отырып, газет бетіндегі нотадан батыр ағамызға арналған әдемі әуезді әнді шығарды. Сабақ соңына қарай әнді үйрене бастағанымызға мәз бола қуандық. Сондағы батыр ағамыз жайлы әннің сөзінен есте қалғаны мынау.

Жеңістің тулары желбіреп,

Нұр құйған адамзат жанына.

Ұрпақтар дәстүрлеп сыйлайды өзінді

Гүл егіп, батырлар жолына.

Е-ей, Ақәділ ағажан, бұл ісің,

Өшпейді, мәңгілік тірісің!

Елімнің, жерімнің байлығын, бақытын,

Қорғаған ерлердің бірісің! *(Бұл қайырмасы.)*

Біз жастар бейнеңе қараймыз,

Шыққандай өзіңнен қаһарлы үн.

Сол бір үн әлемге жар салып тұрғандай,

Болмасын дегендей сондай күн.

(тағы қайырмасы айтылады).

Осындай тамаша патриоттық әнді қазіргі ұрпақ айта ма екен? Егер айтатын болса бұл кешегі қан майданда қаза болған батырға зор құрмет, әнді де, қаһарман ба-

тырына арнап осындай тамаша ән тудырған авторды да құрметтегені ұмытпағаны болар еді. Халқымыздың жақсысын бағалап, жаңа өмірге, жас ұрпаққа жеткізгені, сонымен қоса әрбір ұрпақ үлкен өнеге алып, патриоттық сезімге бөленіп өсіп келе жатқаны дер едім. Барымызды бағалап, сақтай білу аса мұқтаж, әрі керекті қасиет.

Бірінші сыныпты бітірген жазда-ақ әкемнің қаладан әкеп берген түрлі-түсті кітапшалары «Омар мен Құмар» ұмытпасам «Ақылбай атайдың бақшасы» деген кітаптарды ежелеп оқып тауысқан соң күзге қарай «Балдырған» журналын жүгіртіп оқи бастадым. Ара-арасында апама да оқып беретінмін. Өстіп жүріп оқитын кітапшалар мен журналдар таусылып қалған соң ұмытпасам күз ортасынан ауа үйдің қасындағы колхоз кітапханасына бардым. Содан бастап жиі-жиі кітапханадан кітаптар алып оқитын болдым.

Бұл кезде колхоздың жаңа кеңсесі әлдеқашан пайдалануға беріліп, ескі кеңсе кітапхана болған. Келер жылғы жазғы каникулда тағы да кітап алуға барған маған Ысқақ көкем ең жас, әрі белсенді оқырман-деп Гей Де Мопассанның «Гуливердің саяхаттары» атты шығармасын сыйға тартты.

Сол 1960-жылдардың басында Жақаш Мамырұлы ақталып газетке үлкен мақала шыққанда, әйел, балашағасы мал сойып, елдің ақ сақал, қара сақалын жинады. Апаммен жақсы силастықтағы Мақып апа бұл жиынға ол кісіні де шақырыпты. Жиынға мені ертіп барған апам қақ төрде, мені оң жақ тізесіне сүйеп отырғызып қойған. Жақашқызы Әзия-менің алғашқы ұстазым газеттегі әкесінің ақталғаны жайлы бір бетке жуық, суретімен шыққан мақаланы оқып отырып көз

жасы көйлектің сыртынан киген қара нымшасының (қысқа қамзол) омырауына төгіліп отырды. Ол кісі мақаланы оқып отырғанда шыбын ызыңы білінетіндей тыныштық орнады. Сол кезде мен көп болса бірінші ме, екінші ме сыныпты бітірген кезім. Бірақ осы жағдай, бір ерекше оқиға болған соң ба, күні кеше болғандай көз алдымда тұр. Оқиға жалғыз ұлы Әнуардың үйінде болған еді. Ол кісі колхозда әр түрлі қызметтер атқарды. Жақаштың үлкені-қызы Әзия. Ал Әзия ұстазым оқу-ағарту ісінің озаты, бірнеше медальдары бар, зейнеттегі ұлағатты ұстаз. Осы ұстазымыз кейде ұзақ уақыт жоқ боп кетіп, орнына Ырысқұлбек көкеміздің жұбайы Мәуіті апайымыз сабақ беретін. Сонда ол кісі Каз.Гу ге сырттай оқуға түскен екен ғой. Ол кісі сессияға кеткенде ұзаққа кеткендей көрінеді екен. Біз ол кісіні шешемізді сағынғандай сағынушы едік. Ал Мәуіті апаның сабағы да, даусы да ол кісіге қарағанда өзінше ерекшелігі бар еді. Әрбір сөзін баптанып, таптанып, шегелей сөйлейтін ол кісі бірде бізге мынадай ән үйреткені әлі күнге есімнен шықпайды. Ол ән октябрияттар туралы еді.

Октябрият бесеуіміз,

Бірге сабақ оқимыз.

Бірге жұмбақ шешеміз,

Бірге кесте тоқимыз.

Біз бесеуіміз, бесеуіміз.

Ынтымақты ұл-қызбыз.

Біз бесеуіміз, бесеуіміз.

Бес тармақты жұлдызбыз,-деген ән шынында да бізді бірлікке, ынтымақты болуға үйретті-деп ойлаймын. Сол шегелеп сөйлегенінің, талап қойғыштық және сол қойған талабының орында-

луын орнымен қадағалай білгенінің арқасы шығар бұл күнде бала-шағасы, жалпы ұрпағы жаман емес, қатар-құрбысының алды деуге болады.

Сол жылдарда Қанткүл әпкемнің күйеуі Сейітқадір жездем оншақты ағайын-туысымен күйеу түсіп, есік ашып келді. Барлық салт-жоралғылар жасалып, біздің ағайындар келген меймандарды үйме-үй шақырып мәре-сәре болды. Сонау, сол елге барып әпкеміздің тұрмыс-жағдайларын бір емес бірнеше рет көріп келген екі үйдегі үлкендер, бұған дейін де қам-қарекетсіз емес еді. Жездем мен әпкемнің «түсіп» келуінен кейін дайындықты жылдамдатты. Жетекші орында баяғыша Бүбішай апам. Ұлдықыз әпкем көмекші. Қолында бар жүн-жұрқасын, маталар қиындысын апам әкеп береді. Қыстай құрақ құрап шыққан апам, ерте көктемнен жүн бояп, жаз шыға екі текеметті қатар басты. Терме, бұқар терме алашаларды бұған дейін тоқып қойған. Не керек, жаз аяғына таман артынып-тартынып, төрт-бес кісі әпкемнің төсек-орнын апарып келді. Келген соң көп шығындатпайық деп аз ғана адам боп барғанын, әпкемнің үйінің көркейіп, жайнап кеткенін айтып, біразға шейін мақтанышпен әңгімелеп жүрді. Зердесінде, негізінде іскерлік бар әпкем, кейін өзі де іскерлікпен айналысып біреуден ілгері, біреуден кейін әп-әдемі үй болды. Алғаш үлкен ағасының үйі ретінде тәркініне келе қалса алдымен біздікіне келетін Қанткүл әпкемді Ұлдықыз әпкем қызғана берген соң апам өзі рұқсат етіп:

- Қанша десе де бір құрсақтан шықтыңдар ғой алдымен Қасымдыкіне-ақ бара бер, қарағым,-деп сол үйге бейімдепті. Өйткені папамның бірге туған Наз-

тай әпкесі бар. Қала берді Құлкерім мен Шажат туған жиендері бар. Қасым мүлде жалғыз болмасын дегені. Сондай-ақ ол кезде үлкендер өзі сезгенін, көзі жеткен жайларды бала-шағасына ашып айта бермейді ғой. Ондағы мақсат ұсақ-түйек әрнені айта беріп ағайынның арасын ащы қылмау, ара жігін ажыратпау, деген сияқты ізгі ойлардан туындаған. Апамның бұл ойын ол кісі қалай түсінгенін қайдам. Ол өзіне ғана мәлім.

Қанткүл әпкем құжаттағыдай 1937-жылы емес, 1934-жылдың күзінде туған. Оны кейін құжат алуға барғанында қай кезде туғаның жайлы үлкендерден куәлік әкел дегенде, келіні Сейдікүлден үлкен қылғысы келмей, сол кісімен қатар қып беріп жіберген Ұлдықыз әпкемнің берген куәлігін, көңіліне қарап үлкендер растап қол қойып берген. Сол себепті ол кісі әбден кейін, 1937-жылы туған деген құжат алған. Мұны мен апам мен папамның өз ауыздарынан талай естігенмін. Апам мен әке-шешем Құлкерім тәтемнің де үй болып көкейіне көп үлес қосты. Тіпті ұшан-теңіз десе болғандай. Өйткені биыл дұрыстап кеткен үй, келер жылы қайта қалпына келіп тұратын. Апам: - Қайтсін, бала басты ғой,-деп қоятын, жеңгемізді. Бұл жөнінде көзі тірі замандас көршілері әлі күнге жырдай ғып айтады екен.

Сол уақыттың бәрінде былайша үстірт қараған адамға әкемнің аттан құлап, бес тәулік тілсіз жатқанынан кейін, бірден тұрып кетіп, еш зәксіз қатарға қосылып кеткендей көрінгенімен, ол жағдайдың әкеме, біздің отбасымызға келтірген зардабы аз болмады. Өзі тәуіпшілігі бар, ескілік ұғымдағы апам, баласының бойындағы іс әрекеттер мен мінез-құлқындағы кейбір өзгерістерді байқаған ол

кісі папамды үздіксіз, ауық-ауық ірі молдаларға оқытып отырған. Одан нәтиже аса байқала қоймағандықтан сол кісілердің ақыл-кеңесімен оташыларға қарата бастаған. Мұның бәрі сол еңбек етіп жүргендегі бір жұмыстан екінші жұмысқа, бір жағдайдан екінші жағдайға ауысып жүргендегі аралықтарда болса керек. Сондағы ескі ұғымдағы оташылардың ми шайқалғанға қолданатын ем шарасының түрі мынау. Емделушінің бойын, бас пішінін өлшеп, жерді адам сұлбасына ұқсатып қазады. Қазылған жерге бірдене төсей ме, төсемей ме оншасын қайдам. Бас жағындағы екі қазыққа қылдан ескен шылбырды шатастыра шандып байлайды. Аяқ жағындағы екі қазыққа мықтап тұрып жалпақ, ұзындығы 50-60 см-дей тақтай байлайды. Әкем сол шұңқырға шалқасынан жатқанда денесі жартылай жерге көмілген сияқты көрінді. Басы бас жағындағы арқанға, аяғы аяқ жағындағы әлгі тақтайға тіреліп жатыр. Екі-үш кісі, бірі оташы шал, бірі көмекшісі, бірі баяғы өз апам. Әкемнің аузына қалайы табақшаны тістетіп қойған. Сонда тісіне зақым келмейді мыс. Аяқ жағындағы тақтайды оташының көмекшісі бар пәрменімен үлкен ағаш балғамен ұрып жатыр. Бұл көріністің үстінен ойламаған жерден түскен мен, шар ете қалып, бар пәрменіммен әкеме ұмтылдым. Әкемді аяғынан ұрып жатқан адамды қолыма ілінген затпен періп жібергім келді. Әлдебір үшінші еркек менің қол-аяғымды қатты сермелеп, бар күшіммен қарсылық көрсеткеніме қарамай, көтеріп алып, есік алдына қарай ала жөнелді. Ал ана жағдай үйдің артындағы көлеңкеде, сәске түс мезгілінде болып жатыр. Мен бұл жағдайды бір-ақ рет көрдім. Сондықтан бұл жағдай бір-ақ рет болды деп

есептейтінмін. Сөйтсем бұл көріністі Шолпан бірнеше рет көрген екен де, үйдің бұрышынан сығалап қарап, әкеме жаны ашып жылап тұрады екен. Сондағы оташы кісі Шахшанбай атамыз екен. Көмекшілері есте жоқ. Үлкендер бұл істі балаларына көрсетпеуге тырысқан. Бұл ем шараның пайдасынан зияны көп болып анданда ауылдағы «достарымен» бас қосқанда «аханды» тоқтаусыз сілтейтін болған әкем енді өзгеше қылықтар шығара бастаған. Беймезгіл уақытта аң аулауға барамын, құс атамын-деп қос ауыз мылтығын оқтап алып, тысқа тұра жөнеледі екен. Үйдегілер байқаусызда біреуді ме, өзін бе майып қыла ма-деп жатта жабысып сыртқа жібермеуге тырысатын көрінеді. Алғаш анда-санда көрініс берген мұндай арпалыс әлгі ем шарадан соң тіпті жиілеп, ақыры үй-ішінде сұмдық үрей туғызған жайға ұласты.

Шырт ұйқыда жатыр екенмін. –Ah!-деген әлсіз бір үн шыққандай болды. Шошып оянсам әкем анама қос ауыз мылтықты кезеніп тұр. Ішкі бөлменің жабық тұрған жарма есігіне арқасымен жабысып қалған анамның түрі аппақ қу шүберектей. Ұшып тұрып қос ауыз мылтық пен анамның арасына тұра қалдым. Арқам анама тиіп тұр. Ал мылтықтың үнірейген аузы кеудеме шамасы төрт-ақ елі тимей тұр. Тырс еткен дыбыс білінбейді. Бүкіл дүние демін ішіне тартып қалғандай. Әкем шүріппені қайырған күйі өзіне таңырқай қараған маған едәуір қарап тұрды да, мылтықты бірте-бірте төмен түсірді. Қаруды қолына ұстаған күйі үш-төрт қадам артқа шегініп, орта тамдағы сәкінің шетіне отыра кетті. Ол біраз көзін жұмып, басын ұстап отырғанда ішкі тамның есігінің сықыры да білінбей ашылды. Апам бұған дейін

ішкі бөлменің терезесін ашып дайындап қойса керек. Оң жоқ, түс жоқ бір орнында қатып қалған анамды, сол терезеден сыртқа шығарып алды. Әкемнің қасына барып отырған мен оның қолын сыртынан сипай бастадым. Ол маған абыржыған, кінәлі жүзбен қарап:

- Қызым, қызым! Айналайын! Ойпырмай, құдай бір сақтап қалды ә!-деді. Сөйтті де сәкіге сүйеп қоя салған мылтықты қолына алып, қос аузындағы екі патронды менің көзімше алып тастады. Мылтықты апарып өз орнына ілгенімен, таң атқанша ұйықтамай теңселіп жүрді. Онымен бірге мен де ұйықтаған жоқпын. Апам мен анам қайда безіп кеткенін білмедім. Сонда мен көп болса 1-не 2-сыныпты ғана бітіргенмін. Ия ауру емес, ия сау емес бұл жағдайдан әкемнің аман-есен сауығыуына молда да емес, оташы да емес, ағайын-туыс та емес, тікелей себі тиіп, біздің отбасымызды бұл тығырықтан алып шыққан бірінші Алланың жәрдемі десем, екінші Құлкерім тәтем еді. Қайдан, кімнен естігенін білмеймін. Бір күні сағат 12,30-ның автобусымен тәтем жетіп келді. Ол кісіні үлкен қыздан туған жалғыз жиенім-деп апам қадір тұтып қастерлесе, артымнан ерген жалғыз қарам-деп әкем де ішкен асын жерге қоятын. Әлгі жағдайдан соң ба, әйтеуір ол кісі жұмыста емес үйде болатын. Ал анам жұмыста. Тәтеммен екеуі құшақтасып, көрісіп амандасты. Апам дереу ас дайындауға кірісті. Ас дайындап жүріп апам болған жайды тәтеме айтқан болуы керек. Әкемді де мұқият тындағаны есімде. Ол кісі бар жағдаймен оқиға егелерінің өз ауыздарымен танысқан соң, апама да, әкеме де дәрігерге қаралмай істің оңалмайтынын түсіндірді. Ол кісі әкемді оташының әлгіндей жолмен емдегенін естігенде тіпті шошып

кетті. Әкеме:

- Көзің ашық адамсың мұндай емге неге көнесің?- дейді. Ол одан бетер миыңды шайқады ғой! Өз-өзіне қастығың ба бұл?-деп кейиді. Апам үн қатпай өз ісінен шалалық шыққанын мойындағысы келмей біраз саза-рып отырады. Әкем алашапқын болып жүрген апамды ренжіткісі келмей, ондай емге еріксіз көнгенін мойындаса керек. Ақыры үлкендер бір келісімге келіп, сол жолы тәтем қос ауыз мылтықты өзімен бірге алып кетті. Аз күн өтпей-ақ ол кісі қайта келіп, ақыры облыстық аурухананың невропаталогия бөліміне әкемді емделуге жатқызып тынды. Ол жолы папам бір ай ма, одан да ұзақ па емделді. Содан былай екі-үш жылдай жылына бір-екі рет дәрігерге қаралып ауруханада емделіп шығып жүрді. Содан ол суық қару ұстап, әлгіндей елерме сияқты анда-санда көтеріліп кететін қылықтарынан құлан-таза айықты. Тіпті ащы суды да жылдар бойы аузына да алмай кеткен кездері де болды.

Өткен өмірді ой елегінен өткізе көз жіберіп отырып, қайран қаламын. Аттан құлағаннан да тірі қалып, оның зардабын емдемей-ақ «ұры» деген жалаға қалып, үш ай камалып шықса да, совхозда жүргенде папам отбасында мейірімді әке, қамқор жар еді. Өз аулымызға келгенде неге мұндай жағдайға ұшырады. Неге? Неге?!-деген сан сұраққа тағы да өзім жауап тапқандаймын.

Совхозда оған ешкім өткен оқиғаларды есіне салып жанын қажаған жоқ. Қайта күн сайынғы адал еңбегімен, ақ пейілімен, әрбір кісіге деген қалтқысыз қарым-қатынасымен жаңа ортада бедел жинап, абыройға бөленді. Өзімен жақын араласқан адамдардың сенімді серігі, адал жолдасына айналды. Олар да әкеме сон-

дай қарым-қатынаста болды. Бұл оған орасан зор күш-қуат беріп, күн сайын қуаныш сыйлады. Шайқалған ми қайта содан ем алғандай еш сыр бермей, сап-сау адамның күйін кешті.

Ал туған аулында ше? «Өз елің күншіл»-деген осы. Соғысқа дейін, «бай баласы»-деген атақ. Ана жерге алтын көмген. Мына жерге қазына тыққан –десе, одан кейін соғысқа амалдап бармай қалды, ебін тауып кетті-деген сыпсың сөздер соңынан қалмаған. Оның бәрін елемей ер жетіп «бозым жігіт» атанып, Қамбар батыр жырындағы Қыз Назымдай неше бір Назымдар жолына өрмек құрып жүргенде, ер кісінің маңдайына біткен «әйел» деген «байлықты» қызғанған «ер» шыққан. Некелеп алған жары да сол кездегі ел ішіндегі ерекше жан болған. Жалпы халықты, елді кіналаудан аулақпын. Әкем, айналайын, елімнің еркесі болды бір кезде. Соның бәрін қызғанған «ер» өз өмірінің соңына дейін тасада жатып тас атумен болған. «Халық айтса қалт айтпайды»- демекші жақсының да, жаманның да бағасын қалтқысыз дәл айтатын халқым әкеме де жаман баға берген емес. Бірақ «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді»-демекші тасадағы тас атқыш жаулығын еш қоймаған. Және де ол жалғыз болмаған. Тілеубаев Орынбасар ағамның тілімен айтқанда оның төрт-бес «жандайшаптары» болды. Олардың аты-жөндеріне дейін білемін. Бірақ керегі не?! Бәрі өтті-кетті. Жақсы да, жаман да қалған жоқ. «Сырттан келген жаудан іштен шалған жау жаман»-демекші, аңдысқан жау алдыртпай қойған жоқ. Соғысқа тылда жүріп-ақ бүкіл тыныс алу жолдарын құрбан еткен әкемнің көзге түсер көрнекті жігіт болғаны үшін өлмегенімен жүйкесіне зақым келді.

«Батыр аңғал»- деп тегін айтпаған ғой. Өзі арамдықтан алыс жүретін адам ешқашан жанындағы кісіні осы арам ойлап тұр-ау, арамдық іс істеп тұр-ау-деп ойламайды. Сондықтан да арамдар мұндай кісіні құлатпай қоймайды. Өз заманының ауылда ғана емес, бүтін бір аймақта, өз өңірінде қай жағынан да озып шыққан «бозымы» ақ көңіл, аңғалдығынан сүрінді де, құлады да. Құлағанмен мүлде құлдыраған жоқ. Қайта тұрып адамдығынан адаспай, адал өмір сүрді. Әкемнің тағы бір айта кетуге тұрарлық қасиеті. Сол 60-жылдардың бірінші жартысында екі-үш үйден кейін тұратын көрші әрі ағайын атамыз Боранбай қайтыс болды. Колхоздағы жұмыстарымен қоса ата-анам да, апам да тура бір жеті үй бетін көрмей кетті. Күндіз-түні сол үйде. Азанды-кеш мал жайғап, бір мезгіл от жағып кетеді. Өйткені күн салқын уақыт еді. Сонда бұл жағдайдан әбден ығырым шығып, қатты жалғызсыраған мен, ол кісілер біржола үйге келгенде: -Үйден безіп кеттіңіздер ғой,- деп наразылық айттым. Әкем: -Қарағым-ау, үздік-үздік жекжаттары, сыйласқан кісілері келіп жатыр. Жетісі өтпей жатып тарап кетсек, ел-жұрт, ағайын-туысы нашар екен-деп күліп кетпей ме? Жетісіне жетпей тарап кетсек елдігімізге сын емес пе? Ұят қой,-дегенде тағы қарап тұрмай: -Көрермін. Осы үйде бірдеңе бола қалса сол үйдің адамдарының сіздер құсап жүргенін,-дедім. -Тәйт, қайдағыны айтпа!-деді мамам. Япыр-ай, тіп-титтей кездегі сол сөзім шындыққа айналып, бірнеше жылда бұрынғы «Жаубасар» деп аталатын бір ата туыстар екіге Бәйбек, Балпаңға бөлініп, үйіне барып қызмет істемек түгілі, қазіргі кезде қазалы жағдайда бір-біріне көшеде көңіл айта салатын халге жетті. Европаланудың

басты көрінісі ме бұл, не сонда? Халықтық тәрбиеден алшақтау ма?!

Бұл кездерде әкем бұрынғыша «мен оқыған, мамандық иесімін»-деп ілгері ұмтылуды қойып барға қанағат ете бастаған. Ауылда әр түрлі шаруалармен айналысты. Бірнеше ер кісі қысқа қарай малшылардың қыстауы мен қора-қопсысын жөндейді. Жазда шөпшілермен бірге құмға барса құмда, ойға барса ойда, слесарь болып жүрді. Яғни көбіне трактордың шөп шабатын құралдарын жөндеп, пышақтарын қайрайды. Анам болса қызылшада, одан көпшіліктің қалауымен көбіне жаздай, күзге дейін шөпшілерге аспаз болады. Әкемнің совхоздан өз аулымызға қайта келіп, арасында біраз бос жүріп, бұйырған жұмысты атқарып жүргеніне біраз болып қалғанда колхозға жаңа бастық Тойбаев Күдербек келді. Ол кезде бұрынғы ескі кеңсе үйі бос тұрды. Кітапхана клубтың бір шетіне ауысқан. Сол себепті Ысқақ көкеміз де клубта. Ал бос қалған кеңсе үйіне колхоз председателі Тойбаев Күдербек отбасымен келіп жайғасты. Бізге үйме-үй көрші болғаны себепті кешіктірмей, ата-анам ол кісілерді ерулікке шақырды. Көп жағдайда жаңа басшыны қонаққа шақыра қалса көбінше үй егелерінің ойында, артынша айтылатын әлдеқандай өтініш тұрады. Ал менің әкемнің ойында қандай басшы келгенде де ондай ештеңе болған емес. Таза қазақи дәстүр бойынша ерулік беру. Осы жағдайдан соң бірталай уақыт өткенде әкемді ауылдағы құрылыс бригадасына басшы ғып тағайындапты. Сол баяғы өзімен бірге колхоздың әртүрлі жұмыстарын атқарып жүрген Кеңестің алыс бір шетінен көшіріп әкелінген орыс, украйын ағайындар. Андрей, Петя.

Тағы біреуін: -Әй, хохол!-десе, ылғый алқам-салқамы шығып жүретін, ұзын бойлы әлгі кісі: -Ау!-деп жетіп келетін. Сонымен қоса екі-үш қазақ ағайындар. Айналырған бес-алты адам. Жеңістің жиырма жылдығы болуы керек. Бұған дейін аудан көлемінде артта қалған көрші ауыл, Трудовой пахарь колхозына еврей халқының өкілі Нахманович басшылыққа келіп, шаруашылықта бірден оң өзгерістер бола бастады. Үлкен ауыл Түймекенттің орталық көшесі, бөлімшесі Ақжардың орталық көшесі түгелдей біркелкі ағаш рейкадан қиып жасалған шарбақпен (штaketка) қоршалып жатты. Мұның өзі ауылдарға бұрын-соңды болмаған көрік берді. Бұл жағдай көрші ауылдарға да әсер етпей қойған жоқ. Әкемнің басшылығындағы біздің ауылдың құрылыс бригадасы да, колхоз кеңсесін түгелдей, Ақәділ ағамыздың ескерткіші тұрған баумен қоса ағаш шарбақпен қоршады. Клуб пен Сельмагтың азғантай ғана алды және мектептің орталық көше жақ беті түгелдей бірыңғай сәнді түрге енді. Орталық көше бірыңғай болуы керек деген талаптан болуы керек. Әлгі қоршауды ескерткіштің аумағына жататын жерден ары қарай жалғасқан Берік атамыздың үйінің көше жақ беті де осы шарбақпен қоршалып бола бергенде, әкемді тұтқынға түскен адамның үйін де әдемі шарбақпен қоршап, ысырапшылдыққа жол берді. Баяғы бай баласы екенін тағы да дәлелдеп шықты-деп жұмысынан алып тастапты. Хамза Есенжановтай үлкен жазушы емес, Қасым мен Мұқағалидай ақын да емес, Әблахат пен Шәмшідей композитор да емес, қарапайым еңбек адамын осылайша екі қолдағы бір күрегінен айырып тастап, ол тағы да бірталай уақыт жұмыссыз жүрген.

Ақыры жаздай баяғы механизаторлардың шөпшілер бригадасына ілесіп слесарлық жұмысқа кірді. Анам аспаз. Алғаш осылайша жаз бойына құмға кетіп қалған ата-анамды сағынып бұған дейін олардан бір елі айрылмаған мен қатты қиналсам керек. Келесі бір кезеңде: -Өмірін өксітпей қыздарыңды өздеріңмен алып кет,-деп апам мені ата-анама ілестіріп жіберді. Сонымен жыл сайын жаз бойы ата-анаммен құмда болатын болдым. Бір жылы шөпшілер бригадасы Көкөзектік Қасқырбай атаға қоңсы қонды. Келесі бір ретте қалың құм арасындағы базда қарауыл боп отырған Қарасулық Өмірбай мен Рәзия-деген кісілерге қоңсы қонды. Бұл кісілер өздері бір ерекше келісті, сонымен қоса аса балажан, мейірімді еді. Сол жылы шөпшілер қоныстанған көгалды жазықтың саздау жеріне Белдеубай атамыз бен Бағдакүл апамыз қоныстанған еді. Бір немересі жөнсіз ерке, бұзық болатын. Арқасына арқалап, айналып-толғанған апасын екі бүйірінен тепкілеп, шалқалап кеп жылағанда Бағдаш апаға қатты жаным ашитын. Осы жазықта отырғанда әлдебір механизатор темекісін шала сөндіріп, тастай салып, маң дала өртеніп кете жаздағаны бар. Әлгі кісіге әкем қатты сөгіс берді. -Темекіні шеккен соң дұрыстап өшіру керек. Әбден өшкеніне көзің жетпей, неге тастайсың жерге? Ыстық күнде мына дала лап етіп өртенсе өшіруге шамаң да жетпейді ғой. Су да алыста. Тырбандап таңнан тұрып жиып жатқан маяларың да түк қалмай, бар еңбегің заяда кетеді ғой. Әрберден соң өзің қосыла өртеніп кетуің мүмкін. Бұл сөзден кейін әшейінде де әкемді құрметтеп, сыйлайтын кісілер, әр ісіне барынша жауапкершілікпен қарайтын болды. Шөпшілер келесі бір жылы Шынтынбек ағамыз

бен Құпия жеңгеміздің үйіне қоңсы қонды.

Сол кезде жаз бойы алдағы қыстың қамымен сыртта жүретін механизаторлар, кейбір кештерде өздерінше ойын-сауық құрады. Көкөзек аулының тұрғыны ұмытпасам, Кенебаев Бекболат деген кісі «Құлагер» т. б. екі-үш әнді әуелете шырқағанда, тек сахнада тұрған жоқ демесең, ешбір әншіден кем орындамайтын. Қайта табиғатынан ерекше дауыс иесі, талай «әншімін»-деп жүргендерден артық орындаушы еді-ау. Қысқа шөп дайындау науқанын аяқтап ауылға қайтқанымыздың өзі бір операны көргенмен бірдей еді. Отбасына, балашағасына деген сағынышы кемерінен асып түскен механизаторлар таңнан тұрып мықты деген Белорусь тракторының біріне телешканы тіркейді. Телешканың үстіне, кузовтың жарым беліне жеткізе жылы әрі жұмсақ болсын деп пішен шөп салады. Күн көтеріле шай-суларын ішіп болған ол кісілер шай қайнатқан отты жақсылап сөндіреді. Содан соң телешкаға сыйғанынша мінген олар, қостан (станнан) ұзай бере бірінен соң бірі шырқата ән салады. Сондағы әсіресе көп айтылатын әндердің бірі «Құралай». Кәдімгі Досымжан Таңатаров айтатын ән. Бұл әнді Белдеубайұлы Әуелхан бастайды. Құлпыртып, жанынан неше түрлі сөз қосып, кейде күлдіріп айтушы еді. Музыкамен сүйемелдейтін баяғы трактор. Жазық, тегіс жерде бірқалыпты гүрілдесе, құм төбелерге келгенде моторға күш түскеннен барлығы дарылдай жөнеледі. Кейде тіпті құмға тығылып та қалады. Айналайын ер азаматтардың жолында жүк қалған ба, мұндайда бәрі телешкадан секіріп-секіріп түсіп өлеңдерін ысқыра жалғастыра жүріп, трактордың дөңгелегінің астына дүзгеннің бұтақтарын ба, қоян

сүйек пе салып, тығылған жерден шығарып алады. Біз анамыз екеуіміз олардың елпектеген қылықтарына қарап отырып мәз бола күлеміз. Көлікке қайта мінген олар: -Шу, жануар! Шу!-деді. Жануар гулеп жөнелді,-деп, бірі әлденені даңғыра ғып қағып бірі әлдебір таяқты домбыра ғып тартып бірнеше дауыста әндете жөнеледі. Күн кешкіре ең шеткі ауыл Көкөзекке бірнеше бел қалғанда, төбе басына шыға бере ұшар басын аппақ қар жапқан Алатаудың, бір-біріне жалғаса тіркесіп жатқан көкпеңбек белдері көріне бастайды. Осы кезде де ол кісілер уралап, қатты қуанады. Жиекке жақындап бір төбеге шыға бергенде күн батып, алыс тау етегіне таяу Королёвканың шамдары жарқ ете қалады. Жарқыраған жарықтар ілезде басқа жерлерде де жалғасын табады. Бұл да әлгі отбасын сағынған ағаларға үлкен қуаныш болғаны сондай әрбіреуінің көзінен де, сөзінен де, жас балаша елпілдеген әрбір іс қимылынан да сезіліп тұрады. Көкөзектегілерді түсіріп болып, Қарасуға қарай бет алғанда түн болып кетеді. Әлгінде ғана керіліп жатқан ақ басты кербез Алатау енді алтын бұршақ, асыл моншақ тағынғандай күйге енеді. Біз ауылға келгенде көшедегі шамдар самаладай жап-жарық болып тұрады. Ол кезде әрбір екі бағананың бірінде электр шамы жарқырап тұратын. Бұл кезде баяғы движок жойылып бүкіл жұртшылық орталықтанған электр жүйесіне қосылған. Ауылдар сонау соғыстан кейінгі жылдармен салыстырғанда әлде қайда көркейіп, шаруашылық қай салада болмасын өркендеп, өскен. Халықтың тұрмысы едәуір ілгерілеп, бұрынғы тоқал тамдардың орнын биік шатырлы ақ шаңқан үйлер басқан. Клуб, кітапхана, медпункттің жұмыстары жүйелі жолға қойылғаны өз

алдына, ауыл шетіндегі тоған жағасынан монша салынып, апта сайын тұрғындарға қызмет көрсете бастаған. Көше де, дала да күл-қоқыссыз тап-таза. Әр көктемде тоғандар мен су жүретін арық-атыздар тазартылып, су көздері тексеріліп, тал-дарақтар отырғызылып жататын. Тіпті мектеп жанындағы бау-бақшада тоғыз ай бойы мектеп оқушыларын еңбек сабағында, әр оқушыны үй жанындағы бауды қалай күтіп-баптау керектігіне үйрету арқылы еңбекке баулитын. Сондай-ақ бұл ботаника, биология сабақтары үшін де үлкен тәжірибе алаңы еді.

Бірде, шамасы күздің аяқ шені болуы керек. Ауылға атақты әнші Жүсіпбек Елебеков, бірнеше артистермен гастрольдік сапармен келді. Үй ішімізбен жақсы көретін әншіміз. Әкем қысқы соғымға байлап отырған жалғыз қойын сойып, артистерді үйге қонаққа шақырды.

- Мұндайда колхоз қой беруші еді ғой. Неге соны алмадың?-деген анама:

- Колхоздың қойын алған соң сыйлы кісіні сыйлағаным қайсы? Сый қылсаң сыпыра қыл,-деген. Қорадағы байлау малымды сый қонаққа соя алмасам несі азаматпын?-деген. Ол кісілер концерттен кейін де таңға дейін біздікінде әдемі сұқбат құрып, арасында үлкендердің сұрауымен ән де салып отырды. Келесі күні біздікінде артистермен бірге болған Ж. Елебековпен құрдас боп шыққан Қосыбай атамыз қонаққа шақырды. Көрші ауыл Амангелдідегі концерттен кейін артистер Қосыбай атамдыкінде қонақ болды. Бұдан басқа ел аралап гострольге шыққан Ғарифолла Құрманғалиев пен Құрманбек Жандарбековтың 60қа толғандағы гастрольдік сапарымен келген концерттерін де отбасы-

мызбен жібермей көрдік. Осылайша қазақтың алғашқы өнер майталмандары, халықтың мақтанышы болған кісілерді өз көзімізбен көрдік.

Осы жылдарда біздің есік алдындағы бір үйлік бос жатқан жерге соғылған Аяпберген (Айтан) ағамыздың бір бөлме, бір дәлізден тұратын жаңа үйі бос тұратын. Ол кісі Рәшкүл жеңгемізбен МТФ да жұмыс істеді. Олардың бос тұрған үйіне жас отбасы баяғы Сейсенбай ағамыздың тұңғышы Зәру ағамыз кірді. Үлкен шаңырақтан отау боп бөлініп шыққан бұл кісінің Сансызбай, Жомарт атты үйелмелі-сүйелмелі екі кішкентай ұлы бар-ды. Зәру Молоковоздың жүргізушісі. Сол жылдарда ол кісі асқазан, ішек жолдары ауруға шалдыққаннан Кавказдағы курорттарға барып, емделіп жүрді. Ағамыз алыс сапарға аттанарда, бар керек-жарағын жеңгеміз Айбүбі қоңыр чемоданға мұқият қаттап салады. Аш белден қарыс жарым төмен салбырап тұратын қос бұрымын арқасына сәндеп сілкіп салып, гүлді шифон орамалын жарастыра тартып, чемоданды қолына өзі ұстап, бұрала басып күйеуін ілестіріп шығады. Автобус аялдамасына барған ол, көлік жүріп кеткенше сол жерде күтіп тұрады. Көлік орнынан жылжып алысқа ұзай бастағанда ғана үйіне қайтып оралады.

1963-жылы сол ағамыз нағашы апасы Қымқапқа «Кавказ»- деген жазуы бар әдемі таяқ әкеп береді. Ол кісі таяқты небәрі екі-ақ жыл ұстап қайтыс болады. Әпкемізді соңғы сапарға аттандырып салған соң көзін (ұстап, тұтқан заттарын) таратады. Әлгі таяқ әпкеміздің бауырларының бірі Әбдікерім ағамызға тиеді. Таяқты бірер жыл ұстаған соң ол кісі де қаза болады. Таяқ енді

келесі бауырының бірі Әбиге тиеді. Ай ма, ай жарым ба өткенде Әби ағамыз заулап келе жатқан Молоковозға қол көтереді. Үлкен кісіні тастап кете алмай машина кілт тоқтайды. Кабинаға асығыс мінген ата Зәру ағамызға өтініш айта бастайды. –Қарағым Зәру, ана апаңның таяғын алғалы менің тынышым кетті. Ол таяққа еге болу үшін дәрет алып, үнемі таза жүріп, таза тұру керек. Ғайбат сөзге, ғайбат іске бармау керек. Ол жағдайды бірде орындасам да бірде орындай алмадым. Түнімен таяқ мені сабап шығады. Ұйқыдан да, күлкіден де қалдым. Таяқты өзіңе қайтарамын. Алып кетші, қарағым!-дейді.

– Не айтып тұрсыз? Қайтып алғаны несі? Салт бойынша қандас бауырлары еге болуы керек. Біздің үйдегілер Әбдікерім атаға берді. Ол үйдегілер сізге берді. Енді таяқ сіздікі-дейді де атаны үйінің тұсынан түсіріп жүріп кетеді. Біраз уақыт өткенде Әби ата тағы да жол тосып тұрады. Тоқтамайын десе дәті бармай, атадан өтіп барып кілт тоқтайды. Көзі шүңірейіп, жағы суалыңқы көрінген ата кабинаға кіре бере Зәру ағамызға жалынады.

– Қарағым Зәружан, апаңның таяғын алып кет! Құлың болайын! Түнімен тырқырата қуып шықты-деп жылап жібереді. Қайтып алып оны не қыламын енді-деп ойға батқан Зәру, дегенмен Әби атаны аяп:

- Жарайды! Қайтар жолда алып кетейін. Дайындап қойыңыз-деп атаны түсіріп жөніне кете барады. Қайтып келе жатса таяқты жуып, аппақ ақ шүберекке орап алып, ата жол тосып тұр дейді. Зады «қасиет» деген осы шығар. Таяқты үйге әкелген соң Айбүбі жеңгеміз сандықтың түбіне салып қояды. Сөйткен жеңгеміз

де 1997-жылдың 19-қарашасында бақилық болды.

Тағы бірде жолда жүйткіп келе жатқан Молоковозды Көкөзектік Бөрте ата тоқтатады. Кабинаға жайғасқан ата өткен өмірінен сыр шерте бастайды.

- Қарағым балам, мен жастайымнан әке-шешенің жылы алақанын сезбей жетім өстім. Әркімнің есігінде бір жүріп әйтеуір итшілеп жүріп ер жеттім ғой. Қозылақтан бастап бақпаған малым қалмады. Ия үй жоқ, ия қатын-бала жоқ, сөйтіп жүргенде 40-қа жетіп қалдым. Бір күні есімді жиып мырзалығымен аты шығып жүрген бай ағайыным Төртбайға бардым. Бай үйге кіре беріп, төрде отырған ақсақалға тәжім жасап сәлем бердім.

- Иә, не ғып жүрсің?-деді ол кісі.

- Ата, өзіңіз білесіз, жастайымнан жетіммін... Жасым болса 40-қа келді. Ия үйім, ия қатын-балам жоқ. Азын-аулақ ақша қарыз берсеңіз... Басыма жеке үй тігіп, қатын алсам ба деген ойым бар. Ақшаңызды жемеймін. Еңбегіммен еселеп қайтарамын,-дедім.

- Ей, не айтып отырсың? Қайдағы ақша? Жетім болсаң қайтейін? Елге тарататын шүленім бар деп пе едің? Мына түріңмен қайтіп қайтарасың, сен? Қарыз бере алмаймын саған!-деп бетін қайтарып тастайды. Бай алдынан жылағандай болып шыққан Бөрте бірнеше уақыт өткен соң Тұрғынбай байға келеді. Сәлем беріп кіріп келген Бөртеге:

- Иә, қайдан жүрсің? Жоғары шық, жөніңді айт-дейді бай.

- Ата, мен Бөрте деген балаңызбын ғой. Жастайымнан жетім өстім. Істемеген ісім жоқ. Сонда да бір шыр бітпеді. Жасым болса 40-қа келді. Ия басымда үйім, ия қатын-балам жоқ... Соған аздап қарыз берсеңіз... Басы-

ма жеке үй тігіп, теңімді тауып бас құрасам ба деген ойым бар. Ақшаңызды жемеймін. Еңбегіммен еселеп қайтарамын. Төртбай ағайыныма қарыз сұрап барып ем, бетімді қайтарып бермеді. Ататай ендігі бар үмітім сізде,-дейді. Ол кісі Бөртеге аз-кем ойлана қарап отырыпты да бәйбішесіне бұрыла басымен меңзеп:

- Бәйбіше ақшаны әкелші,-дейді. Егде тартқан бәйбіше орнынан ауырлау қозғалып тұрып, жүк артына қол жүгіртеді. Жүк пен тұс киіз арасынан алып шыққан шағын бөз дорба ауырлау көрінеді. Тұрғынбай бай қолына алған бөз дорбаның аузын шешіп, ішінен оң қолының ұшымен бір шымшып қана ақшаны алып, санамастан Бөртенің алдына тастай салады. Жарқыраған саф алтын ақша әлденешеу болса керек. Сол ақшаға Бөрте алдымен 40 ұрғашы тоқты, алты қанат үйді үйге аса қажетті жабдығымен, ыдыс-аяғымен сатып алады. Содан 40 тан едәуір аса бастағанда үйленеді. Елуге таяғанда балалы-шағалы болады. Он шақты жыл өткенде Тұрғынбайдан алған қарызын қайтаруға келеді.

- Ата, ана жылғы сізден алған қарызымды қайтаруға келдім. Алланың нұры жаусын, сізге! Жағыңыз түспей жамандық көрмеңіз,-деп алтын ақшаларды алдына қоя бергенде, ол кісі санамақ түгілі көз қырын да салмай, бәйбішесіне иегін қағады. Бәйбіше ақшаны орнына қойып жатқанда:

- Пайдасын көрсең бопты балам! Қарыз едім, қайтарайын,-деп ойыңда жүрген екен. Осыныңнан тайма! Көсегең көгеріп, көрпең ұзарсын!-деп батасын беріп шығарып салыпты. Сөйтіп, бірінші Алла, екінші Тұрғынбай байдың арқасында үй-жай боп, балалы-шағалы болдым. Жатқан жерің жаннат болғыр-ай деп

Бөрте ата іштей дұға бағыштап, бетін сипапты.

Ата-анам шөпшілермен құмға аттанардан бұрынырақ болуы керек, жылда ма, екі жылда ма каникул кезінде біз апамның төркініне барамыз. Бірде арғы Ақтоғаннан бастап Қызыл Туға, одан Бірлеске келсек, бірде көліктен Ақыртөбеден түсіп Бірлеске одан Қызыл Туға одан Ақтоғанға барамыз. Осылайша төркіндеуді Бірлестегі Молдақұл нағашыдан бастаған бізді үйде жалғыз Иябала кісі қарсы алды. Ол кісі апама сіңлі, ал Молдақұлдың туған әпкесі. Көп жыл бірге тұрған күйеуінен осындай көрнекті, сырбаз, әйел затының асылы, бір перзенттің жоғынан ажырасып, інісі мен келінімен бірге тұруға мәжбүр болған. Сол кездегі тұрмыс үшін аса бақуат, малды бұл үйдің малының көбісін Иябала менімен келгендейтін. Былайша тәкаппар көрінгенмен аса шерлі кісі еді. Молдақұл мен Дариханың да жалғыз ұлдары бар. Үшеуі ынтымақ, бірлігінің арқасында жалғыз Әзтән мен Сайлаукүлден туған немерелерінің асты-үстіне түсіп, өбектеп отыратын. Бұл үйде екі күн болып, Қызыл Туға бардық. Ондағы тоқтайтын үйіміз баяғы Малдыбала апамның төркіндерінің ішінен Ақүрпектікі. Ол кісі жиырма бес жылдай колхоз басқарып, зейнетке шыққан. Әйелі Дәне апамыз қонақжай, ақылды, байыпты кісі еді. Жылда екі-үш бие байлап, қымыз ашытады. Бұл үйде аптаға жуық, кейде тіпті одан да ұзақ жатамыз. Себебі көп ағайынды бұл кісілер, бізді келді деп естісімен амандасуға келеді де, бірінен соң бірі үйлеріне қонаққа шақырады. Мәтқұлы, Жүніс, Молдақұлдың үйлері.

Үлкен үйдің батыс жағындағы биік алма ағашының көлеңкесіне сәкі құрған. Қалың қырау шалған қасы көзін жауып тұратын ата сол сәкі үстіндегі қабаттап



төсеген көрпеше үстінде отырып газет, журнал оқиды. Біздің ауылдағы бұл кісі тәріздес қарттар бұлайша газет-журнал оқи алмайды ғой-деп, бұған мен таң қаламын. Үлкен ұлы Сәкен мен келіні Әсембикенің сол кезде үш-төрттей баласы бар. Қазіргі әнші Гүлмира Ақүрпекова сол кезде көп болса үште. Өте ерке, жылауық болатын. Ал екінші ұлы Дүйсебай ол кезде шамасы әскерде болуы керек. Шымырдағы бар нағашыларды аралап болған соң, олар бізді қимай, кейбіреуі көздеріне жас алып шығарып салады да, біз апамның туған інісі Ерметтің жалғызы Әбдіғұлдыкіне Ақтоғанға барамыз. Ол үйде де апта бойы, кейде тіпті он күннен аса жатамыз.

Бірде ойдағы үйден қыраттағы үлкен үйге көшкен нағашымызға бардық. Әбдіғұл көкем түскі үзілісте үйде екен. Сыртта отынды сұрыптап жүрген Әсіл апам қарсы алды бізді. Көзін қолымен күннен көлегейлей бізге тігіле қараған ол кісі өзіне едәуір жақын қалғанда бізді танып, істеп жатқан ісін тастай салып алдымыздан шықты. Сағынышпен, ыстық ықыласпен құшақтары айқасқан екі кейуананың да амандаса бастағаннан-ақ кеуделерінен аһ ұрған шер ақтарылғандай болды.

– Қалай, аман-есенсіңдер ме?

– Е-е-ей, Біліс-ай, құлан жиып мал ғылып, құрама жиып ел ғылып, отырмыз ғой әйтеуір. Күннен күн озып, жылдан жыл озып барады. «Құрама жиып ел қылыптың» мәнісі ұзақ уақыт балалы бола алмаған соң біраз жыл бұрын Тамай жеңешем өзінің туған бауырынан ұл бала асырап алған. Нақ сол жазда екінші рет нағашы жағынан жақын туысатын кісіден бала асырап алса керек. Әсіл апа соны меңзеген.

Менің анамды енесінің атымен аттас болғандықтан



«Аттеріс» деп атайтын ізетшіл, аса көрікті жалғыз келіні Тамай, 1950- жылы бір ұл тауып, қайта бала көтермеген. Ал ол ұлдың өзі он айлығында үш-төрт сағат қана ауырып, шетінеп кеткен. Апалардың көңіл түпкіріндегі шерлерінің себебі сол еді. Есік алдындағы қайнап тұрған самауырды үйге кіргізуге шыққан Тамай жеңешем бізді көре салып тұра ұмтылып бар ыстық ықылдасымен, шынайы бейілімен амандасып, апам екеуіміздің де бетімізден сүйіп жатыр. Есік алдынан шыққан дыбыстарға елең еткен нағашының да сұлбасы көрінді есіктен. Бәріміз қауқылдасып үйге кірдік. Жаздың ыстығында салқын тұру үшін қараңғылап қойған үлкен терезенің бір жақ шетінен түскен жарық бөлме ішіне молынан жетіп тұр. Біз түскі шайға отырдық. Алыстан жол жүріп келген апам, бауырына арнап сөз бастады.

– Өзің жалғыз едің. Жасың болса бірталайға келіп қалды. Мына Тамайдың көлкіген көркіне қарап отыра бересің бе? Күш-қуатың барда қоя бер де басқа әйел ал. Әлде болса балалы-шағалы болғаныңды ойла! Әйелдің көркімен көп бола алмайсың,-деді мәселені төтесінен қойып қап. Әсіл апам тамағын бір кенеді де, алдындағы шайына үңіле төмен қарап отырып қалды. Біртүрлі боп тосылып қалған нағашым сәл үнсіздіктен кейін:

- Әпке, маған бауыр екеніңіз рас болса бұл сөзді екінші рет қайталамаңыз. Тамай мен өлген жерде өледі. Екеуімізді ажал ғана айырады. Құдайдың бергеніне қанағат, бермесіне салауат,-деді кесесін жеңешеме ұсына беріп. Бізге шай құйып, үнсіз жылап отырған жеңешемнің бота көздерінен аққан жас кеудесіне тамшылап отыр екен. Ол орамалының ұшымен көз жасын



сүртті де, ауыр бір күрсініп алып ары қарай шайын құя берді. Апам содан кейін шынында да бұл тақырыпты қозғаған емес. Біз қайтатын күн де туды. Әлгіндей жағдайдан соң да еш қабақ шытпай, бізді құрақ ұша күткен жеңешем, бізді шығарып салып бара жатып жолай дүкенге бұрылды. Дүкен ішін айналдыра қарап шыққан маған жоғарыда сәндеп іліп қойған көк креп-дешин орамал қатты ұнады. Жиектері мен ортасына салған раушан гүлдері тура тірі гүлдей жайнап тұр. Орамалға қызыға қарағанымды байқаған дүкенші түрлі тәттілерді, үнді шайымен қоса алып апамның сөмкесіне салып жатқан жеңешеме қарап:

- Мына кішкентай қызға ана орамал ұнап тұр-ау,-деді.

– Иә? Саған сол орамал ұнай ма? Ол орамалды да сатып алып:

- Жақсы болды қайта! Басыңнан күн өтпейтін болды,-деді. Өзінің аса көрікті екенін жақсы білетін сол жеңешем, кейін егде тарта бастағанда: -Бір кезде атты кісі атынан түсіп қарап, жаяу кісі жата қап қарайтын әйел едік, енді міне, біз де қартая бастадық,-деген.

Ауылға келген соң көп кешікпей-ақ әлгі орамал жоқ болды. Екі көшенің басынан, ортасынан, кейде екі-үш, кейде төрт-бес қыз менің ойыншықтарыма қызықтап, ойнауға келіп тұратын. Кімнен көрерімді білмедім. Қыркүйек боп, сабақ басталды. Мектепке келе жатып, дүкеннің тұсына жақындай бергенде, сол жақтан бірдеңе алып шығып келе жатқан бір топ қыздың ішіндегі бір қыздың мойнындағы орамал көзіме оттай басылды. Жанына жедел жақын барып:

- Мынау менің орамалым ғой!-деп жабыса кеттім.



Сасып қалған ол:

- Апаңнан біраз күн тарта тұруға сұрап алғанмын,- деді.

– Өтірік айтасың! Орамалды амалсыз маған беріп кері бұрыла берген ол:

- Алды-артын жалмап туған жалмауыз!- деді тістеніп. Мен бұрынғыша жыламай, сазара тістеніп тұрып қалдым.

Бұл кезде әйелінің аяғы келесі баласына ауыр боп жүрген Құлкерім тәтем әке-шешеме: -Келіндерің не туса да сендердікі деп жүрген. Ұзамай Зағаш жеңгем ұл тауып, тәтем сүйінші сұрап келді. Күн суық кез еді. Сүйінші сұрай келген ол кісінің Белорусь тракторына тіркей келген тіркемесінде сәл толмаған жүзген томарлары бар. Яғни бір қыстық отын. Үйдегілер қызы Гүлсараға менің баяғы құлпырған қоңыр қыжым пальтомды кигізіп жіберді. Бірер күннен соң әкем бір байлау қой сойып, етін түгелдей келінге қалжа деп қапқа салып, бүкіл жаңа туған нәрестеге керекті керек-жарағымен мамамды көшкен елдей ғып, папам Чапаевтың Тегістігіне апарып салды. Уәде бойынша жаңа туған нәрестені қырық күн емізіп, жеңгемізді қол-аяғын жиғанша күтіп сосын қырық күндік баланы алып мамам үйге қайтуы керекті. Біз өз шешеміз ұл тапқандай жүрегіміз жарыла қуандық. Қырық күннің әрбір сағатын, әрбір күнін санап зорға өткіздік. Қырық күннен соң анам соқа басы сопиып, қолында түк жоқ, көз жасы көл боп үйге қайтты. Ол көпке дейін өз-өзіне келе алмай, көз жасын бұлап жүрді. Тәтемізден кінә жоқ. Қырық күнге дейін сыр білдірмеген жеңгеміз, тура сол мамам баланы алып қайтатын күні, күнде шомыл-

дырып, сылап жүрген балаға мамамды жолатпай қояды. Бар жағдайды айтқызбай түсінген анам үйден отырған күйі үнсіз жылап шығып кетіп, ауылға ілінген көлікпен әрең жетеді. Жұмыстан келген ағам болған жайды түсініп әйелін біраз сабаса керек. Екеуінің арасындағы бала үшін болған ұрыс-керісті кейін әке-шешем әрең тоқтатты. Сонымен ол баланың аты құжат бойынша Бегайға ұқсас Бегалы да, жеңгеміздің атауымен Ақан. Осы күнге дейін солай. Бірақ осы жай бәрібір туған нағашы мен жиен арасына едәуір салқындық орнатты.

Үйдегі адам басының кемдігі үнемі байқалып тұратын. Апам әдеттегідей шақырған жерге кетіп қалғанда менің шашымды өріп беретін де кісі жоқ. Жұмысқа өте ерте кететін анамның мұндайға қолы тимейді. Ол кезде емізулі баласы жоқ әйелге тыныштық жоқ. Демалыс дегенді атымен білмейді. Таңның атысы күннің батысы жұмыста болады. Ал емізулі баласы барлар түсте бір сағатқа ғана баласын емізуге келеді. Ал жұмыс арасында кейде ғана ыңғайы келгенде мен үшін үйге соғатын әкем, шашымды сулап тарап, тастай ғып бес қасқалап өріп береді. Бұл үш күнге дейін тап-тұйнақтай болып жүруге жарайды. Шашым бұрқырай бастағанда, ойнай қалса менімен ғана ойнайтын, үй шаруасына өте ерте араласқан Серкебайқызы Нышанкүлдің үйіне барамын. Үнемі даладағы ошақтың алдында нан жауып отыратын көп балалы Айшақұл ана мұндайда мені алдына шақырып алып, шашымды тарқатып, сулап өріп береді. Шашымды сылай тарап отырғанда ол кісінің алақанынан аналық мейірімі есіле шығып тұратын. Мекірене сөйлеп:

- Айналайын, қайтсін енді әке-шешесі таңның атысы

, күннің батысы жұмыстан қолдары тимейді. Келіп тұр біздікіне. Күнде кел, ұялма. Мақұл ма? Сен әлі тамақ та ішкен жоқ шығарсың? Ол кісі тапаншадан жаңа алған ыстық нанды үзеді де, жаңадан ғана Нышанкүлдің күбіден алған майынан ортасына жағып маған береді. Менімен бір сыныпта оқығанымен Нышанкүл менен бір жарым жастай үлкен болатын.

– Әй, Сәбира, кесе әкел,-дейді келесі қызына. Ол жүгіріп кесе әкеледі. Жаңа піскен айранды кесеге шүпілдете құйған ол кісі:

- Ішпеймін,-дегеніме қарамай кейде алдап-сулап, кейде мақтап отырып әлгі нанды жегізіп, айранды ішкізіп бізді сабаққа шығарып салады. Ол кісі көп балалы болған соң ба, үнемі үйде болушы еді.

Осылайша жүріп шашымды да өзім тарап өре алатын халге жеттім. Ұзақ уақыт үйде жалғыз болудан жалыққан мен кейде бауырым Шолпанның құрбыларының жиналып ойнайтын жеріне барамын. Жаз айларында олар көбіне тоғанның өткелі тұсына жиналады. Назтай апамның үйінің бар тіршілігі мойнындағы бауырым бұл жерге кейде келсе, кейде келе алмайды. Балалар асыр сала ойнап, суға шомылып жатады. Ал мен суға түсе қоймаймын. Өйткені үлкендер суға түсуіме үзілді-кесілді қарсы. Суға ағып кетесің, ауырып қаласың,-деп қатты қадағалайтындықтан, өзге балалар сияқты суға түсуге қорқамын. Кейде біз қызылша егісіндегі аналарымызға жәрдемдесуге барамыз. Осындай кездердің бәрінде біздің үйдің артындағы биік бағананың басындағы (репродуктор) радио түрлі концерттер беріп жатады. Біз ауыл шетіне, тоған жағасына шыққанда келесі біздің оңтүстігіміздегі ауыл,

Аманкелдінің радиосының да дауысы анық естіліп тұрады. Дыбысты қызықтап, бақылаған кісіге осы кезде батыстан төрт-бес шақырым жердегі Түймекенттің де радиосының үні талып естіледі. Мұндайда бүкіл Қазақ даласы ән шырқап, күй тартып тұрғандай күйге бөленесің. Осы бір ләззатты шақты қимай кейде едәуір тұрып қаласың. Осындайда әсіресе Роза Бағланова мен Бибігүл Төлегенованың шырқаған әндері ерекше әсерлі. Осындай шақтарда Шолпанның жолдас қызы Райкүл Қожағұлқызы әнді радиомен қосыла шырқайды. Керемет!-деп бәріміз таңдай қағамыз. Сондай әсермен өскендіктен бе біздің замандастарымыздың дүниеауи пайымдары кең, мәдениетке, әдебиетке өте жақын, кең пейілді боп көрінеді маған. Шіркін! Қызғалдақтай құлпырған сол Райкүлдің осы бұлбұл үні мен әсем әні кейін, отызға да жетер-жетпес ажалына себеп боларын кім білген? Қайран Райкүл бауырым-ай, дүлей күштің құрбаны болды,-деп есітем.

Бұл кездегі менің міндетім үйдің ішін, сыртқы ауланы су сеуіп сыпыру. Жалғыз бұзауды анасын емізіп қоймай не қораға қамау, не ноқтасын басына кигізіп байлап қою. Үйдегі шелектерді ауыз сумен толтырып қою. Жалпы бұл тірлікке де мені ешкім мәжбүрлеп, тіпті мынаны істеп қой да демейді. Соның бәрін өзім барып жүрген Серкебай атамыз бен Айшакүл анамыздың үйіндегі өзім құралпы балалардың істеп жүрген істерін көріп, анама жаным ашып, өзім істей бастадым. Күбі де пісетін болдым. Осылайша анама әжептеуір көмегім тиетін шаққа жеткенде, бір күні бұзауды алып келуге ауладан сыртқа шықсам үй артындағы бос жатқан жердің ар жағынан, үлкен бір арқа қурай өз-өзінен бері

жылжып келеді. Әлгіге таңырқай қарап тұрып қалдым. Қурайдың үлкендігі сонша, бір шөмеле шөп жылжып келе жатқандай. Жақындағанда қурай астындағы аяқтың өз анамдыкі екенін танып, тұра ұмтылдым.

– Мама, мұныңыз не? Өзіңіз тіпті көрінбей қалыпсыз. Ауыр ғой, тастасаңызшы. Сосын-ақ үйге тасып аламыз. Шарбақтың үй артынан кіретін есігіне таяй бере анам қурайды да жерге тастап, өзі де отыра кетті. Әуелі менің жан ашыр даусым мен қамқор сөзім толқытқан екен деп ойлады. Иә, ол да бар шығар... Сол күнгі егіс басында болып жатқан сабан тойда, жүз грамды ұрттап алған, өзге ауылға күйеуге шығып кеткен бір кездегі абысыны:

- О, жатыры кепкен қар! Жатырың кеуіп екі ортада қайнымды қубас қылатын болдың ғой! Сен кедергі жасамағанда ана шалға тауып берген бес-алты баланы Шырақайға тауып беретін едім, деп мамама тұра ұмтылады. Не істерін де, не айтарын да білмей сасып қалған анамды өзге абысындары:

- Не ғыласың? Ішіп алған адамға дауа бар ма? Ақырын, білдіртпей үйіңе қайтып кете бер-дейді. Той басталғанша жинап қойған қурайға абдыраған көңілі басылғанша тағы да қурай теріп қосып, ызалы анам шамасынан тыс, ебедейсіз де ауыр отынды үйге көтеріп келеді. Анамның бұл реніші маған да қатты әсер етті. Бұған дейін құдай жоқ дейтін мұғалімдердің сөзінің әсерінен бе, түнде айдан, күндіз күннен менің анама бір кішкене бөпе бере көр,-деп тілек тілеп жалынатын мен, сол күні өскенде қалай да дәрігер боламын,- деп өз-өзіме іштей серт бердім. Әйтеуір анамды емдейтін дәрігер. Ол кезде мен ойлағандай дәрігердің гинеколог деп аталатынын да білмейтінмін. Міне осы



оқиғалардың баршасы мен бастауыш сыныпта оқып жүрген кезде болған. Сол жылдарда батырдың ауылы болғандықтан біздің ауылға небір атақты жазушы, әнші, ақындар келетін. Сондай-ақ жыл сайынғы әр жеңіс күнінде атақты әскери қызметкерлер әскерлермен келіп Ағаділ Суханбаев ағамыздың ескерткішінің түбінде салют беретін.

1965-66-оқу жылында мен бесінші сынып оқушысы болдым. Сол жылы денсаулығына байланысты оншақты жылдан аса мектептен қол үзген Елеубаев Қасым дәрігердің рұқсатымен қайтадан мектепке мұғалім болып келді. Ол кісі қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді және біздің сынып жетекшіміз болды. Күзде, бірінші тоқсанның бас жағында әдеттегідей газет-журналға жазылу науқаны басталды. Оқушылардың басым көпшілігі «Спорт»-деген газетке жазылады. Ол сол газетке жазылғандардың бәрінің спортпен айналысатынынан болмаса жанкүйерліктен емес, бағасының арзандығынан. Газеттің жазылу бағасы бір жылға 80 тиын. «Қазақстан пионеріне» жазылу үшін бір сом апаратынбыз. Сендер әлі пионер болғандықтан «Қазақстан пионеріне» сөзсіз жазылуларың керек, ал басқа қандай газет-журналға жазылсаңдар да еріктеріңде, дегендіктен мен «Қазақстан пионеріне» сонымен қоса «Лениншіл жасқа» жазылдым. Кейбір белсенді оқушылар пионерлер газетіне қоса «Білім және Еңбек» журналына жазылып жатты. Есептей келгенде баспасөзге жазылу бағасы, сынып бойынша менікі ең жоғары болды. Мұны естігенде бір бүйірдегі бір ер бала:

- Байдың қызы ғой, байдың,-деді. Арт жақтан біреу:

- Олар құмға алтын көмген ғой, алтын,-деп іліп



әкетті. Сыныптастар ду күлді. Сол сәтте-ақ сынып жетекшіміз әлгілерді қатаң тиып тастады. Бұл жағдай бұған дейінгі сыныптағы менің қарсыластарымның бұдан былай менімен абайлап сөйлесуіне ықпал етті. Ол кезде балалық, шалалықпен мені мазақтау үшін айтыла салған сөздің арғы жағында терең бір сыр жатқанын білген де жоқ едім.

Сол жылдары екі ауысымда сабақ болатын мектептің әуелгі салынған бөлігі тар болғандықтан мектеп корпусын алғашқы бөлігінен де ұзындау етіп жалғап соқты. Бұл кездегі мектеп бастапқы бөлігінен екі еседен аса ұзын және ең соңғы жағындағы бөлігінде оқушыларға арналған буфеті бар, ауылдағы ең үлкен ғимаратқа айналды. Буфеттің сатушысы Шекеева Баян.

Алтыншы сыныпты бітірген жылы әкем колхоз басшыларының шешімімен бір отар тоқты алып қойшы боп шыға келді. Осы жағдайға байланысты біз туылған, орталық көшедегі кеңсе қасындағы үйімізді келесі тоған жағасындағы, қазіргі А.Суханбаев көшесіне ауыстыруға тура келді. Колхоз қарамағына қарайтын бұл үйге көбінше өзге жақтардан келген мамандар, колхоз активтері тұратын. Колхоздың активтері тұрғанымен ол үйдің не қоршауы жоқ, не қосымша сарай, қора-қопсысы жоқ. Тіпті төңірегіне тал-дарак та егілмеген. Құры қаңқиған тамның қара басы ғана. Біздің алдында сарайы бар, артқы жағында қора-қопсысы бар, жанында бірнеше жеміс ағаштары өсіп тұрған, бүп-бүтін шарбағы бар, тал-даракқа малынған өз үйімізді бұл үйге баспа-бас ауыстыру себебі де сол адам басының аздығынан еді. Бұл жай маған әрине ұнаған жоқ. Бірақ үлкендерге қарсы шығу қайда!

Ақыры апамның ұйғаруымен Назтай апамның үйінің жанындағы жалғыз тамға көшіп келдік. Кейін осы айтылған жоқтың бәрін орнына келтіру, ойдағыдай үй қылуға қаншама уақыт кетті, қаншама еңбек сіңірілді десеңші! Үйге тиесілі жерге түгелдей ол кезде Белорус тракторының жүргізушісі боп істейтін Қосыбаев Әуес ағамыз арық тартып берді. Ауылға жақындау қоныста отырғанда әкем бұрынғы үйіміздің шарбағында өсіп тұрған талдарды қырқып әкеп бүкіл жерді қоршап шарбақ жасады. Сол кезде екі жақты алас ұрған әкеме қатты жаным ашыды. Бұрын орман ішіндегідей боп көрінетін туған үй жетімсіреп қалды. Абыр-сабырда үй төбесінде жатқан атам жасаған шаңырақ сол күйі қалып қойыпты. Кейін еске түсіп барғанда таппадық. Біреу алып кетіпті. Не себепті екенін қайдам, оларды салатын лайықты көлік болмады ма, әлде нақ сол тұста көтеріп салар кісінің реті болмады ма әйтеуір ішкі бөлмедегі жүк астында тұратын өте үлкен сандық пен одан сәл ғана кішілеу сандық та қалып қойған-ды. Әлгі шаңырақты алғандар болуы керек, кіші сандықтың аузын бұзып ашқан ұрыға біреу келіп қап кедергі жасады ма, үлкен сандықты ашып үлгермеген. Ал кіші сандықтың ішінде баяғы атамның бар кезіндегі бағалы заттан бар қалғаны үш үлкен күміс қасық, екі шанышқы бар еді. Жаз сайынғы үйді жайып, қағып-сілкігенде аузы ашылатын сандықтан апам «стампыл»-деп атайтын, ұзақ сақталғаннан сарғайып кеткен ақ шүберекке оралған осы ерекше өрнекті, ауыр салмақты, сырты сарғыштана жылтыраған заттарды көргенде, жеп-жеңіл қалайы қасық пен шанышқыға көзіміз де қолымыз да үйренген біздер таң қалатынбыз. Оны апам таза

күмістен құйылып, алтынның буына ұстаған бұйымдар дейтін. О баста бұл бұйымдар оншақты ма, жеті-сегіз бе болса керек. Біразын мамам келін боп түсерде апам пұлдап, соған анама арнап қынама бел қара қыжым бешпент пен нәзік өрнекті ақ шілтер «қыжым» орамал сатып алыпты. Міне, шаңырақпен қоса осы бағалы заттар да жоқ болды. Осы заттар еске түскенде ойлаймын, атам жарықтық түрлі әдеби кітаптарда жазылған байлардай орыстың ірі шенеуніктерін де қонақ қып қабылдап, күткен екен-ау деп. Әйтпесе біздің таза қазақ халқы мұндай бұйымдарды бертінге дейін пайдалана қойған жоқ қой.

Алғаш әке-шешем Сәмбет тоғанының шығыс жақ шетінде ай жарымдай отырды. Бір жағы қызылша егісінен жаңа ғана босаған дала, ары қарай ауылға көлденең орналасқан алма ағашымен жалғасып жатыр. Күзгі каникул кезі. Мен ауылдағы үйден біраз күнге әке-шешемнің қасында болуға бардым. Менің қастарына баруым оларға үлкен қуаныш сыйлады. Олар да мәз, мен де мәзбін. Сол күні күздің бір шуақты, жылы әрі көркем күні еді. Түс қайта малдағы әкемнің алдынан шығуға секіре басып, қой жайылып жатқан жаққа қарай бардым. Тоқтылар еш алаңсыз жерге жабыса жайылып жүр. Әкем көріне қоймады. Әрі-бері айналама қарай бастадым. Жан жағын ну қамыс көмкерген арғы тоғанның машина өтетін жолы тұстан екі атты жетелеп әкем келеді. Бірі өзі мініп жүрген ерттеулі күрең. Бірі шылбырмен басынан нокталай салған ақ боз ат. Мені байқаған бетте:

- Қызым, міне қарашы, мына ат енді біздің жеке меншігіміз. Бұл сенің атың болады-деді.



- Мынау ма? Мен оны менсінбегендей: -Тым сүмірейіп қалған екен-дедім. Папам: -Е,е, Балам-ай, күтімі келіспесе кім сүміреймейді? Не сүміреймейді? Бұны ана тепең торыға айырбастап алдым. Оның жүрісі жаман. Мінгенде ішек-бауырыңды үзе жаздайды. Ал мына боз нағыз тұқымы тәуір жорға жылқы. Күтімі болмағаннан әбден арықтап мүсәпір халге түсіпті байғұс. Жақсы атқа жаным ашыды. Әрі тұяғында да бірдеңе бар ма қайдам. Үйге барған соң асықпай тексеріп көремін. Екі аптадай уақыт өткенде-ақ боздың үстінде су шайқалмас жорға екені біліне бастады. Бір айдан соң құлпырып шыға келген боз жорға тура кинодағы Қыз Жібектің боз жорғасы боп шыға келді. Екеуіміз айрылмастай дос болдық. Жануар, мал болса да іштегі ойыңды сезіп қоюшы еді. Алғаш әке-шешем малға шығып кеткен соң оларды бір-екі ай көрмеген мен, анамды қатты сағынып:

- Мама, мына дүниеде сіз болмасаңыз мен қайтіп өмір сүретінімді білмеймін. Тіпті өмірде ештеңе қызық болмай қалатындай сезінемін. Сізді менімен мәңгі бірге болса ғой, деп армандаймын,-дедім.

- Е-е, жарығым-ай, тілегің қабыл болсын!-деп жауап берді ол кісі.

1966-67-оқу жылында пед. училищені бітірген Бегай әпкем жолдамамен Кеңес колхозының мектебіне мұғалім болып орналасты. Әкем біздің ауылдың қызы (Әбиірқұл деген кісінің) өзінен жасы үлкен, Шайділдакүл деген жесір әйелдің үйіне апарып орналастырып келді. 1967-68-оқу жылында сол ауылда мұғалім болып істеген әпкем, оқу жылының соңына таман тұрмысқа шығатынын айтты. Ол жылы



Үшағашта қыстаған ата-анам Гедеш пен Залу атты қарашай ағайындармен көршілес қонған. Соғыс жылдарында үкіметтің ұйғаруымен қоныс аударып келген Кавказдық ағайындардан сол уақытта осы жанұя ғана қалған. Қалғандары тегіс өз елдеріне, басқа да өңірлерге көшіп кеткен. Қыстаудағы қоржын тамның шығыс жақ шетіндегі бөлмеде Гедештің отбасы, батыс жағындағыда папам мен мамам тұрды. Ол кісінің әскер қатарынан жаңа ғана келген қайынысы қолында, әрі өзіне жәрдемші еді. Төрт-бес баласының бірі, бірінші ме, екінші ме оқитын Зухра дейтін өте сүйкімді қызы бар-ды. Оны еркелетіп Кукла дейтін.

Кешікпей жездемнің жағынан үш адам, Шайбала апаның өзі, әулеттеріндегі ең үлкен ұл-Қожан, жездеміздің ағасы, ағайыны-Әбдірахман құда түсіп келді. Бұл көктемгі каникул кезі болатын. Шұғыл қыз ұзату тойына дайындық басталды. 30-сәуір күні кешке басталған той, таңға дейін ұласып, таң шапағы біліне бастағанда автобус тола туыстар Қарасу көлінің үстіне салынған көпірге (платина) дейін қызды шығарып салды. Автобус Шажат әпкемнің күйеуі Асанхан жездемдікі. Әпкемді жаңа еліне, шын еліне Сейдікүл, Рәшкүл жеңгелеріміз апарып салды. Шығарып салушылармен көпірге дейін бірге барған мен, үйге қайтып келсем, кіре берістегі бөлмеге қойылған баяғы апамның қоңыр темір кереуетінің алдында әкем етбетінен түсіп жатыр екен. Шаршаған ғой, демалып жатыр,-деп ойладым. Бүкіл денемді ауыр бір зіл басқандай, басыма қорғасын құйып қойғандай сезіндім. Орта тамға жинамалы төсекті (раскладушка) жайдым да, құлай кеттім. Сол жатқаннан бір апта ес-түсімді білмей ауырыппын.

– Е-е-ей, Алла! Жа-рат-қа-а-н! Жанымдағы жалғыз қарадан айыра көрме!-деп күңіренген апамның даусынан көзімді ашып алсам, ол кісі мойнына ақ сүлгі мен тәсбісін салып алып менің бетіме төніп отыр.

– Тіфә! Тіфә! Көзіңді аштың ба? Қарағым-ау, басыңды көтеріп мына дәріні ішкі. Ол қою күрең шайға ұқсаған, удай ащы бірденені зорлап ішкізді. Бұл кезде апамның көру қаблеті нашарлап жүрген. Сол күйі апамның даярлаған шайын екеуіміз шоқшиып отырып іштік. Бір қызды күйеуге береміз-деп бәрін бірдей қирап түсе жаздадыңдар ғой. Әкең үш күн жер бауырлап жатып, әрең басын көтеріп қойына кетті. Сен мынау бір апта жаттың, қорқып кеттік қой, тіпті-деді апам.

Оқу жылы аяқталды. Бірнеше күннен кейін жақсы оқитын оқушыларды Алматыға, пионерлердің демалыс лагеріне сондай-ақ экскурсияға апарамыз. Сол оқушылар тізімінде сіздің де қызыңыз бар-деп Қасым ағам келді. Апам біраз ойланып барып рұқсатын берді. Жолға шығуға екі-үш күн қалғанда біз мектепке жиналдық. Улап-шулап, жолға қандай дайындық жасау керектігін сөз ғып, ақыры бір байламға келіп тараса бастадық. Бұл менің бесінші сыныптан кейін Сарыкемердің жанындағы пионер лагеріне барғаннан кейінгі үйден ұзап шығуым.

Өзге сыныптастарым бір төбе, бір сыныптас бауырым бір төбе еді. Өйткені сәби шағымда көп ауырып, ата-анам, апам, бауырларым ғана емес, бүкіл жанашыр туыстарымыз мені алақанында аялап ұстайтын. Көбіне үлкендердің қамқорлығында оңаша өсіп келе жаттым. Өте кішкентай кезімде баяғы совхозда, әкемнің қарауында істеген неміс отбасының баласы Витямен,

совхоздан келген соң көрші, украйын әйелі Панасюктің немересі Любамен ойнағаным болмаса ешқашан топ баламен ойнап көрмеген маған, көп баланың ортасына түскенде олармен тіл табысып кету оңайға түскен жоқ. Ауылда ата-анам ауырып қаласың,-деп көп баланың ортасына жіберген емес. Осылайша өсіп келе жатқан мен бірінші сыныпқа келгенде ешкіммен бірден достасып кете алмадым. Сыныптастарым мені артынан бала ілеспеген, еркетотай, үнемі апасымен бірге қыдырады, айттайды-деп, мазақтайтын. Бұл жағдай мені олардан одан бетер алыстатқандай еді. Ал мұғалімдер оқушыларға атасы мен апасымен қыдыруға тиым салатын. Бірбеткей, адуын апам олардың бұл талабына қыңбайды да. Ерткісі келген жерге бармаймын,- десе де ертіп алады. Әрине тек каникул кезінде. Біз үшінші сыныпқа барғанда ма, әлде екінші сыныптың жартысында ма, аулымыздың үшінші бөлімшесі Көкөзектен сыныбымызға Жұмағұлов Айдарбек-деген бала қосылды. Дене бітімі нәзіктеу келген шикіл сары баланың бетінде аздап сепкілі бар. Алдыңғы үстіңгі екі күрек тісінде сары қалы бар. Шаш үлгісі де елден ерекше. Маңдайында кекіл, екі самайында бір-бір жапырақ тұлым, сонымен қоса желке шашының да төменгі тұсын алмай қоя берген. Оқушылар оны да қатты мазаққа айналдырды. Тіпті шаштарын әр жерінен бір тартқылап жылататын. Бір күні оған қатты жаным ашып ара түсіп, бүкіл сыныптастарыма қарсы шықтым. Сыныптастар қақ жарылып екіге бөлінді. Менің ықпалды қарсыласым жағында балалар саны көп. Мен жақта үш-төрт қана оқушы. Айдарбек жәбірленіп жалғыз өзі оңаша тұр. Менің біраз айтқан

сөздерімнен кейін, әлгі саны көп, басым топтан бірнеше бала бөлініп бейтарап жағдайға көшті. Қай жеңгенің менікі дейтіндей. Қоңырау соғылып, біз сабаққа кірдік. Келесі ретте оқушылар мазақтай бастағанда Айдарбек еш қысылмай-қымтырылмай мені жақтап шықты. Екеуіміздің достығымыз осылайша басталып еді.

Күн жып-жылы, аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Бір күні мектептің алдын қоршаған шарбақтың сыртынан өтіп бара жатқан шағын денелі, шокша сақалды, сары шалды әпкейіміз Әзия тоқтатып алды. Жанында Айдарбек екеуіміз және екі-үш ұл-қыз оқушылар.

– Аға, мына Айдарбектің шашын шаштаразға апарып дұрыстап, оқушыға лайықтап алдырыңыз. Не мынау? Әп-әжептеуір баланың ұсқынын қашырып. Ертең мына баланың басы талапқа сай болып келсін мектепке. Сыныптастары да мазақтап, әбден мазасын алды-деді. Ертесіне шашын оңдап келген Айдарбек, шашының жаңа үлгісіне бойы үйренбегендіктен бе, сыныпқа кіре бергенде қайта-қайта басын сипап, қып-қызыл боп ұялып тұрды. Ар жағынан күн көрінетін құлағы да қып-қызыл. Ол өте зерек, барлық сабақтан жақсы оқитын, өте талантты әрі ақылды бала еді. Әр сыныптан жиналған озат оқушылардың қуанышты күлкісі мен әр түрлі ой-пікірлері баурап алғанымен, осы топта болуға тиісті бір оқушының көзге көріне қоймағаны көңілімді алаңдатты. Бір-екі оқушымен мұғалімнің берген тапсырмасын орындап, бекітілген тізімді қайта көшіріп жатып:

- Айдарбек неге көрінбейді? Тізімде де жоқ,-дедім. Әлдебіреу:

- Ол бармайтын болыпты. Сондықтан тізімде жоқ,-

деді.

– Нағыз баратын оқушы сол еді ғой. Онысы несі?

– Қайдам, өзі солай депті ғой.

– Өзі бармаймын,-депті. Бәрі үйді-үйіне тарай бастады. Атқарған ісімізді, жазған тізімді мұғалімге тапсыру үшін екі оқушы мұғалімдер бөлмесінің есігін қақтық. Қағаздарды мұғалімге табыстап, мектеп алдына шықсақ, есік алдындағы үйеңкі ағашының көлеңкесінде мұрнының ұшы шып-шып терлеп Айдарбек тұр. Ол бұл жиынға өте кеш келіп, тарқағанша сыртта бізді күтіп тұрыпты.

– Айдар, сені неге бармайды,-деп жатыр? Сен шынымен-ақ Алматыға бармайсың ба? Қысыла қипақтаған ол:

– Мен бармайтын болдым,-деді аяғындағы туфлиінің ұшымен жерді сызғылап. Білдірмеймін дегенмен, іштей қатты қынжылып тұрғаны білініп-ақ тұр.

– Не болды? Үйдегілер жібермей жатыр ма?

– Қаражат жоқ-дей ме? Ортадан қаражат жиып берейік.

– Жоқ керек емес, рахмет!

– Енді не?

– Көкем қаңғымай, одан да жаздай қырманда жұмыс істеп қаражат тап,-деді.

– Сонда жасың жетпесе де сені қырманға жұмысқа ала бере ме?

– Ағаларыңның қасында боласың-дейді.

– Көкең дұрыс түсінбепті ғой. Мұндай мүмкіндік әрдайым бола бермейді. Мүмкін ол кісіге біз түсіндірерміз. Көзіне келіп қалған жасты әрең-әрең тоқтатып, өз-өзін мықтап қолға алғысы келген ол зор-

лана күлімсіреп:

– Оқасы жоқ. Аман-есен болсақ әлі Алматыға талай рет барамыз. Мүмкін мектеп бітірген соң сонда оқуға түсермін. Бірақ сендерді де қимай тұрмын. Сондықтан толқып кеттім. Қош болыңдар! Жолдарың болсын!-деп, қол алыса қош айтысты. –Мен бүгін ауылға, Көкөзекке барамын. Ал ертең-бүрсікүні қырманға баратын шығармын. Бұл кезде Айдарбек бесінші сыныптан бастап «б» сыныбына ауысып кеткен. Колхоз орталығында тұратын біздер «а» сыныбындамыз. Олар Көкөзек, Қарасудан келетін балалар интернатта жатып, «б» сыныбында оқиды. Бірақ біздің достығымыз сол бұрынғы бастауыштағыдай қалпында қалды.

Ұзамай біздің ауылдан 12-13, көрші ауыл Ақжардан 12-13 барлығы 25-26 дай оқушы, ол ауылдан бір мұғалім, біздің ауылдан бір мұғалім, барлығы 27-28 дей адам үлкен қызыл Икарус автобусымен Алматыға жол тарттық. Үлкен қала, оның үстіне Қазақстанның астанасы Алматыдан алған әсеріміз ұшан-теңіз. Бәріміздің кеудеміз шаттыққа толы. Алғаш Шынбұлақтағы пионерлер лагерінде, таудың биік орманды бөлігіне тігілген аппақ шатырларға орналастық. Күнде екі альпинист жігіт тау-тасқа саяхаттап, серуендеуге алып шығады. Осы күндердің бірінде таудың ақ басты қарлы шыңдарына көтерілген біз, қайта төмен түсіп келе жатқанда, сыныптасымыз Жанысбаев Сағат шалт қозғалып қалып, тау басынан төмен қарай дөңгелей жөнелді. Оншақты бала шулаған күйі орнымызда қатып тұрып қалдық. Сағат дөңгелеген күйі орманның бастала берер тұсына жақын жар басында өскен бір ағашқа барып шалбарының белдігінен ілініп қалды. Бірге жүрген

жолдасымыз майып боп кете ме,-деп зәреміз қалмады. Аллаға шүкір! Альпинистердің бірі бізді қылп еткізбей ұстап тұрды. Екіншісі беліне байлаған ілгекті жіпті (арқан) әлдебір тасқа бекітіп, өзіне ғана тән ептілікпен әлгі ағашқа жақын барып, Сағатты құтқарып қалды. Сол жолы әлі бітпеген (құрылысы жүріп жатқан) Медеу мұз айдынын көрдік. Келесі он күнді қаланың көрнекті жерлерін аралауға арнаған біз, орталықтағы бір қабатты жөндеуге қойылған ескі мектеп үйіне орналастық. Мектепті биік-биік ағаштар қоршап тұр. Қыздар кең де жарық бір сынып бөлмесінде, ұлдар бір бөлмесінде. Асхана ауладағы мектептен де ескі жеке ғимаратта. Мектептің ауласында екі-үш беседка бар. Таудан түскен бізге қала іші аса ыстық боп сезілді. Бір күні қала аралауға шыққан біз, парктің ішімен келе жаттық. Қалың ағаш арасындағы скамейкада кәдімгі күнде өзіміз оқулықтан көріп жүрген Сәбит Мұқанов отыр. Баламысың, деген. Оқушылар:

- Ана қара! Сәбит Мұқанов! Сәбит Мұқанов! Кәдімгі тірі жазушы!-деп жамырай бастап еді, мұғаліміміз Қасым Елеубаев бізді жайымен тыйып тастады.

– Жай! Шуламан-дар! Ұят болады. Одан да тәртіппен екі қатарға тұрып барып амандасайық. Біз қатарласып тұра қалдық. Үлкен кісіге жақын барғанда алдымен мұғаліміміз қос қолын беріп амандасты. Біз де бір кісідей сәлем бердік. Ол кісінің үстінде ақ сұр костюм. Басында ақ сұр білінер-білінбес өрнегі бар тақия. Жанына қисайтып сүйеп қоя салған боздау сарғыш өрнекті таяғы бар екен. Ол кісінің жанында он-онбес минуттай тұрып, Мұқтар Әуезовтың музей үйіне бардық. Бұл үйден алған әсеріміз де ұшан-теңіз еді.

Ол кісінің гипске түсірілген соңғы бет-бейнесі, жеке жұмыс кабинеті, қолына соңғы сәттерге дейін ұстаған қаламы. Жеке жайдан заңғар жазушының өмірі мен творчествосы жайлы документальды фильмдер көрдік. Тағы бір күні ағайымыз Қасым Елеубаев қыздардан Шахшанбаева Карима екеуімізді, ұлдардан Жанысбаев Сағатты ғана алып қаланың алыс бір шетінде, жер үйде тұратын жасы ұлғая бастаған әйелдікіне апарды. Ыстықта әрең жеткен әлгі үйде, біз балалар ештемемен ісіміз болмай әлгі кісінің есігінің алдында өскен жүзім мен жеміс ағаштарын қызықтап жүрдік. Үлкендер біраз сұқбаттасқан соң біз келген ізімізбен қайттық. Сөйтсек бұл баяғы өзім бірінші бөлімде әңгімелеген, революция кезінде құрылған, «Қарғалы шұға комбинаты» жақта тұратын репрессия құрбандарының бірі Әліпбай атамыздың қызы Күлхан әпкеміздікі екен ғой.

Не керек, Алатаудың ормандары мен асқар шыңдарынан, Алматыдан алған әсерлерден кеудеміз шаттыққа толып, мақтаныш сезімге бөленіп қайттық. Өйтпей ше! Сол кезде мектепте бес жүзден аса бала бар шығар,-деп ойлаймын. Сол балалардың ішінен оннан сәл аса баланың қолы жеткен қуаныш бұл. Икарус күн батып, қараңғылық түсе ол кездегі Жамбыл қаласына, өз облыс орталығымызға жетті. Кешкі Жамбыл жайнап тұр. Сан түрлі самаладай жарқыраған шамдар қаланы ерекше нұрға бөлеп, көз қуантады. Бұл уақытта ауылға жүретін көлік болмағандықтан, біз ол кездері Щорс көшесінде тұратын, баяғы Аласапыран бөлімінде айтылған туысымыздың үйіне келіп қондық. Ақжарлықтар өз туыстарына кетті. Ертесіне Автовокзалға келіп өз аулымызға жүретін автобустың

жүретін уақытын күтіп тұрғанда-ақ қуанышымыз су сепкендей болды. Сонда көлік күтіп тұрған кісілерден, Алматыға бара алмай бізден бөлініп, ауылдағы қырманда жұмыс істеуге қалып қойған Айдарбектің қайтыс болғанын естідік. Ішімді өрт жайлағандай болды. Бүкіл денем мұздап кеткендей, қол-аяғым әлсізденгендей күй кештім. Біреулер жылап жатты. Ақыры автобус келіп, ауылға көзіміз жасты, көңіліміз қаяулы боп жеттік.

Біз Алматыдан ертең аттанамыз- деген күні түс мезгілінде қырмандағы жұмыскерлерді мінгізген жүк машинасы жолда аударылып, Аллаға шүкір, өзге кісілер дін аман, ал Айдарбек сол жерде тіл тартпай қаза боп кетеді. Біз Жамбылға жол жүріп келе жатқанда, оны ауылдастары жерлеп жатқан екен. Бұл жайдан біз ес жия алмай қалдық. Жол жүріп кеткен барлық оқушылар жиналып барып, басына ең болмаса гүл қояйық,-деп келістік. Бірақ үлкендер болар іс болды. Өлген адамға мұсылманда гүл қоймайды,-деп жібермеді. Бұл ауыр қайғыны Айдарбектің достары біздер талай жыл ұмыта алмадық. Еске түссе болды көзімізге жас алып жүрдік. Әлі күнге дейін, сонда ол да Алматыға кеткенде қазір тірі болар ма еді,-деп ойлаймыз.

Алматыдан Назтай апамның баласы (тұңғыш немересі) Ержанға түрлі үй, шарбағымен, ауласында өсетін ағаштарымен жасауға болатын ойыншық әкелгенмін. Ол қағазда көрсетілген суретке қарап үй салып мээ. Әкеме баяғы галстук тағып түскен суреті өзіме қатты ұнайтын болғандықтан болуы керек, ЦУМ нан галстук сатып алғанмын. Апама оюлы білезік, Назтай апама оюлы сақина, анама орамал. Ал екі әпкелеріме әтір, далап сатып алғанмын. Бәрі риза. Әсіресе сәнді

киінуді жақсы көретін әкем, түсте қойды үйдің жанындағы қотанға иіріп қояды да сандықта тығулы жатқан жейделерінің бірін мамама алғызып күнде бір жейденің сыртынан тағып көреді. Әкемнің бұл қылығы екі-үш күндей жалғасқан шығар. Балаша қуанған әкемнің бұл қылығын қызықтаған анам, сонша жерден мен көтеріп келген фарфор шайнекке шай демдейді де:

- Ал енді қызың әкелген кесе-шайнектен шай іш,-деп, шай құя бастайды. Үлкендердің қуанышы менің Айдарбек жөніндегі қайғымды жеңілдетуге, қала берді ұмыта бастауға көп әсер етті. Сол жылы мен Алматыдан келген соң көп ұзамай шаңқай түсте үйге бірнеше атты кісілер сау ете қалды. Бір-екі еркек, бір жас әйел. Үлкендер әлгі кісілерді құшақ жая қарсы алып жатты. Мен бір шетте тосырқай қарап тұрдым. Амандасқандарынан, сөйлескен сөздерінен бұрыннан аралас-құралас кісілер екені білініп тұрды. Әкем:

- Ау, Ұлдау-ау, неғып үрпиіп тұрсың? Бұл сенің нағашыларың ғой!-деді. Бұл келген Бесжан нағашым мен келіншегі Қантай жеңешем екен. Ол кісілерді менің алғаш көруім. Жеңешемнің азан шақырып қойған аты Қантшайым. Тапшылық заманда туған бұл кісіні ата-анасы ырымдап осылай атапты. Жанындағы кісі жолдастары екен. Әңгіме ауанынан байқағаным Бесжан там салған екен де оған әкем: - Там салғанның тамтығы қалмас, деген тамыңа қосқан жәрдемім болсын деп бір қара беріпті. Оны Бесжанның жолдастары қатты бағалап, мұндай жездең бар сен не деген бақыттысың, деп жудыртыпты. Ағам бұл келісінде, өзіміз араласқанмен балалар бір-бірін көрмей жат болып кетер. Кішкентайдан бір-бірін көріп өссін, деп

бізді үй-ішімізбен қонаққа шақыра келіпті. Бұған дейін жездесі мен қайнысы екеуі де малшы болғандықтан құмда өздері араласып тұрса керек. Ал мен шешемнің туған бауыры ретінде саналатын бөле інісі Бесжанды ес білгелі бұл бірінші рет көруім еді. Қарғалы жақта отырған Бесжан тәтемдікіне барғанымызда тұңғышы Майра ауылда Түймен апамның қолында, одан кейінгі Зайда екі жастан енді аса бастаған, одан кейін бесікте кішкене бөпесі бар екен. Қантай жеңешем жас кезінде әдемі, өзіндік бір сүйкімі бар, өте пысық келіншек болатын.

Бір күні Сарытөбенің жанындағы сайдауытта отырған біздің үйді дереу ауыл маңындағы егістен босаған жерге көшсін,-деген бұйрық келді. Бұйрықты көшіруге келген жүк машинасының жүргізушісінен естідік.

– Ал мал айдасатын жәрдемшісі қайда?-деп сұрады әкем. Жүргізуші:

- Білмеймін. Ондай ештеңе айтпады. Тек үйін көшіріп әкел,-деп шұғыл мені жіберді,-дейді. Бұған әкем бұлан-талан, жатта кеп ашуланды.

– Немене, білмей ме? Осы үйде басы артық адам жоқ екенін. Осылар біліп тұрып әдейі істейді. Осынша бір қиян шеттен 600 бас қойды жалғыз адам қалай ауыл маңына жеткізеді-деп ойлайды? Шешем басу айта бастады. Қой баққанды, мал айдағанды бір ойыншық көреді-ей, осылар. Көрер ем өздері бақса неше күн шыдарын. Ашуға мінген ол кісі өзін-өзі тоқтата алмай бара жатты.

– Папа, тіпті де ашуланбаңыз. Жәрдемші жібермесе жібермесін. Мен бармын ғой! Мен айдасам!



– Ұлдау-ау! Жақындау жер болса бір сәрі. Екі тәуліктей жүруіміз керек. Оған сен шыдайсың ба?

–Шыдаймын да айдасамын. Құдайға шүкір, аттар бар. Жаяу емеспіз ғой...

– Е-е-ей, балам-ай! Бәрібір саған ауыр тиеді-ау!

– Жок, папа! Ауыр тимейді. Мен енді кішкентай бала емеспін ғой.

– Мейлің, жарығым! Осымен мәселе шешілді. Кешке қарай келген жүргізуші таңнан тұрып, үйді жығып, анамды кабинаға отырғызып ауыл маңына көшіріп алып кетті. Таңмен таласа өре жөнелетін мал соңында екі атпен әкелі-балалы екеуіміз қалдық. Аздаған бұзыла қоймайтын жол азығымыз, конистрге құйып алған ашымық сусынымыз бар. Сарытөбенің биік құм жоталарынан қойлар бір-бірін қуалай, жарыса жайылып жүріп тез-ақ жазыққа түстік. Құм төбелері біткенде шөбі шүйгін кең жазық бар. Малды жая жүріп біркелкі оңтүстікті бетке алып келеміз. Үлкен сәске кезінде кезіккен көлден малды суарып алып, көлді айналып өттік. Біраз жүргенде қайтадан биік-биік құм төбелерге келдік. Шаңқай түс болды. Әкем маған жақын келіп: -Қойлардың көлеңкелеп бұта түптеріне жатып қалмағанын қадағалау керек. Демалмай айдасақ кешке Тораңғыға жетеміз. Сонда бір-ақ демаламыз,-деді. Мен бәрін түсіндім. Қойларды жая айдағанымызбен манағыдай емес, екі жағынан қусыра, ықшамдай жая айдап келеміз. Сағат екіден аса бастағанда сол бір құм төбелерге ендеп кіріп кеткеніміз сондай бәрі бітпейтін, ешқашан шеті-шегі көрінбейтіндей боп кетті. Әлден уақытта кезекті бір төбенің басына шыққан кезімізде, менің оң иық тұсымнан әлдекім ұзындау қара таяқты



лақтырғандай болды. Таңырқап оң жағыма қарағанда әлгі таяқшалар көбейіп, бір емес бірнеше таяқтар лақтырылды. Астымдағы ақ боз ат құлағын қайшылап, көздері шатынай басын кекжектетті. Одан бетер таң қалып әлгі қара таяқтың түскен жерін бақыласам, ол жерге емес, біздің алдымыздағы үш-төрт кездей жердегі жүзгеннің бас жағындағы бұтағына бір ұшы иіріле ілініп қалды. Бізден едәуір жерде қойлардың шашыла жайылған шетін иіре қайырып жүрген әкем, атын жеделдете бастырып менің қасыма жетіп келді де: -Ұлдау, сен ана етектегі қойларды қуыңқырап, тықсыра былай қарай айда. Бұл жақты мен айдаймын,-деді. Ойымда еш күмән жоқ, әкемнің айтқанын бұлжытпай орындадым. Бірталай уақыт өткенде құм төбелер сиреп, арасындағы көгалды жазық жерлер мольға кеңейе бастады. Біз манағыдай аласұрмай малды жайымен жая айдап келеміз. Әкеммен бір қатарласқанда:

- Папа, жаңағы құм төбелерде біраз уақытқа дейін бізге біреу таяқ лақтырғандай болғаны несі?-деп сұрадым.

- Сен түсінбеген екенсің ғой. Бір жағы оның дұрыс болды. Әйтпегенде қорқып кететін едің. Ол оқ жыландар ғой.

- М-ә-сса-ған! Әлгідегі біреу лақтырған сияқты қара таяқтар жылан ба сонда?

-Иә. Сен қорықпасын деп білдірмеуге тырыстым. Біз ордасына жақын барсақ керек. Бізден қорғанып шабуыл жасады ғой.

- Бәсе, мен таяқ қайдан ұшып шығып жатыр,-деп бақылап едім. Оның иірілген бір шеті дүзген басына іліне кетті. Соған әлі таңданып келе жатсам, ол жылан

екен ғой!

Демалмай, малды кідіртпей жая жүріп межелі жерге жеткенде, күн ұясына батып бара жатты. Көл жағасына жақындай барып аттан түстік. Әкемді қайдам, таңнан бері жол жүргеннен қол-аяғымды жинай алмай, қатты шаршап тұрмын. Бірақ әкеме білдіргім келмейді. Күнімен жол жүрген қойлар да көлге жақындағанда кейбірі маңырай жамырап, суға қарай тұра-тұра жүгірді. Кейбіреуі суды ішіп бола сап кері жүріп кеп, бір-біріне жанаса құлай-құлай кетті. Шамасы олар да қатты шаршаған. Өйткені түсте күндегідей екі-үш сағат үйездеп жатқан жоқ қой. Алдымен аттарды суарған әкем, олардың ерін алғанда арқасы ерден босаған жануарлар дүр-дүр сілкініп, қысқа тұсауымен секіре жүріп күрт-күрт көкке жайыла бастады. Жол-жөнекей екі-үш рет сусын ғана ішкен біз, бір талдардың түбінде отырып аздап тамақтандық. Бұл кезде күн әлдеқашан батып, түн болып кеткен. Әкем от жағып, алдымен жердің бетін терлікпен сыпырғандай қимылдар жасады. Екі ердің қасына екі терлікті төсеп, жан-жағын шылбырмен қоршады. Екеуіміз екі ерді жастанып, қисая кеттік.

- Папа, бұл неғылған тал? Айдалада өзі өскен жабайы тал ма? Әлде біреу еккен бе?

- Бұл талдарды ілгеріде Жанысбай деген атамыз екен. Бір жағы олай-бұлай жүрген жолаушылар межесін білсін. Жүріп келе жатқан жерінен жаңылмасын, адаспасын десе, бір жағы жаздың ыстығында тыныстап демалсын деген ниетпен екен. О баста бұл талдар үш шоқ ағаш екен. Келе-келе әртүрлі себеппен сол үш шоқ ағаштан осы үш тал қалыпты. Әңгімені тыңдап жатып ұйықтап кетіпін. Ертеңіне тағы таңмен таласа

тұрдық. Қойлар өріп барады. Ашымықтан бірер ұрттап жолға шықтық. Өткелден өтіп, малды тағы жая айдап келеміз. Күнімен мал айдағанда ең қиыны жиектен ұзап шыға бастағанда кездескен жолдың екі жағындағы егіс даласы болды. Жолдың сол жағы алды пісе бастаған бидай егісі. Оң жағында әне-міне оруға дайын тұрған жоңышқа. Екеуіне де малды түсіріп алуға болмайды. Машина жүретін қара жолдың екі жағы аздаған ғана бос жер. Осы қылтамен малды айдап өту қияметтей қиын болды. Біз осы жерден ұзақ уақыт өттік. Екінші тоғанның жағасындағы базға жақын жерге тігілген үйімізге жеткенде, күн батып елең-ғұлаң уақыт болды. Анам есік алдында самаурынға шай қойып, жер ошақта кеспе көже дайындап қойыпты. Біз тұрмақ қойлар да:

- Уһ! Жеттік-ау!-дегендей үй маңына жата-жата кетті. Риза болған әкем мені ат үстінен көтеріп алды. Анам біздің аман-есен жеткенімізге қуанып тұр. Амандасып бола салысымен:

- Мама, жалғыз өзіңіз үйді қайтіп тіктіңіз?-дедім.

- Неге жалғыз? Көршілер көмектесті ғой.

Көршілер дегені біздің үйден едәуір жерде отырған, шешелеріміз ілгеріде түйе баққаны себепті «түйеші жәкем» деп атайтын Өмірбай атаның баласы Өмірзақ ағамыз, әйелі Әміркүлмен. Сондай-ақ алыстау, Аманкелдімен шекарадағы базда отырған Шахшанбаев Әуесхан мен Гүлсара жеңгей екен. Тездетіп дастархан дайындай бастаған анама қайтып қарауға шамам келмеді. Төрге төселген көрпе үстіне құлай кеттім. Ертеңіне түсте бір-ақ тұрдым. Міне, осыдан былай қарай отбасымызда атқа мініп ұл болдым, аттан түсіп қыз болдым. Кішірек кезімде үйге келген апамның за-

мандастары амандық-есендік сұрасқанда кей-кейде апам терең күрсініп: -Е-е-е, бәріміз бір Әсілханның көмекшісіміз. Еділбайдың көмекшісі болмай тұр ғой,-дейтін. Осылайша аз да болса әкеме де көмекші болған едім.

1968-1969 жылы қар қалың түсіп, қыс қатты болды. Бесінші сыныпта оқып жүрген кезден-ақ апам мені тігін машинасына бекер отырғызбапты. Әпкемді ұзатқанда табан жолын әрең көремін дейтін апам, қысқа қарай мүлде көрмей қалды. Күз кезінде Шолпан екеуіміз кезек-кезек дәрігерге апарып жүріп, ақыры «ота жасамаса болмайды» деген қорытынды жасалды. Қыс түсе облыстық аурухананың көз емдейтін бөлімінде апамның көзіне ота жасалды. Ауруханаға көбіне қалада пед. училищеде оқып жатқан Шолпан барып тұрды. Назтай апам мен мен бір-бір-ақ рет үлкен машақатпен барып келдік. Әпкем де өз тарапынан барыпты. Ақыры ол кісі тәуір боп, біраз бейнеттенгенмен үлкен кісіге зиян тигізбей аман-есен үйге алып келдік. Әкем ол жылы құмдағы ең алыс Сасайдың бір шетінде қыстады. Қыстаудың арғы жағында Арғынқамалған деген үлкен көл бар-ды. Мұндағы көршісі үйдің батыс бөлігінде Көкөзектік Әмірханов Бекен әйелі Төкенмен. Ол кісілердің қолдарында кішкентай үш баласы бар. Бекеннің екі інісі жәрдемшісі. Ал біздікілер шығыс жақ бөлігінде. Жәрдемшісі Қырғызстаннан босып келген Салық деген жасы әкемнен әлде қайда үлкен кісі. Босып келген-дейтін себебім, ол кісі бір кездері геология ғылымының докторы геологтардың экспедициясын басқарған кісі болған. Содан келе-келе «ахаңа» айналып, сол себепті әйел, бала-шағасынан айрылған. Бұл

жағдайдан соң жан күйзелісіне түскен ол кісі беті ауған жаққа жүріп кетіп, Қазақстанға яғни біздің ауылға тап болған. Алдындағы қыста аулымыздағы бір үйде қыстап шыққан ол кісіні тұрған үйі мен көршілерінің берген оң куәгерлік пікірлерінің арқасында колхоз мүшелігіне қабылдап, қатты қыста әкеме жәрдемші ғып жіберген. Уақыттың бізден алыс бір қатпарында қалған сол қыста қар өте қалың түсті. Бұл қыстың басы желтоқсан айының ортасында-ақ байқалып қалды. Қолына күрек ұстай алатын жанның бәрі күндіз ауық-ауық бірнеше сағатын қар күреуге арнайтын. Таңертең мектепке барғанда етігіміздің қонышына қар түсіп кететін болғандықтан сыртынан ұзын шұлық киіп, резеңкемен бекітіп қоятынбыз. Желтоқсанның 25-26 ларында колхоз орталығынан малшылардың мұқтажын таратуға шығатын машиналар жылдағыдай бір-екі, үш-төртеу болып қана емес, бұл жылы он алты машина, колонна болып шықты. Машиналардың алдында екі бірдей ДТ-75 тракторы жол аршып беруге күн ілгері шығып кеткен. Олардың да екеу болу себебі, техниканың аты техника, бірі істен шықса екіншісін жауапты іске қосу мақсатында. Әрі әлдеқалай жағдай бола қалса бір-біріне көмектессін деген мақсатта. Осы аталған техниканың бәрі шаруашылықтағы ең мықты, ең жана дегендері. Жүргізушілер де ең тәжірибелі ауыл шаруашылығының қырандары. Бұл жылы қыстауға бару қызық боп көрінді ме, Қасым ағамның екінші сыныпта оқитын баласы Сейтмұқан да, атам мен апама, қыстауға барамын,-деп менімен бірге шыққан. Екеуміз колонна тізбегіндегі екінші вездеходтың кабинасындамыз. Жүргізуші, екінші сынып оқушысы Сейтмұқан, сегізінші сынып

оқушысы-мен және мал шаруашылығы мамандарының бірі. Яғни кабинада төртеуміз. Көкөзектен әрі қарай шыққанда-ақ:

- Япырай, әлгіде ғана аршыған жолға ұқсамайды, ә! Трактордың ізі де көрінбейді. Қар нығыз түсіпті.

- Трактордың өткеніне көп болса екі сағат болған шығар?

– Қар толассыз жауа берсе аяғы не болар екен?

– Қашанғы жауа берер дейсің? Әлі-ақ күн ашылатын шығар?-деген сияқты қадау-қадау бір уайым, бір үмітті сөздер айтылып келеді. Біз екі оқушы тыңдаушымыз. Таңнан тұрып, жол жүріп кеткен тракторларды ауылдан түске таяу шыққан біз, түскі асқа отыратын шақта-ақ қуып жеттік. Тракторшылармен тоқайласқан жерде жүргізушілер мен мамандар көліктерінен түсіп біраз қауқылдасып алды.

- Иә, сәт!-деп қайтадан жол жүрдік. Ілгерілеген сайын жол қиындай түсті. Кеш қараңғылығы түсе бастаған шақта бір биік төбеден түсе бергенде, бізден кейінгі машина, біз отырған машинаның артқы бортына тұмсығымен соғылып, радиаторы істен шықты. Оны енді өздігімен жүре алмайтын болғандықтан біздің машинаға троспен тіркеді. Бұған дейін колоннадағы бірнеше машина өздерінің межелі қыстауларының тұсына жеткен соң біртіндеп қала бастаған, машина саны едәуір азайған. Ақыры тұмсығын бұзған машина да өз қыстауының маңына жақындаса керек. Оны біздің машинадан ағытып трактордың біреуі сүйреп кетті. Ақыры біз-бір трактор, екі машина ғана қалдық. Мұның бәрі қазір айтуға ғана оңай. Ал бірақ сол кезде күнімен жүрген осы жол аса ауыр, ұзақ әрі өте бір жауапты

болған еді. Әр қыстауда қалып жатқан машиналардың кабиналарында сол қыстауда отырған малшылардың оқушы балалары және мамандар. Әр қайсысының кузовында сол малшының қарауындағы малға арналған үш-төрт тонна жем, екі қап ұн, бір қап қант, бірнеше әшімке үнді шайы, бір-екі келі №36-шай. Мұның бәрінің үстін брезентпен мұқият қымтап жапқан. Сонымен қатар әр қайсысының бір айлық газет-журналы. Аздаған өте қажетті дәрі-дәрмектер, қан қысымына арналған, бас аурудың, іш аурудың дәрілері, сонымен қоса терлететін дәрі. Әрі-беріден соң жаңа жыл қарсаңы болғандықтан адам санына қарай бірнеше бөтелке арақтары да бар. Ұрыс даласындағы жауынгерлердей, қатаң тәртіппен, әр түрлі қиын жағдайларды бастан кешіре отырып, бірнеше рет тоқтап, үлкен кісілер болған жайларға байланысты шұғыл шешімдер қабылдай отырып, ақыры ең соңғы алыс қыстауға да келіп жеттік. Біз келгенде ел жататын уақыт әлдеқашан болса да қыстаудағылар әлі жатпапты. Колхоз әкімшілігінің жіберген көлігімен аман-есен жеткен Сейтмұқан екеумізді көрген әкешешемнің қуанышында шек жоқ. Пештің үстінде бір қазан ет пісіп тұр. Жылқы еті екені ісінен анадайдан-ақ сезіледі. Көршілер келіп амандасты. Біздікілердің әлі ұйықтамағанына жолаушылар таңырқап жатыр. Ата-анам:

- Техниканың гүрілдеген дыбысы шыққанына екі сағаттан аса бастады. Содан бері әлі жетпеді. Ойпырмай, не болды екен?-деп ойлай бастағанда дыбыс тағы жап-жақын жерден шыққандай болады,-десе әкем; біз келе етті түсіріп, қамырын салып жатқан мамам: -Алғаш дыбыс естілгенде мына тамақтың көбігін алып

едім-деп сөз қосып жатыр. Құмда, түнгі тымық ауада дыбыс өте алыстан естілетінін кішкентай кезімде-ақ байқаушы едім. Соның бұл бір дәлеліндей болды.

- Е,е, келді! Кеп қалды!-дейміз кеп. Әрең жеттіндер ғой? –деп жатыр үлкендер.

- Қар қалың. Жол көрінбейді. Тұспалмен әрең жеттік. Трактордың да көмегі аз болмады. Әйтпесе әлі жетпес пе едік,-деп жатыр үлкендер. Тракторшы Бекендікіне, қалған жолаушылар біздікіне қонды. Ертеңмен трактор қораның айналасын күреп, үйден едәуір жердегі маяларға дейін жол аршыды.Тағы екі-үш күндей маяның арғы жағындағы көлге дейін жол салып, қарды тау-тау ғып үйіп тастады. Үлкендер мына үйілген қардың арасынан жүргенде сырттағы боран онша білінбей қалды, үйілген қар ық боп тұр-дейді. Вездеход ертесіне түске таяу кері қайтты. Екі-үш күн айналаның қарын күреген ДТ-75 келесі қыстаудың қарын күреп айналасын қардан аршып беруге кетті. Жаңа жыл болды. 31-желтоқсан күні көрші Бекен ағай әйелі Төкенмен, інілерімен біздікіне келді. Дастархан жасалып, жап-жақсы отырыс болды. Папам мен мамам көршілермен кезектесіп ән айтып, ақыры төртеуі екі-екіден жұптасып біраз айтысты. Өте бір көңілді, жақсы кеште жаңа 1969-жылды ерекше көтеріңкі көңіл күймен қарсы алдық. Папамның көмекшісі үлкен кісі де талайдан бері мұндай отырыста болмағанын айтып барынша ризалық білдірді. Ащы судан да аракідік алып отырған үлкен кісілердің ешқайсысы шектен шығып, оғаш қылық көрсеткен жоқ. Қыстауға келгенге дейін папамның көмекшісін өзі кәрі, әрі ішкіш деп естіген мен, ойпырмай ол кісі жәрдемші боп не оңдырар екен

деп ойлап келгенмін. Жоқ, Салық деген кісі мен елеткендей сүйкімсіз, жәрдемі аз кісі емес. Қайта мен кереметпін деп жүрген талайларға жақсы жағынан үлгі боларлықтай кісі екен. Шынын айту керек. Алғаш ол кісінің сырт бейнесі маған ұнаған жоқ. Орта бойлы, төртбақ қара кісі, әдепкіде маған қорбандаған қара аюдай боп көрінген. Екі-үш күндей ол кісіні іштей жақтырмай жүрдім. Осыны байқаған мамам оңашада:

- Ұлдаш, ол кісі сен ойлағандай нашар кісі емес. Ішкіш болса ішкіш шығар. Бірақ өте жан-жақты, зиялы кісі. Ол кісіден үйренер жақсылықтар жетерлік. Қабағыңды шытып, тыжырынба. Ұят болады,-деді. Мүмкін мамамның осы сөзінің әсері болар, көп кешікпей-ақ ол кісінің бойындағы екінің бірінде кездесе бермейтін аса бір ерекше сыпайылық, барынша сауаттылық, жан-жақтылықты байқай бастадым. Бұдан әрі біз ол кісімен тез тіл табысып, достасып кеттік. Ол кісі маған 28 хәріптен тұратын араб алфавитін үйретті. Әп-әжептеуір аты-жөнімді, қысқа тақырыптағы мәтіндерді жазып, оқып үйрене бастағанмен кейін қолданбаған соң, есімнен шығып кетті.

– Мына қызыңыз өте зерек екен. Бұл қызды сөзсіз үлкен, жоғары оқу орнына түсіру керек,-деп әкешешеме ақыл-кеңесін айтты. Әкем сол сөздің әсерінен болар:

- Мен қызымды МГУ ге түсіремін-деп шықты.

Бұл кезде тігінге әжептеуір төселіп қалғанмын. Үйдегі үлкендер көбіне қолдан тіккен киімдер киеді. Апамның көйлегін, кимешек, іш киімдерін емін-еркін пішіп, тігіп беруге жараған мен әкем мен анама да бір-екі көйлек-көншек тігіп бердім. Көбіне үй шаруасына



болысатын мен далаға сирек шығамын. Осылайша каникул уақыты бітті. Бірақ ауылдан бізді алып қайтатын көлік келе қоймады. Ақыры көп кешікпей ұзын құлақтан мектептің бір жарым айға жабылғаны туралы хабар жетті. Қаңтардың ортасынан ауа қойлар төлдей бастады. Сейтмұқан екеуімізге бұл жай өте қызық, әрі жаңа ермек болды. Күндіз далада қоздап қалған қойлардың қозысын үйге тасимыз. Ал осы қоздап қалады-ау дегендері қорада қоздайды. Олардың аса бір әлсіздеуі болмаса үйге әкеле қоймаймыз. Анасының бауырында үсті кеуіп, аяқтана бастайды. Ара-арасында олардың да жанына барып, тез ауызданып кетуіне көмектесеміз. Жаңа туған сүп-сүйкімді қозыны қолымызға алып, көтеріп келе жатып:

- Сен жаурап қалдың ба? Қазір жылынасың, мама емесің-деп жас балаша тұмсығынан иіскеп, еркелетеміз. Күндіз біраз қойды мая жақта, кейде күн жайлы ашық болса көл жақта жаятын үлкендер, күнімен оларға шөп шашады. Арасында түс әлетінде құдықтан су тартып суарады. Маяны бұзып шөп шашу деген, құдықтың моторын от алдырып, су ағызып мал суару деген машақаты көп, ауыр жұмыс. Кешке қарай әнеміне төлдеп қалады дегендерін бөліп, бөлек, шағын, жылы қораға қамайды. Қалғандарын үлкен, жалпы қойларға арналған қораға қамайды. Ал түнде кезек оянып түпкірдегі жалпы қойларға арналған бөлімнен бастап, төлдейді деп бөлгендерін тегіс аралап, ауық-ауық көріп шығады. Өйткені осылайша қарап тұрмаса түнде туған төлдер түнгі аязға шыдамай, қатып өліп қалуы мүмкін. Кейбір қойлар өз қозысын өзі алмай әлекке салады. Мұндайларды зор бейнетпен қозысын



алдырады. Қозысын мүлде алмай қоятын қойлар да кездеседі. Оларды амал жоқ саууға тура келеді. Өйтпесе қой желін сау боп ауырып, келесі қоздағанда түкке жарамай қалады. Жұмыстың мұндай машақатты әрі жауапкершілігі зор түрі көбіне маманның міндеті. Бір күні осындай қарбалас тірліктен түскі асқа үйге қуана кірген маман:

- Тіфә, тіфә! Тіл аузым тасқа! Әзірге жүзіне жүз жиырма бестен айналып тұр. Бір қозыны да шығын қылғамыз жоқ. Алла бұйыртса биыл қолымыз жүріп тұр. Аяғына дейін еңбегіміз жанса екен-деді. Бұл кезде бірер қыстаудағы қораларға қасқыр түсіп, қойларын қырып кетіпті- деген сөз шыққан. Жаңа жылдан соң біраз уақыт өткенде аудан басшыларынан жеті-сегіз өкіл келіп бір қонып кетті. Олардың кейбіреуінің сөздерінен, іс-әрекетінен біраз оғаш қылықтарды байқап, көңілімде япырай үлкен қызметтегі кісілер де осындай болады екен-ау деген ой қалды. Сол кісілердің айтуында аудан малшыларының арасында қыс ортасында-ақ таяғын ұстап қалған малшылар бар екен. Ал біздің қыстаудағы малдың да малшылардың да жағдайын үлкен кісілер, аудандағы ең алдыңғы қатарда- деп, бағалады. Артынша біздің ауылдан келген мал шаруашылығы қызметкерлері әкеммен әлденеге ерегісіп қалды. Байқауымда келген кісілердің бірі Салық кісіге оғаш-оғаш сөйлеп, намысына тиетін сөздермен қорлаған. «Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды»-деген осы шығар. Әкем соған ара түсіп, нәтижесінде ерегісіп тынған. Айтылған бір жарым ай да бітті. Ақпан айының ортасы болды. Бізді әкетуге көлік әлі келмеді. Аракідік қана ашық күндер болғаны болмаса көбіне бұрынғыша жиі-

жиі қар жаууын қоймады. Бір жауса борандатып, толастамай ұзақ жауады. Ақыры, сабақ басталыпты дегенді естігенде, бір апта кешігіп ДТ-75 тракторы келді. Бір қонып, айналаның қарын аршыған трактор ертесіне сәскеде артына троспен шананы тіркеді. Үстіне қалың ғып шөп төседі.

– Сақа, неге асықтығыз? Төл алу науқанының аяғына дейін болып, Күн жылыған соң-ақ қайтпадыңыз ба?

– Аяқталмай несі қалды? Боп қалды ғой өзі де. Қалғанын келін екеуің-ақ үлгертесіңдер,-дейді ол кісі. Тракторға қыстаудағы жалғыз шананы тіркеп жатқандарының мәнін сонда ұқтым. Кабинаға тракторшымен сығылысып біз Сейтмұқан екеуміз отырдық. Шанада Салық кісі. Үстінде ұзын қара тон, аяқ жағына көрпеше жауып алған. Дарылдақ трактор бар жылдамдығымен жүріп келеді. Біз шыққанда аспанды сұр бұлт торлап тұрғанымен қар жауған жоқ еді. Қыстаудан едәуір ұзағанда қиыршықтап қайта жауа бастады.

– Бүйтіп жауған қар ұзақ жауады,-дейді тракторшы кісі. Аспан да, жер де, айнала тегіс аппақ. Жол қайда, басқа қайда, белгісіз. Кей биік төбелерден асып түскенде трактор тұмсығынан асып, аударылып кететіндей сезімде боласың. Іште отырған біздің халіміз осындай. Сыртта, шана үстіндегі қарияның халі қалай болды екен-деп аракідік қарап қоямын. Телегей теңіз ақ қағаздың бетіне әлдеқашан сиясы таусылған қаламмен білінер-білінбес қып әлдебіреу шананың суретін салып қойған сияқты. Сол шананың үстінде көрінер-көрінбес қара бояумен сұрақ белгісін түртіп қойғандай. Ол кісі жаурап, қатып қалды-ау, деп ойладым.

– Аға! Тоқтаңызшы! Ана атаны ішке, кабинаға кіргізіп алайықшы! Тоңып қалды ғой! Айғайға бергісіз даусымнан айтқан сөзімді ұққан тракторшы:

- Е,е, анау ма? Тоңбайды. Өлмейді ол! Денесі 40 градусқа піскен ғой оның.

– Қойыңызшы, аға! Қайдағы піскен? Қараңызшы бүгіліп қалыпты. Үлкен кісі... Обал ғой!

– Ой, қарындасым-ай! Өзіміз әрең сиып отырмыз. Қайда отырады ол.

– Көңіл сиса бәрі сияды! Үлкен кісі ғой! Ол кісі жақсы адам!.. Тракторшы бетіме жалтақ-жалтақ қарап алды да тракторын қыжырта тоқтатты. Салық кісіні кабинаға, бізге қарама-қарсы отырғызды. Отырды деген аты, алдыңғы әйнектің төменгі жиегіндегі темірге отырған сияқты бүгілгені болмаса жартылай тұрып тұрғандай. Басқалай амал жоқ. –Мен қайтіп жүргіземін енді мына тракторды? Маған бәрің кедергі жасап отырсыңдар. Біз барынша кедергі жасамауға тырысып отырдық. Салық кісі шынында да қатты тоңып қалыпты. Қолғабын шешіп, қолдарын қайта-қайта ысқылаған ол кісі талайға дейін ерні ерніне жуыспай дірдек қағып отырды. Осындай машақатпен ауылға түн боп кеткенде әрең жеттік.

Ақпанның аяғында Бегай әпкемді тұңғышына босанды-деп сүйінші сұрап, менімен жасты жалғыз қайнысы Төребек келді. Апам бір қой атады. Сол уақытта қардың қалыңдығы сонша ДТ тракторының да қар аршуға шамасы жетпей, Ақжардағы әскери бөлімнен біздің аймақтардың қарын аршуға екі-үш танк бөлінген. Сол танктің аршыған жолымен Икарус автобусы Ақшолақпен айналып жүретін болған. Онда да аптасына екі-үш рет қана. Автобус таңертең келсе,

сол күні кешке де келеді деген сөз. Таңертең келмесе ол күні жүрмейтін болғаны. Назтай апам екеуіміз сондай автобуспен жол-жөнекей бірнеше рет аударыла жаздап көк базарға әрең жеттік. Аударыла жаздайтын себебі аршылған жол тар. Қарсы ұшырасқан көлікпен жолға сыймай біздің автобус екі рет жол жиегіндегі еңіске, оппа қардың ішіне түсіп кетіп, екеуінде де аман-есен кезекші танк шығарып алды. Бұл Ақшолаққа дейін болған оқиға. Ақшолақтан Жамбылға дейінгі жол кең аршылған. Бұған дейінгі жолға қарағанда қауіпсіздеу. Көк базардан, базар маңындағы дүкендерден апам екеуіміз бесік және бесік жабдығын тігетін сол заманғы бар тәуір матаны алып, кешке қыруар ақша төлеп таксимен қайттық. Апам мен Назтай апам 8-наурыз күні тағы да таксимен бесікті Кеңеске апарып, нәрестенің бесікке салу рәсімін өткізіп қайтты. Әпкемнің тұңғышы қыз, атын Толқын қойыпты. Үйге, мал-жанға Шажат әпкем екеуіміз қарап қалдық.

Тағы бір айта кететін жай, сол жылғы әскери бөлімнен келіп қар аршыған танкистердің бірі, Шымкенттік жігіт, ақырында аулымыздың ең сұлу қызын алып кетті. Ол қыз менің сыныптасым Болтаева Алтынкүлдің әпкесі Жайлаукүл деген қыз еді.

Ақыры көктем шығып қар ери бастады. Сел жүру қаупі болғандықтан көшедегі үлкендер айға жуық уақыт түнімен кезектесіп су мойнына күзетке тұрды. Бұл жағдайға біздің көшеден көбіне басшылық еткен географ мұғаліміміз Әбдуалиев Мұраш ағай болды. Сол жылы ағайымның сабақтан тыс кездегі келбетін де танығандай болдым. Ол кісі бұл кезде де қатал, талапшыл болды. Ақыры сел қаупі де сейіліп, көктемнің

жаймашуақ күндері жеңе бастады.

Үшінші тоқсанның аяғын ала «Кім болам?»- деген тақырыпта шығарма жаздық. Мен баяғы жүрек түкпірінде жатқан «дәрігер боламынымды» жайып салдым. Шығарма өте жақсы деп бағаланды. Үзіліс арасында сыныптастар менің де, өзгелердің де алға қойған мақсаттарын талқыға сала бастадық. Құрбылардың көбісі «ауыр мамандықты таңдапсың»- деген пікір білдірді. Біреулері: -Білесің бе, дәрігердің оқуын оқитындар құрбақа, жылан сояды десе, енді біреулері, ол да ештеңе емес, өлген адамның мәйітін сойып, мүшелерін жеке-жеке алып көреді. Қорықпайсың ба?

– Исі жаман болады-дейді. Жиіркенбейсің бе? –деп жатыр.

– Жоқ, мен ондайларын ойланып көрмеппін. Бірақ несі бар? Бәріне де келе-келе үйреніп, төселіп кетуге болады,-дедім. Бұл шын жауабым еді.

1-сәуір күні апамның қайынсіңлісі Аяулымның қазасынан соң он жыл өтіп он бірінші жылға қарағанда Әшір жездеміз қайтыс болды. Әшір қайтқанда сап-сау жүрген Ұлықыз әпкем сәуірдің оны күні оқыстан қаза болды. Әпкем кеткен соң бұрынғыша Қасым ағамның балаларын аптасына екі рет біздің үйге әкеліп түнету, анда-санда мені қоярда қоймай өз үйіне апарып қондыру бірден тиылды.

Сәуір айының ортасынан ауа бастағанда болуы керек, құмдағы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бақылау орталығы Еденде, Свердлов ауданы малшыларының слеты өтетін болды. Олай өтіп те, былай өтіп те талай барып жүрген бұл жер Есқара мен Үмбеттей болмаса да сол кездегі өмір үшін әжептеуір мәдени орталық.

Әр колхоз орталықтарындағы Сельмаг сияқты дүкені - ол дүкендерге қарағанда әлде қайда бай. Онда табыла бермейтін мұқтаждықтардың бұл дүкеннен түр-түрін табуға болады. Клуб үйі, сонымен қоса клубтың бір бұрышында әжептеуір кітап қоры бар, газет-журналдың түр-түрі табылатын кітапхана. Шахмат, шашка, дойбы клубы бар. Бастауыш мектеп пен фельдшерлік, акушерлік пункт. Яғни науқастарды қарап, емдеу орталығы дәріханасымен. Сондай-ақ рация жұмыс істейді. Бұл дегеніңіз алыс қыстау мен жайлауда жүрген жандар әлденеге ұшырай қалса Сан. авиацияны да шақыруға, өзге де шұғыл хабарларды орталықтарға жеткізуге мүмкіндік бар деген сөз. Жексенбі күні ауданның түкпір-түкпірінен дүйім жұрт жиналып жатқан үлкен жиынға баяғы Тұрғынбай атамның баласы Мамықов Балтабайдың машинасымен мен де шықтым. Сол жылғы қыс қатты болғандықтан ба күн суық, ауада әлі қыс ызғары бар еді. Қыс киімін тастағанмен біз барынша жылы киінуге тырыстық.

Бегай әпкемнің сыныптасы бұл кісі әскерден келген соң-ақ көп кешікпей колхоз бастығының «Вильс» деп аталатын машинасын айдайтын болған. Содан былай қарай неше бастық ауысса да ол кісі ауысқан емес. Осы орайда Балтабай ағамыз жөніндегі бір үзік сырды айта кеткім келді. Аласапыран бөлімінде жазылған, кезінде менің атаммен бірге ұсталып байлығы басына бәле боп жабысқан ағайынымыз Тұрғынбай бай туралы айтқанбыз. Ел басына күн туды бөлімінде сол кісіден қалған жалғыз ұл Айқоңырдың соғыста опат болғаны әңгімеленді. Сонда Балтабай қайдан шықты,- деген сұрақ тумай ма? Атамның Айқоңырдан үлкен

жалғыз қызы Гүлшат соғысқа дейін Свердлов ауданы, Кеңес колхозындағы Өтемістерге ұзатылады. Әкесінің шаңырағына ие болар жалғыз бауыры соғыста қаза тапқан соң бес-алты қыздың ішіндегі Балтабайды Гүлшат әпкеміз әкесінің орны бос қалмай, әрі қарай түтінін жалғастырсын,-деп анасы «Дәу кемпірге» береді. Ешкім атын атамағандықтан бұл күнде көзі тірі қарттар да ол кісіні тек «Дәу кемпір» деп қана біледі екен. Өз аты ұмыт болған. Сол «Дәу кемпір» мен Айқоңырдың жеңгелей алған әйелі Рабиға бір үйде бір отбасы боп тұрған. Екі ана Рабиғаның бірінші қыздай тиген күйеуі Сабырқұлдан қалған Қазына әпкеміз бен Гүлшаттың баласы, яғни жиен ағамыз Балтабайды бір ата-анадан туғандай ғып өсіреді. Бірінші Құдай, екінші ата-баба әруағы кешіре көрсін! Соның бәрінің жік-жігін ашайын, анығын анықтайын,-деген ойым болған емес. Менен бұрын-ақ біздің үйде өскен балалардың да, өзге шаңырақта осылайша өскен балалардың да жік-жігін ашып көрсете бастағандар әлде қашан шыққан. Сол кездегі адамдардың жан тазалығы соншама осы жағдайларды біліп тұрса да ешкім ара-жігін ақтармаламағанынан, біз бұл жайларды әбден мұнда білдік. Әсіресе осы шығарманы жазу үстінде біраз жайларға қанықтым. Ана жылы сол әпкеміз Гүлшат бақилық боларында өзінен тараған бала-шағасын, жанкүйер туыстарын шақыртып алып, арманын айтыпты,-деп естідік.

— Шіркін, жалған дүние-ай! Бес-алты қыздың ішіндегі жалғызым Балтабайды әкеміздің шаңырағына ие болсын, түтінін түзу шығарсын,-деп беріппін ғой. Сол кезде мен біліппін бе, Балтабайдың жалғыз бола-

рын? Жаспын ғой, тағы ұл табармын деп ойласам, ол жасағанның маған сыйлаған жалғыз ұлы екен! Сонда әке шаңырағын ғана ойлап, өзім көтерген шаңырақты, өзім түтеткен түтіннің қалай жалғасарын ойламаған екенмін- ау! Әке шаңырағын ойлаймын деп, келген жеріме қиянат қыппын. Кешіре көріңдер!-деген екен. Өмірінің аяғына дейін Өтеміс емес таза Сәмбет боп өткен Балтабай ағамыз ұмытпасам слетке баратынның алдында ғана бірінші әйелі Мәрияға үйленген.

Ауылдан шыққанда машинадағы өз орнына отырған бастық Тойбаев Күдербек біраз жүргеннен соң-ақ ауданнан келген кісілердің қасына ауысып мінді. Таңертең ертелеп шығып, бір-біріне тіркесе жүріп келе жатқан бірнеше Вильс сәскеде-ақ Еденге жетіп барды. Біз келгенде екі қатар автодүкендер тізіліп тұр, бірақ бәрі жабық. Киіз үйлерді әлдеқашан тігіп, жасаулап тастаған. Репродуктордың даусы анадайдан саңқылдап тұр. Әр жерде пісіріле бастаған тағамдардың исі мұрын жарып, тәбетінді оятқандай. Не керек? Ат жарыс, қызық- думан, ән де, би де осында. Біз келгенде мал басынан келген әкем де осында екен. Бізбен қуана көрісті де келгеннен автодүкендердің ашылуын күтіп, машина ішінде отыра-отыра жалығып, шаршаған мені ертіп Мырзахан ағамыздың үйіне ертіп барды. Мырзахан баяғы атаммен бірге ұсталған Оңғарбай кісінің немересі. Әзілқой, ашық-жарқын жеңгеміз Дәметкен бар ықыласымен қарсы алып жатыр. Әлден уақытта дүкендер ашылды-деп есітіп, сыртқа шықтық. Автодүкендердің алдылық тола халық. Кейбіреуіне жақын бару мүмкін емес, әсіресе үнді шайын сатып жатқандарға. Сонда да болса аралап келеміз. Өзіме лайықты ештеңе таба алмай,

күдерімді үзе бастағанда, бір дүкеннен импорттық жылы әрі әдемі свитер кездесе кетті. Сатушыға жалынып, өлердегі сөзімізді айтып жатып әрең екеуін алдық. Бірі өзіме, бірі әпкем Шолпанға. Бір қолға әрбір заттың біреуін ғана беремін-деп тырысқан сатушыға, бойжеткен, студент әпкемнің де бар екенін әрең түсіндірдім.

Марапаттау басталды. Біреулердің озат шопан атанып орден, медальдарға ұсынылғаны айтылып, кеуделеріне тағылып жатты. Одан кейін заттай сыйлықтар табыстала бастады. Біреулерге кілем берілді. Осы тізімдерден аты шықпаған әкем орнынан тұрып кетіп қалады. Қашан кетіп қалғанын мен де білген жоқпын. Марапаттаудың аяқ жағын ала менің әкеме қысқа сеңсең тон, қосауыз мылтық және мамама деп қоңыр қызыл тауар шай орамал сыйға беріледі. Сыйлықты ешкім шығып ала қоймаған соң, егесіне табыстауды бір кісіге тапсырады. Слет өткен соң біраз уақыт өткенде ата-анамды қыстаудан жайлауға көшірер аралықтағы (көктеуге) қоныс аудартуға келген кісілер әлгі сыйлықты табыстаса керек. Қатты қыстағы қажырлы еңбегі тиісінше бағаланбағанына қатты ренжіген әкем үйде бірнеше күн ащы суды ішіп алып бас көтермей жатса керек. Айға жуық ащы суды ішіп, бас көтермей жатыр,-деген хабарды ауылға жеткізген әлгі көшіруге барған кісілер. Бұл хабарды естіген біз аз уайым шеккеніміз жоқ. Апам: -Ей, шебер Алла-ай! Айналырған жалғыз баланы біресе елден асқан данышпан, перен қып бердің, біресе ащы суға үйір ақымақ қып бергенің бе?-деді күңіренсе. Ал анам әкеме ренішін: -Еділбай-ау, бұған дейін жиған ат-абыройыңнан тұржауын болайын дегенің бе? Мұның не?-десе керек.

Көктемнің құбылмалы талай күндері артта қалып, оқу жылының аяғы жақындай бастады. Бір күні сәске түсте біздікіне ойламаған жерден Салық кісі жетіп келді. Амандық-саулықтан соң кіре берістегі орындыққа отыра кеткен ол кісі біздің уайымдап отырғанымызға басу айтқандай болды.

– Әрине, намысыңды таптап, ашуыңды келтіретін жай. Аудан басшыларынан кінә жоқ. Бәрін көзбен көріп, оң бағаларын беріп кеткен. Бәрін бүлдіріп отырған төмендегі иттер ғой. Мен соны қыста-ақ сезгенмін, осылай боларын. Кетіп қалуыма себепші болған да солар ғой. Әйтпесе аяғына дейін Едекеңе жәрдемші боп жүре беретін едім. Ол кісі аз ғана қипақтап отырды да:

- Шеше, рұқсат етсеңіз... Мына қара тонды қисаңыз... Маған бересіз бе? Еділбайдың енді қысқа тоны бар ғой. Ол мұны онсыз да кимейді екен –деді батылсыздау сөйлеп. Иә, баяғы Қарағандыдан әкелген ол тонды сүйретіліп шаруаға киуге ыңғайсыз,-деп папам онша кие бермейтін.

– Қарағым, әжептеуір азамат екенсің. Тек тоным бар-деп тыста түней көрме! Өзіңе-өзің әділ бол! Рұқсат.

– Рахмет! Алла риза болсын, шеше! Ол орнынан тұрып нан ауыз тиді де шайға қарамай қош айтысып шығып кетті. Мені ол кісінің имандылығы тәнті етті. Әкемнің өз еркімен кигізіп жіберген тонын сол күйі апамнан сұрамай-ақ киіп кете берсе де болады ғой. Екінші бірінде кездесе бермейтін имандылығы сонша, үлкен кісіге келіп, сәлем беріп, ризалығын алып кетті.

Бірталай уақыт өткенде ол кісінің Фрунзеде (Кеңестің кезіндегі Бішкек) профессор қарындасы бар екен. Сол кісі ақ волгамен келіп, кеңседегі кісілерге

жолығып, ағасының қайда тұратынын анықтапты да, тауып алған соң еліне әкетіпті,-деп естідік. Салық кісі біздің ауылға содан қайтып келген жоқ. Кейін білдім. Сол жылғы бұл жағдайға әкем ғана емес, анау-мынауға көтеріле қоймайтын анам да қатты ашуланыпты.

– Баяғы соғыс кезінде қыздар тартқан қызыл шайы орамалды маған не деп әкелді екен? Мұндай орамалды нақ қазір есі дұрыс әйел де, қыз да тартпайды. Ең болмаса бес сомның шерсть орамалы құрып қаппа? Құрып қалғырлар! Онсыз да бір мылтық бар ғой. Мылтықпен үй жабамыз ба? Айдалада екеуі екі мылтықпен бір-бірін атып өлтірсін дегені де,-деді ызалана сөйлеп. Сонымен сол қыстағы еңбектері үшін берілген сыйлықтан жарамдысы шолақ тон болды. Ал орамалды мамам біреуге сыйға тартуға да жарамайды деп ақырында отқа тастай салды. Сол жылы газеттерде малшыларды мадақтаған құлаш-құлаш мақалалар шықты. Әкемнің аты сол мақалалардың бір жерінде ғана түртіліп кетіпті. Әкем бірде:

- Таяғын ұстап қалғандармен теңесіп кеткеніме күйінемін ғой,-деді сол күндерді еске алып отырып. Сөйтсек таяғын ұстап қалған кейбіреулер әкем сияқтылардың есебінен көпшілікке теңесіп кеткен екен. Оның бәрінің мәнін кейін түсіндік қой.

Сол қатты қыста апам көз ауруханасынан аман-есен жазылып шығып, айналасын, табан жолын көретін болды. Апам ауруханадан шыққанша Назтай апамдыкінде тұрдым. Сонда Назтай апам, мен, Ержан үшеуіміз-ақ. Ержан бірінші сынып оқушысы. Үй суып кетпес үшін Назтай апам кіре берістегі пешке жатарға дейін от жақса, ішкі бөлмедегі қосымша орнатқан шойын пеш-



ке күндіз-түні, яғни тәулік бойы үзбей от жағады. Ол кездегі көмір қандай, шіркін! Таңертең пешке жақсылап бір салсаң, сол көмір түске дейін бет жағы қып-қызыл шоқ боп алаулап жатады. Мұржадан шыққан түгіні де қазіргі кездегі бықсық көмірлер сияқты әлемді өртеп сасымайды. Анасының мінезі өзіне мәлім Назтай апам ол кісі ауруханадан шығардан үш-төрт күн бұрын, адам жалдап біздің үйдің төбесінің қарын түсіртіп айналасын екі метрдей жерге шейін қардан аршытты. Өзінің үйі мен біздің үйдің арасына енін бір метрдей ғып жол аштырды. Осының бәрін аулымызда өз отбасы жоқ, ұлты татар, егде тартқан ер азамат істеді. Аты ұмытпасам Райыс болатын. Кезінде ішкілікке салынғаннан бәрінен айрылған ер азамат көбінше Қайыпқанның (баяғы Дәулетқұл атаның) үйінде, кейде арғы күн батыс жақ шеттегі үйлердің бірінде тұратын. Осы жұмыстың бәрін атқарып болғанда екі үйдің арасына әр түрлі жұмыстармен қатынаған біз, құдды бір туннельдің ішінде ме, әлде дұрысы төбесі жабылмаған биік қабырға қоршаудың ішінде келе жатқандай сезінетінбіз. Алғаш бала емеспіз бе, Ержан екеуімізге қызық көрінгені сондай, сырт киімсіз-ақ екі үйдің ортасына өрмек жүгіргендей жүре беріппіз. Сырт киімсіз жүретін себебіміз, мынадай биік қоршаудан сырттағы ақ түтек боран да, аяз да білінбей қалды. Қазір айтсаң сенбейтіндей, қиял ғажайып ертегі сияқты бұл жай нағыз шындық еді. Аршыған қардың биіктігі сонша, менің бойымнан әлде қайда биік. Сол жылғы жауған қардың қалыңдығын ой жіберіп қараған жан осыдан-ақ түсінсе керек. Апам келерден екі тәулік бұрын біздің үйге от жақтық. Алғашқы күні қабырғалардың



терлегені сонша, қабырғадан аққан суды құлаш-құлаш шүберекпен сүртіп алуға тура келді. Еденді де бірнеше қайтара сүрттік. Үйдің ішін моншаның ішіндей бу алып кетті. Ал екінші күні бөлмелердің іші түске дейін буланып, қабырғалар аздап суланды да түстен кейін құрғай бастады. Үшінші күні таңнан жаққан оттың әсерінен сәске кезінде-ақ үй будан арылып құрғай бастады. Түсте апамды ауруханадан шығарып, таксимен алып келді. Апам бірден өз үйіне келіп түскеніне шүкіршілік қылды. Келесі күннен бастап мен таңғы сағат алтыда тұрып от жағатын болдым. Сағат жеті жарымға дейін от әбден қызып, шай қайнайды. Таңертең шылапшынды апамның алдына әкеп қол құманда жылып тұрған сумен ол кісіні жуындырамын. Дастархан жасап, шайды демдеп апамның алдына қойып беремін де, киініп, оқу құралдарымды түгендеп, сағат сегізге үйден шығып кетемін. Сабақ сегіз жарымда басталады. Мектепке ертерек жеткен мен, үлгергенімше ең болмаса бірінші сабақтан үй тапсырмасын қайталауға тырысамын. Суды бастықтың үйінің ауласындағы шығыр құдықтан тасимыз. Түсте сабақтан келген соң Назтай апамның сиырын суарамын. Кей-кейде қорадағы қойларына да су беремін. Ержанның сабағын пысықтатамын. Мектепке киетін ақ көйлегінің жаға-жеңінің кір болмауы да менің мойнымда. Ал апам наубайхананың нанын өліп кетсе де жемейді. Аптасына ма, он күнде ме, екі десте қатырма қатырамын. Ертелі-кеш қарт анама сүтке бөктіріп, үстіне бір қасық сары май салып беремін. Әр екі-үш күнде алты-жеті пәтір пісіремін. Бірде қамбаға әлдене шаруамен келген математик ағайым Жанкүлиев Әлмеш жабық тұрған қамбаның ашылуын күтіп

біздікінде біраз отырды. Дастархан жасап, шай құйып берген маған бір, орнынан қозғалмай төрдегі қалың көрпенің үстінде отырған апама бір қарап: -Мына пәтірді кім пісірді?-деп сұрады.

– Қызым пісірді дә. Басқа кім пісіреді?

– Ойпырмай, айналайын-ай! Өзіміздің мұндай балаларымызды орнынан әлдилеп зорға тұрғызамыз. Үйдің іші жып-жылы, аппақ тап-таза пеште шай қайнап тұр. Пісірген наны мынау. Құдды үй шаруасына төселген ересек әйел пісіргендей. Жарығым-ай, сөйтіп жүріп өзі жақсы оқиды. Мектептегі оқушылардың алды. Кімге тартқан өзі? Даусы тура Әсілханның даусы екен. Мен сол келіп қалған екен-деп ойлап кіріп ем, жаңа үйге кіргенде,-деді. Апама мына кісінің айтқан уәждері жағыңқырамай отыр.

– Е, е, не?! Әсілхан болмаса бұл үйге кірмеуші ме ең?

- Жо... Жо-о-ғә! Сізге амандасуға кіремін ғой... Әшейін, құрдас болған соң ыстық қой. Талай болды көрмегеніме...,-деді ағай қысылып.

Иә! Сол жылғы қыс та, көктем де, жаз да мен үшін оңай болған жоқ. Небір жақсы жағдайлар да, ауыр тиген оқиғалар да, мені бірден есейтіп, мәңгі есімде қалды. Бір жыл бұрын ғана нағыз бала едім, бірден оншақты жылға есейгендей болдым.

Оқу аяқталғанына бір аптаға да жетпей мені алып қайтуға, жетегінде ақ боз ат, өзі торыға мінген әкем келді. Әкем туралы әлгі жайсыз хабарды естіген мен, оған іштей қатты ренжулі едім. Жарқ етіп әкем көзіме көрінгенде бәрі сумен шайып жібергендей жоқ болды. Таңнан шығып сәске түсте ауылға жеткен ол кісі, апам, Назтай апам, Ержан және менімен көріскені де сол, да-

стархан басында бір шай ішті де мені ертіп құмдағы үйге жол тартты. Кеш туған көктем өте салқын, жауын-шашынды болғаны сондай, мамыр айының ортасында алма ағаштары гүлдеп тұрғанда, кебіске түсер қар жауып, түс қайтқанға дейін жатқан. Жайнап тұрған талай жеміс ағаштарының бұтақтары сынып, гүлдеп тұрған алмалар үсіп кетті. Түс ауа колхоз орталығынан екі атпен шыққан әкелі-балалы екеуміз сол күні жаз ыстығын аса сезе қоймадық. Ауылдан шыға жанға жайлы салқын бір саумал жел есіп тұрды. Жазық дала бітіп жиектегі құм төбелерден (кемерден) асқан соң, аздан кейін-ақ Көлбастау көліне жеттік. Атымызды суара жайымен жүріп отырып, өткелден өттік. Қалың құмның арасына енгенде ғана аздап ауа тымырсық тартып, ыстық леп білінгендей болды. Кеш бата Алаңбайға жеттік. Біз Алаңбайдан аса бере сіркірей басталған жауын аздан соң қалың нөсерге ұласты. Ел жата Сарытөбеде отырған малшы ауылға жеттік. Біз ауылға жеткенше жауын толастамай үсті-басымыз малмандай су болды. Біздің үймен Оралбай ата мен Алтын апа көрші отыр екен де, төменгі көгалды еңісте құм ішіндегі Қарғалыға асып түсетін, негізгі жолдың бойына салынған базда екі қарашай отбасы бар екен. Бір сағаттан аса жауын астында жүріп, қарнымыз ашып келген біз, мамамның пісіріп қойған кеспесіне тойып алдық та төсек салып жатып қалдық. Әке-шешем жер төсекте. Мен жиналмалы (раскладушка) төсекке жатқанмын. Жол соқты боп қатты шаршаған біз төсекке басымыз тиісімен-ақ ұйықтап кеттік. Көзім ұйқыға кеткені-ақ сол еді, сол қолым ұйып, демім қысылғандай, өзімді жайсыз сезініп, оянып кеттім. Әп сәтте-ақ сол қолымдағы ұю

бүкіл денеме жайылып, жүрегім қысылып бара жатты. Тегін емес. Әлдене шаққанын сездім. Әлсіз дауыспен әке-шешемді ояттым. Үрейі ұшып атып тұрған олар, дереу шам жағып жаныма жандәрмен жетіп келді. Айналамды, көрпе-жастығымды сілкіп көріп жатыр. Лезде денемнен әл кеткені сонша, бойымды тіктеп ұстай алмай сол жақ қолымның шынтақ тұсын көрсеттім. –Не шақса да осы жерден шақты. Мамам дереу шынтағымды ашып көріп жатты. –Ойпырмай, шынымен-ақ бірдеңе шағыпты. Шынтағы көлкілденкіреп тұр.

–А-а-аh! Сүй-е-гім у-у-а-ты-лып ба-ра-ды. Одан кейін ештеңе білмей қалдым. Өре тұрған Оралбай ата мен Алтын апа да келіпті. Орталықтарға хабар айтып көмек сұрар да жер емес. Қай жаққа қалай хабар айтса да болар тірлік болып үлгіретін алыс түкпірдегі жандар шарасыз күйге түседі. Еңістегі қарашайлардың бірінің үйіндегі қарт анасы жыланның уын оқумен қайтарады екен,-дегенді Оралбай ата естіген екен. Төртеуі ақылдаса келіп сол кісіні тездетіп қасыма жеткізеді. Ол кісі келе тамырымды, сол жақ шынтағымдағы әлдененің шаққан ізін ұстап көріп, мұны жылан емес, қаракұрт шаққан,-дейді. Қалай болғанда да, өсіп тұрған өндірімнен өзім қолдап әкеп айрылатын болдым-ау, деп әкем қапаланса, шешем: -Ақсарбас! Ақсарбас! Алла-ай, мұны алғанша мені ал!-дей беріпті. Мойнына салған ақтықтың үстінен бірнеше түрлі тәсбих пен моншақ тәріздес тізілген тастарды салып алып мені оқып отырған қарт әлсін-әлсін басын шайқайтын көрінеді. Сол кісінің кеңесімен мойындарына ілінген ақты іліп алған үлкендер күңірене Алладан тілек тілеп мені қоршай отыра беріпті. Әлден уақытта емші апа:

- Таңға аман жетсе, онда аман қалуына үміт бар,- деп ары қарай да білген аяттарын оқи беріпті. Таң қараңғысында есімді бір жиған мен тысқа сұраныппын. Үйдегілердің үрейі аз да болса сейіліп, үміт сәулесі ояныпты. Таңғы алакеуімде бір жорғаға мінген әкем, өздігімнен атқа отыра алмайтын болғандықтан мені алдына ала құшақтап отырады. Оралбай ата тағы бір жорғаны жетелеп, бізге көмекші ретінде шығады. Сонымен таң сыз бере шыққан біз Алаңбайдың қасындағы базда отырған Асқар ағамыздыкіне сәскеде жетіппіз. Сол жерде уды қайтарады-деп маған жақсы ашыған қымыз ішкізеді де қайта жолға шығады. Қымыз ішкізгенін, аттан түсіріп, қайта мінген кездеріміз еміс-еміс есімде. Өйткені жай кездегі ауырлық бұл кездерде еселене түскен. Содан қайта есімнен танып қалыппын. Едәуір жүргенде алдымыздан машина қарсы ұшырасады. Сол машинаның кабинасына отырғызып жатқаны да есімде. Содан ең жақыны Түймекенттегі ауруханаға жеткізеді. Дәрігер:

- У денесіне әлдеқашан жайылып кеткен. Дер кезінде жеткізгенде бір-екі уколдан соң жағдайы жеңілдеп, бірер күнде айығып кететін еді. Денесіне су тиіп әлсіреген, жауыннан қорғанып үйге кірген жәндік шаққан. Бұл уақытқа тірі жетуінің себебі сол болса керек. Ағзасына у сіңіп кеткендіктен енді ауруханада біраз жатады,- дейді дәрігер. Удың беті үш-төрт сағатта емес, екі жарым тәулікте қайта бастайды. Екі тәулік күндіз-түні ұйықтап жатқандай системада тырп етпей жатқан мен үшінші тәулікте, түсте көзімді ашып сусын сұраппын. Он күн толғанда әлі бір апта емделуің керек дегендеріне қарамай, сұранып үйге шығып кеттім.

Келсем үйде шай қоятын су да жоқ. Ескі гараждың орнындағы шығыр құдықтан екі шелегімді суға толтырып көтерейін десем, әлгіні көтере алмадым. Шелектің екеуін де орталадым. Жарты жолға екі жарты шелек суды әрең жеткізген мен шелектегі суларды тағы біраз төгіп, әр шелектің үштен бірін үйге зорға жеткіздім. Сонда артымнан ілескен ешкімнің болмағанына қатты налыдым. Шіркін-ай, ең болмаса бір көзінің қызымықтан қалған ағы бар, бір аяғын сылтып басатын, ұл емес, бір қыздың ілеспегені-ай. Мен осындай жағдайдан келгенде суды да әкеліп, шайды да қойып отырар еді-ау,-деп ойлап жарты жолда көзімнің жасын бұлап тұрдым. Бұл кезде бастауыш сыныптағыдай емес, мектептегі мұғалімдер алдында да, сыныптастар арасында да беделім нағыз шарықтау биігінде еді. Баяғы ықпалды қарсыласым да мойындап үлгірген. Бірақ математикадан ол басым. Қазақ тілі, әдебиеті мен тарихтан мен басымдаумын. Оны іштей екеуіміз де сеземіз, әрі мойындаймыз. Бірақ ол менімен салыстырғанда нағыз ақсаусақ. Сабақ оқуы үшін бар жағдай жасалған. Аналары тамағы тұрмақ, ішетін суына дейін дайындап отырады. Өз сабағынан жақсы оқитын оқушыны қай мұғалім болмасын жақсы көретіні белгілі. Сынып жетекшіміз Елеубаев Қасым ағамыз біріншіден бүкіл оқушылардың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттырса, екіншіден қазақ тіліндегі сөздердің ауызекі айтылу ерекшелігі мен грамматикалық жазу ерекшелігін тасқа қашап түсіргендей ғып түсіндіретін. Бағаны барынша әділ, осы талаптарды орындау дәрежесіне қарай қоятын. Сондықтан ба қазір сөз шеберлері саналатын журналистердің жіберген кейбір қателіктерін байқап,

япыр-ай, бұлар осылай сөйлесе өзге не ондырады деп қынжылып отыратын болдық. Ал тарихтан беретін Арықбаев Түгелбай ағайымыз бір жылдары тарихпен қоса дене шынықтыру сабағынан да берді. Сонда ол кісі түрлі спорттық ойындарды ойнататын. Тіпті қыс айларында шаңғымен сырғанауды үйреткенде талайлар осы кісінің білмейтін бәлесі жоқ,-деген. Сөйтсек ол кісі соғыс жылдарында талай жыл қиыр шығыста соғысқан екен ғой. Оны мен осы шығарманы жазу үстінде біліп отырмын. Тарихты оқытуының өзі өз алдына бір әңгіме. Өте азулы, талапшыл, нағыз әскери тәртіппен ұстайды екен ғой бізді. Географ мұғаліміміз Әбдуалиев Мұраш ағай, Түгелбай ағайдан әлде қайда жас болса да ол кісіден бір де бір кем түспейтін. Географияны, картамен қалай жұмыс жасауды миыңа езіп құятын. Ал тағы бір тарихшы ағайымыз Сүйінбаев Тыныстанның әрбір сабағы кіші-гірім музыкалы спектакль. Орыс тілінің мұғалімі Бақырбаева Мария мен химия, биология пәнінің мұғалімі Ишанбекова Ділда ше, шіркін?! Әсіресе отбасында мазасы жоқ боп жүрсе де, кез келгеннің миын айналдырып жіберетін химияның валенттілігін еш жаңылмай, оқушыларға барынша түсінікті ғып жеткізетін Ділда әпкейіміздің еңбегі ерен еді-ау. Нағыз оқу-ағарту ісінің озығы десе болғандай. Биология сабағынан микроскоппен, микротаразымен жұмыс істеуді де ерінбей, жалықпай үйреткен де сол кісі. Ал Базарқұлов Сәкенді тек мектеп директоры болу үшін жаратылғандай көретінбіз. Жүріс тұрысы, өзін өзі ұстауының өзі бір мектеп. Айтып, айтпай не керек, өмірде сирек кездесетін өз ісінің, мамандығының нағыз майталмандары. Өз ісіне шын берілген азамат

ұстаздар.

Ұзамай әкем келіп, құмға қайтып алып кетті. Үйді алғашқы отырған төбеден еңістегі көгалға көшіріпті. Қара құрт шаққан адамды қалжалап, қырық күн жақсы ашыған қымыз беру керек деп, соның бәрін бұлжытпай орындады. Қырық күн болмағанмен айға жуық құмда болдым. Талай рет өріске барып әкеме қой бағыстым. Ақыры жаз ортасынан ауа анам екеуіміз ауылға келдік. Мамам Асанхан жездемнің үйінің құрылысын бітіріп қалған Абдылла деген ұйғыр ұстаға жолығып сөйлесіп, ақыры есік алдынан үлкен үйдің құрылысын бастауға келісіп келді. Ұзамай ұста келіп іргетасын қалай бастады. Іргетасын қалап бітісімен мамам құмға қайтып кетті. Абдылла ұста үй іргесіндегі жерден әуіт қазып кірпіш құя бастады. Ол кісіні ауылдағылар қазақшалап Әбділда дейтін. Сол жылдарда жаздай Сәмбет тоған бетімен бет суға толып жататын. Ұста кісі барып тоғаннан су жығып келеді. Бір әуіттің топырағынан құйған кірпіш үй іргесін тұрғызуға жетпейтін болып, ұста есік алдындағы бақшалық жерден екінші әуіт қазды. Беткі топырағы қара шірік болғандықтан кірпіш құйуға жарамай, трактормен едәуір топырақты сырғызып тастап қазған әуіт барынша терең әрі өте үлкен еді. Бір күні қаладан ұстаның әйелі кішкентай баласын ертіп келді. Әкесін қатты сағынған баласы қайтқысы келмей, кешкі автобуспен қайтқан анасынан қалып қойды. Кішкентай бала күнімен ұрынып әр нәрсемен бір ойнап жүретін. Бір күні түс қайта Назтай апамның бұзауын тауып, қаудан кіре берсем, әлгі кішкентай бала әуіттегі суға бір батып, бір шығып жанталасып жатыр. Әкесі бұл кезде алғашқы құйылған

кірпіштерден үйдің қабырғасын едәуір тұрғызып нақ сол кезде көше жағын өріп жатқан. Жұмысқа қатты берілген ол кісі баласының жайынан бейхабар. Ойла-нып та үлгірген жоқпын. Бара әуітке қойып кеттім. Су иегімнен асып кетті. Баланың көйлегінің желке тұсынан ұстай алып едім, ол сабалап, мені жұлғандай қимылдар жасай бастады. Жандәрмен арпалысып жүріп, кеудесін әуіттің құрғақ сыртқы жиегіне зорға іліктірдім. Баланы әрі итерген сайын әуіттің ішкі тайғақ жиегінен сырғып, өзім ортасына қарай серпілем. Ақыры әуіттің жиегінде өсіп тұрған бір түп миядан ұстап жатып жиекке әрең шықтым. Су ішінде менімен арпалысқан бала, судан шыққанда былқ-сылқ етіп қалды. Өліп қалды ма?-деп зәрем ұшты.

– Дада! Дада Абдылла! Айғайлап жатып ұстаны әрең шақырып алдым. Ол кісі баласы екеумізді көргенде көзі шарасынан шығып, зәресі ұшып кетті.

– Ойбай! –Ой-бай-ай! Тірі ме?! Балам тірі ме?

– Тірі, бірақ біртүрлі боп жатыр. Ол келе баласын атымен атап, жұлқылап, одан етбетінен жатқызып құстырды. Құсып жіберген бес-алты жасар бала артынша бақырып жылап қоя берді. Абдылла ұста:

- Аллаға шүкір! Аллаға шүкір!-деп, жағасына түкіріп, баласын кеудесіне қысып тұрды. –Айналайын, қызым-ай! Саған мың-мың рахмет! Өмір жасың ұзақ, бақытты бол! Сәл кешіккенде баламнан айрылып қалатын екенмін. Мен саған қарыздармын!-деді. Сол жылы күзде ол кісі үйдің қабырғасын бітіріп, төбесін жауып қойды. Ауыл ортасындағы гаражды сол жылы жазда Қарасу ауылы мен Фрунзенің ортасындағы құмақ жоталарға көшірген. Ескі гараж орнынан елдер

әртүрлі қора-қопсыға жарайтын нәрселерді үйлеріне тасып жүретін. Бір күні біздің апам да екі-үш бау қамыс әкеледі. Соны тасимын деп тайып құлап аяғы тізесінен мертігіп қалды. –Апа-ау, оны қайтпекшісіз?

– Құрып кеткір, ана кішкентай тарыны қуыра салайын, деп едім. Апамның аяғын Шалтабаев Тілеуқұл ата салып, содан үш айдай жатып қалды. Сол кезде біраз кісілер апамның көңілін сұрап келді. Бір күні сондай көңіл сұрағандардың бір тобы Айсұлу апа, (баяғы Сүмбілов Сүйінбайдың бәйбішесі) қазіргі имам молда Бакудің апасы, Пірімқұл атаның шешесі Іңкәр. Сол кісілерге шай дайындап жүріп, халқымыздың ауыз әдебиетінің бір тармағымен танысқандай болдым. Сонымен қоса Айсұлу апаның әңгімесінен Тыныстан ағайымның он үш баладан қалған жалғыз ұл екенін, атын сондықтан да Тыныстан қойғанын білдім. Ол кісі одан өзге де өткен дәуірден небір маңызды сырларды шертіп еді. Есте қалмапты. Сол күні әсіресе Бакудың апасы Ж. Жабаевтың Ленин Мовзолейінде өлеңін жатқа кідірмей, жаңылмай оқығаны мені аса таң қалдырды. Менің түсінігімде бұл кісілер сауатсыз, қазіргі біз оқыған әдебиеттен мағлұматы жоқ болатын. Сауатсыз деген кісімнің бірі біздің оқушылар бірнеше күнде әрең жаттаған ұзақ өлеңді саулатып отыр.

Бірде тағы көңіл сұраушылар келді. Бұл кісілер, қаладан келген Сапарәлі ата мен Тазақұл апамыз еді. Біздің қауға жақындай бере, жерде жатқан қауға апамыз иіліп сәлем берді де: -Сиыр сүйкеніп түсіріп кеткен бе? Жерде жатқанын қарашы. Ой, айналайын, бұл әулиенің қауы, әулиенің есігі ғой!-деп үстін-үстін қолдарын айқастырып сәлемін жалғастыра сөйлей, қауды көтеріп

орнына ілді. Өзін келін санайтын әйелдердің адамға, үйге сәлем бергенін көріп едім. Ал қауға сәлем бергенді бірінші, әрі соңғы рет сол кісіден көрдім. Мұның не сыры бар екенін ол кезде әрине, мен түсінген жоқпын.

Суық күзге дейін апам екеуіміз бұрынғыша өз үйімізде тұрдық. Суық түскенде Бүбішай апамды әкешем құмға алып кетті де мен Назтай апамдыкіне жатып оқи бердім. Ол жылы 9-сыныпты ел қатарлы Түймекентке қатынап оқыдым. Екі ауылдан барлығы 28 оқушы-жартысы Ленин колхозынан келгендер, жартысы біздің А.Суханбаев колхозынан. Біз көрші ауылдан келген құрбылармен тез тіл табысып, достасып кеттік. Әрқайсымыз өз ауылымыздың, өз мектебіміздің намысы үшін, барынша тәртіпті болуға, лажы болғанша жақсы оқуға тырыстық. Бұған әрине сынып жетекшіміз Алпысбаев Тұрсынбай ағайдың да ықпалы көп болды. Ол кісі бізге физикадан сабақ беретін. Ағайдың бізге өткізген әрбір тәрбие сағаты өте бір әсерлі және адамгершілікке бағытталған болып келуші еді. Мектептегі тәртібі жағынан да, сабақ үлгерімі жағынан да ең алдыңғы қатардағы сынып, біздің сынып болатын.

Қыста сабақтан қайтып келе жатып, қалың қарға екі жағы көміліп, ортасы тұзақ құсап қар ішінде көрінбей жатқан сымға, сырғанап ойнап келе жатып сүрініп құлап, оң қолымның шыбығы тайып, қары жілігім жарылып кетіпті. Бірден бір қолым көтертпей қалған мен Назтай апамның ақылымен Славов Әбекей деген кісінің шешесіне барып қолымды салдырттым. Шіркін жастық-ай десеңші! Бір-ақ апта қолымды мойныма асып жүріп, келесі аптаның ортасына таман

таңғышымды алып тастадым. Содан қолым еш зәксіз құлан таза қалпына келді. Сол жылғы қысқы каникулда қолым сынғаны себепті болуы керек ата-анама бара алмадым. Көктемгі каникулда барғанымда олар бұрынғыдан әлде-қайда, екі еседей жақын қыстауда отыр екен. Айналасы кең жазық, құм төбелер алыста, әрі төбе деген аты болмаса өте аласа. Сол жердің атауы жөнінде ешқашан әңгіменің реті болмаған ба, есімде қалмапты. Бұрынғы қыстаудай екі отбасылық емес. Тек бір отбасына ғана арналған. Папамның көмекшісі жас, Шажат әпкемнің қайнысы, өз ағайынымыз екен. Мен барғаннан екі-үш күннен соң Бегай әпкем келді. Ол кісі сол кезде екі балаға ана болған. Екінші баласы өзінің де алғашқы ұлы Ғалымды көтеріп келген ол: -Осы баланы сіздерге біржолата беруге келдім-деді. Оған үй-ішіндегілер:

- Бұнына енең не дейді? Күйеуің қалай қарайды?

- Бәрің ақылдасып шештіңдер ме?

- Бізге бола балаңды берем деп ертеңгі күні айғай-шу болып жүрмесін?

- Үйіндегілер кейін тулап, өзіңнің тынышың кетіп жүрмесін?-деген апамның, әке-шешемнің жан-жақтан жаудырған сұрақтарына ол:

- Бәрі ақылдасып шешілген. Тулап қайда барады? Бұл бала ендігі жерде сіздердікі. Біз жаспыз. Құдай берсе, әлі талай балалы боламыз-деп кесіп айтты да, екі күн қонып, он ай толып он бірінші айға қараған Ғалымды тастап, қайтып кетті. Сонымен біз үшін ақ түйенің қарны жарылғандай болды. Әсіресе үлкендер. Есі шыға қуанған ол кісілер көз алдымда құдды бір жас балаша елпілдеп кетті. Екі тәулік мазасызданған

бала үшінші тәулікте-ақ асты-үстіне түсіп өзіне бар мейірімін төккен үлкендерге үйреніп кетті. Мен де қуанғаннан екі күнде бар өнерімді салып Ғалымға арнап бірнеше киім тіктім. Оған Шажат әпкемнің қайнысы таң қалып жүр. Жас баламен ілесе келген мазасыздықтарға әке-шешем дән риза. Оларға тек осы тірлік қана жетпегендей қуаныштан төбелері көкке екі-ақ елі жетпей жүр. Баланың әрбір қылығы, әрбір күлкісі, отырысы, ұйқтағаны бәрі-бәрі біз үшін таусылмас қызық әңгіме, шат-шадыман көңіл-күйге айналды. Артымнан ерген алғашқы қара болғандықтан менің оған деген ықыласым айрықша еді. Ішімнен шыққан перзенттерімді де сондай-ақ жақсы көрген шығармын.

Сол жылғы жазда ата-анам Темірбек даласында жайлады. Анам Ғалымды коляскасымен алып, үй құрылысын ары қарай жалғастыруға колхоз орталығына кетті. Апам да бала бағысуға сонда кеткен. Біз Шолпан екеуіміз кезектесіп әкемнің қасында болдық. Шолпан ауылға қайтып, әкем екеуіміз-ақ қалғанда біздің үйге ауылдан шөпшілер бригадасы келді. Сау етіп жетіп келген кіл ер азаматтарға баяғыдай мамам аспаз болуы керек екен. Механизаторлардың қалауы солай болған. Оған папам:

- Ау, Әсілхан ауылда ғой. Осылар қызық ей! Көздері түк көрмей ме, немене? Ауылда жүрген адамды аулақтан іздегендері несі?-деп біраз сөйлеп алды.

– Енді кім пісіреді, тамақты? Оның бәрін талқылап жататын шөпшілердің уақыты да жоқ, онымен ісі де жоқ. Оған бастары да ауырмады. Бәлен жерден шөп шап, деді ме болды. Даласына, шөп шабуға тракторларын дарылдатып кетті де қалды. Кешке тамақты кім пісірсе ол

пісірсін, бізге тамақ бер деп келері анық. Ол кісілерді біздің үйге алып келген басшылары әкеме жатта келіп жалынып жатып ақыры көндіргендей болып, ол да кетті жайына. Ақыры 24 адамға үш мезгіл мен тамақ пісіретін болдым. Таңертең мені аяп, папам сиырды сауып, жер ошақтағы қазанға сүтті құйып, бетін қақпақпен жауып қояды. Титанға шай қайнатады. Сонымен шөпшілер таң біліне тракторларын дарылдатып, күрілдетіп шөптеріне кетеді. Мен асықпай тұрып алдымен сүт пісіремін. Шай қойып тым ұзап кетпесе әкем де келіп кейде екеуіміз, кейде жалғыз шай ішемін. Айран пісу, күбіден май алу, тұздау оны бүлінбейтін жерге қою, одан айранды қайнатып дорбаға құю, аптасына бір рет құрт жаю, күніге бір қазан ашымық пісіру осының бәрін сағат он екіге таман бітіремін. Одан кейін механизаторлардың түскі асына дайындық басталады. Тамақ кейде екіге таяу піссе кейде екіден аса піседі. Шөпшілер екіден аса келіп қалса кейбір тамаққа шыдамсызы наразылық айтып, өз арасындағы бірер кісілерден әбден сөгіс алғаны да бар. Колхоздан аптасына екі рет келетін нан уақтылы келмей қалып, нан болмағандықтан макароннан қою тамақ істеп, оның түбі күйіп кетіп, әйтеуір ептеп-септеп құтылған да күнім болды. Тамаққа тойған ер кісілер өзді-өз тракторларының көлеңкесіне, тіркемелерінің көлеңкесіне, ал кейбірі киіз үйдің көлеңкесіне құлай-құлай кетіп сағат төртке дейін дем алады. Төрттен ары тағы да шөп шабуға кетеді. Кешке күн бата келетін олар түнгі он, он бір аралығында тамақтанып, жуынып-шайынып ұйқтауға жатады. Келесі күні тағы да таң біліне жұмысқа кетеді. Осылайша айға жуық сол маңайдағы жинауға тиіс шөптерін жинап болып, басқа жаққа кетті-

ау, әйтеуір. Кейбір пысықайлар балаларының осындай істеген істеріне еңбек кітапшасын аштырған екен. Менің ата-анам оны білмесе керек. Мамам бұл кезде ауылдағы үйдің іші-сыртын қара сыбақпен сылатып есік-терезесін, едендік тақтайларын даярлатып келді.

Жаңа оқу жылы басталып, мектепті бітіретін жылым болғандықтан оныншы сыныпты мен Түймекенттегі интернатта жатып оқитын болдым. Көрші ауылдан да бірталай оқушылар интернатқа орналасты. Бұл жылы да папам баяғы алыс қыстауда, Сасайда қыстады. Қысқы каникулға келгенімізде анам әдетінше қазан тола жылқы етін асып қойыпты. Исі мұрын жарады. Бұл жолы біз кешке жақын келдік. Есіктен кіре әлдебіреу:

- Бүгін сүйікті ақбозыңның етін жейсің,-деді. Менің алқымыма бір тас түйін тұра қалғандай болды. Менің түрім бұзылып кетсе керек, бізбен ілесе кірген папам мамама:

- Басқа қой етін ас, оны жей алмайды, ауырып қалар,-деді де ақбозды не себепті союға тура келгенін айтып түсіндірді. Сол жылы қыс ортасында ол кісі өзге үйде сойылған басқа жылқының етінен Назтай апам, Ержан нәйеті үшеуімізге бір жарым жілік жылқы етін әперді.

Ақжар орта мектебіне келген бойда қазақ тілі, әдебиет пәнінің мұғалімі, сонымен қатар интернат меңгерушісі Әбдірайымов Дәулетбай ағайдың сүйікті шәкіртіне айналдым. Ол кісінің жүрісінің өзі ерекше еді. Ұзындау бойлы, сылыңғыр келген кісі денесін тіптік ұстайтын. Маңдайы кере қарыс, маңғаз, келбетті келген кісі оқушылардың әдебіне, іс-әрекетіне риза болған кезде жүзінен мейірім төгіліп тұратын. Риза болмай қалса лезде жүзі сұрланып, қабағын түйе,

отты жанарымен жалт қарағанда кез келген шалдуырт оқушының өзі жіптіктей бола қалатын. Сонымен бітті. Ол кісі ешқашан артық сөзге бармайтын.

Бірде «Боран» деген тақырыпта шығарма жаздық. Келесі бір екі-үш сыныпты біріктіріп өткізген сабақта әлгі шығарманы тексеріп, бағасын қойып әкелген ол кісі, күллі сол оқушылардың алдында менің шығармамды жеріне жеткізе мадақтады. Біреулер жарты парақ жазған. Енді біреулер бір жарым парақ, тағы біреулер екі парақ. Ал мен баяғы қыс мезгілінде құмға бара жатқандағы, қала берді трактормен қайтқандағы борандар көз алдыма елес берді ме, бес жарым бет жазыппын. Қалған жарты параққа бағамен қоса ағай рецензия жазған. Бұған дейін де талай шығармама бестікпен қоса рецензия жазатын ұстазым:

– Міне мектеп бітіруге де таяп қалдыңдар. Менің ойымша егер журналистикаға түссең түбінде сенен қазақ қыздарының ішінен Мұқтар Әуезовше жазатын жазушы шығады-деп мерейімді асырып тастады. Бұл ерте көктемде болатын. Артынша ол кісі білім жетілдіру курсына бір айға оқуға кетті. Сол кезде интернаттың бүкіл кілтін маған табыстады. Мектепте қаншама мұғалім? Тіпті интернатта бізбен бірге тұратын бастауыш сынып мұғалімі де бар. Ол қыз көрші ауылдан қатынап істейтін. Соның біріне де табыстамай интернаттың бүкіл жұмысын бір айға маған табыстап кеткеніне әлі күнге таңқаламын. Директор зор денелі Жарболов деген даусы күндей күркіреген кісі еді. Ол кісі бұған қалай келісті екен?-деп ойлаймын. Аллаға шүкір мен ол кісінің сенімін ойдағыдай атқардым. Оқудан келгенде жұмыстың еш шашауы шықпай, көңілдегідей

боп тұрғанына риза болды. Сабак бітіп, мемлекттік сынақты тапсыруға дайындалып жаттық. Бір күні мен әшейіндегідей емес ерекше түс көрдім. Мұның аян екенін түсіндім. Бірақ балалықпен оның тереңіне үңіле алмадым. Кейін білдім, осы түсте Жаратушы Ие бүкіл менің алдағы өмірімді көрсеткен екен.

Жоғарғы сыныпқа жете бастағанда әкем бірнеше рет маған күрмеп байлауды үйретті. Құданың құдіреті, басқаны үйренсем де әлгі күрмеп байлауды үйрене алмай-ақ қойдым. Апам әкеме: - Әуре болма, оның бүкіл өмірі қара ала қағазбен байланысты болады,-деді. Кейде ойлаймын, сол кезде ол кісілер бұл келешекте неге бейім болар екен,-деп сынағаны екен-ау. Сынай тұрып, өздерінен алыс кетпегенімді қалайтынын білдіргісі келді ме екен, кім білсін? Бұл кезде ата-анам менімен үлкен кісілермен кеңескендей кеңесіп, ойымдағы пікірлеріммен санасатын. Сол қысқы каникулға барғанда мен ата-анама:

- Осылай жүре бересіздер ме? Отбасындағы айналдырған үш-төрт жан қашанғы жан-жақта шашылып жүреміз? Балалық шағымның бәрі сіздерді сағынумен өтті,-дедім. Папам ойланып отырып қалды. Мамам:

- Ұлдаш-ау, бастықтар басқа дені дұрыс жұмыс бермесе енді не істейміз?-деді.

- Құрып кетсін! Бермесе бермей-ақ қойсын. Қарауыл болсаңыздар да бірдеңе ғып күн көруге болады ғой. Қазір мен мектептемін. Оқуға түссем онда көрісуіміз тегі қиынға айналмай ма?

Осы сөз әсер етті ме қойлар төлдеп болған соң-ақ көрсеткіштері де ойдағыдай болғанмен әкем

басшыларға малды қабылдап алындар,-дейді. Олар:

-Әләзір ыңғайлы адам болмай тұр. Қозы бөлгенше қоя тұр. Оған дейін бір ыңғайлы адам табылып қалар,-дейді. Жаз ортасында ауыл маңына көшіп келгеннен кейін анам үйдің қалған жұмыстарын ұста жалдап аяқтатуға келді. Ұсталар құм сыбақты жүргізген соң кетіп қалды. Енді есік-терезені орнатып, еденді салатын ұста іздеп жүргенде Шолпанды сөйлесіп жүрген жігіті Тойлыбек, үйдегілерге ескертпестен әкетіп қалды. Ұзамай ата-анам өлтірісін таратты. Ағайын-туыс бәрі ішіп-жеп, құтты болсындарын айтып тарасты. Екі-үш күннен кейін әкемнің күле келіп, барын ішіп-жеп, артында бір сөз ілестіріп кететін «достары» сарқыт ішеміз-деп тағы келді. Олар әлі бітпеген үйдің мейманханасында дастархан жайғызып мәре-сәре боп отырған. Тілектің басын жақсы сөзден бастаған олар ақырында араққа әбден тойып алған соң әкеме:

- Ай, сорлы Еділбай, мына тамды несін соғып жатырсың? Екі қызың байға кетті. Үшіншің де әнеміне, деп аяғын үзеңгіге салып тұр.

- Сонда бұл тамда кім тұрады? Соны ойладың ба, сен?

- А-а-а, сорлы құбас! Ана жылы өліп қалғаныңда сүйегің де шіріп кететін еді ғой! Осы қыздардың өлтірісін жеп-ішуге қалдырған ғой сені.

- Әкеңнің аузы... Иш! Же! Бұл өмірде содан басқа не бар? Не қыласың жан қинап?!-деп жарыса кеп кеңес айттып отырғандарын естіп, ренжіп ескі тамдағы апамның қасына келіп отырғанмын. Сөз тас жарады, тас жарма-са бас жарады-деген осы. Әлгі кісілер әкемнің ең осал тұсына тиіп, іштейгі уайымын ұлғайтып, ұлғайтып

емес-ау, жаралы жерін тырнап, қанын ағызып кетті. Бір кезде «достарын» шығарып сап үйге екі көзі шатынай енген әкем:

- Иә! Ақыры сен де кетеді екенсің ғой? Онда қазір кет!-деді ашуға булыққан, сәл ғана қызу. Мен ес білгелі таңертең жұмысқа немесе бір жаққа маңдайымнан бір иіскемей шықпайтын әкем дәл осылай деді. Қызыл шибарқыт халатымды уыстай ұстап орнымнан:

- Кетсем кетейін,- деп тұра берген мен, ізінше басым шыркөбелек айналып құлап түстім. Бірақ шамалы уақытта-ақ есімді жинап алдым. Мінекей, әлгі ащы сөздер әкемнің ғана жүйкесіне тиген жоқ, алдағы уақыттарда мендегі жүрек ауруының пайда болуына себепкер болғандай болды.

Бұл кезде ата-анам ауыл іргесінде отырған. Ескі үй мен жаңа үйдің арасында бір адам ғана сиятын ашық жер болғандықтан, ол сылақ кезінде ыңғайсыздық тудырғаны себепті бір бөлмесін бұзып тастауға тура келді. Бір ұста отыратын бөлме мен кіре берістің еденін салып біткен соң ішкілікке салынып жатып алды. Әктеп-сөктеп біз сол бөлмеге кіріп алдық. Мамам:

- Бұл түрімен үйге қысқа дейін кіре алмаспыз,-деп жаңадан ұста іздеп кетті. Ақыры: -Түймекенттен бір тиянақты кісі таптым, күзге дейін үйді толық бітіретін болды,-деп қуанып келді. Бұған дейін де сөз арасында әке-шешем мұғалім бол дегенді білдіретін. Мен: - Біздің үйдің қыздарының маңдайына тек мұғалім болу ғана жазылып па? Мұғалім болғым келмейді,-дейтінмін.

Түс мезгілінде ұста жайын біліп, әрі түстеніп кетуге папам келді, үйге. Төрде әдетінше апам, столдың сол жақ жиегінде папам, оң жақ жиегінде мен, апам

мен папамның ортасында кішкентай Ғалым. Мамам әдетінше төменде шай құйып отыр. Түскі астың аяғын ала:

- Иә, балам, қандай оқуға түссем дейсің?-деді әкем.

-Жолыма жүзсомтауып берсеңіздер болды. Алматыға дәрігердің оқуына, не Каз.Гуге журналистикаға түссем бе деймін. Әке-шешем терең ойға шомғандай отырып қалды. Осы кезде дауысы «Ана-Жер анадағы» Толғанайдай күркіреген апам:

- Қа-ра-ғы-ы-м, бізді төбеңді аптасына бір көруге зар ете көрме! Сәл паузадан кейін: -Осы қаладағы оқуға түсіп-ақ, ана Айтжанның қызы елді уысында ұстап жүр,- дейді ғой жұрт. Сен де сөйт! Бізді сорлатпа!-деді апам. Әке-шешем жер шұқығандай боп отырып қалды. Сонымен сөз бітті. Бұл шешімді өзгертуге ешкімнің батылы да жетпеді, дәті де бармады. Ол заманда үлкен кісіге оның ішінде апам сияқты айбынды анаға қарсы уәж айтуға, мұндай жағдайда бетіне тіктеп қарауға ешкімнің жүрегі дауаламайтын.

Анам ұстаға еденді сала беруін табыстап мені ертіп қалаға кеттік. Құжаттарды Стат. техникумға тапсырып, мені жақын жекжатына табыстап шешем ауылға қайтып кетті. Әлгі оқудың дарбазасынан біреу итеріп кіргізгендей боп әрең кіремін. Ақыры:

- Оқуға түспей кетсем де бұл оқуға түспеймін,-дедім үй иесі ағамызға.

- Сынаққа екі-ақ күн қалғанда мұның не?-дейді ол кісі айран-асыр қалып. Ата-анама хабар айтып жіберсе керек. Ертесіне мамам жетіп келді.

- Не болды?

- Бұл оқуға оқымай кетсем де түспеймін.

– Қарындасым бұл оқуды менсінбей жүр шамалауымша. Онда Технологическийге түссеңші. Престижный оқу. Сенің Мед. институтыңнан да, Каз. Гуіңнен де кем емес.

– Сонда кім боп шығамын?

– Инженер-технолог боласың. Өте жақсы мамандық. Сонымен сол күні құжат қабылдауды тоқтатуға бір сағат қалғанда Стат. техникумнан құжатымды алып, Техқа тапсырдым. Ертесіне таңертең математикадан жазбаша сынақтапсыруым керек. Тапсырдым. Ол кезде сынақтың нәтижесін екі-үш күннен соң қабырғаға іліп қояды. Тізімді ұзақ қарап, өзімді әрең таптым. Сынақтан өтпей қалыппын. Шынын айтқанда еш қынжылған жоқпын. Қайта құтылғанымға қуанғандай болдым. Ойымда биыл аман-есен жаңа үйге кіріп алсақ, келесі жылы ата-анамды қалайда көндіріп Алматыға, өзім қалаған оқуға түсуге бару. Құласам қайта барамын. Түсіп кеткенше бара беремін,-деп ойлады. Сол жылы оқуға түсе алмай қалғанымға үй ішіндегілер еш қынжылмады, қайта тегіс қуанғандай болды. Жаз аяғында қозыларды бөліп алғанмен отарды қабылдай қоймады. Ақыры әкем бір отар қойды өріске шығармай тоғанның жиегіне иіріп қойды. Сол кезде көпшілік жұрт жаз бойына кірлерін тәтті суға жақсы ашылады, деген сылтаумен тоғанға апарып жуады. Апам тоғанға кір жууға рұқсат еткенмен суын жағадан он бес кездей жерге апарып ағын судан аулақ төкпесең ұрсатын. Жерге сіңген кір судың зәрі таза ағын суға әсер етеді. Ал одан шөлдеп келе жатқан адам да мал да су ішеді. Ағын суға ешқашан өлексе, өзге де тазалыққа нұқсан келтіретін зат тастауға болмайды. Обал болады. Тіпті кейін ақыретте сол үшін



Құдай алдында жауап бересіңдер дейтін. Сондай-ақ арық-атыздарға күл-қоқыс тастауға, судың жолын бітеуге болмайды. Су көздерінің бітелуі ерте көктемде қатты сел жүруіне ықпал етеді. Сондықтан жыл сайын арық-атызды тазалап, су көздерін аршып отыруды әдетке айналдырыңдар деп ақылын айтып отыратын. Қазір дәл осы заңдылықтарды орындамау себепті жылда бір жерлерді су шайып кетіп жатыр. Кейде ойлайсың, сол заманда осыншама қоқыс болмаушы еді ғой, деп. Иә! Ол да сол біздің жас кезіміздегі кісілердің, жалпы халықтың имандылығының жоғарылығының арқасы шығар. Адамзаттың мәңгі тұрағы Жер Анамыздың бетін ластауға, орынсыз жырмалап, табиғи келбетіне нұқсан келтіруге ешкімнің құқысы жоқ екенін қазіргі Жер тұрғындарынан ана ғұрлым терең түсінулерінен бе, деп те ойлайсың. Сонда материалдық жетістіктеріміз артқан сайын, сана мен түйсік кері кеткен бе?-деген де сұрақ туады. Тіпті әр кез қойлардан қозыларды айырған кезде бірнеше кісінің басын қосып, қой сауғызатын. Анасынан бөлінген қозылардың ұлардай шулап маңырағаны өз алдына, қойлар да нақ қозылар сияқты үш-төрт күнге дейін қозыларын іздеп қатты маңырайтын. Сөйтсек олардың желіні сыздайды екен ғой. Апам қойларға обал болады, олардың желіні сыздайды ғой, үш-төрт күн сауып оларға жеңілдік туғызбаса кейбірі содан желін сау боп қалады. Ал ол келешектегі қоздағанында жаңа туған қозысының аш қалып, содан қозысы шығын болуына әкеп соғады, -дейтін. Біз:

- Апа-ау, осынша қойды қалай сауып үлгереміз?- десек;

- Жалқаусыңдар! Баяғыда байлардың қойлары



бұдан нешеме есе көп болатын. Сонда да қыз-келіншек ерінбей қой сауатын. Қайта ол бір қызық, думанды кез болушы еді. Қой сауғаннан жарысып, кейбір жарыстан озып шыққандары бәйге алатын. Ірімшікті мол ғып қайнатып, қысқа сақтау үшін кептіретін кез де сол кез еді. Қарын-қарын майды да былайғы уақыттан гөрі сол уақытта көп жинайтынбыз,-дейтін, жарықтық.

Түсте әкем малды суарады да тоған жиегіне иіріп тастайды. Осылайша үш тәулік өткенде мал шаруашылығы басшыларының бірі, отарға әрі қарай ие болатын кісіні ертіп келіп, қойларды санап алды. Бір нәрседен беті қайтса содан құтылғанша адамның асығатын әдеті ғой. Ақыры қойшы боп істеген сол бес жылда талай отарға қасқыр түсіп қырып кетіпті дегенде де, бірде бір қойды қасқырға бермей-ақ, бермек түгіл жақындатпай-ақ, туылған әрбір қозының бірде-бірін шығын қылмай-ақ, алғаш тоқты күйінде алған қойларды ересек саулық қып аман-есен өткізді. Мұның бәрі әке-шешемнің қысқы аяздағы, жазғы аптаптағы, күндіз-түнгі ерен еңбегінің арқасы еді. Қозының бірде-бірінің шығын болмауының өзі түн ұйқыларын төрт бөлмек тұрмақ, одан да зор қырағылықтың арқасы дер едім. Күнделікті өмірде қорасындағы айналдырған он қойдың тапқан бес қозысын да қысқы аязда қатырып алғандарды талай көрдік. Ал бұл алты жүз бас. Ойлы адам өзі-ақ түсінетін жай. Мұқияттылықтың бірі жаңа туылған жас қозыда «қос кіндік» –деген ауру болады. Мұнымен әрбір үш-төрт қозының бірі ауырады. Жылқының тұяқтан болатын «сақау» -деген ауруымен қоса әкем қозы-лақ пен бұзауда кездесетін осы ауруды да емдеп жазатын. Бұл папамның апамнан үйренген

өнері. Малды өткізіп, үлкен жауапкершіліктен құтылған әкемнің менің оқуға түсе алмай қалғанымға айтқан уәжі: -Қайта бір жыл демалып, бізбен бірге болатын болдың. Біз де шаршадық. Бәріміз мына жаңа үйде адамша бір өмір сүрейікші! Бұл оқиғадан соң басшылар ерегісіп әкеме жеті айға дейін жұмыс бермей қояды. Ақыры колхоздан күдер үзген әкем ауылдағы дүкенге қарауыл боп, райпотресоюздың құрамына енеді. Кейінірек колхоздың қырманына қарауыл болды. Анам үш айдан соң мектепке үй сыпырушы, ал кейін колхоз кеңсесінде сыпырушы боп істеді.

Шынында, ендігі ең маңызды іс әрине жаңа үйдің қалған жұмыстарын аяқтау еді. Сол кездегі бес бөлмелі деп аталатын үйдің, ішкі-сыртқы алғашқы әрі ең ауыр әктеу жұмысына, тоғызыншы сыныптан достасқан жолдас қызым Тұрғынбекқызы Нағима көмектесті. Жақсы оқитын ол да оқуға түсе алмаған. Қант зауытына жұмысқа орналасуы себепті ары қарай маған көмектесе алмады. Тағы екі қайтара ешкімді араластырмай өзім әктеп шықтым. Ойым, біркелкі бір қолдан шығару. Бұл кезде үйдің едені де салынып біткен-ді. Есік-терезе мен еденнің майлау, сырлау жұмыстарын да тегіс өзім атқардым. Бәрі тегіс бітіп, күзде уһ!-деп үйге толық кіргенде менің аздап жүрегім ауыра бастады. Алғаш аса мән бермеуге тырысқанмен күн санап ауру үдей түсті де, ақыры дәрігерге көрінуге тура келді. Дәрігерлер ары тексеріп, бері тексеріп ақыры бәрі танзилиттің (баспаның) әсерінен-деп шешті. Алғаш оны емдеу керек, деген соң біраз емдеттік. Оған жүректің ауруы жеңілдей қоймады. Ақыры алдыртып тастау керек, деді. Алдыртып та көрдік. Бір күнде қатар ота жасатқан жасы-

мыз да, дене пішіміміз де бірдей екі қыз бұл жағдайды екі түрлі көтердік. Жанымдағы қыз (сол кездегі Свердлов колхозының тұрғыны) жарты күннен соң-ақ басын көтеріп, аздап сөйлей бастады. Ертесіне тамаққа ілініп, екі-үш күнде тәуір бола бастады. Ал менің ыстығым көтеріліп үш күн басымды көтере алмай жаттым. Отаға дейін аурухана жағдайында емделіп бір ай жатсам, одан кейін тағы жарты ай жаттым. Ал Күлән болса менен әлде қайда кеш түсіп, бір аптадай бұрын шығып кетті. Сондағы дәрігерлердің жасаған қорытындысында бала кезден бергі денсаулық жағдайымды тексере келе, бұл қызға лажы болса үйленбеу керек,-дейді. Ал үйлене қалса жағдайына қатты қарайтын жанұяға тап келмесе, өзіне өте қиын болады. Өмірдің қиындықтарын көтере алмауы әбден мүмкін. Әсіресе дүниеге бала әкелуі қауіпті. Мезгілсіз дүние салуы, болмаса мүгедек болып қалу қаупі бар,-дейді. Мұны маған кейін ауруханадан шығарда мәлімдеді. Бұдан кейінгі жүректің ауруын наркоздың әсері, ағзаның шаршауы (переутомление), бірте-бірте басылады,-деді. Зор үмітте болдық. Ауру басыла қоймады. Көктемнің кезінде күн жылына жүрек талмасы ұстады. Мамам жедел түрде бір машинаны әкеліп Түймекенттің ауруханасына апарды. Ол жерде білегімнен бір-екі дәрі екті де, бұдан былай үнемі өзіммен валидол, валериянка,-деген дәрілерді тастамай алып жүруіме кеңес берді. Байқаймын әке-шешемнің іштей уайымы ұлғайды. Апам ғой, болса-болмаса. Ол кісілер тұрмақ өзімде де іштей, мына түріммен оқу тұрмақ бас қайғы болмаса болар еді-дегендей ұры ойлар пайда болды. Дегенмен: -Оқуға түсемін,- деп аздап болса да кітапты қолымнан тастамай қайталап жүрдім.

Үшінші рет ұстаған жүрек талмасынан біржолата ана дүниенің есігін ашып барып әрең қалдым. Бірақ ешқашан есімді жоғалтқан емеспін. Бәрін біліп жатамын. Үй шаруасымен айналысып жүрген мен, жаным қатты қысылғандықтан тысқа есік алдына шыға бердім. Қай жерде жүрсе де мені бақылап жүретін болуы керек, анам жаныма жүгіріп келді.

- Мама, мен кетіп барамын... Әлсіз денемді ұстай алмай құлай бердім. Әлдеқайдан әкем жүгіріп келіп:

- Ұлдау, Ұлдау! Не болды, қызым-ау! –деп ұстай берді. Жүгіріп барып қорадан бір ақ тоқтыны сүйреп әкелген анам мені айналып Жаратқанға жалбарынып жүр. – Е,е,е, Жаратқан! Мұны алғанша тоқтымен қоса мені ал! Үйден есік алдына шығарда бірін ішіп, бірін тілімнің астына салып шыққан дәрі әсер етті ме, әлде шынында да анамның зары Аллаға жетті ме жағдайым сәл де болса жеңілдегендей болды. Бәрібір өз-өзіме келе алмаған мені Есенқұлов Көрпештің машинасымен көрші ауылдағы ауруханаға, дәрігерге жеткізді. Дәрігерден қайтып келгеннің ертесіне ертеңмен көңіл сұрап (сол кезде падашы) Сыдық атам келді. Алдымен берген сұрағы:

- Дәрігер не дейді?

- Не десін? Ағзасы шаршаған. Әлі наркоздың әсері қайтпаған болуы да мүмкін. Жоғары жақтағы дәрігерлерге жақсылап қарату керек,-дейді.

- Шаршамай қайтсін? Тіп-титтей бала, заңғарадай мына үйді тегіс жалғыз өзі әктеп, сөктеп шықты. Ұстаға бермей, кедей боп қаламын дедіндер ме?

- Сақа-ау, өзі ғой бой бермеген, өзім істеймін деп... Папам құдды бір осыған кінәлі сияқты күмілжіп қалды.

- Неше жыл кәрі кемпірдің бабын тауып бір үйдің тірлігін тегіс бір өзі атқарды. Сөйтіп жүріп тағы жақсы оқыды өзі. Елдің мұндай бала-шағасы түске дейін ұйықтап жатады. Сонда да талайы сабағын да дұрыстап оқи алмай жүр. Көз тиді бұған! Көз тиді. Деру оқыту керек. Осы оқиғадан соң ұзамай әлгі тоқтыны құрбандыққа шалды. Құдайы тамаққа ерте бастан сәскеде бір-екі кісіні ерте келген Опақұл апа есіктен көңілді бейнеде күле кірді.

– Қалайсың, қарағым!

– Жақсымын, апа.

– Е,е! Жақсы болмай ше?! Жас адам да ауыра ма екен? Ауырмайды. Ауырса да жазылып кетеді. Баяғыда біздің Дариякүл де өстіп ауырып, елдің бәрі: -Ойбай, өледі-өледі!-деп, ештеңе жоқ, аман-есен байына да тиіп, баласын да тауып, шауып жүр. Сен де әлі-ақ тәуір болып кетесің!

- Айтқаныңыз келсін.

– Мұндай аурудың емі жақсы, күлдіргі әңгіме. Қайдағы бір көңіл-күйді түсіретін әңгіме айтса уайымнан кез-келген кісі ауырып қалады да. Оқуға түсе алмадым деп, қатты уайымдаған ғой, бұл. Ештеңе жоқ! Биыл түспесең келесі жылы түсіп кетесің. Содан Опақұл апам небір күлдіргі әңгіменің тиегін ағытты дейсің, езу жия алмай, ақыры шынында да төсек тартып жатқан мен орнымнан тұрып сауығып кеткендей болдым. Жүректері шайлығып қалған ата-анам мені ары қарай үлкен жерге қаратпаққа шешім жасайды. Ол үшін қыруар қаражат керек болғандықтан ешқашан ешкімнің алдына кіріптар боп барып көрмеген ата-анам амал жоқ, мен үшін жәрдем сұрауларына тура келеді.



Жаңадан кірген жұмыс орындарынан жәрдем сұрай алмай, еңбегіміз сіңді ғой, не де болса колхоздан көмек сұрайық-деп шешім жасайды. Ал Опақұл апам кейде Керімбала апаммен бірге біразға дейін аптасына бір-екі рет келіп, қызық әңгімелерін айтып жүрді. Басқа түскен ауырлықты ағайынның бөлісуі,-деп осыны айтса керек. Колхоз кеңсесіне о бастан бай баласы-деп араға сызат түскен әкемнен гөрі шешемнің сөзі өтімдірек болса керек. Кеңсеге не себепті жәрдем сұрай келгенін айтып тұрып анам байғұс жылап жіберіпті. Мұны көрген, әлдебір тапсырмамен кеңсеге кірген жүргізуші Мұқаш анамнан қайта жөн сұрайды. Бұл кісі баяғы Көкөзектік Бөрте атаның баласы. Жүргізушілік жұмыспен жүріп, құмға талай рет барып біздің үйде қона жатып қолынан талай дәм татқан жігіт, анамды мына жағдайда көріп қатты жаны ашыса керек. Анам болған жайды баяндайды.

– Алматыға апармақпын. Бұл жердегі дәрігерлер бәрібір ештеңе істей алмасына көзім жетті,-дейді. Мұқият тындаған ол кісі:

- Жеңеше, әскерде жүргенде мен де осылай ауырып едім. Ақыры әскери дәрігерлердің өзі түк істей алмай мені хал үстінде, осы өзіміздің облыстық ауруханаға әкеп салған. Мұнда да еш нәтиже болмай, әкем келіп басымда жылап тұрғанда, қасына бір ұлты түрік егделеу ер кісі келеді. Ауыр халдегі менің қасыма кіруге дәрігерлер рұқсат етпей, терезенің түбінде жатқан мені аяғының астына тас қойып, ішке қарап, сақалына жасы тамшылап тұрған әкеме бір егделеу кісі келіп:

- Қария, не болды? Неғып жылап тұрсың?-дейді.

– Қарағым-ау, мына терезенің түбінде жатқан жалаң



аяқ, жалаң бас жүріп қырықтан аса бастағанда әрең үйленіп, одан елуге таяғанда әрең көрген балам еді. Аман-есен әскерге кеткен. Сонда ауырып, әскерилер мұнда әкеп тастапты. Мұндағылардың сөзін де түсінбеймін. Әкесімін, десем де жанына кіргізбейді. Адам бола ма, болмай ма? Уайымнан көзімнің жасы көл боп тұрмын,-депті. Әлгі кісі түріме қарап тұрып-тұрып:

- Қария, баланды жазып берсем не бересің?-дейді.

– Ой, айналайын! Ондай атты күн болса, не бер десең де берейін,-депті атам. Ол кісі көк базардан келе жатып бір танысына соқпақшы боп ауруханаға келген екен. Дерреу таксиді де өзі әкеп, мені дәрігерлерден сұрап алып, әкемді де қасыма мінгізіп, үйіне апарады. Көзімді аша алмай жатқан мен, үш күнде орнымнан тұрыппын. Содан бір ай емделіп міне аман-есен алдыңызда тұрмын ғой,-дейді Мұқаш аға. Ол кісіні тәуір болысымен үйлендірген де, сол кезде оның үш баласы бар екен. Мамама мына кеңес қона кетеді. Мен де құптадым. Әрі беріден соң көңілімде ғажайып бір құтқарушы пайда боп ертерек соған жеткім келді. Мұқаш аға берген мекен жайға кешікпей-ақ бардық. Сондағы атаның бергені екі шөлмек дәрі. Бірі сәл ғана қышқылдау, ішінде шыбынның аяғы мен қанаты тәріздес бірдеңелер қалқып жүр. Менің оған бақылай қарағанымды байқап, ата:

- Жиіркеншек екенсің ә? Болмайды, болмайды. Оны теріп алып тастама. Онда емдік қасиеті төмендейді,-деді. Анама қарап:

- Жүрегі ауырған адамға көп қысым түсіруге болмайды. Еркімен еркін өмір сүруі керек. Қайта маған бұрылып:



- Ұзамай алдында екі жол айрықшығады. Келешектегі өмірің осы жолдың қайсысын таңдағаныңа байланысты. Бір жолды таңдасаң дүниеде сенен бақытты, сенен дәулетті жан болмайды. Ал тағы бір жолды таңдасаң өміріңнің бәрі дерлік бейнетпен өтеді. Ал жалпы қалай болғанда да жаман өмір сүрмейсің. Осымен әңгіме бітті. Ал екінші дәрі жасылдау сары түсті май тәріздес бірдеңе. Екеуін де атаның айтқаны бойынша іше бастадым. Міне ғажап, дәрігерлердің бір жыл бойы бас қатырып түк көмек ете алмаған жағдайды қолмен сыпырғандай қылды. Жаз айларының бас жағында емделуді бастап, орта тұсында бұрынғы күш-қуатым толық қалпына келгендей болды. Іштегі арман атойлап тұрғанымен үлкендерді сары уайымға салғым келмей, әрі бұл жағдайымның қаншалықты ұзақтығына көзім жетпей, мамандық жайлы арманымнан бас тартуыма тура келді. Ұзамай Жамбылдағы Технологическийге түстім. Бұған түсуім де қызық. Бірінші сынақ тағы да математикадан болды. Бірінші-екінші қатарға отыруға жүрексініп, үшінші қатардағы орындыққа отырдым. Сынақ уақыты басталып кетті. Сынақ парақшаларымызға үңіле қарап отырған профессор Қарымсақов ағай әлден уақытта:

- Молдабаева деген кім? –деп сұрады.

– Мен. Әлдене боп қалды?-деп қорқып тұрмын.

– Бері шық. Үлкен кісіге батылсыздау жақындадым. Ол кісі мені сынақ тапсырушыларға қарсы қаратып қойды да:

- Ау, үміткерлер! Қазақтың қызы деген, міне осындай болуы керек. Қараңдаршы, шашы да киімі де қандай? Артық та, кем де ештеңе жоқ. Кейін де дәл осылай жүр. Бір-екі жылды артқа тастаған соң шашты қырқып



өзгеріп шыға келме! Бар, орныңа отыра бер. Осылайша басталған сынақ сәтімен аяқталып, мен білімгер болдым. Автобуспен ауылға келе жатып үйімізді соққан ұстамен кездесіп қалдым.

- Иә, қызым, қайдан келесің?

- Оқуға түстім, дада.

- Қайсысына, педке ме?

- Жоқ. Техқа.

- Ой айналайын, мықтап кетіпсің ғой. Бәсе осы сенен бірдеңе шығады деп ойлаушы едім. Ол кісі маған қаладағы өз үйінің мекен-жайын беріп, қалайда ата-анаңмен қонаққа кел,-деп күтетінін айтты. Ауылға өзім армандаған оқу болмаса да, үлкен оқу орнына түскеніме қуанып, кеудеме бір шаттық орнағандай күй кешіп келдім. Автобустан түсіп көтеріңкі көңіл-күймен үйге қарай келе жатсам алдымнан жақын туыс ағамыз шықты.

- Иә қыз, қайдан?

- Тәте, мен оқуға түстім.

- А-а-а, қайсысына?

- Техқа.

- Е-е-е, әлі конкурс бар. Қуануға әлі ерте. Конкурсан өтесің бе, өтпейсің бе, құдай білсін!-деді де бетіме де қарамай жөніне кете берді. Ағамыздың ішін қызғаныш оты өртеп кеткені сұрлана қалған жүзінен көрініп тұрды. Күні кеше ата-анам қой бағып жүргенде дүниенің газет-журналын ала келіп, бір жері құрттап кеткендей қыбыжықтап: -Сіздерге мыналарды жазыпты биыл-деп отырғаны есіме түсті.

Мамам:-Мұның бәрі қып-қызыл ақша ғой, осы кеңседегілер Еділбай екеуімізді күндіз-түні газет-жур-

нал оқығаннан басқа жұмыстары жоқ деп ойлайды ма, мұнысы несі?-дегенде,

- Едекең өрісте газет оқымағанда не бітіреді, іші пыспай ма?

- Едекеңе жандарың ашыған түрлерің екен ғой. Өзгелерге неге осынша газет жазбайсыңдар? Әлде оларға жандарың ашымай ма?!

- Енді, жазып қойыпты ғой...деп қипақтағаны, есеп кітапшасына мамам қол қойғанда барып жүрегі орнына түскендей, қызара бөртіп қаламсабын орнына қойғаны, бәрі-бәрі көз алдымнан сырғып өтті. Өзге қойшыларға бір-екі газет қана жазса, біздікіне «Правда», «Социалистік Қазақстан», «Еңбек Туы», «Село жаңалығы», «Мәдениет және Тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Жұлдыз», «Ара», міне осынша газет-журналдарды жазатын.

- Өзің өлтірмейді, жат жарылқамайды,-деген өзгенің жаны ашымаса да сенің жаның ашып, ең болмаса жартысын-ақ жаздырсаң қайтеді?-деп бірде анам қатты наразылық айтқан. Аракідік ол кісінің үйіндегі жұмсақ сөзді, қылықты да тапқыр жеңгеміз үлкен тостағанын ала келіп, алғаш артына жасырып тұрады.

- Әже... Ақ әжетайым үйде ме? Әжелей бастағанда апамның қабағы ашық болса ара арасында апама келіп: -Әже, өзіңіз де білесіз ғой. Ана балаңызға қолдан тондырған таза тоң май болмаса дүкеннен сатып алған май жақпайды. Кішкене тоң май бересіз бе? Асты-үстіне түсе еркелеп, ақ әжелеп келген келіннің көңілін қайтарғысы келмеген апам нән көк сырлы кострюльдің қақпағын ашып, майды опырады да тостағанын толтыра тоң май салып береді. Жеңгеміз көңіліндегісі

орындалғанына мәз болып, апамды еселей мақтай түсіп тайып тұрады.

Мен конкурстан өтісімен Абдылла ұста үйге келіп бізді қонаққа шақырды. Біз бұрынғы Менжинский, қазіргі Ә. Еспаев көшесінде тұратын ұстаның үйіне қонаққа бардық. Бұған дейін ұста деген жаздай қаңғырып, үй бетін көрмей, елдің үйін салумен қолы босамай жүретін бір диуана сияқты көрінетін. Ол кісінің үйіне келгенде таң қалдым. Міне! Үй деп осыны айт! Қолынан келген соң, үй емес, хан сарайында тұратындай көрінді. Үйдің құрылысы қандай кең, сәнді болса, жиһаздары да ерекше көз тартады. Бәрі орын-орнымен, әрі өте сәнді боп көрінді маған. Үлкен мейманханада (залда) бізге арнап жасаған дастарханы құдды бір құдаларға дайындағандай. Тамақ пен салаттың түр-түрі, тәттілердің, арақ пен шараптың тіпті бұған дейін мен көрмеген түрі бар. Ол кісінің бізге бола осынша шашылғанына біз сәл ыңғайсызданып қалдық. Біздің ыңғайсыз сезінгенімізді байқаған ол кісі әйелімен екеуі бар жағдайды жуып-шайып түсіндіре бастады. Аяғы үлкен әңгімеге ұласты.

Ол кісі он жеті жасында Қытай мен СССР дың арасы жабық кезінде Қытай жерінен Кеңес жеріне өтіп кетеді. Он бір жасында әке-шешеден жетім қалған ол күн көру үшін бір қытай отбасына жалданып жұмыс істейді. Таңнан істеп тапқаны бір күлше нан, кейде әлдебір шөпшаламнан істеген тамақ қалдығы болса керек. Күнімен өзі сияқты кедей-кепшіктің балаларымен ойнап, үстібасы кір-кір боп, аш-жалаңаш жүрген бес-алты жасар қарындасына әлгі тапқанын әкеп тамақтандырады екен. Кешке алдымнан күнімен аш жүрген ол қарлығаштың

балапаны құсап, аузын аша, қанатын жайып: -Дада, қарным ашты,-деп жүгіріп шығады. Өзім бала болсам да соған өзімше қамқорлық жасаймын. Көрген қорлық, шеккен азапты айта берсем таң атыруға болады. Алғаш, бұрынғы ата-бабасы қазақ жерінде өмір сүрген, дегенді естігенде жас бала шекарадан өту қиындығын білмей, қарындасын да ала өтпек болады. Бұл жағдай бірнеше рет қайталанса керек. Ақыры қарындасын алып өту тұрмақ өзінің аман-есен өтуінің өзі екіталай екеніне көзі жеткен ол, жеті-сегіз реткі сәтсіздіктен кейін ғана жолы болып, бір қараңғы боранды түнде шекарадан өтеді. Бірақ ертесіне-ақ біздің шекарашылар ұстап алады. Ол заң орындарына барлық жайды толық баяндайды. Бәрібір оған сенбей бұл жақта да көп қиындық көреді. Ақыры жасы толмаған жас бала болғаны себепті он бес жылға сотталады. Түрмеден түрмеге ауысады. Бір күні түрмеден де қашып шығады. Қайда барарын білмей бір үйге келсе бір мейірімді ана отырады. Оның жалғыз қызынан басқа ешкімі жоқ екен. Жігіт басынан өткен жайдың бәрін жылап отырып анаға баяндап береді. Ананың оған қатты жаны ашиды. Ақыры бірінші Алла, екінші сол кісінің және туыстары мен таныстарының арқасында түрмеден заңды түрде босап, Кеңестік құжаттар алып, сол кісінің жалғыз қызына үйленеді. Әйелдің ұлты өзбек екен. Осы әйелімнің туыстары менің туыстарым. Басқа ешкімім жоқ,- деп жүргенде көрген балаларымның бірін туралап келген ажалдан құтқарған сенің алдыңда мен үлкен қарыздармын. Сен болмағанда мына ұлымнан үш жыл бұрын айрылып қалатын едім. Осы қыз оқуға түссе жуып беремін, болмаса бір жақсылық істеуім керек, -деп іштей өз-өзіме

серг беріп едім. Оқуға түсіп, міне бүгін жуып отырмыз. Бұл да бір орындалған арманым, деп білемін, деді ол кісі. Бұл кезде Қытаймен шекара ашылған себепті, қарындасының жайы қалай болды екен? Ол бұл өмірде бар ма?-деген сұрақтар пайда болды. Әбділда кісі шекара ашылысымен қарындасын мемлекеттің көмегімен іздестіргенін, ақыры үлкен қиындықтар мен сарғая күтудің нәтижесінде, жалғыз қарындасын тауып, алғаш хат арқылы хабарласқанын, жақын аралықта Қытайға барып өз көзімен көріп келгенін көзіне жас ала, толқи отырып, баяндады. Міне, менің оқуға түскеніме ағайынның айтқан құтты болсыны мен үйімізді салған ұстаның құтты болсыны осылай болды.

Емші берген дәріні мен білімгерлерді ауыл шаруашылық жұмысына аттандырғанға дейін ғана іштім. Шөлмектегі дәрілердің жартысына жуығы қалып қойды. Ал емші ата осы дәріні ішіп болған соң тағы басқа дәрі беремін. Ал ол біткен соң үшінші рет грек жаңғағы мен тағы да бір нәрсенің қоспасынан жасалған дәріні қабылдауың керек. Сонда өмір бойы, дәм-тұзың таусылғанға дейін ауырмайтын боласың деген. Қайдағы! Оқуға түсумен емнің бәрі жайына қалды. Ауыл шаруашылығы жұмысына аттанғанға дейін тұрған үйіме келсем, менің ішіп жүрген дәрімнің не екенін түсінбесе керек. Даладағы бір үйілген қоқыстың үстіне тастай салыпты. Бұдан кейін мен оны жүрегім дауалап іше алмадым. Осымен құлан-таза айықтым-деп ойладым ба, әлде балалығым ба, кім білсін? Алдағыны кім болжап білген?.. Атаға қайтып бару ойыма да келмепті.

Бірінші курста оқып жүргенде бұрынғы әдетімше



үзіліс арасында Лениншіл Жас газетін алып, қарап отырғанмын. Газеттің соңғы беті-ау деймін, түгел Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері екен. Ол кісінің өлеңдері маған қатты ұнайтын. Өлеңді құныға оқып отырған мен, көптен қасыма келіп тұрған курстасым Айгүлді байқамаппын. Газетті қолымнан жұлқа тартып қалған ол, наразы пішінде өзіне жалт қараған маған күле қарап:

- Өлең оқығанды жақсы көресің бе? Өзім сыйлайтын келіншекті көріп сабама түсіп: -Иә. Бірақ ақын біткенді түгелдей оқимын, деп айта алмаймын. Маған Мұқағалидың өлеңдері ұнайды. Осыдан бастап біздің достығымыз нығая түсті. Кейін сөз арасында, ол өзінің Мұқағалидың әйелі Лашынның немере сіндісі екенін айтты. Жазғы демалыс жақындай бастағанда Айгүл, ауылын сағынып жүргенін, барайын десе күйеуі де, өзі де студент болғандықтан қол қысқа, ауылға тұрмыстағы қыздың сәлем-сауқатсыз баруы ұят екенін айтты. Маған бұл құлақ қағыс еткендей көрінді. Үйге келгенде әке-шешеммен ақылдасып едім, ол кісілер сөзге келмей, кешіктірмей қонаққа шақыруымды жөн көрді. Жазғы демалыстың басында-ақ тобымыздың старостасы, көрші ауыл Амангелдінің қызы Әлменова Зәурешті, оны жолдасы Жеңіспен қонаққа шақырдым. Бір дегеннен менің барғаным ұят болады. Қыздар өздерің бас қоса беріндер, деп Жеңіс келмей қалыпты. Ал Зәуреш үйдегілер жіберсе барамын, деген. Кешігіңкіреп барып келген ол, алғаш әкесінің жібергісі келмей:

- Осы ауыл болса бір сәрі. Көрші ауылда не бар? Кім деген ол? Кімнің қызы, мен танымын ба?-дейді. Кінәлі кісідей кібірткітеген Зәуреш:



- Мүмкін танитын шығарсыз? Молдабаев Еділбай деген кісінің қызы. Менімен бір топта оқиды.

– Е-е-е! Танимын ғой мен ол кісіні. О-о-о! Шіркін-ай! Кезінде осы өңірде жақсы аты шығып «бозым жігіт» атанған кісі еді. Аттан жығылып, неше күн естүссіз жатып содан оңбай қалды ғой. Біреулер оқыстан болды десе, біреулер қастықтан болды, дейді. Анығын кім білген? Жақсы адамның қызымен жолдас болған екенсің. Онда бара ғой. Бірақ кешікпей келерсің. Зәурештің әкесі Әлменов Үсіпәлі соғыстан кейінгі жылдарда біздің ауылда бірнеше жыл мұғалім болған екен. Ол кісінің кейбіреулер қастықтан болды дейді дегенін естігенде де, балалығым ба, оған еш мән бермеппін.

Сол жазда Шолпан тұңғыш баласына босанып, оны бұл жағдайдан кейін, көтеріліп кеткенше күтім жасауға үлкендер үйге алып келді. Бұл менен кейін бірінші рет біздің үйде жаңа туған жас нәрестенің пайда болуы. Ешкім оған жиен, ертеңгі күні өз еліне кетіп қалады, деген сияқты оймен қараған жоқ. Бүкіл туыстарды шақырып шілдеhana жасалды. Атын мен «Айдар» деп қойдым. Не себепті бұл атты таңдағаным жайлы ешкім сұраған жоқ. Нәрестеге ат қойған күні кешке, күн батып бара жатқандағы қып-қызыл шапаққа қарап тұрсам, үстіңгі жағында қиылып, жаңа туған ай тұр. Дәстүр бойынша жаңа туған айға сәлем бердім де Алладан тілек тіледім. Ия Алла! Ия Алла! Тілегімді қабыл ала гөр! Нәрестеге қапыда қаза болған өмірдегі ең алғашқы сыныптас досым Айдарбектің атының бегін алып тастап, Айдарын қойдым. Бөбегіміздің өмір-жасын ұзақ қыла гөр! Айдарбектің таудай талабын, шыншылдығын, ақ-адал көңілін, ақжарқын мінезін, бойындағы барлық

жақсы қасиетін бере көр! Қыршындай кеткен оның орындалмаған бар арманына осы бөбекті жеткізе көр! Бізді осы бала арқылы қуанышқа бөлей көр! Біздің ғана емес халықтың сүйікті азаматы болуға нәсіп ете көр! Құданың құдіреті! Ақ тілеуімнің қабыл болғаны осы шығар?! Айдарбек архитектор боламын деуші еді. Айдар да осы мамандыққа жуық қызмет, яғни Архитектурада инженер болып жүр.

Студенттік өмірімнің бас кезінде, бірде апам былай деді: -Қарағым, қайтейін! Саған бұл сөзді айтуға тиіс адам емес екенімді жақсы түсінемін. Бірақ сенің апаң да, сырлас әпкең де, жеңгең де мен болып тұрмын ғой. Сені менен жақсы кім біледі? Анаң да әкең екеуі мал-мал, деп жүріп талай уақытын сенен алшақ өткізді. Білемін, мінезің тік, көңілің ақ. Бетің бар, жүзің бар демейсің. Тәкаппарлығың да жоқ емес. Ендігі жерде есінде ұстар бір нәрсе бар. Еркек деген киелі жандар. Көңіліңе жақпағанды бетіне сарт еткізбей, жайымен, жөн сөзбен ғана шығарып сал. Көңіліне тиіп, сағын сындыратындай сөз айтпа. Әйтпесе еркектің киесіне ұшырайсың. Тағы бір есте ұстайтын жай, сенің Ақ Періштең бар. Оны шошытып алмау керек. Ол шошыса саған қиын болады. Өз бойымдағы қасиетімді саған бағыштап, бата беруге жүрегім дауаламайды. Сенің заманың мүлде бөлек. «Өмір»- деген онсыз да ауыр жүк. Жүгінді одан бетер ауырлатқым келмейді. Осы сөздерім әрдайым есінде болсын!

Апта сайын, кейде екі аптада бір үйге барып тұрамын. Үлкендер де, мен де ризамыз. Бірде күн әлі жылы күз мезгілінде үйге келдім. Аулада ешкім жоқ. Тым-тырыс. Әке-шешем жұмыста, есі кіріп қалған Ғалым ойнап

кеткен болуы керек. Кіре берісте аяқ киімімді шеше бастаған мен, жартылай ашық тұрған келесі бөлменің жарма есігінен апамның өзгеше тұрысын көріп таң қалдым. Сол бөлменің терезесінің оң жақ жақтауына жақын ілінген қаракөк радиоға ұмтыла жабысып қалған үлкен кісі менің тықырымды сезер емес. Радионың үні қырылдап, бірде қаттырақ, бірде сыбырлай, жай шығып тұр. Домбыраның сүйемелдеуімен ән салған егде ер кісі бірде:

- Қызылжар, Семей-ді, Жатсам ұйқым келмейді-десе, бірде Қызылжар, Семей-ді, Еркін даусым келмейді-ай, ау-дейді.

Бұл әннің не күдіреті бар-деп ойладым. Әнге қатты зейіні кеткен үлкен кісіге кедергі болмайын-деп алғаш ол кісінің көзінен парлаған жасты байқамаппын. Апама жақындай түскенде барып, сәл қырындау тұрып құлағын тосқан ол кісінің көз жасы кимешегінің алдына тамшылап тұрғанын байқадым. Ән бітті. Мен апамның иығынан ұстап: - Не болды?-дегендей жүзіне үңіле, таңырқай қарадым. Ол кісі кимешегінің етегімен көз жасын сүртті. Екеуіміз радионың астында ғана тұрған төсекке бір-бірімізді иықтан құшақтай отыра кеттік. Әлгі сезімнен әлі арыла қоймаған апам:

-Япыр-ау, бұл өлеңді радиодан айтпаушы еді ғой. Ешқашан айтқан емес. Айтуға қорқатын,-деді қолы әлі қалтырап. Шынын айтқанда ән маған ұнаған жоқ. Жоқтау сияқты, зарлы боп естілді.

– Апа, бұл әннің соншалықты не сыры бар?

– Е-е-е, қарағым-ай! Не көрмеді, бұл бас? Баяғыда кәмпескенің уақтында осы Сәмбеттен төрт-бес байды жаңа үкімет қолдарына кісен сап алып кеткен. Кейін



тағы бірнеше кісіні солай алып кеткен екен. Түрмеден әуірімдеп шыға алғаны шықты. Шыға алмағаны ит жеккенге айдалатын боп, Семейде алты ай қыста жол ашылғанша жатады. Алты айдан соң апарып Қызылжардың түрмесіне түскенде енді қайтып ел бетін көруден күдер үзген сол кісілердің елге жіберген үшбу хат сәлемі ғой бұл.

– Оны сіз қайдан білдіңіз?

- Ана жылы соғыстан кейін осы қалқоздың көшелерінің жобасын тіліп кеткенде алғаш әркім өзіне тиісті жерге күрке тігіп отырған. Күн суықтау кез еді. Бір күні Дәу кемпірдің (Тұрғынбайдың) күркесіне түн жамылып бір ер кісі келіпті. Мұлдықыз әпкенді, мені, Сырғабаланың үйіндегі жездемді, (Дәулетқұл ата) Мырзабаланы Дәу кемпір шақыртып алды. Сыбырға бергісіз ғып шырқаған әлгі кісіні таң қараңғысына дейін тындадық. Ән сексен шумақ екен. Көлемді қағазға жазып алған өлеңді бірнеше бүктеп төс қалтасына салып алған. Бәріміз жылап отырдық. Таңға дейін екі рет қайталағанда менің есімде алты-ақ шумағы қалыпты. Ана жылдары кеңсенің қасындағы үйімізде тұрғанда сол кісілер ғана бас қосып осы жағдайларды еске алып, мен өлеңді айта бастағанда жаңылып, бір-бірімізді толықтырғанбыз. Сол әңгімені тыңдап отырып сен шошынып жылағансың,-деді апам. –Апа, ол кісі қайдан келді, қайда кетті?

– Ой, баламысың деген. Ол кезде біреуден біреу қорқатын заман. Шамасы түрмеден қашып шыққан біреу-ау. Былай қарай кетті ғой әйтеуір. Ол тау жақты нұсқады. Байқаймын, апам бұрында да, кейін де анданда осы әнді ыңылдап айтады екен. Ал біз оған аса



мән бермеген екенбіз.

Мінекей. Шығарманың басындағы «Тұманда», «Ала-сапыранда» баяндалған әңгімелерді жоғары сынып оқушысы кезімде шет жағасын естігенмен, «байдың ұрпағымыз»-деп айтуға намыстанып жүргенде аса ден қоймаған екенмін. Студент болғанда ғана мән берген сияқтымын.

Үшінші курста желтоқсанның басындағы туған күніме курстас жолдас қыздарым құттықтап үйге келетін болды. Бірақ кейін сессия уақыты жақындап қалғандықтан студенттер ауылға баруға екі ойлы боп қалды. Барлығы ауылдары алыс, үй тамағын сағынып жүрген жандар. Мен кезекті бір үйге барғанда осы жайды ата-анама айтып едім, алдымен әкем құптай жөнелді. –Өзім де ана жылы он жасын атап өткеннен кейін ешқашан туған күнін атап өтпейміз. Құда қаласа жиырмаға келгенін жап-жақсы той ғып атап өтемін, деп жүр едім,-деді. (60-жылдардың басында туған күнді атау біздің қазақтың әдетіне онша кіре қоймаған кез еді, бірақ әкем тойлаған-ды.) Әкеме студенттердің ауылға келуі сессия кезінде қиындау тиейін деп тұрғанын айттым. Ол кісі аз ойланды да, онда «Политотдельдегі» Бесжан нағашыңдыкінде өткіз,-деді. Бірақ біздің туған күнді ойлайтындай мұрсамыз болмады. Бір күні жатақханаға әкем келіп тұр. Бесжан тәтемдікіне бір қойын сойып әкеліп, енді қалған керек-жарағын әкеп беремін десе, аға-жеңгем жатта кеп ренжіпті.

- Сонда біз түкке тұрғысыз болғанымыз ба? Қалған дастархан мәзірін өзіміз-ақ дайындаймыз,-деп барлық қалған дайындықты өз мойындарына алады. Осы жағдайдың бәрінен әкем хабардар етіп кеткен соң еш



болмаса майда-шүйде шаруаларға көмектесейін деп жолдастарымнан бұрынырақ нағашымдыкіне келсем, үлкен залдағы биік стол үстінде дастархан жайнап тұр. Жеңешем дастархан дайындығы үшін қар аралас жаңбыр жауып, оның аяғы қалың қарға ұласып тұрғанда көк базарға бірнеше сөмкемен төрт-бес рет қатынап, енді ыстық тамақ дайындауға кірісе бастапты. Түймен апам бәріне ұлы үйленетіндей нұсқау беріп жүр. Тәтем, жасөспірім Майра, Зайда үшеуі сол кездегі жаңа шыққан төрт аяғы бар, үлкен радиоланы туған күнде айтылған сөздерді жазуға дайындап қойыпты. Заманауи түрлі пластинкалар да дайын. Түнімен жиырма шақты студенттерді аяғынан тік тұрып күткен жеңешем ертесіне таңнан ыстық сорпа дайындап қойыпты. Түнімен ұйықтамаған кісі сорпа ішсе сергіп қалады. Қазір осы бетте сабақтарыңа барасыңдар ғой. Тойып ішіп алыңдар,-дейді ол кісі. Шыны керек, қатты риза болдым. Міне сол оқиғаға алдағы қыста тура қырық жыл болады. Талай қыздардың туған жеңгесі де мұндай жақсылық істеген емесін өмірде талай көрдім. Мұндай шынайы әрі ыстық ықыласты одан кейін олардан өзге ешкімнен байқай қоймадым десем де өтірік болмас. Түйесі көпірден өткенше ғана жақсы қабақпен жүріп, ойындағысы орындалған соң тайқып кететіндердің қатарынан емеспін. Сондықтан да қырық жыл өтсе де ол кісілердің мен үшін істеген осы істері өзім көз жұмғанша естен шыға қоймас. Шықпайды да! Шіркін-ай, әзір де әрбір туыстардың арасында есеппен емес, осындай шынайы, ыстық ықыласты туыстық қатынас орнаса ғой! Мен тұрмақ риза болған жолдастарым да: -Сол нағашыңның үй-іші аман ба? Қыздарының



жағдайы қалай? Балалы-шағалы шығар?-деп әлі күнге дейін сұрайды.

Үшінші курсты бітірген жазда апамды төркіндеріне апардым. Төркіндерін түгел араладық. Тіпті естігенім болмаса өзім ешқашан көрмеген сол кездегі Луговой ауданы, Ленин қой совхозында тұратын немере әпкесінің үйіне дейін бардық. Ол кісінің жалғыз ұлы орденді озат шопан, ал келіні он бір баланың батыр анасы екен. Немерелерінің өзі алды үйленіп, балалы-шағалы бола бастаған, ұрпақтарының көбісі жоғары білімді мамандар. Сонымен қоса бала-шағасы үкіметтің жолдауымен Қазақстанның біраз жеріне тараған. Бұл апамның төркіндеуінің ең соңғысы болды. Бұдан кейін жүріп, тұруы өте қиындаған соң ол кісі ешқайда, тіпті ауыл арасына да шыға алмады. Кейін бірнеше жылдан соң Әбдіғұл нағашым сусамырдан қайтыс болғанда тағы да мен апардым.

Төртінші курстың басында үйлену жайлы сөз болды. Бесінші курс студенті ол, мені скверде тағатсыздана күтіп тұр екен. Скверге жеткенше мен терең ойға беріліп келдім. Әңгіме бас қосуға тірелгенде қалайда мен өз денсаулығым жайлы ашық айтуым керек деп шештім. Қысқа ғана жүрегімнің ақауын айтып шықтым. Қол-аяғым балғадай боп тұрған менің бұл сөзіме ол аса мән бермеді.

– Шын айтам. Дәрігерлер маған үйленуге болмайды, ал үйлене қалсаң сенің жарың денсаулығыңның ауыр-жеңілін түгелдей көтере алатын жан болуы керек,- деген.

– Үйленген адамдар онсыз да бір-бірінің қандай жағдайына болсын төзіп, бір-біріне не жағдай болса да



демеу болуы керек емес пе? Ол онсыз да түсінікті.

– Жоқ менің айтайын дегенім басқа. Мысалы менің мүгедек болып қалуым да ғажап емес. Балалы болу кезеңінде көтере алмай қайтыс болуым да мүмкін. Сен кейін айтпадың деп өкініп жүрмесін дегенім ғой.

– Сен де бір қайдағыны айтады екенсің. Құдай сақтасын! Ештеңе де болмайды. Ол күлкіге айналдырып жіберді. Қысқы каникул кезінде маған қайын атам ағайынымен, жігіттің жолдасымен құда түсіп келді. Талайдан стақанды қолына алмай кеткен әкем құданың жолдасымен меймандардың үрметі үшін деп, аздап алып отырды. Екі аптадан соң сабақ басталып мен қалаға кеттім. Мен кетпей тұрып аздап ұрттап-татып жүрген ол кісі мен кеткен соң бас көтермей жатып ішеді. Сылтауы өзіне белгілі. Тағы екі апта өткенде әдетімше кешкі автобуспен үйге келсем, үйде бұрын-соңды мен көрмеген бір ер, бір әйел екі кісі отыр. Оларға екі балтыры да майысып кеткен әлде бір реңсіз жап-жас әйел өз үйіндей қызмет көрсетіп жүр. Аталас бір-екі туысымыз бен апам, Назтай апам да сол бөлмеде. Салқындау амандасып ішкі өз бөлмеме қарай өттім. Жүрегім әлдеқалай бір жайсыздықты сезгендей, өз үйіме өзімнің аяғым тартпағандай сезімде болдым. Анам мені мейманханадан қарсы алды.

– Мама, мына кісілер кім?

– Е-е-е, қызым –ай! Әкең үйленіп, жас әйел алып жатыр ғой!

– Үйленгені несі? Оны қайдан шығарды? Үйден шықпай жүріп, оны қайдан тапты тағы?

– Өзгелей жағдайда жанашыр табыла қоймаса да мұндай жағдайда жанашыр көп екен ғой.



Жанашырларының тауып келгені.

– Сонда кім?

– Неғыласың оны? Өзім де анық білмеймін. Сен оқуға кеткен соң, бұл қызым да кететін болдыны сылтауратып әкең бас көтермей ішіп жатыр еді, бір күні сау етіп жетіп келді ғой.

– Сау етіп жетіп келгені несі? Сонда папам үнсіз қабылдай берді ме?

– Ол алғашқы екі күндей білген де жоқ. Мас боп жатқан.

– Кейін білгенде не, үнсіз көне салды ма?! Ашуланып, жетіп барып бәрін, тіпті әкеммен қоса қуып шыққым келді.

– Тыныш, естіп қояды. Ақылды едің ғой! Сабыр сақта.

Ол кісілер отырған бөлмеге барып түк болмағандай тірлігін істеп, әлгі жас әйелді әрнеге жұмсап жүре берді. Әрберден соң мені тамаққа шақыра бастады. Оған қосылып бәрі жамырай, бірінен соң бірі шақырып жатыр. Мен оңайлықпен бара қоймаған соң шыдамай әкем келді. Бөлмеме кіруге батылы бармай, есікті сыртынан тықылдатып:

– Ұлдау, тамаққа жүрсенші! Бәрі сені күтіп отыр ғой!- деді. Әп сәтте түрлі ойлар жанымды жеп, алқымыма кептелген ашу мен ызадан бұрқ ете қалған көз жасымды дереу сұрттім. Табан астында, бұл менің емес олардың өмірі ғой. Не де болса артын күтейін, деген ойдан қуат алғандай боп:

- Қазір, папа!- дедім, даусымнан еш реніш сездіргім келмей. Менің жайдары боп естілген даусымнан көңілі орнына түсті ме, ол қонақтар отырған бөлмеге кетті.



Семіз, егде тартқан жылтыр қара әйел, не шықса да осы қыздан шығар,-деп ойлаған болуы керек. Маған жағымпаздана сөйлей бастады.

- Бәсе, қызы ақылды деп естіп едім. Бәрін түсінгеніңе рахмет, қарағым. Ол енді қызының аяғының не себепті қисық екенін түсіндіре бастады.

– Кішкентай кезінде текпішектен құлап, содан бір аяғының сүйегі жарылып, буыны тайып кеткен екен де, енді бір аяғы сынып кетіпті. Кезінде көрсеткен сынықшымыз сынған аяғын салыпты да, екінші аяғының тайғанын байқамапты. Кейін басқа біреуге көрсетіп, ол аяғын қайта жібітіп салам деп, ақыры аяғы осылай қисайып қалды. Ішімде, мен сенен қызыңның аяғы неге қисық деп сұрадым ба?-деген ой тұрды. Қарап отырмай дәу қара еркек те:

–Иә, түсінгеніңе рахмет, айналайын,- деді. Кеш бойы ешкімге білдіргім келмегенмен ойым онға, санам санға бөлініп, түрлі ойға берілдім. Қонақтар кетіп, елдің бәрі ұйқыға кетті. Анам екеуіміз оңаша қалдық.

–Ұлдаш, қалай ойлайсың, мен кетсем қайтеді? Біржола емес қой, уақытша...

– Қайда кетпекшісіз сонда?

– Шолпандыкіне.

– Жоқ, ешқайда да кетпейсіз. Бұрынғыша өмір сүре бересіз. Бұл әйелді бала тауып, әкемді майлы бас қып, осы үйге еге боп жарытады деп айта алмаймын. Көп болса үш ай жүрер, талай қиындықты өткердіңіз ғой, бұған да шыдаңыз!

– Сен солай ойлайсың ба?

– Иә. Апам үнемі: «Өзіңнен тумай ұл болмас, сатып алмай құл болмас»- деп отырушы еді. Сол кісіден бол-



ды ма, бұл не өзі?

– Жо, жоқ. Апаңның бұл жерде еш кінәсі жоқ. Ол кісі осы өмірімізді әбден мойындап болған.

- Мен үйленіп кетсем де, Ғалым бар емес пе? Сонда қыздың баласы бала болмағаны ма? Өз баурын суытып, сіздерге суырып әкеп беріп отырған жоқ па? Әне-міне үйленуге бет алған менің де жағдайымды ешкімнің ойламағаны ма, сонда?!

– Неге ойламайық? Соның бәрін ойлап жүргенде төбеден жай түскендей етті ғой. – Бүйтіп ойлағандарыңыз бар болсын! Сөз осымен бітті. Өкпелеп айдан аса үйге келмедім. Сыртым бүтін, ішім түтін, бәрінен баз кешіп, құлақ естіп көз көрмеген жерге кетіп қалсам ба екен деп ойладым. Ойладым да шешеме айтқан басуым есіме түсті. Өз қолыңды өзің кесе алмайсың деген осы екеніне көзім жетті. Жарайды, бәрінен баз кештім делік сонда нені қиратамын. Өзіме де жеңіл болмасы анық. Ал анамның күні не болмақ? Анамның күні қиын болса, екінші рет бала боп отырған апам, қартайған шағында не күн көреді? Олардың бар сүйеніші мен емеспін бе? Мен осалдыққа бой алдырсам олар сынып түсіп, үй болудан қалады,-деген ойлар мені барлық жағдайдан сақтап қалды. Қысқасын айтқанда екі анамды аядым. Әкеме деген өкпем өлшеусіз еді. Ай жарымдай уақыт өткенде үйге келсем әлгі әйел әлі жүр екен. Үй ішіне жылан кіріп кеткендей. Кезінде ата-бабаларымыз бірнеше әйел алып содан көктеп көгергенін жақсы білсек те, бұл уақытта үкіметтің заңы да қолдамайтын ескіліктің сарқыншағы, тіпті әлде қашан ұмыт болып, тарих қойнауына сіңіп кеткен бұл жағдай мүлде ерсі еді. Апам:

– Неге ұзақ уақыт келмедің?-дегенде

- Оқу қиындап жатыр десем, ол кісі жас бала құсап:

- Ол не қылған бітпейтін оқу?-дейді.

Ал көктемде мен іс-тәжірибеге (практикаға) Украина қаласы Львовқа екі жарым айға кететін кететін болдым. Бұл кезде әлгі әйел төркініне емделуге кетіпті. Оның жиырма жастағы жас өмірі, әке-шешемнің үйлесім тапқан жан дүниесі мен бірі елу бірге, бірі қырық тоғызға келгендегі жарастықты сырт бейнесінен садақа кеткендей боп көрінді маған. Мүмкін бұным дұрыс та емес шығар. Кесірім болса Құдай өзі кешіре көрсін! Бірақ бұл анық еді. Бала кезімде екеуі бірлесе жыр оқыса, өсе бастағаннан Абайдың өлеңдерімен сусындатқан ата-анамның отбасындағы бұл тосын құбылыс маған өте ауыр тиді. Бірақ жүрген ортамда еш сыр білдірмеуге тырыстым.

Үйге келіп, қажетті қаражатты алып қалаға қайтқанымда, әкем Михайловканың (Сарыкемер) қазіргі Байзақ датқаның ескерткіші тұрған жеріне дейін шығарып салды. Автобусқа мінгенде әкем терезе жақты таңдады. Орындыққа отырып автобус біраз жүрген соң-ақ, әкем терезеге қарап жүзін жасырып отырды. Мұнысы несі?-деп ойладым. Терең, өкси күрсінгендей болған оған бажайлап қарағанда байқадым, ол егіле жылап отыр екен.

– Папа, мен өлімге кетіп бара жатқан жоқпын ғой. Құдай қаласа екі-ақ айда қайтып келемін.

– Ия. Ия. Мен жай... Көңілім босап... Ол кісі сонда бәрін сезген екен ғой. Яғни менің өзім де білмеген, енді қайтып есіктен бұл үйдің адамы емес, өзге үйдің адамы боп енетінімді жүрегі сезген екен. Былайша

айтқанда Жаратқан Ие аян берген. Екі ай өткенде, құда түсіп келгендерімен, ақыры алатының осы қыз болса жер түбіне ары-бері сабылмай-ақ, ебін тауып жолдан түсіріп алып қалындар,-деген үлкендердің кеңесі бойынша, болашақ қайындарым мен жігітімнің жолдастары он бес күн Мәскеуден шыққан жүрдек поездың бәрін қарап жүріп, ақыры он алтыншы күні мені түсіріп алып қалды. Осылайша біз отбасын құрдық. Бұл кезде менің айтқаным айны-қатесіз келіп, әлгі жас әйел біржолата кетіп тынған. Үй ішіндегілерге Мәскеудегі ВДНХда бірнеше рет кезекке тұрып алған базарлық жемістер, (ол кезде бізде кездесе бермейтін) бәрі қайын жұртыма бұйырды. Артымнан әке-шешем, Шолпан, үлкен жездем Емісбек, дос қызым Нағима, кішкентай інілерім Ержан, Ғалым, Айдар бір қауым ел боп келіп кетті.

Ұзамай күзге қарай, шамасы тамыз айында болуы керек, үлкен әпкем Бегай келіп Ғалымды қуып жүріп ұстап алып, біржолата әкетіп қалады. Бұл жағдай мен жат жұртқа кеткендегі күйініштері әлі басыла қоймаған біздің үйдің үлкендеріне өте ауыр соққы боп тиеді. Арасына салқындық кірмесін деген үлкендер бұл жайдың бүге-шігесін маған ешқашан ашық айтқан емес. Тек кейін өмірдің әр кезеңінде сондағы оқиғаның куәгерлерінен әр түрлі жағдайларда естідім. Үшеуі үш жерде адам өлгендегідей ауыр, шарасыз халде отырып қалады. Бұл кезде Айдар біздің үйде Шолпанның жұмысқа шығып кетуімен қатар, бала бақшаға орналастырып үлгермегені себепті жүрген екен. Нақ сол тамызда бала бақшадан орын табылып, Тойлыбек пен Шолпан тұңғыштарын алып кетуге үйге келеді. Олар есіктен кірген бойда ауыр қайғыда отырған апам:



–Сендер де балаларыңды алып кетуге келдіңдер ме?! Біз үш қақбасты үш жерге көміп, әкете беріндер!-деп күңірене дауыс сап жылайды. Қызы мен күйеу баласын көрген бойда апамның қасына кеп отыра кетіп, үнсіз жылаған әке-шешемнің де көз жасы көл бопты. Есіктен кірген бойда-ақ, өте сезімтал Тойлыбек: -Денем түршігіп, бүкіл ішкі дүнием дірілдеп кетті,-дейді. Сасқанымнан бәрінің қолын алып құшақтап сүйе бердім. Бүбішай апамның даусы шыға бастағанда-ақ:

- Апа, бала құдай алдында сіздердікі. Ешкімнің таласы жоқ,-депті.

- Бүгін сендердікі деп ертеңгі күні аналар құсап қайтып алып қоймайсыңдар ма?-дейді ата-анамыз екі жақтан.

- Жо, жоқ. Сіздер тұрғанда бізге бала қайда? Біз әлі жаспыз ғой! Біздің балалы болуымыз әлі алда!-депті, қайран ақ пейіл аңқылдағым. Тойлыбектің күтпеген жерден осындай шешім қабылдағанына өзі бөтен ұяда өсіп, өмір бойы әке-шешеміздің қызы болуды арман еткен Шолпан, іштей қатты қынжылады. Бірақ амал жоқ көнеді.

Содан, басқа жерде қайдам, менің, үйдегі үлкендердің көзінше Тойлыбек ешқашан:

- Айдар менің тұңғышым, менің балам еді,-деп айтпай-ақ кетті. Өле-өлгенше кемпір-шалдың баласы, Сәмбет!-деумен өтті. Сонымен Айдарды алданыш қып үлкендер жүріп жатты. Бірақ Ғалым жөніндегі қайғылары басылмады. Бұл жағдайға қатты өкпелеген мен алғаш оларға барғым келмеді. Ақыры үлкендердің көңілі үшін барып, жездем мен анасы Шайбала апамен сөйлесуіме тура келді. Қаудан кіріп келе жатқанымда,



жұмыстан түскі үзіліске келген аға:

- Ғалым, әпкең келді!-деді. Шарбақ ішінде оңаша ойнап жүрген баланың қуанышында шек болмады. Қау жақтан кіре бере өзіне қанатымды жая ұмтыла берген маған, шын ба, өтірік пе дегендей антарыла қарап алып, бар екпінімен жүгіріп келіп құшағыма қойып кеткен сәбидің денесі қалтырап, жүрегі кеудесін жарып шығардай дүрсілдеп тұрды.

– Жарығым... Жарығым, сол! Дір-дір еткен бала:

- Ә-ә-әп-к-к-ке!-дегенде алғашқы толқыныстан екен дедім. Мойнымды орай құшақтап алған қолы қатып қалғандай. Жіберсе айрылып қалардай сезінетін болуы керек. Біз екеуіміздің бұлай көріскенімізге Шайбала апа қосыла жылап жүр. Жездемізді алғаш әпкемізге үйленген кезден Шолпан екеуіміз аға деп атауға келіскенбіз. Сәл сұрланған аға:

- Болды, болды Ғалан! Әпкенді жібер. Жол жүріп, шаршап келді ғой, демалсын,-деді. Біраз уақыт өткенде баланың кекеш боп қалғанын анық байқадым. Жүрегім қан жылады. Бірақ істер айлап болмады. Ол күнгі әңгіме амандық-саулықтан аспады. Бұрынғыдай емес бәрі біртүрлі салқын тартты. Ертесіне оңашада әпкемен: -Мұның қалай? Бүйтерің бар о баста бермеуің керек еді.-дедім. Ол күйеуіне шық жұқтырғысы келмей, бәрі енемнен, соның ызындаған сөзінен басталды. Осы бала үшін көп қорлық көрдім. Сендер не білесіңдер?! Мен ештеңе білдірмей ұзақ жыл соның бәріне шыдап келем,-деді. Даладағы ошақ басындағы әңгімеміздің не жөнінде болып жатқанын байқаған Шайбала апа:

- Менің бұған еш кінәм жоқ. Өздерінің арасындағы шешімін таппаған жай. Сен әлі балалы болған жоқсың.



Балалы болған соң көресің, біреуге бала берудің қандай болатынын,-деді. Күлімсірей, жұмсарта сөйлеуге тырысқан ол кісі баласын ақтағысы кеп тұрғаны бесенеден белгілі еді. Осы кезде жұмыстан түскі асқа келген аға сөзге араласты. Мен тағы да:

- Аға, баланы басында бермеулерің керек еді. Папам мен мамам сіздерден бір балаңды берсең де бер, бермесең де бер деген жоқ қой. Неге бұлай етіндер? Екі ортада ол жақта ата-анамыз қайғырса, бұл жақта мынау, еш жазығы жоқ бала кекеш боп қалыпты. Осының бәрі керек пе еді?

– Керек болсын, керек болмасын ешкімге берер балам жоқ.

– Әлде болса ойланыңыз. Екі жақтағыларды да бостан босқа қинамайық. Рұқсат етсеңіз мен баланы осы жолы алып кетейін. Азар болса бөлек шыққан бір балаң болар.–Жоқ, баланы аузыңа да алма. Босқа көңілің қалады. Ешкімге бала бере алмаймын. Ол кісілерге ендігі жерде бұл баладан гөрі аспандағы бұлт жуық. Ыза болдым.

- Көрермін осыдан! Бір балаң үйінді басып, бір балаң шарбағыңның оң жағында, бір балаң сол жағында, бір балаң шарбағыңның аяғында отырғанын көрермін. Жан-жаққа бытырап кеткен бала-шағанды жинай алмай жүрме! Бұл кезде Ғалымнан соң Дауыл, Жалын, Жәнібек дүниеге келіп, олар жүгіріп ойнап жүр. Әпкемнің аяғы келесі баласы Нұркенге ауыр екен.

– Өмір болса көрерсің!

– Құдай көрсетсе көрермін! Сөз оымен бітті. Кетіп қалғым келген. Келгелі менен бір елі айрылмай жүрген баланы аядым. Оның үстіне Шайбала апа да:



- Ұлдана-ау, ең болмаса тағы бір күн қонсаңшы. Еш болмаса ана бала солығын бассын,-деп қоймады. Амал жоқ жүрегі жүрегімен қабысып қалғандай болған бала үшін тағы кідірдім. Жаздың шілдесінде түс мезгілінде балаларды ұйықтатады екен. Мұнысы әрине өте жақсы. Келген күні мені мойнымнан тас қып құшақтап алған Ғалым, алдап тастап кетесіз деп, ұзақ уақыт ұйықтамай жатып алып, әрең көзі ілінді. Сәл ғана көзі ілінген ол, аздан соң шошып оянып мені іздеп, жанында жатқанымды көріп көңілі орнына түсті. Ертесіне тағы да мені тас қып құшақтаған ол, кекештенсе де біраз әңгіме айтты.

– Әпке, сіз неге ұза-а-ақ келмедіңіз?

– Мен алыс бір қалада жұмыстамын ғой. Ол бала да болса жұмыстың жауапкершілігін түсінетінін сездірді.

-Мені мамам мен папам сағынбай ма? Мен құсап ол да әке-шешемді осылай атайтын. Тіпті жиен әпкем Шажаттың бар бала-шағасы осылай атайтын. Өз әкешелерін тәте, жеңеше, ал Ғалым болса тәте, әпке дейді.

- Неге сағынбасын күнім, қатты сағынады.

– Онда неге келіп мені мыналардың үйінен алып кетпейді? Б-б-білем мен, тәтем жібермейді. С-с-сіз сөйлессеңізші. Сіздің тіліңізді бәрі алады ғой!

– Кеше сөйлескем. Бүгін тағы сөйлесем.

Менің сөзім жүрмейтін жерлер де бар екенін жас бала қайдан білсін. Өзімізге қарастының бәрі көзін ашқалы менің айтқанымды екі етпейтінін көріп өсіп келе жатқан бала, мен сөйлесем болды, істің бәрі шешіледі,-деп ойласа керек.

-Мен кеткім келеді. Өзіміздің үйге кеткім келеді. Олар мектепті бітірген соң барасың-дейді. Өтірік ай-

тады. Балалары маған тиісе береді. Біз жиі төбелесіп қаламыз. Сондай кезде бәрі маған жабылады. Маған жалтақ-жалтақ қарап:

- Бәрі бір мен жеңемін ғой! Бірақ кейде жеңіліп те қаламын. Сәмбет! Сәмбет!-деп мазақтайды мені. Еркін, әрі ерке сондай-ақ ақылды боп өсіп келе жатқан бала біртүрлі жалтақ, жасқаншақ боп қалған. Баланы арқасынан қаға әлдилеп жатқан мен:

- Енді мазақтамайды! Кішкене ұйықтап алшы. Кеше де ұйықтаған жоқсың. Қазір жол жүргенде шаршап қаласың ғой.

– Рас айтасыз ба? Кетеміз бе?!

– Әрине, әрине жарығым! Түстен кейін төрт жарымның автобусымен кетеміз. Кешкі алтымен ауылға, өзіміздің үйге барамыз. Сөзім сенімді шықты ма, күндіз-түні мені аңдып шаршаған бала арқасынан қаға түсіп, ыңылдай әндеткен менің әлдиіме елтіп ұйықтап кетті. Баланы алдауға болмайтынын білсем де амал жоқ алдауыма тура келді. Тас қып құшақтаған қолын оянып кетер ме екен, деп мойнымнан әрең ажыраттым. Жүрегім төртке бөлінгендей қан жылап ол ұйықтап жатқанда мен атандым. Жүрегімнің бір бөлігі қалып бара жатқан құйтақандай бауырымда, бір бөлігі әлде болса үмітті боп отырған біздің үйдің үлкендерімен, бір бөлігі сонау Қызылордадағы өз отбасымда, істеп жүрген қызметімде сияқты. Баланың ұйқысынан ояңғандағы халін ойлап автобуста баяғы әкем құсап ірге жаққа отырып алып жылап келемін. Осылайша жас сәбидің алдында кінәсізден бұл бірінші рет кінәлі болуым еді. Екінші рет ол өскенде тағы кінәлі болдым. Уақыт өтіп талай нәрсе өзгерген-ді. Ғалым

әскерден жаңа келген. Ол іштей баяғы ойымен, мейлі тәтем әзірше мені өз үйіме жібермесе жібермесін. Кейін өскенде келіншегімді папам мен маманың қолына түсіремін деп армандайды екен ғой. Бірде шешем үйге келіп:

- Ұлдаш, Ғалантай үйленемін. Келіншегімді осы үйге әкелсем қалай қарайсыздар?-дейді. Бұған сен не дейсің?

– Үйленсе үйленсін. Бақытты болсын! Бірақ ол баланы ары итеріп, бері жығуды қоюымыз керек қой. Ол ойыншық емес, адам ғой. Қаласа анда, қаламаса мұнда итеретін-дедім, баланың арманымен таныс емес мен.

- Оның үстіне бұған Шолпан мен Тойлыбек қалай қарайды? Ертең үйге осы бала еге болады деп жүрсек, баяғы қайтып алып қойған баласын үйлендіріп, қолына қаратып жатыр,-деген ой келмей ме, оларға? Сонымен әңгіме бітіп, анам Ғалымға рахмет айтып, келіншегін өз әке-шешесінікіне түсіре беруіне кеңес береді. Ол кезде білдірмегенімен Ғалым мұны күтпесе керек. Ол бізге, әсіресе маған қатты өкпелепті.

Құданың құдіреті, кейін менің жездеме кейіс үстінде айтқандарым тұп-тура дәл келгендей болды. Бұған әрине заман өзгерісі де себеп болды. Жетпісінші жылдарда туған ұрпақ түгелдей тоқсаныншы жылдардың қиындығына тап келді. Жастар тұрмақ жасамыстар да қайдан нан тауып жеуге болады деп жан-жаққа шашылып кетті. Мұны біреу түсінсе, біреу түсінбей жатты. Менің бауырымның да бар баласы қала жағалап, жұмыс істеп, нандарын бұйырған жұмыстан тауып жеп жүрді.

Қайтыс боларынан айға жуық уақыт бұрын ота жасатып жатыр деп есітіп, ағаның артынан ауруханаға

бардым. Шалқасынан системада жатыр екен. Ақ халат киіп есіктен кіре берген мені көріп, системадан бос жатқан оң қолын саусақтарын тарбита, берілдім, дегендей көтерді. Мен де қолымның саусақтарын жаза жақындадым. Екеуіміздің алақанымыз сарт етті. Ол:

- Дәл айтыпсың! Айтқаныңның бәрі айна қатесіз тура келді. Мен жеңілдім. Кешіре алсаң, кешір мені!-деді. Қайран аға айға жетер-жетпес уақытта қаза болды.

Бірде ауылға төркініме келсем, мамам: -Мен қатарлының бәрі зейнетке шығып болды. Мен-ақ қалдым,-дейді.

– Неге?

– Баяғыда, соғыс кезінде әкеңнің жасын екі-үш жылға кішірейтіп жіберген екен. Соған орай менің де жасымды кемітіп тастапты. Бұл кезде мен үш балалымын. Тұңғышым Айнұрдан кейінгі егіздер Ғалия мен Әлияның дүниеге келгеніне не бәрі бір жарым ай ғана болған. Кеуде сүтімді сауып, екі шыныға құйып, қай мезгілде берулері керек екенін түсіндіріп, әлі толық екі жарымға келе қоймаған Айнұрды ертіп, қалаға, мұрағатқа кеттім. Мұрағатшы әйелге жай-жапсарды түсіндіріп, өзімнің алыстан келгенімді, мұнда уақытша болатынымды, үйде қасымдағыдан бөлек кішкентай екі айға да толмаған егіздерім бар екенін, ал әкемнің көзі көрмей қалғаны себепті оны ота жасау күтіп тұрғанын айттым. Ол кісі сіз енді келіп әуре болмаңыз. Тиісті құжаттар табылса екі аптада мекен-жайларыңызға жібереміз,-деді. Шынында да екі аптада шын туылған жылдарын дәлелдейтін құжаттар келіп, әкем де, шешем де уақтында зейнетке шығыпты. Сол жолғы келгенімде анам төрт көкжасыл кітапшаларды әкеліп менің алды-

ма селсоқ тастай салды.

– Бұл не, мама?

– Еңбек ардагерінің кітапшалары ғой. Әкең екеуімізге берілген.

– Төртеу болғаны несі?

– Қайдан білейін, не білгендерінің барын. Бір жыл бергенін ұмытып кетіп келер жылы тағы берген-ау шамасы. Кешігіп жеткен марапаттың өзі бұл кезде Ауылдық Кеңестің төрағасы, жақын туыс ағамыз Қосыбаев Әуестің ықпалымен болған болуы керек.

Адамда арман таусылған ба? Кезінде анам бірер абысындарына: -Армандарың жоқ. Ұл десе ұлдарың, қыз десе қыздарың бар. Әзірге ештеңе емес. Келешекте күніміз не болар деп соны уайым қыламын,-деген көрінеді. Әке-шешеміз зейнетке шығып, ішкені алдында, ішпегені артында күндері ешкімнен кем емесін көріп жүрген әлгі абысынының бірі бірде үйіне ашытқы сұрай барған анама: -Әсілхан, нағыз арманы жоқ сен болдың. Ұл десе ұл, қыз десе қыз, баламның көптігінен не пайда? Бір Алла өзі кешірсін! Таң атпай он екі табанан жауып едім. Кешке дейінгіге жетпей, міне тағы нан ашытып жатырмын. Бала болған соң кір қоңы тағы бар. Осы нанды кешкі салқынмен көсем. Сонда бір күнде жиырмадан асық нан жабады екенмін. Жан-жаққа тарап кеткен балаларым жаздай таза ауа жұтсын, айран-сүт ішсін деп бар баласын әкеп тастайды. Құдайға шүкір, әрқайсысында үштен бала бар. Баланың өсіп-өнгенін жек көрмеймін ғой. Бірақ біреуі де бұ кісі қартая бастады шаршайды ғой. Біз осы анамызға артық бейнет тастап кеткен жоқпыз ба?- деп ойласа, не ғыл дер екенсің. Ешқайсысы ойлап көрген жоқ әлі. Сен ғой,

жақындағы екі қызың бірі келіп тезегіңді істеп көңіңді ойып беріп кетіп жатады. Бірі жиі келіп кір-қоңыңды жуып, банкінді жауып, тәтті-дәмді тамағыңды пісіреді. Алысқа кеткен қызың анау, жыл сайын келілеп үнді шайды поштамен жіберіп жатады. Жасыңда кимеген небір таза көйлек те енем екеуінде. Әкелерінің үсті-басы да мұнтаздай. Бала деп ең, қолың құры емес балаң да бар. Бірі әкетіп қалса бірі әкеп берді. Бұдан артық не керек? Тек үйіңнен шығып тұрған бір азамат ұлдың кемдігі демесең, нағыз бақытты әйел сенсің. Менің келіндерім алды қырыққа келсе де әлі бір әшімке таза шай әкеп көрген емес. Кейде балаларының үсті кір бопты-деп наразылық айтып, ішкен шайларының орнын да жимай автобуска асыққанын сылтауратып жүріп кете береді-депті. Бұған дейін тек «баласы жоқ, қу бас» деген қаңқу сөзден шаршаған анам туыс апамыздың осы пікірін естіген соң көңілі марқайып, апамыздың әлгі сөзін үйге айтып келіпті., Үйдегі үлкендер де осыдан былай қарай көңілдері жай тауып шүкіршілік айта бастаса керек. Бір ауыз сөз көңіліңді жер қылса, бір ауыз сөз марқайтады деген осы болса керек. Қарап отырсақ, «Шуақты жылдар»-деп атаған осы жылдардың қызығы да, қуанышы да, шыжығы да осылай болды.

ОРАЛУ.

(Этилог орнына)

Өткен күндерге көз жібере қарасам, Қызылорданың балалар аяқ киім фабрикасындағы қызметімде бір-ақ жылда зор беделге ие болған екенмін. Өзінің жалғыз ұлы «Ленинград» қаласында жоғарғы оқу орнында оқып жүріп қаза болған зав. кафедрамыз, еврей халқының аяулы ұлы, марқұм, М. И. Бийск үлкен адамгершілік иесі еді. Қарамағындағы әрбір студентке өз баласындай қамқор көңілмен қарайтын. Әрқайсысының үй-жағдайын, отбасының мүмкіншіліктерімен сырттай танысып, біліп жүретін. Диплом қорғаған соң-ақ мені шақырып алып, дедектетіп ректор мен ГЕК-ң председателінің алдына алып барды. Ол кезде Техтің ректоры Мұхамедқалиев деген кісі. Бұған дейін мен (свободный) ерікті диплом егесі болуға кандидат боп тұрсам керек. Шынын айту керек, Ректоратқа кіргенде не дер екен деп қатты қорқып тұрдым. Ол кісі жас мамандардың қызмет орнының бағытын шешіп жатқан үлкендерге, менің үйленгенімді, кішкене балам бар екенін сонымен қатар жолдасымның әскер қатарында екенін айтып өтті. Үйленген жері Қызылорда облысы болғандықтан Қызылорданың балалар аяқ киім фабрикасына жолдама берулеріңізді сұраймын,- деді.

- Бұл қыз былғары дайындау және тері илеу мамандығын алып шықты ғой,- дегендерге:

- Ештеңе етпейді, былғары дайындау мен тері илеу әлде қайда ауыр да күрделі. Ал дайын теріден аяқ киім жасау әлде қайда жеңіл. Мен өз студенткамды жақсы білемін. Ол өте жауапты. Мұны оп-оңай меңгеріп кетеді. Жаңа отбасы жас келін мен баласын қалай қабылдайды.

Бұл өте ойландыратын жағдай. Сондықтан мен жас маманға қалайда жолдама берулеріңізді сұраймын. Ақыры ол кісі комиссияның мүшелерінің де, ректордың да, комиссия председателінің де көзін жеткізіп, маған жолдама алып берді. Бұл мен үшін үлкен жетістік еді. Ұстазымның сенімі намысымды қайрады ма, қалаған мамандығым болмаса да, жұмыс барысында істеп жүрген қызметім бірте-бірте өзіме қатты ұнады. Осылайша Техтың ТКМ факультетін бітіріп, ТИК ті бітіргендердің қызметін істеп шыға келдім. Жұмыс екі ауысымда. Бірі таңертеңгі жетіден басталып, түскі екі жарымға дейін жалғасқанымен смен аяқталған соң бір күні Жас мамандар күні, бір күні Комсомолдар күні, бір күні Кәсіподақтар күні, не керек екі күннің бірінде жиналыс боп, үйге төрт жарым бестерде қайтамыз. Ол Жиналыстардан қала беруге болмайды. Сөгіс алып, қала берді мерекелердегі ақшалай сыйлықтан қағыласың. Екінші ауысым түскі сағат екіде басталып, түнгі он жарымда аяқталғанымен таңертеңгі сменнен қалған қалдықты (остаток товара) санайсың өзіңнің оларға қалдырған жартылай өніміңді санайсың, екеуінің айырмашылығын шығарып қағаз жүзінде толтырасың. Не керек жұмыс түнгі он екі, он екі жарымға дейін созылады. Үйге кейде түнгі он екі жарымда, кейде бірде фабриканың жұмысшыларды таситын кезекші автобусымен барасың. Бұл жағы жас отбасылық өмірге ыңғайсыздау болғанымен, күнімен сегіз сағат бойы шығарып жатқан өнімің көз қуантады. Әр маусымға лайық кішкентай бүлдіршіндердің сан түрлі аяқ киімін көргенде, соны киген баланың қуана апыл-тапыл басып, жүгіргені, үлкендеу балалардың асыр салып ойнағаны

көз алдына елестейді. Бір сөзбен айтқанда, істеп жатқан ісіңнің бала үшін, келешек үшін екенінің өзі көңіліңді марқайтып, қуанышқа бөлейді. Жұмыстағы бар ыңғайсыздықтарды осы сезім-ақ ысырып тастайтындай. Бірақ біз өзіміз шығарып жатқан сол өнімдерді өз дүкендерімізден көре алмайтынбыз. Сөйтсек біз өнімдерімізбен тек Мәскеу мен Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербург) балаларын қамтамасыз етеді екенбіз. Ал экспериментальды цехтан шыққан тауарларымыз (ең жоғарғы сұрыпты тауарлар) Халықтар достығы аясында Германияға экспортқа шығарылады екен. Оның бәрін мен кейінірек білдім. Міне, осыншалықты істерді атқарып жүрсек те жұмысшылар мен қызметкерлер өте қарапайым едік.

Маусым айында болуы керек, Алматыдан, Қазақстан Әйелдері журналынан фотокорреспонденті бар, журналистері бар, фабрикаға бір топ кісілер келді. Мақсаттары жақсы жетістікке жеткен жас маман әйел жайлы мақала жазу. Фабрика басшылары мен кәсіподақ ұйымы кеңесе отырып ұзақ жылдар тек артта қалып жоспар орындамай, үнемі дау-дамайдың себепкері боп жүрген патокты аз уақыт ішінде алдыңғы қатарға көтеріп, ең озат патокқа айналдырды,-деп кейіпкер ретінде мені ұсынады. Жаңадан ғана институт бітірген, үйленген, бір баласы бар. Барлық жағынан журналистердің жоспарлы жұмысына дөп келсем керек. Бұған үнемі сырттай менің еңбегімді бағалап, көтермелеп жүретін Кәсіподақ ұйымының төрайымы, өзі де алыс Семейдің қызы Абсалыкова апайдың (атын атамағандықтан ба, есімде қалмапты) тікелей ықпал еткенін кейін білдім. Ол кісімен енді-енді жақсы

сөйлесе бастағанбыз. Менің құжаттарымнан алыс жақтың қызы екенімді білген ол кісі іштей маған жаны ашып қамқор көңілде жүреді екен. Бірде ол кісі туған жерден алыс кеткен қызға түсіне білген адамға жер күйігінің өзі аз емес қой,-дегені бар. Қызу еңбек үстінде маған келіп жолыққан журналистер төртінші қабатта орналасқан цехты, оның ішінде менің патогымды аралап көріп болған соң, мүмкін болса сыртта, шуы аздау жерде сөйлескісі келетіндерін білдірді. Жарты сағаттай өткенде мені кеңсеге шақырды. Сол жерде ол кісілер менімен біраз сұқбаттасқан соң, сыртқа ілесе шықты. Олар да кіл жастар еді. Журналдың келесі санының мұқабасында менің суретім, орта шеніндегі бір бетте мен туралы мақала жарияланатын болды. Ал журналдың соңғы мұқабасында сол фабрика жастарынан ұйымдасқан көркемөнерпаздардың биі ретінде дөңгелене билеп тұрған қыздардың да құрамында бармын. Режиссёрі ме немене, әйтеуір бір ұлты еврей болуы керек жас ер адам бізге бірталай билеген сияқты қимылдар жасатты. Үйде де аздап жаттығуымызды талап етті. Ертең шешуші күн. Ертеңгі түсірген суреттер журналға шығады деп ескертті. Сыртта фотокорреспондент фабриканың алдындағы гүлзардың арасында біраз ертеңгі күні суретке түсіруге дайындық жұмыстар (репетиция) жасады. Жұмыстан кештеу, бірақ көтеріңкі көңіл күйде шыққан мен бірден шаштаразға, сұлулық салонына барып ертесіндегі журналдың бірінші бетіне шығар суретіме дайындала бастадым. Кешке үйге күндегіден едәуір кеш келдім. Күйеуім үйге келіп қойыпты. Ерте келіп тамақ дайындамақ түгілі өзінен де кеш келіп тұрғаным оған түк ұнамай, қабағы түксиіп

тұр. Мен дереу оған болған жайды түсіндіріп, қуана жайбағыстай бастадым.

– Қазір-ақ тамақ дайын болады. Ол жібігендей, тіпті менің жетістігіме аздап қуанғандай еді. Мен тамақ дайындап жатқанда ол жоқ боп кетті. Тамақ пісіп, мен оны күтіп отырмын. Кештеу, түн боп кеткенде келген ол ертең журналға суретке түспейсің. Керек десең жұмысқа жібермеймін. Аз ғана уақытта қайдан сен осы дәрежеге жетіп қалдың? деп, ақыры тіпті

– Сен сау емессің. Қолдайтын біреуің бар ғойға басты. Себепсіз ұрыс таңға жалғасты. Ертесіне жұмысқа көңіл-күйім түсіп, қатты шаршап келдім. Кеңседе істейтін оның айлығы 120 сом да, өндірісте істейтін менің айлығым 180, ал кейде әрбір мерекедегі сыйлықтар мен асық өндірген өнім үшін қосылатын қосымша табыстармен 220 дан да асып жығылатын. Бұл жай оның өзіне де, жанашыр ақылшысына да ұнамайтын. Мен оны іштей қатты сезетінмін. Мұның бәрі бұған дейінгі ұсақ-түйек ұрыс-керістердің себепкері боп жүретін. Жұмысқа шаршап келген мен отбасындағы тыныштық, бірлік үшін бәрінен бас тарттым. Журналистер де, себебін білуге шақырып алған Абсалыкова апай да таң қалды. Мен: -Журналға түсу де, атақ, марапат та аман болсам алдымда деп түсінемін. Айналдырған бір жылда тау қиратқандай болғым келмейді,- дедім. Мұнымды ол кісілер аса қарапайымдылыққа балап, мансапқұмарлықтан, мақтаныштан аулақ екен деп түсінді. Отбасындағы нақақ сезік ақыры күндізгі жұмысқа ауысуыма тура келтірді. Алдымен Жаңалық ашушылар инженері (Инженер ВОИИР) боп істедім. Онда да айлығым едәуір жоғары болды. Өйткені әрбір

жаңаша істерге жоғары білімді маманның бекітілген 120 сом айлығына қосымша табыстар қосылып, 150 ден 170-180 ге дейін алып жүрдім. Кіл ер кісілермен жұмыс істейсің деп үйдегі кісілерге бұл да ұнамады. Ақыры таза кеңсе жұмысына ауысуып, 120 сомға байландым. Екеуіміз екі чемоданмен ортамызда бір қызымыз бар жас отбасымызға менің жоғарғы табысымның өзі құмға сіңген судай болатын. Бір айлықта бір мұқтажымызды алсақ, келесіде екінші мұқтажымызды аламыз. Айта берсең ол заманда қажетті мұқтаждықтардың өзі табыла бермейді. (Дефицит деген сұмдық еді.)

Ғалия мен Әлия бірден аса бастағанда отбасының сыртында болған бір оқиғадан соң мен дәрігердің қабылдауында отырып ес-түсімді білмей құладым. Дәрігер әлденені айтып отыр. Не айтып отыр? Қайдағы болған жайды баяндап отыр, білмеймін... Тек мейірбикеге бір стақан су алып келуін өтінгенде өзімнің көз жасым бетімді жуып кеткенін түсіндім. Суды ұсына берген мейірбикеге қарағанымда бүкіл дүние асты-үстіне түсіп бара жатқандай болды. Екі-үш минут қана өткендей сезіндім. Бірақ дәрігердің алдына сағат екі жарымда кірген менің есімді жиғанымда кешкі бес жарымнан аса бастаған екен. Көзімді ашқанда алғаш санысыз көп ақ халаттылар қоршап тұрғандай болды. Есімді толық жиғанда байқадым екі дәрігер, үш мейірбике, қоршап тұрған барлығы бес адам екен. Екі жағымнан да система қойып қойған. Оның бірі бітіп, алып тастап жатыр. Мен санымнан салған дәрінің шым ете қалғанынан ұйқымнан оянғандай ояныппын. Дәрігер үйге екі мейірбикесін ертіп жіберді. Тура мас адам сияқтымын. Мына дүние де, жер де, су да, өсіп тұрған талдар да

бәрі-бәрі алдамшы жалған сияқты. Теп-тегіс жермен жүріп келе жатып сүрініп кетемін. Мейірбикелер ұстай алады. Екі мейірбике екінші қабаттағы пәтерімізге мені кіргізіп, диванға отырғызды да колясканы орнына қойып, екі баланы мен отырған бөлмеге жіберді. Жол бойы оларды ана екеуінің баласы деген болуым керек. Ара-арасында қаз тұрып құлап түсетін екеуі бірінің артынан бірі еңбектеп бара жатыр. Екі әйел әлдене деп біраз жылы сөздер айтып жөніне кетті. Бірінің артынан бірі еңбектеп бара жатқан екі нәрестенің өзімдікі екені сонда ғана есіме түсті. Айнұр тәуліктік балабақшада сол күні алынбай қалып қойды. Осы оқиғадан соң менің баяғы жүрек ауруым қайта қозды, ал отбасылық өмірім тек балалар үшін ғана жалғасты. Бұған әрине сүйікті ісімнен айрылудың да кесірі тиді, деп ойлаймын. Үш айдан соңғы жүректің талмасында біржолата ана дүниені аттап барып қалдым. Қонаққа шақырған көршінің үйінде жайғасып отыра бергеніміз сол еді, менің жүрегім сыр бере бастады. Орнымнан дереу тұрып өз үйіме кетіп қалдым. Жол-жөнекей бірінен соң бірін ішкен екі бірдей дәрі сеп болмады. Құдай жарылқап осы кезде күйеуім жұмыстан келіп қалды. Өңі қашқан мені көріп:

- Не болды?

–Тез! Жедел жәрдем шақыршы. Тез! Ол жүгіріп үйдің бұрышындағы автомат телефонға кетті. Осы кезде әлгі қонаққа шақырған көршінікінен келген енем мені көре салып: -Ой-бу! Мұндай жағдайда мұсылман әйел бүйтіп жатпайды!-деп, дереу өзінің аппақ штапель орамалын диван үстінде қинала жанталасып жатқан менің басыма мойнымды орай тартқыза салды.



– Жеңеше! Мұныңыз не? Өзі қысылып жатқан адамға! Шарасы таусылып, ойпырмай не болар екен, деген уайымнан дегбірі қашқан күйеуім тез орамалды шешіп, босатып қоя берді. Аяғымның басынан әлдене жеңіл ғана сыпырылып тіземнің үстіне кеп тоқтады. Осы кезде апыл-тапыл басқан егіздеріме көзім түсіп: -Япырмай! Шынымен-ақ! Ең болмаса түрімді де танып қалмайтын болды-ау!-дедім жаным қысылып жатып.

– Атама! Олай демеші! Күйеуім тағы далаға жүгіріп кетті. Шын жаны ашып, күйзеліп кеткені бар болмысынан байқалып тұр. Әбүйір болғанда жедел жәрдем дәрігері подъезге кіріп келе жатыр екен. Ол:

- Болсаңыздаршы! Тез! Тез! Үлгіре алмай қалар ма екенсіздер?!-деп жатыр. Ашық тұрған есіктен бәрі естіліп тұр. Дәрігерлер тапырлай жүгіріп кірді. Бұл кезде әлгі тіземе кеп тоқтаған нәрсе кіндігімнен төрт елі жоғарыға кеп тоқтаған. Дәрігердің өзі алғаш қатты сасқаны сондай жүзі абыржып тұрды. Жанындағы медбикеге қатты-қатты бұйрық беріп, өзі дереу әлдебір сұйық дәріні аузыма құйды да, тілімнің астына тағы екі түйір валидолды қойды.

– Дорогая, родная мая не думай о плохом! Милая, сейчас же все будет хорошо. Қырықтан асып қалған орыс әйелі, дәрігер бар жылы сөзін аямады. Бұл кезде медбике дайындап қойған екі дәріні оң жақ білегімнен біреуін салғанда тынысым сәл де болса кеңіп сала берді. Дәрігердің асыққаны, толқығаны сондай қолы дір-дір ете кимылдап, медбикеге үздіксіз бұйрық беріп жатыр. Ол екіншісін, араға біраз уақыт салып барып үшіншісін салды. Олар жанымда бірталай отырып әбден өз-өзіме келгенде барып, бізді басқа да аурулар



күтіп отыр, кешіріңіз,-деп кетіп қалды. Кетерінде бұлай қалдыруға болмайды, үлкен дәрігерлерге көрінуіңіз керек,-деп кетті. Шіркін-ай, барлық уақытта, барлық дәрігерлер сол кездегі дәрігерлердей болса ғой! Қазіргі дәрігерлердей кірген бойда жаны қысылып жатқан адамды сұрақтың астына алмай, дереу іске кірісуінің өзі менің аман қалуыма зор себін тигізді. Егер сұрақ беріп, жауабын жазып, қала берді тексерістер жүргізгенде кеш болары айдан анық еді. Онда көп жағдайдағыдай, жедел жәрдем келгенімен құтқарып үлгіре алмады деп қоя салар еді. Сол күнгі дәрігердің ісін, мен үшін сөзбен жеткізу мүмкін емес, ерлікпен пара-пар.

Бұдан кейін жиі-жиі дәрігерге көрініп айтқандарын бұлжытпай орындаумен, ара-арасында ауруханаға жатып шығумен тағы бір жыл өтті. Келер жылғы күзде балалардың әкесі қатардағы инженерден Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директоры боп қызметі жоғарылады. Алғаш ауданда үйге аптасына бір келіп қызметін істеп жүрді. Кейін көктемге қарай төрт бөлмелі үй берген соң біз сол жаққа көшіп бардық. Жылға жуық дәрілерімді мезгіл-мезгіл ішіп жүргенім болмаса аса қиналған жоқпын. Көшіп барғанмызға жылдан аса бастағанда қайтадан жедел жәрдем шақыру басталды. Жиілегені сонша екі күннің бірінде үйге дәрігерлер келіп тұрады. Ауруханаға бір-екі рет жатып шыққан соң тіпті мені көрші тұратын дәрігерге бекітіп берді. Мұның арасында облыстық аурухана да қалған жоқ. Ақыры болмаған соң, біз баяғы Жамбыл қаласы, Бірлесу Еңбек көшесі № 8- үйде тұратын түрік атаны іздедік. Кеш қалыппыз. Ол кісі екі жыл бұрын Кавказға

көшіп кетіпті. Ақырында Республикалық ауруханадан бір-ақ шықтым. Жүрегіме ота жасаса да риза едім. Ішімде елдің бәрін әбіржітпей не әрі, не бері боп тынсам екен деген ой болды. Ауруханаға дейін Офицерлер үйінде болдық. Тексергені бар, ауруханада емдегені бар, бір жарым ай Алматының ауруханасында болдым. Ауруханадан шығарға бір апта қалғанда алғаш түскенде палаталық дәрігермен бірге келіп қараған доцент, профессор егде әйел кісімен үшеу болып келді. Жанымдағы науқастарды шығарып жіберген дәрігерлер менімен ұзақ оңаша сөйлесті. Ақыры қорытындыларын айтты. Жүрегіңнің ауру себебі жүректің өзінен емес, көбіне жүйкеге түскен салмақтың әсерінен болған. Оның үстіне Қызылорданың ауасы сізге мүлде тура келмейді. Олар ғылыми түрде ауаның қысымы, дымқылдығы тағы бірдеңелерді маған түсіндіре бастады. Қысқасы біз қолымыздан келгеннің бәрін істедік. Ендігі жерде емнің шипасының ұзақ болуы өзіңе байланысты. Өмірде болған жайдың бәрін ішіңе тыға бермей, жанашырларыңмен ашық сырласу керек. Қалағаныңды талап ете біл. Туған жеріңе немесе ауасы соған ұқсас таулы, тасты, көкөністі жерге көшуің керек. Сосынғы қатты ескертетініміз өмірінде жаныңды жегідей жейтін бір нәрсе бар. Соны ия мойындап өзінді соған көндіруің керек, немесе сол жайдан біржолата қол үзуің керек. Өйтпесе біздің мына еміміздің күші көп болса бес жылға ғана жетеді. Өзің әлі жап-жассың, балаларың бар екен. Таңдау өзіңде. Бәрінің дұрыс болғанына тілектеспіз,- деді де шығып жүре берді. Сол кісілердің нұсқауымен жүректің бұлшық етін қатайтатын шетелдік дәріні аптасына бір реттен, үш апта бойы қатарынан егіпті. Ал бұл

дәрі жүрекке ота жасатқандардың өзіне бар болғаны бір немесе екі рет қана жасалады екен.

Алматыға күйеуіммен ұшақпен барып едік, Қызылордаға қайтарда да ұшақпен қайттым. Алматыдан жап-жақсы ұшып шыққан Як-40 қонарда оң жақ дөңгелегі ұясынан шықпай қалып, жолаушылар біраз абыржыды. Қонуға бет алған ұшақ заулап келіп қону алаңына жақындағанда сілкінеді. Оң жақ дөңгелегі шыға қоймаған соң қайқаң етіп қайта көтеріліп кетеді. Қайта құлдилап, тағы сілкілейді келіп. Осы жағдай бірнеше рет қайталанғанда елдің бәрі дүрлігіп, кейбірі дегбірсіздене орнынан тұра бастағанда стюардесса келіп жолаушыларды тыныштандыра бастады. Бір уақытта бізді аман-есен қондырып алуға бар жағдай жасалуда. Қранымен жүйрік машина, өрт сөндіру, жедел жәрдем қызметтері бізге көмекке келе жатыр,-деп хабарлады. Алматыға аттанарда жолдасыммен екеуімізге кезіккен құмалақшы қазақ апаның сөздері есіме түсіп, тұңғыық ойға беріліп отыра беріппін. Ол кісі жанына келген біздерге жылы шыраймен қарап тұрып құмалақ (лобия) тастады да алдымен күйеуіме қарап:

- Қарағым, Құдайдың сүйген құлы екенсің. Өмірің ұзақ, бақытың асқан, дәулетің тасқан, қатар-құрбыңның ең алды боласың. Екі әйел алып, сегіз бала сүйесің. Бірінші әйеліңмен емес, екінші әйеліңмен өмірлік боласың,-деген. Осы сөзді айта салып: Ой, бірдеңе бүлдіріп қойдым ба?-деген кісі құсап маған жалт қарады да: -Сен екінші әйелісің бе?-деді.

– Жоқ апа, бірінші-ақ әйелімін.

-Е-е-е, жақсы. Құмалақ та кейде адаса береді. Бақытты болыңдар. Біз бал басын бердік те жүріп кеттік. Бұған



дейін талай ажалдан қалсам да, бұдан енді қала алмаспын. Негізі өмірім қысқа екен ғой. Мен ұшақ апатынан өлсем, әрине ол екінші рет үйленеді,-деген сияқты ойларға беріліп отырғанмын. Сол кезде қонуға әрекет қып қайта құлдилап келе жатқан ұшақтың дөңгелегі сарт етіп ұясынан шыға келгені іштегі жолаушыларға ап-анық естілді. Жолаушылар дүрліге қуанып бір-бірін құттықтап жатыр. Мен жанымдағы ер кісіге қарадым. Қуаныштан толқыған жүзі қызара құбылып:

- Ойпырмай, қарындасым-ай, не деген жаннан безген жан едің? Ел біресе қорқып, біресе қуанып, дүрлігіп жатқанда бір былқ етпедің ғой,-деді. Стюардесса шыға келіп, бәрімізге сәттілік тілеп, құттықтады. Аман-есен қонғанымызға шүкіршілік қып ертерек үйге, бала-шағама жеткім келді. Еш жерге кідірмей Жалағаштағы үйіме келіп, бала-шағаммен қауышып мәре-сәре болдық. Бір-екі күн өткенде үйдің керек-жарағын түгелдеуге дүкендерге шықтым. Көп болса бір жарым сағаттай жүрген шығармын. Үйге келіп, подьезге кіре берсем, біздің пәтерден зар илеген жоқтау үні шығып жатыр. Зәрем ұшып, жүрегім аяғымның басына түскендей болды. Ақылы кіре бастаған Айнұр туралы еш жамандық ойламадым. Егіздердің бірі өліп қалған екен дегенім сонша аяғымнан тік тұра алмай, қабырғаға сүйене бердім. Сол кезде үйден шыққан дауыстың сөзі анық естілді.

– Ой-бай, ой-бай, Құдай-ай! А-а-ah, соры қайнаған ақ Жұмаш! Бұл дүниеден қатын қызығын көрмей өтетін болдың-ау! Сүйдім, күйдім!-деп, Жамбылдан бір додабасты әкеп... Есімді дереу жинап алып, үйге кіріп бардым. Енем тез көзін сұрткен болды.



«Біреудің аспандағы асылымын, біреудің жерде жатқан жасығымын»-деп қайран ақын Қасым Аманжолов та бекер айтпаса керек. Бұл жайды осылайша мен де терең ұққандай болдым.

– А-а-а, келдің бе? Әй, Ғалия, Әлия мамаң не әкелді, қарашы?-деді жайқарлана. Алматының дәрігері не деді? дегенде бәрін жасырмай айтқанмын. Ол кісілер отбасын ептеп-септеп өз еліне қарай тарту, деп түсінді. Өмір бұрынғыша өтіп жатты. Қыздардың әкесінің бұл кезде қызығы да, қызулы өмірі де далада. Беймезгіл келіп үйде шу шығармаса болды. Соған да ризамын. Бірте-бірте менің жағдайым тағы сыр бере бастады. Бастан өткен талай жайларды ой елегінен өткізе отырып ақыры бір күні қыздардың әкесіне:

- Отағасы, сен не де болса екінші әйел ал. Бірақ ол апам (енем) айтқандай мектепті жаңа бітірген он жеті жасар қыз болсын. Келіншегіңді алғаш менің қолыма әкеп түсір. Бетін ашқан соң ол менің қолыма су құйсын. Бұл оның кішілігін мойындап, кейін де мені әпкесіндей сыйлап жүруіне себеп болады. Екеуің бір ай қолымда тұрыңдар. Содан соң мен сендерді қайнымды бөлек шығарғандай бөлек шығарайын. Тек менің жылы орынман қозғалып, қайтып келген қыз атануыма, жесір әйел болуыма жол берме.

– Ой, әкеннің!.. Қай-қайдағыны айтады екенсің!

- Не, партиядан қорқасың ба? Одан да өзім құтқарып аламын. Мен қыздарымның әкесіне осы пікірімді айтқанда небәрі жиырма сегіз жарымда ғана болатынмын. Егер ол менің осы уәжімді ақылмен ойлап іс істегенде, мен айтқан уәдемде тұрып, қиындықтың қандайына да тұрып беретін едім де, кейбір кісілерге үлгі



де болатын едім. Үш жыл күттім. Ақыры денсаулығым мүлде төмендеп қайтадан ауруханаға түсетіндей жағдайға жақындағанда тағы Аян көрдім. Онда мен өмірімді өзгертуім керек болды. Алланың маңдайға жазғаны сол болса не шара! Ақыры бір ауылдың қыздарының ішіндегі сорпаның бетіндегі майы, сүтінің бетіндегі қаймағы атанған мен, «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман»-дегендей «жаман қыз» боп қайтып келуіме тура келді. Өлмеген соң бәрін де көреді екенсің. Ауылда әкемнің үйінде тұрғаныма үш ай толғанда жер алып, үй салуға әрекеттене бастадым. Сондағы ойым, әке үйіне баласын беріп отырған Тойлыбек пен Шолпанның көңіліне кірбең түсірмеу. Сондай-ақ басты әрі негізгі себебі үш қызымды нағашы атасының үйінде тұрады дегізбей, ел қатарлы еңсесі биік ақ үйден кіріп-шыққанын лайық көрдім. Өйткені оларды тірі әкесінен айырған өзім. Ендеше әке орнына әке, шеше орнына шеше болуым керек, деп шештім. Қайсыбіреулердей әкесі өйтпеді, бүйітпеді деп ешкімге шағымданған да жоқпын. Ұрыспай айрылыссаң, ұялмай көрісесің-деген осы шығар. Мүмкін болған жайдың бәрінде әкелік міндетінен әкесі де, әкесінің туыстары, яғни қайын жұртым да бас тартқан емес. Қайта алдымен келіп, қасымнан табылып тұрды. Бұл да адамгершіліктің үлкен бір көрінісі дер едім. Мойныма осынша ауыр жүк түскенде Құдайдың өзі қолдады ма, әлде туған жердің ауасы сондай-ақ еркіндік ем болды ма, әлде алға қойған міндетті жұмыс дем берді ме, жүрек науқасым арақидік аздап сыр бергенмен бұрынғыдай қауіпті жағдайларға жеткен жоқ. Бәрін ой елегінен өткізіп отырып кейде ойлаймын, дегенмен



Жаратқан Ие жар болды деген осы шығар.

Колхозға нормировщик боп қызметке тұрған маған механизаторлардың бірі аға, бірі іні, бірі қатар оқыған құрбы. Ешқайсысы үй құрылысына байланысты өтінішімді жерге тастаған емес. Қайтсе де жұмыс арасында, түскі үзіліс кезінде, нақа болмаған жағдайда жұмыс әбден біткен кезде топырақ па, сабан ба, су ма бәрі келіп тұрды. Күнделікті қоян-қолтық ол кісілердің жұмысымен әбден таныс мен де қолымнан келер жәрдемім болса аяған емеспін. Сонау Қызылордадағы аяқ киім фабрикасында да өз әке-шешемнің басынан өткен талай жағдаймен таныс болғандықтан қарапайым жұмысшыларға барынша әділетті болуға тырысқанмын. Мүмкін аз уақытта үлкен сенім мен беделге ие болуымның себебі де сол шығар. Осыған байланысты есімде қалған екі оқиғаны баяндай кетейін. Бірде сменнің аяғында елдің бәрі айналасын тез-тез тазалап, алды киініп үйлеріне қайтуға асыға бастады. Горячий полировка деп аталатын процесте істейтін апай асығатын емес. Патокты аралап, әр жұмысшының жұмыс орнын тексеріп жүрген мен ол кісінің жанында кідірдім. Байқаймын, мені күтіп тұрған сынайлы. Патокта екеуіміз-ақ қалдық. Әлдене айтқысы келгенмен неден бастарын білмей тұр.

– Апай, не болды? Бірдеңе айтқыңыз келді ме? Ол қолындағы аяқ киімді сүрткіштеп, кипактап қалды.

– Айтыңыз, қысылмаңыз. Ол отбасындағы жайды әрең баяндап шықты. Қысқасын айтқанда он баланың анасы ол кісінің күйеуі әлдебір себеппен түрмеде. Алдыңғы екі баласы әскер қатарында. Әскерден бірі келер көктемде келсе, бірі жаңадан кеткен. Одан кейінгі

үлкені қыз бала, сол жылы мектеп бітіріп, оқуға түсе алмай қалған. Фабрикаға жұмысқа тұрғызайын десе, жасы әлі он сегізге толған жоқ деп алмай қойған. Өз табысы қалған сегіз балаға жетпей, күн көрістері өте төменгі жағдайда. Қыздың он сегізге қашан толатынын сұрастырсам, үш ай қалыпты. Сол қыздың алғаш үйренуші(ученица) болып фабрикаға кіруіне себім тиген. Тағы бір кісінің жас қызы бір ауысымда, өзі екінші ауысымда болғандықтан беймезгіл уақытта жұмысқа қатынауға қорқатын құсайды. Екеуінің біздің ауысымда бір мезгілде жұмыс істеуіне себім тиді. Міне осы сияқты сәл ғана демеудің өзіне көп кісілер мұқтаж. Осы кісілер мені фабрикадан біржола кеткенше енесіндей сыйлап жүрді. Ал ол кісілердің жастары менің әке-шешемнен де үлкен еді. Сол кезде мен небәрі жиырма төрт-ақ жаста едім. Қолдан келсе адамдарға титтей де болса жақсылық жасап, қолдау көрсеткенге не жетсін! Қарапайым кісілердің ең бір мұқтаждықтары осы ғой.

Ауылға келген жылы күзде, жаңа оқу жылы басталғанына көп болмай-ақ мектепке жиналысқа шақырды. Екінші қабаттағы жиындар өтетін үлкен бөлмеге халық көп жиналыпты. Көпшілік жайғасқан соң мені президиумға шақырды. Аздап қысылып, үлкен ұстазым Әбдуалиев Мұраш т. б. кісілер кеу-кеулеп қоймаған соң ыңғайсыз сезінсем де сол кісілердің қатарына көтерілдім. Сол күнгі жиналыста ол кісі мені ата-аналар комитетінің төрайымына ұсынды. Залда отырған кісілерден:

- Келісесіздер ме? –деп сұрағанда, баяғы менің ықпалды қарсыласымның анасы мен өз атам Молдабайдың туған жиен қарындасы Балғынның

келіні:

– Қарсымыз! Осы елде небір үлгілі азаматтар бар. Солар құрып қалғандай неге ол қызды сайлаймыз!- деді. Небір азаматтар тұрғанда қайтып келген қызды не үшін сайлауымыз керек дегісі келгендері айтпаса да түсінікті еді. Шынын айту керек, мен одан бетер ыңғайсыздандым. Ал ағай орнынан ұшып тұрды да:

- Білесіздер ме, осы қызды мен, тағы мен сияқты небір қатал мұғалімдер оқытты. Сонда бір үйдің тірлігін істей жүріп, осы қыз өте жақсы оқыды. Тәртібі қандай еді? Бүкіл мектепке үлгі болды. Қазір мектепте 750 оқушы бар. Солардың ішіндегі ең жақсы оқитын оқушылар бұлардың жанында жіп есе алмайды. Тағдыры қиындау болды екен деп біз де қырын қарамауымыз керек. Қайта бұл қыздың әрбір ісін үлгі етуіміз керек-деді. Сонымен ана екі кісіден басқа барлық жиылған жұрт бір ауыздан мені төрайым сайлады. Іштей бұл кісі несін осынша тырысты. Онсыз да қоғамдық жұмыстан өзге жұмысым да басымнан асып жатыр ғой-деп ойладым. Сөйтсем оның мәні тереңде жатыр екен ғой. Қайран бауырым-ай! Дұшпандықтың, пыш-пыш сөздің алдына қойған тосқауылы екен ғой. Кейін айт сайын, сондай-ақ наурыз мерекесі кезіндегі наурыз көженің уақтысында үнемі үйге келіп құран оқып, батасын беріп жүрді.

Бірде жаздағы колхоз активтеріне берілетін пішенді (сенаж) біздің үйге түсіріп кеткен соң, артынша К-700 тракторының тіркемесімен арпа сабанын әкеп түсіре бастаған екен. Түскі асқа келген мен біраз қарап тұрдым. Тіркемеден аударып түсіріп кеткен, таудай боп үйіліп жатқан шөпті әке-шешем риза, көңілдері тоқ пішінде құнжыңдай, бірі айырмен әперіп, бірі маялап жатыр.



– Шаршаған жоқсыздар ма? Жіті қимылмен құлшына шөп жиып жатқан ол кісілер істеп жатқан істерінен бұрылмай:

– Үйге кеп тұрған ризықты игеріп алуға шаршап не көрініпті? -деді, дауыстары жарқын-жарқын шығып. Олар сол сәтте аса бақытты, ал менің көңілім сыртқа білдіртпегенмен аса олқы еді. Бұл кезде әлдеқашан есік алдынан құдық қаздырып бергенмін. Үйдегілер әлдеқайдан су тасудан да құтылған.

Бірде әкем жарықтық үйге қабағы түсіп, әлденеге қабаржып келді де:

- Мені ел көре алмайды,-дегенде,

- Папа осы сіздің неңізді көре алмайды? Елден асып кеткен ештеңеңіз жоқ қой, көре алмайтындай,-дедім.

- Е-е-е, қарағым-ай, көре алмау үшін елден асып кетудің еш қажеті жоқ. Менің тірі, жер басып жүргенімді көре алмайтындар бар,-деп жауап берді. Мұндай пікіріне себепкер бірге карта ойнаған тұстасының әңгімесі болса керек. Айтуына қарағанда, баяғы аттан құлау себебі әлгі «жатып атардың» нұсқауымен қолдан ұйымдастырылған және оны өзімен бірге жүрген жолдастарының бірі іске асырған. –Сонда кім ол? Әлгі «Три богатыря» боп түскен суреттегі кісілер ме?

– Е-е, балам-ай, не қылайын деп едің? Мені өлтіремін деп жүргендердің бәрі өздері бұрын өліп қалды ғой.

– Сол кісілермен жолдас боп араласпай-ақ қоймадыңыз ба?

– Мен оларды іздеп үйлеріне барған емеспін. Ал өзінді іздеп үйіңе келген кісіні дұрыс қабылдамау адамшылыққа жатпайды. Ең ақыры үйге абайсызда кіріп кеткен жыланға да ақ құйып шығарады ғой. Ал



олар замандас, ауылдас, қатар өскен құрбы.

– Сонда да, мен дұшпандығын сезсем араласпас едім.

– Дос пен дұшпанды айыра білудің өзі екеуімен де араласудан басталады. Дұшпанмен араласпасаң достың достығын қайдан бағалайсың? Халықта мынадай да сөз бар. Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық,-деген балам. Адамның дұшпаннан да үйренері көп болады.

Бірде әкем: -Кейбіреулердей Кеңес үкіметіне аты-жөнімді өзгертпей-ақ сіңдім десе, бірде: -Мен әйел де іздеген емеспін. Әйел мені өзі іздеп келді,-деген. Осы пікірдің баршасының растығын өзім де өмірде сездім. Өз басымда да ешкімнен асып кетпесем де көре алмаушылық пен қызғаныштың түрлі кесірін де, кедергісін де, тіпті зиянын да шектім. Гаражда нормировщик болып жүргенімде осындай көреалмаушылықтан (үйдің әлі бітпеген кезі) ауылдастардың арасында үш-төрт адам ауданға арыз жазып, оны колхозымыздағы жалғыз орыс токарь Кулагин Николайдан беріп жібермек болады. Арызды бірнеше бүктеп төс қалтасына салып, машинасына отырмаққа есігін аша бергенде желкесінен біреу қойып қалады. Жалт қараса баяғы Берік ата екен. –Атаңның аузы... ит орыс! Іштеріңде жүрген жалғыз қыздың үстінен арыз жазғанша өле қалсаңдаршы! Одан да соған ұқсауға тырыспайсындар ма? Өңкей мұндар!-дейді. Мұны кейін кабинетіме келіп бір қызық жағдайда күле отырып Николай ағайдың өзі әңгімелеп берді. Екеуіміз жиі ерегісіп қалғанмен сол оқиғадан соң ниеті ақ, біздің отбасымызға аса тілеулес, сыйлас кісінің бірі болды. –Қартың өте мықты, қолы ауыр екен. Сәл болмағанда желкемді үзіп жібере жаздады.

– Қорыққаныңыздан арызды бере салдыңыз ба?



– Әрине! Жалмауызға да жан керек. Дегенмен қазақтар қу. Өздері жазады, үш-төртеуі қол қойып, маған да үгіттеп қол қойғызып, және ауданға апаруды міндеттейді. Сөйтіп алып қолында балдағы бар шалға жолымды күзеттіріп қояды. Екеуіміз ішегіміз қата күлдік.

– Ал ол кісі арызды не істеді?

– Вот хитрая! Не істесін? Жыртып-жыртып бетіме шашып жіберді. Онымен де тұрмай, бетіме Тфу!- деп түкіріп жіберді. Мен одан әрі ішегім қата күліп отырмын.

– Да! Да! Так было дело! Есіне сол күнгі оқиға түсіп кеткен болуы керек.

- Ещѐ она смеѐтся!-деді қызарып:

– Ну прости! Прости, за это меня Улдана! Байқап тұрсам, сен жалғыз емес екенсің. Сондай қартыңның өзі сен үшін мені өлтіре жаздады.

Бұл уақытта сол кездегі Кеңес Одағының басшысы Горбачевтің ықпалы болды ма, әйтеуір газет-журналдың беті толған қызметкерлерді жұмыстан қысқартуға байланысты, кеңседегілерді қайшымен қиған сурет қаптап кеткен. Мені де қысқартып тастар ма екен деп жүргенде, керісінше нормировщикке қосып қосалқы бөлшектер қоймасының меңгерушілігін, әрі колхоздың радисін қоса берген. Кезінде үшеуін білектей үш азамат атқарып, үш айлық төленген осы жұмыстарды, қысқарып қалмағаныма шүкіршілік қып бір-ақ айлықпен атқарып жүргенмін. Ай сайын екі от-чѐт және екеуі де өте көлемді. Ауыр тигенмен амал жоқ еді. Бірде кеңседе, отчѐтты уақтылы өткізбеді,-деген сөз болған болуы керек. Колхоз бастығы Қосыбаев



Әуес бірнеше нөкерлерімен гаражға кіріп келе жатыр екен. Мені жанына шақырып алды да:

- Ұлдана, сен неге отчётты уақтылы өткізбейсің? Бұлай жалғаса берсе, орныңды босат! Үлгеретін адам табамыз,-деді. Әлденеге қатты ашуланып келе жатқан маған мына сөз қиянаттай сезілді.

– Тапсаңыз, табыңыз! Міне кілт!-деп бір бума қойма кілтін лақтырып жіберіп едім, құданың құдіреті, әдейі көздесем тигізе алмас едім, бір топ кілт Әуес ағамның тура галстугінің үстіне барып сарт ете қалды. Тілеубаев Орынбасар ағамның тілімен айтқанда жанындағы «жандайшаптарының» бәрі не істерін білмей сасып қалды. Қып-қызыл боп кеткен Әуекен жерге құлап түскен бір бума кілтті өзі еңкейіп алды да, механик ағамыз Сатқұлов Балғабайды шақырып алып: -Балғабай! Мә, мына кілтті қарындасыңның ашуы басылған соң берерсің,-деп Бәкеңе ұстата салды. Қазір ойлап отырамын да, сондағы Қосыбаев Әуес ағамның ұстамдылығы мен кеңдігіне қайран қаламын. Сол кездегі менің белшеден бейнет кешіп жүргенімде үкіметтің де заңының өзгеріп, үш есе бейнет қосылғанын жанымен түсінгені шығар, көптің көзінше ескерту айтқанын орынсыз болды-ау, деп ойлаған шығар,-деп ойлаймын. Қалай болғанда да бұл басшы адамның үлкен адамгершілік қасиеті еді. Кейін талай басшысымақтарды көрген мен, япырмай сол кезде осылардың бірі болса сол күні-ақ бұйрық жазып жұмыстан қуғанымен тұрмай артыма нән қоңырау байлап жіберер еді-ау, деп ойлаймын.

Сонымен қоса бұл кездегі менің белшеден бейнетте жүргенімді бар жан дүниесімен түсінген шаруашылықтың бас инженері Дидарбеков Бақытжан

деп түсінемін. Менен бір жылдан кейін мектеп бітірген Бақытжан сол жылы оқуға түсе алмай қалып, колхозда механизатор болып істейді. 1973-жылы Алматыдағы ауыл шаруашылық институтының инженер-механиктік факультетіне түскен ол, 1978-жылы сол аты аталған жоғары оқу орнын бітіріп шығады. Бір жыл институтта қалып, начертательный геометриядан сабақ береді. 1980-жылы әкесінің шақыртуымен ауылға келуіне тура келеді. Сол жылдары Облыстың бірінші хатшысы Х. Ш. Бектұрғанов екен. Облыста қызылша алқабын 15мың га-ға көбейту қолға алынып жатады. Осы мақсатта Облыстық ауыл шаруашылығы бөлімі үндеу қабылдап, нәтижесінде Комсомол жастар бригадасы құрылады. Алғашқы тәжірибе бригадасының жетекшілігіне жас маман, атақты қызылшашы, Социалистік Еңбек Ері Наужан Дидарбекованың немересі Дидарбеков Бақытжанды сайлайды. Осы кезде А. Суханбаев атындағы колхоздың бастығы Аманжолов Қонай деген кісі екен. Сол жылы қызылша егісін жаңа технология бойынша өңдеу мақсатында жаңадан құрылған бригада мүшелерінен делегация құрылып, сол делегацияның құрамында Б. Дидарбеков та Украинаға аттанады. Украинадан қызылша дақылын егуден бастап, жинап алуға дейінгі жаңа технологиямен өңдеуге, өндіруге қажетті құрал-жабдықтар әкелінеді. Соның нәтижесінде алғашқылардың бірі боп колхоз жаңа құралдармен жабдықталады. Сол жылы колхоз қызылша егісін 300-гектарға жеткізіп, бұған дейін тың жатқан Шымырбай даласын да егіс алқабына қосады. Осы қыруар еңбектің нәтижесінде, келер жылы қызылшадан әр га-на 480 ц. өнім жинап, сол жылы Бақытжанға Еңбектегі

Ерлігі үшін медалі мен Нива машинасы сыйға беріледі. Б.Дидарбеков қызылшаға үш жыл бригадир болады. 1984-жылы бас инженерлікке сайланған ол, арасында зав. Гар, зав. МТМ болып жүріп ақыры біржолата бас инженерлікке тағайындалады. Мен ауылға келгенде бас инженер болып істейтін ол, менің түсінігімде ауыл халқының ащысына да тұщысына да көнген азамат. Өлгендердің жаманы жоқ, тірілердің жамандаудан аманы жоқ демекші, қалай болғанда да шаруашылық тоқсаныншы жылдардағы тарауға ұшырағанша қызығына да, шыжығынада төтеп беріп, аяғына дейін жұмысты дұрыс ұйымдастыра білді. «Су ағады, тас қалады»-дегендей, өз ауылы үшін тас болып қала білген азаматтың бірі. Ел не десе де бес жыл бірге қызмет істегенде бірде-бір рет ішай деспеппіз. Небір қиындықтарда өзінің де әпке-қарындастары болған соң ба, қай жағынан болсын, қайта інілік қолдау көрсетіп отырды.

1988-жылдың 16-шілдесінде кешкі сағат 7,15 те бәріміздің абыз анамыз Бүбішайым апам қаза болды. Күн сенбі болатын. Жиналған елден жер қайысқанда елдің аса қадірлісінің бірі екеніне тағы да көзіміз жеткендей болды. Әкем: -Баяғыда аттан құлағанымда елмен бірге апам да жылағанда қазір бүйтіп тірі жүрмейтін едім. Тірі жүргенім осы анамның арқасы. Менде екі ана жоқ. Қай күні жерлеуді өзім білемін-деп молдалардың да, туыстардың да айтқанына көнбей, екі күн қатарынан қонақ асы беріп, үш тәулік өтіп төртінші тәулікте сәрсенбі күні, таңертеңгілік уақытта жерледі. Қаза үстінде де орнын тауып айтса, әзіл сөз де қосыла жүретінін сонда білдім. Апам-айлап жүгіре келіп

көрісіп жатқан үлкендеу ер кісілердің ішінен, сол кезде егде тартқан Пірімқұл ата папама:

– Же-е-ті-ге келгенде жетім қа-лы-ы-п, бәрінен де Е-е-е-діл-ба-а-ай, саған қиын болды-ау,-депті. Анасын қимай көзінің жасын сүртіп тұрған әкем еріксіз күліп жіберсе керек. Апам жарықтық әр кез жұмыстан үйге келгенімде:

– Неғып ұзақ жүрдің?-дейді.

– Апа-ау, жұмыстан шыққан соң құрылысқа керекті жұмыстармен жүріп қалдым,-десем,

-Неғылған бітпейтін үй ол? Ұзап кетті ғой, тегі,-дейтін. Ақыры үйдің біткенін көре алмады. Үй бітемін дегенше баяғы әкеме айтылған сөздер маған да айтылды.

- Ұл балаң жоқ. Үш қызың тұрмыс құрып кеткен соң бұл үйде кім тұрады?

– Клуб соғып жатырсың. Бірақ келешекте кім тұрар екен, деп ойлап жүрмін-дегендер баршылық. Үш жазда үй де бітіп, 1990 –жылы 20-қазанда үлкен айтарлықтай қоныс тойын жасадым. Әкемнің үйінің қарама-қарсысында жаңа үйде үш қызыммен тұрып жаттық. Жаңа үй болған соң оның әлі талай жұмыстары бар екені бесенеден белгілі. Жан-жағын қоршаттым. Тал-дарақ, жеміс ағаштарын отырғызып, қора-қопсы жасаттық. Бір күні түн боп кеткенде үйге Арықбаев Түгелбай ата келді.

– Қызым, түн боп кеткенде келгеніме айып етпе. Кешке малды жайғап, келіннің дайындаған кешкі асын ішіп шыққанша осы уақыт болды. Өткенде бір келсем, үйлерің тым-тырыс екен. Ұйықтап қалған болуларың керек. Одан да бұрынырақ бір келгенімде қыздарыңа ән

үйретіп отыр екенсің. Сыртта біраз тыңдап тұрдым да әдемі отырыстарыңның шырқын бұзғым келмей кетіп қалдым.

– Оқасы жоқ. Келген бұйым-тайымыңызды айта беріңіз.

– Қарағым-ау, менің сенде не бұйым-тайымым болсын. Қайта-қайта келгіштеп жүргенім сенің қамың ғой. Көре алмайтын дұшпандар сыртыңнан әр нені айтатынын байқап қалдым. Сен осы жұмысты қойсаңшы, қызым?! Үйіңді салып алдың. Бар тірлігің ешкімнен кем емес. Өзі бір шулы, нашар жұмыс екен. Мен сені қаңқу сөзге қимаймын.

– Сіздіңше сонда не жұмыс істеймін?

– Ана Көкөзекте орта мектеп ашылып жатыр. Соған пән мұғалімдері жетпей, осы ауылдан жіберген мұғалімдер қатынап істеуден қашып бармай, біраз қиындық боп жатыр. Сонда мұғалім боп барсаң қайтеді?

– Ата-ау, менің мамандығым мұғалім емес қой!

– Оны білемін. Осындағы мұғалім біткен сенен сауатты дейсің бе? Қай сабақтан берсең де істеп кете алатынына мен сенімдімін. Жап-жақсы мұғалім боласың.

– Рахмет сеніміңізге! Бірақ сіз сенгенмен мені кім мұғалімдікке алайын деп тұр екен? Қазір баяғы сіздердің замандарыңыздай қаблетке емес, дипломға сүйенетін заман ғой.

– Дұрыс айтасың, қызым. Дипломы болса болды, ол жұмыс істей ала ма, жоқ па қарамайды. Бұл күнде әйтеуір өйтіп-бүйтіп алған дипломдары бар, ақша табу үшін итшілеп мұғалім боп жүргендер де бар. Өзің құдай болмаған соң, көрген күнің сол дағы деген осы

болады. Әлдене есіне түскендей:

– Бұрын-соңды білім саласында істеп көріп пе едің?

– Жалағашта үш жарым жылдай УПК ада сабақ бергенмін. Ол кісі қуанып:

– Міне, осының өзі жеткілікті ғой. Еңбек сабағынан беруіңе болады. Бір кіріп алсаң сосын қаблетіңе қарай жылжисың да кетесің. Кейін сырттай оқып, мұғалімдікті де бітіріп алуыңа болады ғой. Аудандық оқу бөліміндегілер қазір сол мектепке маман таппай жанталасып жатыр.

– Олар маман таппағанмен қай ауылда қандай маман жүргенін, оның қаблеті қандай екенін, қайдан біледі?

– Бастығы Гаджиев менің досым. Барып, біздің ауылда осындай маман бар. Сенім білдірсеңіз, құдай қаласа алдыңғы қатарлы мұғалім болады. Сеніміңізді толығымен ақтайды, деп айтамын. Ешқашан оған ісім түскен емес. Бірақ сөзімді жерге тастамайтынына сенемін.

– Мақұл, онда көрейік...

– Қызым, ол үшін былай етуіміз керек. Сен менімен бірге баруың керек. Ұсынып отырған адамың қане?- дегенде, мен сені көрсетуім керек. Құдай қаласа осы сәрсенбінің сәтіне таңертеңгі автобуска шық. Мен де өзімнің үйім жақтан шығамын. Осыған ұстазым екеуіміз келістік. Түгелбай ата:

– Бұл уақытта шай да, ештеңе де ішпеймін. Еш әуре болма. Таңертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама,- деген, деп нан ауыз тиді де шығып жүре берді. Сәрсенбі күні ата екеуіміз Гаджиевтың алдында болдық. Ол кісі сөзге келмей Көкөзек орта мектебіне жолдама берді. Бұл менің Гаджиев деген кісіні алғашқы, әрі соңғы рет

көруім болды. Педагогтық қызметім осылайша үзіліп барып жалғасын тапты. Бірден оныншы сыныптың жетекшісі болдым. Ата айтса айтқандай ол мектепте бермеген сабағым кемде-кем. Алғашқы жылы еңбек сабағымен қоса қазақ тілі, әдебиетінен сабақ беріп тіпті оқу жылының аяғында оқушылардан сынақ та алдым. Сол бірінші оқу жылының екінші тоқсанының басында аудандық оқу бөлімінен жаңа ашылған мектептің жұмысын тексеруге бір топ кісілер келді. Бұл кезде өз сабағымнан бөлек, ауырып жатқан мұғалімнің орнына географиядан да сабақ беріп жүргенмін. Не керек, қазақ тілі сабағына тексерушілерден алты адам, ал географияға екі адам, еңбек сабағына, ауданнан келгендерден бөлек, көрші ауылдардың мектептерінен келген мұғалімдермен қосқанда жиырма төрт адам кірді. Сөйтіп айналдырған бір аптаның ішінде үш сабақтан ашық сабақ өткіздім. Келген тексерушілер келесі аптаның басында болған жиналыста тексеру қорытындысын жариялап, жалпы ұжымның жұмысына оң баға берді. Соның ішінде маған 1988-жылы газетке шыққан, білім беру саласындағы заң өзгерістеріне байланысты, неше жыл еңбек етіп жүрген тәжірибелі ұстаздардан артық болмаса кем емес деп, әрі жалғыз басты ана екенімді ескеріп, бірден бұдан былай қарай бірінші санаттағы мұғалім деп қабылдауға ұсыныс жасады. Сонымен қоса бұған дейін екінші санаттағы мұғалімдер, мектеп ашылған жылы Целиноградтан (Астананың бұрынғы аты) көшіп келген ерлі-зайыпты Қасымов Нұрдан мен Искакова Гүлнарды да бірінші санатқа ұсынды.

Бір қызығы сол кезде біздің еңбегімізді жақсы бағалаған көбінше бөтен ұлт өкілдері еді. Бірі кәріс,



бірі грек, екі орыс, бір қазақ. Кейінірек тағы бір қазақ әйел мақтап сөз сөйледі. Бұдан кейін ұжымдағы біраз мұғалімдер бұрынғыдан ерекшелеу құрметпен қарайтын болды. Үшеуіміз үшін де осы ұсыныс ұсыныс күйінде қалды. Айлығымыз бұрынғыша, еш өзгеріссіз жүріп жаттық. Артынша, біраз уақыт өткенде мектеп басшысы жиналыс ашты. Жиналыста сөздің бір шеті келіп маған тие берді. Бұл тіпті кейін әдетке айналғандай болды. Жиналыс сайын директор мені сөзбен бір түйреп өтпесе ішкен асы бойына сіңбейтіндей. Әрі-беріден соң мектептің барлық ақша төленбейтін жұмыстары менің мойнымда. Мұны алғаш мектеп жұмысының әр түрлілігімен таныса берсін дегені шығар деп ойлады. Елдің бәрі үйіне қайтып, астарын ішіп, кешке қарай малдарын жайғай бастағанда, мен енді ғана аулыма қайтуға аялдамада тұрамын. Бұл жағдай барлық мұғалімдердің психологиясына да әсер етпей қойған жоқ. Бұрынғыдай емес, көбісі салқын ғана амандасып, кейбірі тіпті елемеуге бет алды. Келесі оқу жылында бір жыл бойы жетекшілік еткен оныншы сыныбымды алып қоймақ болды. Бір қыста екі кабинетке ауыстырып, екеуін де қайта жөндеп жабдықтап шығуға мәжбүр болдым. Отбасында үлгілі әке саналатын, ауылда азды-көпті беделі де жоқ емес, тәп-тәуір боп көрінетін кісінің бұл қылықтарын талайға дейін үнсіз көтеруіме тура келді. Ол кісінің орнына жыл бойы тарихтан сабақ та бердім. Сынақ кезінде ассисент те болдым. Онымен де тұрмай тағы бірдегі жиналыста маған сөгіс беріп жатқанда бар мұғалім сипақтап төмен қарап отырды. Тек баяғы ерлі-зайыпты Қасымов Нұрдан мен Искакова Гүлнар араша түсіп, ол кісіге дәлелді сөздермен тойтарыс берді.



Егер олар ара түспегенде жағдайдың қалай бет аларын қайдам?.. Бұдан кейін ол кісінің маған тиісе беруі аздап болса да бәсеңсіді. Бір қыста қабырғасына қырау қатқан екі бірдей кабинетті қайта жөндеп, жабдықтау маған аса ауыр тиді. Екінші оқу жылының аяғына жетпей, он бірінші сыныбымның мектеп бітіру салтанатына қатысуға шамам жетпей қатты науқастанып, ауыр жағдайда облыстық ауруханаға түстім. Директор мамыр айына шыққан айлығым мен жазғы демалыс уақытына шыққан қаражатымды үйдегілерге бермей, қалтасына салып жүре беріпті. Ал мен қырық бес күн ауруханада жаттым. Содан бір жарым жыл үздіксіз қаралумен, емделумен болдым. Қарап тұрсам сол кезде маған моральдық қолдау көрсеткен ауыл тұрғындары екен. Ол кісілер мектептегі жағдайларды әрине, білмейді. Нәyeti екі жылда жиырмадан аса үй қонаққа шақырыпты. Бастық емес, басқа емес, қатардағы мұғаліммін. Оның өзінде дипломым сәйкес келмеген соң, әлі ары қарай мұғалім болып қалар-қалмасым күмәнді мұғаліммін. Соның ішінде әсіресе айта кететін Бүтінбаев Өмірбек ағаның үйіндегі Роза жеңгей. Әрдайым ол кісі шақырғанда үйлерінде отырған мені, сол үйдің баласы шәкіртім Нұрдәулет, маған шағым айта келді,-деп ойлайды екен. Ол кісі көрші ауылда бастық. Әйелі Роза Көкөзектің мед. пунктында фельдшер. Үйде үлкен апа бар еді. Әрдайым кішірек сыныпта оқитын қызын жіберіп шақырып алатын. Ал Қатықбаев Орал атамыз ғой, тіпті мен мектепте жүргенде тыныш отырып тамақ іше алмайтын. Бірде менен үлкен жалғыз ұлы Бөрен ағайды шақыруға жіберсе, бірде сол жалғыздан туған немересі Токтарды жүгіртіп жібереді. Жарықтығым-ай,

десеңші! Мен есіктен еніп, дастархан басына отырмайынша тамақты бастамай отыра беретін. Есіктен кірген бойда:

- Ау, қызым-ау, қанша айтам, шақыртпай-ақ келе бер,-деп. Менің үйім, сенің үйің. Інім Еділбайдың төрінде талай өз үйімдей жатқанмын. Әсілхан келіннің тәтті-дәмдісін талай жегенмін. Сөйткен бауырымның бір қызына үй болуға жарамасам, онда Орал болмай-ақ кетейін,-дейтін, жарықтық. Кемпірі де өзіне лайық асылзат кісі еді.

- Үйге кел де, біз болмасақ та, тоңазытқышта не бар, ал да жей бер. Бақшалық жерімізде не бар, үзіп алып жей бер. Сен үшін қазан асып отырған жоқпыз. Құдайға шүкір, жан тоқшылық. Көкөзек өз ауылың, біздің үй өз үйің дейтін, қариялар. Қандай пейіл десеңші! Қазір мұндай кісілерді қолыңа шам алып іздесең де таппайсың. Енді бірде көшенің аяғындағы аялдамаға көлік күту үшін жетіп қалғанмын. Артымнан УАЗ машинасы қуып жетті де тоқтай қалды. Кабинадан басын шығарып күле сөйлеген Үрістенбеков Жаңабек ағамыз:

- Ау, қарындасым –ау, өткенде де кішкене қызымнан шақыртып жіберсек келмей, үйіне кетіп қалыпсың. Кезінде Едекең мен Әсекең жеңешемнің талай рет өз үйімдей төрінде жатып, барын ішіп-жегенмін. Сөткен аға-жеңгейдің бір қызына жылына бір рет үйімнен дәм татыра алмасам несін Жаңабек боп жүрмін?-деді. Он шақырым жердегі үйіме қанша асықсам да үлкен кісінің сөзін жерге тастай алмай қайта қайтып ағайдікіне қонақ болып, көл-көсір дастарханынан бір емес бірнеше рет дәм татуыма тура келді. Ал кезіндегі озат шопан, қажырлы еңбегі үшін бәйгеге алғашқы

шыққан Волга машинасын алған, әкеммен үзеңгі жолдас болған, Әлімбаев Әбдіқаш деген кісіні бір-екі рет естігенім болмаса тіпті танымайды да екенмін. Бірде түскі астың кезінде шақырған ол кісінікіне барғанда тосырқаңқырап, әрі сонамен-сона дастарханды көріп ыңғайсызданып қалсам керек. Ақшыл орамал тартқан апай:

- Ой айналайын, кел, кел! Жоғары шық!-деп жатыр. Әрине мұғалімдер де талай рет шақырды. Мұның бәрін тәптіштеп айтып жатқаным, қазақта мынадай да сөз бар. Жақсы әкенің ісі мен атағы, жаман балаға он жыл азық болады,-деген. Бұл мен жаманмын –деген қорытынды емес. Қарап отырсам, кезінде гаражда істеп жүргенімде қалам ұшымның зияны тимеген халық қалай сыйласа, әке-шешемнің замандастары, үзеңгі жолдастары да солай құрметтеген екен. Менің әкем мен шешем анау айтқан атақты адамдар болмаса да адамдығымен, кісілігімен жүрген жеріне сыйлы болған екен-ау-деп ойладым сонда. Көкөзекте екі жыл мұғалім боп істеген соң денсаулығыма байланысты өз аулыма әлде қайда жақын Қарасу бастауыш мектебіне ауыстым. Сол мектепте жүргенде Тамыз конференциясында мектеп директоры Жайлаубаева Дариға жеңгей аудан үлкендеріне баяғы бірінші санатқа ұсынылғаным тек сол күйінде қалып қойғанын естеріне салып, ақыры бұйрық шығартып келді. Осылайша жесірдің жайын жесір ғана түсінді. Осы оқиғалар есіме түскенде теледидардан жиі-жиі еститін «қазақ жесірі мен жетімін жылатпаған»-деген қызыл сөздерді естігенде мысқылдай күлуіме тура келеді. Бұл әрине көпке топырақ шашып, халықтың пікіріне қарсы шыққаным емес. Әйткенмен, «қазақ

жесірі мен жетімін жылатпаған» дегеннен гөрі, «қазақ жетімі мен жесірін жылатпауға тырысқан халық»десе жарасар еді.

Бұл кезде тоқсаныншы жылдардың қиыншылығы мендеп тұр еді. 1994-жылы Айнұр мектеп бітірді. Оны оқуға түсіру керек. Екі жылдан соң кейінгі екі қыз да мектеп бітіреді. Өз денсаулығым болса мынау. Мұғалім болуыммен қоса келген қоғамдағы өзгеріс жалпы халыққа қалай ауыр тиіп жатса, маған неше есе ауыр тиген еді. Колхоз тарап, өзге де жұмыс орындары пышырап, өнеркәсіп тоқтап қалды. Алдымда бұрынғыдай ата-анама қол ұшын бермек түгілі өз басымдағы ауыр жүкті алып жүре аламын ба?-деген сұрақ тұрды. Осындай тұңғыық ауыр оймен, аудандағы дәрігерлерге кезекті емімді алуға кетіп бара жаттым. Баяғы өз аулымызға төрт мезгіл жүретін автобус та тоқтап қалған. Әйтеуір Көкөзектің автобусы жүріп тұр. Тұрғындар бұған да шүкір деп, қынжылмай-ақ бірталай жердегі қайрылысқа дейін жаяу барады. Бірнеше кісі, ішінде Сүйінбаев Тыныстан ағайым бар, кетіп барамыз. Ағайым амандық-саулықтан соң:

- Ұлдана, жап-жас адам да ауыра ма екен? Ел ішінде жақсы да бар, жаман да бар дегендей, елдің сөзін не қыласың? Бірер кісі өсек айтты екен деп, соған бола уайымнан ауырғансың ғой. Бәрін шапаныңды шешкендей шешіп, серпіп таста. Шаруашылық тарап кеткені мынау. Қайта осы тарап кеткен шаруашылықты қайтадан жаңаша ұйымдастырып, басшылық қыл. Өзіңнің бір ата туыстарыңды ұйымдастырып, басқар. Сендер сияқты жастар қолға алмаса қожыраған тірлікті кім қалпына келтіреді. Дауыс жинап ұсыныс

жасауға өзім көмектесемін. Шындап қолға алсаң, сенің қолыңнан келеді ол. Міне мен алпыстан астым. Осы уақытқа дейін ауырған емеспін. Құдайға шүкір! Өзірге күш-қуатым толық!-деді. Сол кісінің мүмкін шыны, мүмкін көңіл үшін айтқаны шығар. Қалай болғанда да мені моральдық қолдауы еді. Бұл күз мезгілі болатын. Сөйткен қайран ағайым өзі ерте көктемде жедел обыр ауруынан қаза боп кетті. Тағдыр деген міне, осы-ау шамасы!

Қалаға ауысқым келетініне бірден бір қолдау көрсетіп, ойымды құптап, әріберіден соң алғашқы қиын кезеңде жәрдем көрсеткен жолдастарым, ерлі-зайыпты Айгүл Әбдіюсіпқызы Әкімжанова мен Мөкенұлы Жеңіс. Алғаш Қызылордадан келгенде де, үй салып жатқанда да, ауылдан қалаға ауысқанда да бұл кісілердің маған көрсеткен моральдық та, материалдық та жәрдемі аз болған жоқ. Жастары менен бірнеше жасқа үлкен кісілер тура туған бауырымдай қамқорлық көрсетіп жүрді. Өттең өмірлері қысқа боп, жаны таза, жүрегі кең, жолдастыққа адал екеуі де мезгілсіз дүние салды. Қалада да алғаш тұрақты жұмыс бола қойған жоқ. Бір жұмыстан соң бір жұмыс, бәрінде уақтылы айлық төленбейді. Тіпті айлар бойы төлемейді. Амал жоқ студент қызды, қала берді жоғары сынып оқушысы екі қызды, өзімді асырауым керек. Сонда да әйел боп ешкімнен ештеңе сұраған емеспін. Қатты қиналған бірер сәттерімізде еш сұраусыз, шақырусыз, қыздардың әкесі өзі келіп қиындықтан алып шықты. Қызының оқуының ақшасын да өзі төледі. Қыздарын бірсыпыра киіндіріп, аса қажетті заттармен қамтамасыз етіп, бірнеше рет қаражат та тастап кетті.

Сен сияқты мені ешкім өкпелетіп,
Жұбата да алмаған сен сияқты-деген осы шығар.

Мен жұмыспен қоса сауда істедім. Қартайып, көп жұмыстарды атқару ауыр тиетін ата-анама бес келі азық алсам, үш келісін апарып беретінмін. Бұл уақыттарда қолымнан бар келгені осы болды. Өстіп жүріп қырық үш жасымда қайта мамандануға талап қып, педагогикаға оқуға түстім. Үш студентті оқытып жатып өзім де осылайша студент болдым. Сонда сол оқу орнында істейтін белді бір мұғалім әйел, балаларыммен қатар күлді студенттердің көзінше:

- Сен еріккен қатынсың! Оң қолының ортан саусағын шошайта көрсетіп:

- Білектей-білектей азаматтар айналдырған екі-үш баласын оқыта алмай жатқанда, заман болса мынау, бала-шағаңмен жастылармен бірге оқып, не қара көрінді?! Ендігі жерде ел сұраймын,-деп жүрсің бе?! Ол маған қақырата сөгіс берді. Қай кезде де ең алдыңғы қатарда отыратын мен міз бақпай төмен қарап, үндемей отыра бердім. Өйтпеске амалым да жоқ еді. Өйткені белді сабақтан сынақ алатындардың бірі сол. Ол кезде менің жасымдағы әйел оқуға түсу деген біздің өңірде ешкімнің түсіне де кірмеген жай. Мүмкін басқа жақтарда мен сияқтылар болған да шығар. Кейін қайта маманданғандар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай көбейді. Тіпті мен құсап оқымай-ақ, дипломды сатып алғандар да болды. Бұл жасыратын жай емес. Артыма қудалау түсіп, құлатпақ та болды. Бәрібір мен сол оқуды қырық алты жасымда, үлкен қызым Айнұрмен бірдей бітіріп шықтым. Менің де оқып жүргенімді тіпті қыздарым білген де жоқ. Тек оқуды аяқтар кезде бір

вариантас студент үйге келіп білдіріп қойды.

Біреп мұғалім артыма түскенмен бірнешеуі тілектес еді. Әйелдің жауы, әйел,-деген осы болса керек. Менің осы өмірде көре тұрып көрмегенсіп, біле тұрып білмегенсіп, амандаспай өтетін жалғыз адамым, сол әйел. Өйткені өмір бойы халыққа білім беретін мұғалімдерді оқытып шығарып жатқан белді кісілердің бірі, өмір талабын түсінбесе, қалған елге не жорық. Сырты интеллигент болғанмен, іші қасаң күйде, он бесінші ғасырдың көңі аршылмай қалған жағдайда қалған жандар да кездеседі екен. Бұндайларды қырық жыл оқытсаң да баяғы таз қалпында қалады.

Мені нағыз педагог еткен Тілеубаев Орынбасар ағам. Кейбір кезде үйге папама амандасуға келе қалса да, не кейде бір жерде жолыға қалса да, сенің орның педагогика дейтін. Сол кісінің ықпалы болмағанда, педагогтық оқуды бітіргенмен, жұмысқа тұрмай жүре беруім мүмкін еді. –Сауда деп, басқа деп не ғыласың! Денсаулығың болса жоқ. Педагог болу да оңай емес. Десе де жылы жерде сабақ бересің ғой,-дейтін. Сонда мен, бұл кісі менің денсаулығым жайлы қайдан біледі?-деп ойлайтынмын. Кейін түсіндім. Мен туылмай тұрып-ақ, ол кісінің анасы Айымша апа мен менің апам Бүбішайым ағайындық жөні бір бөлек, аталас бір елдің қыздары болғандықтан әпке-сіңлі болып етене араласқан екен ғой. Сол себепті де ол кісі мені туылғаннан біледі екен. Тіпті біздің Шолпанды да алғаш рет № 327- аралас темір жол орта мектебіне мұғалім ғып орналастырған да сол кісі екен. Жақсылығы бір қауым елге жеткен азамат еді ғой. Мынау жақын, мынау алыс деген ұғым болмайтын ол кісіде. Сыйласқан елдің бәрі ол кісінің туған

бауыры, туған баласы еді. Қайран бауырым-ай! Ол кісі де дүниеден жетпіске де жетпей ерте кетіп қалды.

Не керек отбасы бүтін талай жандардан, тіпті кезіндегі кейбір қызметкерлерден артық тұрдық. Өке-шешем сол жылдарда да, баяғыша қазаны ортайған жоқ. Бірақ күш-қуаты кеміп қартайып, үйде өздері ғана қалған ол кісілер көп жұмыстарды атқаруға шамасы жетпеді. Бұл кезде оқуын бітірмей үйленген Айдар да алдымен өзі, кейін келіншегімен қалада тұрып жатты. Ауылға барған сайын ата-анамыз көшкен елдің жұртында қалғандай болып қалдық, дейтін. Ақыры 1997-жылы ол кісілерге қалада тұратындай жағдай жасап, үй сатып алып барып көшіріп алдық. Алғашқы ет қызуында біздің ортамызға келгендеріне қуанғанмен кейін елді аңсап, ауылдағы тірліктерін сағына берді. О бастан қалаға орныққан Ержан да Назтай апамды қолына көшіріп алған-ды. Үнемі: -Е-е, жаратқан! Мені пендем десең, үш күн бұрын жалғыз бауырымның алдында ал! Соның жаманшылығын көрсете көрме!- дейтін, апам жарықтық. Тілеуі қабыл боп, қырық сегіз күн бұрын Назтай апам кетті. Қырық сегіз күннен соң 1999-жылдың он бесінен он алтысына қараған түнгі сағат бірден аса түрегеп жүрген бойы баяғы плевриттің, бронхиттің әсерінен демі жетпей қысылып, нәйеті екі сағаттай ғана қиналып әкем қаза болды. Осылайша бәріміздің ортамыздағы арқа сүйер азаматымыз, шаңырағымыздың тірегі ардақты да асыл әкем бақилық болды. Қарашаның қақ ортасы болса да күн райы тура папамның мінезіндей, аспан ашық, күн жып-жылы, тіпті жел де болған жоқ. Тек жерлеп болып қайтып келе жатқанда күн алдымен тұнжырап тұрды да соңынан қатты жауын жауды. Әкемнің жаманды-

жақсылы қасиеттерінен кейінгі жастың хабары жоқ-ау, деп ойлайтынмын. Жоқ, қателеседі екенмін.

Бірде қатты ауырып жатыр, деп естіп, сыйлас жеңгеміз Нұрбағиланың көңілін сұрай бардым. Бұл 8-наурыз күні еді. Жеңгеміздің бар бала-шағасы жиналыпты. Анасының көңілін сұрай барғаным риза болған үлкен ұлы Әсембек өткен күндерден әңгіме қозғап отырып, әкем туралы мен білмейтін біраз жайларды баяндады. Ержан ініммен бір сыныпта оқитын ол, жасөспірім кездерінде бірнеше бала боп біздің үйге жиналады екен. «Тыңдаушысы келіспеген сөз жетім»-демекші әңгімені өзі де жақсы айта алатын, сонымен қоса құйма құлақ, Әсембекті папам өзге балалардан гөрі жақсы көріпті. Әңгімесін тұшына тыңдайтын құлақ табылғанына риза болса керек. Сонда әкем мен Әсембек әңгімемен отырғанда папамның мылтығы мен баяғы атамнан қалған қақпандарын Ержанмен қоса өзге балалар жымын білдіртпей алып шығады екен. Өз тұстастарының бірі де айта бермейтін шежіреден сыр шертіп, бұрынғы ата-бабаларымыздың басынан кешкен өмірлері жайлы, ал кейде ауыз әдебиеті жайлы, кейде сол ауыз әдебиетінің қағазға түскендегі өзгерістері жайлы айтқанда аузым ашылып тыңдап отыра беретінмін. Бар керегін түгендеп алған балалар көшеден маған ысқырып жатып әрең шығаратын. Сөйтіп жүріп атаның қақпанын қайда құрғанымызды таба алмай жоғалтып тындық. (Бұл Молдабай атамнан қалған қақпан) Айтқан әрбір сөзі асыл еді ғой. Көп кісілер ол кісінің бағасын біле бермейтін. «Мен кереметпін»-деген талай кісілер ол кісінің айтқан әңгімесін айтпақ түгілі, соның мәнін де түсінбей-ақ өтті ғой,-деп өткен күннен сыр шертті,

бауырым. Бұл мен Қызылордада жүргенде болған жайлар екен.

Әкемнің жаңа қоныстағы көршілерді-Сейдахан, Несіпкүл, Ақынбек Зияшты, ағайындарды, соғым басына шақырғандағысын айтсаңшы! Жай отырыстың өзін мамам екеуі өздері бастап ән айтып, көңілді әрі мәнді отырысқа айналдырып жіберетін. Үлкен басымен ол кісілер ән бастап отырғанда өзге кісілердің де бар өнерін ортаға салмасқа лажы болмайтын. Осылайша біздің үйдегі шағын ғана отырыстың өзі тек ішіп-жеу емес, әжептеуір көңілді кешке айналатын.

Шалы қаза болған соң жалғызсырады ма, кім білсін, шешеміз мүлде ауылға кеткісі келді де тұрды. Ақыры ол кісі де 2003-жылғы шілденің он сегізі күні бесалты-ақ күн науқастанып келмес жаққа аттанып жүре берді. Тура енесі құсап 20-шілде күні жамбасы жерге тиді. Сол күнгі табиғат құбылысына әлі күнге таң қалам. Мамамның сүйегін жаназадан соң көтеріп ала жөнелгенде, шілденің шіліңгір ыстығында аспанда пайда болған біріне бірі мінгескендей екі шөкім қара бұлт мәйітпен қоса, жиылған жұрттың тура үстіне бүркіп-бүркіп жауып кетті де тарап жоқ болды. Құдды бір аспан да көз жасын сығып алып, қоштасқандай болды. Осылайша әке шаңырағының тірегі, алтын қазығы, қандай жағдайда да айнымас асыл діндегі анамыз да мәңгілікке аттанып жүре берді. Біз қимағанмен әркімнің алдындағы сызып қойған сызық, маңдайдағы тағдырдан ешкімнің аса алмасы анық. Бұл күнде көз алдымызда тек елесі ғана қалған, сағымдай бұлдырап, сағынышқа айналған асылдарымыздың өмірінен шерткен сырды осымен аяқтаймын.

Сөз соңында айтарым, ата-анам мен ол кісілердің замандастары жайлы әңгімелегенде өзімнің де еріксіз кейіпкерге айналғаным, яғни бөліп-жарып алып тастау мүмкін болмады. Тәжірибелі жазушы болса, басқалай келтірер ме еді. Әңгіме әдеби жанрда болса оны келтіруге болар еді деп те ойлаймын. Ал бұл шығарма тарихи сипатта болғандықтан, ойдан құрастырған бір де бір оқиға, ойдан алған бір де бір сөз жоқ. Бәрі өмірде болған қып-қызыл шындық. Тек мен өз сөз құдіретім жеткенше асыра мақтамай, асыра даттамай болған жайларды өз қалпында баяндап шықтым, деп ойлаймын. Алғаш шығарманы бастарда қым-қиғаш оқиғалардың қандай бағыт аларын өзім де білген жоқпын. Әрине, бұдан да көбірек жазуға болар еді. Бірақ болған жайлардың елеулісін, ескеруге болатынын, сондай-ақ келесі бір оқиғалардың туындауына себеп болғандарын, келесі бір жайлармен жалғасын тапқандарын ғана іріктеп жазуға тырыстым. Жазғандарыма қарап отырсам осы кісілердің өмірінде трагедия да, драма да жетерлік. Егер әдеби сипатта әрі төселген жазушы жазса осының әр бөлімінен бір-бір үлкен кітап жазуға болар екен.

Тағы бір айтарым, қоғамдағы құбылыстың, саясаттың адам өміріне, тағдырына ықпалы да, әсері де өте мол. Бірақ та сол құбылысты, саясатты кейбір адамдар қолдарына құрал етіп алмаса, көп кісілердің тағдыры да, өмірі де басқаша сипат алар еді-ау деп ойлаймын. Сонау ұлы атамыз Толымбек пен Қалқа өмір сүрген дәуірде ел ішінен озық шыққан көрнекті, көркем, өнерлі азаматты іштей мойындағанмен, оны алға жібермеу, басынша, қолдан келгенше шегіндіріп ұстау сипат алған. Шегіне қоймағанды ебін тауып түбіне жеткен де ел

ішіндегі ішін қызғаныш оты қарыған азғана топ. Сол кісілер аңыз, әңгімелерде айтылатындай аса қатыгез, топас, немесе қанышер ме? Жоқ! Олар да кәдімгі күнде өзіміз көріп жүрген бойынан жақсылық та табылатын жандар. Бірақ көп келеңсіз жайларға жол беретін, сол кісілердің бойындағы қызғаныш сезімін адамгершілік сезімге жеңдіре алмауы. Мен отырған жерде неге ол да отыруы керек, менің қолым жеткенге неге өзгенің қолы жетуі керек деген сияқты пенделік сезімге үнемі бой алдырып, былайғы кезде елдің көзінде әп-әдемі боп көрінуі. Мұның бәрі адам психологиясында кездесетін, және көзге ұрып көріне бермейтін жайттар. «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында»- деген сөз осындайдан туындаса керек. Бұндай кісілер көбіне айлакер, амалшыл болып келеді.

Он сегізінші ғасырдың аяғы мен он тоғызыншы ғасырдың басында өмір сүрген Сексенбай атамыздан тараған ұрпақтардың өмірін негізге ала отырып баяндалған бұл естелікте, Жамбыл облысы, бұрынғы Свердлов, қазіргі Байзақ ауданының түгелге жуық ауылдары мен елді мекендерінде өмір сүрген халықтың жайы қамтылды. Сонымен қатар ол кісілермен алыс-берісті болған кісілердің өмірі жайлы да жазылуына байланысты Т.Рысқұлов ауданының бірнеше елді мекені, сондай-ақ, Жамбыл ауданының да бірер ауылының кісілерінің өмірінен бірер жайлар жазылды. Өткенге қарап отырсақ елдің, халықтың қай заманғы дағдарысы да, әлеуметтік, экономикалық дамуы да, білім деңгейлері мен мәдениетінің өсіп-өркендеуі де қай жерде болмасын бір-бірімен астасып, сабақтасып жатыр. Бөліп-жаратын ештеңе жоқ сияқты.

Өз шығармамның өн бойынан байқағаным, сонау он тоғызыншы ғасырдан, мүмкін одан да бұрынғы уақыттардан заман өзгеріп, заң жаңарса да 1960-жылдарға дейін жалғасқан дәстүр сабақтастығы. Яғни бір жағы әменгерлік жолмен жесір қалған әйел мен жетім балаға иелік етіп, қамқорлық жасау мақсатында болса, бір жағы осы дәстүр арқылы, жесір қалған жас әйелдерден ұрпақ сүйген. 1960-жылдарға дейін жалғасты дегеніме бәлкім кейбіреулер қарсы шығар. Бірақ бұл жасыратын ештеңесі жоқ, үкіметтен жасырын болса да жалғасып жатқанын өз көзіміз көрді. Кейін мүлде тиылды. Сондай-ақ ерлі-зайыпты жарасымды екі жұптың арасында перзент болмауы салдарынан, айрылысуға мәжбүр болған жағдайда, ер кісінің ешбір күштің мәжбүрлеуінсіз-ақ, әйелінің мұқтаждықсыз өмір сүруіне қамқорлық жасап ажырасуын байқаймыз. Бұл сонау күйеуі алысқа ауып кеткен Ұлдықыз әпкеміздің өмірінде де, конфискациядан қалған бар тірлігін Күмісай апамызға тастаған атамның ісінен де, одан бергі 1960-жылдардағы Бірлестегі Молдақұлдың әпкесі Иябаланың өмірінен де байқаймыз. Сондай-ақ үлкенді кішінің құрмет тұтуы, келіннің ене алдындағы ибасы, зер салып оқыған жанға шығарманың өн бойынан көрініп тұр. Бұның нағыз мысалы әкемнің қызметін тастап совхоздан өз еліне қайтып келуі, тіпті екінші әйел алуы. Анасының сонымен қоса анасы тұстас үлкендердің пікірінен аттап өте алмай қазіргі тілмен айтқанда карьерасын тастауына тура келді. Өзі айтқандай ол ешқашан әйел іздеген жоқ, бірақ үлкендерден аса алмай үнсіз бой ұсынды. Тіпті егделікке бет бұрған шағында да. Сонда бұған қарсылық айтып тиып тастауға оның



ақылы, болмаса мінезділігі жетпей қалған жоқ. Өмір бойғы бойға сіңген үлкенді сыйлау, әдет-ғұрыптан аттап өтпеуден аса алмады. Бұл оны жан күйзелісіне бой алдырмай қойған жоқ. Өзі күткен ықыласты таба алмай жас әйел үш-төрт айда кетіп тынды. Әдеттің озығы бар, тозығы бар демекші, кейде тозығы жеткен орынсыз әдеттердің кісіге пайдасы емес, зиянын тигізетінін де байқаймыз. Сонымен қоса өте қиын жағдайларда, мынау жақын еді, мынау алыстау ағайын еді деп алаламай, халықтың ауызбіршілігі өте мықты. Ел ішіндегі бірер құмалақтарды есептемегенде, адамгершіліктері өте жоғары болғанын байқаймыз.

Жалпы тарихтың алғашқы жазылуының бастауы жиһангездер мен саудагерлердің ел аралап жүріп көзбен көргендерін жазып қалдыруынан бастау алған ғой. Соған қарағанда біздің де жазбаларымыз тек белгілі бір жерде қалмас, деп ойлаймын. Қазіргі ұрпақ керек етпесе де келер бір ұрпақ есіне алып ескерер. Баяғыда бабаларымыз осылай өмір сүрген екен ғой!-дер.

Саясатта еш шаруам жоқ. Бірақ кейбір кісілер саясатты сөз қылып жатады. Кейде өткеннің бәрін жамандап, бар келеңсіздікті Кеңес үкіметінен қалған қалдық дейді. Өздеріңіз көріп отырғандай, Кеңес үкіметін құру жолында екі бірдей нағашыларым қызмет етіп, сол кезде туындаған індеттің кесірінен бір отбасындағы он үш ұл бала, бәрі бірдей құрбан болды. Рахатын көрем бе, деп отырған азамат болған, алғашқы үш-төрт баласынан кейін-ақ туған нағашы апамның жүрегі жарылып, балаларының қайғысына шыдамай қырықтың бел ортасында ол да қаза тапты. Он бес адамнан тұратын бір үйлі жан жоқ болды. Құдай мұндай жағдайды ешкімнің



басына бермесін, бұл деген сұмдық қой!

Бір кездері Қазақстан Комсомол ұйымының жетекшісі ретінде Ғани Мұратпаев жөнінде жазылып та айтылып та жүрді. Біздің кезімізде оқулықта да ол кісі жөнінде бар еді. Меніңше ол кісі жөнінде кино да бар. Бірақ өте сирек көрсетіледі. Нақ сол сияқты дәріптелмесе де Амиров Сәт пен Амиров Бекпенбеттің еш болмаса біздің Байзақ ауданындағы Комсомол ұйымын алғашқы ұйымдастырушысы, басқарушысы деп бірде-бір рет айтылмағаны, еш жерде ешқашан жазылмағаны, бұл кісілердің еңбегінің еш кеткен сияқты көрінеді маған. Сол кездегі Өкімет пен Партияның тапсырмасын орындау жолында қыршын кеткен осындай кісілердің де еңбегі еленіп еш болмаса кейінгі жастарға айтылса, біздің ауданымызда, аймағымызда да осындай жан-дар болған деп таныстырса, деген ой. Тіпті болмаған жағдайда Сарыбарак аулындағы ағайындары біздің аулымыздан шыққан алғашқы коммунист Мейірманқұл, алғашқы комсомолдар Амиров Сәт пен Амиров Бекпенбет екен- деп айта жүрер. Осы еңбекті жазып болдым дегенде бірдеңені тындырып, қатырып тастадым,- дей алмаймын. Әсіресе сонау Нәубет іздері бөлімі өте күрделі әрі қарай көп зерттеуді қажет ететін тақырып. Мен тек 1917-1928-жылдар аралығын ғана, біздің облыстық мұрағатта барды ғана қарап шықтым. Бұл жөнінде өкінішім де болмады дей алмаймын. Шіркін-ай, осыны жиырма жыл бұрын бастағанда ғой. Сол кезде сондай мүмкіндігім болғанда ғой! Түбегейлі зерттеп, өзге қалалардағы мұрағаттарға барып, бірталай құнды деректерді анықтауға болар еді-ау, талай жайттарды сол кездің тірі куәгерлерінің өз аузынан естіп,

жазып алуға болатын еді-ау, деп ойлаймын. Сонымен қатар сол кездегі бүкіл облыстық Комсомол ұйымының жетекшілерінің тізіміндегі нәйеті алты адамның ішіндегі төртінші боп тұрған Амиров Сәт бүкіл отбасымен опат болғанда, қалған бесеуі де осындай жайға ұшырамаған шығар. Қалған бес адамның тірі қалғандары болған шығар. Тірі қалғандардың ары қарайғы тағдырлары не болды екен? 1928-32-жылдар арасында, яғни қалған төрт жыл ішінде, мүмкін бірге түскен суреттері де болған шығар?-деген сияқты көкейде сан сұрақтар тұр. Тізімдегі Амиров Сәттен(волорганизатор) басқа кісілер: Таджиев Темирбек (От.сек.угоркома), Лебедев Николай (зав. политрость.), Ишмухамедов Нұрхат (Эк. прав.), Скляр Анатолій(Уч.стат.), Бут Вера (делопроеводитель). Сондай-ақ, Скляр Дмитрий Николаевич. Әліде де мүмкіндік болса осы кісілердің дерегін анықтаса, бізге мәлімсіз қалған құнды жайлар анықталар ма еді?-деп ойлаймын. Мүмкін осы тақырыпта еңбек етіп, бүкіл өмірін сарп етіп жүргендерге біздің өңірде болған жайлардан хабардар етіп, тамшыдай болса да себеі тиер.

Өз атам бай болғаны үшін жазықсыз жапа шекті. Туған елге симай неше жылдай елден безіп кетті. Қырғызстаннан келген соң аштан қырылған ағайынның аман қалғандарын қауіпті кезеңнен қайтсем аман алып шығамын, қайтсем елдің жағдайын оңалтамын, қайтсем себім тиеді- деп жүріп, алпысқа да жетпей нәйеті елу алты жасында, мезгілсіз қаза тапты. Ал әкем өмір бойы бай баласы болғандықтан өзі қалаған, таңдаған мамандығымен жұмыс істей алмады. Тіпті өмірден қыршын кете жаздады. Оған да адам факторы себеп болды. Сонда да Кеңес үкіметін жамандай

алмас едім. Өйткені ол бізді туған, өсірген ата-анамыз сияқты. Қателіктер қандай көп болса, жетістіктер де мол-ақ болды деп түсінемін. Қандай болғанда да біз сол Кеңестің шапанының ішінен шықтық. Кейбір кісілер өз жанұясын дұрыс басқара алмай отырып, қазіргі саясаткерлерді, ел басқарған Ұлы Тұлғаларды сөз етіп отырады. Қазақтың қазіргі жағдайымен мақтануымыз керек. Дүнияуи дефициттің жойылуын былай қойғанда Қазақты бұрын кім танып, Қазақпен кім санасушы еді? Қазір бүкіл Дүние Жүзі танып, біліп, біздің тілімізді үйреніп, салтымызды құрметтей бастады. Аспанымыз ашық, қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк, бейбітшілікте өмір сүріп жатырмыз. Бұған қуануымыз, мұны бағалауымыз керек. Осының бәрі сарабдал саясаткер, көреген басшы Нұрсұлтан Әбішұл Назарбаевтың арқасы деп білемін. Н.Назарбаев Алланың ерекше нұры түскен киелі кісі. «Басшысыз қалған ел жетім» деген. Осындай кемеңгер басшымыз бар Қазақ елінің маңдайының бағы кере қарыс дер едім. Қолда барды, бар кезінде бағалауға үйренуіміз керек. Ал ел ішінде бірен-сараң келеңсіз жай болып жатса, ол сеніп қолына берген билікті ақтай алмай бұрып әкетіп, өз бас пайдасынан аса алмаған өресі тар жандардың іс-әрекеті. Адамдық, аналық, ұстаздық тілегім-өсіріп отырған әрбір ұл-қыздарымыз өз елінің, Қазақ елінің айнымас, адал перзенті, нағыз патриоты болса екен! Жаратқан Ием іштен іруден сақтасын! Мен Қазақ елінің азаматымын!-деген әрбір адам осы пиғылда өмір сүріп, уақытын өз еліне адал қызмет ету жолында сарп етсе және оны қызыл сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсетсе ары қарай да өмір жақсы болады, тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болады деп сенемін.

Осы шығарманы жазу үстінде көптеген көмескі жайларды анықтауға, тіпті мен білмейтін оқиғалардың ашылуына көмек көрсеткен аталар мен ағаларға зор денсаулық тілеп, алғыс айтамын. Аттарын қайталаудың қажеті жоқ деп білемін. Өйткені бәрі әңгіме барысында айтылып өтті. Өсіп, өркендей бер, қара орман Қазақ елім! Туымыз биік, тұғырымыз берік болсын!

МАЗМҰНЫ

Уақыт шежіресі.....	3
Тағылымы мол тағдырлар толғауы.....	5
Кіріспе.....	11

I БӨЛІМ

Тұманда.....	16
Аласапыран.....	42
Шырғалаң.....	90
Нәубет іздері.....	128
Ел басына күн туды.....	183

II БӨЛІМ

Таңсәрі.....	238
Шуақты жылдар.....	320
Оралу (<i>эпilog орнына</i>).....	460

Молдабаева Ұлдана Еділбайқызы

ЗАМАНА СЫРЫ

Беттеуші: Әбдібекова Г.

Баспашы: Теляева М.

Басуға 07.08.2014 ж. қол қойылды.

Офсеттік қағаз, қалыңдығы 80 гр/м.

Офсеттік басылым. Пішіні 60x84 ¹/₃₂

Шартты баспа табағы 32.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс №101

Бағасы келісімді.

ЖШС «Формат-Принт» басып шығару баспаханасы,

080003, Тараз қаласы, массив Телеорталық, 8/33-үй

Тел.: 42-52-09, copy-format@mail.ru

